ۋەلىپبى

ئەلىپبى

الىپبي

ӘЛІПБИ

Älıpbi

Әлифби



Әлифдек ай йүзіңе ғибрат еттім,
Би, бәләи дәртіңа нисбәт еттім.
Ти, тілімнән шығарып түрлі әбиат,
Си, сәнаи мәдхия хүрмәт еттім.

Жем, жамалың қандай ақ рузи маған,
Ха, хәлиллик таппадым, жаным, сәнан.
Хи, халайық, мен емес, бәрі ынтизар,
Дәл, дариға ғишық оты бермес аман.

Зәл, зәлиллік көрген соң, сайрай бер, тіл,
Ре, риза қылмағыңды, яр, өзің біл.
Зи, зәһәрдай күйдірді ғишқың қатты,
Сын, сәләмат қалмағым болды мүшкіл.

Шын шикәр ләб есіме түскен сайын,
Сат, сабырым қалмады, мен не әйләйін.
Зат, зайғ өмірім өтті менің бекер,
Тай, талаптан әйтеуір құр қалмайын.

Зай, залым көп қылыш боп жанға оқталды,
Ғайін, ғақылымды басымнан тартып алды.
Ғайын, гариблік басыма түскеннен соң,
Фи, файдаң тиe ме деп жаза салды.

Қаф, қабыл болар ма екен жазған хатым,
Кәф, кәмил ақылың, асыл затым.
Ләм, ләбіңнен ем қылсаң мен дерттіге,
Мен, мейрінен қалмас ед бар апатым.

Нон, налә ғып қайғыңмен күйдірдің көп,
Уау, үәйлана ғишқың уайым жеп,
Hи, hеш файдаң тимесе өлді ойлаңыз,
Ләм әлиф, лә иләһа илалла деп.

Я, ярым, қалай болар жауап сөзің,
Мәт - қасың, тәштит - кірпік, сәкін - көзің.
Үтірмен асты-үстілі жазуда бар,
Болуға асты-үстілі көнсең өзің



Әліпби деген - тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақшы.

Қазақ алдақашан тілінде қандай дыбыстар бар екенін айырған, әр дыбысқа белгілеп таңба арнаған. Оқуымызға онымыз жақсы, жазуымызға тағы жақсы, үйрету жағынан орыстікінен, немістікінен, француздікінен, ағылшындікінен оңай, оңтайлы.

Жақсы әліпби тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең киім сияқты артық әріптері көп әліпби де қолайсыз. Бойынды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар киім сияқты әрпі кем де әліпби қолайсыз болады.

ٱلِفْبِي

ٱلبِبِي

البِبي

ӘЛІПБИ

Älıpbi

**ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ
АНЫҚТАМАЛЫҚ**

ARDA +7

Алматы
2020

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8
Ә 55

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі
Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша
«Қазақстан Республикасындағы тіл саясатын іске асырудың
2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»
аясында шығарылды

Құрастырушылар алқасы: Е. Тілешов, Л. Есбосынова, Н. Аитова,
С. Омарова, Б. Ысқақ, Г. Мамырбек, А. Қожахмет (жауапты редактор)

Ә55 ӘЛІПБИ. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Арда+7», 2020. – 368 бет.

ISBN 978-601-7355-75-3

Энциклопедиялық анықтамалықта әліпби, емле және дүниежүзіндегі жазу түрлері мен тілдің дыбыстық жүйесіне қатысты терминдер қамтылған. Жазудың тарихы, даму үрдісі және қазіргі күйі туралы мол мәліметтер топтастырылған. Сонымен бірге тіл білімі ғылымының осы салалары бойынша еңбек жазған ғалымдар туралы да деректер берілген.

Кітап ғалымдарға, әдіскерлерге, тіл саласының мамандарына, оқытушыларға, студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, жалпы осы тақырыпқа қызығушылық танытқан барша қауымға арналады.

ӘОЖ 80/81
КБЖ 81.2-8

© «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2020
© «Арда + 7», 2020

ISBN 978-601-7355-75-3

КІРІСПЕ

Қазақ тілінің дыбыстық табиғаты, жазу ережелері және оларды меңгерту тәсілдері бойынша жинақталған білімді жүйелеп, оларды энциклопедия ретімен ұсыну идеясы алғаш рет жүзеге асырылып отыр. Қандай да болмасын лексикографиялық еңбек құрастыру – өте күрделі жұмыс. Оны осы сала мамандары біледі де, бағалайды да.

«Әліпби» энциклопедиялық анықтамалығы тәжірибемізде бірінші рет жасалып жатқандықтан, материалдық тұрғыдан да, мазмұндық тұрғыдан да жұмысты жасақтау көп еңбек пен жауапкершілікті талап етеді. Сондықтан халық игілігі үшін бұл мазмұндағы еңбек сұранысын қанағаттандыру бағытында ізденуші авторлық ұжымға ғылыми-шығармашылық жүк артылғаны анық.

Егер жазу тарихына көз жүгіртсек, адам баласының алғашқы таңбаларды жазуы өте көне замандардан басталады. Тасқа жазылған алғашқы таңбалар адамның дүниетанымын көрсететін символдар болса, әліпбидің алғашқы үлгісі көне Египетте біздің заманымызға дейін XVII ғасырда пайда болған. Ғалымдар көрсеткендей, әліпби қағидаты бойынша дайындалған әріптердің тізбесі алғаш рет қазіргі Сирия жерінде жасалған. Әліпби жасауда финикий жазуының маңызы ерекше. Бұл әлемдегі алғашқы фонетикалық жазу еді. Адамзаттың одан бергі дәуірдегі өркениетті жазуы – грек әліпбиі. Біздің заманымызға дейін II, I ғасырларда пайда болған грек әліпбиі финикий жазуының кейбір таңбаларын алды. Осы грек әліпбиі латын, армян, грузин, гот, кирил әліпбилеріне негіз болды.

Қазіргі кезеңде дүние жүзіне көп таралған латын әліпбиінің тарихы біздің заманымызға дейін VII ғасырдан басталған. Бұл әліпби Рим империясы тұсында білім мен ғылымның, мәдениеттің дамуына айрықша ықпал еткен.

Әлемдік ғылым мен мәдениетке араб әліпбиінің де әсері ерекше болғанын білеміз. Финикий жазуынан шыққан набатей және арамей жазуларының негізінде пайда болған осы әліпби арқылы Ислам діні кеңінен таралуымен бірге, ғылымның барлық салаларын дерлік дамыды. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі 1,8 млрд. мұсылман осы әліпбимен таныс.

Әлемге кең таралған отыздан астам әліпби түрлері бар. Олардың жасалу қағидаттары әр тілдің ерекшеліктеріне байланысты. Осы энциклопедиялық анықтамалыққа дүние жүзіндегі әліпби үлгілері енгізілді.

Еңбекте тілдің дыбыстық жүйесіне, емле ережелеріне, соған орай, олардың атаулары мен терминдеріне ғылыми сипаттама берілді. Сонымен бірге жазу мен әліпбиге қатысты тілдік құбылыстар да қамтылды. Бұларға қоса, жазу тарихы,

тілдің дыбыстық жүйесі, әліпби және оның емле ережелеріне байланысты ғылыми еңбектер жазған ғалымдар туралы да энциклопедиялық мазмұндағы шамамен 1000-ға жуық мақала енгізілді. Анықтамалыққа енгізілген мақалаларды жазуда қолданылған дереккөздер кітап соңында берілді.

Бұл «Әліпби» энциклопедиялық анықтамалық басылым ретінде қазақ тіліндегі, сондай-ақ жалпы түркі тілдеріндегі ең алғашқы еңбек болуымен де бағалы деп ойлаймыз.

Анықтамалықты жазу барысында көптомдық «Қазақстан», «Қазақ тілі», «Қазақтың этнографиялық категориялар ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі», «Ахмет Байтұрсынұлы» энциклопедияларының, «Тіл білімі терминдерінің сөздігі» материалдары қолданылды.

Еңбекті жазуға А. Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің, Е. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің, Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе мемлекеттік университетінің, Павлодар мемлекеттік педагогикалық университетінің, Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығының ғалымдары мен мамандары қатысты.

Анықтамалық ғалымдардың, мұғалімдер мен оқушылардың, студенттердің, магистранттар мен докоранттардың, тіл саласында қызмет етіп жүрген барша мамандардың қажетін өтеуге жараса – еңбектің ақталғаны.


«Әліпби» энциклопедиялық анықтамалығының оқырманға сапары оң болсын!, – дейміз.

Құрастырушылар алқасы

Аа

А әрпі – латын және орыс графикасына негізделген әліпбилердің бірінші әрпі. «А» финикий әліпбиінен, сондай-ақ гректің «альфа» деп аталатын таңбасынан шыққан. Финикий тілінде «алеф» сөзін білдірген. Алғашқыда бұл әріп (этрус) «бұқаның басы» деген мәнді берген. Кирил және латын графикалы әліпбилерде А әрпінің тұрпаты да, мәні де ұқсас. А әрпі сөздің барлық позициясында жазылады. Әріптің атауы – а.

А дыбысы – жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай ашық дауысты дыбыс, еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – ашық, ерін қатысына қарай – езу, жасалу орнына қарай – тіл арты дыбыс. Жасалым белгілері: *ашық, езу, тіл арты* дауысты дыбыс. Сөздің барлық шебінде кездеседі: *бал, ба-ла, ба-ла-лар, ба-ла-лар-ға* т.б.



А сызықтық жазуы – крит жазуының бір түрі. Күймейтін балшықтан жасалған тақтайшаларға жазылған А.с.ж. өрттен кейін де сақталып отырған. Б.з.д. XVI ғасырда ахейлердің Крит аралын басып алғаннан кейін А.с.ж. пайдаланылмады. А.с.ж. жалғасы ретінде Б сызықтық жазуы қолданылды.

Абазин жазуы – Кавказ тілдерінің абхаз-адығай тобына енетін абазин тілінің жазуы. Алғашқы А.ж. XIX ғасырдың аяғында араб графикасына негізделіп жасалған. Бұл әліпби нұсқасын жасаған – абазин халқының ағартушысы Омар Микеров. Араб графикасына негізделген оның әліппесі және оқулығы XIX ғасырдың аяғы мен XX ғасырдың басында мектепте қолданылды. XX ғасыр басында ағартушы Татлустан Табулов араб графикасына негізделген А.ж. тағы бір нұсқасын дайындады. Бірақ ол кең таралмады. 1932 жылы А.ж. латын әліпбиіне көшірілді. Әліпбиді дайындауға Н.Ф.Яковлев, А.Н.Генко, Г.П.Сердюченко, Т.З.Табулов, Х.Кужев т.б. қатысты. 1938 жылы Г.П. Сердюченконың жетекшілігімен А.ж. кирил графикасындағы нұсқасы дайындалды. 1969 жылы осы нұсқаға кейбір түзетулер мен толықтырулар енгізілді. 1992 жылы абазин ақыны М.Х. Чикатуев А.ж. латын әліпбиіне көшіру мәселесін көтеріп, өзі әліпби дайындады. А.ж. 60-тан астам таңбадан тұрады.

Абайдың «Әлифби» өлеңі – ақынның 1864 жылы жазылған өлеңі. Жалпы Шығыс әдебиетінде араб әліпбиі ретімен жазылған өлеңдер дәстүрі бар. Автор өлеңде араб әліпбиінің *әлиф, бә, тә, сә, жим, ха, хи, дәл, зәл, рә, зейн, син, шин, сад, дад, та, за, айын, ғайын, фи, кәф, қаф, ләм, мим, нун, уау, һә, ләм* және *мәт, тәштит, сукун, үтір* сияқты әріптерінің және олардың үстіне қойылатын ноқатты да қамтығанын аңғарамыз. Өлең махаббат тақырыбына арналған, яғни ақынның ғашықтық сезіміне құрылған. Соған орай, әрбір тармағы араб әліпбиінің әріптерінен басталатын өлеңде ақынның сезімі, ғашық қызының сипаты суреттелген. Өзінің түрі жағынан өлең қазақ әдебиетіндегі жаңашыл туынды. Бұл шығармада кейбір әріптердің дауыссыздың жуан/жіңішкелігіне қарай, мысалы, *т*-ның *тад, тә*; *с*-ның *син, сад*; *х*-ның *ха, хи*; *з*-ның *зал, зәл, зат*; *ғ*-ның *ғайын, айын; к*-нің *кәф* түрінде оқылатынын көресіз. Көре отырып, дауыстылардың жуан-жіңішкелік қасиеті дауыссыздардың ықпалында екенін, ал қазақ тілінде және өзге де түркі тілдерінде дауыссыздардың жуан-жіңішкелік сапасы «дауыстылардың билігінде» (А.Байтұрсынұлы) болатынын байқаймыз. Ортаазиялық түркі тілінде, яғни шағатай тілінде жазылған бұл шығармада араб, парсы және қазақ тілінің бірліктері аралас қолданылады. «Әлифби өлеңі» өрнегіндегі әрбір 28 сөз 28 әріптің қалай оқылатынын (дыбысталатынын) аңғартатынын, әліпби үйренушінің жадында оны бекіте түсетін дидактикалық мәнге ие екенін де көреміз.

Абжад (қазақтың сөйлеу тілінде айтылуы – әбжәт) – көне араб әліпбиінің алғашқы төрт әрпінің атынан құрастырылған сөз: алиф, бә, жим, дәл. Үнді сандарына көшкенше араб әліпбиіндегі әріптердің атауы негізгі сандарға сәйкес болған. Үнді сандарына көшкеннен кейін араб әліпбиінің реті қазіргі қалыпқа келтірілген. Осы ретті есте сақтау үшін сегіз сөздің атауы қолданылған: *абжад, һаууаз, хұтти, каламан, сағфас, қарашат, саххаз, зазағ*. Бұл сөздердегі әріптердің жалпы саны араб әліпбиіндегідей – 28, әрбір әріп белгілі бір санды білдірген: А. төрт амалмен есеп шығаруға (көбейту кестесіне), кез келген санды әріптермен беруге, сөзді цифрмен жазуға пайдаланылған. А. ертедегі мұсылманша мектептерде оқытылған. Кейбір маңызды оқиғалардың болған жылдары абжадтағы әріптер арқылы белгіленген. Мұсылманша сауат ашуда әптиек, иманшарт игеру, әбжәтті

ح	ز	و	ه	د	ج	ب	ا
ع	س	ن	م	ل	ك	ي	ط
خ	ث	ت	ش	ر	ق	ص	ف
				غ	ظ	ض	ذ

білу оқыту мазмұнында міндетті болған. Арша жазу немесе сәрбихат жазу жүйесі А.-қа негізделіп жасалған.

Аблаут – бір морфема ішінде дауыстылардың дыбысталуы. Өйткені дауыстылар ішкі флексияның түрінде жиі көрінеді. А. үндіеуропа тілдерінде жиі кездесетін тілдік құбылыс. Алтай тілдерінде оның ішінде түркі тілдерінде А. үндестік заңымен бірге жүреді.

Абугида – буындық, консонтантты-буындық, әліпбилік-буындық жазудың түрі. А. жазуында дауыссыз және дауысты буындар бір базалық таңбаның өзгерістерін көрсетеді. «Абугида» атауы эфиоп жазуынан шыққан. Бұл жазудың алғашқы А, В, G, D 4 таңбасы А. ұғымын береді. Соған орай ол грек әріптерінен жасалған «алфавит», славян тілдеріндегі «азбука» араб тіліндегі «абджад» ұғымдарына ұқсас қолданыста пайда болған атау. А. жазуында дауыссыз дыбыстар диакритикалар арқылы да беріледі. А. – үнді, кхароштхи, эфиоп, тенгвар, моңғол квадратты, канад буындық жазуларына тән базалық жазу. Сондықтан ол кең таралған жазулардың қатарында.

Абхаз жазуы – абхаз тілінің жазуы. Өзінің графикалық негізін бірнеше рет өзгертіп, реформаланған. 1862 жылы А.ж. кирил графикасына негізделді. Осы жылдары Ресей ғалымы П.Услар абхаз тілінің «Абхаз тілі» деп аталатын алғашқы грамматикасын жазды. Бұл еңбекте кирилге негізделген абхаз әліпбиінің алғашқы нұсқасы ұсынылған. Алғашқы әліпбиде 55 таңба болды. 1926 жылдан бастап А.ж. латын әліпбиіне көшірілді. 1938 жылы грузин графикасы негізіндегі екі әліпби жобасы ұсынылып, Д.Гулиа, С.Джанашиа және А.Шанидзенің жобасы қабылданды. 1954 жылы А.ж. қайтадан кирил әліпбиіне көшірілді. Әліпбиге біраз өзгерістер енгізілсе де, Услар-Завадский әліпбиіне негізделді. Лабиалданған

А а	Б б	В в	Г г	Гь гь	Гә гә	Ғ ғ	Ғь ғь
Ғә ғә	Д д	Дә дә	Е е	Ж ж	Жь жь	Жә жә	З з
З ҙ	Зә ҙә	И и	К к	Кь кь	Кә кә	Қ қ	Қь қь
Қә қә	Ҡ ҡ	Ҡь ҡь	Ҡә ҡә	Л л	М м	Н н	О о
П п	Ԛ ԛ	Р р	С с	Т т	Тә тә	Ҭ ҭ	Ҭә ҭә
У у	Ф ф	Х х	Хь хь	Хә хә	Ҳ ҳ	Ҳә ҳә	Ц ц
Цә цә	Ҵ ҵ	Ҵә ҵә	Ч ч	Ҷ ҷ	Ҽ ҽ	Ҿ ҿ	Ш ш
Шь шь	Шә шә	Ы ы	Ҩ ҩ	Ҧ ҧ	Ҧь ҧь	ь	ә

дауыссыздар «ә» – шва таңбасы арқылы диграфтармен белгіленді. Қазіргі уақытта А.ж. кирил әліпбиін қолданады. Әліпбиде жеке 38 әріп пен 18 диграф бар. 1996 жылғы орфографиялық реформаға дейін лабиалданған алты дыбыс «ә» таңбасы арқылы емес, **у**: *гу, ӷу, ку, қу, ḳу, ху* арқылы белгіленді және бұл алты диграфқа әліпбиде жеке орын берілмеген. Х.Бгажбының тұжырымы бойынша, бұл дауыссыздар лабиализациялаудың басқаша сипатына ие. Жіңішке дауыссыздар жіңішкелік «ь» таңбасы арқылы диграфтармен белгіленеді.




Аванесов Рубен Иванович (1902-1982) – кеңес ғалымы, профессор КСРО ҒА корреспондент-мүшесі, бірнеше шетелдік ҒА мүшесі. Халықаралық фонетика ғылымы қоғамының вице-президенті. А. – Мәскеу фонологиялық мектебінің негізін салушылардың бірі. Ғалымның фонологиялық концепциясы Мәскеу фонологиялық мектебінің ғылыми негіздерінің бірі болды. Негізгі еңбектері: «Қазіргі орыс әдеби тілінің фонетикасы», «Лингвистикалық географияның теориясы», «Жалпы славян лингвистикалық атласы», «Орыс тілінің әдеби айтылымы», «Мәскеу фонологиялық мектебі туралы» және т.б.

Авар жазуы – нах-дағыстан тілдерінің авар-анди тобына енетін авар тілінің жазуы. Таулы Дағыстанда тұратын кавказ халқының жазуы. А.ж. (аджам) араб графикасы негізінде XVI ғасырда пайда болған. Аварлықтардың Кавказдық Албания кезінен бастап өзінің жазуы болған. Авар ұлттық ғылымының негізін салушылардың бірі Кудутлядан Мусалав Магомед болды. 1928 жылы аварлықтар үшін латынға негізделген әліпби құрастырылып, бекітілді. 1930 жылдан бастап латынға негізделген А.ж. барлық ресми салаларда қолданылды. Бұл әліпбидің алғашқы нұсқасында бас әріптер болған жоқ. 1930 жылдың соңында КСРО-да жазуды кирилге көшіру үдерісі басталды. 1932 жылы әліпбиге реформа жасалып, бас әріп пен бірқатар таңбалар енгізілді. 1938 жылы 5-қаңтарда Дағыстан халықтарының әліпбиі кирилге көшірілді. 10-ақпанда аварлардың жаңа әліпбиі «Дағыстан жаңалықтары» газетінде жарияланды. Әліпбиге аздаған өзгерістер енгізілді. Қазіргі А.ж. кирил графикасына негізделген.

Аа	Бб	Вв	Гг	Гъгъ	Гьгь	Гӏгӏ	Дд
Ее	Ёё	Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Къкъ
Кькь	Кӏкӏ	Лл	Лълъ	Мм	Нн	Оо	Пп
Рр	Сс	Тт	Тӏтӏ	Уу	Фф	Хх	Хъхъ
Хьхь	Хӏхӏ	Цц	Цӏцӏ	Чч	Чӏчӏ	Шш	Щщ
Ъъ	Ыы	Ьь	Ээ	Юю	Яя		

Авеста әліпбиі – солдан оңға қарай жазылатын Иранның пехлеви канцеляриясының арамей жазуынан тараған әріптік жазуы. Сасанидтер дәуірінде авеста тіліндегі мәтіндерді дұрыс жазу үшін жасалған. Зороастриялық дәстүрдегі мәтіндерде А.ә. *dēn-dibīrīh* (парсы тілінде *«сенім жазуы»* мағынасын білдіреді) деген атпен кездеседі. А.ә. пехлеви әліпбиімен салыстыру II Шапура билігі кезінде IV ғасырда канон түзіп, оны жазуға мүмкіндік берді. Тілдің жойылып кетуіне және іс жүзінде түсініксіз бола бастауына байланысты канон жазбасында оның аудармалары, түсіндірмелері беріле бастады. Ол зенд деп аталды (авеста тілінде «түсіну»). Біздің дәуірімізге дейін жеткен қолжазбалар (яшт жазбасынан басқа) орта парсы тіліндегі А.ә. мен жазылған түсіндірмелерге ие. А.ә. нің негізі пехлеви жазуы орта парсы тілдерінде кең қолданылған, алайда нақты діни мәтіндерге келгенде бұл әліпби алға шыға қоймады. А.ә. – консонантты-вокалдық, яғни дауысты әрі дауыссыз дыбыстардың таңбасына арналған әліпби. Әліпбиде сол себепті символ саны көп. Оның құрамында кітаби пехлеви жазуының символдары (*ā, γ)*, грек (*ə)*, арамей әліпбилерінің (*o)* таңбалары, тіпті ойдан шығарылған таңбалар (*ŋ́, ṇ, ẏ, v)* да бар. Әліпбиде әріптер бөлек-бөлек әрі оңнан солға қарай жазылады. Ал лигатуралар өте сирек қолданылған. А.ә. 37 дауыссыз, 16 дауысты дыбыс таңбаларынан тұрады. Бұл әліпби Юникод стандартына 2009 жылы қосылған.




Авоиули жазуы – креол тілдер тобына жататын бислама және Вануату Республикасындағы Пентекост аралындағы халықтың тілдеріне арналған жазу. «Авои» сөзі «бір нәрсе жөнінде айту» дегенді және «ули» «сурет» деген ұғымдарды береді. XX ғасырдың аяғында аталған аралдағы жергілікті тұрғындардың «Турага ұлты» саяси қоғамдық қозғалысы көсемдерінің батыстық саясатқа қарсы және ұлттық мәдениетті дамыту бастамасымен жасалған жазу түрі. А.ж. дәстүрлі символдардан тұрады, олар латын әліпбиі таңбаларының мәніне сәйкес келеді. Бұған қоса, А.ж. жүйесінде бустрофедон формасы да қолданылады.

Агван жазуы – Кавказ маңы елдеріндегі ежелгі фонетикалық жазу, шамамен 52 графемадан тұрады. Армян жазуы негізінде дамыған. Агван әліпбиі әріптерінің тәртібі армян әліпбиіне ұқсайды, бірақ агван графонимдері (алт, дан, эн, зох және т.б.) ерекше. Армян жазуындағыдай, агван әріптерінің сандық мәні болуы мүмкін. Бұл жазуды 5-9 ғасырларда Кавказ Албаниясының жергілікті монофизиттік шіркеуі қолданған. Бір армян дереккөзінде агван жазуын ойлап тапқан армян ағартушысы Месроп Маштоц болғандығы айтылған.

Агглютинация (лат. «*agglutinatio*» – жабысушы, жалғанушы) – ара-жігі айқын қосымшалардың тиянақты түбірге еркін, жапсарласа жалғануы арқылы туынды сөздер мен грамматикалық формалар тудыру тәсілі. Сөз бөлшектері бір-бірімен әр тілде әрқилы байланысады. Морфемалардың бұл байланысы қопармалы тілдерде бекем, жалғамалы тілдерде босаң келеді. Соңғы құбылыс түркі тілдерінен айқын көрінеді. 1) А. қопармалы тілге керісінше, қосымшалар ара-жігін сақтап, ешқандай дыбыстық ауытқусыз, белгілі тәртіппен бірінен кейін бірі жалғанады. Түркі тілдерінде А. тәсілінің ішінара тұрақты қағидасы бар: жұрнақ жалғаудан бұрын орналасады; жалғаулар қатар келгенде, алдымен көптік, оған таяу тәуелдік, одан кейін септік жалғауы тіркеседі. Жіктік жалғауы тәуелдік пен көпше жалғауынан соң келеді. 2) Тек қосымшадағы дауысты дыбыстар үндестік заңына сәйкес түбірдің жуан я жіңішке буындылығына қарай фонетикалық өзгеріске түседі. Мыс., *бала+лар+ы+мыз+дың, іні+лер+і+міз+дің* т.б. Бұл құбылыс алтай мен угро-фин тілдерінің көбінен аңғарылады. А. жүйесінде белгілі бір қосымша көбіне бір мағынаға ие болады, яғни әрбір мағына дербес бір қосымша арқылы аңғарылады. Мыс., *жұмысшыларымыздан: жұмыс* – түбір, – *шы* – сөз тудырушы жұрнақ, – *лар* – көптік жалғауы, – *ы* – тәуелдік жалғауы, – *мыз* – жіктік жалғауы, – *дан* – септік жалғауы. А. осы аталған морфол. белгілері негізінде агглютинативті тілдер ажыратылады. А. сөз тіркесінің кейде тұлғалық өзгеріске ұшырап, кірігіп кетуі де жатады *(алып кел > әкпел > әкел)*. Морфемаларды өзара байланыстыру тәсілі түрінде А. үндіеуропа тілдерінде де аңғарылады. Алайда бұл тәсілдің айтарлықтай әсері болмағандықтан А. үндіеуропа тілдерінің типологиясына тән емес.

Аглютинатив тілдер, жалғамалы тілдер (лат. «*agglutinatio*» – жабысушы, жалғанушы) – сөз жасау мен сөз түрлендіру, өзгерту, қосымшаны үстемелете жалғау, септеу мен жіктеудің, қосымшалардың грамматикалық жолмен қабаттаса жағалануы арқылы жасалатын тілдер. Бұл тәсіл бойынша түбір сөзден соң қосымша бірінен соң бірі жалғана береді. Жалғамалық тәсіл түркі, моңғол, угро-финн, венгр және банту тілдеріне тән. Түркі тілінде есім сөзге көптік жалғау, содан соң тәуелдік, одан соң септік жалғауы жалғанады. Мыс., қазақ, қырғыз тілдерінде: *ана-лар-ымы-з-да, бала-лар-ымыз-да* т.б. Сөз құрылымы анық та айқын болып келеді, себебі морфемалардың шегі де анық, айқын болады. Қосымшалардың тіркесуінде айтарлықтай дыбыстық өзгерістер кездеспейді, ал өзгеріс бола қалса, ол – қысқарумен байланысты кездесетін некен-саяқ құбылыс. Мыс., қырғыз тілінде *бала-лар* деудің орнына *бал-дар* деп те айту кездеседі. Қосымшаларда кездесетін дыбыстық өзгерістер тек үндестік заңының әсерінен ғана болады. А.т. теориялық тұрғыдан, тілдерді типологиялық әдіспен таптастыру бағытының морфол. таптастыру класына тән.

Ағылшын жазуы – герман тілдері тобына жататын ағылшын тілінің жазуы. А.ж. ежелгі герман (*ют, сакс, ағыл.*) тайпаларының руна жазуы түрінде пайда болған. V-VII ғасырларда латын және руна жазуының таңбалары араласып жүрген.



VII ғасырда Англияға христиан дінінің келуімен латын әліпбиі орныға бастаған. XI ғасырдың басында Монах Бёртферт өз еңбектерін 23 әріптен тұратын латын негізді әліпбимен жазған: A, B, C, D, E, F, G, H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, V, X, Y, Z, &, ?, Þ, Ð, Æ. Оның құрамында амперсанд (&) таңбасымен қоса, англосаксон рунасына негізделген 4 таңба (?, Þ, Ð, Æ) бар. Ол кезде J, U, W таңбалары болмаған. Ағылшын әліпбиі құрамына бұл таңбалар XVI ғасырда енгізілді. Қазіргі әліпбиіндегі 26 әріп XVIII ғасырдың басында ғана қалыптасып, орнықты. Бүгінгі А.ж. – латын графикасына негізделген ағылшын әліпбиінің құрамына енетін 26 монографтан және диграф, триграф т.б. полиграфтардан құралған жазу жүйесі. Диакритикалық таңбалар әліпби құрамынан орын алмаса да, жазу жүйесінде ономастикалық атаулар мен кірме сөздердің графикасында молынан кездеседі.

Aa Bb Cc Dd Ee Ff Gg Hh

Ii Jj Kk Ll Mm Nn Oo Pp

Qq Rr Ss Tt Uu Vv Ww Xx

Yy Zz

Z әрпі тілдің британ стандартында [zed] «зед», американдық стандартында [zɪ] «зи» деген атауға ие. Ағылшын әліпбиіндегі кей әріптердің аталуы өздерінің дыбыстық

мазмұнына мүлдем ұқсамайды. Мыс., R әрпі [a:] (қазақша айтқанда «р»-дың «а» деп аталуы сияқты), W әрпі ['dʌbl ju:] қосар «v» әрпінен құралған лигатура болса да, «қосар ю» деп аталады. Y әрпі [wai] «уай» деп аталады. Әріптердің барлығының бас және кіші әріптері бар, себебі барлық әріп сөз басында жұмсалады. Тек X әрпінің сөз басында келуі өте сирек, кейбір терминдер мен қысқарған сөздерде ғана кездеседі. Ағылшын тілінің әлемде таралған стандарттарында жазылым және айтылым нормаларында айырмашылықтар бар. А.ж. өзінің 44, (45, 46) дыбысын таңбалауда графемалардың сан алуан нұсқасын пайдаланады. А.ж. басты принцип ретінде негізінен *тарихи-дәстүрлік принципті* ұстанады, сонымен қатар *фонематикалық* та, *фонетикалық* та принциптер қолданылады. Орфографияда орын алған жүйесіздік салдарынан «А.ж. жүйесіне реформа жасалу керек» деген идеяны ұстанған қоғам белсенділері ғасырлар бойы қанша талпынса да, қандай да бір нәтижеге қол жеткізе алмай келеді.



Айдаров Ғұбайдолла (1921-2001) – түркітанушы, филология ғылымдарының докторы, профессор. Абай атындағы Қазақ педагогика институтын бітірген. Ғылыми-зерттеу еңбектері негізінен түркі жазба ескерткіштерін зерттеуге арналған. Ғ.Айдаров ғылыми еңбектерінде көне түркі ескерт-кіштерінің мәтіндерін қазіргі графика бойынша транскрип-циялап, олардың тілін жан-жақты талдаған, ескерткіштер тілінің қазіргі қазақ тіліне жақындығын зерттеп, дәлелдеген. «Білге қаған, Орхон ескерткішінің тілі», «Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі», «Орхон ескерткіштерінің тексі», «Көне ұйғыр жазба ескерткіштерінің тілі» еңбектерінің авторы.

«Айқап» – қоғамдық-саяси және әдеби журнал. Журнал 1911-15 ж. аралығында Троицк қаласында айына 1 рет, кейін 2 рет шыққан. Айқаптың барлық жарық көрген саны – 88, оның 1000-2000 данасы шығарылған. Алғашқы редакторы – М.Сералин. «Айқап» қазақтың қоғамдық ой-пікірінің оянуы мен ұлттық мәдениетінің дамуына үлес қосты. Журналда оқу-ағарту мәселесі, әйел теңдігі, отырықшылық тұрмысқа көшу т.б. тақырыптар мен Мемлекеттік Думаға қатысу сияқты саяси мәселелер көтерілді. Журналда 1911 жылы А.Байтұрсынұлының «Кітаптар жайынан», «Бастауыш мектеп», «Қазақтың өкпесі», 1912 ж. «Жазу тәртібі», 1913 жылы М.Дулатовтың «Эсперанто тілі», А.Жанталиннің «Жазу тәртібіне қосымша» мақалалары жарық көрді. Онда қазақ тілінің кейбір мәселелері, жеке әріптердің жазылу емлесі туралы айтылған.



Аймауытұлы Жүсіпбек – жазушы, сыншы, аудармашы. Оның 1920-шы жылдары жазылған «Емле, әріп жайынан (айтыс ретінде)», «Емлені оңайлату жобасы», «ҰУ, ЫУ, ІУ, ҮУ (Емле жайында айтыс ретінде)», «Жаңа әліпби емлесіне түсінік», «Дәйекші жөнінен (жаңа әліппешілер сиезінің қарсаңында)» мақалаларында жалпы әліпби, жекелеген әріптер және емле мәселелері көтерілген. А. аталған еңбектері «Еңбекші қазақ» газетінде және «Жаңа мектеп» журналында жарияланған. Мақалаларда айтылған ең негізгі

мәселенің бірі – *и* мен *у*-ға байланысты. Оның ішінде аталған дыбыстардың табиғаты, осы дыбыстар кездесетін сөздерді буындау, сол дыбыстар арқылы сөздерді ашып жазу мәселелері көтерілген. Аймауытұлы Ж. осы мәселелерде негізінен Елдес Омарұлымен ғылыми пікірталасқа барады. Сондықтан да кейбір мақалаларын «Айтыс ретінде» айдарымен береді. Аймауытұлы Ж. пікірінше, *ұу, ыу, іу, үу* деп ашып жазу оқушыларға хат танытуға, білім беруге қиын болады. Сонымен бірге оның мақалаларында емлені оңайлатудың жолдары ұсынылған. Мыс., тіл өзгеріп тұратын құбылыс, соған орай емле де өзгеріп тұруы керек; жазу көпке арналған соң, ережелер де оңай, түсінікті болуы шарт; жазуда артық буын, артық әріп болмауы тиіс; қазақ емлесі орыс емлесіне жақын болуы керек; жат тілдермен арадағы кедергіні көбейте бермеу керек т.с.с. Сондай-ақ, Аймауытұлы Ж. еңбектерінде үндестік заңы, хат танытудың әдістері, шылаулардың, кейбір септік жалғауларының жазылуы т.б. мәселелер айтылған. Ж.Аймауытұлы еңбектеріндегі әліпби, емле туралы идеялары осы тақырыптағы ұлттық ой-пікірлер эволюциясын танытуда өзіндік маңызға ие.

Айну (айни) әліпбиі – айни тілінің әліпбиі. Алғашқы кирил негізді жазуларын орыс саяхатшылары тапқан. Қазіргі таңда катакан және латын әліпбиін қолданады. А.ә. дауысты *и* дыбысы лабиалданған, дыбыстардың ұяң мен қатаңдығы бойынша қарама-қарсылығы фонологиялық тұрғыдан маңызды болып есептелмейді: *p, t, k, s, h* интервокалды қалыпта және үнді дауыссыздардан кейін ұяңданып кетеді. Тілдегі *с* фонемасы жіңішке таңдай жолды [ch] аффрикаты ретінде жұмсалады, сондай-ақ *а* дыбысының алдында тұрып [ts] болып та дыбысталады. *S* фонемасы *і* алдында келіп жіңішке дыбысталады және *а* мен *и* алдында келген кезде жіңішкеруі мүмкін, *l – r* дыбыстардың қарама-қарсылығы жоқ. Сөздің соңғы буынындағы *p, t, k* – имплозивті (лепсіз) дыбыс, *и* және *w* алдында тұрған дауыстылармен жымдасып, дифтонг жасайды. Тұйық буынның соңында сәл ғана дауысты дыбыс естіледі.

«Айнымалы дыбыстардың жазу ережесі» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылғы 9-мамырдағы 326-санында жарияланған мақаласы. Мақалада автор қазақ тілінің дыбыс жүйесінде *қ* мен *к* айнымалы дыбыс деп аталатынын жазады. Айнымалы дыбыстар көбіне естілуінше жазылатынын айтады. Қазақ тілінде басқа түрік тілдерінен артықша ымыра барлығын, қазақша дыбыстар бірімен-бірі ымыраласып жалғанатынын айта келіп, айнымалы *қ* мен *к*-нің ережесін түсіндіреді. А.д.ж.е. атты мақала осы уақытқа дейін араб жазуынан қазіргі қолданыстағы жазуға түсіріліп, «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы: Қазығұрт, 2013), «Е.Омарұлы шығармалары» (Астана: Фолиант, 2017) жинақтарында, Е.Омарұлының 3 томдық шығармалар жинағының 1-томында (Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018) жарияланды.

Айтылым сөздігі – сөздің жазылуы мен айтылуы арасындағы ерекшеліктерді реттеп, сөздің айтылым әдеби үлгісін көрсетіп отыратын, дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар беретін құрал – орфоэпиялық сөздіктер. Әдеби тілдің ауызша нормаларынан жөнсіз ауытқулар ең алдымен сөз қалай жазылса, солай дыбыстаудан, жазу жүйесі мен ауызша сөз жүйесінің өз-өзіне тән ерекшеліктеріне мән бермеуден туындап жатады. Бірізге түскен орфоэпиялық сөздіктер осындай жазылу мен айтылудың арасындағы айырмашылықты айқындап, сөздердің ауызша дыбысталу нормасын көрсетіп, дыбыстау нормаларын жөнге салып отырады. Бұл ретте сөзді дұрыс

айту нормалары мен орфоэпиялық ережелерді қамтыған Р.Сыздықованың «Сөз сазы» (1983, 1995) кітабын, Қ.Неталиеваның «Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігін» (1977), М.Дүйсебаеваның «Қазақ тілінің қысқаша орфоэпиялық сөздігін» (1981), қазақ тілінің академиялық орфоэпиялық сөздіктерін, ең соңғысы 2007 жылы жарық көрген «Орфоэпиялық сөздікті» атауға болады.

Айтылым фонетика – дыбыстың ақиқат болмысын анықтайтын фонетика саласы. Зерттеу әдістері ретінде электронды қондырғылар пайдаланылады: дыбыс созылымдылығы толқынтаңба (осциллограмма), дыбыс сапасы бедертаңба (спектрограмма), дыбыс әуені жиіліктаңба (интонограмма), дыбыс күші қарқынтаңба (интенсивность) арқылы зерттеліп, сандық-сапалық тұрғыдан сипатталады. Бұдан басқа қазіргі кезде ескірген демсызба (кимограмма) әдісі бар. Техниканың үрдіс дамуы арқасында акустикалық фонетиканың зерттелім әдістері мен құрылғылары көптеп пайда болып жатыр.

Айырым белгі – бір дыбыста бар, екінші дыбыста жоқ фонетикалық (жасалым/артикуляциялық, айтылым/акустикалық, естілім/перцепциялық) белгі. Мысалы, *а* дауысты дыбысына тән «ашық» белгісі *ы* дауысты дыбысында жоқ, керісінше, *ы* дауысты дыбысына тән «қысаң» белгісі *а* дауысты дыбысында жоқ. Ендеше «ашық/қысаң» белгілері *а* және *ы* дауыстылары үшін А.б. болып табылады. Сондай-ақ, *т* дауыссыз дыбысына тән «тіл ұшы» белгісі *п* дауыссыз дыбысында жоқ, керісінше, *п* дауыссыз дыбысына тән «ерін» белгісі *т* дауыссыз дыбысында жоқ. Ендеше «тілұшы/ерін» белгілері *т* және *п* дауыссыздары үшін А.б. болып табылады.

Аккад жазуы – көне семит тілдеріне жататын аккад тілінің жазуы. Аккад тілі көне Месопатамиядағы аккадтықтардың, вавилондықтар мен ассириялықтардың тілі. Бұл тіл б.з.д. II ғасырда шумер тілін ығыстырып шығарып, соның орнына қалыптасты. А.ж. ына алдыңғы дәуірде өмір сүрген шумерлерден алынған сына жазуы негіз болды. Бұл жазу сипаты жағынан сөз-буындық сына жазуы, яғни силлабо-логографиялық болды. А.ж. да әрбір таңба бір немесе бірнеше ұғымдарды береді. Шумер жазуына жаңадан қосылған таңбалар, символдар әрі шумерше, әрі аккадша оқылатын болған. Нақты бір категорияны көрсету үшін А.ж. ына детерминативтер, яғни сөздің грамматикалық категориясын көрсету үшін қолданылатын логографиялық жазудағы идеограммалар пайдаланылған.

Аккомодация (лат. *«accomodatio»* – бейімделу) – бір сөз ішінде немесе әр тектес буыннан құралған сөздерде іргелес орналасқан дауысты және дауыссыз дыбыстардың, яғни үні мен салдыры әртүрлі фонемалардың, бір-біріне әсер етіп, өзіне ұқсатып айтылуы. Мыс.: *жай, шай, шаш* сияқты жуан буынды сөздердің сөйлеу тілінде *жәй, шәй, шәш* болып жіңішке айтылуы, олардың құрамындағы *ж, й, ш* тіл алды фонемалары тіл арты жуан *а* фонемасына ықпал етіп, оны тіл алды жіңішке дыбысқа өзгертіп, өздеріне бейімдеп тұр; *аянкес, апаеке, атаеке* сияқты әр тектес буынды сөздерде де тіл арты *а* фонемасына іргелес орналасқан *й, н, к, с, п* дауыссыздары және одан алшақ тұрған жіңішке *е* фонемасы әсер етіп, оны өздеріне бейімдеп, сол сөздердің жіңішке *әйенкес, әпке, атеке* сияқты сыңарларын жасап тұр. Керісінше, *Ботагөз, қарағым, керек екен, қара қазан* сияқты сөздерде дауысты дыбыстар дауыссыздарға ықпал етіп, өздеріне бейімдеп тұр.

Акрофония (грек. *«акро»* – соңғы, «φωνή» – дыбыс) – белгілі бір сөздер мен сөз тіркестерінің бастапқы әріптерінен құрылатын жаңа сөздер. Аталған жаңа сөздер әліпбидегі әріп атауымен емес оның дыбысталуы бойынша оқылады. Орыс тілінің кейбір қысқарған сөздері А. принципіне сәйкес жасалған. Мыс., *вуз* (высшее учебное заведение) т.б. Сонымен қатар А. термині фонетикалық жүйедегі өзінің бастапқы мағынасынан бөлек қосымша мағынаға ие болатын таңбаларды белгілеуге байланысты қолданылады. Қосымша мағына таңбаның бастапқы мағынасын білдіріп, сөздің бірінші буынына немесе дыбысына сәйкес келеді. Мәселен, финикия әліпбиіндегі әр дауыссыз дыбысты белгілеу үшін атауы осы дауыссыздан басталатын обьектінің кескіні қолданылады. Мысалы *b* дыбысына сәйкес келетін финикия әрпі үй («beit») сөзін білдіретін таңбамен жазылады.

Акут (латын. *«acutus»* – өткір, жоғары) – 1) жоғары тон, жоғары екпін, екпін түскен буында дауыстың жоғары айтылуы, көне грек тіліндегі тоникалық екпіннің бір түрі; 2) диакритикалық белгі, әріптің үстіндегі пішінді штрих қарақалпақ – (á, ó, ú, ǵ, ń) , түркімен – *(ý)*, француз – (é), каталан – *(*é, í, ú), португал – (á, é, í, ó, ú), исланд – (á, é, í, ó, ú, ý), фарер – *(á, í, ó, ú, ý)*, венгер – *(*á, é, ó, ú) , чех – (*á, í, ú*), поляк – (ć,ń,ó,ś,ź) , хорват – (ć) тілдерінде қолданылады.

Акцент (латын. *«accentus»* – екпін) – бірнеше ғылым саласында қолданылатын термин. Лингвистикада А. сөзінің бірнеше мағынасын кездестіруге болады. Біріншіден, сөздегі бір буынның күшті айтылуы; екіншіден, басқа тілде сөйлегенде өз ана тіліне тән дыбыстық ерекшеліктердің сақталуы; үшіншіден, мәтінде берілген бір ойға екпін жасау. Фонетикалық А. тыңдаушыға сөйлеушінің жекелеген ерекшеліктерін айқындауға мүмкіндік береді. А. барысында тілдің дыбыстық ерекшелігі көрінеді. Кейбір зерттеушілер А. «ішкі акцент» және «сыртқы акцент» деп бөледі. Кей жағдайда А. диалектімен қатар қолданады, бірақ А. диалектімен шатастыруға болмайды. Бұл термин музыка саласында жиі қолданылып, шығарманың жеке дыбыстарына, аккордына ерекше екпін, күш беріп, даралап ойнау мағынасын да білдіреді.

Акцентология (латын. *«accentus»* – екпін, грек. *«logos»* – ілім) – фонетикада тілдің екпін жүйесін, табиғатын, түрлерін және атқаратын қызметін зерттейтін саласы. Түркі тілдері оның ішінде қазақ тілінде А. өткен ғасырдың екінші жартысынан зерттеле бастады. Ол түркітанудың көп зерттелген саласының бірі. А. екпіннің түрлерімен қатар фонологиялық (сөз құрастырушылық, сөз мағынасын түрлендірушілік, сөз жігін ажыратушылық) қызметін, акустикалық (лепті, лебізді, созылыңқы, сапалық екпін) табиғатын да тексереді. Тарихи-салыстырмалы А. екпіннің тіл жүйесіндегі алатын орны мен қызметін анықтайды.

«Ақ жол» газеті – *1920-1926 жылдары Ташкентте шығып тұрған саяси-қоғамдық және мәдени бағыттағы газет. Түркістан коммунистік партиясының* Орталық Комитеті Атқару бюросы халықпен жүргізілетін идеологиялық жұмыстар кешенінің бірі ретінде 1920 ж. 19-қазандағы мәжілісінде «Қырғыз газеті туралы» мәселе қаралады, «Ақ жол» газетін аптасына кем дегенде 2 рет жарты баспа табақ көлемінде 12 мың данамен шығаруға шешім қабылдап, жауапты редакторлыққа

Сұлтанбек Қожановты, жауапты хатшылыққа Міржақып Дулатовты тағайындайды. Газеттің алғашқы саны 1920 ж. 7-желтоқсанда жарық көрді.

Ақиқат белгі – ақиқат дыбыстың таңбасы. А.б. дыбыстың жасалым анықтамасының дәл бейнесі болып табылады. Әдетте әріп үлгісі Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ) кестесіне алынады.

Ақиқат дыбыс – қазақ тілі дыбыстарының жіктелім кестесінде өзінің меншікті орны (ұясы) бар дыбыс. Кестеде орны жоқ дыбыс төл дыбыс емес, кірме (бөгде) дыбыс болып саналады.

Алаш оқулықтары – XX ғасырдың алғашқы ширегіндегі оқулықтар. Осы кезеңде А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары қазақша оқытуға арналған әліппелер, оқу құралдары, оқулықтар жаза бастады. А.Байтұрсынұлы 1895 жылдан бастап 1909 жыл аралығындағы Ақтөбе, Торғай, Қарқаралы уездеріндегі оқытушылық тәжірибелері негізінде оқу құралдарын жазды. Олардың ең алғашқысы «Оқу құралы. Қазақша алифба» деген атпен 1912 жылы Орынборда шықты. Бұл кітап ғалымның араб графикасына негізделген «төте жазу» деп аталған әліпбиімен жарық көрді. А.Байтұрсынұлының кітаптары арқылы қазақ тіл білімінің ғылыми және әдістемелік негізі салынды. Осы кезеңде М.Малдыбаевтың 1911 жылы Семейде «Оқулық» кітабы, 1912 жылы Қазанда Ж.Аңдамасовпен бірігіп жазған «Қазақша ең жаңа әліппе» еңбегі жарық көрді. 1912 жылы Қ.Қожықовтың «Әліппе» оқулығы, 1914 жылы К.Ғабдуллиннің «Қазақ балаларына жәрдем» атты қазақша әліппесі жарыққа шықты. Осы кітаптарда латын графикасы негізіндегі қазақ әліпбиін үйрету, қазақ тілінің емле, ережелерін игерту мәселелері қамтылды. А.о. арқылы тіл білімі салаларының ғылыми негізі қалыптасты.

Албан әліпбиі – албан жазуына арналған әліпби. Қазіргі заманғы А.ә. латын әліпбиіне негізделген. Латын, араб, грек және кирил әріптеріне негізделген әліпбилері де болған. Ең көне А.ә. тарихы албандар арасындағы дінге тікелей байланысты. Албанияның солтүстігіндегі жазушылар католик шіркеуінің ықпалымен латын әріптерін, ал Албанияның солтүстігіндегілер грек православие

A a	B b	C c	Çç	D d	Dh dh	E e	Ë ë
F f	G g	Gj gj	H h	I i	J j	K k	L l
Ll ll	M m	N n	Nj nj	O o	P p	Q q	R r
Rr rr	S s	Sh sh	T t	Th th	U u	V v	Xh xh
Y y	Z z	Zh zh					

шіркеуінің ықпалымен грек әріптерін қолданған, кейбіреулері исламның ықпалымен араб әріптерін қолданған. Сондай-ақ 1750-1850 жылдары А.ә. түпнұсқасы жасалған. Қазіргі кездегі албандардың қолданып жүрген әліпбиі – 1908 жылы Монастире Конгресінде бекітілген осы екі нұсқаның бірі. Қазіргі албан әліпбиі 36 әріптен тұрады. Онда 7 дауысты және 29 дауыссыз дыбыс бар. Албан әліпбиінің 9 әрпі диграф, 2 әрпі диакритикамен жазылады.

«Алғашқы қазақ газеттерінің тілі» – Б.Әбілқасымовтың 1971 жылы жарық көрген ғылыми монографиясы. Еңбекте автор тұңғыш рет «Түркістан уәлаяты» газеті мен «Дала уәлаяты» газетінің тілін сөз етеді. Зерттеу еңбек 4 тараудан тұрады. Алғашқы тарауында қазақ газеттерінің жазба әдеби тілін қалыптастырудағы орны туралы айтылса, қалған үш тарауында газет тілінің ерекшеліктері, фонетика-орфографиялық жүйесі төңірегіндегі тақырыптар қозғалады. Еңбектің соңында қосымша тілдік материал ретінде газеттерде басылған әр түрлі стильдегі мақалалардың үлгілері берілген.

Александр де Род (1591-1660) – француз монах-иезуиті, Париждегі шетел миссиясы қоғамының негізін салушы. Вьетнам тілінің латын графикасындағы әліпбиінің авторы.

Алеут жазуы – эскимос-алеут тілдер тобына жататын алеут тілінің жазуы. А.ж. пайда болуы Алеут аралдарының Ресей империясына қосылуымен байланысты. А.ж. әртүрлі графикалық негізде қолданылды. А.ж. тарихы бірнеше кезеңнен тұрады. 1829 жылы орыс миссионері Иван Веньяминов кирил әліпбиіне негізделген алеут тілінің әліпбиін жасады. 1930 жылдың басында латын әліпбиіне негізделген А.ж. дайындауға әрекет жасалып, 1970 жылдардан бастап А.ж. латын графикасына негізделді. Латын орфографиясын XX ғасырдың 2-жартысында Кнут Бергсланд дайындады. Ол 1994 жылы алеут тілінің сөздігін, 1997 жылы грамматикасын жазды. 1980 жылдан бастап қайтадан кирил графикасына көшірілді. 1990 жылдан алеут тілі үшін кирил әліпбиі қолданылады.

Аллограф (грек. *«allos»* – өзге, басқа, *«grapho»* – жазамын) – графеманың бір түрі, оның нақты қолданылуының көрінісі. Әліпби бойынша А. термині деп бір таңбаның бірнеше нұсқада қолданылуын айтады.

Аллофон – фонеманың варианты, фонеманың сөйлеу үстінде кездесетін әртүрлі реңктері. А. үндіуропа тілдерінде кең тараған. Қазақ тілінде дыбыстың үндестік аллофондары кездеседі. Мыс., *бас* сөзінде *б* жуан, *бес* сөзінде *б* жіңішке айтылып, фонема вариантын (реңкін) жасап тұр.

Алмасым – дыбыстардың фонетикалық белгілерінің бір-біріне ауысуы, мысалы, тіл ұшы *н* дауыссызының тіл ұшы белгісі ерін-еріндік *б* дауыссызының алдында ерін-еріндік *м* дауыссызына айналады: *жан+бала – жамбала* т.б. Бұл алмасымның іргелес түріне жатады, бұдан басқа *бейрет, еркін, табиғи, тарихи, іргелес, шеп* А. түрлері кездеседі.

Алтай жазуы – ностратикалық тілдер құрамына енетін алтай тілінің (түркі, моңғол, тұнғұс-маньчжур) жазуы. А.ж. 1929 жылға дейін кирил, 1929-1938 жж. латын графикасын қолданды. 1938 жылдан кирил әліпбиі қолданылады. Екінші рет

қабылданған кирил әліпбиінде кемшіліктер көп болғандықтан, 1944 жылы реформа жасалды. Алтай әліпбиінде 37 әріп бар, дауысты дыбыс саны – 8. Әліпбидегі *Ёё* және *Юю* /ø ~ œ/ және *у* таңбасы толық алынып тасталды, олардың орнына төл сөздерде *Öö* және *Ӱӱ* әріптері қолданылды. *Jj* таңбасын сақтап қалу үшін *Дь дь* әрпін алып тастады. *Н* орнына *Нң* таңбасын алды. Орыс тілінен енген кірме сөздерде қолданылатын *Ёё, Юю* және *Яя* әріптері әлі күнге дейін қолданылады. Қазіргі Алтай жазуының төл сөздері үшін *йа, йо* және *йу* эквивалентті дыбыстар қолданылады.

Аа	Бб	Вв	Гг	Дд	Jj	Ее	Ёё
Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Лл	Мм	Нн
Ңң	Оо	Öö	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу
Ӱӱ	Фф	Хх	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ъъ
Ыы	ь	Ээ	Юю	Яя			



Алтынсарин Ыбырай – қазақтың жазба әдеби тілінің негізін салушылардың бірі, ағартушы, педагог, жазушы, ақын, аудармашы. Оның 1879 жылы орыс тілінде жарық көрген «Қырғыздарға орыс тілін оқытудың бастауыш жетекші құралында» («Начальное руководство к обучению киргизов русскому языку») кирил графикасына негізделген қазақ әліпбиі жарияланды. 1879 жылы жарық көрген «Қырғыз хрестоматиясы» да осы әліпбимен берілді. Бұл әліпби 1864 жылы Торғай қаласында ашылған мектептегі оқушыларды оқытуға арналған әліпби болды. Ұлттық жазу тарихындағы кирил негізді бұл тұңғыш әліпбиде 25 таңба бар. Олардың жетеуі дауысты дыбыстар, екеуі жартылай дауысты дыбыстар және он алтысы дауыссыз дыбыстар. Әліпбиге негізінен қазақтың төл дыбыстары енгізілген. Тек орыс тілінен *Ии* дыбысы кірген. Әліпбиге *Ұұ* дыбысы кірмеген. А. әліпбиі орыстың шығыстанушы ғалымы, педагогы Н.Ильминскийдің татар тіліне арналып 1861 жылы дайындалған кирил әліпбиінің негізінде жасалған. Орыс ғалымы осы әліпбиде *Ӓ, Ӧ, Ӱ* сияқты жіңішке дауыстыларды «умлаут» диакритикасы арқылы берген. Оның екі себебі

бар: 1) орыс тіліндегі *Ё* дыбысының тұрпатына ұқсас етіліп жасалған; 2) осы әліпби жасалған кезеңде орыс қоғамында неміс тілінің, ғылымының ықпалы күшті болған. А. кирил негізді қазақ әліпбиін дайындағанда Н.Ильминскийдің осы тәжірибесін қолданған. Сонымен бірге А. әліпбиінде *Ң* дыбысын *Н* таңбасымен белгілеген. Қазақ тілінің дыбыстарын таңбалауды мақсат еткен А. өз әліпбиіне татар әліпбиіне Н.Ильминский енгізген орыс тілінің В, *Ф, Ц, Ч, Щ, Ъ, Ь, Э, Ю, Я* сияқты таңбаларын енгізбеген. А. әліпбиі оның өзі ашқан Торғай, Ырғыз, Қостанайдағы мектептерде кеңінен қолданылды. Аталған мектептерде оқыған А.Байтұрсынұлы, С.Көбеев, Н.Құлжанов, Б.Алдияров, М.Дулатов т.б. белгілі тұлғалар осы әліпбимен сауат ашты. А. әліпбиге емле, ережелерін де дайындады. Олар мектеп оқушыларына арналған ғалымның жоғарыда аталған кітаптарында берілді. Бұл еңбектерінде А. әліпби және оның емле ережелерінің терминдерін де жасады. Оның әліпбиі мен емле ережелері Қазақстанда кеңестік дәуірге дейін қолданыста болды. Тіпті кейбір терминдері қазірге дейін қазақ тіл білімінде қолданылады.

Альхамьядо – (испан. *«aljamiado»* – роман сөзін араб әріптерімен жазу) араб жазуының испан тіліне икемделген формасы (*«аджамия»* – бөтен, шет). Орта ғасырларда үнді еуропа тілдерінде сөйлейтін христиан халқының жазба әдісі және хат алмасу құралы ретінде қолданылған. Көбінесе Еуропаның оңтүстік-шығыс және оңтүстік аймағында (Пиреней, Балқан, Кіші Азия) араб-мұсылман басқыншылығы кезеңінде таралған.



Аманжолов Алтай Сәрсенұлы (1934-2012) – түркітанушы, филол. ғыл. док., профессор, Қазақстан Қоғамдық ғылым академиясының толық мүшесі. «Көне түркі жазуының тарихы туралы деректер мен зерттеулер» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған. А. зерттеулерінің басты бағыты – көне түркі жазу ескерткіштерінің тілі, көне түркі жазуының тарихы, түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы, түркі руникалық графикасы мәселелері. Осы салада бірнеше монографиясы, оқулықтары, ғылыми мақалалары (оның кейбіреуі ағылшын және түрік тілдерінде шетелдерде басылды) жарық көрген. А. – түркі тілдерінің тарихи грамматикасы мен көне түркі жазуы тарихының мамандарының бірі. «Көне түркі ескерткіштеріндегі етістіктің меңгерілуі» (Мәскеу, 1969 ж.) атты монографияның авторы. Ғалымның «Көне түркі жазуының тарихы мен теориясы» (Алматы, 2003 ж., орыс тілінде) атты монографиясында көне түркі руникалық графикасына түбегейлі талдау жасалған, Қазақстан бойынша соны эпиграфикалық материалдар берілген, түркі руникалық әліпбиінің қалыптасу тарихына қатысты маңызды теориялық тұжырымдар айтылған. Көне түркі жазу ескерткіштерінің зерттеулеріне арналған «Бабалар сөзі» кітабы 1988 жылы Пекинде басылды. «Түрік тілі» атты оқу құралындағы (1983 ж.) түркі эпиграфикасының деректеріне сүйеніп, «Түркі руникалық графикасы» деген үш бөлімді методикалық талдау құрастырған (1980, 1981, 1985 ж. орыс тілінде), «Түркі филологиясы және жазу тарихы» атты оқу құралын (1996 ж.) жариялады.

Ғалымның ғылыми ізденістерінің тағы бір қыры – оның Тянь-Шань, Алтай және Тарбағатайдағы петроглифтер, жартастағы көне бейнелер мен идеографиялық таңбаларды мұқият зерттеуі.



Аманжолов Сәрсен Аманжолұлы (1903-1958) – қазақ диалектологиясының негізін қалаушылардың бірі, түрколог, филол. ғыл. док., профессор (1948). ҚР ҒА корреспондент мүшесі (1954). Тіл тарихы мен диалектологиясынан бастап орысша-қазақша сөздіктер, терминологиялық, грамматикалық, орфографиялық мәселелері ғалымның тікелей қатысуымен жүйеге келді. Сөз таптарының сөйлем мүшесі болу шарттары, сөйлемнің элементтері мен дәнекерлері, интонация, оқшау сөздер, шақ пен жаққа қатысты синтаксистік категориялар, құрмалас сөйлемнің пайда болу жолдары, үйірлі мүше т.б. жайында зерттеулер жүргізген. 1937-1938 жылдары тілдегі диалектілік ерекшеліктерді жинап, зерттеуді ұйымдастырып, диалектілердің даму сипаты, айырым белгілері, тайпалық тілдермен байланысы, ұлттық әдеби тілдің диалектілік негізі сияқты мәселелерге назар аударды. Таска қашалған жазу-сызулардың қазақтың ру-таңбаларына ұқсастығын тапты. Ұлттық жазба әдеби тіл тарихын XIX ғасырдың II жартысынан бастап, Абайдың халық тілін пайдаланудағы шеберлігін, сөз қолданудағы жаңа үлгісін талдап көрсетті. «Вопросы диалектологии и истории казахского языка» (1959 ж.) атты монографиясы тек қазақ тіл білімінде емес, түркітану бойынша қоғамдық ғылымдағы елеулі табыстардың бір ретінде бағаланды.

Америка фонетикалық транскрипциясы – американ фонетикалық әліпбиі, фонетикалық транскрипция жүйесі. Еуропалық және американдық лингвистер мен антропологтар әзірлеген. Алғашқыда үнді тілдерін жазу үшін, кейіннен Еуропа тілдері үшін қолданыла бастады. А.ф.т. американдық лингвистер ХФӘ (МФА) баламасы ретінде пайдаланады. А.ф.т. кейбір таңбалары ХФӘ-ні әдеттен тыс кеңейту үшін де қолданылады. Бұдан басқа А.ф.т. КСРО және кеңестік кезеңнен кейінгі бірқатар орыстілді лингвистикалық басылымдарда қолданылды. Оның ХФӘ-ден екі айырмашылығы бар: біріншіден, ХФӘ латын таңбалары, ал американ фонетикалық әліпбиінде аздаған грек таңбалары қолданылды. Екіншіден, А.ф.т. диакритикалық таңбалар көп болса, ал ХФӘ-де әрбір жеке фонеманың өз таңбасы болған және диакритикалық таңбалар ерекше жағдайларда ғана қолданылған. Бұндай американ жазуының шартты белгілерін кез-келген баспада таңбаларды теру ыңғайлы болу үшін әзірлеген.

Амперсанд (&) – ағылшын тілінің бейресми мәтіндерінде *«and»* – «және» деген мағынаны қысқартып жазу үшін жұмсалатын таңба-логограмма. А. латын тіліндегі *«et»* – «және» сөзін лигатура пішініне келтіру мақсатында пайда болған. Кеңінен таралғаны соншалық, XIX ғ. басынан бастап *&* ағылшын әліпбиінің соңына тіркеле бастады. Бірақ сөз құрамында келмейтін болғандықтан, XIX ғ. аяқ жағына қарай әліпбиден қайта алынып тасталды. Бүгінгі күні әліпби құрамына енбеген, әйтсе де

балаларға (әсіресе американдық жүйеде) ағылшын әліпбиінің 27-ші әрпі ретінде таныстырылатын ерекше символ. Ағылшын тілінің экпансиясының әсері және қолданысқа жеңіл, әрі эстетикалық тұрғыдан тартымдылығы таңбаның қолданыс аясын мейлінше кеңейте түсті. Соңғы кездері латын жазуынан басқа да графиканы тұтынатын тілдердің қолданысына еніп, жарнамасы мен мандайша атауларында молынан көрініс тауып келеді.

«Ана тілі» – 1990 жылғы 22-наурыздан бері шығып келе жатқан мерзімді апталық газет. А.т. газеті негізгі бағыты – қазақ тілінің жағдайы, тіл білімінің, еліміздегі тіл саясатының мәселелері, сонымен бірге әдебиет, мәдениет мәселелері. Газетте қазақ жазуының, әліпбиінің және оның емле ережелерінің мәселелері жиі көтеріледі. 1993 жылы 30-желтоқсанда белгілі филолог Әбдуәли Қайдар А.т. басылымындағы «Кемел елге, кемел әліпби керек» деген Елбасына арналған ашық хатында латын әліпбиіне көшуді ұсынған болатын. Бұл тақырып, әсіресе 2018 жылдан бастап газеттегі тұрақты айдарлардың біріне айналды.

Анаграмма – сөздегі әріптердің орнын ауыстырып, басқа да сөздер жасау тәсілі. Тіл үйрету барысында жиі қолданылады. Мыс., *орақ* сөзінен *ор, ора, ақ, қор, қар, ар, оқ, қора* деген сияқты сөздер құрастыруға болады.

Апокопа (грек. «*apokope*» – түсу, үзілу) – 1) екпінге қатысты дыбыстық процесс нәтижесінде сөз соңындағы дыбыстың не буынның түсіп қалуы. Мыс.: *болат (болады), келет (келеді), түсет (түседі), шахмат (шахматы), газет (газета), минут (минута), облыс (область); 2) қысқару нәтижесінде жаңа сөз пайда болуы.* Мыс.: *такси (таксомотор), метро (метрополитен), келі/кило (килограмм).*

Апостроф (грек. «*apostrophos*» – кері қайтарылған) – кері дәйекше. Жазуда сөз үстіне үтір (,) түрінде қойылатын қосымша белгі. Орыс тілінде кейбір сөздерде әріп орнына қойылады: *с'езд, об'явление*; шет тіліндегі адам есімдерінің алдындағы демеушілікті ерекшелеп білдіру үшін қойылады: *д'Соссюр, О'Генри, Жанна д'Арк.*

Априор тілдер (латын. «*apriori*» – бастапқы) – табиғи тілдерге тәуелсіз халықаралық жасанды тілдер. А.т. ұғымдардың логикалық тұрғыда сараланып жіктелуіне немесе мағына мен оны білдіретін сөздің ерекше уәжді қатынасына негізделеді. А.т. табиғи тілдер үлгісімен жасалған жасанды тілдерге қарама-қарсы.

Араб графикасындағы әліпбилер – араб графикасына негізделген әліпбилер. Ислам діні пайда болғанға дейін араб графикасы Арабия түбегінде ғана қолданылды. Ислам діні пайда болып, Құран Кәрімнің араб тілінде түсуімен бірге араб графикасы дүниежүзіне кең тарала бастады. Араб мемлекеттері санатындағы жиырма екі ел Біріккен Араб Әмірліктері, Алжир, Бахрейн, Джибути, Египет, Ирак, Йемен, Йордания, Кувейт, Қатар, Ливан, Ливия, Мавритания, Марокко, Оман, Палестина, Сауд Арабиясы Корольдігі, Сирия, Сомали, Судан, Тунис елдері араб графикасына негізделген әліпбиді қолданады. Ислам діні тараған Иран, Ауғанстан, Пакистан, Малайзия, Индонезия, сондай-ақ Еуропа, Азия және Африка құрлықтарындағы мұсылман халықтары да араб әліпбиін пайдаланады. Түркі халықтары (қазақ, түрік, азербайжан, өзбек, башқұрт, татар т.б.) XX ғасырдың басына дейін араб графикасына негізделген әліпбиді қолданды.

Араб жазуы – ежелгі Вавилониядағы (б.з.д. 2000 ж.) аккад, шумер тайпаларының жазба әріптері негізінде пайда болған көне жазулардың бірі. Араб жазуы қазіргі кезде барлық араб елдерінде, ислам дінін ұстанатын бірқатар мемлекеттерде (Индонезия, Иран, Ауғанстан, Кавказ елдері және Орта Азия т.б.) қолданылады. Араб тілінде 34 дыбыс бар, әліпби құрамы 28 таңбадан тұрады. Олардың үшеуі дауыссыз дыбыстармен қатар, созылыңқы дауыстылардың таңбасы ретінде де пайдаланылады. Араб жазуында бас әріп жоқ және әріптердің жазбаша түрі мен баспаша түрі бірдей. Сөз оңнан солға қарай жазылады. Көмекейлік дыбыс болып есептелетін *хамза* (ء) белгісі әліпби құрамына кірмейді. Әліпбидегі әріптердің 22-сі төрт көріністе (сөз басы, сөз ортасы, сөз аяғы және жекеше түрде), қалған 6 әріп екі көріністе (сөз аяғы және жекеше түрде) жазылады. Араб жазуында сөздің дыбыстық жағы мен әріптік құрамының арасында айтарлықтай айырмашылық болады да, қысқа дауыстылар таңбаланбайды, олар харакаттар деп аталады. Харакаттар дауыссыз дыбыстардың астына не үстіне қосымша белгі болып қойылады. Ал харакаты қойылмаған сөздердің дұрыс оқылуы оқып отырған адамның грамматика жөніндегі біліміне және сөйлемдегі сөздердің орын тәртібіне байланысты. Араб тіліндегі қысқа дауысты харакаттар үшеу. Қысқа *а, у, й*. Бұл үш харакаттың өз атаулары бар. Мысалы, *а* қысқа дауыстысын белгілейтін харакат *фатха*, *у* қысқа дауыстысын белгілейтін харакат *дамма*, *й* қысқа дауыстысын белгілейтін харакат *кесра* деп аталады.

د	خ	ح	ج	ث	ت	ب	ا
ط	ض	ص	ش	س	ز	ر	ذ
م	ل	ك	ق	ف	غ	ع	ظ
				ي	و	ه	ن

Араб каллиграфиясы, Ислам каллиграфиясы – каллиграфия өнері, бейнелеу өнерінің түрі. Ол араб жазуы арқылы беріледі. А.к. ислам мәдениетінде кең таралған. Алланың, Мұхаммед (с.а.с) пайғамбардың және жанды нәрселердің суретін салуға тыйым болғаннан кейін А.к. ерекше дамыды. А.к. негізін геометриялық принциптер мен пропорцияларға құрылған жазулар жасайды. Оған безендіріліп жасалған әдемі сызықтар қосылғанда көркем дизайнды композиция қалыптасады. Пропорция жасаудың негізгі ережесі мен тәртібі вертикальді сызықты болып келетін араб әліпбиіндегі бірінші таңба «әліптің» өлшеміне негізделеді. А.к. өлшем бірлігіне араб жазуындағы нүкте алынған. Араб жазуында «алты қалам», яғни жазу стилінің алты түрі бар: мухаккак, райхан, насх, сулус, таукиъ және рукъа. Осылар А.к. түрлендіреді және дамытады.

Араб харфі үйлесетін (тура келетін) дыбыс – қазақ тіліндегі дыбысты бейнелей алатын араб әліпбиіндегі таңба: *(б), (т), (ж), (д), (р), (з), (с), (г), (қ), (к), (л), (м), (н).*

Араб харфі үйлеспейтін (тура келмейтін) дыбыс – қазақ тіліндегі дыбысты бейнелей алмайтын араб әліпбиіндегі таңба. Ғалымдар қазақ тіліндегі дауысты дыбыстардың ешқайсысы араб әліпбиіндегі таңбаларды бейнелей алмайтынын ескерте келіп, араб әліпбиіндегі харіфтердің негіз – тұлғасын бұзбай, шет пұшпағын ғана өзгертіп, дауысты дыбыстарға харіф арнаған.



Арабайұлы Ишанғали (1882-1933) – қырғыз халқының ағартушысы, ғалымы, Алаш қозғалысының қайраткері. 1911 жылы белгілі қазақ ағартушысы Қ.Сәрсекеұлымен бірлесіп «Әліппе» жазды, еңбек төте жазумен Уфадағы Шарқ баспаханасынан жарық көрді. 1912 жылы шыққан «Жазу өрнектері» атты оқулығы қазақ тілінде жазылды. А.Байтұрсынұлының ықпалымен қазақ баспасөзінде «Қырғыз» деген бүркеншік атпен мақалалар жариялап отырды. 1926 жылы Бакуде өткен Түркітанушылардың Бүкілодақтың I сиезіне қатысады. 1924 жылы жазылған «Қырғыз әліппесі» – қырғыз мектептеріне арналған тұңғыш оқулық. 1924 жылы маусымда Қазақстан Халық ағарту комиссариатының ұйымдастыруымен өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде қазақ әліпбиінің құрамына қатысты өзінің пікірін білдіреді. Арабтың 4 *(х, ш, ф, һ)* әрпін алып тастауға болмайтынын, басқа түрік халықтарында бар болғандықтан, бір-біріміздің кітаптарымызды оқи алмай қалатынымызды, сол себепті қазақша сөздерді жазуға қолданылмаса да, жат тілдер үшін қолданылатын әріптер ретінде балаларға таныстыруға керек болатыны жөнінде пікірін білдірген.

Арагон әліпбиі – арагон тілінің (диалектісі) әліпбиі. А.ә. 23 әріптен тұратын латынға негізделген әліпби. Әліпби құрамында 3 дираф *(gu, ll, rr)* бар. А.ә. g әрпі жіңішке велярлы шұғыл дыбысты білдіреді, *gi, ge* әріп тіркестерінің орнына *gu* диграфы қолданылады. Ал *i* мен *e* алдында *c* әрпі кездеспейтіндіктен, *c* әрпін *gu* диграфы алмастырады. А.ә. *rr* диграфы тек қана дауысты дыбыстардың ортасында кездеседі, ол альвеолярлы вибрант *[r]*, ал *ll* диграфы жіңішке *[ʎ]* сонант дыбысын білдіреді. Кірме сөздерде *K* әрпінің орнына *C* немесе *Q* әріптері жұмсалады, *V* әрпі *B*-мен, ал *W* таңбасы *B* немесе *Gü* әріп тіркесімен алмастырылады. Испан тілдерінен енген кірме сөздердегі *J* әрпінің орнына *Ch* мен *X* әріптері алынған. А.ә. *gu* диграфын ажыратып оқу үшін *Ü* әрпін қолданады.

Аралас әліпби – Қытай Халық Республикасында тұратын аз ұлттардың тілдеріне арналған гибридтік әліпби. Бұл әліпбиді құруда кеңестік тіл маманы Г.П. Сердюченко маңызды рөл атқарған. 1950 жылдардың басында ҚХР аз ұлттар үшін латын және кирил әліпбиіне негізделген түрлі әліпби жобаларын ұсынған. 1955 жылы чжуан тілінің әліпбиі жетілдірілді. Г.П. Сердюченко сол кезге дейін алтай тілдері тобына (қытай, қазақтар, қырғыздар, сибо, татарлар, өзбектер, ұйғырлар) жататын қытай халықтары жазуының негізіне (уақытша) кирил әліпбиін қолдануды

ұсынды. Бірақ чжуан тілі үшін латын әліпбиін алу туралы шешім қабылданды. 1955-1957 жылдары миао тілдері үшін А.ә. (4 диалект үшін 4 түрлі әліпби), *хани* (2 түрлі әліпби), *тулкі, наси, буи және ва, лау, ли* қолданылған. Осы жылдары құрылған А.ә. қолданыс аясы тар болды, бірақ чжуан тілінде А.ә. ресми түрде 1982 жылға дейін қолданылды. Алайда 1982 жылы ҚХР-да тіл реформасы жүргізіліп, 26 латын таңбасынан тұратын әліпбиге көшу қадамы жасалады. Қытайда жаңадан жасалған А.ә. 26 латын таңбасынан тұрады.

Аралас тіл – лексикалық құрамы, морфологиялық және синтаксистік т.б. құрылымы бір негізден емес, әр тектен қалыптасқан тіл. Бұл құбылыс көбінесе өркениеттілігі неғұрлым төмен елдер мен жоғары елдердің өзара қарым-қатынасының күшеюі негізінде туады. Соның нәтижесінде алғашқысы соңғысының есебінен бірқатар тілдік (көбінесе лексикалық) элементтерді қабылдайды. Мыс.: индонезия тілінің құрамында санскрит, араб, еуропалық тілдерден; вьетнам тілінде – қытай тілінен, тхай және кхмер лексикасының көне қабаттарынан қабылданған сөздер мол кездеседі.

Арамей жазуы – семит тілдер тобына енетін арамей тілінің жазуы. Арамейлер арасында кең қолданылған көне жазу түрі. Б.з.д. мыңыншы жылдың басында финикий жазуы негізінде пайда болған. Бұл жазу Жерорта теңізінің жағалауындағы ежелгі тайпалар: ассириялық, бабылдық, еврей, парсылар және тағы басқалар арасында кең тараған. А.ж. Ахемен әулеті билік құрған тұста парсы еліндегі екі мемлекеттің ресми жазуының бірі болған. Арамей мен арабтардың сіңісіп кетуіне байланысты А.ж. б.д. III-IV ғасырларында қолданыстан шығып қалды. Таяу және Орта Шығыстағы ежелгі Азия халықтары, соның ішінде араб, еврей, пехлеви, ұйғыр, моңғол жазулары осы көне жазудың негізінде жасалғаны мәлім. Әліпбиі бірыңғай дауыссыз дыбыстардан тұрады. Әр дауыссыздан кейін дауысты дыбыс қосылып оқылады. Оңнан солға қарай жазылады. А.ж. жазылған ескерткіштер Сирияның солтүстігінен, Мысыр, Шам, Хам, Арпад, Ассириядан табылған. Олар б.з.д. IX-XIII ғасырларда жазылған.

Арғы жазба (грек. «*protos*» – алғашқы, тұңғыш) – сөйлеуді (сөзді) тікелей қайта жаңғыртып жеткізбейтін, бірақ қабылдаушы адамның есіне кейбір мәлімет түсіретін мнемоникалық таңбалар жүйесі. Неолит дәуіріне жататын, әртүрлі пиктограммалардан тұратын сурет жазу. А.ж. құлпытастағы жазбалар, тайпалық шежірелер, елеулі уақиғалар туралы мемориалдық жазбалар, келісім және соғыс жайында жолдаулар т.б. хабарларды баяндауға арналған пиктограммалық таңбалар жатады. А.ж. мнемоникалық таңбалардың тұрақты жүйесі қалыптасқан кезден басталады. Мыс.: оған Таяу Шығыстағы б.з.д. 8 мыңжылдықтағы Египет, Шумер жеріндегі, б.з.д. 4-3 мың жылдықтардағы ацтектерден қалған суреттер т.б. жатады. А.ж. көне замандарда болған оқиғаны сөзбен, мәтінмен тікелей жаңғыртып бере алмайды, тек сақталған суреттер, зат таңбалары арқылы сол оқиғаны еске түсіреді. Қазақстанның таулы аудандарында, жартас беттерінде қашап бейнеленген қолына найза, садақ, шоқпар ұстаған аңшылар, тау ешкі, арқар, киік т.б. аң суреттері жиі кездеседі. Бұлар да көне замандағы аңшылық дәстүрін еске түсіретін А.ж. жатады.


Армян әліпбиі – армян тілінің әліпбиі. А.ә. 405-406 жылдары армян ғалымы Месроп Маштоц құрастырған. Әліпби XI ғасырда екі жаңа әріппен (О және Ֆ) толықтырылған, яғни *О* әрпінің орнына *ш*, ал *Ֆ* орнына *փ* қолданылған. 1600 жылдан аса уақыт бойы А.ә. өзгерістер болмаған. Маштоц әліпбидегі 36 әріпті шартты түрде 4 қатарға бөлген, біріншісінде *Ա* дан бастап *Թ* әрпіне дейін *бірліктерді*, екіншісі *Ժ* таңбасынан *Ղ* әрпіне дейін *ондықтарды*, үшінші *Ճ* әрпінен *Ջ* әрпіне дейінгілер *жүздіктерді*, ал *Ռ* таңбасынан *Ք* таңбасына дейінгілер *мыңдықтарды* білдірген. Бұл көне жазудағы жетілдірілген сандық жүйе болды. А.ә. жазбаша және баспаша деген екі түрі бар. А.ә. әріптер өзінің негізгі жазба мұраларын жасау қызметінен басқа, сан ретінде де таңбаланған. А.ә. «бюр» таңбасы бар *Ա* әрпі 10000 санын, ал маштовецкий әліпбиінің соңғы *Ք* таңбасы 90 миллионды білдірген. Сандарды жазудың бұндай жүйесі Арменияда XVII ғасырға дейін қолданылған.

Աա	Բբ	Գգ	Դդ	Եե	Զզ	Էէ	Ըը
Թթ	Ժժ	Իի	Լլ	Խխ	Ծծ	Կկ	Հh
Ձձ	Ղղ	Ճճ	Մմ	Յյ	Նն	Շշ	Ոո
Չչ	Պպ	Ջջ	Ռռ	Սս	Վվ	Տտ	Րր
Ցց	Իւ	Փփ	Քք	Եվ/և	Օօ	Ֆֆ	

Армян-қыпшақ жазуы – Украинадағы қыпшақ тілінде сөйлеген армяндардың жазуы. XVI ғасырдың 20-30 жылдарындағы А.қ.ж. Львовта кең қолданылған. А.қ.ж. көне ескерткіштер 1521 жылдан 1669 жылға дейінгі кезеңді қамтиды. Армян әліпбиімен сол кездегі қыпшақ сөздері жазылған материалдар бар. Бірен-сараны ғана болмаса, олар баспа жүзін көрген жоқ. А.қ.ж. зерттеген ғалымдар – Э.Трыярски (Польша), А.Н.Гаркавец (Қазақстан), И.Абдуллин (Татарстан). Армян әліпбиінің бір ерекшелігі – араб жазуындай емес, дауысты, дауыссыз дыбыстар толық таңбаланып отырады. Қыпшақ тілінің өзіндік дыбыстарын белгілеу үшін дыбыстық жағынан ұқсас, кейде қосар әріптер қолданылып отырған. Ғалым Александр Гаркавец А.қ.ж. туралы бірнеше еңбек шығарған: XVI ғасырдағы «Армян-қыпшақ жазуы», «Қыпшақтың жазу мұрасы» сериясының 3 томы шыққан. Оның 4-томы «Қыпшақ сөздігі» деп аталады.

Артикуляция (латын. *«articulo»* – бөлшектеу, жіктеу) фонетикада тіл дыбыстарын айту үшін қатысатын дыбыстау мүшелерінің қызметі (ерін, тіс, қатты және жұмсақ таңдай, тіл кішкене тіл, дауыс желбезегі, мұрын қуысы т.б.). Тіл дыбыстарын


жасауда актив дыбыстау мүшелері жұмсалады. Содан барып сөз дыбысының А. туады. Тіл дыбыстарының жасалуында үш кезең бар: 1) сөйлеу мүшелерінің қимылдай бастауы (экскурсия); 2) сөйлеу мүшелері бір сәтке қалпын өзгертпей тұруы (кідіріс); 3) сөйлеу мүшелерінің бұрынғы қалпына келуі (рекурсия).



Архаикалық латын әліпбиі – латын әліпбиінің ілкі нұсқасы, б.з.д. III-II ғасырдың екінші жартысында пайда болған. Бұл кезеңде *С* әрпі грек гаммасының батыстық формасы болып есептелген. Алайда ол этрусс тілінің ықпалына байланысты *g, и, k* дыбыстарына да бірдей қолданылды. Б.з.д. III ғасырда *Z* әрпі жаңа *G* әрпіне ауыстырылып, әліпбиде өз орнын тапқан. *К* әрпі өте сирек қолданылғандықтан, оның орнына *С* әрпі жүрген. *Θ, Φ* және *Ψ* әріптері сөздерді жазу мақсатында емес, 100, 1000 және 50 сандарын белгілеу үшін қолданылған. Кейін бұл аталған функиялар *С, М* және *L* әріптеріне өткен.

Архифонема (грек. «*archephonema*» – бастапқы фонема) – жұп дыбыстарға тән ортақ акустика-артикуляциялық қасиеттер. Мыс., *ұ, у* дыбыстарының ортақ қасиеті олардың еріндік, қысаңдық сипатынан, *б, п* дыбыстарының ортақ қасиеттері олардың еріндік, жабысыңқы дыбыстар екендігінен көрінеді.

Арша жазу /хат сарви – жазылуы және оқылуы *абжад* жүйесіне негізделген 28 араб әріптерінен тұратын арша ағашы бейнелес жазу. Ол абжад жүйесі бойынша 1) Абжад, 2) Һаууаз, 3) Хутти, 4) Каламан, 5) Сагараз, 6) Карашат, 7) Саххаз, 8) Зазағ деп аталатын 8 топқа бөлінеді. Бұлар әріптердің тәртібі мен орналасуын көрсететін шартты атаулар. Әуелде бұлардың мағынасы болған, дұғалық қасиетке ие деген де пікір бар. А.ж. тік таяқша сызық алынады, ал оның сол және оң жағындағы көлбей сызылған кішкене сызықшалар сөзді қалай оқу керектігін көрсетеді. Тік сызықтың оң жақта белгіленетін көлбеу кішкене сызық сегіз топтағы әріптің қайсына кіретінін, ал сол жақтағы кішкене көлбеу сызық аталмыш топ ішіндегі әріптердің реті бойынша оқылады. *Бала* деген сөзді аршамен жазу үшін бірінші *б* әріпінің



кей топқа кіретінін білу керек, яғни бұл әріптің абжад тобына кіретінін байқаймыз.

Тік таяқшаның оң жағына бір көлбеу сызық белгіленеді, абжадтағы әріп қатары екінші болғандықтан, сол жаққа көлбеу екі сызық жазылады (*б*); *а* әрпі абжадтағы бірінші топқа жататындықтан тік сызықтың оң жағында көлбеу бір сызықша және абжадтағы қатар реті бірінші тұрғандықтан сол жақта бір сызықша қойылады (*а*). Ал *л* әрпі төртінші топтағы рет қатары екінші болып тұрғандықтан, тік сызықтың оң жағына төрт көлбеу, сол жағы кішкене екі сызықпен белгіленеді (*л*); ал *а* әрпі, жоғарыда айтылғандай жазылады.

Аспирата (латын. «*aspirato*» – демдік) – көмей дауыссыздары. Жұтқыншақ қуысы тарылып, ауаның дауыс шымылдығына үйкелісінен жасалатын дыбыстар. Қазақ тілінде *h* дыбысы жатады.

Ассибиляция – тілалды дауыстыларының алдында таңдай, тіс шұғыл дауыссызының ызың дауыссыздармен алмасуы. Ызың дауыссызға ұқсаудан пайда болған паразит ызың дыбыстар. А. дыбыстауға жатады: лат. *ceram [k-] >tseram > франц. cire [s-]*. Бұл термин қазіргі кезде көп қолданылмайды, көбіне палатизация деп аталады.

Ассимиляция (латын. «*assimilation*» – үндестік) – дыбыстардың комбинаторлық өзгерістерінің неғұрлым кең тараған түрі. Сөйлеу үстінде сөздегі не сөз тіркесіндегі дыбыстар артикуляциясы жағынан бір-бірімен қиюласып, үндесіп айтылады. Бір типтес дауыстылардың үндесуінен вокалды А., ал бір типтес дауыссыздардың үндесуінен консонанттық А. қалыптасады. А. а) толық А. түрінде кездеседі, яғни бір дыбыс екінші дыбысты дәл өзіне ұқсатып икемдейді: *ашша (ашса), үссе (үсе), сөшшең (сөзшең);* ә) жартылай А. түрінде кездеседі, яғни бір дыбыс екінші дыбысты дәл өзіндей емес, тек бір жақты өзгертеді: *досқа, қаздар.* Қазақ тіліндегі А. көршілес дыбыстардың бір-біріне ықпал ету сипатына қарай: ілгерінді ықпал, кейінді ықпал, тоғыспалы ықпал болып бөлінеді.

ASCII (ағыл. *«American standard code for information interchange»* – Ақпарат алмасудың американдық стандартты коды) – баспалық және баспалық емес символдардың орнына сандық кодтар қойылған кесте атауы. Компьютер жүйесінде қарапайым жазуды тану – таңбалар, символдар арқылы емес, осындай кодталған сандар арқылы жүзеге асырылады. ASCII кесте 1963 жылы АҚШ-та жасалып стандартталған. Ол таблица он орынды сандарды, латын әліпбиін, ұлттық әліпбилерді, тыныс белгілерін және басқарушы, реттеуші символдардың кодтарын анықтайды. Бастапқыда 1963 жылы ASCII 7 битқа сиятын символдарды кодтаған, қазір сыйымдылығы айтарлықтай кеңейді және оның функциясы үнемі даму үстінде болып тұрады.



Ататүрік Мұстафа Кемал (1881-1938) – түріктің мемлекет қайраткері, Түркия Республикасының тұңғыш президенті, реформатор. Түрік мемлекетін сұлтанат формасынан республика формасына алмастырған тұлға. Оның бұл бастамасы арқылы Түркияда көптеген реформалар жүргізілді. Солардың бірі – түрік тілінің әліпбиін араб графикасынан латын графикасына ауыстыру болды. Ататүрік М. әліпби мәселесіне ерекше мән беріп, бұл үдеріске өзі тікелей атсалысты. Соның нәтижесінде

1928 жылы латын графикасы негізіндегі түрік әліпбиі қабылданды. Сонымен бірге түрік тілін араб және парсы тілдерінің элементтерінен тазартуға күш салды.

Ауыз жолды дыбыстар – жұмсақ таңдайдың көтерілуі нәтижесінде ауа мұрынның қатысынсыз, тек ауыз қуысы арқылы шығуынан жасалатын дыбыстар. Оған ауыз жолды дауысты (*а, е, и...),* дауыссыз (*б, д, г*) дыбыстар жатады.

Афака жазуы – креол тілдер тобына енетін джука тілінің буын жазуы. А.ж. 1908 жылы пайда болды. А.ж. Афака Атумисидің құрметіне аталған. Афака бүгінгі күнге дейін креол тілінде арнайы қолданылып келе жатқан жалғыз жазу. Ол 56 таңбадан тұрады. Құрамында латын және араб әріптері, сандары, дәстүрлі африкандық пиктограммалары бар. А.ж. көптеген таңбаларының шығу тегі белгісіз. Олардың кейбіреулері – Африкада пайда болған символдық таңбалар. Латын әліпбиіне сәйкес келетін жалғыз әріптер *а* және *о* дыбыстарының таңбалары болып табылады. А.ж. джука тілінің бүкіл дыбыстық жүйесін, атап айтқанда, тон жүйесін көрсетпейді. Соңғы дауыссыздар (мысалы, мұрын [n]) хатта көрсетілмеген. Созылыңқы дауысты дыбыстар буыннан кейін дауысты дыбыстарды қосу арқылы жазылады.

Аферезис (грек. «*aph airesis*») – алдыңғы сөздің соңғы дыбысының әсерімен келесі сөздің басындағы дауысты дыбыстың түсіп қалуы. Бірен-саран сөз тіркестерінде болмаса, қазақ тілінде сирек кездеседі. Мыс., *нестейміз? – не істейміз?* Элизияға қарама-қарсы құбылыс.

Африка әліпбиі – африка тілдерінің әліпбиі. Халықаралық фонетикалық әліпбимен бірге, әлемдік емле негізі ретінде қолданылды. А.ә. 1928 жылы неміс миссионері Дидрих Вестерманның жетекшілігімен Африка тілдері мен мәдениеті институтында (Лондон, Ұлыбритания) бір топ лингвистер жасаған. Барлық африкалық тілдерге диакритикасыз жазуды қолдану үшін енгізілген. А.ә. латынға негізделген көптеген африкандық әліпбилердің емлесіне әсер етті және жетілдірілген африкалық анықтамалық әліпбидің негізі болды.

Aa	Bb	Ɓɓ	Cc	Dd	Ɗɗ	Ee	Ɛɛ
Əə	Ff	Ƒƒ	Gg	Ɣɣ	Hh	Xx	Ii
Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Ŋŋ	Oo	Ɔɔ
Pp	Rr	Ss	Σʃ	Tt	Uu	Vv	Ʊʊ
Ww	Yy	Zz	Ʒʒ				

Африкаанс жазуы – Оңтүстік Африканың 11 ресми тілінің бірі африкаанс тілінің жазуы. А.ж. латын әліпбиіне негізделген және жазуда қосымша диакритикалық таңбалар (акут, циркумфлекс) мен диграфтар бар.

Африканың эталон әліпбиі – африка тілдерінің әліпбиі. А.э.ә. алғаш рет 1978 жылы Ниамейде, Нигерде ЮНЕСКО ұйымдастырған конференцияда ұсынылған. Диграфтар мен триграфтардың орнына әр дыбысқа бөлек таңба қолдану ұсынылды. 1982 жылы қайта қаралған. 1982 жылғы нұсқасын Майкл Манн және Дэвид Далби жасаған. Жаңа әліпбиде 56 әріп болды, олардың кейбіреулері 1978 жылғы нұсқадан мүлдем өзгеше болды. А.э.ә. тағы бір басты айырмашылығы – оған кіші әріптер ғана енгізілді. Жобада бірнеше диакритикалық белгі болған: акут (ˊ), гравис (ˋ), циркумфлекс (ˆ), гачек (ˇ), макрон (ˉ), тильда (˜), әріпасты нүкте (.), әріпасты макрон (_), дирезис (¨). Бүгінгі таңда бірқатар африкалық әліпбилер кейбір дыбыстарға екі әріптен тұратын таңба тіркесімдерін қолданады.

Аффрикат (латын. *«affrico»* – жұғысқан) дыбыстар – шұғыл және ызың дауыссыз дыбыстардың қосындысынан тұрып, біртұтас айтылатын күрделі дыбыстар тобы. Кейбір еңбектерде «шұғыл» дыбыс термині «үзілмелі, жабысыңқы», ал «ызың» дауыссыздар «сүзілмелі» терминімен беріліп, жабысыңқы (шұғыл) және сүзілмелі (ызың) дауыссыз дыбыстардың элементтерінен құралған дыбыстар ретінде қарастырылады: *ц (т+с), ч (т+ш)*. Кейбір еңбектерде бұл дыбыстарды жабысыңқы дыбыстар деп тоғысыңқы/жуысыңқы немесе жуысыңқы/тоғысыңқы жасалу тәсілдері өзара кірігу арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс деп береді.

«Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы» – монографиялық еңбек. Авторы – М.Жүсіпұлы. 1992 жылы Алматыдағы «Ғылым» баспасынан шыққан. Көлемі – 216 бет. Таралымы – 200 дана. Еңбекке А.Байтұрсынұлының фонемография, сингармонизм, қазақ тілінің дыбыс жүйесі, қазақ және орыс тілі дыбыстарының позициялық алмасуына қатысты тұжырымдары енгізілген.

«Ахмет Байтұрсынұлы» – тұлғалық энциклопедия. Алматы: «Қазақ энциклопедиясы» баспасынан 2017 жылы Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тілдерді дамыту және қоғамдық-саяси жұмыс комитетінің тапсырысымен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру-әдістемелік орталығы шығарған. Көлемі – 744 бет. Таралымы 2000 – дана. Энциклопедия аса көрнекті ұлт қайраткері, Алаш қозғалысының рухани көсемі, қазақ тіл білімі және әдебиеттану ғылымдарының негізін салушы, ақын, көсемсөзші, аудармашы Ахмет Байтұрсынұлына арналған. Энциклопедияға ғалымның өмірбаян деректері, қайраткерлік қызметі, ғылыми және әдеби, публицистикалық мұралары жөніндегі мақалалар енгізілді. Сонымен бірге ол туралы жазылған еңбектер мен олардың авторлары жөнінде де мәліметтер берілді.

«Ахмет Байтұрсынұлы. Алты томдық шығармалар жинағы» – көптомдық шығ. жин. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Ақпарат және мұрағат к-тінің «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша шығарылған. М.Әуезов атынд. Әдебиет және өнер ин-ты (1–5 томдар) және А.Байтұрсынұлы

мұражай-үйі (6-том) дайындап, жинақ «Ел-шежіре» баспасынан 2013 ж. жарық көрген. Әр томның көл. – 384 бет. Таралымы – 2000 дана. 1 томға «Қырық мысал» (1909, 1913, 1922), «Маса» (1911, 1922) жинақтары және «Қазақтың бас ақыны (1913), «Әдебиет танытқыш» (1926) атты іргелі ғыл. зерттеулері енгізіліп, 3-бөлімге («Сөз өнерінің ғылымы», «Қара сөз бен дарынды сөз жүйесі», «Жазу әдебиет») бөлінген. Жинақ бұған дейін жарық көрген басылымдармен салыстырылып, кезінде кеткен мәтін ішіндегі кейбір қателер түпнұсқа бойынша түзетіліп, қалпына келтірілген. 2-томға Байтұрсынұлының шәкірті Т.Шонанұлымен бірге жазған «Оқу құралы» енгізілген. «Оқу құралы» 3-бөлімнен («Әдебиет, тұрмыс, еңбек», «Ғылым», «Дүние») тұрады. 3-томға Ахметтің қазақ тілін пән ретінде оқытатын тұңғыш оқулықтары – «Тіл-құралдың» 3-бөлімі, «Баяншы» (1920), «Тіл жұмсар» топтастырылған, «Тіл-құралдың» (1914, 1915, 1925, екі басылымы) мәтіндері, жинаққа енбеген 1922 жылғы екі басылым, 1927 жылғы басылымдардың мәтіндерімен салыстырылып, толық ұсынылған. 4-томға ғалымның әліппелер мен мақалалар жинағы енгізілген. 4-бөлімнен («Әліппелер», «Мақалалар», «Жазу, емле, терминология мәселелері», «Оқу-ағарту мәселелері») тұратын бұл жинаққа Байтұрсынұлының оқу құралы: «Қазақша әліппе» (1912), «Әліп-би» (1926), «Сауат ашқыш» (1926) атты оқулықтары және өзекті мәселелерді көтерген түрлі тақырыптағы мақалалары топтастырыла берілген. 5-томда Ахметтің «Ер Сайын» (1923), «23 жоқтау» (1926) атты ауыз әдеби мұрасы, әр жылдары жазған көсемсөздері, сондай-ақ бұрын еленбей келген еңбектері мен табылған туындылары топтастырылған. 6-том 4-бөлімнен («Мақалалар, эпистолярлық мұралар», «Байтұрсынұлы бастаулары», «Замандастар лебізі», «Тәуелсіздік кезеңіндегі ахметтану») тұрады. Бұл томға Ахметтің жинақтарға енбеген мақалалары, ресми құжаттары, эпистолярлық мұрасы, сондай-ақ ол туралы замандастарының лебізі, есімі ақталғаннан кейін жазылған танымдық және ғыл.-зерт. мақалалары топтастырылған. Әр томның соңында ғыл. түсініктер (1-6 томдар) және қосымшалар (3-6 томдар) берілген.



Ахундов Мирза Фатали (1812-1878), толық аты Мирза Фет Али Мамед Таги оглы Ахундов – әзербайжан ағартушысы, ақын, философ, қоғам қайраткері, Ресей императорлық географиялық қоғамының мүшесі, Әзербайжан драматургиясының және Әзербайжан әдебиетіндегі әдеби сынның негізін қалаушы. 1857 жылы А. араб әліпбиін реформалаудың алғашқы жобасын парсы тілінде жазды, онда араб жазуының кемшіліктерін атап өтті және оларды шешудің жолдарын ұсынды. 1863 жылы Ахундов М. өзінің жобасын қолдатуды мақсат етіп, Константинопольға сапар шекті. Бірақ Ахундов М. жобасын «Анжуман-Даниш» ғылыми қоғамы қабылдамады. Ол Ислам әліпбиінен мүлдем бас тартуды, еуропалық жазу жүйесін қабылдауды және сәйкесінше солдан оңға қарай жазуды ұсынды. Жаңа жобамен жұмыс жасау нәтижесінде Ахундов М. еуропалық жүйеге негізделген және 42 таңбадан тұратын жаңа әліпби жасайды (32 дауыссыз және 10 дауысты әріп). Жаңа жобада ол араб

сөздерде *ы, у* дыбыстары сөз басында дүдәмал естілсе жазылмасын. 8. Есімшенің «тұн» жұрнағы (*баратұн, келетүн*) естілуінше «тін» боп жазылсын. «Үшін», «үркер» сияқты сөздерде *ү, ө, і, е* жазылсын. 9. Демеу жалғауының қосалқы қосымша сөздер (*ғой, ғана, дама, мен*) дыбыстары естілуінше, түбір сөздер сызықша мен айырылып жазылсын (*берді-ғой, рас-қой, шақ-қана, жүрсек-те, алды-ма, келіп-бпе, адам-мен, еп-пен*). 10. Сын есімді күшейтетін үстеу буындар (қап-қара, оп-оңай) естілуінше қосылып жазылсын. 11. «Ау», «ай» одағайлар сөзге тіркелгенде (*япырмау, жанымай*) бірге жазылсын, сөзден бұрын келгенде, бөлек жазылсын (*Ай, Асан*). 12. «Еке» (аға, еке) жұрнағы өзге жұрнақтарша түбірге бірігіп жазылсын (*ағаеке*). 13. Кейбір көмекші етістіктер (*бар, жүр, еді, ген, еді*) етістікпен бірге иә сызықшамен айырылып жазылсын. 14. «Сын», «сың» боп қысқарып айтылатын «соң» сөзге келгенде бірге жазылсын (*барғансоң, онсын*). Бұларды емлеге енгізіліп жатқан өзгерістер ретінде атай келіп, газет оқырмандарының осыған қатысты пікірлерін, өзге де ұсыныстарын сұрайды.

Әә

Ә әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Юникод жүйесінде бұл әріп «шва» деп аталады. Әзербайжан, башқұрт, дүнген, қазақ тілдерінің әліпбиінде Әә әрпінің тұрпаты сол қалпында сақталса, латын әліпбиіне көшкен ғағауыз, қарақалпақ, түркімен сияқты тілдердің әліпбиінде диакритикалық белгілердің негізінде әртүрлі таңбаланған: *Ä, Á*. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуында <Ә> дыбысының мәнін беру үшін дәйекше белгісі қолданылған. Әріптің атауы – ә.

Ә дыбысы – жақтың кең ашылып, тілдің төмен түсуі арқылы жасалады. Тілдің тік қалпына қарай ашық дауысты дыбыс; еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс; тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты. Тілдің тік қалпына қарай – *ашық*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл ортасы* дыбыс. Жасалым белгілері: *ашық, езу, тіл ортасы* дауысты дыбыс. Төл сөздердің бас буынында *ән, әдемі, әрекет* т.б., ал кірме сөздердің келесі буындарында кездеседі: *кү-нә, Кү-лән-дә* т.б.



Әбуов Жұмағали Әбуұлы (1945) – филол. ғыл. докторы, профессор. 1978 ж. «Дауысты дыбыстардың фонетикалық белгілерін қабылдауда тілдің фонологиялық жүйесінің әсері жөнінде (ағылшын, қазақ, орыс тілдерінің экспериментальды фонетикалық зерттеу материалдары негізінде)» деген тақырыпта кандидаттық, 1998 ж. «Түркі сөйлеу тілін қабылдаудың сингармониялық негіздері (теориялық-эксперименттік зерттеу)» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Негізгі еңбектері: «Қазақ тілінің дыбыстық құрамы» (телавтор); «Қазақ мәтінінің фонетикалық жазбасы» (телавтор); «Перцептивті фонетика».

Әзербайжан жазуы – түркі тілдерінің оғыз тобына жататын әзербайжан тілінің жазуы. Әзербайжандар өз елінде латын, Иранда араб және Ресейде кирил графикасын пайдаланады. Әзербайжандар 1922 жылға дейін түркі тілдеріне тән қосымша белгілері бар араб жазуын қолданды. Бұл әліпбидің орфографиялық заңдылықтары қиын болғанымен, 1929 жылға дейін пайдаланылды. Иран әзербайжандары әлі күнге дейін араб графикасын қолданады. XIX ғасырдың ортасында Ә.ж. латын графикасына көшірудің алғашқы жобалары жасалды.

1919 жылы Әзербайжан Демократиялық Республикасының Білім және ғылым министрлігі жанынан жаңа әліпби әзірлеу жөніндегі комиссия құрылды. А.Әфендизаде ұсынған жобалардың бірі мақұлданып, жарияланды: *a, ä, b, c, ç, d, e, ë, f, g, h, i, j, k, l, m, n, ŋ, o, ö, p, q, ɣ, r, s, t, u, v, w, x, y, z, ƶ, '*. Ұзақ талқылаулардан кейін 1922 жылы жаңа латын негізді әліпби бекітіліп, 1925 жылы араб әліпбиімен қатар ресми қолданысқа енгізілді. 1939 жылдан бастап елде кирил графикасына көшу туралы мәселе көтерілді. Көптеген әліпби жобалары талқылана келе, 1939 жылдың қарашасында жаңа Әзербайжан әліпбиі бекітілді. 1947 жылдан бастап бұл әліпбиге көптеген өзгерістер енгізілді. 1991 жылы Ә.ж. қайта латын графикасына көшірілді. Бастапқы нұсқада *ə* таңбасы ä әрпімен берілсе, қазір ə таңбасы мен жазылады. Бүгінгі әзербайжан әліпбиінде 32 таңба бар.

Aa	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Əə	Ff
Gg	Ğğ	Hh	Xx	Iı	İi	Jj	Kk
Qq	Ll	Mm	Nn	Oo	Öö	Pp	Rr
Ss	Şş	Tt	Uu	Üü	Vv	Yy	Zz

Әлем тілдері – дүниежүзіне таралған тілдер. Қазіргі мәлімет бойынша әлемде 7117 тіл бар. Ә.т. тілдік жүйелер бойынша топтарға бөлінеді. Олар: афро-азиялық, нигер-конголық, нил-сахаралық, койсан, үнді-еуропа, кавказ, орал, алтай, дравид, сино-тибеттік, австро-азиялық, австронезиялық, пама-ньюнгиялық, папуас, тай-кадай, америнд, на-дене, эскимос-алеут және жекелеген тілдер. Осылардың ішінде ең ірілері үнді-еуропа, сино-тибеттік, тілдік топтары. Бұл тілдерде шамамен 3,85 млрд адам, яғни әлем халқының 50 пайызға жуығы сөйлейді. Тиісінше, іштей тілдік топтарға бөлінеді. Дүниежүзіне кең таралған 50-ге жуық тілде әлем халқының 70 пайызы сөйлейді. Ең кең таралған тілдер: қытай, үнді, ағылшын, испан, араб тілдері. Ә.т. аймақтар бойынша да бөлінеді. Мысалы, Еуразия тілдері: 21 тілдік топ, 4 жеке тілдер; Африка және Оңтүстік-батыс тілдері: 28 тілдік топ, 10 жеке тілдер; Океан папуас және австро тілдері: 100 тілдік топ, 32 жеке тілдер; Солтүстік Америка тілдері: 42 тілдік топ, 28 жеке тілдер; Оңтүстік Америка тілдері: 55 тілдік топ, 43 жеке тілдер. Африка ең көп тіл шоғырланған құрлық. Онда 2 мыңнан астам тіл бар. Ә.т. генетикалық жағынан ғана емес, сонымен бірге жазу жүйелері бойынша да бөлінеді. Мысалы, араб жазуы, латын әліпбиі, кирил әліпбиі т.с.с.

Қазіргі кезде әлемде ең көп таралған жазу – латын жазуы. Еуропадан бастау алған латын әліпбиі дүниежүзінің барлық құрлығында қолданылады. Жер шарының 36 пайызы осы әліпбиді пайдаланады. Қазіргі кезде әлемде 30 дан астам кең таралған әліпби бар. Олардың ең ірілері: латын, араб, қытай, деванагари, бенгал, кирил әліпбилері. Осылардың ішінде араб және латын әліпбилері халықаралық әліпбилер деңгейінде және оны тұтынушылар көбею үстінде. Шамамен Ә.т. 30 пайызында ғана жазу дәстүрі қалыптасқан. Африка, Азия, Латын Америкасының көптеген халықтарында осы күнге дейін әліпбилері жасалмаған.

Әліп – араб әліпбиіндегі «а» әрпінің қазақша айтылуы. Араб әліпбиіндегі алғашқы әріптің атауы. Араб жазуы пайдаланылған дәуірде қазақ тілінде де Ә – бірінші әріптің аты, бірінші деген мағынада орнықты.

Әліпби – араб әліпбиінің бірінші дыбысы «әліп» (ا) және екінші дыбысы «би» (ب) деген сөздердің тіркесінен шыққан термин. Дүниежүзінде Ә. бірнеше түрі бар: консонантты-вокалдық әліпбилер, консонантты әліпбилер, буын әліпбилері. Жалпы жазудың тарихына жүгінсек, алғашқы жазулар ежелгі Месопатамияда, Қытайда пайда болды. Ал әліпби мәдениетінің тұңғыш тәжірибелері Таяу Шығыспен байланысты. Осы өңірде пайда болған финикий жазуы грек әліпбиінің жасалуына ықпал етті. Осы грек әліпбиі латын, кирил т.б. әліпбилердің пайда болуына негіз болды. Қазіргі кезде қолданыста дүниежүзіне кең таралған елуге жуық әліпби бар. Олардың ішінде латын, араб әліпбилері, қытай жазуы ең көп қолданылады. Сондай-ақ, Үндістандағы деванагари және кирил әліпбилерін жүздеген миллион адам пайдаланады. XX ғасырда көптеген халықтардың әліпбилері жасалды. Оған негізінен саяси оқиғалар себеп болды. Мыс., Британия, Франция, Ресей, Испания, Португалия мемлекеттерінің отаршылдық саясаты Азия, Африка, Латын Америкасының халықтарына латын, кирил әліпбилерін енгізді. Осындай отаршылдық саясаттың салдарынан кейбір халықтардың әліпбилері бірнеше рет ауысты. Мыс., кеңестік кезеңдегі түркі халықтары әліпбилерінің алдымен латын әліпбиіне, кейінірек кирил әліпбиіне көшірілуі. Қазіргі кезеңде жеті мыңнан астам тіл болса, солардың екі мыңдайында ғана әліпби бар. Әлемдегі ең үлкен әліпби 74 таңбадан тұратын кхмер тілінің әліпбиі болса, ең кішкентай әліпби 12 таңбадан тұратын ротокас әліпбиі.


«Әліпби. Жаңа құрал» – оқулық кітап. Авторы – А.Байтұрсынұлы. Қызылорда баспаханасынан 1926 ж. жарық көрген. Бұрынғы «Оқу құралы. Қазақша алифбаға» жалғасты құрал ретінде қайта жазылған. 1926 және 1928 жылғы басылымдар арасында аса көп айырмашылық жоқ. Алғашқы басылым 116 бет, кейінгі басылым 114 бет. 1927 жылғы екінші басылымның түпнұсқасы табылған жоқ. 1928 жылғы оқулықтың ішкі мұқабасында 3-рет басылғандығы айтылады. Ұлттық кітапхананың Сирек қорлар бөліміндегі тіркемеде осы оқулықтың 1924, 1926, 1927 ж. жарық көргендігі туралы картотекалық ақпарат бар.

«Әліпби мен жазу ережелері туралы» – Міржақып Дулатовтың «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылдың 18-қыркүйегінде жарияланған мақаласы. Онда

Орынборда болған білімпаздар съезінде қабылданған қаулыға сәйкес 5-қыркүйекте (мәжіліс протоколы №32) Қазақстан республикасының Кемесерлер кеңесі 10-18-үйінде Орынборда болған білімпаздардың бірінші жиылысы мен 30-июльде оқу кемесериетінің алқасы қазақ әліппесі мен қазақтың жазу ережесіне қолайлаған өзгерту, толықтыруды бекіту туралы қаулы шығарғаны жайында сөз болады. Білімпаздар жиылысының өткеніне үш ай болса да, әлі күнге шейін баспасөз (газет, жорналдар) қаулыларды жүзеге асыруда шабандық қылып отырғанын, ол қаулыны 10-15 адамның пікірі демей, өкімет қаулысы, заң жолымен бекіген, қолдануға міндетті қаулы деп түсіну керектігін ескертеді.

Әліпби тақырыбының қазақ баспасөзінде жазылу мәселелері – Майлықұтова Мәрия Жұмақожақызының 2008 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациясы. Мазмұндық тұрғыдан Алаш зиялыларының әліпби туралы пікірталасы, Тәуелсіз Қазақстанда әліпби мәселесінің қайта көтерілу мәселелері зерттелген. Жұмыста 1993-2007 жылдар аралығындағы әліпби ауыстыруда араб, кирил, көне түркі таңбаларын қолдаушы мақалалар талданған.

Әліпби тарихы – көне дәуірлерден бастап қазіргі заманға дейінгі әртүрлі жазулардың даму эволюциясынан туындаған таңбалардың жүйеленген жазу формасының тарихы. Әліпби өзінің алдындағы таңбалары ұғымды білдіретін пиктографиялық жазудан және таңбалары жекелеген морфеманы немесе сөзді білдіретін логографиялық жазудан таңбаларының жүйеленуі және тілдегі әрбір фонемаға арналған әріптері арқылы ерекшеленеді. Көне патшалық кезінде б.з.д. XXVII ғасырда Египетте 24 дыбыстық иероглифке негізделген жазу болған. Бірақ бұл жазу әліпбиге дейінгі дәуірдің үлгісі. Осындай әліпбиге дейінгі жазу үлгілерінің бірнеше түрі болған. Бірақ олардың реті, жалпы жүйесі әліпбиге жуық болмағандықтан ғылымда оларды тек жазудың түрі ретінде ғана қабылдау қалыптасқан. Әліпби түзу принципін ойлап тапқандар семит халықтары болды. Б.з.д. III ғасырда қазіргі солтүстік Сирия территориясында болған көне Эбла қаласында әліпби сипатына тән реттелген жүйелі жазу түрі жасалды. Бұл жазу жүйесінде таңбалар дауысты дыбыстардың сипатына қарай реттелді. Олар бірдей дауыссыз дыбыстармен жұпталып берілді: *та, ті, ти.* Бұл жүйеде 3 дауысты дыбыс бар: *а, і, и.* Ғалымдардың зерттеуінше, Месопотамия сына жазуының және Египет жазуының дәстүрімен б.з.д. I мыңжылдықтың ортасында, II мыңжылдықта консонтантты-буындық жазудың алғашқы типін жасады. Жазу тарихында әліпбилік принципке сай келетін ең алғашқы жазу үлгісі – финикий әліпбиі болды. Бұл әліпби адамзат мәдениеті мен ілімінің бесігі болған Месопотамияға көршілес Финикия территориясында пайда болды. Финикий әліпбиі консонанттық принципке құрылып, онда негізінен дауыссыз дыбыстар қолданылды. Жазудың бағыты оңнан солға қарай болды. Б.з.д. XV ғасыр шамасында белгілі болған осы әліпби қазіргі көптеген әліпбилерге және жазу жүйелеріне негіз болды.



Осылардың ішінде араб жазуы, грек әліпбиі негізінде қазіргі әлемдік жазулардың басым көпшілігі қалыптасқанын білеміз. Мәселен, араб жазуы арқылы араб тілді халықтармен бірге парсы тілді және түркі тілді халықтардың әліпбилері жасалды. Грек әліпбиінен кирил әліпбиі шықты. Қазіргі кезеңде араб, латын және кирил әліпбилерін дүниежүзі халқының басым көпшілігі қолданады. Жалпы жазу мәдениетінің пайда болуы және әліпбилердің таралуы тарихында діннің маңызы өте зор болды. Мысалы, V ғасырда пайда болған араб жазуы VII ғасырда ислам дінінің шығуына және осы кезден бастап таралуына байланысты әлемге кеңінен жайылды. Араб жазуын иран, түркі, австронезия, үндіари, кавказ, нигер-конго және т.б. тілдер тобындағылар қолданады. Бұл жазудың барлық құрлықта, әртүрлі тілдік топтарда қолданылуы ислам дінінің таралуына тікелей байланысты. Сонымен

бірге ислам дінінің ықпалымен араб жазуын барлық мемлекеттердегі мұсылмандар пайдаланады. Осындай мысалдарды жазумен байланыстырып басқа діндер жөнінде де айтуға болады. Ә.т. XX ғасырдың орны ерекше. Осы ғасырда араб, латын және кирил әліпбилері кеңінен таралды. Әсіресе, латын әліпбиіне ондаған тілдер көшті. Осы әліпби халықаралық қатынастардың ғылым мен техниканың, қазіргі кезеңде экономика мен технологияның негізгі әліпбиіне айналып, халықаралық стандарттар, жүйелер оның таңбаларын қолданады. Ә.т. әр тілдің дыбыстық жүйесіне қарай, яғни халықтың сөйлеу ерекшелігіне орай әліпбилер де әртүрлі болады. Олар: фонетикалық, иероглифтік және буындық. Бұл сол тілдердің өзінің ерекшілігінен қалыптасқан әліпбидің типтері. Олар әртүрлі тарихи кезеңдерде өзгеріп те тұрған. Сондықтан әліпбилердің пайда болуы және олардың таралуының тарихи кезеңдері бар.

Әліпбидегі таңбалардың орналасу реті – белгілі бір жүйеге негізделген әліпбидегі әріптердің тәртібі. Әліпбидің реті тіл білімінде белгілі бір жүйеге негізделеді. Олар: мнемоникалық, фонологиялық және дәстүрлі жүйелер. Мнемоникалық тәртіп бойынша әріптер тұтас атау бойынша, яғни фразалық тұтасқан атауы негізге алынады. Мәселен, әліпбидегі жеке әріптердің атауы *а – аз, б – буки, в – види* және т.б. түрінде айтылып, әріптердің тұтас атауы бойынша реттелген. Мнемоникалық жүйе әліпби тарихымен байланысты қарастырылады. Фонологиялық жүйе бойынша фонемалар өзара оппозициялық белгілері арқылы анықталып, фонологиялық арақатынас моделін құрайды. Фонологиялық тәртіп бойынша дауысты және дауыссыз дыбыстар жеке-жеке жікке бөліне отырып, оппозициялық белгілері бойынша реттеледі. Әріптердің дәстүрлі реттілігі әрбір дыбыстық бөлшектің микроэлементін негізге алады. Әр әліпби жүйелерінің (латын, араб, кирил әліпбилері) өзіндік қалыптасқан дәстүрлі реттелігі бар. Дәстүрлі реттілік ұлт тілінің тілдік заңдылығына (фонетика-фонологиялық) немесе әріптерді меңгерту әдістемесіне, оның қолданылу жиілігіне байланысты шешіледі. Түркітілдес халықтар қолданып отырған әліпбилерде классикалық латынның реттілігі сақталған.

Әліппе – сауат ашу оқулығы. Қазақстанда 19-20 ғасырларда оқу-ағарту саласының 2 түрлі бағытта болуына байланысты әліппелер де араб және кирил әріптерімен жазылды. А.Байтұрсынұлының «Оқу құралы» мен «Жаңа Әліпби» оқулықтары қазақ балаларына арналған Ә. жасаудың озық үлгісі болды. Осының нәтижесінде 1927 жылы Т.Шонанов пен М.Жолдыбаевтың «Жаңа арна», Т.Шонановтың 1929 жылы «Жаңалық» деген әліппелері жарық көрді. Кейіннен С.Кеңесбаевтың 1930 жылдың басында орыс мектептеріндегі «Букварь» негізіндегі «Әліппе» оқулығы шықты. Бұл оқулық 20 жылға жуық бірнеше ұрпақтың сауатын ашты. 1952-1963 жылдары С.Кеңесбаев, Н.Миршанов, Ә.Байділдин, Ғ.Бегалиев құрастыруымен жаңа Ә. басылым көрді. 1964 жылы М.Төрежанов пен З.Әйтенованың Ә. ұсынылды. 1967 жылы Ә. З.Төрежанова, М.Төрежанова,

М.Жұбанованың авторлығымен қайта жазылды. 1984 жылы Ш.Әуелбаевтың авторлығындағы жаңа Ә. қолданысқа енгізілді. Ал 1986 ж. авторлар құрамы толықтырылған (Ш.Әуелбаев, М.Жұбанова, М.Төржанова, З.Әйтенова) жаңа әліпби шықты. 1990 жылы Білім министрлігінің бекітуімен М.Жұбанованың «Әліппе» оқулығы оқу бағдарламасына енгізілді. Бұл Ә. 1992-1993 оқу жылынан бастап қолданылды. 1997 жылы Ш.Әуелбаев, Ә.Наурызбаева Р.Қазқұттынова, А.Құлжанова авторлығымен жаңа әліппе жарық көрді.

Әміржанова Назира Серікқызы (1981) – тілтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. 2010 жылы «Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 ж.)» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. Зерттеу жұмысында 1929-40 жылдардағы латын графикасындағы жазудың негізгі категориялары – әліпби, графика, және орфография т.б. мәселелер қарастырылған. Қазақ жазуы тарихындағы латын әліпбиінің қолдану тәжірибелерін саралап, орфографиялық ережелеріне талдау жасаған. Негізгі еңбектері жазу теориясы, орфография, әліпби, мәселелері бойынша жазылған.

Әріп – дыбыстардың көрнекі таңбасы: *Аа, Әә, Бб, Дд, Ее* т.б. Әріптер көрнекі таңба болғандықтан, олардың мәнерлі үлгілері де көп болады. Әріптерді мәнерлеп түсіретін арнайы маман-шебері болады. Бас Ә. – сөйлемнің немесе жалқы есімнің басында жазылатын әріптің үлкен түрі; баспа Ә. – полиграфиялық таңба; жазба Ә. – дыбыстың қолдан жазылған таңбасы; жай Ә. – сөйлем ішіндегі дыбыстардың таңбалары; қою Ә. – дыбыстың бояуы қанық түскен таңбасы; сұйық Ә. – дыбыстың бояуы сұрғылт түскен таңбасы т.б.

Әріптерге арналған ескерткіштер – мәдени және тарихи себептермен әріптердің немесе әліпбилердің құрметіне арналған сәулеттік ескерткіштер. Олар негізінен үш түрлі болып келеді. Бұрыннан бар жазба ескерткіштердің көшірмесі, әріптерге және тұтас әліпбиге арналған ескерткіштер. Алғашқы топқа, мысалы, Астана қаласындағы Еуразия ұлттық университетіндегі Күлтегін жазуының көшірмесі жатса, жеке әріптерге қойылған ескерткіштердің қатарына Ресейдегі «А», «О», «Ы», «Ъ», «Ё», Украинадағы «Ї», Белорусиядағы «У» және т.б. ескерткіштерді атауға болады. Әліпбиге ескерткіштер Арменияда, Чехияда т.б. бар.

Әріптер тарихы – адамзат баласының қолданысындағы әліпбилер құрамындағы әріптердің де пайда болу, қолдану және қолданыстан шығу тарихы. Мысалы, орыс тілі әліпбиіндегі ең жас әріп 1942 жылы ресми түрде енгізілген **ё** әрпі болса, сол **ё** әрпі ең аз ғұмыр кешкен әріп те болып есептеледі. Қолданыстан толық шығып кетпей жатып оған Ульяновск қаласында 2009 жылы құлпытас қойылды (*қараңыз:* Әріптерге қойылған ескерткіштер). Оған 2004 жылы шыққан «Орыс тілінің үлкен академиялық сөздігінен» *ё әрпіне арнайы орын берілмегендігі, ё-дан басталатын санаулы сөздердің е әрпімен келетін сөздердің арасына еніп кеткені себеп болды.*

Әуез – интонация компоненттерінің бірі. Әуез адамның түрлі көңіл-күйін, эмоцияны білдіруші негізгі құрал қатарына жатады. Бұл компонент негізінде

адамның қуанышы, реніші, мысқылы, ирониясы, шаттануы секілді т.б. сезімдері айқын көрінеді. Әуез – сөйлемнің эмоциялық мазмұнын беруші компонент. Зерттеушілер әуезді дауыс қоюлығы, дауыстың бояуы ретінде қарайды. Эмоцияға бай дыбысталған сөз қою әрі айқын бояулармен беріледі. Сөз неғұрлым бейтараптыққа жақын болса, оның бояуы да соғұрлым солғын болады. Сөз ағымындағы сөздердің эмоциясы біреуінде солғын болса, екіншісінде айқын көрініс табады.

Әуен – интонацияның негізгі компоненттерінің бірі. Ә. – әннің, өленнің сазы, ол дауыс толқынының тербілісі. Ә. тілде ерекше рөл атқарады. Әр тілдің сөз ағымындағы синтагмаларын ажыратуда әуеннің қызметі ерекше. Зерттеушілер Ә. сөйлемде атқаратын негізгі төрт қызметін атап көрсетеді: 1) сөйлеу тілінің ағысын бөлшектерге мүшелеп жіктейді әрі оның басын қосады; 2) сөйлемдердің коммуникативтік түрлерін анықтайды; 3) лексикалық және грамматикалық тәсілдермен қосылып, сөйлемдердің жалпы мағынасын беруге, оның стильдік қызметін анықтауға қатысады; 4) сөз тізбектерінің синтагмалық акценттелуімен қосылып, сөйлемнің логикалық және эмоциялық мазмұнын жеткізеді. Ә. интонацияның маңызды компоненттерінің қатарына жатады. Бірақ Ә. өз қызметін басқа компоненттермен бірлесе атқарады. Ә. негізгі тон жиілігіне де байланысты болады.

Бб

Б әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Б әрпінің пішіні гректің (β) бета деп аталатын таңбасынан шыққан. Кирил графикалы әліпбилерде <б> фонемасы Бб әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Bb әрпімен таңбаланған. Классикалық латын әліпбиінің құрамында б.з.д. VII ғасырдан бастап бар. Әріптің атауы – бы.

Б дыбысы – қос ерін арқылы жасалады, жасалу орнына қарай *ерін-ерінді* дауыссыз дыбыс; қос еріннің (астыңғы және үстіңгі) тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, ұяң дауыссыз дыбыс. «Б» дауыссыз дыбысы қазақ тілінің төл сөздерінің басы мен ортасында ғана кездеседі *бал, бөрік, баба* т.б., сөз соңында кездеспейді.



Бсызықтықжазуы–критжазуының А сызықтық жазуынан кейінгі түрі (б.з.д. XV-XII ғ.). Микена мәдениеті дәуірінде ежелгі грек тіліндегі мәтіндерді жазу үшін қолданылған. Жазба ескерткіштері Критте, Микена Грекиясының ең ірі қалалары – Микен, Пилос, Тиринфа, Коринфа, Закинфа және т.б. жерлерінен де табылған. Б.с.ж. балшықтан жасалған тақтайшаларға жазылған. Сонымен қатар кейбір жазулар теріге немесе папирусқа жазылған деген болжам бар. Микен өркениеті құлағаннан кейін бұл жазу қолданыстан шықты.

Базалық латын әліпбиі – қазіргі 26 әріптен тұратын латын әліпбиі. Ол 6 дауысты, 20 дауыссыз дыбысты таңбалайды. Бұл стандартты 26 әріптік әліпби стандарттау жөніндегі халықаралық ұйым (ISO) «Базалық латын алфавиті» ретінде бекіткен. Ол қазіргі ағылшын әліпбиіне толық сәйкес және көптеген роман, герман және басқа тілдер жазуларының негізі болды. Қазір Б.л.ә. «де-факто» «халықаралық қатынастың әліпбиі» болып саналады. Бірнеше рет барлық тілдің жазуларын Б.л.ә. көшіру идеясы ұсынылды. Бірақ кейбір тілде дыбыстар саны Б.л.ә көп болғандықтан, олардың фонетикалық жүйелеріне сәйкес кейбір латын әріптерінің мәнін өзгерту қажеттілігі туындаған.

Aa Bb Cc Dd Ee Ff Gg Hh

Ii Jj Kk Ll Mm Nn Oo Pp

Qq Rr Ss Tt Uu Vv Ww Xx

Yy Zz



Базарбаева Зейнеп Мүсілімқызы (1952) – тілтанушы ғалым, филология ғылымдарының докторы, профессор, ҚР ҰҒА академигі. Б. «Интонация вводных единиц в языках различного типа (на материале французского, казахского и русского языков)» атты кандидаттық диссертация (1983), «Қазақ тілінің интонациялық жүйесі» атты докторлық диссертация (1997) қорғаған. Ол – салғастырмалы-типологиялық, жалпы тіл білімі және түркі тіл білімі салалары бойынша жетекші ғалымдардың бірі. Мәскеудің алдыңғы қатарлы жоғарғы оқу орындарында дәріс алып, түркітанудағы жаңа бағыттар – интонология мен фонология салаларын зерттеп, осы ғылыми ілімдерінің негіздерін қалыптастырған еңбектер жариялаған.



Байтұрсынұлы Ахмет (1872-1937) – қазақ тіл білімі мен әдебиеттануының негізін қалаған ғалым, түркітанушы, жазу реформаторы, ұлттық әліпбидің авторы, педагог, публицист, Алаш қозғалысының көсемі. Б. қазақ тарихында тұңғыш рет ұлттық жазудың жүйесін қалыптастырды. Араб жазуын қазақ тілінің табиғатына лайықтап, ұлттық әліпбиді жасады. Соның негізінде тіліміздің дыбыстық табиғаты жүйеленді. Б. өз қолымен жазған өмірбаянында: «...Орынборға келгеннен кейін, ең алдымен, қазақ тілінің дыбыстық жүйесі мен грамматикалық құрылысын зерттеуге кірістім; одан кейін қазақ әліпбиі мен емлесін ретке салып, жеңілдету жолында жұмыс істедім, үшіншіден, қазақтың жазба тілін бөтен тілдерден келген қажетсіз сөздерден арылтуға, синтаксистік

құрылысын өзге тілдердің жат әсерінен тазартуға әрекеттендім; төртіншіден, қазақ прозасын жасанды кітаби сипаттан арылтып, халықтық сөйлеу тәжірибесіне ыңғайластыру үшін ғылыми терминдерді қалыптастырумен айналыстым», – деп жазады. Б. қазақ тілін мектепте пән ретінде үйрететін тұңғыш оқулықтар жазды. 1914-1929 жылдар аралығында жарық көрген «Дыбыс жүйесі мен түрлері» (фонетика), «Сөз жүйесі мен түрлері» (морфология), «Сөйлем жүйесі мен түрлері» (синтаксис) атты үш бөлімнен тұратын «Тіл-құрал» деген оқулықтары арқылы қазақ тіл білімінің негізін қалап, төл терминдерді қалыптастырды. Осы уақытқа дейін қолданылып келе жатқан *дыбыс, дауысты, дауыссыз, зат есім, сын есім, үстеу, бастауыш, баяндауыш, анықтауыш, толықтауыш, пысықтауыш, сөз, сөйлем* т.с.с. атаулардың бәрін Б. ойлап тауып, ғылыми айналымға енгізді. «Тіл-құралдағы» тілдік категорияларды ұғындыру мақсатында енгізілген «сынау», «дағдыландыру» айдарымен берілген тапсырмалар мен жаттығулар заманауи әдістеме ғылымы үшін өте маңызды. Сонымен қатар қазақ тілі мен әдістемесіне қатысты «Баяншы», «Тіл жұмсар», «Сауат ашқыш» атты еңбектер, «Оқу құралдарын» құрастырды. Бүгінде тіл білімінде инновациялық парадигмалар ретінде танылып жүрген когнитивті лингвистика, лингвомәдениеттену, функционалды лингвистика, коммуникативті синтаксис т.с.с. жаңа салалар бастауын Б. еңбектерінен алады. Ғалым зерттеулерінде тіл мен сана, тілдік сана, тіл мен таным, ұғым, концептуалдау және категориялау, функционалды-семантикалық категория, өріс, семантикалық инвариант, ұғымдық категория т.с.с. мәселелер жан-жақты сөз болған. Ғалым бұл салада қазіргі кезде қолданылып жүрген атауларды қолданбағанымен, негізгі ұстанымдарын, өзіндік ерекшеліктерін терең түсінген. Ғалым сол уақытқа дейін қолданылып келген араб жазуын жетілдіріп, қазақ тіліне бейімдеді. Сөйтіп, ұлттық әліпби түзді. Қазақтың мәдени дүниесінде мың жылдық дәстүрі болғандықтан әрі түркі халықтарының бәрі сол жазуды пайдаланып отырғандықтан қазақ жазуына араб таңбаларын негіз етіп алған ғалым әліпбиге түбегейлі реформа жасайды. Араб әліпбиіндегі қазақ тілінде жоқ, басы артық таңбаларды әліпбиден шығарып, қазақ тілінде ғана кездесетін, араб әліпбиінде жоқ дыбыстарға (ә, о, ө, ұ, ү, ы, і) таңбалар ойлап табады, дыбыстардың айтылуы мен әріп ретінде таңбалануы ұқсас болуына мән береді (а-ә, о-ө, ұ-ү, ы-і, б-п, г-к, ш-с), қазақ тіліндегі үндесім (жуан-жіңішке үндесу) заңына сәйкес дәйекшені ойлап табады. Бұл әліпбиді Б. «қазақ жазуы» деп атаса, Е.Д.Поливанов, Н.Яковлев сияқты ғалымдар «Байтұрсынов жазуы» деп атаған. Қазақ тарихында орасан зор мәдени жетістік болған бұл әліпби қазақ оқығандары тарапынан ерекше қолдау тапты. Б. араб жазуындағы әліпбидің қажеттілігін, құндылығын ғылыми тұрғыдан жан-жақты дәйектеп, бірнеше мақала жазды, 1926 жылы Бакуде өткен Түркологиялық съезде, 1927 жылы Ташкентте өткен әліпби айтысында баяндамалар жасады. Ғалымның әліпбиі мен оқулықтарын татар, қырғыз т.с.с. түркі халықтарының ғалымдары да басшылыққа алып, өз оқулықтарын құрастырып, әліпбилерін түзді. Мыс., араб әрпінің негізінде қырғыз әліппесін құрастырған Қ.Тыныстанов, И.Арабаев сынды ғалымдар Б. лингвистикалық ілімін басшылыққа алған. Сол сияқты әліпбиге өзгеріс енгізуде татар ғалымдары Б. еңбектерін негізге алған. Б. тілтану саласындағы еңбектері ұлттық тіл білімінің қалыптасуына айрықша ықпал етті.

«Байтұрсынұлы Ахметтің араб әліпбиін жақтаған баяндамасы» – 1927 жылдың 28-29 сәуірінде Ташкенттегі Орта Азиялық коммунистер университетінің залында қазақ оқушылары мен қызметкерлерінің жиылысында жасаған баяндамасы. Жиылысқа 200-ден аса адам жиналған. Ғалымның баяндамасы «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 17, 19-маусымдағы сандарында жарық көріп, кейін «Әліппе айтысы» деген атпен жарияланған жинақта басылады (16-29-беттер). А.Байтұрсынұлы әліпби таңдауды ғылыми тұрғыдан негіздейді. Ғалым «Әліпби деген – тілдің негізгі дыбыстарына арналған таңбалардың жұмағы. Неғұрлым тіл дыбыстарына мол жетсе, арнаған дыбысқа дәл келсе, оқуға, жазуға жеңіл болса, үйретуге оңай болса, заманындағы өнер құралдарына орнатуға қолайлы болса, соғұрлым әліпби жақсы болмақ», – дей келіп, әліппенің қайсысы дұрыс болатынын тексеруде мынадай негіздерге (критерий) сүйенеді: 1. Тіл дыбысына жеткілікті-жеткіліксіздігі қанша? 2. Қайсысымен басылған я жазылған сөз оңай оқылады? 3. Қайсысымен жазу, жазылғанды оқу жеңіл? 4. Қайсысы баспаға қолайлы? 5. Үйретуге (сауат ашуға) қайсысы оңтайлы? 6. Көркемдік пен көзге жайлылық жағынан қайсысы артық? Сұрақтарға нақты дәйек келтіре отырып, А.Байтұрсынұлы латын әрпінің керексіздігін толық дәлелдейді. А.Байтұрсынұлы араб әліпбиі мен латын әліпбиін салыстыра келіп, мынандай қорытындыға келеді: 1. Араб әрпі латын әрпінен жазуға, оқуға оңай онысын сауатты адамдардың күндегі ісінің жүзінде көп пайдалы болып шығады. 2. Сауат ашу жүзінде араб әрпінің қолайлысы латын әрпінен артық. 2. Баспа ісі араб әрпінің ескісі латын әрпінен төмен, жаңасы артық. 3. Машиналарға орнатуға араб әрпінің жаңасы латындікінен анағұрлым артық, ескісі де орнатуға келетінін іс көрсетіп отыр. 4. Араб әліпбиінің әрпі қазақ тілінің дыбыстарына толық, жеткілікті, қандай емле жасауына да келеді. Қазақ емлесі өте оңай, бұқараға қолайлы емле. Сөйтіп, ғалым әріп алмастыру мәселесін дәріптеп көтеруге орын жоқтығын көрсетіп: «Бұл сияқты мәселені көтеріп, уақытын шығын қылып жүргендер болса, оны еріккен адамдардың ермегі есебіндегі құр қиял деп білеміз. Әліп-би түзеу, емле түзеу жағынан соңғы кезде істелген істер жемісті болып, бұ жағынан біз Европа, Америка жұрттарының алдында тұрмыз. Әріпті өнер құралдарына икемдеу жағынан да олардан асыратынымызға көз жетіп отыр. Солай болған соң аз күшімізді алға шыққан жақтағы керексіз іске салғанша, басқадан кейін тұрған жағымызға жұмсауымыз жөн емес пе деймін» деген қорытынды жасайды.

Байтұрсынұлы Ахмет әліпбиі – XX ғасыр басында араб жазуын қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне лайықталып жасалған қазақ әліпбиі. Оны «Төте жазу» деп те атайды. Араб жазуын не үшін реформалағанын А.Байтұрсынұлының өзі былайша түсіндіреді: «Әр жұрттың түрінде, тұтынған жолында, мінезінде қандай басқалық болса, тілінде һәм сондай басқалық болады. Әр жұрт баласын әуелі өз тілінде оқытып, өз тілінде жазу-сызу үйретіп, өз тілінің жүйесін білдіріп, жолын танытып, балалар әбден дағдыланғаннан кейін басқаша оқыта бастайды». Яғни бала түркі халқына ортақ жазу жүйесімен емес, өзінің ұлттық тіліне сай жазып, оқуы керек деген ұстанымды жүзеге асыру үшін әліпбиді өзгерту керек деді. Б.А.ә. ежелеусіз төте оқуды қалыптастырғандықтан «төте жазу» деп аталды. А.Байтұрсынұлы түзген әліпби жүйесінде әріптің саны 24, өзі көрсеткендей

«бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты». Дауысты дыбыстар: а, о, ұ, ы, е. Дауыссыз дыбыстар: б, п, т, ж, ш, д, р, з, с, ғ, қ, к, г, ң, л, м, н. Жарты дауысты дыбыстар: шолақ у, һәм шолақ й. А.Байтұрсынұлы ұсынған әліпбидегі әріптердің он сегізі араб таңбалары, үшеуі парсы таңбасы, екеуі түркі таңбасы, біреуі өзі өзгерткен әріп ұ. Ғалымның негізгі жетістігі араб тіліндегі аз дауыстылар таңбасын қазақ тілінің үндестік заңымен байланыстыра отырып әліпби құруында. А.Байтұрсынұлы дауыстылар таңбасын беруде қадим, жадид жазуынан бері қарай қолданылып келе жатқан 4 әріпті орнында қалдырған да ұ дыбысы үшін ғана уау (و) таңбасына өзгеріс енгізген. Дауыстылар таңбасы аз деп есептелетін араб әліпбиін еш қиындықсыз төл тілімізге икемдегені орасан зор жетістік. Сонымен қатар, араб әліпби жүйесіндегі басы артық он үш таңбаны әліпби құрамынан шығарып тастауы ешбір түркі халықтарында болған емес деп айтуға болады. Бұл ғалымның қазақ тілінің дыбыстық жүйесін жете меңгергендігімен байланысты. Б.А.ә. жүйесіндегі дауыстылардың берілуін қадим, жадид жазуларындағы дауыстылар таңбасымен салыстырып қарасақ, ғалымның дәстүрлі жазу нормасынан ауытқымай, халық санасындағы психобейнесі қалыптасып қалған әріптерді өз орнында қалдырғанын көреміз. Қадим жазуының басты ерекшелігі болып табылатын харакаттардың қолданылуы А.Байтұрсынұлы жүйесінде тек ы, і дауыстыларында берілген, оның өзінде сөздің мағынасына нұқсан келмейтін болса ғана. Қазақ тілінің жазу тарихында әліпбидің орны ерекше. Оның ғылыми принциптері қазіргі кезде де әліпби түзу мәселесінде басшылыққа алынады. Бұл әліпбиді қазірге дейін Қытайда, Ауғанстанда және т.б. мемлекеттерде тұратын қазақ диаспоралары қолданады.

ا	و	وٗ	ى	ه	ب	پ	ت
ج	چ	د	ر	ز	س	غ	ق
ك	گ	ک	ل	م	ن	ۋ	ي

Байхуа – қазіргі қытай тіліндегі ауызекі сөйлеу негізінде қалыптасқан жазбаша стандарт. Б. термині XX ғасырдың басынан қолданылып келеді. Оған дейін Қытайдың аймақтық лексикасы болып есептелген. Б. ауызекі сөйлеу жүйесіне бағынғанымен, бүгінгі қытай тілінің лексикалық және грамматикалық негізін құрайды. Б. 1000 жылға жуық вэньянь жазба әдеби тілімен қатар өмір сүрген. Б. жазба тілдің нормасы болса, ауызекі сөйлеу тілінің нормасы путунхуа деп аталады.

«Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы» – Қ.Сартқожаұлының 2008 жылы филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындаған диссертациялық жұмысы. Еңбек байырғы түрік мәтіндері мен әліпбилерінің зерттелуі, ежелгі көшпелілердің жазу

мәдениеті және реформадан кейінгі түрік әліпби нұсқалары, ескерткіштер тілінің фонологиялық жүйесі мәселелерін қамтиды. Соның ішінде Орхон, Шығыс Түркістан, Енисей және Талас әліпбилерінің құрамына, ерекшеліктеріне тоқталып, жазу-сызудың бастау көздері ретінде ежелгі дәуірдегі пиктограммалар, логограммалар, силлобограммалар ұсынылды. Түрік бітіг жазуының фонетикасын анықтайтын жазудың кескін-таңбалары мен байырғы түрік жазба тілінің фонологиялық жүйесі зерттелді.

Бакуде өткен түркологтардың бүкілодақтық I сиезі. 1926 жылдың 26-ақпаны мен 6-наурыз күні аралығында Бакуде түркологтардың бүкілодақтық I сиезі шақырылады. Бұл жиынға түркі халықтарының түгелге жуық ғалымдары, саясаткерлері қатысқан. Сиез делегаттарының жалпы саны 131, олардың 93-і түркі халықтары өкілдері, қалған 38-і басқа елдердің өкілдері. Мұнда түркі халықтарының тарихына, тіліне, этногенезіне, этнографиясына байланысты 38 баяндама тыңдалды. Сиезде бүкіл жер жүзіндегі түркі халықтарының бірыңғай жазуы талқыланды. Түркі тілінің келелі 7 мәселесі ретінде мына тақырыптарға назар аударылды: 1. Әліппе мәселесі; 2. Емле-орфография мәселесі; 3.Термин мәселесі; 4. Әдістемелік мәселелер; 5. Туыстас және көршілес тілдердің салыстырмалы зерттелуі және интерференциялық мәселелер; 6. Түркі тілдерінің әдеби тілі мәселелері, түркі тілдеріне ортақ бір әліппе таңдау мәселесі; 7. «Ұлы тіл (Жалпытүркілік) теориясы» мен түркі тілдерінің тарихына қатысты мәселелер. Қазақ делегациясын А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Ә.Бей-Сейдуали, Б.Сүлеев пен Н.Төреқұлов бастап барған. А.Байтұрсынұлы сиезде «Қазақ терминологиясының принциптері» атты баяндама жасады. Жұмыс барысында «Әліппе және графика жүйесін бірізге түсіру мәселесі туралы» деп аталатын тезисін де қосты. Жиында сөз сөйлеген Н.Төреқұлов латын графикасына көшу туралы ұсыныс айтқан. Атақты ғалым-түркологтардан бастап, әртүрлі шендегі шенеуніктер де бұл жиыннан шет қалмаған: танымал түркітанушы Әли Бей Хүсейінзаде, атақты теорик-ғалым Н.Марр, Кеңес идеологы А.В.Луначарский сияқты танымал кісілер Президиум мүшелері болып сайланады. Құрылтайды Исмаил Бей Гаспыралы мен Василий Васильевич Радловтың (Fridrix Vilhelm) құрметіне атау шешімі қабылданады. Сиезге құрметті қонақ ретінде атақты шығыстанушы ғалымдар мен түркітанушылар қатысады: Ф.Көпрүлүзаде, А.Крымский, Н.Поппен, Л.Лигетин, Н.Ашмарин, сондай-ақ Т.Мензел (неміс), В.Рабедолд (неміс), И.Мессарош (венгр), И.Омаров (қазақ), Х.Ошайев (чешен), Зифельт-Симумиаки (эстон), М.П.Павлович (еврей), М.П.Петров (чуваш), Ш.Рахимин (өзбек), И.Сабрин (өзбек), Қ.Құбайдуллин және Қ.Е.Садин (татар), Х.Хосайев (өзбек), Ә.Жаныбаев (ноғай), Б.Сулеев (қазақ), Ш.Манатов (башқұрт), М.Надим (Қырым татары), Н.Катанов (хакас), Д.Коркмазов (құмық), Х.Косыев (қалмақ), З.Малсатов (ингуш), В.Томашевский (орыс).

«Бақыу сиезінің латын әрпі туралы қаулысы» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 164 (601)-санында жарияланған мақаласы. Автордың бұл шағын мақаласында 1926 жылғы Баку қаласында өткен жалпытүркілік жиынға қатысты наразылық пікірі баяндалады: «Бақыу шәрінде болған жалпы түрік сійезі

латын әрпін қабыл алды, араб әрпі іске аспайтұнын білім иесі ыспаттап берді – деп мұндағы дүмше латыншыларымыз лепіртіп жүр. Істің анығына қаныу үшін сиездің қаулысы емес, сол сійезде айтылған дәлелдерді тексеру керек» дей келе: «...сиезді шақырғандағы мақсатының өзі де латынды қабылдау үшін болған, сондықтан сиез мүшелерінің дені латыншыл болғаны кереметпен емес, амалсыздан болған» деп ой түйеді. «Б.с.л.ә.т.қ.» мақаласы осы уақытқа дейін араб жазуынан қазіргі қолданыстағы жазуға түсіріліп, «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы: Қазығұрт, 2013), «Е.Омарұлы шығармалары» (Астана: Фолиант, 2017) жинақтарында, Е.Омарұлының 3 томдық шығармалар жинағының 1-томында (Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018) жарияланды.



Балақаев Мәулен (1907 – 1995) – қазақ тілтанушысы, филол. ғыл. док., профессор, Қазақстан ҒА корреспондент мүшесі. Б. ғылыми-зерттеу еңбектері қазақ тілі ғылымының грамматика, емле, терминология, тіл мәдениеті, стилистика сияқты өзекті мәселелеріне арналған. Екі томдық «Орыс-қазақ сөздігінің», «Орфографиялық сөздіктің» авторлары мен редакторларының бірі. Б. 1948 жылы шыққан «Орфографиялық сөздігі» кейінгі жылдары түзілген үлкен емле-сөздіктеріне негіз болды. Ал 1952 жылы шыққан «Қазақ орфографиясы мен графика мәселелері» деген еңбегі осы саладағы ой-пікірлерге бастамашы болды. 1938 жылы ресми органдардың қаулысымен «Қазақ тілінің емле ережелері» жарияланды. Ал 1963 жылғы орфографиялық сөздік пен 1973 жылғы сөздіктердің бірінде кейбір сөздер бірге жазылса, бірінде бөлек жазылды. Сол сияқты 1957 жылғы ережелер мен 1983 жылғы сол ережелерге енгізілген түзетулерде де алақұлалық кездесіп жатты. Сондықтан орфографиялық ережелерде біріккен сөздердің жазылуын құбылта бермегенді жөн көріп, Б.: «Сөздердің айтылуы мен жазылуы нұсқаларында мүмкіндігінде жақындық үйлесім болуға тиіс», – дейді. Тілдегі сөздердің қате жазылуына қатысты Б. мұндай қайшылықтардың себебін біз біріккен сөздерді емес, олардың ережелерін құбылта береміз деп түсіндірді.

Балауыз тақтайшалар – араның балауызынан жасалған, жазуға арналған тақтайшалар. Балауыз – араның балауыз безінен бөлінетін зат. Б.т. – жіппен байлап, қабаттап-қабаттап қойған жұқа тақтайшалар. Әрбір тақтайшалар қоңырқай немесе қара балауыз толтырған табақшаларға ұқсаған. Жоғары температурада жұмсара бастаған. «Еріп кететін дәптерге» жазудың өзі қиын болған.

«Балдырған» – әліппе-оқулық. Б.ә.о. авторы – Д.Ысқақов. Латын әліппесіне көшу үдерісі жаңа әліппелердің шығуына себеп болды. Б.ә.о. Өзбекстандағы қазақ балаларына арналған. Б.ә.о. Самарқанд, Ташкент қалаларында «Өзбекстан мемлекет» баспасында басылып шықты. Д.Ысқақов әліппе-оқулығының «Жазушыдан» деп берілген алғысөзінде К.Д.Ушинский ұстанымдарына сәйкес келетін бес түрлі талап көрсетілген.

Бали жазу жүйесі (бали. «*Aksara Bali*») – Индонезияның Бали аралында қолданылған жазу түрі. Оның көп бөлігі латын әліпбиімен ауыстырылған. Жазу түрі осы уақытқа дейін қолданылғанымен, оны игерген адам аса көп емес. Бұл

жазу діни жазбаларда қолданылады. Әліпбиде 47 әріп бар. Дауыссыз дыбыстардың 18-і ғана бали тілінде жазуға арналған. қалғаны кави және санскрит тілінен кірген кірме сөздерді жазу үшін қолданылады. Жазу бағыты: көлбеу, солдан оңға қарай. Сөздердің арасында аралық жоқ. Бали жазуы Юникодқа 5.0 нұсқасымен 2006 жылдың шілдесінде енгізілді.

Бамум жазуы (а-ка-у-ку) – XIX ғасырда бамум тілінде жазу үшін Нджойя сұлтан (Бамум сұлтанаты, қазіргі Камерун) құрастырған жазу. Б.ж. Нджойя бірнеше рет реформалаған. Алғашқы нұсқасы тек идеографиялық болған, ал соңғы 6-нұсқасы – буындық. Алғашында таңбалар сурет түрінде, кейін біртіндеп ребус принципімен қолданыла бастаған. Жазуды реформалау ісі таңбалар санын қысқарту мақсатында жүргізілген, алайда автор кейбір маңызды элементтерді толық ескермеген: мысалы, Б.ж. тілі тондық (тоналды) тілге жататындықтан, жазуда омографтар саны артып кеткен. Қазіргі уақытта жазуды меңгергендер саны өте аз. Сұлтанның бұрынғы ескі сарайында осыған арналған мұражай мен жазу класы қойылған.

Банан тілдері – көне Месопатамия кезеңінде Тигр өзенінің бойында болған тіл. Бұл прототіл гипотезалық болжам бойынша И.Гельб, И.М.Дьяконов, С.Н. Крамер т.б. еңбектерінде айтылады. Оған байланысты кейбір көне мәтіндер сақталған. Б.т. ұқсас ерекшеліктер миной және баск тілдерінде кездеседі. Бұл тілдің кезеңі және сипаты хассун, самарра мәдениеттерімен байланыстырылады.



Бартольд Василий Владимирович (1869-1930) – орыс шығыстанушы, түрколог, исламтанушы, тарихшы, архивист, Санкт-Петербург ҒА академигі (1913). Зерттеу нысаны – Орталық Азия елдері мен Қазақстан халықтарының тарихы, Шығыс және Батыс мәдениетінің өзара байланысы, ислам тарихы. Соғды, тохар, түркі, эфталитет халқының тілі мен жазуын зерттеген. Санкт-Петербург университетінің Шығыс тілдері факультетінде оқып, араб, парсы, түрік тілдерін терең меңгерген. IX томдық шығармалар жинағының V томы «Түркі және монғол халықтарының тарихы мен филологиясы бойынша еңбектер» деп аталады. Онда географиялық және топографикалық атаулардың көрсеткіші (724), этникалық атаулардың көрсеткіші (739), терминдер көрсеткіші (747) берілді. Тіл мәселесін зерттеген ғылыми еңбектері: «Түркі және монғол халықтарының филологиясы», «Соғды, тохар тілдерінің мәселесіне», «Орхон жазуы туралы жаңа зерттеулер», «Көне түркі жазуының тарихи маңызы».

Бас әріптің емлесі – бас әріптің қолданылуына байланысты емле ережелері. Қазақ жазуында әріптер графикалық дизайнымен ерекшеленеді: кейбіреулері үлкен, басқалары кішкентай немесе кіші. Үлкен әріптер көбінесе бас әріптер деп аталады. Олар тақырыптарды, сөйлемдерді бастайды, яғни оның басталуын білдіреді. Б.ә.е. – бас әріптердің қашан не үшін қолданылатынын түсіндіретін емлелік ережелер жиынтығы. Қазақ тілінің «Орфографиялық сөздігінде» бас әріптің қолданылуына қатысты бірнеше параграфтан тұратын ережелер берілген. Бас әріптің қолданылу жағдайлары: сөйлем соңына қойылатын нүкте, көп нүкте, сұрау белгісі және леп

белгісінен кейін, қаратпа сөздер мен одағайлардан және жоқ, иә деген сөздерден соң қойылған леп белгісінен кейін келген сөйлемнің бірінші сөзі бас әріппен жазылады; төл сөздер мен цитаттар бас әріптен басталып жазылады, сондай-ақ жақша ішіне алынған ремаркалар, өзге де сілтемелер аяқталған сөйлемнен кейін келтірілсе, бас әріптен басталып жазылады; адамның өз аты, әкесінің аты және фамилиясы, лақап аты (псевдонимі), ныспысы), әр алуан мифологиялық иелердің, құдайлардың, әулиелердің аттары бас әріптен бастап жазылады; мал, құс, ит т.б. қойылған аттар бас әріппен жазылады; географиялық атаулар (жалқы есімдер) бас әріппен жазылады; кейбір мемлекет, одақтардың, халықаралық ұйымдардың аттарының, жеке мемлекет ретіндегі республика аттарының әрбір сөзі бас әріппен жазылады; мемлекеттердің аттары, кейбір мемлекеттердің күрделі атауларының әрбір сөзі, агенттіктердің, радио, телекомпаниялардың аттары бас әріппен жазылады; Көше, алаң, парк, шоссе, көпір, канал, жол, тарихи ғимарат т.б. аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады; кейбір мемлекеттік мекемелердің, жоғарғы ұйымдардың күрделі атауларының әрбір сөзі бас әріппен жазылады; мемлекеттік біркелкі мекемелердің, ұйымдардың, академиялардың, институттардың, музейлердің, арнаулы үйлердің күрделі аттарының бірінші сөзі бас әріппен жазылады; халықаралық және шетелдік орталық ұйымдардың (кәсіподақтық, қоғамдық т.б.) атауларының бірінші сөзі бас әріппен жазылады; тырнақшаға алынып жазылған зауыт, фабрика, трест, комбинат, спорт қоғамдары, кәсіпорын, шахта, кинотеатр т.б. аттары бас әріппен жазылады; кітап, газет, журнал аттары бас әріппен жазылады; аса маңызды тарихи дәуірлердің, революциялардың, кейбір оқиғалардың, мерекелердің аттары бас әріппен жазылады; кейбір аса маңызды құжаттардың (конституция, келісімсөз т.б.) аттары бас әріппен жазылады; бұрынғы ордендердің аттары тырнақшаға алынбай бас әріптен басталып жазылады; ресми құжаттардағы шартты атаулар бас әріппен жазылады; жалқы есім болып тұрған астрономиялық атаулар бас әріппен жазылады; жоғары дәрежелі қызмет аттары мен құрметті атақтар бас әріптен басталып жазылады; өлеңнің әрбір жолы, көбінесе, бас әріппен жазылады. Бұл тілдік заңдылықтарға байланысты емес, тек дәстүр бойынша жазу болып саналады. Бас әріптерден қысқарған сөздер бас әріппен жазылады.

Баск әліпбиі – Испанияның солтүстік облыстары мен Францияның іргелес оңтүстік аймақтарын мекендейтін халықтардың қолданатын әліпбиі. Б.э. латын әліпбиі негізінде жасалған, 22 әріптен тұрады. Оның ішінде b, f тек кірме сөздерде қолданылады. H ескі немесе айтылуында бірдей сөздерді ажырату үшін пайдаланылады: naiz-nahiz. I [i] немесе [j] (дифтонгтарда *ai*, *oi*, *ui* және *ei*) жазылады. Б.э. диграфтар мыналар: *tz* [ts̻], *tx* [tʃ], *ts* [ts̺].

Басса жазуы – Либерия тілдерінің бірі саналатын басса тілін жазуға арналған әліпби. Басса тілі кру тілдеріне кіреді және Либерияда 350 мың, Сьерра-Леонда 5000 қолданушысы бар. Б.ж. кейде буын жазуы ретінде де сипатталады. Ол 30 дауыссыз, 7 дауысты және 5 тонды дыбыстардан тұрады. Тонды дыбыстар нүкте мен сызықша арқылы таңбаланады. Басса тілінде ол «вах» яғни «таңба қою» деп аталады. Алғашқы кезде Б. ж. грифельді тақтайшаларға ағаш көмірі арқылы

жазған. Бастапқа кезде Б.ж. бустрофедон, яғни бірінші жолы солдан оңға, екінші жолы оңнан солға қарай жазылатын. Ал 1960 жылдан бастап Б.ж. оңнан солға қарай жазу мақұлданған. Бүгінде Б.ж. қолданыста жоқ, оның орнына халықаралық фонетикалық әліпбиі жүреді.



«Бастауыш мектептегі қазақ тілінің әдісі» – 1935 жылы Қазақстан Халық ағарту комиссариатының бастауыш орта мектеп басқармасы оқу әдіс секторының бекітуімен жарық көрген еңбек. Ана тілінің бағдарламасы бес салаға жіктелгендіктен, әдісі де бес саладан құралған: грамматика, емле, жазу әдісін Т.Шонанұлы, сауат аштыру, тіл дамыту әдісін Ғ.Бегәліұлы, оқу әдісін С.Жиенбайұлы жазған. Жалпы редакциясын профессор Қ.Жұбанов басқарған. Кітап 1934 жылдың 27 қыркүйегінде баспаға беріліп, 7000 тиражбен жарық көрген. 122 беттен тұратын кітап бастауыш мектеп оқытушылары мен педтехникумдерге арналған.

Башқұрт жазуы – түркі тілдері қыпшақ тобының қыпшақ-бұлғар тармағына жататын башқұрт тілінің жазуы. Б.ж қазіргі уақытта кирилге негізделген әліпби қолданылады. Башқұрт жазуының тарихында 4 кезең бар: XIX-XX ғасырдың басы – араб және кирил әліпбиі негізіндегі жазу қалыптастырудың алғашқы тәжірибелері; 1923-1930 жылдары – араб әліпбиі негізіндегі жазу; 1930-1940 жылдары – латын негізіндегі жазу; 1940 жылдан бастап – кирил негізіндегі жазу. XIX ғасырдың ортасына дейін башқұрттардың жазба тілі ескі түркі жазба әдеби тілі (түркі) және оның жергілікті нұсқасы – Орал-Еділ бойы түркілері жазуы болды. XIX ғасырдың ортасында тілдің фонетикалық ерекшеліктерін бере алатын башқұрт ұлттық жазуын құрудың алғашқы әрекеттері жасалды. Сонымен 1869 жылы Мирсалих Бекчурин «Бұхар, башқұрт, қырғыз және Түркістан тұрғындарының диалектілерімен араб, парсы және татар тілдерін үйренудің алғашқы нұсқаулығы» кітабында алғашқы башқұрт грамматикасын шығарды. 1860 жылдары миссионер-ағартушы Н.И.Ильминский өзінің «Түрік-татар тілі курсына кіріспе оқылым» атты еңбегінде башқұрт тілін жазу үшін кирил әліпбиін қолдануды ұсынды. Осы еңбектің негізінде XIX ғасырдың аяғы – XX ғасырдың басында бірқатар башқұрт әліппелері жарық көрді. 1921 жылғы шілдеде кеңестердің 2-ші Бүкілбашқұрттық сиезі Башқұрт АССР-нің мемлекеттік тілі ретінде башқұрт тіліне арналған жазу жасау жөнінде

шаралар қабылдау туралы қаулы қабылдады. 1922 жылы желтоқсанда Башқұрт АССР ағарту халық комиссариатының академиялық орталығында әліпби мен орфографияны әзірлеу жөніндегі комиссия құрылды. Комиссияны Уфалы Сайфи басқарды. Мүшелері Г.Шонаси, С.Рамиев және басқалар болды. Жаңа жазудың негізіне 1911 жылы Г.Ибрагимов ұсынған араб графикасы негізіндегі татар «Орта әліпбиі» алынды. Комиссия бұл әліпбиді башқұрт фонетикасының қажеттіліктеріне бейімдеді: тек араб кірмелерінде қолданылатын әріптер алынып тасталды және дауысты дыбыстардың емлесі жақсарды. Сөздің басында дауысты дыбыстар хамзамен (ء) жоғарғы жағында жазылған. Әліпби құрамындағы әріптер: ب پ ت ټ ث ج چ ح خ د ذ ر ز ژ س ش ع ف ق ک گ ګ ل م ن ڭ ه ۋ ۇ ۆ ې ي дауыссыздар үшін және ا ە و ۇ ۆ ى ي дауыстылар үшін. Бұл әліпби 1923 жылғы желтоқсан – 1924 жылғы қаңтарда ресми түрде бекітілді. 1924 жылы наурызда сөз басындағы /ы/ и /э дыбыстарын жазуға қатысты шағын өзгерістер енгізілді. Араб негізіндегі әліпби 1930 жылға дейін қолданылды. Алғаш рет башқұрт хатын латындандыру туралы мәселе Академиялық орталықта 1924 жылы маусымда көтерілді, ал қазан айында алғашқы жоба жасалды. 1927 жылдың маусым айында жаңа түркі әліпбиінің Бүкілодақтық комитеті КСРО-ның түркі халықтары үшін бірыңғай әліпби – яналифті бекітті. Оның негізінде башқұрт латын әліпбиі қайта қаралды. 1930 жылдың 6-шілдесінде Башқұрт АССР ОСК бұл әліпбиді ресми түрде бекітті; сол жылы оған негізделген емле ережелері шықты. Кейін оған кішігірім өзгерістер енгізілді. 1939 жылы 3 наурызда башқұрт тілінің латын әліпбиіндегі орфографиясының жаңа ережелері шықты, бірақ бұл уақытта башқұрт жазуын кирилге ауыстыру туралы мәселе туындады. Башқұрт әліпбиі 42 әріптен құралған. Орыс тіліндегі 33 әріптен басқа, оған 9 ерекше башқұрт дыбыстарын беретін қосымша әріптер енгізілген. Олар: Ә, Ө, Ү (дауыстылар); Ҙ, Һ, Ҫ, Ң, Ҡ, Ғ (дауыссыздар).

Аа	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд	Ҙҙ	Ее
Ёё	Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Ҡҡ	Лл
Мм	Нн	Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс
Ҫҫ	Тт	Уу	Үү	Фф	Хх	Һһ	Цц
Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы	Ьь	Ээ	Әә
Юю	Яя						

Белгі – әр дыбыстың фонетикалық ерекшелігі, дыбыс белгісі айырым және ортақ болып екіге бөлінеді: *айырым Б.* – бір дыбыста бар, екінші дыбыста жоқ белгі, мысалы, «а» дыбысында бар езулік Б. «о» дыбысында жоқ; *ортақ* Б. – екі не одан көп дыбысқа тән белгі, «т» дауыссызының тілұшы белгісі «д», «н», «с», «р» дауыссыздарына да тән.

Белорус араб әліпбиі – XVI ғасырда пайда болған белорус тілін араб графикасы арқылы жазу тәсілі. Ол 28 графемнен тұрады ж20әне араб әліпбиінен кейбір айырмашылықтары бар. Б.а.ә. Ұлы Литва князьдығының бөлігі саналатын қазіргі Белоруссия территориясында өмір сүрген белорус-литва татарлары қолданған. XIV-XVI ғасыр аралығында олар өз тілін қолданбай, араб әліпбиіне негізделген белорус тілін қабылдады. Араб тілінде кездеспейтін «ж», «ч» және «п» дыбыстарына түркі-парсы графемалары پ چ ژ , «дз» және «ц» жұмсақ дыбыстарды белгілеу үшін жаңа ڈ және ڞ графемалары, ал «ў» дыбысына арнайы графема болмағандықтан, «в» дыбысымен бірдей و таңбаланды.

Бенгал әліпбиі – бенгал және ассам тілдерінің әліпбиі. Б.ә. XV ғасырда (ертедегі көне бенгал нысандарында XI ғасыр деп жазылған) қалыптасқан. Брахми әліпбиінен бастау алады. Деванагари әліпбиіне де жақындығы болған, бірақ XI ғасырда бұл әліпби стандарттан алшақтай бастаған. 1778 жылы алғаш рет Б.ә. баспа түрі ұсынылған. XIX ғасырда кейбір көне әріптер жетілдіріле бастаған. Б.ә. – бұл силлабикалық әліпби, ондағы дауыссыздардың барлығында екі түрлі дыбысталатын ингерентті дауыстылары болады. Осы екі түрінің бірін таңдау өте қиынға соғады, кейбір жағдайларда олар мүлдем дыбысталмайды. Ингерентті дауысты дыбыс тек соңғы позицияда тұрған дауыссызға жалғанады. Бенгал жазуының ерекшелігіне жататын әріптердің үшбұрышты және ілмек тәрізді қосымшалары көне бенгал әліпби нұсқасында да болған. Дауыстылар созылыңқы қасиетімен емес, мұрын жолды белгілері бойынша қарама-қарсы қойылады: a~ã, o~õ~ɔ, i~ĩ, u~ũ, e~ẽ, æ~æ̃. Тағы да бір ерекшелігі – бір графемада ৰ дыбыстарының vo/bo жымдасып кетеді.

Бенгал жазу жүйесі – үнді жазуының шығыс тармағына жататын бенгал және ассам тілдерінің жазуы. Бенгал тілінде әдеби стильдің екі түрі бар: классикалық және қазіргі. Классикалық бенгал – дәстүрлі әдеби стиль, оның негізінде XVI ғасырдағы бенгал тілі жатыр. Қазіргі бенгал – XX ғасырда Калькуттада зиялы адамдардың сөйлеу тілі негізінде жасалған. Бұл екі стильдің арасында сәл ғана айырмашылық бар, негізінен, есімдіктер мен етістіктің жіктелу формаларында кездеседі. Кейбір зерттеушілер бұл әліпбиді шығыс нагарлар және нео-брахми жазуы деп айтқанды ұнатады. Бенгал тілі – шығыс үндіариялық тілдердің бірі. Бұл тілде Бангладеште үнділердің штаты Батыс Бенгалияда, сондай-ақ, Малави, Непал, Сауд Арабиясы, Сингапур, Австралия, Ұлыбритания мен АҚШ-та 211 млн. адам сөйлейді. Көне ескерткіш – Махипал I патшасының жазбасы (975-1026), ең көне қолжазба 11-12 ғасырларда табылған. Непалда X ғасырда бенгал әдебиетінің көне ескерткіші «Чоджапод» табылған, афоризмдер жинағы «Дактың нақыл сөздері»,

«Кхонның нақыл сөздері» 11-12 ғасырларда табылған, олар көне бенгал жазуымен жазылған. Бұл жазбалар «о дыбысын айту» белгісі (оканье) «о» – ô [ɔ], немесе [ɒ] (мәселен, হল hôlô деп оқылады) бойынша басқа үнді жазу жүйесінен ерекшеленеді (бұл ерекшелік басқа да шығыс үндіариялық – ассам, силхет, ория тілдеріне де тән). Тибет-бирма тілдерінің мейтхейі үшін – метей-майек (Индиядағы Манипур штаты) көне жазуды қайта жаңғырту ісі үлкен резонанс тудырған. 1992 жылы Индияда бұл тіл ресми тіл ретінде танылған. Көне манипур жазбасы XVIII ғасырда Памхейба патшасымен дайындалған, алайда бұл жазуға тыйым салынып, 1976 жылға дейін жазу бенгал әліпбиімен ауыстырылған. Осы кезден бастап модификацияланған метек-майек жазуы БАҚ пен мектеп жүйесінде қолданылып келеді. 2009 жылдан бастап бұл жазу Юникодқа енгізілген.

অ	আ	ই	ঈ	উ	ঊ	ঋ	এ
ঐ	ও	ঔ	ক	খ	গ	ঘ	ঙ
চ	ছ	জ	ঝ	ঞ	ট	ঠ	ড
ঢ	ণ	ত	থ	দ	ধ	ন	প
ফ	ব	ভ	ম	য	র	ল	শ
ষ	স	হ	য়	ড়	ঢ়	ৎ	ঁ
ং	ঃ	ঁ					

Бениннің ұлттық тілдеріне арналған әліпби – бенин тілдерін жазуға арналған жиынтық әліпби. Бұл әліпбиді Бениннің ұлттық лингвистикалық комиссиясы 1975 жылы қабылдады (1975 жылғы 24 қазандағы 75-272 Жарлық). 1990-2008 жылдар аралығында Ұлттық қолданбалы лингвистика орталығы бірнеше рет қайта қарады. Әліпбиде бірнеше диакритикалық белгілер бар: бәсең үн – акут (´); жоғары үн –гравис (`); өсіңкі үн – гачек (ˇ); түсіңкі үн – циркумфлекс (ˆ); орташа үн – макрон (¯).

Бербер латын әліпбиі – латын әліпбиіне негізделген бербер тілінің әліпбиі. Ол XIX ғасырда қабылданды. *Солтүстік* Б.л.э. 34 әріптен тұрады. Әліпбиде қосымша 11 модификацияланған (түрленген) латын әрпі бар: Č, Ḍ, Ɛ, Ǧ, Ɣ, Ḥ, Ř, Ṛ, Ṣ, Ṭ,

Ẓ. Лабиализация белгісі «ʷ» бербер диалектілерінің кейбір әріптеріне берілген, олар: bʷ, gʷ, ɣʷ, kʷ, mʷ, nʷ, qʷ және xʷ. Дегенмен олар Б.л.ә. жеке таңба ретінде қолданылмайды. Оңтүстік (туарег) Б.л.ә. 36 әріптен тұрады. «О» дауысты дыбысы тек қана оңтүстік Б.л.ә. қолданылады. Туарег сөздеріндегі «О» дауысты дыбысы солтүстік бербер сөздеріндегі «У» дыбысына сәйкес келеді.

Библ жазуы (Псевдо-иероглифтік жазу, буындық Библ жазуы, Прото-Библ жазуы немесе Библик) Ливандағы Библ (қазіргі Джубель) қаласынан табылған. Б.ж. шифрланбаған жазу жүйесі болып табылады. Жазулар қола табақтар мен қалақшаларға ойылып тасқа қашалған. Оларды Морис Дунанд 1928-1932 жылдары қазба жұмыстарын жүргізіп, 1945 жылы өзінің «Библия Граммата» (Byblia Grammata) атты монографиясында жариялады. Жазбалар шартты түрде б.з.д. 2-мыңжылдыққа (XVIII-XV ғ.) жатады. Сурет сипатты таңбаларының көпшілігі батыс семит жазуына ұқсас, оңнан солға қарай жазылады. Жазу үлгілері Египетте, Италияда және Мегиддода (Гарбини, Коллес) табылды.

Бирма жазу жүйесі – қытай-тибет тілдер тобына жататын бирма тілінің жазуы. *Мон, шан және карен* тілдерін жазу үшін де қолданады. Әліпбиде 45 әріп бар: 11 дауысты, 34 дауыссыз. Дауыссыз дыбыстар бес әріптен тұратын топтарға бөлінеді. Алты әріп тек пали тілінен алынған кезде қолданылады. Үнді қаріптері сияқты, дыбыстарды әріптің астына немесе қасына диакритика қосу арқылы өзгертуге болады. Фонемаларды беру үшін арнайы таңбалар қолданылады. Тіркескен дауыссыз дыбыстар алдыңғы әріптің астына қойылатын лигатураларды құрай алады. Олар қысқартуларда және санскрит немесе пали сөзінің шығу тегі үшін қолданылады. Б.ж.ж. қолданылатын диакритикалық таңбалардың жүйесі өте қиын.



Бодуэн де Куртенэ Иван Александрович (1845-1929) – тегі поляк, орыс лингвисі, Санкт-Петербург ҒА корреспондент-мүшесі. Б. тарихи-салыстырмалы тіл білімі, Қазан лингвистикалық мектебінің негізін қалаушы. Б. Варшавадағы бас мектепті бітірді (1866), содан кейін Прагадағы Чарльз, Берлин және Йен университеттерінде оқыды (1866-1868). Қазан (1875-1883), Тарту (1883-1893), Краков (1893-1899), Санкт-Петербург университеттерінің профессоры. 1918 жылдан бастап Варшавада тұрды. Б. фонема және дыбыс алмасуы теориясын жасады. Б. теориясы «Фонетикалық ауысулар тәжірибесінде» (1895) баяндалған. Оның теориясының негізгі қағидалары XX ғасырда фонетика мен жалпы тіл білімінің дамуына шешуші әсер етті.

Болгар әліпбиі – болгар тілінің әліпбиі. Оның құрамында 30 әріп бар, орыс тілімен салыстырғанда Ё, Ы және Э әріптері жоқ. 1708 жылы енгізілген азаматтық әріптер болгар тіліне XVIII ғасырда бейімделген. 1870 жылға қарай М.Дуринов ұсынған 32 әріптен тұратын әліпби кең қолданыла бастаған. 1899 жылы ең алғаш рет М.Дуринов негізін салған ресми болгар орфографиясы қабылданған. 1921

жылы болгар әліпбиіне С. Омарчевскийдің қатысуымен реформа жасалды. Әліпби құрамынан Ѣ таңбасы (Е мен Я әріптеріне ауыстырылған), сөз соңындағы Ъ мен Ь әріптері алынып тасталды. Алайда 1923 жылы А.Цанковтың консервативті-құқық үкіметі бұл реформаға қарсы шықты. 1899 жылғы орфорграфияға қайта оралды. 1930 жылы Б.ә. бірыңғайланды. Д.П.Дринов пен Г.Бакалов өз үлестерін қосты. 1945 орфографияға қайта реформа жасалды, Ѣ мен Ѫ таңбалары алынып тасталды, Ѣ әрпі Я мен Е-ге, ал Ѫ Ъ таңбасымен ауыстырылды. Сөз соңындағы ъ мен ь белгілері де алынды.


А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ж ж	З з
И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н	О о	П п
Р р	С с	Т т	У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч
Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ь ь	Ю ю	Я я		

Болгар рунасы – VI-X ғасырлардағы ежелгі болгарлардың руникалық жазуы. Сондай-ақ Б.р. біраз уақыт Балқанда кирил негізді әліпбимен қатар қолданылған. Сонымен қатар Қара теңіз аймағындағы ежелгі болгарлар және Еділ болгарлары Б.р. ұқсамайтын дон-кубан жазуын қолданды. Материалдың жетіспеушілігіне байланысты Б.р. әлі күнге дейін толық оқылмаған.

Бөлек жазылатын сөздер емлесі – тілдегі құрамы екі не одан да көп сөзден тұрып бір мағына беретін сөздердің дұрыс жазылуына қатысты емле ережелері. Б.ж.с.е. – бөлек жазылатын сөздердің қалай, неге, қандай сөз таптарында сөздердің бөлек жазылатынын түсіндіретін емлелік ережелер жиынтығы. Бөлек жазылатын сөздердің емлесіне қатысты негізгі ережелер: екі (кейде одан да көп) сөз қатар айтылып, бір ғана ұғымды білдіретін, яғни бір ғана затты, құбылысты, қимылды, түр-түсті, санды атайтын күрделі атаулардың әрбір компоненті бөлек жазылады; адам, мал, хайуан ағзасы мүшелерінің атауларын білдіретін екі зат есімнен құралған күрделі сөздердің әрбір компоненті бөлек жазылады; үш зат есім қатар келіп, алдыңғы екеуі соңғы сөз білдіріп тұрған заттың түрін саралау үшін айтылса, олар бөлек жазылады; түбір күйінде компоненттері бір-бірінен бөлек жазылатын анықтауышты тіркестер мен тұрақты тіркестерге етістік не есім тудыратын жұрнақтар жалғанғанда да сөздердің бөлек жазылуы сақталады, бұлар күрделі етістік немесе күрделі сын есім қатарына жатады; күрделі сан есімдерді

құрап тұрған сөздердің әрқайсысы барлық тұлғада да бөлек-бөлек жазылады; түсті білдіретін екі (кейде үш) сын есім қатар айтылып, үшінші бір түстің атауы болып тұрса, олар бір бірінен бөлек жазылады; малды (көбінесе жылқыны) сипаттау үшін сын есіммен қатар айтылатын кейбір сөздер де т.б. бөлек жазылады.

Брайль шрифті – нашар көретін және көрмейтін адамдардың жазуы мен оқуына арналған, көтерілген нүктелі тактильді қаріп. 1824 жылы француз Луи Брайль жасаған. Луи үш жасында әкесінің шеберханасында садақ пышақпен жарақат алып, көру қабілетінен айырылды. 15 жасында Луи Валентин Гайюдің соққы сызықты сценарийіне балама ретінде өзінің нүктелік түрін жасады. Ол кезде «түнгі шрифтпен» әскерилер қараңғыда оқылатын есептер жазу үшін қолданған. Б.ш. – алғашқы екілік кодталған жазу жүйесі. 1960 жылы АҚШ-тағы зағип мектеп оқушыларының 50% Б.ш. оқи алатын болды. Б.ш. әріптерді бейнелеу үшін алты нүктені пайдаланады. Нүктелер екі бағанға орналасқан. Жазу кезінде нүктелер тесіліп, тек дөңес нүктелермен оқи алатындықтан, парақтың артқы жағындағы мәтінді жазу керек. Мәтін оңнан солға қарай жазылады. Содан кейін парақ аударылады да мәтін солдан оңға қарай оқылады. Оқырман үшін солдан оңға. бағанға және жол жоғарыдан төменге қарай нөмірленеді. Б.ш. таңбалар жазу кезінде арнайы жазу құралдары – құрылғы мен шифер қолданылады. Осыған байланысты таңбалардың өлшемдері мен стилін (жуан, курсив) өзгерту мүмкін емес.



Брахми жазуы – үнді буынды жазуының ең көне түрі. Б.з.д. VIII-VII ғасырларда пайда болған. Зерттеушілердің айтуынша, көптеген таңбалардың сыртқы тұрпатына қарағанда арамей жазуына ұқсайтындықтан, осы жазудан шыққан деген көзқарас бар. Солдан оңға қарай жазылады. Б.ж. Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азиядағы (қытай иероглифтерінен өзге) аборигендік барлық жазуларға дерлік негіз болды. Ортағасырларда оны өзінен кейінгі басқа жазулар ығыстырды. Б.ж. XVIII ғасырда

дешифровка жасалды. Б.ж. оқылған алғашқы үлгілері б.з.д. IV-III ғасырларға келеді. Б.ж. негізінде үнді жазуының үш тармағы пайда болды: солтүстік, оңтүстік және оңтүстік-шығыс. Бұл гупта, тибет, нагари және одан бүгінде ең көп таралған деванагари жазуы, сонымен қатар, шарада, невари, бенгал, ориа, гуджарад, грантха және одан өрістеген каннада, телугу, малайял, тамиль жазулары, сингал, бирма, кхмер, лаос, тай жазулары.

Бревис (латын. «*brevis*» – қысқа) – диакритикалық белгі. Бревис – кирил және латын әліпбиіндегі әріп үстіндегі доға тәрізді диакритикалық белгі. Қысқа дыбысты білдіреді. Ол әріптің үстіне, дәл ортасына томпақ доға тәрізді болып қойылады. Латын әліпбиіне көшкен түрік тілінде «ğ» әрпі тіларты фрикативті дауыссызды білдірді. Бірақ бұл әдеби түрік тілінде айтылмайды және әдетте алдыңғы дауысты дыбыстың ұзақтығын білдіреді. 1990 жылдардан бастап латын әліпбиіне көшкен әзербайжан және қырым-татар тілдерінде қолданыла бастады. Ал жаңа қазақ жазуы әліпбиінің жобасында «*ғ*» ұяң дауыссыз дыбыстың таңбасы бревиспен «ğ» түрінде алынып отыр.

Буги жазу жүйесі – австронезия тілдер тобына жататын буги тілінің жазуы. Индонезия аралындағы Оңтүстік Сулавесиде тұратын ең үлкен этникалық топтың жазуы. «Бугиан» есімі осы халықтың малай тайпасының «Bugis» атауынан шыққан. Ең көне ескерткіш – «Ла Галиго» эпостық жырларының үлкен циклы. Б.ж. үшін дәстүрлі түрде Лонтара әрпі қолданылады. Лонтара – ежелгі үнді брахмикави әліпбиінен құралған буын жазуы.

Букид жазуы – Филиппиннің оңтүстігіндегі Минданао солтүстік халқы букид тілінің жазуы. Б.ж. латын әліпбиін, филиппиндік абакаданы қолданады. Б.ж. бір фонемаға сәйкес келетін әріптерден тұрады: дауыссыз дыбыстан кейінгі дауыстық паузалар сызықшамен белгіленеді. Мыс., *hab-ung «зең»*. [ŋ] фонемасы кейде бөлек әріп ретінде қарастырылатын ⟨ng⟩ диграфымен ұсынылған. Жазуда Aa, Bb Kk, Дд, Ee, Gg, Чч, Ii, Ll, Мм, Nn, Пп, Rr, Cc, Тт, Уу, Ww, Уу таңбалары бар. Бұл жазуда сөздерге түсетін екпін қосымша белгілермен ажыратылады. Себебі екпінмен де мағына айырымдығы көрінеді. Мыс., *сала ['sälä] «қонақ бөлмесі», сала ['sälä?] «үзік, үзінді», салаâ [sä'lä?] «күнә»; пахид ['pähid] «өшіру», пахид [пахид] «бұта», balángkawitan [bälläŋka'witän] «қораз», talètè [tä'l'tɜ?] «кесіртке».*

Бурят жазуы – моңғол тілдер тобына жататын бурят тілінің жазуы. Б.ж. өз тарихында бірнеше рет графика ауыстырған. 1930 жылға дейін көне моңғол жазуын қолданды. 1930-1939 жылдары латын графикалы әліпбиін пайдаланса, 1939 жылдан бастап кирил графикасына негізделген әліпбиді қабылдаған.

Бустрофедон (грек. «*bus*» – өгіз, «*strep ho*» – қайта айналдырамын) – бірінші жолы солдан оңға, екінші жолы оңнан солға қарай жазу бағыты өзгеріп отыратын жазу үлгісі. Бұл жазу тәртібі өрісте жүрген өгіздің жер жыртып жүрген қозғалысына ұқсайды. Б. жазуының негізінде жазылған мәтінді оқу барысында көзді солдан оңға, оңнан солға, келесі жолын қайта солдан оңға қарай жүгіртіп оқу керек. Әр

сөйлемнің басы бірде солдан оңға қарай басталса, енді бірде керісінше. Жазу жүйесі мәтінді жалғастырып оқуға қиындық келтірген. Б. жазуы лувий, оңтүстік Араб, этрус, грек, кіші Азия, латын және басқа да жазба ескерткіштерінде кездеседі.

Буын – дыбыстардың артикуляциялық бірлігі. Қазақ тіліндегі түбір сөздің өзі болсын, одан жасалған туынды сөз болсын, көп буынды болып келе береді. Сөздің көп буынды болып келгеніне қарамай, қазақ тіліндегі буын жігі оңай табылады. Себебі табиғаты бөлек өзге тілдердегідей, мыс., орыс тіліндегідей бір буын құрамында бірнеше дауыссыз қосақталып жүрмейді. Қазақ тілінде бір сөздің құрамында екі дауысты қатар тұрмайды. Сөйтіп қазақ сөздерінің құрамындағы дауысты-дауыссыздар тізбегінің жүйелі реті буынға бөлу мен тасымал жасауды жеңілдетеді. Мыс., *ба-ла-ға, бұл-бұл-дар, а-та-ның, үй-де-мін* т.б. қазақ сөздеріндегі буындар жүйелі келеді. Сонымен: 1) Б. физиологиялық (фонетикалық тілмен айтқанда *артикуляциялық*) ұғым. Сондықтан да Б. анықтамасы артикуляциялық тұрғыдан берілу керек, яғни сөйлеу мүшелерінің қатысымен сипатталады. 2) Б. – тілдегі ең кіші айтылым (жасалым) бірлік. Б. құрамындағы дыбыстар біртұтас артикуляциямен айтылады. Сондықтан да Б. құрамындағы дыбыстар өзара артикуляциялық тұтастықта болады. 3) Б. – біртұтас айтылатын дыбыс немесе дыбыстар тобы. Сөз ішінде (егер сөз құрамында екі не одан көп буын болса) әр буынның дербес жасалымы (артикуляциясы) болады. 4) Б. анықтамасының негізі артикуляциялық анықтама болу керек. Сөйлеу үстінде (сөз құрамында) озара кірігіп, біртұтас болып айтылатын (жасалатын) дыбыс тіркесін (немесе дербес дауыстыны) Б. дейміз. Б. тілдегі, артикуляциялық тұрғыдан, әрі қарай бөлшектенбейтін ең кіші жасалым (артикуляциялық) бірлік болып табылады. Қазақ тілінде Б. үш түрі бар: а) ашық Б. – бір ғана дауысты немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен аяқталады, мысалы, *а-та, а-на, і-ні, ұ-лы, ү-кі* т.б. сөздердің құрамында тек ашық буындар бар; ә) тұйық Б. – дауыстыдан басталып, дауыссызбен немесе дауыстыдан басталып дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *ақ, әл, ыс, іс, ор, ұл, үк, айт, өрт, ұрт, ұлт* т.б. сөздер тек тұйық буыннан құралып тұр. б) бітеу Б. – дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссызбен аяқталады немесе дауыссыздан басталып, дауыстымен жалғасып, дауыссыз, дауыссызбен аяқталады, мысалы, *мат, мыс, біл, бұл, бол, бүк, бес, тарт, қайт, жұрт, сүрт, төрт, қант, мұрт, салт* т.б. сөздер тек бітеу Б. құралып тұр. Дауысты ашық Б. сөздің тек бас шебінде кездеседі: *а-ра, о-тан, ө-рік* т.б. Дауыссыз+дауысты ашық Б. шеп талғамайды, сөздің кез-келген шебінде кездесе береді: *ба-зар, ба-ла-лар, жор – ға* т.б. Тұйық Б. сөздің тек бас шебінде кездеседі: *ақ-тар, ұс-таз, ір-ге, үл-кен, ұрт-та, өрт-ті, айт-ты, ұлт-қа* т.б. Бітеу Б. шеп талғамайды, сөздің кез-келген шебінде кездесе береді: *бат-пан, жал-ғыз-дық, жақ-сарт-ты, бұл-тарт, жұрт-қа* т.б. Қазақ тілінде Б. үш дыбыстық бірліктен құралады. Дауысты бірлік тек дауысты дыбыс болып саналады, оны шарты түрде V деп белгілейміз. Дауыссыз бірлік тек дауыссыз дыбыс болып саналады, оны шартты түрде С деп белгілейміз. Б. бірлік дауыссыз+дауысты тіркесі

болып саналады, оны шартты түрде CV деп белгілейміз. Сонда қазақ тілінің кез-келген буыны осы үш бірліктің тіркесімінен құралады.

Буын жазуы – жазудың бір түрі. Жазудың тарихы өте ерте замандардан басталады. Көне жазуды да, қазіргі жазуды да зерттеп білудің әрі теориялық, әрі практикалық үлкен мәні бар. Жазудың даму барысында Б.ж. пайда болды. Жазудың буын жүйесінде таңба буынды белгілейді яғни сөз құрамындағы әрбір буын графикалық таңбалармен беріледі. Бұған жапон, үнді жазулары жатады. Буын таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгілеген идеограммалардан жасалған. Б.ж. таңбалардың фонетик. мағынасы жағынан үш түрге бөліп қарауға болады: 1) Ассиро-вавилон, элам, урарт, сына, майя, дыбыстық корей жазуы. Жазудың бұл жүйелерінде таңбалар кез келген буынды, буынның мына түрлерін белгілейтін болған. А (дауысты) + С (дауыссыз), С+А, С+А+С; майя жазуында сөз соңындағы дауыссыздарды да белгілеген. 2) крит-микен, кипр, эфиопия және жапон Б.ж-лары. Мұнда таңбалар тек дара дауыстыларды және дауыссыздардың тіркесі мен белгілі бір дауыстының қосындысын белгілейді. 3) үнді жазуының әртүрлі жүйелері (кхарошти, брахми т.б.). Таңбалар жеке-дара дауыстыларды («а»), дауыссыз бен дауыстының («ка») қосындысын белгілейді. Жазудың буын жүйесі шығу тегі жағынан да үш топқа бөлінеді: а) Логографиялық жазудың даму барысында жасалған крит, майя, кипр Б.ж.; ә) Эфиопия, Индия (брахми, кхарошти т.б.) Б.ж.; б) жапон буын жазуы мен лигатуралы-дыбыстық жазу жүйесі (корейлік кунмун). Б.ж. оқытуға, үйренуге, қолдануға ыңғайлы болды. Себебі таңбалардың саны аз, ықшамды, 35-40-тан бастап 200-ге дейін жетеді. Б.ж. сөзді, тілді, әсіресе, оның фонетик. дыбысталуын (фонетикалық транскрипцияға жақын) дәл көрсетуге, сөздің граммат. формаларын беруге қолайлы.

Буын тілдер – фонологиялық жүйесінде негізгі тіл бірлігі буын болып табылатын тілдер (Қытай және Оңтүстік-Шығыс Азия тілдерінің көпшілігі). Олардың буын құрамы қарапайым, ал дыбыстық құрамы өте күрделі: «дауыссыз + жарты дауысты + дауысты + имплозив (жабысыңқы) дауыссыздардан» тұрады. Б.т. буын мен морфеманың шекарасы әдетте сәйкесіп отыратындықтан, морфеманың көрінісі фонологиялық тұрғыда буыннан қысқа болмайды. Буын ішінде морфемалық шек (шекара) болуы мүмкін емес, себебі буын – морфеманы жасаушы қажетті элемент. Ол құрамы жағынан фонемаға пара-пар тіл бірлігі. Бірақ буын ішінде морфологиялық (морфологиялық емес) шек болады. Ол морфологиялық деңгейдегі алмасулардан, жартылай қайталаулардан т.б. көрінеді. Б.т. болатыны туралы болжамды Л.В.Щерба айтқан. Е.Д. Поливанов буын қытай тілінде негізгі фонологиялық тіл бірлігі деген көзқарасты қалыптастырды. А.А.Драгунов ондай буынды буын фонема терминімен атады.

Бұғұт жазба ескерткіші – балбал тасқа қашалған VI-VIII ғғ. көне түркі жазба ескерткіші. Моңғолиядағы Бұғұт елді мекенінен табылған. Ескерткішті алғаш 1956 жылы моңғол археологы Доржсүрен тапқан. Тастағы жазуды моңғол ғалымы

Б.Ринчен, Ресей шығыстанушылары С.Кляшторный, В.Лившиц зерттеп талдаған. Б.Ринчен балбал тастағы жазуды ұйғыр жазуы деп тұжырымдады. В.Лившиц соғды, брахми жазуларымен берілген түркі мәтіндері деп анықтады. Балбал тас VI ғасырдағы қағандардың бірі Таспардың (Татпар) құрметіне қойылған, соғды тіліндегі түркі ескерткіштерінің ең көнесі. Мәтіндерде 572-580 жылдар аралығында болған тарихи оқиғалар сипатталған. Халықтың өмірі мен сенімі туралы ақпарат берілген. Ескерткіште қасқыр емген баланың суреті бейнеленген. Бұғұттың көшірмесі Ұланбатырдағы ұлттық музейде тұр.

Бүйір дауыссыз – тілдің ұшы немесе орта тұсы қызыл иек пен алдыңғы таңдайға жымдасын фонациялық ауа тілдің екі бүйірі арқылы өтуінен жасалатын дауыссыздар: *л.*

«Бізге қандай әліппе керек?» – Н.Төреқұлұлының 1927 жылы Қызылорда қаласында Жаңа түркі әліпбиін енгізу жөніндегі комитет баспасынан К.Тоқтабайұлы мен М.Мырзаұлының құрастыруымен жарық көрген «Жаңа әліпби жолында» атты мақалалар жинағында жарық көрген мақаласы. Бұл еңбегінде автор А.Байтұрсынұлы емлесінің жақсы тұстарын бағалай келіп, араб әрпінің төмендегідей кемшін тұстарын көрсетеді: 1) оқыту жағынан; 2) жазудағы қолайсыздық; 3) медицина, саулық жағынан (бір-бірінен айырмасы аз, тануы қиын әріптерді оқи-оқи көз бұзылады); 4) санды жазудағы қолайсыздық; 5) білім кітаптарын жазудағы ыңғайсыздықтар (медицинада, алгебрада я геометрия кітабында ұшырайтын формулаларды жазу мәселесі); 6) музыкада қолданудың қиындығы; 7) баспа шығыны, жазуға кететін уақыттың көптігі, 8) жазу мәшинесі мәселесі; 9) Еуропаның баспахана-баспа ісіне кіргізетін жаңалықтарынан алшақтау; 10) Еуропа тілдерін үйрену мәселесі. Әрі қарай Н.Төреқұлұлы өз бағдарламасын ұсынады. Онда татардағыдай алдымен әліппенің принципі қабылдансын, сосын әліппесі жасалсын, халықтың талқылауынан өтсін, газеттерде, жорналдарда, мектептерде мақалалар, баяндамалар беріліп тұрсын, «қазақ-қырғыз арасына жаңа әліппенің идеясы біраз жайылып кеткен соң, қалың елдің көзі жаңа таңбаларға үйір болған соң, ел ішінде жаңа әліппемен жазатын кісілер көбейген соң жаңа әліппе кеңсеге кіргізілсін дейміз. Ол заман кеңселерде қазақшаны жүргізу жеңіл болады» дейтін ойларын жүйелеп көрсетеді.

Бір дыбыс – бір әріп принципі – әліпби түзуде сақталатын негізгі принциптердің бірі. Тілде қанша дыбыс болса, соған сай оның сонша таңбасы болады. Дыбысқа берілген әрбір таңба, оның фонетикалық ерекшеліктеріне сәйкес алынады. Бұл принциппен түзілген әліпби құрамында әрбір дыбыстың жеке-жеке таңбалары болады. Егер тілдің бірлі-жарым бірегей дыбыстарына таңба жетпесе, оны диакритикалық белгілер қою арқылы таңбалауға болады. Түркі халықтарының ішінде қазақ тілінің әліпби жүйесі осы принципті басшылыққа алады. Ал диграфтар арқылы түзілген әліпби жүйесі бұл принципке бағынбайды.

Бірге жазылатын сөздердің емлесі – түбір тұлғалары сақталып, бірігіп жазылатын сөздердің емле ережелері. Біріккен сөздерді жасап тұрған компоненттер,

негізінен, түбір тұлғалары сақталып бірігіп жазылады; бірсыпыра біріккен сөздер өзгерген қалпында, айтылуынша жазылады; топонимикалық атаулар, яғни жер-су атаулары, қазақша кісі аттары мен ру-тайпа, бірен-саран халық аттарының көпшілігі негізінен түбір тұлғалары сақталып бірге жазылады; екінші сыңары *аралық, тану, сымақ, құмар, жай, – хана, ақы, – нама, хат, тас, бас* деген сияқты сөздер болып келген тіркестер бір ғана заттың атын білдіріп (көбінесе термин болып) тұрса, біріктіріліп жазылады. Екі түбірден құралып, ғылымның әр алуан саласында терминдік мәнге ие болған атаулар бастапқы тұлғаларын сақтап, бірге жазылады.

«Бірге және бөлек жазылатын сөздердің орфографиясы» – Қ.Күдеринованың 2005 жылы Алматы қаласында жарық көрген монографиясы. Бұл еңбекте қазақ тілі орфографиясының күрделі мәселелерінің бірі саналатын сөздерді бірге немесе бөлек таңбалаудың теориялық негіздері көрсетіліп, бірге жазудың формальды және семантикалық белгілері сараланады. Күрделі сөздердің бөлек жазылуын айқындайтын әдіс-тәсілдер баяндалады.

«Бірге ме, бөлек пе?» – Қ.Күдеринованың оқу-әдістемелік құралы (2017). Еңбек заманауи технологияның көмегімен, сондай-ақ, бірқатар озық идеясы бар студенттердің атсалысуымен мектеп жасындағы балаларға жеңіл оқылатын етіп, көзге тартымды иллюстрациялармен безендендіріліп жасалған. Дәріс тақырыптары қабылдаушыға жеңіл және көп жағдайда сұрақ формасында дайындалған: «Бірге немесе бөлек жазу нені білдіреді?», «Босаралық не үшін қажет болды?», «Бірге жазудың тарихы бар ма?», «Сөздер қалай бірігеді?», «Бірге жазудың белгілері қандай?», «Қосымшалардың сөз біріктіретін қасиеті», «Сөздің сөз жасайтын қасиеті», «*Хана* жұрнақ па?», «Құмар-дың «құмарлығы»», «Аралық сөзі бірге жазылады», «*Тану*-ды танымдық па?», «*Жай* сөзімен «жай» сөздер бірікпейді», «Жанды сөзі сын есім ғана емес», «Толық мағыналы сөздер де көмекші болғысы келеді», «Жинақтаушы құрастыруыштар», «Сөзалды сыңарлар», «Ішкі белгі», «Қиын емес», «Бөлек жазылатын сөздер қандай болады?». Еңбектің соңында «Емле сөздігі» ұсынылған.

1929 жылғы 7 тамызда КСРО Орталық Атқару Комитетінің төралқасы мен КСРО Халық комиссарлары Кеңесінің қаулысымен енгізілген әліпби – латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі. Әліпби 29 таңбадан құралған. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесінен ауытқымайтын, ережесі де, әліпбиі де төл дыбыстардың негізінде жасалған ұлттық жазу ретінде танылды. Латын графикасына негізделген бұл әліпбидің негізгі артықшылықтары былайша көрсетіледі: 1) «бір дыбыс – бір әріп» принципі қатаң сақталған; 2) түркі халықтары ұстанған принцип мүмкіндігінше сақталған; 3) әліпбидің «оқуға қолайлы», «жазуға оңай» болуы көзделген; 4) кірме әріптер жоқ; 5) әріп асты, әріп үсті, жол асты, жол үсті белгілері жоқ. Бұл әліпбидің басқа да сипаттары төмендегіше болды: 1) кейбір таңбалар латын стандартында жоқ, кирил әліпбиі жүйесінде бар (ә, ө, ь) болды; 2) жасанды таңба (Ꞑ) қолданылды; 3) бас әріп нұсқасы алынбады; 4) қабылданған әліпби белгілі бір стандартқа негізделмеді, бірегей болмады.

1929 жылдың 2-4 маусымында өткен ғылыми-орфографиялық конференция – Жаңа түркі әліпбиінің орталық комитеті мен Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің шақыртуымен Қызылордада ұйымдастырылған конференция. Конференцияға К.Юдахин, Н.Шимдт, Е.Поливанов, И.Тоқтыбаев, Т.Шонанұлы, Ә.Сыздықов, Ж.Тілепбергенов, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы, І.Қабылов, Қ.Жұбанов, О.Жандосов, Н.Вундцетель, Ә.Байділдин т.с.с. қатысқан. Жиынды басқарғандар – К.К.Юдахин, Ә.Байділдин, І.Қабыловтар. Хатшылары – Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Э.Вундцетель. Конференцияда алғашқы сөзді бастаған – Халық ағарту комиссариатының ғылыми-әдістемелік кеңесінің ғылыми қызметкері Т.Шонанұлы. Баяндамашы қазақ жазуына фонетикалық ұстаным басшылыққа алынатынын ескерте келіп, қажет болған жерінде морфологиялық ұстаным да басшылыққа алынатынын айтады. Зерттеуші қазақ тілінде сөз *б, г, ғ, д* дыбыстарына бітпейтінін ескерте келіп, қазақ сөздеріне қолданылатын емле (орфография) шет тілден енген сөздер үшін де сақталуы керектігін, жат сөздерге бөлек емле түзудің қажеті жоқтығын айтады. Бұл ретте ғалым А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров, Қ.Кемеңгерұлы сынды алаш зиялыларының ұстанымдарын негізге алғаны байқалады. Конференция барысында айтылған ұсыныстар мен өзгеріс-толықтыруларды тезиске енгізу үшін 7 адамнан тұратын комиссия құрылады. Комиссияға Ә.Байділдин, К.Юдахин, Е.Омаров, Н.Э.Вундцетель, Қ.Жұбанов, И.Тоқтыбаев, Н.Шимдт сайланады. Е.Омаров Ә.Байділдиннің орнына І.Қабыловты ұсынады. Алайда І.Қабылов бас тартуына байланысты комиссия бұрынғы құрамымен жұмысына кіріседі. Комиссия құрамында қазақ тілінің білгірлері, мамандар болмауының салдарынан конференцияда қазақ тіліндегі норма өрескел бұзылады. А.Байтұрсынұлы бұл конференцияға Алматыдан арнайы келгенмен, пойыздан түскен бойда тұтқындалады. Қ.Кемеңгерұлы комиссия құрамына сайланбайды. Қ.Жұбанов конференцияда хатшылық қызмет атқарады. Конференцияда К.Юдахин бастаған бір топ қайраткер қазақ тілінің заңдылықтарын өрескел бұзған. Е.Омаров қазақ тілінің заңдылықтарына сүйене отырып, ойтұжырымдарын негіздегенмен, конференцияға қатысушылар көпшілік дауыспен шешіп, құлақ аспай қояды. Сондықтан Е.Омаров мен Қ.Кемеңгерұлы қарсылық білдіріп, шығып кетуге мәжбүр болады. Комиссияның құрамында Қ.Кемеңгерұлы болмағандықтан, оның қарсылығы ескерілмейді. Сондықтан қазақ тілінің заңдылықтары әбден бұрмаланған тұста Е.Омаров ғана қарсы болып отырады. Ғылыми-орфографиялық конференцияда жаңа қазақ орфографиясы қабылданады. Бұл ережеде сол кезге дейін қалыптанып қалған қазақ тілінің жүйесі бұзылып, әркім түрліше жазуға жол беріледі. 1935 жылы Мемлекеттік терминкомның бюллетенінде Қ.Жұбанов 1929 жылғы конференцияның қате тұжырымдар қабылдағанының кесірінен «коммунист» сөзінің өзі 16 түрлі жазылып жүргенін жазады.

1924-30 жылдары ұсынылған жобалар – латын әліпбиіне көшу кезінде ұсынылған жобалар. Н.Төрекұловтың жобасы. Латын графикасы негізінде әліпби

жүйесін алғаш түзген қазақтың дарынды дипломаты Н.Төреқұлов. 1924 жылы Мәскеу қаласында «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында өзінің жобасын көрсетеді. Жобада 28 дыбысқа 28 әріп арнаған. Дауысты дыбыстардың жіңішке вариантарын автор дәйекше арқылы айыруға болатындығын көрсетеді. Мыс., *оп (он) – оп'(өн), ип (ұн) – ип'(үн)* т.б. Кірме сөздер арқылы енген «ф», «ч» дыбыстарына әріп арнайды. Мыс., *fylosofya (философия), сетруоп (чемпион).* Алдыңғы жобасынан екі әріпті қысқарта отырып, Н.Төреқұлов осы жылы 25 әріптен тұратын жоба ұсынады. Жобада «ч», «ш» әріптерінің мәні өзгертілген және «ғ», «ө» таңбалары қысқартылған. *Х.Досмұхамедұлының жобасы.* 1924 жылдың басында Х.Досмұхамедұлы бір дәйекшеден құрылған жоба ұсынады. Ғалымның бұл жобасы «Ақ жол» газетінде жарияланған. Х.Досмұхамедұлы тілдегі дыбыстарды таңбалау үшін еуропа үлгісін негізге ала отырып, латын графикасынан өзгеріссіз 14 таңба алады. Олар: a, b, d, g, k, l, m, n, o, p, r, s, t, z. *М.Мырзаұлының жобасы.* 1924 жылы М.Мырзаұлы үйренуге жеңіл, қолдануға қолайлы болуы үшін қазақ тілі дыбыстарының жуан-жіңішке болып жұп құрауын негізгі критерийлердің бірі ретінде алу қажеттілігін айта отырып, латын әліпбиіне негізделген жоба ұсынады. *Ә.Байділдаұлының жобасы.* Жоба 27 әріп, бір дәйекшеден құрылған. Ә.Байділдаұлы өзінің 1927 жылы жазылған «Жаңа әліпби туралы» атты кітабында Мәскеу қаласындағы «латыншылдар» ұйымының ұсынған жобасын көрсетеді. Бұл жобада қазақ тілінің дауысты дыбыстарының жіңішке вариантары дәйекше арқылы ажыратылады. Мыс., *ана – апа; ән – 'ап.* Ұсынылған әліпби жобасының тағы бір ерекшелігі мұнда /ə/ таңбасы <ы> және <і> фонемаларын белгілеуге жұмсалады, мыс., *ədəs – ыдыс, sabərmen bayqa – сабырмен байқа.* Сонымен қатар, орыс тілінің «ч», «ф» әріптеріне таңба беріледі. *Т.Шонанұлының жобасы.* 1927 жылы «Тілші» газетінде Т.Шонанұлының әліпби жобасы ұсынылады. Т.Шонанұлы әріптердің бас түрін алмайды. Аталған әліпби жобасы 15-16 түркі тілдес халықтардың әліпбиімен салыстырыла түзілді деп баяндай отырып, ғалым әліпби түзудегі негізгі принциптерді көрсетеді: «Жаңа әліппені алғанда қазақ тілінің үндестік заңы пайдаға асырылсын. Өйткені қазақ әліпбесінің дауысты, дауыссыз дыбыстары, жуан, жіңішке болып екі түрлі айтылады. Әр дыбыстың жуан жіңішке түрлеріне дербес арнаулы әріп алынса, әліпбедегі таңба 48 шамасы болады. Үндестік заңын қолдансақ, әліппедегі әріптеріміз 24 қана болады. Жіңішке сөз алдына дәйекше қойылады да, ол болмаған сөз жуан оқылады. Жаңа әліпбе әріптерінің түрі де, аталуы да жер жүзіне ортақ түрде алынсын. Бір дыбысқа бір таңба ғана таңба алынсын». 1928 жылы Жоғарғы Орталық Комитеттің ұйымдастыруымен Бакуде бүкіл түркі тілдес халықтардың әліпби жобаларын сараптауға арналған жиын өткен. Әр елден келген өкілдер өз елдерінде болып жатқан жағдайды баяндай отырып, әліпби жобаларымен таныстырады. Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгіруұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының бірлесіп жасаған жобасы. Конференцияға (Баку) Қазақстан атынан барған О.Жандосов 1928 жылға дейін қабылданған жобалардың авторларымен бірлесіп жасалған әліпби жүйесімен

таныстырады (Жоба Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының қатысуымен жасалған): a /a/, в /б/, c /ш/, ç /ж/, d /д/, e /e/, g /г/, q /ғ/, h /х/, i /і/, k /к/, q /қ/, l /л/, m /м/, n /н/, ŋ /ң/, o /o/, ө /ө/, j /й/, p /п/, r /р/, s /с/, t /т/, u /ұ/, u /у/, y /и/, z /з/, ь /ы/. Жобада дауыссыз «қ», «к»; «ғ», «г» дыбыстарына, дауысты дыбыстардың жіңішке варианттарына жеке-жеке таңба арналады, ал дауысты, жіңішке «ə» дыбысы арнайы таңба арқылы белгіленбейді. Сондықтан «ə» фонемасын да арнайы жеке таңбамен белгілеу қазақ зиялы топ өкілдерінің арасында талқылатып, көпшілігі еуропа стандартына сай келетін «ä» таңбасын ұсынады. Бірақ бұл таңба бүкіл түркі халықтары үшін унификацияланған әліпби жүйесіне сәйкес келмейтіндіктен «ə» таңбасы алынады. Сонымен әліпби жүйелерін салыстыра келе, қазақ тілінің төл дыбыстарын бейнелейтін 29 таңба алынады. Осыдан кейін ресми түрде барлық мерзімді басылым беттерінде қазақтың жаңа әліпби жүйесі жарияланады. Жалпы бұл әліпби ұлттық жазу негізінде құрылды. Ал ұлттық жазу дегеніміз – ана тілдің дыбыстық жүйесінен ауытқымайтын, ережесі де, әліпбиі де ұлттық дыбыстардың негізінде болатын жазу түрі.

Р/с		Н.Төрекұлов жобасы	Х.Досмұхамедұлының жобасы	М.Мырзаұлының жобасы	Т.Шонанұлының жобасы	Ә.Байділдаұлы, Т.Шонанұлы, І.Қабылұлы, І.Жансүгірұлы, Ш.Тоқжігітұлдарының бірлесіп жасаған жобасы
1	А а	A a	A a	A a	A a	A a
2	Б б	B в	B в	B в	B в	B в
3	Г г	G g	G g	G g	G g	G g
4	Ғ ғ	Ğ ğ				Q q
5	Д д	D d	D d	D d	D d	D d
6	Е е	E e	E e	E e	E e	E e
7	Ж ж	J j	J j	J j	J j	ç
8	З з	Z z	Z z	Z z	Z z	Z z
9	И и	Iiy	I i	I i	I i	Y y
10	Й й					j
11	К к	K k	K k		K k	K k
12	Қ қ	Q q		C c	Q q	Q q
13	Л л	L l	L l	L l	L l	L l
14	М м	M m	M m	M m		M m
15	Н н	N n	N n	N n	N n	N n
16	Ң ң	Ņ ŋ	Ņ ŋ	Ņ ŋ	Ņ ŋ	Ņ ŋ
17	О о	O o	O o	O o	O o	O o
18	Ө ө	U u	Ө ө			Ө ө

19	П п	P p	P p	P p	P p	P p
20	Р р	R r	R r	R r	R r	R r
21	С с	S s	S s	S s	S s	S s
22	Т т	T t	T t	T t	T t	T t
23	У у	Wwv		U u	V v	U u
24	Ұ ұ	u	U u	Ü ü	U u	U u
25	Ф ф	F f	F f			
26	Х х	X x	ch			H h
27	һ h	H h	H h	H h	H h	
28	Ч ч	C c	tsh			
29	Ш ш	Çç			C c	C c
30	Щ щ		Sh			
31	Ы ы	Ә ə		Î î	Y y	ь
32	І і		Y y			i
33	дәйекше	’	’	ь	’	

1930 жылы қабылданған қаулы – 1930 жылы 2 маусымдағы Қазақстан Орталық Атқару комитетінің бас әріпті қолдану туралы қаулысы. Қаулыда адам, өлке, ауыл, қала, көше, теңіз, тау, жер, су, қоғам, мекеме, ұйым, мектеп, кітап, газет, журнал аттары және қысқарған сөздер мен жаңа сөйлем бас әріппен жазылатыны көрсетілген.

Бірыңғай Солтүстік әліпбиі – КСРО Қиыр Солтүстік және Сібір халықтарының жазуына арналған латын графикалы әліпби. Алғашқы нұсқасында негізгі 32 әріп болған: a, в, c, ç, ʒ, d, e, ə, f, g, h, i, j, k, l, m, n, ŋ, o, p, q, r, s, ş, t, u, v, w, x, y, z, ь. Б.с.ə. диакритикалық таңбалар – жіңішкелікті білдіретін әріпасты таңбалар, апостроф, дефис, қос нүкте, макрон қолданылған. 1930 жылы К.Мыльникова мен С.Форштейн Хабаровскіде Б.с.ə. балама нұсқасын дайындады: a ą o ǫ u ų e ę ə ь i y n ŋ r ʟ ł m s ş z ƶ ʒ ç c d t f v w b p q ɋ h ɧ k ƙ. Бұл нұсқада тильда, акут қолданылды. 1932 жылғы жалпыресейлік конференцияда Б.с.ə. қайта қаралды. Жекелеген әріптердің кескіні нақтыланып, әліпби құрамы жетілдірілді. Б.с.ə. 16 тілде қолданылды: саам, ненец, селькуп, мансий, ханты, эвен, эвенк, нанай, удегей, ителмен, чукот, коряк, эскимос, әлеут, кет, нивх. 1935 жылы ОАК (ЦИК) Президиумы Б.с.ə. бас тартты, солтүстік халықтардың жазуын кирилге көшіру жөнінде шешім қабылдады. 1937 жылы солтүстік халықтардың 16 тілінің 13-і кирилге көшті, ал ителмен, кет, әлеут, саам, удэгей тілдері жазусыз қалды. Аталған тілдер 1970-1990 жылдары аралығында ғана кирил жазуымен жаза бастады.

Вв

В әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <в> фонемасы /в/ әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол /v/ әрпімен таңбаланған. Бұл таңба латын әліпбиінде XVI ғасырға дейін дауысты U дыбысы мен дауыссыз V дыбысының мәнін берген. Бір таңба екі дыбыстың мәнін бергендіктен, сөздердің мағынасын ажыратуда қиындық келтіруіне байланысты XVI ғасырдан бастап дауысты U жеке графема ретінде және дауыссыз V жеке графема ретінде таңбаланған. Ал V таңбасы қазақ әліпбиінің құрамына 1938 жылғы «Қазақ әліппесі мен орфографиясын біраз өзгерту туралы» қаулының негізінде енгізілген. Қазақ тілінің қорында /В/ әрпінен басталатын сөздер жоқ, ол көбінесе шет тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Әріптің атауы – вы.

В дыбысы – ерін-ерін, тоғысыңқы, тербеліңкі (ұян) дауыссыз дыбыс. Қос еріннің бір-бірімен тоғысуы арқылы жасалып, дауыс желбезегі жартылай тербеледі. Кірме сөздерде жазылады: *вагон, велосипед, вокзал, аквариум.*

Ва жазуы – австроазиялық тілдер тобына жататын ва тілінің жазуы. Қытайда, Мьянмада және Таиландта ва тілін жазу үшін қолданылады. В.ж. үшін келесі әліпбилер қолданылды: 1) Мьянмада 1930 жылдары пайда болған «Библиялық әліпби». 2) Қытайда 1950 жылдары жазылған «Қытай «әліпбиі». 3) 1980 жылдан бастап Мьянма мен Таиландта қолданылған «Қайта қарастырылған библиялық әліпби». 4) 2000 жылдары қолданыста болған жазу жүйелерін біріктіру мақсатында ұсынылған «Бірыңғай әліпби». В.ж. американдық миссионер Маркус Винсент Янг 1930 жылдардың басында ойлап тапқан. Бұл «Библиялық әліпби» деп аталды. Бұл әліпбиі қазіргі күнге дейін ва-христиандар арасында Мьянмада кең таралған. Стандартты латын әліпбиінің барлық әріптері қолданылған, тек *f, x, z*, таңбалары болмаған. Соңғы уақытта библиялық әліпби бірқатар өзгерістерге ұшыраған. Бұл нұсқаға макрон диакритикасы енгізілген. 1955 жылы Юньнань провинциясында жаңа ва әліпбиін құрастыру жұмыстары басталды. 1957 жылғы конференцияда жаңа әліпби провинция үкіметімен мақұлданған. Бұл әліпби латынға негізделді, бірақ әліпбиге қосымша *ŋ э ɵ л ь* таңбалары енгізілді. Алайда 1958 жылы ва әліпбиін графикалық тұрғыдан пиньинь жазуына ұқсас болсын деген шешім қабылданды. 1980 жылы В.ж. жетілдірілді.

Вавилон мұнарасы – тілдердің шығуына байланысты аңыздарда кездесетін атау. Кеңінен тараған діни аңыздарға қарағанда ертеде Қосөзеннің арасында орын тепкен Вавилонның билеп төстеушісі халыққа зәулім мұнара салдырады. Ондағы мақсаты көкке көтеріліп, Құдайға жақындау болады. Зәулім мұнара көкке тірелуге аз қалғанда Жаратушы адамдардың астамшылығына наразы болып, мұнара салушылардың тілін сапырылыстырып, бірін-бірі түсінбейтін етіп жіберген делінеді. Сол себептен Вавилон билеушісінің таяғының астында жұмыс істегендер ығы-жығы, бей-берекет, ауыр халде тіршілік кешеді. Осыдан кейін «Вавилон сапырылысы» туралы аңыз қалады. Құрылысшылар бір-бірінің тілін түсінбегендіктен, құрылыс одан әрі жүрмей, «Вавилон мұнарасы» бітпей қалады, құрылысшылар жан-жаққа тарап кетеді. Жер бетінде көп тілдердің пайда болуы осы оқиғадан бастау алады деген түсінік қалыптасқан. Аңыздарда айтылып жүрген Қосөзен, Евфрат пен Тигр арасында орналасқан Вавилон қазіргі Ирак территориясында.

Ваи жазуы – Либерияда кеңінен таралған ваи тілінің жазуы. Оны либериялық Момолу Дувалу Букеле жасаған. Алғаш В.ж. жазылған құжаттар 1830 жылдары пайда болған. Қазір В.ж. чероки жазуының әсерінен даму мүмкіндігі туралы теориялар да бар. В. – буындық әліпби. Таңбалар солдан оңға қарай, дауыссыз-дауысты буын ретімен жазылады. Әуелде буындарға арналған жеке таңбалар (мыс., мұрын жолды дыбыспен аяқталатын *don*, созылыңқы дауыстымен *soo,* дифтонг *bai*), *bili және sɛli* буындары болған. Қазіргі жазуда бұлар жоқ. Қажетті таңбалар әліпбиде бар әріптерге қосымша белгілер (нүкте, дәйекше) беру арқылы жасалды.

Вайлидің транскрипциялық жүйесі – тибеттік әліпбиді латын әріптерімен транслитерациялау жүйесі. Қытай стандарты – пиньинь сияқты тибет мәтінін компьютерге енгізу үшін қолданылады. Бұл атауды енгізген Вашингтон университетінің тибетологы – Т.Уайли. Ол 1959 жылы осы жүйені стандарттаған, АҚШ-та үйрету жолдарын стандартқа айналдырған.

Варанг-кшити жазуы – австроазиялық тілдер тобына жататын хо тілінің буын жазуы. Үндістанның Джарханд, Бихар және Орисса штаттарында қолданылады. В.-к.ж. христиан миссионерлері қауымдастығының басшысы Лако Бодра жасаған және жазба жүйелеріне балама ретінде ойлап тапқан. Әліпбиі «Ом» әрпінен басталады. Ол ерекше мистикалық мағынаға ие, яғни әлемді құрудың алғашқы дыбысы. Әліпби 32 әріптен тұрады (кіші және үлкен әріптер ажыратылады), солдан оңға қарай жазылған.

Венгр әліпбиі – венгр тілінің әліпбиі. В.ә. 40 әріп бар: 14 дауысты, 26 дауыссыз. В.ә. *q*, *w*, *x* әріптері негізінен кірме сөздерде ғана қолданылады. В.ә. gy, ly, ny, ty, sz, zs диграфтары және олардың қосарланған ggy (dj, gyj), lly, nny, tty, ssz, zzs нұсқалары бар. Дауысты дыбыстар мен буындары анық айтылады. Дифтонгоид дыбыстары, яғни *ó*, *ő*, *ű* дыбыстарымен *u*, *é* – мен *i* дыбысы селбесіп естіледі. Дауыстылары қысқа (*a*, *e*, *i*, *o*, *ö*, *u*, *ü)* және созылыңқы (*á*, *é*, *í*, *ó*, *ő*, *ú*, *ű*) болады. Дауыстылары тіларты (*a*, *á*, *o*, *ó*, *u*, *ú*) және тілалды (*e*, *é*, *i*, *í*, *ö*, *ő*, *ü*, *ű*) дыбыстары болып бөлінеді. Венгр тілінің консонантизмі жіңішке дауыссыздармен сипатталады (*ny* [н'], *ty* [т'],

gy [д']), шұғыл және қатаң дауыссыздары тілалды дауыстыларымен, яғни *nye, tyi* ғана емес *ne, ti* түрінде де тіркесіп қолданылады.

Aa	Áá	Bb	Cc	Cs cs	Dd	Dz dz	Dzs dzs
Ee	Éé	Ff	Gg	Gy gy	Hh	Ii	Íí
Jj	Kk	Ll	Ly ly	Mm	Nn	Ny ny	Oo
Óó	Öö	Őő	Pp	Rr	Ss	Sz sz	Tt
Ty ty	Uu	Úú	Üü	Űű	Vv	Zz	Zs zs

Венгр руналары – XI ғасырдың басына дейін, кейбір деректерде XIX ғасырдың ортасына дейін венгрлер қолданған руналық жазу. В.р. көне түркінің орхон жазуларынан шыққан. Бұл жазу үлгілері Венгрия, Чехия, Румыния территорияларынан табылған. В.р. Чехия территориясынан 1483 жылы табылған нұсқасында 46 таңба бар.

Веп жазуы – фин-угор тілдер тобына жататын веп тілінің жазуы. Ресейдегі Карелия, Вологда, Ленинград облыстарында тұратын халық қолданады. XX ғасырдың басына дейін веп тілінің жазуы болмаған. В.ж. бірнеше рет реформаланған. 1917 жылға дейін кирилге негізделген жазуды құрастыру жұмыстары жүргізілген. 1937 жылға дейін латын графикалы жазуды қолданған. 1937-1989 жылдары жазуы болмаған. 1989 жылы латын графикалы жазу қайта жаңғыртылды. Осы жылдың 20-сәуірінде Карель АКСР Министрлер Кеңесімен веп әліпбиі бірден екі негізде – кирил және латын графикасымен бекітілді. 2007 жылы Карелия Республикасының «Карель және веп тілдерінің әліпбилерін бекіту жөнінде» шыққан қаулысынан соң ғана 1989 жылғы латынға негізделген әліпбиді қолдану тәжірибесі заңды түрде бекітілді.



Вестерман Дидрих (1875-1956) – неміс миссионері, лингвист, XX ғасырдың 1-жартысындағы тропикалық Африка тілдерін меңгерген алғашқы еуропалық ғалымдардың, сондай-ақ қазіргі африкалық зерттеулердің негізін қалаушылардың бірі. Африка тілдерінің фонетикасы мен жазуын зерттеген, генетикалық классификациясы мен грамматикалық сипаттамаларын жасаған зерттеуші. Американдық Дж.Гринбергтің топтастыруы пайда болғанға дейін В. нұсқалары толығымен құптарлық болып келді. Гринберг те В. көптеген

көрсеткіштерін сол қалпында сақтап қалды. Негізгі еңбектері: «Эве тілінің грамматикасы», «Судан тілдері», «Либериядағы кпелл тілі», «Африкадағы тілдік қатынастар мен туыстық қатынастар», «Африка тілдері студенттеріне арналған практикалық фонетика».

Винча мәдениеті – неолит дәуірінің солтүстік балқан археологиялық мәдениеті (Ежелгі Еуропа, Б.з.д. VI-V ғ.). В.м. алғаш болып 1908 жылы серб археологі Милое Васич ашқан. 1961 жылы румыниялық археолог Н.Власса Трансильваниянын Винча – Турдаш Тэртэрия мәдениеті табылған елді мекенінде шұңқырдың ішінен адам денесінің сүйектері мен антроморфты мүсіндер, үш кішкентай суретті таңбалары бар саз балшықтан жасалған тақтайшаларды тапқан. Таңбалары ежелгі шумерлік пиктографиялық жазуға ұқсас келеді.

Волапюк немесе воляпюк (volapük. «*vol*» – әлем, «*pük*» – тіл, яғни әлемдік тіл) – 1879 жылы неміс католик дін қызметкері Иоган Мартин Шлейер жасаған халықаралық жасанды тіл. Қазір В. Ари де Йонгтің 1929 жылы реформалап, 1931 жылы жариялаған нұсқасы қолданылып жүр. В. әліпбиі латын графикасына негізделіп жасалған, барлығы 27 таңбадан тұрады. Әліпбиде 8 дауысты, 19 дауыссыз дыбыс бар.

a	ä (ɑ)	b	c	d	e	f	g
h	i	j	k	l	m	n	o
ö (ɔ)	p	r	s	t	u	ü (ʉ)	v
x	y	z					

Волофал – араб жазуының волоф тіліне өзгеруі. Волоф тілі үшін қолданылатын аджам жазуының атауы. 1960-1974 жылдары енгізілді. Әліпби 25 әріп пен 7 диакритикадан тұрады. В. волоф тілін жазудың алғашқы нұсқасы. В. әлі күнге дейін көптеген халық волоф ислам мәдениетінің символы ретінде қолданады. Сенегалда волоф ұлтаралық қарым-қатынас тілі ретінде танылады. В. 1960 жылы африкалық жергілікті тілдерді оқыту мұғалімдері қозғалысының президенті Асан Файе жасаған. Бұл өнертабыс Сенегалда (Senegaal) латын жазуын енгізудің басталуымен бір уақытта пайда болды. 1974 жылдан бастап волоф халқы ресми түрде латын әліпбиін қолданады.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ёё	Ff	Gg
Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Ññ
Ŋŋ	Oo	Pp	Qq	Rr	Ss	Tt	Uu
Ww	Xx	Yy					

Вульфила – гот әліпбиін құрастырған гот епископы. Ежелгі шіркеулік тарихшылардың Қасиетті Жазуды немесе еврей Библиясын гот тіліне аударуы. Аударма жасау үшін алдымен, гот тілінің барлық дыбысын және Қасиетті Жазуда кездесетін жалқы есімдерді білдіретін әліппе жасау керек болды. Готтардың өзіндік сына жазуы болған. Бұл, бір жағынан, жеткіліксіз болды, екінші жағынан, готтардың пұтқа табынатын салт-дәстүрлерімен сәйкес келмеді. Осыған сәйкес Вульфила өз дәуіріндегі грек жазуына негізделген, латын және сына әліпбилерінің кейбір таңбасымен толықтырылған әліппе жасады. Діни кітаптың гот тіліне аударылған нұсқасы түпнұсқаны дәлме-дәл қайталамағанымен, құрылымы жағынан өте ұқсас. Вульфила гот тілінің бар байлығын пайдалана отырып, гот жазуының одан әрі дамуына негіз болған неміс прозасының озық үлгісін жасады.

Гг

Г әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <г> фонемасы Гг әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Gg әрпімен таңбаланған. Кирил графикасындағы /Г/ графемасының бейнесі гректің (Г) гамма деп аталатын бас әрпінің негізінде жасалған. Бұл әріп латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – гі.

Г дыбысы – тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссыз дыбыс; тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады (сөз ортасында жуысыңқы болып айтылады), жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы (жуысыңқы) дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы (жуысыңқы), ұяң дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінің төл дыбыстарының басы мен ортасында ғана кездеседі, сөз соңында кездесімі жоқ. Сөз басында тоғысыңқы *гүл, гу,* сөз ортасында жуысыңқы *бүгін, егін* болып дыбысталады.



Габельсбергер Франц Ксавер (1789-1849) (неміс. Franz Xaver Gabelsberger) Стенографияның негізін қалаушы және оның жаңа жүйесін ойлап тапқан адам. Тілдерді үйренумен, мнемотехникамен, пазиграфиямен, криптографиямен айналысты. Бұл ілімнің барлығы Г. стенографиядағы жаңа бағыттарды зерттеуге жол ашты. «Немістің сөйлеу өнеріне арналған нұсқаулық» (Мюнхен, 1834, 1850 ж.), «Жаңа кереметтер» (Мюнхен, 1843, 1850 ж.), «Стенографиялық оқулық» (Мюнхен, 1838 ж.) еңбектері жарық көрді. Соңында қалған шәкірттері «Габельсбергтің стенографиялық қоғамын» құрып, зерттеу қағаздарын жинақтап, «Стенографияны меңгеру» деп аталатын басты еңбегін өңдеп, жарыққа қайта шығарды (Мюнхен, 1850 ж.).

Габон тілдеріне арналған ғылыми әліпби – габон тілдерін жазуға арналған біріктірілген әліпби. 1989 жылы жасалды, 1999 жылы реформа енгізілді. Габон тілдеріне арналған ғылыми әліпбидің негізін салушы – Андре Рапонда-Уокер. 1932 жылы бұл әліпбиде дауысты дыбыстары үшін келесі таңбалар болды: a, e, è, i, o, ȯ, u, ü; дауыссыздар үшін b, c, ĉ, d, f, g, ġ, h, j, k, l, m, m̃, ñ, ṅ, p, q, r, ṙ, s, t, w, ẅ, x, y, з таңбалары қолданылды. Таңдай ортасы дауысты дыбыстары әліпбиге енгізілмеген. Олар жазуда әріптердің ортасына сызық қою арқылы беріледі, мәселен: Ɨ ɨ, Ʉ ʉ. Палатализация дауыссыз дыбыстан кейін тұратын у арқылы белгіленді (ny, ty, dy). Лабиалданған-велярлы дауыссыздар kp, gb диграфтарымен белгіленді, ал аффрикаттар үшін pf, bv, ts, dz диграфтары қолданылды. Мұрын жолды дыбыстар үшін әріпасты тильда (ą), созылыңқы дауыстылар екі әріптің қосарлануы (аа, әә, ее) арқылы, ал қысқа дауыстыларға (ą, ə, ę) әріпасты қысқа белгісі қойылды.

Гавай әліпбиі – XIX ғасырдың басында американдық протестанттық миссионерлер ағылшын тілінің әліпбиіне бейімдеген әліпби. 1822 жылы осыған ұқсас жаңа жаңазеландиялық жүйеге негізделген жазу жүйесін американдық протестанттық миссионер Элишей Лумис әзірлеп, басып шығарды. Түпнұсқа әліпби бес дауысты (a, e, i, o, u) және он екі дауыссыз (b, d, h, k, l, m, n, p, r, t, v, w) дыбыстардан тұрады. Ол Рі-а-ра 6-8 беттік буклетте басып шығарылған, онда әліпбиден басқа, сондай-ақ емле сабақтары мен оқуға арналған топтамалар бар. Заманауи ресми Г.ә. 13 әріптен тұрады: 5 қарапайым дауысты: Aa, Ee, Ii, Oo, Uu және 8 дауыссыз: Hh, Kk, Ll, Mm, Nn, Pp, Ww, ʻокина (қатаң дыбысты білдіреді). Сонымен қатар 5 өзгертілген әріп бар (макрондармен), олар созылмалы дауыстылар үшін пайдаланылады: Āā, Ēē, Īī, Ōō, Ūū.

Гаевица – хорват тілінің латын графикасындағы әліпбиі. XIX ғасырда хорват Ренессансының көрнекті өкілі Людевита Гай жасаған. Сондықтан бұл әліпби соның есімімен аталады. Қазіргі кезде Г. серб, хорват, босния, черногор, словен тілдері қолданады. Г. әліпбиі 30 таңбадан тұрады. Базалық латын әліпбиінің Q, X, Y, W таңбалары әліпбиге енбейді, тек шет тілдерінен кірген сөздерде ғана қолданылады. Г. дауысты және дауыссыз дыбыстардың саны осы әліпбиді қолданатын тілдердің өзіндік ерекшеліктеріне байланысты. Яғни оны қолданатын тілдер үшін бұл әліпбиде кейбір ерекшеліктер болады.

Гаплология (грек. *«haploos»* – жеке, жай, *«logos»* – ілім) – сөз ішіндегі біркелкі буындардың біреуінің түсіріліп айтылуы: *балалар (баллар, балдар); араластыр (арластыр); буылдыр (бұлдыр).* Қазақ тілінде бұл құбылыс ауызекі сөйлеу тілінде жиі кездесетін комбинаторлық өзгерістер қатарына жатады. Сонымен қатар көркем шығармада да стильдік мақсатта қолданылады. Көптеген ғалымдар бұл дыбыстық өзгерістерді ықшамдалу құбылысының нәтижесі ретінде қарайды. «Қазақ грамматикасында» гаплологияны кірігу жолымен ықшамдалған сөздер ретінде береді. Оған *буырқан (бұрқан),*

барғаннан соң (барған соң), келгеннен соң (келген соң), барады ма? (бара ма?), Әбділда (Әбілда), Әбдісаттар (Әпсаттар), кешкетұрым (кешқұрым) секілді қолданыстарды жатқызады.

Гачек – ағылшын тіліндегі caron, чех тіліндегі háček – ілмек деген ұғымдардан шыққан. Латын графикасына негізделген тілдерде кей әріптердің үстінен қойылатын, әріпүсті диакритикалық таңбасы (ˇ). Әдетте қандай да бір әріпке диакритикалық үстемелер оған дыбыстық мазмұн қосу үшін қойылатыны белгілі. Г. диакритикасы әліпбилер тәжірибесінде ызың және аффрикат дауыссыздарды таңбалауға жұмсалады. Г. диакритикалық үстемесіне хорват (č, dž, š, ž), чех (č, ř, š, ž), словак (č, dž, ň š, ž), эстон (š, ž), саами (č, š, ž.), т.б. тілдер әліпбилерінде орын берілген.



Гаюи Валентин (1745-1822) – француз педагогы, «унциал» шрифтін жасаушы, полиглот. 1784 жылы өзінің үйінде, жеке қаражатына зағип балаларға арналған дүниежүзіндегі ең алғашқы мектепті ашқан. «Зағип еңбекшілердің шеберханасы» аталған осы мектепте зағип балаларды оқытудың әдістемесін жасап, олардың оқу үшін «унциал» шрифтін жасады. Г. сызықты-бедерлі шрифтпен кітап басу ісін де қолға алып, мектеп жанынан баспахана ашты. Бұл – зағип адамдарға арналған баспа өнімдерін шығаратын тұңғыш баспахана болды. Осы баспаханадан шыққан кітаптарды зағип адамдар 1824 жылы Луи Брайльдың алты нүктелі шрифті табылғанша қолданып келді.

Гвиней ұлттық әліпбиі – гвиней тілдеріне арналған әліпбидің жалпы атауы. Ол 1976 жылы жасалып, 1989 жылы реформаланды. Әліпби манинка, сусу, фула, кпелле, киси, лома, ваней және басари тілдерінің жазба жүйелерін қамтиды. Г.ұ.ә. 25 әріпті стандартты латын әліпбиін (бұдан q), сондай-ақ мынадай қосымша белгілерді: Ɓ ɓ, Ɗ ɗ, Ǝ ə, Ɛ ɛ, Ɠ ɠ, Ɨ ɨ, Ɲ ɲ, Ŋ ŋ, Ɔ ɔ, Ʃ ʃ, Ʊ ʊ, Ƴ ƴ қамтиды. Сонымен қатар әліпби құрамына gb, gw, hn, hw, kp, kw, nb, nc, nd, ng, ngw, nj, nk, nkw, NP, nw, RH ди және триграфтар кіреді.

Геба – тибет-бирма тілдері тобына жататын наси тілінің буындық жазуы. Наси тілі Қытайдың оңтүстік-шығыс бөлігінде тұратын наси халқының тілі. Г. қытай тілінен алынған атау. Г. кейбір таңбалары қалыпты жазуды, кейбір таңбалары қытайдың иероглифтарын еске түсіреді.

Гексаграф (грек. *«ἕξ»* – алты, *«γράφω»* – жазамын) – дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана дыбыстық мазмұнды білдіру үшін жұмсалатын алты таңбадан құралған графема. Жазу-сызуда қиындық тудыратын, өте сирек кездесетін құбылыс, мысалдарды ирланд тілінен табуға болады: /әį/ дыбысын беретін *eidhea, eighea, oidhea, oighea* әріптіркестері; *oidheanna* – *«тағдыр»*, *Baoighealláin* – *Бойлан*, кісі есімі. Неміс тілінде *Eschscholz* есімінде кездесетін алты әріптен құралған *schsch* әріп тіркесі Г. мысалы бола алмайды. Себебі бұл қосарланған *sch* тригафы, алдыңғы дауысты дыбыстың қысқалығын білдіру үшін қолданылады.



Гельб Игнас Джей (1907-1985) – тегі поляк американдық тілтанушы ғалым. Бұрынғы Австрия-Венгриядағы Галиция және Лодомерия корольдығында туған. 1929 жылы Рим университетінде докторлық қорғаған. Чикаго университетінің профессоры. Жазу тарихы бойынша көптеген елдерге, соның ішінде венгрлердің тарихи отанын іздеп Орта Азияға да барған. Г. логографиядан бастап әліпбилік жазуға дейінгі тарихи кезеңдерді зерттеп, жалпы жазудың тарихын жазумен шұғылданған. Бұл бағытта оның «Жазуды зерттеудің тәжірибесі», «Жазу тарихы. Суретті жазудан әліпбиге дейін» зерттеулерінде ең көне замандардан бастап жазудың әліпбилік дәуіріне дейінгі үлгілері жан-жақты қарастырылған. Оның ғылыми еңбектері жазу тарихын зерттеушілерге үлкен ықпал жасады.

Геминацияланған дауыссыздар – бір сөзден екінші сөзді ажыратады. Бұл дауыссыз дыбыстар кірме сөздерде кездеседі. Геминацияланған дауыссыздармен келетін түбір сөздердің саны шектеулі. Атап айтсақ: мүдде, күллі, махаббат, әккі, ләззат, ләббай, жаннат, қисса, әлқисса, құдды, тәкаппар және т.б. геминацияланған дауыссыз дыбыстардың сөздердің құрамында кездесуі бір сөзбен екінші сөзді ажырату қызметіне байланысты болып келеді. Мысалы: оппа (оппа қар) – опа (опа бермеу), жаннат (жер жаннаты) – жанат (жанат ішік), қисса (қисса дастан) – қиса (етістік) т.б. Кейбір сөздердің геминацияланған дауыссыз арқылы берілуі дыбыстардың созылыңқы айтылуында болатын экспрессиялық мүмкіндікті пайдаланумен байланысты болады: махаббат, ләззат т.б. Қазақ орфографиясында шш геминатасының арнайы щ әрпімен таңбаланатын тұстары да бар. Бірақ қазақ тілінде бұлардың саны шектеулі; ащы, тұщы, кеще.

Гептаграф – (грек. *«επτά»* – жеті, *«γράφω»* – жазамын) дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана дыбыстық мазмұнды білдіру үшін жұмсалатын жеті таңбадан құралған графема. Жазу-сызуда ауыртпалық тудыратын, өте сирек кездесетін құбылыс. Г. мысалы ретінде неміс тілінің орыс сөздерін транслитерациялауда щ әрпін таңбалауға қолданатын schtsch әріптіркесін көрсетуге болады.

Гетерограмма (грек. *«heteros* басқа, өзге, *gramma* сурет, әріп, таңба) – бір тілдегі сөздің басқа тіл мәтініндегі аудармасын оқуға арналған таңба немесе таңбалар тіркесімі.

Гетерография (грек. *«heteros»* – басқа, өзге, *«grapho»* – жазамын) – бір тілде жазылатын сөздің бір бөлігін немесе тұтас сөйлемшелерін басқа тілге аударып оқығанда қолданылатын жазу тәсілі яғни белгілі бір графикалық таңба әртүрлі сөзде әртүрлі дыбыстарды білдіретін жазу. Г. алғаш рет Төменгі Месопотамияда пайда болған. Шумер сына жазуында сөздің негізі – идеограммамен, қосымшасы, көмекші сөздері буын мағынасын білдіретін таңбамен жазылған. Аккад жазуында сөз негіздері шумерше, қосымшалар мен көмекші сөздер аккадша аудармасы

қолданылған. Кейін аккад тілі үшін таза буын жазуы жасалған, бірақ аса қажет сөздер, кеңселік құжаттар, Құдайлардың аттары шумер идеограммасымен жазылған. Осылайша көлемі шағын ауыр қыш тақтада мәтін тұтастығы сақталған. Г. осындай түрі жапон жазуында да бар. Г. б.з.д. IV-VII ғасырларда Иран елдерінде қолданылған. Онда құжаттар арамейше жазылып, оны жоғары лауазымды шенеуніктерге иранша оқитын болған. Қазіргі зороастриялықтар Г. мәтіндердің гетерограммасын аудармай, бұрмаланған арамейше оқиды.

Гипертеза – бір буындағы дыбыстардың екінші буынға алмасып түсуі. Мұны кейде метатеза деп атайды немесе метатезаның алшақ түрі дейді. *Г.* кірме сөздерді игеруде орын алады. Мыс., неміс тіліндегі *Teller*, орыс тілінде *тарелка* болып игерілген, сондай-ақ *темпераре* – латын сөзі, француз тіліне *тремпер* болып ауысқан. Қазақ тіліндегі *қолғап* сөзі ауызша тілдегідей *қолбақ* түрінде жазылған тұстарды байқауға болады.

Глаголица – ең алғашқы славян әліпбиі. IX ғасырдың ортасында византиялық миссионер Константин Философ және Кирил грек тілінен көне славян тіліне діни мәтіндерді аудару үшін жасаған. «Глагол» атауы «сөз», «тіл» деген ұғымдарды береді. Г. таңбалардың әріптік реті кирил әліпбиіне ұқсас. Г. екі негізгі түрі болған. Оның біріншісі – Болгарияда таралған таңбалардың дөңгелекше түрі, екіншісі – Хорватияда таралған таңбалардың сүйірленген түрі. Қазір Г. Хорватияда діни шараларда қолданылады. Г. X ғасырда кирилица алмастырды.


Глоттогенез (грек. *«glotta»* – тіл, *«genesis»* – шығу тегі) – адамның табиғи дыбыстық тілінің қалыптасуы процесін зерттейтін ғылым саласы. Г. проблемасы – тілдің пайда болуының философиялық, әлеуметтік және психологиялық мәнін ұғынумен байланысты жалпы проблеманың жалғасы. Г. комплексті проблема ретінде лингвистикалық тәсілмен ғана зерттеледі (көбінесе салыстырмалы-тарихи тіл білімі мен тарихи типологиялық саласында). Он шақты макросемьяның ата тілдерін өзара салыстыру арқылы салыстырмалы-тарихи тәсіл – қазіргідей адам пішіндері (Homo sapiens sapiens) сөйлеген ата тілдің бұдан 100 мың жыл бұрын жеке диалектіге бөлінгенін, одан кейін келе бұдан 30-40 мың жыл бұрын ертедегі адамдардың Африкадан Еуразияға тарай қоныстануымен жеке тілдердің бөлініп шығуын зерттей отырып, о бастағы ата тілдің ықтимал формаларын анықтайды. Ал тарихи типология тәсілі негізгі тілдік категориялардың қалыптасуының ықтимал жолдарын ашуға септігін тигізді. Антропологиялық және соған жақын басқа да ғылыми тәсіл ертедегі неандерталь адамы (Homo sapiens) тілдің қазіргідей адам тектестің (Homo sapiens sapiens) айқын сөзді дыбыстық тіліне ауысу кезеңі бұдан жүз мың жыл бұрын болған деп шамалауға мүмкіндік береді. Неандерталь адамының сөйлеу тілінде көптеген дыбыстарды әсіресе дауыстыларды айқын ажырататын артикуляциялық алғы шарт (фарингалды белдеу) байқалмаған деген болжам бар. Алайда палеоневрологтардың пікірінше, бұлайшы айқын дыбыстамай,

міңгерлеп үн шығару – тым ертедегі (бұдан 400 – 500 мың жыл бұрынғы) синантроп адамына тән құбылыс. Бас миының сол жақ жарты сыңары адамның сөйлеуі үшін ғана емес, сондай-ақ қос қолдың қимылын үйлестіру үшін де қажет болатынын ескерсек, тым ертедегі адам пішінділердің дыбыс шығаруы үшін де, қолмен ым жасап белгі беріп тұруы үшін де қолмен ым жасап белгі беріп тұруы үшін де көп қызмет атқарғаны күмәнсіз. Адам тектес гоминидің, сондай-ақ тым ертедегі адамның (Homo sapiens) қол қимылымен, бет-пішінімен ым жасап сөйлесуі, кейінірек күрделі ұғымды білдіру барысында дыбыстық сөйлеу тіліне көшуде қажет еткен. Ым тілінің эволюциялық даму процесінің миллиондаған жылғы созылғаны күмәнсіз. Қолға үйретілген адам тектес маймылдардың ым жасау дағдыларын жіті бақылау осындай қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Адаммен қарым-қатынас арқасында антропоидтер, атап айтқанда, шимпанзе 200-дей, горилла 1000-дай ым жасау түрін меңгерген. Гоминидтердің осылайша саны шектеулі (40 шақты) әрі қысқа буынды үн шығырып, «ым тілін» күрделендіріп жетілдеруі 3 млн. жылға созылған. Адам тектілердің бұдан 40-400 мың жыл бұрын басталған эволюциялық дамуының соңғы кезеңінде ғана Г. орныққан. Тілдік зерттеу мәліметтерін үйлестіру, адамзат тілдерін салыстырыу, неандертальден бастап қазіргі Homo sapiens адамның сөйлеу мүшесінің жетілуін антропологиялық тұрғыда қалпына келтіру адамның арғы ата-бабаларының әуелгіде бас миының оң жақ сыңарындағы зона қалыптасқан деп шамалауға мүмкіндік береді. Нәрестенің бас ми қабатының осы жүйемен жетілуі сәбидің ым тілін танытатын қимыл-қозғалысымен қатар, буын саны аз, дыбысталуы жеңіл сөздерді қат-қабат айта беруі – Г. эволюциялық даму сатысын белгілі деңгейде қайталағандық. Антропиод адамның ымдау сигнализациясы дыбыстап белгі беруімен замандар бойы жарыса қолданылып келген. Кейін біртіндеп фонемаларды айқын жүйеге келтіру нәтижесінде жеке зат атауларын айта алатындай деңгейге жетуі аралығында ұзақ эволюциялық дәуір бар. Бұл бастапқы ата тілдің синтаксисі тым қарапайым болғаны анық. Тым ертедегі осы эволюция кезеңі өзінен бұрынғы гоминидтерден басты айырмашылығы самай мен маңдай сүйегі зонасының, бас миының сол жоқ бөлігінің дамып жетілуімен ерекшеленетін қазіргі адам пішіндестердің (Homo sapiens) өмірге келуімен сипатталады. Homo sapiens тілі өзінің басты белгілері жағынан қазіргі тілдермен толықтай сәйкес келеді.

Глоттохронология (грек. *«glotta»* – тіл, *«chronos»* – уақыт, *«logos»* – сөз, ілім) – тілдік өзгерістің қарқынын, соның негізінде туыс тілдердің бөлініп шығу кезеңі мен олардың бір-біріне жақындық дәрежесін анықтаумен айналасатын салыстырмалы тіл білімнің саласы. Тарихи тіл білімі үшін ең дәлелді сандық көрсеткіші сөздік қорды статистикалық есеппен зерттеудің (лексикостатистика) нәтижесінде болмақ. Оны қысқаша Г. деп атаймыз. Г. күнделікті тұрмыста ең жиі қолданылатын сөздердің, демек сөздік қордың негізгі бөлігін құрайтын

атаудың тұлғалық өзгеріске ұшырау жылдамдығын шамалап болжау арқылы бір тілден туыс тілдердің бөлініп шығу уақытын анықтайды. Г. сәйкес табиғи тілдердегі мұндай сөздерге тұлғалық өзгеріске тыс баяу ұшырайтын жіктеу мен сұрау есімдігі, қимыл атауы (отыр, тұр, жүр, кел, кет), физиологиялық әрекет пен сезінуді білдіретін сөздер (іш, же, қара, көр, есті, біл), өлшем атауы (ұзын, кең), айнала қоршаған ортамен байланысты атау (күн, ай, су, шөп, өзен, қой, ешкі, сиыр, ит), түс атауы (ақ, қызыл), туыстық атаулары т.б жатады. Бір мың жылдай уақытта саны 200-дей ең жиі айтылатын сөздің 80 пайызға жуығы тұлғалық өзгеріске ұшырай қоймайды екен. Сонымен бірге Г. қолдану таяу ғасырда ғана ара жігі бөлінген кейбір өте жақын туыс тілдердің қазіргі кезде түрлі себеппен қайтадан жақындасуынан барып жүйесіз қателікке ұрындыруы да мүмкін деген болжам бар. Сөздік қордағы ұқсастықты салыстыра отырып, туыс тілдердің бөлініп шығуын t=1 og C:21 og r формуласымен белгілейді. Мұндағы С – тізімге енген сөздер үлгісі, r – уақыт аралығында ортақ сөздердің сақталу коэффиценті. Г-ның анықтамасы бойынша фонологиялық және морфологиялық өзгерісімен ғана ажыратылған жергілікті ерекшеліктің жеке туыс тілі ретінде бөлектенуіне себеп бола бермеуі мүмкін. Алайда сөздік қорында елеулі айырмашылық болмай, тек фонологиялық және морфологиялық белгісіне қарап-ақ, бөлек тілге жатқызып келген тілдер жоқ емес. Мыс., бұдан көп ғасыр бұрын Скандинавия түбегінен қоныс аударған лексикасы өзгеріске ұшырай қоймағанына қарамастан, ол норвег тілінен бөлінген жеке тілге жатқызылып жүр. Г. замандар бойы байланысы үзіліп қалған тілінің норвег тілімен ара қатынасын t=63 – 194 жыл деп анықтайды. Ара қатынастың үзіліп қалуы, экстралингвистикалық жағдай әрдайым бір тілден жеке туыс тілдердің бөлініп шығуына ұшырата бермейтініне әлемнің көп бөлігіне кеңінен тараған ағылшын, испан, португал, француз, неміс тілдерінің тағдыры дәлел бола алады. Демек Г. туыс тілдердің бөлініп шығу уақытын ең алдымен макроэволюцияның (уақыт аралығының созылыңқылығы) сөздік құрамға тигізген елеулі әсерін ескеру арқылы анықтайды. Г. – классика. салыстырмалы тіл білімінің кейбір негізгі принципін дәлдеп, айқындауға мүмкіндік тудырған қазіргі заманғы ғылым жетістігінің бар айғағы. Г. Э.Сепирдің кейбір идеяларына сүйене отырып, М.Сводеш 1948-1952 жылдарды құрған. Негізгі тізімдегі ұғымды дәлдей түсетін тәсіл мен негізгі топтағы сөз тұлғасының өзгеріссіз сақталу дәрежесін анықтауды жетілдіру Г.-ны әрі қарай дамыта түсуге мүмкіндік берді. Қазіргі тіл білімінде (С.Старостин) жалпы сөздік қорды емес, белгілі мерзім аралығында дыбыстық ауытқуға ұшырамаған түбір сөзді есептеу арқылы Г. тәсілін жетілдіру ұсынылды. Сводештің пікірінше, барлық тілдің моногенезін дәлелдеуге мүмкіндік бар. Алайда ондаған мың жыл аралығымен есептелетін кезеңде тұлғалық өзгеріске ұшырамай жеткен түбір сөздің өзі аз. Ең ертедегі тілдегі лексикалық өзгеріс қарқыны біркелкі болмай, әр кезде әрқалай болғаны түсінікті. Бірақ бұл болжамды сенімді түрде дәлелдеп, тексеріп шығу мүмкін емес.

Гот жазуы – IV-VI ғасырлардағы гот тілінің тарихи ескерткіштерінде сақталған жазу. Қазіргі Италия және Испания территориясында болған. Г.ж. IV ғасырдың ортасында епископ Вульфиле жазды деген дерек бар. Г.ж. 27 таңбадан тұрады. Бұғанға дейін Г.ж. руникалық жазуға негізделген. Г.ж. бірнеше тілдердің жазу-сызуына негіз болған көне грек әліпбиінің шығыс тармағына жатады.



Г.ж. 4 түрі болған: 1) текстура – сүйір жазу; 2) фрактура – сүйірленген сынық жазу; 3) швабахер – кейбір әріптері дөңгеленіп келген сынық жазу; 4) дөңгеленген жазу. Гот тілінің IX ғасырда жойылып кетуіне байланысты бұл жазу қазір қолданылмайды.

Гравис – екпіннің кері белгісі ретінде көрінетін диакритикалық белгі. Сыртқы бейнесі апострофтың типографиялық пернетақта белгісімен сәйкес келеді. Бұл таңба француз, итальян, португал, норвег, литва, македон және басқа тілдерде қолданылады.

Грамматология – әріп, дыбыс, фонемадан бастап, фонология, просодика, орфография тәрізді жазба тілдің ірі категорияларына дейін қарастыратын жазу туралы ғылым. Ауызша тіл мен жазба тіл, орфоэпия мен орфографиядағы ерекшеліктерді саралау үшін грамматологияда әріп, графема, графика, фонема, сингармофонема, инвариант, вариант, вариация, әлді позиция, әлсіз позиция, сингармодыбыс, просодика, фонология, семиограф, пунктограф, прагмограф, дыбыс, орфограмма тәрізді жазу-сызуға қатысты тағы да басқа барлық ұғымдар кеңінен зерттеледі.

Грантха әліпбиі – XVI ғасырға дейін Үндістанның оңтүстігінде таралған әліпби. Жазудың түрі – абугида. Брахми жазуының эволюцияға түскен бір тармағы. Г.ә. малаялам, телугу, тамиль, сингал жазуларының қалыптасуына ықпал етті. Үндістанда санскриттерді жазу үшін XIX ғасырдың ортасына дейін қолданылды. Діни және ғылыми мәтіндерді жазуда XX ғасыр басында оны деванагари алмастырды.

Графема – дыбыстық тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы фонема мен жазба тілдің әрі қарай бөлшектенбейтін ең кішкене тұлғасы әріптің арасындағы қатынастың жиынтығы. Дыбыстық тілдегі фонема мен жазба тілдегі әріптің арасындағы күрделі қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бір ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды. Сонда графема дегеніміз – таңбаланушы (фонема) мен таңбалаушының (әріптің) бірлігі болып табылады. Графема термині алғаш рет Бодуэн де Куртенэ еңбектерінде қолданылған. «Графема» терминіне қатысты ғалымдардың пікірлері әртүрлі. Мыс., Л.Щерба, Б.Осипов т.б. ғалымдар графема және әріп түсініктері бір-бірімен тең дәрежеде деп көрсетсе, екінші ғалымдар тобы графема әріптің төрт түрлі көрінісі (бас, кіші, курсив, жартылай қою) және графемаларға барлық графикалық таңбалар: әріп, тыныс белгілері, пробел т.б. жатады деп пайымдайды.

Графика (грек. «*graphike*» – жазылған, өрнектелген) – графермалар, тыныс, екпін белгілері т.б жазу құралдар жиынтығы; фонемалық жазудағы графема мен фонема арасындағы қатынастар жүйесі және оларды зерттейтін тіл білімнің бір саласы. Қазіргі қазақ Г. әріптерінің жазылуы тәсіліне және өрнегіне қарай жазу Г. мен баспа Г. болып бөлінеді. Қазақ жазу Г. әріптердің нобайы көне орыс жазуындағы дыбыстар нобайының негізінде пайда болған. Қазақ тілінің Г. негізін алғаш рет А.Байтұрсынұлы жасаған. Ол 1910 жылдан бастап қазақ жазуымен айналыса бастап, араб таңбалары таза қалпында ұлттың жазуынға қолайлы болмағандықтан, оларды қайта түзетуді қолға алады. 1913 жылы «Жазу мәселесі» атты көлемді мақаласы жарияланды. 1915 жылы осы әліпбимен 15-тей кітап басылып шықты. Қазан төңкерісінен кейін қазақ жазуы сол кездегі саясатқа байланысты латын Г. кейін орыс Г. күштеп алмастырылды.

«Графика. Орфография. Орфоэпия» – Н.Уәлидің 2008 жылы жарық көрген монографиясы. Еңбекте қазақ жазуы тарихындағы графика, орфография, орфоэпия мәселелері жөнінде ғылыми-теориялық тұжырымдар жасалады. Жаңа латын негізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландырудың жолдары және қазақ емле ережелерінің ғылыми негіздемелері талданады. Алғашқы тарауында дыбыс-фонема-графема-әріп-әліпби ұғымдарының аражігін ашып, әр ұғымның ерекшелігіне, түрлеріне қарай талдау жасаған. Еңбекте автор әліпбидегі әріптердің аттарына тоқталып, оларды екі топқа бөліп қарастырады. II тарауы Орфографияға арнап, емле, ережелерін, принциптерін толықтай қамтыған. Кейінгі тараулары қазақ тіліндегі белгілі бірліктердің орфограммасына, олардың нормасына және орфоэпияға арналған. Сонымен қатар «Жаңа латын негізді әліпби бойынша қазақ орфографиясын оңтайландыру жолдарын, жаңа әліпбиге қатысты орфографиялық ережелердің ғылыми концепциясы» берілген.

Графикалық портрет – белгілі бір сөзді естігенде не ойлағанда адам санасында елес беретін сөздің графикалық бейнесі. Бұл – әдеби стиль түрін меңгермеген кез-келген сауаты бар адам санасында болатын код түрі. Ой-жазу процесін жазу-ой қатынасында көрсетуге болады. Өйткені жазу-таңба, оның тұрпаты бар. Сонымен, көз жазба мәтінді көріп, ол тілдік санадағы графемамен, графикалық портреттермен ассоциация жасайды. Сөздің адам санасында бейнеленген графикалық портреттері, синтаксистік, пунктуациялық белгілер арқылы үстіңгі синтаксистік құрылымға көшіріп алынады және астыңғы синтаксистік құрылымға көшіріліп, сөйлем мәні екшеледі. Өйткені жазба мәтіннің жөнделу, редакциялану мүмкіндігі тілдің ауызша сөйлеу жүйесінен басқа үстіңгі мәтіндік құрылым жасайды. Яғни Г.п. жазу мен ой қатынасындағы маңызды элемент болып саналады.

Грек әліпби – грек тілінің және басқа да грек тілдері топтарының әліпбиі. Ол IX ғасырдың соңынан бастап немесе б.д дейінгі VIII ғасырдың басынан бастап үздіксіз пайдаланылады. Г.ә. – бұл әрі дауыссыз, әрі дауысты дыбыстарды қамтитын және олар үшін бөлек таңбаларды пайланатын алғашқы әліпби. Классикалық жалпыгрек әліпбиінде 27 әріп болған, Ϟ, ϟ (коппа) және Ϡ, ϡ (сампи) таңбалары тек сандарды жазу үшін ғана пайдаланылған және нәтижесінде қолданыстан түсіп қалған. 6 санын жазу үшін F, ϝ дигаммасы пайдаланылды, оның жазылу үлгісі сырттай кеңінен таралған византиялық дәуірдің Ϛ, ϛ (ст – стигма) лигатурасына ұқсайды, сондықтан көбі 6 санын жазу үшін стигма пайдаланылады деп шатастырады. Сондай-ақ архаикалық Г.ә. [en] Ͱ, ͱ (хета), Ϻ, ϻ (сан) таңбалары қолданыстан шығып қалған. Жаңа Г.ә. 24 әріптен тұрады. Грек жазуы Таяу Шығыс, Қара теңіз маңындағы және таяу өңірлердің кейбір тілдерінде – мысалы, Кушан патшалығындағы бактрия және түркі тілдес топтардың қыпшақ-половец тобына жататын ұрым (түркі-ромей) тілдеріндегі жазбалар үшін, Эпир түркі-грек және қараманлы тілінде пайдаланылған. Кирил және басқа да әліпбилермен қатар, бұрын Грекияның және іргелес жерлердің славян диалектілерінде; гагауыз тілінде, арумын тілінде пайдаланылды.

Α α Β β Γ γ Δ δ Ε ε Ζ ζ Η η Θ θ

Ι ι Κ κ Λ λ Μ μ Ν ν Ξ ξ Ο ο Π π

Ρ ρ Σ σ Τ τ Υ υ Φ φ Χ χ Ψ ψ Ω ω

Грузин әліпбиі – қазіргі грузин әліпбиі. 33 әріптен тұрады, әліпбиде бас әріптер жоқ, алайда тақырып атауларында және кейбір басқа да жағдайларда сөз тұтасымен жоғарғы және төменгі қашықтағы әріптер белгілерінсіз екі параллель сызықтың арасында жазылуы мүмкін. Мұндай жазу басқа әліпбилердегі бас әріптердің аналогы ретінде қызмет етеді және «мтаврули» деп аталады. Грузин жазуының мұндай түрінің символдары Юникодқа 11.0 нұсқадан бастап енгізілген. Грузин әліпбиі Кавказдың жазусыз тілдерін тіркеу үшін Услар атты барон құрған «Кавказ әліппесінің» негізіне қаланды. 1938-1954 жылдары грузин жазуы (қосымша таңбаларды енгізумен) абхаз және осетин (Оңтүстік Осетия) тілдері үшін де пайдаланылды.



Гуарани немесе Ашегеты әліпбиі – Парагвайдың ресми тілдерінің (испан тілімен қатар) бірі болып табылатын гуарани тілінің жазуы үшін пайдаланылатын әліпби. Әліпби диграфтар мен диакритикалық таңбаларды пайдаланады. Г.ә. 33 әріпті, сондай-ақ әліпбидің құрамына кіретін диграфтарды пайдаланады. Әріптер келесідей тәртіпте орналасқан: A, Ã, Ch, E, Ẽ, G, G̃, H, I, Ĩ, J, K, L, M, Mb, N, Nd, Ng, Nt, Ñ, O, Õ, P, R, RR, S, T, U, Ũ, V, Y, Ỹ, ‘. «‘» (пусó) әрпі қатаң дыбыстарды білдіру үшін қызмет етеді. B, C және D латын әріптері тек mb, ch және nd диграфтарында пайдаланылады. F, Q, W, X және Z әріптері пайдаланылмайды. L әрпі және rr диграфы испан тілдерінен алынған сөздерде немесе етістігі жоқ одағайларда пайдаланылады. Үнді дауыстыларды белгілеу үшін қызмет ететін тильдалармен әріптер олардың кейбір қаріптерде болмауына байланысты, циркумфлекстері бар әріптермен алмастырылуы мүмкін.

Гуджарати жазуы – Үндістанның оңтүстік батысында қолданылатын гуджарати тілінің консонантты-буындық (абугида) жазуы. Бұл жазудың ерекшелігі бір

дауыссыз дыбыстың әртүрлі дауысты дыбыстармен келетін буындары бір негізгі таңбаға қосымша белгілер қою арқылы оқылады. Мысалы: ક таңбасы: કા , કિ, કી , કુ , કૂ , કે , કૈ , કો , કૌ . Гуджарати әліпбиінің бірінші әрпі акара деп аталады: અ. Әліпби құрамы 45 негізгі таңбадан тұрады.

Гупта жазуы – үнді жазуының бір түрі. Біздің дәуірімізден 400 жыл бұрын пайда болған жазу. Г. атауы Гупта империясымен байланысты. Г.ж. брахми жазынан шығып, өзінен кейін нагари, шарада және сиддхам жазуының олардан өрістеп кең таралған деванагари, гурмухи, тибет жазуларының пайда болуына ықпал етті. Г.ж. абугида жазуына негізделіп өзінің алдындағы брахмиден графемаларының формалары және диакритикалары арқылы ерекшеленеді. Біздің заманымызға Г.ж. тасқа жазылған үлгілер және Гупта империясының монеталары арқылы жетті.

Гурмухи – үнділік пенджаб тілінің жазбаша тілі (б.з.д. XVI ғ.). Екінші сикх гуру Ангад жазуды жасаушы болып саналады. Үндістанның солтүстік-батысында Ланда, Гурмухи, Синдхи, Такри және Кашмирдің жазу жүйелері дамып, гурмухи әліпбиі ресми түрде қабылданған. Г.ж. солдан оңға қарай жазылған.

Гэсс Джордж (1760/1770 – 1843) – американдық үндістердің Чероки халқынан шыққан оқымысты. Буын негізді әліпби құрастырған. Құрастырған әліпбиінің астына өз есімін «ᏍᏆᏯᏅ *Ssiquoya*» немесе өзінің черокише жазып жүретініндей «ᏎᏫᏅ *Se-quo-ya*» деп жазып қалдырған. Чероки тіліне арналған жазу жүйесін ол 1810 жылдары жасай бастайды. Алдымен иероглифтік жазу жасауға тырысады, кейіннен әліпби құруға шешім қабылдайды. Алдымен 200 буынды таңбалайтын белгілерді ойлап тауып, кейін олардың санын азайтады.

Ғғ

Ғ әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил негізді әліпбилерде <ғ> фонемасы Ғғ әрпімен берілсе, латын негізді әліпбилерде бревис диакритикасы арқылы таңбаланған Ğğ. Бұл әріп тек түркі тілдері оның ішінде әзербайжан, қырым-татар, татар, түрік әліпбилерінде ғана кездеседі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде ғ дыбысы латын стандартына сәйкес келмейтін ǧ түрінде таңбаланған. Бұл таңба Яналифте түркі тілдері үшін қолданылған. 1940 жылы қазақ жазуы орыс графикасына көшкеннен бері /ғ/ фонемасынан тұрпаты сақталып келе жатыр. Қазақ тілінде Ғ дыбысы тек қана жуан (а, ы, о, ұ) дауыстылармен тіркесіп айтылады (мысалы, ғасыр, тоғыс). Ғ дыбысы сөз басында және ортасында қолданылады. Сөздің соңында мүлдем кездеспейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – ғы.

Ғ дыбысы – тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс; тіл түбі мен тілшіктің жуысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай *жуысыңқы* (жуысыңқы) дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы* (жуысыңқы), *ұяң* дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінің төл сөздерінің басы *ғарыш, ғылым* мен ортасында *аға, бұғы* ғана кездеседі, сөз соңында кездесімі жоқ.

Ғағауыз жазуы – түркі тілдерінің оғыз тобына жататын ғағауыз тілінің жазуы. XIX ғасырға дейін ғағауыз тілінің жазуы болмаған. Мәтіндерді жазу үшін ішінара грек жазуы пайдаланылған. Ғағауз жазуы тарихында 3 кезең бар: 1957 жылға дейін – жазу жасаудың алғашқы әрекеттері; 1957-1993 жылдар – кирил негізіндегі жазу; 1993 жылдан бері – латынға негізделген қазіргі жазу. 1957 жылға дейін ғағауыздар түрлі кездерде понти тілін, бұлғар, орыс, румын тілдерін үйреніп, осы тілдердің әліпбиін қолдануға мәжбүр болған. 1918-1932 жж. кирил әліпбиін, 1957 жылға дейін латын әліпбиін қолданған. 1957 ж. Молдова Кеңес республикасының Жоғары комитетінің шешімімен орыс әліпбиіне бірнеше әріп қосылып, кирил негізінде ғағауыз әліпбиі

дайындалған. 1996 жылдан кейін қайтадан латын әліпбиі қолданыла бастаған. 1993 жылы Ғағауыз Жоғары Кеңесі латын графикасы негізіндегі ғағауыздың жаңа әліпбиін енгізу туралы шешім қабылдады. Қазіргі ғағауыз әліпбиі:

A a	Ä ä	B b	C c	Ç ç	D d	E e	Ê ê
F f	G g	H h	I ı	İ i	J j	K k	L l
M m	N n	O o	Ö ö	P p	R r	S s	Ş ş
T t	Ţ ţ	U u	Ü ü	V v	Y y	Z z	

Дд

Д әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Бұл таңба ең алғаш гректің дельта (Δ) деп аталатын таңбасынан шыққан. Классикалық латын әліпбиінде /Dd/ әрпі б.з.д. VII ғасырдан бастап қолданыла бастаған. Кирил графикалы әліпбилерде <д> фонемасы Дд әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Dd әрпімен таңбаланған. /Д/ фонемасы әлем тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Қазақ тілінде д әрпі көбінесе сөз басында және сөз ортасында жазылады. Сөз аяғында тек кірме сөздердің негізінде ғана таңбаланады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – ды.

Д дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіспен тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз. Жасалым белгілері: *тіл ұшы, тоғысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс.

Дактилография – (грек. «*daktylos*» – саусақ, «*grapho*» – жазамын) – кез келген жазық затқа саусақпен жазу. Д. саңырау әрі мылқау адамдармен қарым-қатынас жасаудың тиімді әдісі. Сауатты адам ауызша сөйлесе алмаса, айтатын сөзін алақанға немесе кез-келген жазық затқа саусағымен жазып ұқтырады.

Дактилология – (грек. «*Δάκτυλος*» – саусақ, «*Λόγος*» – білім) – мылқау-саңырау адамдардың ымдап сөйлесетін саусақ әліппесі. Қолмен «сөйлескенде» сөйлеуші саусақтармен әріп таңбасын көрсетеді, ал тыңдаушы саусақ қимылына қарап оны түсінеді.

«Дала уәлаяты» газеті – 1888 жылдың 1 қаңтарынан 1902 жылдың 12 сәуіріне дейін Омбы қаласында қазақ, орыс тілдерінде «Акмолинские областные ведомоства» газетіне қосымша ретінде шығып тұрған ресми газет. Бұл газет 1894 жылдан бастап орыс тілінде «Киргизская степная газета», ал қазақ тілінде Д.у.г. деген атпен араб әліпбиінде жарық көре бастады. 1902 жылға дейін аптасына бір рет шығып тұрды. Газеттің соңғы саны 1902 жыңы март айында басылып, содан кейін «Сельскохозяйственный листокке» айналды. Қазақ тіліндегі редакторлары – Е.Абылайханов пен Д.Сұлтанғазин. Газетте жарияланған мақалалардың ішіндегі тақырыптың бірі – тіл мәселесі. Д.Сұлтанғазин, Р.Дүйсенбаев, А.Құрманбаев,

Б.Адықов және т.б. авторлар өз мақалаларында («Қазақ тіліне жазу турадан», «Қазақ сөзін қалайша жазу турасы», «Қазақ тілі транскрипциясы мәселесіне», «Харіп турасының сөзі») қазақ тілінің жазу мәселесін көтерді, қазақ тілінің қалыптасып, дамуын тарихи тұрғыдан талдау жасай отырып, ғылыми терминнің тапшылығын сөз етті, басқа халықтың да тілін үйрену керектігіне тоқталды. Д.у.г. материалдары Ү.Сұбханбердинаның құрастыруымен төрт томға жинақталған.

Дарғын жазуы – нах-дағыстан тілдік семьясына жататын дарғын тілінің жазуы. Д.ж. өз тарихында бірнеше рет графика ауыстырған және реформалар жасалған. XV ғасырдан 1928 жылға дейін араб әліпбиінде болған. 1860 жылдан 1910 жылға дейін кирил әліпбиін де қатар қолданды. 1928-38 жылдары латын әліпбиінде, 1938 жылдан бастап қазірге дейін кирил әліпбиінде.

Дат-норвег әліпбиі – дат және норвег тілдерінің әліпбиі. Латын әліпбиіне негізделген қазіргі Д.-н.ә. норвег тілі үшін 1917 жылдан, дат тілі үшін 1948 жылдан бері қолданылады. Д.-н.ә. 29 таңбадан тұрады. Базалық латын әліпбиі таңбаларына қоса Ææ, Øø, Åå таңбалары қолданылады. Qq, Ww, Zz таңбалары шет тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Қосымша акут диакритикалық белгілері кейде мағынаны ажырату үшін және шет тілінен енген сөздерде қолданылады. Дат тілінде 33 дыбыс, норвег тілінде 29 дыбыс бар. Әліпбиге және оның емле ережелеріне 1948 жылы реформа жасалған.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh
Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp
Qq	Rr	Ss	Tt	Uu	Vv	Ww	Xx
Yy	Zz	Ææ	Øø	Åå			

Даур жазуы – моңғол тілдерінің қидан тобына жататын даур тілінің жазуы. Қазіргі уақытта Д.ж. латын әліпбиіне негізделген. Дегенмен бұрын жазудың басқа да жүйелері пайдаланылды. Д.ж. тарихында мынадай кезеңдерді атап өтуге болады: маньчжур негізіндегі жазу – XX ғасырдың басына дейін; латын негізді мерсе әліпбиі – 1920-1930 жылдар; кирил негізді әліпби – 1956-1958 жылдар; латын негізді пиньинь – 1982 жылдан бастап қазіргі уақытқа дейін. Бұл әліпбиді даур тілінде сөйлейтін Қытайдың Хэйлунцзян провинциясы, Ішкі Моңғолия, Шыңжан Ұйғыр автономиясында тұратын даурлар қолданады.

Дауыс – өкпеден келе жатқан ауаның қысымы арқылы дауыс шымылдығының керіліп дірілдеуінен пайда болатын үн.

Дауыс диапазоны – адам дауысының дыбыс көлемі. Сонымен қатар диапазон музыка саласында музыкалық аспаптардың дыбыс аумағын да, әнші дауысының төмен не жоғарыға дейінгі шығарған барлық дыбыстарының жиынтығын да білдіреді. Тоналды диапазон тон жиілігінің ең үлкен және ең кіші мөлшері негізінде анықталады. Зерттеушілер дауыс диапазонын әуеннің кеңдігімен байланыстырады. Диапазонның кеңдігі сөздің жағымды, әуенді естілуіне де мүмкіндік береді. Қарапайым айтылған сөз бен әншінің әндетіп айтқан сөзінің диапазоны бірдей деңгейде болмайды. Әншінің диапазоны әлдеқайда ауқымды әрі кең болады.

Дауыс қаттылығы – интонация компоненттерінің бірі. Бұл компонент өзінің қызметін интонацияның басқа компоненттерімен бірігіп жүзеге асырады. Дауыс қаттылығы сөйлемдегі сөздердің акценттелуіне қатысады. Зерттеушілер дауыс қаттылығын ой екпінімен байланыстырады. Себебі дауыс қаттылығы ой екпінінің негізгі көрсеткіші болып табылады. Қазіргі таңда зерттеушілер дауыс қаттылығының екі қызметін атап көрсетеді: біріншісі дауыс қаттылығының ой екпінімен байланыстылығы, екіншісі сөйлемнің аяқталғандығын білдіруі. Қысаң дауыстыларға қарағанда ашық дауысты дыбыстардың интенсивтілігі басым екені байқалады. Дауыс қаттылығына (интенсивтілікке) әуен ерекше әсер етеді. Сөз ағымында әуен күшейсе, дауыс қаттылығы да артады, егер әуен төмендесе, дауыс қаттылығы да азаяды.

Дауыс регистрі – бір дыбыстау барысындағы дипазондағы біртекті дыбыстар қатары. Қазіргі таңда дауыс регистрінің үш түрі кездеседі: жоғары, төмен, аралас. Зерттеушілер жоғары регистр деп бастың қуыстарындағы дауыс толқындарының тербелуі, соның барысында дауыс диапазонының жоғарғы бөліктерін құрауын жатқызса, төменгі регистрде дауыс толқындары кеуде қуыстарында тербеледі де, дауыс диапазонының төменгі бөліктерін құрайтынын айтады. Ал үшінші аралас регистр орта диапазондағы дыбыстардан құралып, аралас резонаторлы болатынын атап көрсетеді.

Дауыс ұзақтылығы – интонация компоненттерінің бірі. Бұл компонент интонацияның уақытпен байланыстылығын білдіреді. Айтылу, тыңдау, түсіну процесіне қажет уақыт интонацияның ұзақтығын танытады. Кейбір ғалымдар ұзақтылықты қазақ тіліндегі екпіннің көрсеткіші ретінде қарастырады. Бұны сөз ағымындағы ерекшеленген буындардың айтылуымен байланыстырады. Жалпы сөйлемнің әр сегментінің айтылу ұзақтығы болады. Ұзақтылық компонентін анықтауда дауыстылар да, дауысыздар да ерекше рөл атқарады. Оның ішінде ашық дауыстылардың ұзақтылыққа әсері, ықпалы зор болады. Сонымен қатар ұзақтылыққа әсер ететін факторлардың бірі – ой екпіні болып табылады. Ой екпіні түскен сөзде дауыс ұзақтылығы да айқын көрініс табады. Ұзақтылық сөйлеу тілінің қарқынымен де тікелей байланысты болады.

Дауыс шымылдығы – жұтқыншақтың ішкі жағында орналасқан дауыс шымылдығы өкпеден келе жатқан ауаға тосқауыл жасап, бірде керіліп, бірде жиырылып тұрады. Д.ш. керіліп тұруынан діріл пайда болып үн шығады, ал жиырылып тұрғанда діріл болмайтындықтан, үн шықпайды.

Дауыссыз дыбыстар – тек салдыр немесе салдыр мен үн қатысы арқылы жасалатын, буын құрай алмайтын дыбыстар. Д.д. айтқанда көмейде кедергіге ұшыраған фонациялық ауа ауыз қуысына күшті қарқынмен келеді. Ауыз тар ашылғандықтан, көмей арқылы келген қарқынды ауа әртүрлі артикуляциялық мүшелермен соқтығысады. Қазіргі қазақ тілінде 25 дауыссыз бар: *б, в, г, ғ, д, ж, з, й, к, қ, л, м, н, ң, п, р, с, т,у, h, ф, х, ц, ч, ш.* Бұлардын ішінде *h* дауыссызы кейбір шығыс сөздерінде, *в, ф, х, ц, ч* дауыссыздары негізінен орыс тілі арқылы кірген халықаралық сөздерде, қалған 19 дауыссыз қазақтың байырғы сөздерінде қолданылады. Д. д. дауыс қатынасына қарай үшке бөлінеді: 1) қатаң дауыссыздар– дауыс шымылдығы қатыспай, тек салдырдан жасалатын дауыссыз дыбыстар: *п, к, қ, т, ш, с;* 2) ұяң дауыссыздар – дауыс шымылдығының қатысуымен жасалатын, салдыр мен үн тең болатын дауыссыздар: *б, г, ғ, д, ж, з;* 3) үнді дауыссыздар – дауыс шымылдығының қатысуымен жасалатын салдырға қарағанда үн басым дауыссыздар: *р,л,м, н, ң.* Екі еріннің бір-біріне жабыса тиісуі арқылы жасалатын *м, б, п* еріндік дауыссыздар деп аталады. Жіңішке дауыссыздар – сөз құрамындағы дауыссыз дыбыстардың көрші жіңішке дауыстылармен үндесіп жіңішкеруі *(сыз – сіз, тұз – түз).* Жуан дауыссыздар – тілдің орта тұсының қатты таңдайға көтерілмеуінен тембрі (әуені) төмен, қатаң айтылатын дауыссыздар.

Дауыссыздар үндестігі – айтуда сөз арасында, сөз ішіндегі морфемалар жігінде дауыссыз дыбыстардың бір-біріне өзара ықпал етуі *(тастар; күзде, көг жасыл (көк жасыл), жолғапшық (жол-қапшық).* Мұны дыбыс үндестігі деп атайды.

Дауыссыздардың жуандауы – көрші жуан дауысты дыбыстың әсерімен дауыссыздардың жуандап айтылуы. Мыс.: *ар, он, тар, бар, ср. ер, өн, тер, бер.* Әр уақытта жуан айтылып, буын талғайтын дауыссыздар: *қ, г.* Мыс.: *қар, ғана, сақ, доға.*

Дауыссыздардың жіңішкеруі – тілдің орта шені таңдайдың орта шеніне нық тиіп, сонан соң бірден ашылып кетуі арқылы жасалып, әрдайым жіңішке айтылатын дауыссыздар: *к, г.* Орыс сөздерінде кездесетін *ч, щ* дыбыстарының да жуан сыңары жоқ, ал қалған дауссыздар буын ыңғайына қарай жуан, жіңішке болып айтыла береді. Мыс.: қазақ тілінде *ат – ет, ұн – үн, тор – төр, аз – әз.*

Дауыстап айтуға көнбейтін дыбыстар – дауыссыз дыбыс немесе тұйық дыбыстар.

Дауыстап айтуға көнетін дыбыстар – дауысты дыбыс немесе ашық дыбыстар.

Дауыстау – сөйлеу барысында дауыс ағымын сөйлеу мақсатына сәйкес түрлендіріп қолдану. Көптеген зерттеушілер дауыстау тәсілін шет тілін үйренушілерге сөйлеу техникасын және тыныстауға қатысты жаттығуларды меңгертуде пайдаланады. Тіл дыбыстарының жасалым базасы мен тыныстау

процесін үйлестіру барысында ғана дауысты басқаруға болатынын атап көрсетеді. Соның негізінде *дұрыс дауыстау* сөйлеу барысындағы дауыс ағымын мейлінше табиғи естілетіндей етіп, оның физикалық сипатын (дауыс көлемі, күші, қаттылығын) әртүрлі сөйлеу мақсатына сай түрлендіруі деп береді. Дауыстаудың жағымдылығы, икемділігі диапазонға, регистрге тікелей байланысты болып келеді.

Дауысты «ы», «і» әріптерінің ықшамдалуы – қазақ жазу жүйесіндегі фонетикалық құбылыспен байланысты заңдылық. Ы және і әріптері сөздің барлық буынында жазылғанымен, кейде оны қысқартып жазуға келетін тұстарын да кездестіруге болады. Қазақ жазуындағы емле тарихына зер салсақ, кезінде А.Байтұрсынұлы «ы» жазылмағанда сөздің мағынасы бұзылып, кемшілік келер болса, жазылып, оқуға кемшілік болмаса, сөздің мағынасына кемшілік келмесе, жазуға жеңілдігі болса, *«ы»* дыбысының харіфін жазбағанда не залал көреміз» деп, *«ы», «і»* әріптерін барынша қысқартып жазу принципін ұсынған. Ол «ы» – *жаны, малы, тары* деген сөздерде *«н, л»* – дың, *«р»* – дың соңынан естілетін дыбыс белгісі. Сөздің басында, ортасында қысқа һәм көмескі естіліп, бар жоғы еленбейтін орындарда жазбаймыз. Мысалы, «*қын, қыр, жылым, қырын»* деген сөздердің ішіндегі *«ы»*-ның барлығы сезіледі, хатта сезілмейді деп айтуға болады. Бұл сөздерді *«ы»*-ны жазғанда да, жазбағанда да осылай оқимыз. Жазбағанда оқуымызға кемшілігі болмаса, оны жазуға да қажет жоқ. «*Қаны, жаны, малы»* деген сөздерде «ы»-ны жазбай, солай оқи алмаймыз, сөздің аяғында *«ы»*-ны жазу қажет», – деп, *«ы»* әрпі бас буында, барша бітеу буында жазылмайды, ал ашық буында қалмай жазылады деген ұстаным келтірді. Қ.Жұбанов А.Байтұрсынұлының көзқарастарын одан әрі дамыта жалғап, оны ғылыми тұрғыда жүйелей түскен. Ол 1935 жылғы жазған қазақ жазуы мен әліпбиіне өзгеріс енгізу туралы жобасында жазу барысында нағыз қажеттігі болмаған жағдайда қысаң «ы» дауысты дыбысын таңбаламау арқылы оның қолданысын шектеу керектігі туралы ережелер ұсынады: а) кейінгі буында дауысты *«а, о, е, і»* дыбыстары келсе, сөз басындағы ашық буында «ы» дауысты дыбысын таңбаламау (бұрынғы *жылан, жылау, білек, піризма* т.б. сөздерді *жлан, жлау, блек, призма* деп жазу)*;* Ал кейінгі буында да «ы» дауысты дыбысы келетін болса, алғашқы буындағы «ы» дыбысын түсірмеу: *сьrm, bьlm, сьlk, qьrq, sьrq, zьrq, zьgr ;* б) барлық тұйық және бітеу буындарда: *zgar, qral, balq, 'cetm, 'bork, qrman, brde, cyms, blmpaz;* в) жазуда «ы» әрпінің жоқтығы барлық ашық буындарда басқа мағынада оқылмаса: asra (as*ьra), azraq (azьraq), cagna (cagьna), baqla (baqьla), batraq (batьraq), alnadь (alьnadь);* г) сөз мағынасына әсер етпесе, сөз басындағы «r, u, і, ь» алдында жазылмауы: *ru – род, yru – бить (ruv* емес*), ret(iret* емес*), 'ьretu (retu* емес*)*; Қ.Жұбановтың *«ы, і»* дыбыстарына қатысты айтылған осындай ұстанымдарының кейбірі қазіргі қазақ жазуында пайдаланылады. Мысалы, сөз басындағы «р» дыбысынан кейін «*ы, і»* дауыстыларынан басқа дауыстылар келсе, сөз басындағы «*ы, і»* әріптері жазылмайды (*рақмет, рұқсат, рас, ру, рет, рең), ал* «р» дыбысынан кейін «*ы, і»* қысаң дауыстылары келсе, олар сөз басында да жазылады (*ырыс, ырық, ырым, ырыл, ірі, іріткі, ірілік).* Сонымен бірге тек

ілу, ілiну, ілесу, ілім сияқты сөздерден басқа *«л»* дан келетін сөздерде сөз басында *«ы, і»* таңбаланбауы Қ.Жұбанов ұстанымдарынан бастау алады. Қазіргі кезде де бір ұстаным мағынаға әсері жоқ жағдайда қысаң *«ы, і»* әріптерін мүмкіндігінше шектеуді ұсынса, екіншісі қысаң *«ы, і»* әріптерін қысқарту салдарынан сөз ішінде бірнеше дауыссыз дыбысты қатар жазуға тура келетіндігін, сондай-ақ сөз, буын аяғында келмейтін кейбір ұяң дауыссыздар емлесіне қайшы келетінін айтып, тіліміздің үндесе айтылымына әсер ететіндігін алға тартады.

Дауысты дыбыстар – дыбыстау мүшелерінің бірыңғай толық қатысуынан, фонациялық ауаның кедергісіз, еркін және баяу шығуынан жасалатын дыбыстар. Д.д фонациялық ауаның көмейде керіліп тұрған дауыс шымылдығына соқтығуынан пайда болған дірілден жасалады. Д.д-дың басты қасиеті сөз ішінде буын жасап, дауыссыз дыбыстармен тіркесе алатындығында. Қазіргі қазақ тілінің дауыстылар жүйесі 9 дыбыстан құралады: а, ә, е, ы, і, о, ө, ұ, ү. Д.д. айтылғанда жақтың, еріннің, тілдің қатысу дәрежесіне қарай: ашық-қысаң, еріндік-езулік, жуан-жіңішке болып бөлінеді. *Жуан дауыстылар* орыс. твёрдые гласные – тілдің кейін жиырлуы арқылы жасалатын даустылар: а, о, ұ т.б. *Жіңішке дауыстылар* орыс. мягкие гласные – тілдің ілгері созылуы арқылы жасалатын дауыстылар: ә, е, ө т.б. *Ашық дауыстылар* – тілдің таңдайға қарай төмендеп барып көтерілуі арқылы жасалатын дауыстылар, оларды айтқанда жақ кең ашылып, иек төмендейді. Қазақ тіліндегі ашық дауыстылар: а, ә, е, о, ө. *Қысаң дауыстылар* – жақтың кең ашылмай, тілдің таңдайға қарай жоғары көтерілуі арқылы жасалатын дауыстылар. Қазақ тіліндегі қысаң дауыстылар: ы, і, ұ, ү. *Еріндік дауыстылар* – айтылуда еріннің алға қарай сүйірленуі жасалатын дауысты дыбыстар: о, ө, ұ, ү, (у). Бұлар орыс тіліндегі әдебиеттерде «Лабиализованные гласные» деп те аталады. *Езулік дауыстылар* – айтылуда еріннің кейін тартылып, езудің жиырылуы арқылы жасалатын дауысты дыбыстар: а, ә, е, э, ы, і, и.

Дауыстылар үндестігі – дауыстыларға байланысты үндесу, сингармонизм немесе буын үндестігі не тіл үндестігі. Бұл заңдылық дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігіне байланысты, ал дауысты дыбыстың жуан-жіңішкелігі тілдің қызметіне қатысты анықталатыны белгілі. Сондықтан бұл заңдылықты тіл үндестігі деп атаудың өзіндік сипаты бар. Дауыстылардың бір сөз көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып ыңғайласып, үндесіп келуін тіл үндестігі деп атап жүр. Тіліміздегі байырғы сөздер бірыңғай жуан буынды немесе жіңішке буынды болып келеді. Жалпы түркі тілдеріндегі, оның ішінде қазақ тіліндегі сингармонизм заңы, оның ерекшеліктері туралы мәселелер он тоғызыншы ғасырдың екінші жартысынан бастап зерттелген. Н.И.Ильминский бұл заңдылықты «үндесім (үндестік) заңы» деген атпен қарастырып, үндесім заңдылығын бүкіл түркі тілдеріне тән құбылыс ретінде атайды. Жиырмасыншы ғасырдың басында сингармонизм заңын зерттеушілердің бірі – Х.Досмұхамедұлы. Ол өзінің «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» деген кітабында (алғаш 1924 жылы Ташкентте шыққан) сингармонизм заңын яғни буын үндестігі түркі

тілдес халықтардың тіліндегі тамаша қасиет екендігін ғылыми байламмен дәлелдеп, Стамбул түріктері, ноғай, өзбектер бұл айрықша қасиетін жоғалтып алғандығын айтады. «Сингармонизм заңы дауыстылардың гармондесу заңы я дауыстылардың гармония заңы» деп те атайды. Ғалым «Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ. Сингармонизм тілімізді үйренуге, үйретуге жеңілдетіп тұр, жаңа сөздер тудырып, сөздер қосып, тілімізді байытқанда ылақтырмайтын, адастырмайтын қарақшылы даңғыл қара жол болып тұр», – дейді. Сол ертеден келе жатқан сингармонизм заңы күні бүгінге дейін тіліміздегі күшті заңдардың бірі ретінде сақталып отыр. Әрине, тіл үнемі үздіксіз даму үстінде болатыны белгілі. Онда жаңару, толығу үдерістері жиі болып отырады. Бұл жаңару, толығу басқа тілден сөз не қосымша алу есебінен де жүзеге асады. Соның нәтижесінде бүгінгі күні қазақ тілінде тіл үндестігі сақталмайтын жайттар көптеп кездеседі. Басқа тілден енген қосымшалар тіл үндестігіне бағынбай жуан түбірге де, жіңішке түбірге де жалғана береді. олар: – бан; –гер, – кер; – дар; – еке; – жан; – кент; – кеш; –көй, – гөй; – күнем; – қой; – қор; – мар, – маш; – паз; – стан; – тал; – уар; – хана; кейбір төл қосымшаларымыз жасалу ерекшеліктеріне қарай буын үндестігіне бағынбай қолданылады; олар: – нікі, – дікі, – тікі; – мен, – бен, пен. Мыс., *аға-нікі, бала-нікі, жолдас-пен, бала-мен, қағаз-бен;* екі түбірден не одан да көп түбірден құралған жалқы есімдер, кейбір термин сөздер де буын үндестігіне бағынбайды; мыс., *Екібастұз, Жезқазған, Айгүл, Ербол, жерқосақ (өс.), көртышқан (зоол.);* қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сәйкес х әріпіне біткен сөзге үнемі жуан қосымша жалғанады; бұл жерде түбірдің жуан-жіңішкелігі ескерілмейді. Мыс., *цех-тар, тарих-тың;* қазақ тілінің орфографиялық ережесіне сәйкес рк, рг, нк, нг, кс, кт, ск, лк, нкт, кль, нкт, брь, бль дауыссыздар тіркесіне біткен сөздерге әрқашан жіңішке қосымша жалғанады. Мыс., *банк-ке, парк-ке, бокс-ке.* Тілімізде соңғы кезде қалыптасқан кейбір ауытқулар болғанымен, тіл үндестігі қазақ тіліндегі ең күшті фонетикалық заңдардың бірі болып табылады.

Дауыстылардың ерін үндестігі – сөздің бастапқы буынындағы о, ө, ұ, ү ерін дауыстыларының әсерімен соңғы буындарындағы езулік ы, і, е дауыстыларының еріндікке айналуы. Мыс., *түтүн – түтін, өнөр – өнер.* Қазақ тілінде бірінші буындағы ерін дауыстының әсері екінші буыннан аспайды, ал үшінші буында тіпті әлсіз, жоқтың қасы: *бұрұлыс – бұрылыс, көлөңке – көлеңке.* Ерін үндестігі жазуда еленбейді.

Дәйекші – жіңішке дыбыстарды таңбалау үшін қойылған арнайы белгі. Сөз басына қойылған дәйекші түгел сөзді жіңішкертеді. Ал құрамында *к, г, е* харіптері бар сөздерге дәйекші белгісі қойылмайды.

Дәнекер дауыстылар – күрделі сөз құрамына енетін екі жай сөзді біріктіруге дәнекер болатын көмекші морфемалар. Мыс., орыс тіліндегі күрделі сөз құрамында жиі кездесетін *о, е* дыбыстарының қызметі осындай *(железобетон, каждодневный, кашевар).* Қазақ тіліне тән құбылыс емес.

Деванагари жазу жүйесі – деванаагари (санскр. «देवनागरी» – тікелей «ғажайып қалалық (хат)») – брахма ежелгі үнді жазуынан туындаған нагари үнді жазуының түрі. Ежелгі Үндістанда б.д. I-IV ғасырларында әзірленіп, VII ғасырдан бастап тұрақты түрде пайдаланылған. 14 дауысты және 33 дауыссыздарды қоса алғанда, 47 негізгі символдан тұратын Д.ж.ж. әлемдегі жазу жүйесінің танымалдығы бойынша төртінші болып табылады. Санскрит, хинди, маратхи, синдхи, бихари, брадж, бхили, марвари, коңкани, бходжпури, непали, невар тілі, сантали, сондай-ақ кейде кашмири және сыған тілдерін (роман) қоса алғанда, оны шамамен 120 тіл пайдаланады. Д.ж.ж. тән ерекшелік төмен қарай «ілініп» тұрған әріптер жалғанған көлденең орналасқан жоғарғы (негізгі) сызық болып табылады. Жазылуы солдан оңға қарай.

Дезерет әліпбиі – мормон шіркеуінің екінші президенті Бригама Янгтың басшылығымен, Дезерет университетінің (қазіргі Юта университеті) басқаруымен XIX ғасырдың ортасында әзірленген фонетикалық әліпби. Атауы Дезерет штатын құру туралы іске асырылмаған мормон жобасының құрметіне берілген. Янг көпшілік алдында әліпби дәстүрлі латын әліпбиін алмастыруы тиіс деп мәлімдеген, себебі ол ағылшын тілінің фонетикасын толығырақ көрсеткен. Оның айтуы бойынша, бұл жаңа иммигранттарға ағылшын тілінде оқу мен жазуды жылдам меңгеруге мүмкіндік беретін еді, оның жазылу емлесі сөздердің фонетикалық көрінісін көрсете алмаған. Ағылшын тілі үшін фонетикалық жазылымды құру бойынша мұндай тәжірибелер XIX-XX ғасырларда кең таралған. Ең табысты жобалардың ішінде Питмен стенографиясын және Бернард Шоудың әліпбиін атауға болады.

Демотикалық жазу (грек. *«demotikos»* – халықтық) – иератика жазуы негізінде әрі қарай жеңілдетілген египет жазуының графикалық бір түрі.

Денотат (латын. *«denotatus»* – белгі, белгіленген) – белгіленуші зат, белгілі бір нәрсенің атауы. Денотат бірнеше мағынада қолданылады: 1) сөйлеушінің түсінік-қабілетіне байланысты санада қабылданған сөздің «ішкі мағынасы»; 2) белгілі бір топтағы заттардың, қасиеттердің, қатынастардың, жағдайлардың, үдерістердің, қимыл-әрекеттердің ұқсастықтарына қарай ортақ атау немесе солардың әрқайсысының атауы; 3) адамның қызмет бабына, атақ-дәрежесіне т.б.

Дефис (латын. *«divisio»* – бөлу) – емле белгісі болып табылатын кішкене сызықша. Сөздерді бір-бірімен байланыстыру үшін қолданылады. Қос сөздердің арасына (*ата-ана, ауыл-аймақ* т.б.), *-ақ, -ау, -мыс, -ды* демеуліктері тіркескен жағдайда, қысқарған сөздер мен санға қосымша жалғанған кезде (*10 см-ге, АҚШ-қа, оқушылардың 20-сы* т.б.), термин мәнді анықтауыштардың арасына (*оқу-ағарту, ғылыми-көпшілік* т.б.), сөздерді тасымалдағанда (-) қойылады.

Дефиспен жазылатын сөздер емлесі – дефис арқылы жазылатын сөздердің емле ережелері. Қос сөздер негізінен дефис арқылы жазылады. Плеоназмдар (қосақтап қолданылған мағыналары бірдей немесе жуық сөздердің), екі компоненті бір-бірімен мағыналас сөздердің көпшілігі дефис арқылы жазылады. Алайда бұл құрылымдардың әр компоненті бірнеше сөзден тұрса, үтір арқылы немесе

ешқандай тыныс белгісі қойылмай жазылады. Тең мағыналы немесе қарама-қарсы мағыналы екі сөзден жасалған термин мәнді күрделі анықтауыштардың, екі сөзден тұратын ғылыми дәреже, атақтардың және қызмет дәрежесін немесе мамандықты көрсететін атаулардың арасына дефис қойылады.

Дешифровка – белгісіз тілде немесе белгісіз жазу жүйесінде жазылған мәтінді тану тәсілі. Негізінен, көне мәтіндерді тану мен оқуда қолданылады. Мыс., В.Томсен мен В.Радловтың Орхон-Енисей руникалық жазуларын оқығаны сияқты. Мұнда лингвистикалық тәсілдермен бірге логикалық және математикалық тәсілдер де қолданылады.

Джави әліпбиі – малай тілі жазуы тарихында қолданылған жетілдірілген араб әліпбиі. Брунея ресми жазу жүйесінің бірі, сондай-ақ Малайзия, Филиппин, Индонезия, Сингапур елдерінде діни мақсатта шектеулі түрде қолданылады. 2003 жылға дейін Малайзияда джави әліпбиінде «Утусан Мелайю» газеті жарық көріп отырған. Дж. Нусантареде бірнеше жүзжылдық шеңберінде пайдаланылған. Оның дамуы ислам дінін қабылдаумен байланысты. Әліпби араб символдарынан тұрады, джавиге бейімделген қосымша таңбалар да енгізілген. Арабтың 29 таңбасына 6 қосылған: *ca, ba, ga, nga, nya, va.* Дж. әліпбиі малай тілінің ертедегі жазу жүйесінің бірі. Ол Пасаи дәуірінінен бастап, XVII ғасырда Малакка, Джохор, Ачех сұлтандары дәуірінде қолданылған.

ا	ب	ت	ث	ج	ح	چ	خ
د	ذ	ر	ز	س	ش	ص	ض
ط	ظ	ع	غ	ڠ	ف	ڤ	ق
ك	ڬ	ل	م	ن	و	ڤ	ه
ي	ڽ						

Диакритикалық белгі – әріптің үстінен немесе астынан не бойына қосылатын үстеме белгі. Әріптің тұрпатына өзгеріс келтіру арқылы оның мазмұнына да өзгеріс қосады. Әдетте әріпүсті үстемелер (ä, ū, é, è, ĕ, ė, ê, č, ů т.б.) әріптің корпусына жақын, бірақ жанаспай, қосылмай орналасса, әріптішілік (đ, ø, ł, ŧ т.б.) қосымшалар әріпке жалғана тіркеседі, ал әріпасты қосымшалар (ą, ş, ķ, ḏ, ę т.б.) жалғанып та, жалғанбай да тіркеледі. Д.б. латын графикасына негізделген көптеген әліпбилердің құрамында кездеседі. Мыс., швед әліпбиінде *å, ä, ö* әріптері, дат тілінде *ø, å*

әріптері, түрік әліпбиінде *ç, ğ, ö, ş* әріптері бар. Д.б. кей тілдердің (мыс., *ағылшын, француз, ирланд* т.б. тілдер) әліпби құрамында кездеспесе де, жазуында, әсіресе ономастикалық атаулар графикасында молынан кезігіп жатады. Халықаралық тәжірибеде Д.б. қолдануда жіңішке дауыстыларды таңбалауға «умлаут», жуан дауыстыларды таңбалауға «макрон», дауыстының қысқалығын білдіруге «бревис», ызың дауыссыздарды көрсетуге «седиль» немесе «гачек», мұрынжолды дыбыстарды белгілеуге «тильда» таңбасын жұмсау сияқты үрдіс қалыптасқан. Алайда, Д.б. әр тілдің өз ерекшелігіне сәйкес, өз ұйғарымымен қолданыс тауып жататын жағдайлары да баршылық.

Дивергент (латын. «*divergens*» – әр жаққа ауытқу) – сөз құрамындағы өзгерістерге байланысты дыбыстардың әр түрлі айтылуы. Мыс.: *қап-қабы, тап-табу, тауып, жоқ-жоғалу-жойылу, соқ-соғым-сой, сауығу-сақаю.*

Дивергенция (латын. «*divergo*» – ауытқимын, ажырасамын) – екі не одан көп тіл құбылыстарының бір-бірінен ажырасуы. Д. ұғымы глоттогониялық және құрылымдық-диахрониялық екі тұрғыда қаралады. Глоттогониялық Д. әлеуметтік-тарихи жағдайларға байланысты туыс тілдердің немесе бір тілдегі диалектілердің бір-бірінен ажырап бөлінуін білдіреді. Д. процесі ортақ ататілден бөлініп шыққан тіл семьяларының қалыптасуындағы негізгі жол. Құрылымдық-диахрониялық Д. тіл жүйесіндегі айырмашылықтардың көбеюіне әкеп соғатын тарихи процесс. Бұл мағынадағы Д. ұғымын қалыптастырғандар – Е.Поливанов пен Р.Якобсон. Д. ұғымы тілдің барлық деңгейлеріне қатысты. Конвергенцияға қарама-қарсы құбылыс.

Диграф (*«íç (δī-)»* – екі рет, *«γράφω»* – жазамын) – дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана дыбыстық мазмұнды білдіру үшін жұмсалатын, қос таңбадан құралған графема. Диграмма термині де Д. мәндес. Мыс., ағылшын тіліндегі *ch, ck check* сөзінде; француз, испан, ағылшын, латын тілдеріндегі *qu*. Тілдердің жазу тәжірибесінде өте жиі кездеседі. Д. тіпті латын графикасындағы бірқатар тілдердің әліпбилері құрамынан орын алған. Мыс., хорват әліпбиінде: *dž, lj, nj;* албан әліпбиінде: *dh, gj, ll, nj, rr, sh, th, xh, zh;* венгр әліпбиінде: *cs, dz, gy, ly, ny, sz, ty, zs.*



Дирингер Давид (1900-1975) – бұрынғы Австрия-Венгриядағы Галицияда туған. Британ тілтанушы ғалымы, жазушы. Италияда, Кембридж университетінде оқыған. Осы университетте оқытушы болған. Көне жазулар, жалпы жазудың тарихы бойынша аса іргелі еңбектердің авторы. Тель-Авивтегі «Әліпби мұражайына» жетекшілік еткен.

«Диуани лұғат-ит-түрк» – М.Қашқаридың сөздігі. XI ғасырда жазылған сөздік. Сөздік араб сөздіктерінің үлгісімен түзілген. Сөздік сегіз кітаптан тұрады: «Хамза кітабы», «Сәлім кітабы», «Музоаф кітабы», «Мисал кітабы», «Үш әріпті кітап», «Төрт әріпті кітап», Мұрын дыбысты әріптер кітабы», «Екі сүкүндікпен қатар келген сөздер кітабы. Сөздікте алдымен есімдерді, одан кейін етістіктерді түзіп, сипаттап отырады. Д.л.и.т. негізгі ерекшеліктерінің бірі – түркі азаматының қолымен сызылған

әлемнің тұңғыш картасының болуы. Алғаш рет сөздік 1915-1917 жылдары К.Рифаттың дайындауымен Стамбулда жарық көрді. Бұдан басқа Д.л.и.т. неміс тіліне К.Броккельман (1928 ж.), түрік тіліне Б. Аталай (1939-1941 ж.), өзбек тіліне С.Муталлибов (1960-1963 ж.), орыс тіліне З.Әуезова (2005 ж.) аударды. 1997-1998 жылдары Д.л.и.т. қазақ тіліне аударылған үш томдығы «Хант» баспасынан жарық көрді. Аудармашы – белгілі сыншы, ғалым А.Егеубаев. Сөздікке қатысты зерттеулер жүргізген – кеңес лингвист ғалымдары Н.Баскаков, А.Кононов, А.Боровков, С.Муталлибов, В.Решетов т.б.

Динк әліпбиі – нил-сахара тобының батыс нил тармағына жататын динк тілінің әліпбиі. Бұл тілде сөйлейтіндер – шамамен 2-3 млн. 5 ірі диалектілік аймақтарға бөлінеді. Әліпбидің қазіргі латын негізді нұсқасы 1928 жылы Реджаф муниципалитетінде өткен конференциядағы оңтүстік судан тілдеріне арналып әзірленген әліпбиден шыққан. Бұған дейін араб және латын әліпбилеріне бейімделулер жасалған, алайда олар нәтижесіз болды.

Дисиллаб – екі буыннан құралған сөз. Қазақ тілінде екі буынды сөздер қатары көптеп кездеседі: *а-на, та-быс, бү-гін, та-за, ән-ші, са-ла, қа-да, қа-ла, қо-зы, да-ла, ә-ке* және т.б. Бұл терминмен қатар моносиллаб, трисиллаб терминдері қолданылады. Қазақ тілінде үш дыбыстан тұратын дисиллаб антропонимдер де кездеседі: *Ару, Әбу, Әби,Әди, Әлі, Әли, Иба, Иса, Эра.* Ғалым М.Ескеева түркі тілдеріндегі дыбыс сәйкестіктерін зерттей отырып, бұл дыбыс сәйкестігі тек моносиллабтарда ғана емес диссилаб, полисиллабтарда да, түбір морфема деңгейінде де кездесуі бұл құбылыстың көне дәуірден бері қолданыста келе жатқан бабатүркілік, орта түркілік тілдердің ыдырауына, қазіргі түркі тілдерінің өзіндік ерекшеліктерімен қалыптасуына ықпал етуші тілдік үрдістердің бірі екенін көрсетеді.

Дифтонг (грек. «*di(s)* – екі, «*phtongos*» – дыбыс) – буынға бөлінетін немесе бөлінбейтін екі дауысты дыбыстың қосындысынан тұратын дыбыс *(и, у).* Сөйлеу үдерісінде екі дауысты түйіскен жерде Д. тіркесі жасалады. Д. шынайы және жалған болып екіге бөлінеді. Шынайы Д. құрамындағы екі сыңары айтылу күші жағынан да, буын құрауы жағынан да тең түседі. Шынайы Д. тілдерде сирек кездеседі. Мыс., латыш тіліндегі *meita* (қыз), tauta (халық) дегендегі *ei, au* осыған жатады. Жалған Д. сыңарларының бірі буын жасай алады, біреуі буын жасай алмайды. Егер алғашқы сыңары буын жасап, екінші сыңары көмекшілік қызмет атқарса, тұйық дифтонг деп аталады. Мыс., *кійім* – киім, *жұуар* – жуар, *сұуат* – суат дегендегі *ій,* ұу дыбыстары. Ал егер алғашқы сыңары буын жасай алмай, кейінгі сыңары буын жасай алса, ашық дифтонг деп аталады. Мыс.: сөз басындағы *е, о, ө* дыбыстарының құрамында *й, у* дыбыстары естіліп, *йэ* (ел – *йэл), уо* (ол – *уол), уо* (ор *–уор)* болып айтылады.

Дифтонгоид – дифтонгке жақын дауысты дыбыстың ерекше түрі. Оған *и, у, е, о, ө* дыбыстары жатады.

Диэреза (грек. «*diairesis*» – бөлу) – дыбыстардың күрделі тіркесіндегі бір дыбыстың түсіріліп айтылуы. Мыс., сөйлеу тілінде кездесетін: *қабыртқа* әд. тілде *қабырға, әлеумент* әд. тілде *әлеумет, киім-кеншек – киім-кешек* болып айтылады.



Добльхофер Эрнст (1919-2002) – австр. филологы, жазу тарихын зерттеуші, аудармашы. Алдымен Вена университетінде оқыған. 1943 жылы II дүниежүзілік соғысқа шақырылып, 1948 жылы Грац университетін докторлық дәрежемен бітірген. Негізгі зерттеу еңбектері: «Гораций: 1957 жылдан кейінгі зерттеулер» және «Таңбалар мен таңғажайыптар. Ұмытылған жазулар мен тілдерге қалай дешифровка жасалғаны туралы әңгімелер».

Донгба немесе дунба жазуы – Қытайдың оңтүстігінде тұратын наси халқының жазуы. Бұрынғы кезеңде бұл жазу сакральді мәтіндерді жазу үшін қолданған. Қазір ол жазуларды түсінетіндер аз. Олар тасқа, ағашқа жазылған. Д.ж. пиктографиялық, сонымен бірге символдар арқылы жазылады. Б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Қытайдағы мәдени төңкеріс кезінде Д.ж. мәтіндер саяси идеологиялық тұрғыдан жойылған. Бірақ олардың бірқатары Еуропаға және АҚШ-қа әкетілген. Қазіргі кезде наси тілін зерттеу үшін сақталған мәтіндер қамқорлыққа алынған. Д.ж. пиктографиялық және идеографиялық тәсілдер арқылы жасалады. Қытайда қазір 300 мыңнан астам адам наси тілінде сөйлейді.

Дорсал дауыссыздар (латын. «*dorsalis*» – артқы) – тіл үстінің алдыңғы жағының таңдайға қарай көтерілуі, тіл ұшының астыңғы тістерге тиюі арқылы жасалатын дауыссыздар: *т, д, с.*



Досмұхамедұлы Халел (1883–1939) – Алаш қозғалысының қайраткері, дәрігер, ғалым. Д. қазақ тілінің фонетикасы мен емлесі, әдеби тіл, әдебиет тілі, түрік тілдерінің тарихы туралы ғылыми еңбектер жазған. Қазақ халқының тілі мен әдебиетіне, тарихына қатысты материалдар жинақтап, тілдің дыбыс жүйесінің өзекті мәселесі сингармонизмді зерттеді. Д. 1924 жылы Ташкентте «Қазақ-қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы» атты кітабын бастырып шығарды. Ол бұл еңбегінде «Сингармонизм деген сөз, қазақша айтқанда, үндестік, ұқсастық деген мағынада. Сингармонизм түрік тілінің айрықша өзіне біткен қасиеті. Біз «дауыстылар гармониесі» дегеннің орнына дыбыстар гармониесі деп айтқанды дұрыс көреміз. Қазақ-қырғыз тілінде сингармонизм заңына көнбейтін сөз, сөз өзгерісі жоқ», – деген тұжырымдар жасаған.



Дулатов Міржақып (1885–1935) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, драматург, публицист, XX ғ. басындағы қазақ мәдениеті мен әдебиетінің ірі өкілі. 20-жылдары емле, аударма, газет тілі, терминжасам сияқты тілдің түрлі мәселелері жөнінде сөз қозғап, ұлт мәдениеті мен ғылымының өркендеуіне үлес қосты. Д. «Жауыздық низамнамасы», «Терминдер туралы», «Қазақ тілін жүргізетін комиссияның құлағына алтын сырға», «Газет тілі оңды болсын» «Қазақ тілінің мұңы» т.б.

терминология, тілдің қолданысы мен түрлі мәселелеріне арналған мақалалары бар. Сондай мақаласының бірі «Әліббе мен жазу ережелері туралы» – «Еңбекші қазақ» газетінде (1926 жылғы 18 қыркүйек) Мадияр бүркеншік есімімен жарияланды. Онда Д. Орынборда өткен қазақ білімпаздар съезі қаулысының орындалмай жатқанына алаңдаушылық білдіреді. Өкімет қаулысы заң жолымен бекіген қолдауға міндетті қаулы деп түсініп, жаңа жазу ережелерін қолданып, қаулыны толық жүзеге асыру қажеттігіне баса назар аударады. Қазақ халық ағарту институтында еңбек еткен жылдары оқу орындарына арнап оқулықтар жазады («Есеп құралы. Бастауыш мектеп оқушыларына», 9 рет, 1914, 1928; «Есеп құралы. Бастауыш мектепте екінші жыл оқытылатын», 8 рет басылған, 1920; «Қирағат кітабы» 1924.). Д. оқу құралдарындағы қарапайым арифметикалық ұғымдарды білдіретін терминдердің көпшілігі күні бүгінге дейін тұрақты қолданылып, математика тілінен берік орын алды.

Дүдәмал естілетін дыбыстар – айтылуында ұқсастық, үйлестік бар дыбыстардың жанындағы басқа дыбыстардың әсерімен күңгейленіп немесе өздері қатар келіп, бірін-бірі күңгейлеп, біріне-бірі үйлес болған соң бірінің орнына бірін алмастыратын дыбыстар. Мыс., *қымыз ашшы, су кешше, киім пішше, құс ұшша, құлын қашша.*

Дүнген жазуы – син-тибет тілдік семьясына жататын дүнген тілінің жазуы. Д.ж. өз тарихында бірнеше рет графика ауыстырған және реформалар жасалған. Хуэйцзу мұсылмандары 1927-1928 жылдары қытай жазуын араб графикасында жазуға арналған сяоэрцзин жүйесі аясында Д.ж. араб әліпбиіне ауыстыруға әрекет жасады. Д.ж. 1928-1953 жылдары латын әліпбиінде болды. 1953 жылдан бастап қазіргі кирил әліпбиінде.

Дыбыс – сөйлеу мүшелері арқылы айтылатын, көрінбейтін, естілетін үн. А.Байтұрсынұлы жазылған сөзге қатысты «харіф» (әріп) сөзі, айтылған сөзге қатысты «дыбыс» сөзі қолданылатынын ескерте келіп, дыбысты «естілетін, көрінбейтін нәрсе» деп сипаттайды. Ғалым дыбыстарды дауысты, дауыссыз, жарты дауысты (орта дыбыс) деп жіктеген.

Дыбыс жазу – тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Д.ж. дүниежүзілік мәдениеттің дамуы үшін маңызы зор болды. Жазу жүйелерінің ішіндегі әріп жазуы – ең қолайлы жазу. Қай тілде болмасын буын саны мен сөз санынан дыбыс саны әлдеқайда аз. Сол себепті тіл дыбыстарын таңбалау үшін, 20-дан 40-қа дейінгі таңба саны жеткілікті. Әріп жазуындағы таңбалардың шағын мөлшері жазуды тез меңгеруді, сауаттылыққа үйретуді жеңілдетеді. Д.ж. буын жазуынан кейін шықты. Д.ж. екі түрі болған. Бірі – консонантты Д.ж., ол б.з.д. 2000 жылдықтың 2-жартысында пайда болған. Оған ертедегі финикий жазуы, ежелгі еврей жазуы, арамей жазуы т.б. жатады. Ондағы таңбалар тек дауыссыз дыбыстарды белгілеп, негізінен семит тілдерінде қолданылған. Екіншісі – вокалды Д.ж. Ол б.з. 1 мыңжылдығының бас кезінде пайда болған Д.ж. б.з.д. 1 мыңжылдықтың алғашқы ғасырларында тарала бастаған. Шығыста финикий жазуынан шыққан арамей жазуы негізінде Азия халықтарының әріп жазулары

жасалған. Батыста финикий жазуының негізінде шыққан грек жазуынан Еуропа халықтарының әріп жазу жүйелері жасалған.

Дыбыс және дыбыс қоры. Сөйлер сөзді жік-жікке бөліп тұратын элемент, сөздің ең кішкене бөлшегі. Сөз дыбыстары сөйлеу мүшелерінің күрделі артикуляциялық қызметінен пайда болған акустикалық жаңғырық және сол жаңғырықтың құлаққа шалынуы. Сөздегі дыбыс – фонемалардың өкілі болып табылады. Тілдің дыбыс қоры дауысты, дауыссыз дыбыстар жүйесінен тұрады.

Дыбыс жүйесі – кез келген тілдің әдеби нормасындағы дауысты, дауыссыз дыбыстардың артикуляциялық (жасалым), акустикалық (айтылым) және перцепциялық (естілім) ерекшеліктері. Белгілі бір тілдің дыбыс жүйесі негізінен артикуляциялық зерттеулер арқылы анықталады. Соңғы зерттеулерде қазақ тілінің дыбыс жүйесі фонетикалық талдау негізінде жасалым белгілеріне қарай, фонологиялық талдаудың негізінде үндесім белгілеріне қарай жіктелген. Тіліміздегі нақты дыбыстардың саны әліпбидегі санынан төрт есе көп.

Дыбыс заңдары – тілдегі дыбыстық өзгерістердің даму сипатын білдіретін ережелер мен заңдар.

Дыбыс икемделуі – қатар келген дауысты, дауыссыз дыбыстардың бір-біріне үйлесіп, икемделіп айтылуы.

Дыбыс күші – дыбыстың діріл қарқынының күшіне байланысты дыбыстың сандық санасы. Діріл қарқыны күшейген сайын дыбыс күші де арта түседі.

Дыбыс өзгерістері – тіл дыбыстарында кездесетін әр түрлі өзгерістер. Қазақ тілінде дыбыстық өзгерістердің мынадай түрлері кездеседі: 1) комбинаторлық өзгерістер; 2) спонтандық өзгерістер.

Дыбыс сапасы – дыбыс сапасы дауыстылардың өзіне тән әуені болуынан, дауыссыздардың нақты айтылу тәсілінен көрінеді.

Дыбыс созылыңқылығы – дыбыс созылыңқылығы фонетикалық позицияға, діріл мөлшері мен дыбыстың созылу уақытына байланысты пайда болады. Дыбыс созылыңқылығы – дыбыстардың жасалуындағы негізгі шарттардың бірі.

Дыбыс субституциясы (латын. «*substitutio*» – алмастыру) – кірме сөздер қабылданған кезде олардың құрамындағы кейбір дыбыстарға балама боларлық дыбыстар болмағандықтан, фонетикалық жағынан игерілген басқа дыбыстармен алмастырылуы. Мыс., парсы сөздері: *аһәнг – ән, гүгәрд – күкірт, шәһр – шәһәр, мәһман – мейман, дәрәхт – дарақ*; орыс сөздері: *волость – болыс, майор – майыр, суд – сот, пуховый – бөкебай, ситец – сәтен, кучер – көшір, бутылка – бөтелке, самовар – самауыр.*

Дыбыс таңбасы – әріп. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде «әріп» сөзі «әріп», «қаріп», «харіф» түрінде берілген. Ғалым жазуда дыбыстың таңбасы харіф түрінде берілетінін ескерте келіп, дыбыс пен харіфті шатастырмау керектігін, айтқан сөзге қатысты «дыбыс» сөзі, жазған сөзге қатысты «харіф» сөзі қолданылатынын, дыбыстың «естілетін, көрінбейтін нәрсе» екенін, харіфтің «көрінетін, естілмейтін нәрсе» екенін айтады.

Дыбыс ырғағы – дыбыс ырғағы дауыс шымылдығының уақыт мөлшері (секундтық өлшем) шамасындағы діріл санына байланысты. Діріл саны көп болса, Д.ы. солғұрлым күшейеді, діріл саны азайса, Д.ы. да азаяды.

Дыбыс экскурсиясы (латын. «*excursio*» – шығу) – сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға ыңғайлануының алғашқы кезеңі.

Дыбысқа еліктеу теориясы (ономатопоэтикалық теория) – тілдің шығуы туралы теориялардың бірі. Бұл теория бойынша тіл адамның табиғи дыбыстық және дыбыстық емес белгілерге еліктеуінен туған. Д.е.т. жақтаушылар дыбысқа еліктеуді дыбыстың дыбысқа еліктеуі және дыбыстық символизм түрінде кең мағынада түсінген. Д.е.т. ұсынған стоиктер (б.з.д. III ғ.), ол кейін Г.Лейбниц, И.Г.Гердер еңбектерінде дамытылған. Бұл теорияның күшті жағы дыбыс пен мағынаның алғашқы байланысын және оның табиғи екенін мойындағандығында. Д.е.т. жақтамайтындар бұл теорияның әлеуметтік жағдайларды ескермейтінін, дыбысқа еліктеуді тым асыра бағалайтынын сынай отырып, дыбыска еліктеудің маңызын төмендетті, дыбыстық символизмді жоққа шығарды. XX ғасырдың 50-80 жылдары зерттеулер дыбысқа еліктеу, дыбыстық символизм ым-қимылымен бірге тілдің шығуында аса маңызды қызмет атқарғанын айқын дәлелдеді.

Дыбыстаңба (латын. «*transcriptio*» – қайта жазу) – тіл білімінде ғылыми мақсатта қолданылатын арнайы жазу. Д. графикалық, орфографиялық нормаларға байланыссыз сөйлеудің ең нәзік реңктерін мүмкіндігінше дәл беруді көздейді. Мыс., *құруқ (құрық), таңэртэң (таңертең), жаңасқан (жаңа асқан)*. Қолданылу мақсатына қарай Д. фонетикалық, фонематикалық болып бөлінеді.

Дыбыстардың акустикалық жіктелуі – дауыс қатысына қарай дыбыстар үнді, салдыр болып екіге бөлінеді. Дауыстыларда үн басым, сондықтан олар анық, айқын естіледі. Дауыссыздардың айтылуында салдыр басым болады. Салдырға үн қатысатын болса – ұяң, ал тек салдыр қатысатын болса – қатаң, салдырға қарағанда үн басым болса, үнді дауыссыздар жасалады.

Дыбыстардың жасалу тәсілдері – тілдің үстіңгі жағының қатысына (қызметіне) байланысты дыбыстардың жасалуындағы ауа ағысының өту сипаты (еркін, тар немесе жабысыңқы сипаты).

Дыбыстардың жіктелімі – қазақ тілі дыбыстарының фонетикалық (артикуляциялық) белгілеріне қарай реттелуі. Тілдің көлденең қалпына (қатысына) қарай: – тіл арты дауыстылар: *а, о, ұ, ы;* – тіл ортасы дауыстылар: *ә, ө, ү, і.* Тілдің (жақтың) тік қалпына (қатысына) қарай: – ашық дауыстылар: *А, Ә;* – қысаң дауыстылар: *ұ, ы, ү, і.* Еріннің қалпына (қатысына) қарай: – ерін (дік) дауыстылар: *о, ұ, ө, ү;* – езу (лік) дауыстылар: *а, ы, ә, і, е.* – Әуез қатысына қарай: – жуан әуезді дауыстылар: *а, о, ұ, ы;* – жіңішке әуезді дауыстылар: *ә, ө, ү, і, е.* Құрамына қарай: – жалаң дауыстылар: *а, ә, ы, і, ұ, ү;* – құранды дауыстылар: *ʸе, ʷо, ʷө.* Дауыс қатысына қарай: қатаң дауыссыздар – п, т, қ, к, с, ш; ұяң дауыссыздар – б, д, ғ, г, з, ж; үнді дауыссыздар – м, н, ң, р, л, й, у. Жасалу орнына қарай: ерін дауыссыздар – п, б, м, у; тіл ұшы дауыссыздар – т, д, н, з, ж, с, р, л; тілшік/тіл ортасы дауыссыздар – қ, к, ң, й, ғ, г жасалу тәсіліне қарай – тоғысыңқы п, т, қ, к, т, д, н, м, н, ң, жуысыңқы с, з, ш, ж, у, р, л, й.

Дауысты дыбыстардың жіктелім кестесі

ҚҰРАМЫ	ЖАСАЛУ ОРНЫ / ЕРІН ҚАТЫСЫ / ЖАҚ ҚАТЫСЫ	тіл ортасы		тіл арты	
		езу(лік)	ерін(дік)	езу(лік)	ерін(дік)
жалаң	қысаң	**І**	**Ү**	**Ы**	**Ұ**
	ашық	**Ә**		**А**	
құранды		**Е**	**Ө**		**О**

Дауыссыз дыбыстардың жіктелім кестесі

ЖАСАЛУ ТӘСІЛІ		Дауыс желбезегінің қатысы	ЖАСАЛУ ОРНЫ			
			ерін	тіл ұшы	тіл ортасы	тілшік
тоғысыңқы		тербеліссіз	**П**	**Т**	**(К)**	**Қ**
		тербеліңкі	**Б**	**Д**	**(Г)**	**Ғ**
		тербелімді	**М**	**Н**	**(Ң)**	**Ң**
жуысыңқы	жайылыңқы	тербеліссіз		**Ш**		
		тербеліңкі		**Ж**		**(Ғ)**
		тербелімді			**(Й)**	**Й**
	жинақы	тербеліссіз		**С**		
		тербеліңкі		**З**	**(Г)**	
		тербелімді	**У(w)**			
	діріл			**Р**		
	жанама			**Л**		
жабысыңқы		тербеліңкі		**(ʰЖ)**		

Дыбыстардың корреляциясы (латын. «*correlatio*» – қатысты) – дыбыстардың бір-біріне қатыстылығы. Негізгі белгілері ортақ дыбыстардың бір-біріне қарама-қарсы екі қатар жасауы. Мыс., дауыссыздардың коррелятивтік белгілері – олардың қатаң-ұяңдығы, жуан-жіңішкелігі.

Дыбыстардың қатаңдануы – қазақ тілінде ұяң *б, г, д* дауыссыздары кейде сөйлесу кезінде қатаңданып, *п, к, т* болып айтылады. Мыс., 1) айтуда кірме сөздердің соңында: *клуб-клуп, педагог-педагок, араб-арап;* 2) дыбыс үндестігінің әсерімен сөз тіркесінде: *ақ бас-ақ пас, көп бала – көп пала.*

Дыбыстардың тіркесімі – дыбыстардың сөйлеу үстінде жіктелетін тіркестері. Дыбыстар тіркесімінен буын, буыннан сөз жасалады.

Дыбыстау аппараты – дыбыстау мүшелерінің жиынтығы. Д.а. тыныс мүшелері, тамақ және қуыс мүшелер болып үшке бөлінеді.

Дыбыстық символизм – кейбір сөйлеу дыбыстары мен қандай да бір түсініктердің арасында тікелей сәйкестік болады деген болжамнан туған. Сөздің Д.с. (бейнелеу тұрғысында) әр түрлі козғалысты, қимылды, жарық-сәуле құбылыстарын, формалар мен көлемді, адам мен жануарлардың физиологиялық, эмоциялық күйін т.б. білдіруі жиі кездеседі. Мыс.: *жарқ-жұрқ, жарқылдау, миялау, гүрсілдеу, мөңіреу, қалт-құлт, ahлау, үhлеу т.*б. Д.с. мағынасында символикалық байланыс сезілетін сөздермен қатар, қазіргі кезде ондай байланыс әлсіреген сөздер де жатады. Оларды Д.с. айқындау әдістері арқылы білуге болады. Семантикалық және құрылымдық жағынан ерекшеленіп, көптеген Д.с. не дыбысқа еліктеуден туған сөздер етістіктің және басқа сөз таптарының ерекше топтарын жасайды. Қазіргі тілдерде Д.с. субъективті (адам психикасында сақталатын дыбыс пен мағына байланысы) және объективті (тілдегі сөздерде сақталатын дыбыс пен мағына байланысы) түрлерге бөлінеді. Д.с. аса маңызды психофизиологиялық негіздері – синестезия мен кинемика дыбыс пен мағынаның байланысы жайындағы мәселемен көптеген ғалымдар әр кезенде айналысқан (Платон, Ж.Руссо, М.Ломоносов т.б.), XVII-XIX ғ. Д.с. зерттеу негізінен тілдің шығуына байланысты дыбысқа еліктеу, одағай теориялары түрінде жүргізілді (Л.Лейбниц, В.Гумбольдт т.б.). XX ғ. 50-60 ж. Д.с. таңбалардың уәжділігі, бала тілі, эксперименттік психология, психолингвистика т.б. байланысты тереңдетіле қарастырылды. XX ғ. 70-80 ж. Д.с. фоносемантикада қарастырылатын болды.

Діріл дауыссыз – тіл ұшының алдыңғы таңдайға бір тиіп, бір тимеуі нәтижесінде пайда болатын, дірілден жасалатын дауыссыз: *р.* Жалпы тіл білімінде, орыс тіл білімінде бұған қатысты «Вибрант» термині қолданылады.

Дюплойе жүйесі (франц. *«Sténographie Duployé»*) 1860 жылы француз тілі үшін Эмиль Дюпле жасаған стенография жүйесі. Содан бері ол кеңейтіліп, ағылшын, неміс, испан, румын және чинук тілдерін жазуға бейімделген. Д.ж. геометриялық, әріптік, стенография және солдан оңға қарай жазу бойынша жіктеледі. Д.ж. 2014 жылдың маусым айынан бастап 7.0 нұсқасымен Юникодқа қосылған. Бұл жүйе бойынша Францияда 30-ға жуық газет шығарылған.

Ее

Е әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Гректің эпсилон (Е,ε) деген әрпінен латынның Е әрпі мен кирилдің Е, Ё, Є және Э әріптері шыққан. Кирил және латын графикалы әліпбилерде /е/ фонемасы ортақ таңбамен берілген. Е әрпі әлем тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Бұл әріп сөз басында, ортасында және соңында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – е.

Е дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін бейтарап қалады, еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады; тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – езу, жасалу орнына қарай – тіл ортасы дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, езу, тіл ортасы дауысты дыбыс. Сөздің кез келген шебінде тұра береді.

Еврей жазу жүйесі – біздің дәуірімізге дейінгі 2-мыңжылдықтың аяғында Таяу Шығыста кеңінен қолданылатын финикиялық жазбаға ұқсас еврей жазуы. Е.ж. бас әріп жоқ. Бұрын еврей әліпбиінің кейбір әріптерінде ою-өрнектің рөлін орындаған арнайы белгілер (таги) қолданылған. Е.ж. ішінде пайда болатын нүкте дагеш (dagesh) деп аталады. Оны еврей тіліндегі кез келген әріптің жанында орналастыруға болады. Еврей кітаптарында көбінесе шаршы шрифт, кейде ассириялық шрифт деп аталатын таңбалауыш, сонымен бірге Тора жазбалары немесе тефиллин мен мезузаның ішіне салынған жазба тәрізді қасиетті құжаттар үшін «тәждер» деп аталатын әріптер – жазудың ерекше нысаны (жоғарғы нүктелерден шығатын жазулар) қолданылады. Қазіргі еврей әліпбиі – еврей тілінде, сондай-ақ идиш, ладино және басқа еврей диаспора тілдерінде қолданылатын әліпби. Ол сондай-ақ қарайым және қырым тілдерінде қолданылды. Иврит тілінде консонантты жазу қолданылатындықтан, әліпби дауыссыз әріптерден тұрады. Дегенмен, олардың кейбіреулері еврей тілінде, әсіресе басқа диаспора тілдерінде дауысты дыбыстарды жазу үшін де қолданылады. Әліпбиде 22 әріп бар, бас әріп жоқ. Бес әріптің екі стилі бар – негізгі (сөздің басында және ортасында қолданылады) және соңғы. Еврей тілінде барлық әріптер – дауыссыз дыбыстар,

бірақ олардың төртеуі – кейде дауысты дыбыстарды жазу үшін қолданылады (матрас лекционис). Дауысты дыбыстарды толық жазу үшін диакритикалық белгілер жүйесі қолданылады — жазудың астына немесе үстіне қойылған «некудот» («нүктелер»). Бұрын еврей әліпбиінің кейбір әріптерін безендіретін ою-өрнек рөлін атқаратын арнайы белгішелер (тегтер) қолданылған. Идиште әліпби толық: әріптер א алеф, ו вов, י иуд және ע аен «дауыссыз дыбыстардың рөлін жоғалтып, дауысты дыбыстарға айналды; сонымен қатар, кейбір дифтонгтарды білдіретін диграфтар бар.

א	ב	ג	ד	ה	ו	ז	ח
ט	י	כ	ך	ל	מ	ם	נ
ס	ע	פ	ף	צ	ץ	ק	ר
ש	ת						

«Егемен Қазақстан» газеті – 1991 жылдың маусымынан бастап газет «Егемен Қазақстан» деп аталды. Газеттің негізгі бағыты – саясат және құқық, экономика, әлеумет және білім, мәдениет және руханият, спорт мәселелері. Газетте қазақ жазуының, әліпбиінің және оның емле, ережелерінің мәселелері де көтеріліп тұрады. 1991 жылдардың басынан бері латын әліпбиіне көшу мәселелері туралы айтылып жүр. 2018 жылдан бастап газетте әліпби мәселесі жиі жазылып, қоғам қайраткерлері мен тіл жанашырларының ұсыныс-пікірлері жарияланып тұрады. 2019 жылдың ақпан айында қалың жұртшылыққа таныстыру үшін латын әліпбиінің емле ережелерінің мақұлданған нұсқасы басылды.

Египет жазуы – көне Египет тілінің б.з.д. 4 мыңжылдықтан III-IV б.з.д. ғасырлар арасында қолданылған жазу. Ол 500-ге жуық фонетикалық белгілері бар таңба-суреттерден тұрады. Е.ж. идеографиялық, силлабикалық және фонетикалық жазу жүйелеріне тән элементтерден тұрады. Одан иератика, кейінірек демотика дамып шыққан. Дауыссыз дыбыстарға негізделген таңба бір, кейде екі-үш дауыссызды білдірген. Сөйтіп, әр таңба тек сөздің емес, әрі дыбыстың (дауыссыз) мағынасына ие болған. Б.з.д. 4 мыңжылдықтың соңында бір мағынаны білдіруге арналған орфографикалық жүйе қалыптасқан. Ол бойынша кейбір таңбалар белгілі бір сөзді, бірқатары идеограмма тәрізді не бір сөзді, не өзара байланысты бірнеше сөзді білдірген. Е.ж. қатар жұмсалған екі түрі болған: 1) бейнелейтін затына өте ұқсас сурет жазуы; 2) шапшаң жазу. Б.з.д. VII ғасырдан бастап иератика негізінде таңбалануы жеңілдетілген жаңа шапшаң жазу қалыптасқан.

Египет иероглифтік жазуы б.з.д. 4 мыңжылдықтың орта тұсында пайда болған. Алғаш сурет-кескіндермен, иероглифтік (идеограф.) таңбалармен бейнеленді. Мысыр жазуында әрбір суреттің, таңбаның өзіндік мағыналары болды. Таңбалар саны 5 мыңға жуық болғанмен, оның ішінде 700-800 таңба ғана қолданылды. Мысыр жазуының құпиясын француз ғалымы Франсуа Шампольон ашты. Египет иероглифтері негізгі екі таңба тобына бөлінеді: дыбыстық таңбалар (фонограммалар) және мағыналық таңбалар (идеограммалар). Е.ж. сөздерді немесе сөйлемдерді ажыратушы тыныс белгілері болмаған. Каллиграфиялық таңбаларды тікбұрыш немесе төртбұрыш жасау арқылы симметриямен аралықсыз орналастыруға тырысқан. Қазіргі таңда көне Египет иероглифтерінің бірыңғай жіктелімі жоқ. Уақыт өткен сайын жаңа иероглифтер немесе олардың жаңа фонетикалық мағыналары табылуда.

Ежелгі Перм әліпбиі – XIV–XVII ғасырларда коми-зырян және коми-перм тілдерінің жазуы үшін пайдаланылған әліпби жазуы. Вычегда ағысының Вымь өзені бассейны аумағында 1372 жылы уағыздаушы және ағартушы коми Стефан Перм кирил, грек әліпбиі мен ежелгі руна символдары (пастар) негізінде құрған. Стефан құрған әліпби. Ол әліпбидің алғашқы екі әрпі (ан және бур) бойынша аталған. Кей кездері орыс тілі үшін құпия жазу ретінде пайдаланылған. Кирилмен ығыстырылып, XVII ғасырда қолданыстан шығып қалған. Әліппе 38 әріптен тұрады. Кішкентай және бас әріптерге бөлу жоқ. Жазылу бағыты – солдан оңға қарай, жолдар жоғарыдан төмен қарай. Диакритикалық таңбалар пайдаланылады, стандартты қысқартулар үшін – титло. П.ә. таңбалары айтарлықтай бірдей және сол немесе өзге орналасу жағдайына қарай өткір бұрыш түрінде бір типтес болып келеді, бұл оны жарты сөздер қатарына жатқызуға мүмкіндік береді.

«Емле мәселесі» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылғы 7-8 мамырдағы сандарында жарияланған мақаласы. Мақалада қазақ жазуының дыбыстық жүйесі және оның негізгі ережелері сипатталған. Атап айтқанда, айтылым мен жазылымның ерекшеліктері, түбірге қосымшалардың жалғануы, шылаулардың жазылуы, етістікке жалғанатын жұрнақтардың жазылуы, бірге және бөлек жазу ережелері сияқты мәселелер туралы нақты мысалдар жүзінде талдаулар берілген. Мақалада «сүзілме дыбыс» авторлық термині қолданылған. Еңбектің қазақ тілінің емле, ережелерін дайындау мен қалыптастыруда ғылыми маңызы бар.

Емле негізі – емле ұстанымдары. А.Байтұрсынұлы 4 түрлі емле негізін: 1) таңба жүйелі (негізі ынтымақ); 2) тарих жүйелі (негізі дағды); 3) туыс жүйелі (негізі тегіне қарай); 4) дыбыс жүйелі (негізі естілуіне қарай) сипаттай келіп: «Емлеміз қалай жасалса да, негізгі тіл іліміне, тіл жүйесіне тіреліп отырып жасалу тиіс», – деп қорытады.

«Емле сөздігі» – М.Балақаевтың бастауыш, жеті жылдық және орта мектептерге арналған сөздігі. Сөздікке әртүрлі жазылып жүрген және жазылуы қиын қазақ сөздері енген. Кейбір әріптердің, қосымшалардың, түбір сөздердің, терминдердің жазылуы және қос сөздердің, біріккен сөздердің, шылаулардың, қысқарған сөздердің, сан есімдердің, жалқы есімдердің емлесі берілген.

мәселесі туралы сөз», «Жазу таңбаларымызды азайту туралы жоба», 1926 жылы Е.Алдоңғаровтың «Өнердің басы – әліпби», 1927 жылы «Емле, әріп, жайында», 1929 жылы «Әдеби тіл мен емле», Қ.Кемеңгерұлының «Әріп мәселесі туралы» мақалалары және т.б. әліпби, емле туралы мақалалары жарық көрген.

Ерғалиев Қуаныш Советұлы (1976) – филология ғылымдарының кандидаты, доцент. «І.Кеңесбаевтың фонетикалық еңбектерінің ғылыми негізі» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Ғылыми бағыты: қазақ тілінің дыбыс жүйесі, транскрипция, орфография және орфоэпия, тыныс белгілері, этнолингвистика, лингвомәдениеттану, аударма мәселелері. 2 монография, 3 оқу құралы, 2 томдық тест тапсырмаларының жинағы, 100-ден аса ғылыми мақалалардың авторы.

Ертіс жазба ескерткіштері – Павлодар облысы Бобровое елді мекені Ертіс өзенінің оңтүстік жағасындағы көне қорғаннан 1960 жылы табылған бұғы пішіндес сүйек тоға (тұмар). Тоға пішінінің бұндай болуы ежелгі дәуірдегі Орта Азия мен Алтай көшпелі халықтарының этникалық дәстүріндегі бұғы танымына байланысты. Сүйек тоғаның бетінде ойылып жазылған алты таңба бар. А.Аманжолов ескерткіштің жазылу уақытын б.з.д. V-IV ғасырлар деп көрсетеді. Сүйек тоғадағы жазу: «Ақ-бұғы, құт-бұғы». Ескерткіштің жазу үлгісі Есік жазуына ұқсас.

Ерін үндестігі –дауыстылардың бір сөз көлемінде еріннің қызметі жағынан ыңғайласып, үйлесіп келуі. Қазақ тілінде сөздің бірінші буынында дауысты о, ө, ұ, ү және дауыссыз у дыбыстары болса, келесі буындарда жазылған е, ы, і әріптері айтылымда ө, ұ, ү еріндіктеріне айналады.

Ескі қазақ жазба тілі – шамамен XVI-XVII ғасырлардан XX ғасырдың басына дейінгі жазба тіл. Ә.Марғұланның, Р.Сыздықтың, М.Қойгелдиевтің, Б.Әбілқасымовтың пайымдаулары бойынша Қ.Жалайыридың «Жамиғат тауарих» атты еңбегі, сондай-ақ Әбілғазы баһадүр ханның «Түрік шежіресі» сынды жазбалар Е.қ.ж.т. алғашқы нұсқаларының бірі болып танылады. Бұл тіл – шынайы халықтық тіл болмағанымен, байырғы қазақ қоғамында әрбір хат танитын, сауатты қауымның коммуникативтік қажеттілігіне қызмет еткен тіл. Өйткені, Е.қ.ж.т. құрылымында бөгде тілдік элементпен қатар негізгі бөлігі қазақтың сөйлеу тілі болды. Оған бір кездегі ғылым мен әдебиет, мәдениет тілі болған араб, парсы тілдерінің жекелеген сөздері, ортаазиялық түркі әдеби тілі мен көршілес түркі тілдерінің кейбір жалғау-жұрнақтары, араб жазуының емле дәстүрі қосылып, оны қазіргі әдеби тіліміздің біраз өзгешелеу етіп көрсетті. Бұл тілдегі жазба нұсқаларға қазіргі бізге мәлім қазақ тілінде шыққан алғашқы екі газет («Түркістан уәлаяты», 1870-1882 ж. мен «Дала уәлаяты», 1888-1902 ж.), қазақ хан, сұлтандарының өзара және орыс әкімшілік орындарымен жазысқан хаттары, бұйрық-жарлықтары, түзілуіне Абай тікелей қатысқан 1885 жылғы «Қарамола съезінде жасалған ереже» XIX ғ. 2 жартысында Қазан қаласынан кітап болып басылып шыққан жүзден астам қисса, дастандар т.б. жатады. Әрине, бұлардың бәрінің тілі бірдей деуге болмайды: бірінде қазақтың сөйлеу тілі ерекшелігі басым болса, екіншісінде (әсіресе, іс қағаздары мен ресми құжаттарда) ортаазиялық түркі әдеби тіл дәстүрі көбірек сақталған. Ал Е.қ.ж.т. құрамына халықтық тілдің элементтері көркем әдебиетке дендеп ене бастады.

Ж.Шалғынбайдың зерттеуінде қазақ тілінде араб жазуымен 1817 жылдан 1918 жылға дейін 971 басылым, 506 аталыммен жарық көргені, жалпы таралымы (тиражы) 2 млн 347 035 болғаны жөнінде талдама деректер бар (Ж.Шалғынбай). Мұндай деректің өзі араб жазулы Е.қ.ж.т. қазақ қоғамындағы атқарған мәдени қоғамдық-саяси маңызының ерекше орын алғанын байқатады. Сол заманның өлшемімен қарағанда мұндай рухани дүниелерді мол байлық, үлкен қазына деуге болады. Бұлардың ішінде қадымше де, жәдитше де жазылған үлгілер бар. Алайда Е.қ.ж.т. орыс миссионерлері «татаршаланған», «шағатайшаланған» молдалардың тілі, қойыртпақ шұбарланған тіл деп, құндылықтар қатарынан шығарып тастауға ықпал етті. Бір өкініштісі, кейбір зерттеушілер ескі қазақ тілінің жазба мұраларын қазіргі күнге дейін «татарша», «шағатайша» деп түсінеді.

Ескі қыпшақ жазба ескерткіштері – XI-XVI ғасырларда жазылған қыпшақ тайпаларының және сол тайпа одағына біріккен түркі тайпаларының тілінде жазылған шығармалар. Ескерткіштер төрт түрлі әліпбимен жазылған: араб (XI-XIV ғ.), армян (XV-XVI ғ.), орыс (XI-XIII ғ.) және көне готикалық (XIII-XIV ғ.) әліпби. Қыпшақтар мекендеген ұлан байтақ территория «Дешті Қыпшақ» (Қыпшақ даласы) деген атпен аталды (Солтүстік Кавказдан бастап, Қырым, Балқаш маңайындағы иен даланы түгел қамтыған). Қыпшақтар бұдан басқа Египет пен Сирияда, Батыс Украина мен Шығыс Еуропа елдерінде де өмір сүрген. Қыпшақ даласының оңтүстік батысын жайлаған қыпшақтарды куман, оңтүстік орыс даласын мекендегендерін половец, Египет пен Сириядағы қыпшақтарды мәмлүк деп атаған. Таза қыпшақ тілінде жазылды дейтін ескерткіш жоқ. Ең негізгісі «Кодекс куманикус» (XIII-XIV ғ.). Орта Азия, Алтын Орда және мәмлүк қыпшақтарының тілінде жазылған ескерткіштерде қыпшақ тілінің қатысы бірінде аз, бірінде көп. Мысалы: «Диуани хикмет» (Қ.Яссауи), «Һибат-ул хақайық» (А.Иүгнеки), «Диуани луғат ит-түрк» (М.Қашқари), «Қисас-ул анбия» (Рабғузи), «Хұсрау уа Шырын» (Құтб), «Гулистан бит-түрки» (С.Сараи), «Китаб әл-идрак ли-лисан әл-атрак» (А.Хайян), «Китаб булғат әл-мүштақ фи-л-луғат ит-түрки» (Жамаладдин ат-түрки), «Китаб муқаддима» (А.Самарқанди), «Мұққадимат ал-адаб», «Китаби тарджуман фарси уа түрки уа моғоли», «Китаб ат-туһфа аз-закия фил-луғат ит-түркиа», «Әл-қауанийна әл-куллийа ли дабт әл-луғатти түркиа», «Китаб ад-дурра әл-мудийа фил-луғат ит-түркиа әл ат-тамам уал-камал», «Тержуман түрки уа араби», «Китаб ад-дағуа», «Жүсіп пен Злиха», «Оғызнама», «Қорқыт ата кітабы» т.б. Армян қыпшақтарының тілінде армянша-қыпшақша сөздіктер, тарихи жазбалар, діни трактаттар, грамматикалық анықтамалар мен кеңсе қағаздары жазылған. Қыпшақ тілі туралы ең алғашқы мәліметті берген – М.Қашқари.

Ескі қыпшақ тілі – Орта Азия мен оған шектес аймақтарды мекендеген бірқатар түркі тайпалары сөйлеген тілдердің бірі. Е.к.т. үлгілері XII-XIV ғ. жазылған қыпшақ ескерткіштерінде («Кодекс куманикус», «Мәмлүк қыпшақтары жазба ескерткіштері», «Армян колониясы жазба ескерткіштері» т.б.) сақталған. Е.к.т. 8 дауысты дыбыс бар. Дауысты дыбыстар өзара әлмасқан: *а, е/о, ө – сев/сөв/сөу (сүй), и/і – ил/ іл, о/у – йок/йук (жоқ), у/о – хатун/хатон* (ханыша). Буын үндестігі қатаң сақталған: *елікпеділер* (олар елікпеді), *көнулукче* (әділет жолымен). Ерін

үндестігі екінші буында анық, үшінші, төртінші буындарда әлсіздеу: *йолуғурмен* (жолығармын), *умутурмен* (ұмытармын). Дауыссыз дыбыстар құрамындағы *ф, х, һ* дыбыстары кірме сөздерде ғана қолданылады. Е.қ.т. грамматикалық категориялардың өзіндік ерекшелігі бар, дегенмен, жалпы құрамы қазіргі қазақ тіліне жақын. Кірме сөздерінің қорын араб, парсы және Батыс Еуропа тілдерінен енген сөздер құраған. Жазба мәтіндер материалдарына қарағанда көне түркі тілінде кездесетін *з-д-й* алмасуы Е.қ.т. толық аяқталған деуге болады. Осыған орай Е.қ.т. *й* дыбысымен айтылатын тілдер тобына жатады.

Ескі ұйғыр жазуы – б.з.д. I ғ. – б.з. IX ғ. аралығындағы әліпбиі негізінде жасалған, жоғарыдан төмен қарай тік әріптермен солдан оңға қарай таңбаланатын жазудың түрі. Е.ұ.ж. сары ұйғыр, керей, найман т.б. түркі ру-тайпалары қолданған. Е.ұ.ж. найман мемлекетінің ресми жазуы болған, сондықтан бұл жазу *найман жазуы* деп те аталған (*С.Аманжолов*). Дәлірек айтқанда қазақ қоғамдастығындағы бұл жазуды керей-найман жазуы деп те атауға болар еді. Найман хандығында ескі ұйғыр жазуын жақсы білетін бітікшілер болған. Аталмыш хандық Шыңғысханның қол астына қарағаннан кейін керей, наймандар ұстаған бітікшілер ұлы қаған ордасында қызмет етіп, осы аталған жазуды мемлекет ісінде қолданған. Е.ұ.ж. Алтын Орда ұлысында да қолданылып, дипломатиялық жазбалар, хан жарлықтары осы Е.ұ.ж. жазылған. Шығыс Түркістан жерінен табылған Жүсіп Баласағұнидің әйгілі «Құтадғу білік» дастанының бір нұсқасы осы Е.ұ.ж. жазылған. Екі жүз мың ауыр қолымен миләдише 1391 ж., хижраша 793 ж., қазақша қой жылы Тұранның сұлтаны атанған Ақсақ Темір Алтын Орданың ханы (Ақ Орданың ханы) Тоқтамысқа қарсы жорығында Ұлытауға келіп аялдайды. Осы жорығын есте қалдыру мақсатымен арнайы дайындалған еңселі тасқа 8 жол Е.ұ.ж. 3 жол араб жазуымен жазылған дерек қалдырады. Тасқа қашалған бұл жазба 1930 ж. Сарысудың сол жағалауынан Қарсақпай жерінен табылған. Түркі қоғамдастығының этномәдени өмірінде ерекше орын алған бұл Е.ұ.ж. да тарих сахнасынан шығып, мұсылман дінінің Орта Азия, Қазақстан жеріне кең тарауымен байланысты мәдени-тілдік кеңістіктегі орнын енді араб жазуына берді.

Естілім фонетика – дыбыстың естілу сипатын анықтайтын фонетиканың үн түйсінім саласы: – түйсінім түрі: қатаң (глухой), ұяң (звонкий), үнді (сонорный); – естілім қарқыны: күшті лепті, босаң лепті, бос лепті. Қазіргі оқулықтар мен оқу-құралдарында фонетикалық атаулар жүйесіз пайдаланылып келеді. Мысалы, жасалым (артикуляциялық) атаулар мен естілім (перцепциялық) атаулар аралас қолданылады: «тіл арты» деп алып, «жуан» деп естілім әуезді қосып қояды. Егер артикуляциялық сипаттама болса, онда атаулар тек артикуляциялық болу керек. Егер перцепциялық сипаттама болса, онда атаулар тек перцепциялық болу керек. Фонетикалық талданым сонда ғана бір жүйеге түседі. Естілім (перцепциялық) атаулар: – қатаң – үнсіз, қатаң дауыссыз – үнсіз дауыссыз; – ұяң – жартылай үнсіз, ұяң дауыссыз – жартылай үнсіз дауыссыз; – үнді – мол үнді, үнді дауыссыз – мол үнді дауыссыз.

Есік жазба ескерткіші – жұмбақ жазуы бар күміс тостаған. Ол 1970 жылы Есік қаласы маңындағы сақ дәуірі (б.з.д. V-IV ғ.) кезеңінде салынған қорымды қазу

жұмыстары кезінде табылды. Тостағанның сыртындағы 26 таңба екі жолға ойылып жазылған. Үстіңгі жолда 9 таңба, астыңғы жолда 17 таңба бар (оқшау тұрған таңбаны қоса есептегенде). Тостағандағы таңбалар көне түркі сына жазулары таңбаларына ұқсас, сонымен қатар, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне әліпбилік таңбаларға да (әсіресе, көне грек пен арамей әріптеріне) ұқсайды. Тостағанда: «Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)», –деп жазылған. Бұл жазудың құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын нақты дәлелдей түсетіні.

Есік ойма жазуы – сақ дәуірінен қалған жазба ескерткіш. 1970 жылы Іле өңірінің тау бөктеріндегі Есік қ. Іргесінен сақ дәуірінде (б.з.д Y-IY ғасырда) салынған үлкен қорым қазылды. Қазу жұмысына жетекшілік еткен Қ.А.Ақышев. Мазардың ішінен алтынға бөленген жауынгердің мәйіті, дуылғасы, алтын сапты қанжары мен семсері, түрлі ыдыс-аяқ және руна тәріздес жұмбақ жазуы бар күміс тостағанша табылады. Күміс тостағаншаның сыртқы жағына ойылған руна тәріздес 26 таңба екі жолға жазылған. Үстіңгі жол тостағаншаның тура түп ортасына, ал астыңғы жол бүйір тұсын жиектей ойылған. Үстіңгі жолда 9 таңба, астыңғы жолда 17 таңба бар (оқшау тұрған таңбаны қоса есептегенде). Күміс тостағаншадағы осы таңбаларына ұқсас, екіншіден, Жерорта теңізі төңірегіндегі көне әліпбилік таңбаларға (әсіресе көне грек пен арамай әріптеріне) үйлеседі. Сөйтіп, бұл жазуды көне түркі тілінде оңнан солға қарай былай оқыдық: Аға, саңа очкуқ! Без чөк! Букун ічре (р?) азуқ. Аудармасы: Аға саған (бұл) ошақ! Бөтен (жат ел адамы), тізеңді бүк! Халықта азық-түлік (мол болғай!)! Сақ дәуіріндегі бұл көне түркі жазуы, біріншіден, адам о дүниеге барғанда өмір сүреді, азық-түлік керек етеді деген сенімді білдірсе, екіншіден, халықтың сыртқы дұшпандарды жеңуге бел байлағанын көрсетеді, үшіншіден, халықтың қағанағы қарық, сағанағы сарқ болуға ұмтылған тілегін білдіреді. Бұл жазудың аса бір құндылығы – ертедегі Қазақстан жерін мекендеген сақ тайпаларының тілі көне түркі тілі болғандығын тағы да нақты дәлелдей түседі. Сондай-ақ, Қазақстан жеріндегі алғашқы көшпелілерде жазу-сызу болмады-мыс деген пікірдің ешбір негізсіз екенін айқындап, бұдан 2500 жыл бұрын түркі тілдес тайпалардың әліпбилік жазуды білгендігін және оның кең түрде пайдаланғандығын куәландырады.

Ёё



Ё әрпі. Тек орыс тілінен енген кірме сөздердің жазылымында ғана кездеседі, әріптің дыбыс мәні *ЙО* (ёлка – *йолка*) болып табылады. Қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымында кездеспейді.

Жж

Ж әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ж> фонемасы Ж әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде сол тілдердің ерекшелігіне қарай түрліше таңбаланған: /J/, /Zh/. Латын графикасына көшкен тілдердің басым көпшілігінде /ж/ фонемасына J әрпі қолданылады. Халықаралық фонетикалық атауы «йот» немесе «йота». Алғашқыда J әрпі I әрпінің нұсқасы ретінде қолданылған. XVI ғасырда француз философы Пьер де ла Рамэ /Іі/ таңбасын ажырату мақсатында Jj таңбасын ойлап тапқан. Қазақ жазуының тарихында 1938 жылы бұл әріп /і/ фонемасына берілген. 1929-1938 жылдардағы әліпбилерде /ж/ фонемасы /ç/ түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Жж/ әрпіне ауыстырылды. Ж әрпі қазақ сөздерінде сөз басында, ортасында және аяғында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – жы.

Ж дыбысы тіл ұшы мен қызыл иек арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының қызыл иекпен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады (сөз басында жабысыңқы яғни аффрикат болып жасалады), жасалу тәсіліне қарай жайылыңқы жуысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай ұяң (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы (аффрикат), ұяң дауыссыз дыбыс.

Жабысыңқы дауыссыздар (шұғыл дауыссыздар) – сөйлеу мүшелерінің (ерін, тіл-тіс т.б.) бір-біріне нақ тиюі, жабысуы арқылы жасалатын дауыссыздар. Мыс., *б, п, д, т, қ, к, ч, м, н, ң.*

Жазба мәтін – мәтіннің жазылған, басылған, қазақ бетіне түскен нұсқасы. Жазба мәтін белгілі бір ішкі мазмұнға ие болуы, дер кезінде қабылданып, ойды жеткізе алу мүмкіндігіне ие болуы шарт. Жазба мәтін тілді жүйелі қолданудың барысында пайда болды. Жазу дамығаннан кейін жазба мәтіндердің де түрлі жанры пайда болды.

Жазба тіл – жазу негізінде қалыптасқан, өзіндік тұрақты дәстүрі мен жүйесі бар тіл. Жазба тілдің негізінде жазба әдеби тіл қалыптасады. Жазба әдеби тілдің көркем әдебиет, публицистика, іс-қағаздары, ғылыми тәрізді функционалдық стильдері бар. Жазба тілге тән тілдік құралдардың (сөз, сөз тұлғалары, синтаксистік құрылымдар) кейбірі белгілі бір стильдік тармақтарға тән таңбаға ие болса, енді бір саласы барлық стильге ортақ болып келеді.

Жазу – адам ойының, дыбысталған сөзінің бір нәрсенің бетіне (қағазға, ағашқа, тасқа т.б.) басылған көрінісі, ауызша айтылған мәтінді таңбалар арқылы қағаз бетіне түсіру, айтылған сөзді алысқа, сондай-ақ, дәуірден дәуірге жеткізетін таңбалардың жиынтығы, ауызша тілдің қосымша құралы. Жазу адамзат баласы ойлап тапқан құнды әрі маңызды мәдени жетістіктердің бірі. Адам баласы өз ойын алыстағы адамдарға жеткізу үшін алғашқыда заттың өзін пайдаланған. Пікірлесу құралы ретінде заттың өзін қолдануға әрдайым мүмкіндік бола бермегендіктен, ойды жеткізудің басқа да жолдарын ойлап тапты. Осылайша тарихи даму барысында жазудың бірнеше үлгілері пайда болып, жетілді. Жазу жүйелі таңбалардың жиынтығынан құралады. Ол таңбалар тұтас хабарды не сөзді, не буынды, не дыбысты белгілейді. Әрбір таңбаның белгілі бір мағынасы, графикалық формасы болады. Адамзат тарихындағы ең алғашқы жазу сурет түрінде қолданылды. Оны пиктографиялық жазу деп атайды. Ондағы пиктограммалардың (суреттердің) мағынасы әртүрлі тілде сөйлейтін адамдардың барлығына түсінікті болған. Адам қоршаған ортадағы көрген-білгенін, сезіміне әсер еткен заттар мен құбылыстардың суретін әртүрлі заттарға (ағаш, тас т.б.) кертіп салған. Алғашқы сурет жазу түрлері ежелгі Египет, Месопотамия, Шумер, Финикий, Қытай жерлерінде, Гватемалла, Пасха аралдарында пайда болған. Пиктографиялық жазудың негізінде идеографиялық жазу қолданысқа енді, бұл жазудың ерекшелігі бір ұғымды бір ғана таңбамен (идеограмма) береді. Көне жазуға тән бұл белгілер қазірге дейін сақталған. Мысалы жолдың бойына қойылған белгілер, сандар т.б. Кейін логографиялық жазу пайда болды. Ондағы логограммалар кейде иероглиф деп те аталады. Логографиялық жазу сөз немесе морфеманы таңбалайды. Одан соң буын жазуы пайда болды. Бұл жазуда әрбір буын графикалық таңбалар арқылы берілді. Жазудың осылайша даму сатысы дыбыстық жазудың пайда болуына әсер етті. Қазіргі кезде дүниежүзі дыбыстық жазуды пайдаланады. Яғни тілдегі дыбыстар (дауысты, дауыссыз) жекелеген әріппен таңбаланады. Сурет жазудан басталған жазу мәдениеті бүгінгі дыбыстық жазуға дейінгі аралықта үлкен эволюциялық кезеңді бастан өткерді. Әріптік жазудың пайда болуы қоғамның дамып, жазуға деген қажеттіліктің артуымен тікелей байланысты. Жалпы ғалымдар арасында жазудың типтері мен түрлеріне қатысты көзқарас әртүрлі. Кейбір ғалымдар сурет жазуды алғашқы жазу түрі десе, кей ғалымдар оны жазу түріне жатқызбайды. Суреттер біреуге бір нәрсені хабарлау мақсатында емес, өз сезімдерін сыртқа шығару үшін қолданылған делінеді. Кей ғалымдар жазу ұғымына тек дыбыстық жазу ғана сәйкес келеді деген пікірде. Қазақ қоғамында қолданған көне түркі,


ТАЯУ ШЫҒЫСТАҒЫ КӨНЕ ЖАЗУЛАР
• ЕГИПЕТ ЖАЗУЫ
• МЕРОИТ ЖАЗУЫ
• СЫНА ЖАЗУЫ
• ШУМЕР
• АККАД
• ЭЛАМ
• ХУРРИТ
• УРАРТ
• ХЕТТ
• КӨНЕ ПАРСЫ
• ЭЛАМ ИЕРОГЛИФИКАСЫ
• ЛУВИЙ ИЕРОГЛИФИКАСЫ
• КРИТ ЖАЗУЫ

Семит жазулары және одан тараған

- Библ жазуы
- Протосинайлық жазуы
- Ұлы Ғұлама жазуынан алынды
- Протоханаанейлік жазуы
  - Финикиялық жазуы
    - Карфагендік жазуы
  - Моабиттік жазуы
  - Палеоеврейлік жазуы
    - Самариялық алфавиты
  - Арамейлік жазуы
    - Еврейлік алфавиты
    - Набатей жазуы
      - Сириялық жазуы
      - Араб алфавиты
        - Ежелгі - Мағынасы Мен Инфокезеңі
    - Согдыт жазуы
      - Көне Уйғыр жазуы
        - Көне Монғол жазуы
        - Мәнжу-жүр жазуы
  - Көне Ливия жазуы
    - Көне Ливия жазуы (Тифинаг)
    - Туареглік жазуы
    - Гуанч жазуы
- Оңтүстіктік араб жазуы
  - Эфиоп жазуы
- Кипр Азиясы алфавиты
- Иберлік жазуы



СЕМИТ ЖАЗУЫ ЫҚПАЛЫМЕН ПАЙДА БОЛҒАН ЖҮЙЕЛЕР

- ЕСІК ЖАЗУЫ
- КӨНЕ ТҮРІК ЖАЗУЫ
- БОЛГАР РУНАЛАРЫ
- ВЕНГР РУНАЛАРЫ
- ТАНА ЖАЗУЫ

ГРЕК ӘЛІПБИІ ЖӘНЕ ОНЫҢ НЕГІЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАН ӘЛІПБИЛЕР

- Грек жазуы
- Италия жазуы
  - Этрус әліпбиі
  - Латын әліпбиі
- Копт жазуы
- Гот жазуы
- Кирил

ГРЕК ӘЛІПБИІНЕ ҰҚСАС ӘЛІПБИЛЕР НЕГІЗІНДЕ ПАЙДА БОЛҒАНДАР

- Руналар
- Армян әліпбиі
- Грузин жазуы
- Ауған жазуы

YNDI ЖАЗУЫ

- KXAPOШTXU
- БРАХМИ
  - DEBAHAГAPU
  - БЕНГАЛ
  - СИНГАЛ
  - KANNADA
  - ТЕЛУГУ
  - ТИБЕТ
  - ТОХАР
  - МОН
  - БИРМА
  - ТАЙ
  - KXMEP
  - ЛАОС
  - KABU
  - ТАГАЛЬ

YHDI ЖАЗУЫ

- КХАРОШТХИ
- БРАХМИ
  - DEBAHAГАРИ
  - БЕНГАЛ
  - СИНГАЛ
  - KANHADA
  - ТЕЛУГУ
  - ТИБЕТ
  - ТОХАР
  - МОН
  - БИРМА
  - ТАЙ
  - КХМЕР
  - ЛАОС
  - КАВИ
  - ТАГАЛЬ

Қытай жазуы және одан тараған дар

- Қытай жазуы
- Жапон бұынды жазуы
  - Хирагана жазуы
  - Катакана жазуы
- Нжурнжэнь жазуы
- Қидан жазуы
- Тангут жазуы
- Нжуан жазуы
- Корей жазуы

Басқа да көне және ортағасырлық жазулар

- Майя
- Ацтек
- Цуань
- Донгба
- Огам
- Көне Перм

XVIII-XX ҒАСЫРЛАРДА ПАЙДА БОЛҒАН ЖАЗУЛАР

Азия

- Пахау және поллард
- Кая-ли
- Варанг-кшити
- Ол-чики
- Теневил

Африка

- Нко
- Басса
- Бете
- Ваи
- Кпелле
- Лома
- Кикакуи
- Бамум
- Османья
- Мандомбе
- Волофал

Америка

- Чероки жазуы
- Канад буынды жазуы

ӘЛЕМДІК ЖАЗУ ТИПТЕРІ

- ***Пиктографиялық***
- ***Идеографиялық***
- ***Фоноидеографиялық***
  - *Логографиялық*
  - *Морфемдік*
- ***Фонетикалық***
  - *Буынды*
    - *Абугида*
  - *Консонантты*
  - *Консонантты-вокалдық*






Вавилон мұнарасы



Шумер жазуы – б.з.д. IV-III мыңжылдық




Киш тақтайшасы – б.з.д. III мыңжылдық




Египет жазуы – б.з.б. IV мыңжылдық



Майя жазуы – б.з.д. III - XVI ғ.




Библ жазуы – б.з.д. II мыңжылдық



Элам жазуы – б.з.д. III-I мыңжылдық



Финикий жазуы – б.з.д. II мыңжылдық



Угарит жазуы – б.з.д. II мыңжылдық

Көне хананей жазуы – б.з.д. II мыңжылдық

כל בני האדם נולדו בני חורין ושווים בערכם
ובזכויותיהם. כולם חוננו בתבונה ובמצפון, לפיכך
חובה עליהם לנהוג איש ברעהו ברוח של אחווה.

כָּל בְּנֵי הָאָדָם נוֹלְדוּ בְּנֵי חוֹרִין וְשָׁוִים בְּעֶרְכָּם
וּבְזְכֻיּוֹתֵיהֶם. כֻּלָּם חוֹנְנוּ בְּתְבוּנָה וּבְמַצְפּוּן, לְפִיכָךְ
חוֹבָה עֲלֵיהֶם לְנַהוֹג אִישׁ בְּרֵעֵהוּ בְּרוּחַ שֶׁל אַחֲוָה.

Еврей жазу жүйесі – б.з.д.VI-II ғ.

латын, араб және қазіргі кирил әліпбиі дыбыстық жазуға жатады. Көне түркі жазуы күллі түркі дүниесіне ортақ. Себебі XV ғасырға дейін қазақ халқы жеке ұлт ретінде емес, түркі тайпаларының құрамында өмір сүрді. Ал түркі тайпаларының тұңғыш әріптік жазуы көне түркі әліпбиі. Түркілердің бұл жазуы тарихтан білетініміздей, Сібірдегі Енисей, Лена, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас, Сыр, Ертіс және Іле аймақтарынан табылған болатын. Ал VIII ғасырдан бастап XX ғасырдың басына дейін қазақ (түркі) қоғамында араб жазуы қолданылды. 1929-1940 жылдар аралығында латын, 1940 жылдан бастап кирил әліпбиін пайдаланып келеді.

«Жазу мәселесі» – А.Байтұрсынұлының «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 34 (16-қазан), 35 (24-қазан), 36-сандарында (31-қазан) жарық көрген мақаласы. Ғалым бұл мақаласында Ғ.Муси мырзамен жазу, емле мәселесіне қатысты пікір таластырады. А.Байтұрсынұлы ноғай тілі мен қазақ тілінің өзіндік ерекшелігін, дыбысталуын, тіркесімін саралай келіп, Ғ.Муси мырзаның ұсыныстарына жауап береді. Ғ.Муси мырзамен пікір алалығы туындаған тұстарды (у, о, е, й, ы, і дыбыстарының таңбалануы) нақтылай отырып, қазақ тіліне белгілі бір әріпті алуының себебін, уәжін көрсетеді. А.Байтұрсынұлының бұл мақаласынан ғалымның жазу, емле мәселесіне ерекше көңіл бөлгені байқалады.

«Жазу тәртібі» – А.Байтұрсынұлының «Айқап» журналының 1912 жылғы 4 (104-107-беттер), 5-сандарында (84-86-беттер) жарияланған мақаласы. Ғалым оқу керектігін ескерте келіп, қазақта оқудың екі түрі (мұсылманша оқу, русша оқу) қолданылып келе жатқанын айтады. Русша жақсы білу үшін көп уақыт (он-он бес жыл) керек болатынын, орысша оқуды меңгеру үшін алдымен тілді үйрену керек болатынын ескерте келіп, русша 6-7 жыл оқып білетұғын білімдерді қазақша үш жыл оқып білуге болатынын айтады. Оқу кітабындағы жазу тәртібі дұрыс болуы үшін тілдегі бар дыбыстың бас-басына арнаған белгісі (харфі) болуы керек екенін ескертеді. Сол кездегі қолданылып жүрген жазу бойынша «و» (о) әрпімен бес түрлі дыбыс, «ى» (ы) әрпімен үш түрлі дыбыс белгіленіп жүргенін айта келіп: «Балаларға һәр түрлі айтылатұғын сөзді бір түрлі айтып жазып қойып, «һәр түрлі айтып оқу керек» дегеніміз зорлық емес пе? «Бірдей жазылған сөзді қалай һәр түрлі оқысам, дұрыс болады» деп бала қиналмай ма? Сондықтан әуелі оқу құралын сайлаудан бұрын жазуымыздың тәртібін түзетіп, жөнге салу керек. Сонан соң сол жөнменен құрал сайлау керек», – дейді. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 24 дыбыс бар екенін, оның бесеуі дауысты, он жетісі дауыссыз, екеуі жарты дауысты екенін ескерте келіп, әрқайсысының әрпін көрсетеді: «Дауысты дыбыстар: ا(а), و(о), ۇ(у), ى(ы), ە(е). Дауыссыз дыбыстар: ب(б), پ(п), ت(т), ج(ж), چ(ш), د(д), ر(р), ز(з), س(с), غ(ғ), ق(қ), ك(к), گ(г), ڭ(ң), ل(л), م(м), ن(н). Жарты дауысты дыбыстар: ۋ(у), ي(й)». Қазақ тілінде қ мен ғ дәйім жуан, г, к, мен й дәйім жіңішке айтылатынын, өзге 19 дыбыс та екі түрлі (бірде жуан, бірде жіңішке) айтылатынын ескерте келіп, 19 дыбыстың жуан айтылғанына бір харіф, жіңішке айтылғанына бір харіф арнаса, араб әліпбиінің харфі жетпейтінін ескертеді. Ғалым дауыссыз дыбыстар дауыстыларға

бағынып тұратынын негізге ала отырып, «ً» дәйекшіні (жіңішкелік белгісі) енгізеді: «Жіңішкелік үшін бір белгі алсақ, 43 түрлі дыбысты дұрыстап жазу үшін 28 белгі (харіф) жетеді. Сонда қазақ сөзіне жазылатұғын харіф-белгілер мынау болады: ذ, ر, د, چ, ج, ت, پ, ب, ا, ً. ه ە ي, ى, ۇ, و, ن, م, ل, گ, ك, ق, غ, س. Бұлардың – ه, ە, غ , ق-лерден басқалары тұрса – жіңішке оқылады. Ол тұрмаған жерде һәман жуан оқылады». Ғалым к, г дыбыстары әрдайым жіңішке айтылатындықтан, ол әріптердің «ك», «گ» алдына дәйекші қоюдың қажеті жоқ екенін ескертеді. Сонымен қатар араб әліпбиі мен қазақ әріптерін салыстыра отырып, сөз басына, ортасына т.с.с. қандай әріп жазылатынын айтып, емле мәселесін сөз етеді.

Жазу категориялары – жазу теориясының негізгі категориялары. Оның негізгі ұғымдары: әліпби, графика, орфография. Әліпби – белгілі бір жазуда қолданылатын, белгіленген тәртіппен орналасқан әріптердің жиынтығы, кез келген мәтінді жазуға, оларды сақтауға мүмкіндік беріп, ақпарат құралдарын жүйелеуде, оларды іздестіруде, сақтауда аса маңызды қызмет атқарады. Графика жазу таңбалары жүйесі мен тілдің фонетикалық жүйесінің ара қатынасын, байланысын білдіреді. Графикалық жүйенің бірліктері құрылымдық-функционалдық белгілері бойынша қызметтік жағынан алғанда екі топқа бөлінеді: а) графемалар, яғни фонемалық референттері бар графикалық бірліктер; ә) графикалық символ: екпін, тыныс белгілері, дефис, апостраф, пробел, абзац. Орфография жазу мәдениетінің жетілуін, дұрыс жазу ережелерін қадағалайды.

Жазу реформасы – белгілі бір тілдің графикасына, орфографиясына жүргізілетін өзгеріс немесе қолданыстағы әліпбиді басқа әліпбиге ауыстыру. Жазу реформасы тілдегі әріптік болсын, грамматикалық, лексикалық тұрғыдан болсын қиындық тудыратын, басы артық элементтерден құтылу, жазуды жеңілдету мақсатында жасалады. Қазақ жазуының реформасын тұңғыш рет А.Байтұрсынұлы жасады. Ж.р. әліпби ауысу кезінде 1930, 1938, 1940, 1957 және латын әліпбиін енгізуге байланысты қазіргі кезде де жүргізілуде.

Жазу таңбалары – адамның ой-пікірін, басқа адамға хабарлап айтқысы келген сөзін, ақпаратты жеткізуді қамтамасыз ететін белгілер. Адамзат тарихында алғашқы Ж.т. қатынас құралы ретінде пайдаланылған суреттер мен шартты белгілерден кейін пайда болған. Яғни ойын басқаға жеткізу үшін адамдар әуелде заттың өзін пайдаланды. Осылай даму барысында жазудың түрлі таңбалары шығып отырды. Қазірде жазу таңбаларының пиктографиялық, идеографиялық, дыбыстық, буын жазу т.б. түрлері бар. Алғашқы қоғамда ежелгі адамдар жартастарға, ағаштарға, тастарға аңшылықтың, адамдардың кескіндерін бейнелеген. Мұндай суретті хаттарды ғалымдар пиктография деп атайды. Бірте-бірте ойлаудың дамуы символдардың артына сөз жасыруға алып келді. Ежелгі Египетте пиктографиялық суреттер сына жазуымен ауыстырылды. Сонымен пиктографиялық жазу – жазудың ең көне түрі. Мұнда хабарлануға тиісті оқиғаға қатысты заттардың суреті салынады. Сондықтан оны кейде суретті жазу деп те атайды. Пиктограммалық Ж.т. питроглифтер немесе пиктограммалар деп аталады. Ал идеографиялық жазу

– жекелеген сөздерді, морфемаларды сурет немесе шартты таңбалар арқылы белгілейді. Онда әр сөздің тұрақты графикалық таңбасы, әр таңбаның меншікті мағынасы болады (мыс., *иероглиф жазу, цифр*). Буын жазуында сөз құрамындағы әрбір буын жеке таңбамен белгіленеді. Бұған финикий, көне семит, тибет, бирма, жапон, үнді жазулары жатады. Буын таңбалары әуелде бір буынды сөздерді белгілеген идеограммалардан жасалған. Дыбыстық жазу (әріп жазуы) – жазудың дамып жетілген түрі, тіл дыбыстарын, фонемаларды әріппен таңбалайтын жазу жүйесі. Дыбыстық жазулардың ең көне түрлері – финикий, арамей және грек жазулары. Көне түркі жазуы да дыбыстық жазудың ең ежелгі түріне жатады. Қазақ халқының жазу тарихы көне түркі жазуынан басталған.

Жазудың қызметі – адамдардың ақпарат алмасуының ең кең таралған түрі. Бүгінгі күн тұрғысынан алғанда жазудың мынадай қызметтері бар: аргументтік қызмет (әлеуметтік қызмет), тілжүйелеушілік қызмет, ойды жарыққа шығару қызметі, жады қызметі, тілтанымдық қызмет, тілді нормалаушылық қызмет, кумулятивтік қызмет, мәдениетті сақтайтын, жеткізетін қызмет, коммуникативтік қызмет.

Жазумен сөйлесу – жазу арқылы қарым-қатынас жасау. Ғалым сөйлесу әрекетін ауызбен сөйлесу және жазумен сөйлесу деп екіге жіктейді. Дүниенің бір шетіндегі адам екінші шетіндегі адаммен жазумен сөйлесетінін ескертіп, сөйлегенде сөздің жүйесін, қисынын келтіріп сөйлеу қандай керек болса, жазғанда да сөздің кестесін келтіріп жазу сондай керектігін айтады.

Жазылым – дыбыстардың, сөздің жазудағы әріптік таңбасы немесе жазылу (газетке) ұғымдарын емес, дыбыстық (сөйлеу) тілдің қосымша құралы тұрғысында айтылған ойды, пікірді қағаз т.б. бетінде түсінікті, жүйелі түрде жеткізетін тілдік қатынастың бір түрі. Ж. графикалық таңбалар жүйесі арқылы адамдардың бір-бірімен қарым-қатынасын қамтамасыз етеді.

Жай дыбыс – тілдің таңдайға, тіске жақындап қозғалғанынан, еріннің қозғалғанынан шығатын дыбыстар. XX ғасырдың басында қазақ тіліндегі дыбыстар жай дыбыс пен дауыстың мөлшеріне қарай жіктелген.

Жалғамалы тіл – сөз соңына қосымша (жұрнақ, жалғау) жалғану арқылы өзгеретін тіл (түркі тілдері, оның ішінде қазақ тілі жалғамалы тілдерге жатады).

«Жаңа арна» – М.Жолдыбайұлы мен Т.Шонанұлы құрастырған алғашқы жылдық оқу құралы. Білім кеңесі тарапынан I басқыш мектеп үшін мақұлданған еңбек 1927 жылы араб графикасымен, 1929 жылы латын графикасымен жарық көрген. Екі кітап та Қазақ мемлекет баспасының тапсырысымен Мәскеу, Ленинградтағы КСРО халықтары Орталық баспасында дайындалған. 1927 жылғы басылымының таралымы – 50 000 (елу мың), 1929 жылғы басылымының таралымы – 25 000. 1927 жылы шыққан кітаптың алғы сөзінде құрастырушылар оқу құралының жазылу әдісі бұрынғы еңбектерден басқаша екенін ескерте келіп, кітапты Білім ордасы 1927 жылдан бастап мектепте ұсталғалы отырған пырағырамына үйлестіргендерін айтады. Құрастырушылар оқу құралында

зерттеу әдістеріне ерекше көңіл бөліп, мақаладан кейін арнайы тапсырмалар, сұраулар берген. Кітапта есеп, емле, жазу, диаграмдардың мөлшері көрсетіліп отырған. Баланың тілін дамыту, тіл ұстарту үшін ырғақты әңгімені көбірек оқу қажеттігін ескерте келіп, балаларға ауыз әдебиетін көбірек оқыту керектігін айтады. Кітапта Қазақстанды зерттейтін қоғамның альбомынан алынған 40 сурет берілген. Құрастырушылар ол суреттермен қалай жұмыс істеу керектігін де көрсетіп отырады. Ал 1929 жылы латын жазуымен жарық көрген кітапта бұрынғы «Жаңа арнаға» қарағанда толықтырылған.

«Жаңа әліпби: емле, әдістеме және халықаралық тәжірибе» – ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы. Жинақ 2019 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырмасы бойынша «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы дайындаған. Бұл жинаққа конференцияға қатысушы ғалымдар мен сала мамандарының баяндамалары мақала түрінде ұсынылған. Латын әліпбиіне көшуге байланысты туындап отырған өзекті мәселелер, әліпбиді, емлені, әдістемені жетілдіруге байланысты ұсыныстар мен пікірлер, ономастикалық атауларды латын графикасымен таңбалау мәселелері және латын графикасына көшкен түркі халықтарының жазу тәжірибелері мақалаларда қарастырылған.

«Жаңа күш: сауатсыздықты жоюға арналған әліппе» – әліппе-оқулық. 1931 жылы Ғ.Мүсіреповтің авторлығымен жазылды. Латын графикасына негізделген әліпби бойынша жазылған Ж.к.ә. 800 000 дана таралыммен жарыққа шыққан. 55 беттен тұратын әліппеде 33 әріп таныстырылады. Ж.к.ә. қазақ елінің күнделікті өмірінен, қарапайым халық тұрмысынан алынған, сол кезеңдегі қоғам өмірінде болып жатқан өзгерістерден, жаңалықтардан хабардар ететін, тәрбиеге, білімге бағытталған мәтіндер білім алушының ойына, дүниетанымына сәйкестендіріп берілген. Әліппеге С.Сейфуллиннің, І.Жансүгіровтің, А.Тоқмағамбетовтың, С.Мұқановтың шығармалары енгізілген. Ж.к.ә. дидактикалық талаптарға сәйкес жазылып, тапсырмалар сұрақ-жауап, оқылған мәтін бойынша жұмыс түрінде, жеңілден ауырға қарай берілген. Халықтың, дәуірдің тыныс-тіршілігін, көңіл-күйін, рухын бейнелейтін оқу материалдары Ж.к.ә. авторының ағартушылық-педагогтық ұстанымын, әдіскерлік шеберлігін көрсетеді.

«Жаңа мектеп» – білім саласында шыққан алғашқы журналдардың бірі. Журналдың алғашқы саны Қызылорда қаласында 1925 жылы тамыз айында жарыққа шықты. Журналдың іргетасының қалануына өз заманының біртуар тұлғалары А.Байтұрсынұлы, Ә.Бөкейхан, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, М.Әуезов т.б. атсалысты. Сол кездің талабы мен сұранысына қарай журнал түрлі атаулармен жарық көрді. Атап айтар болсақ, 1933-1934 ж. «Политехникалық мектеп», 1934-1939 ж. «Ауыл мұғалімі», 1939-1960 ж. «Халық мұғалімі», ал 1961 жылдан бүгінгі күнге дейін «Қазақстан мектебі» атауымен шығып келеді. Журналда Байтұрсынұлының «Баулу мектебі» (№1, 1925), «Түрікшелер


құрылтайы» (№7-8, 1926), «Түзетілген әріп» (№1, 1927), «Дыбыстарды жіктеу туралы» (№5, 1927), «Жалқылау (айырыңқы әдіс)» (№11-12, 1927), «Жалқылаулы-жалпылаулы әдісі» (№1, 1928), «Қай әдіс жақсы» (№4, 1928) еңбектері жарияланған. 1929 жылы А.Байтұрсынұлының Ж.м. журналында «Емле кемшілігін жою туралы», «Емле кеңесінің қорытындысы» мақалалары жарық көрді. Журналдың негізі мақсаттарының бірі – ауыл мектептеріне қазақ әліппесін енгізу, мектептерде балаларды ана тілінде оқыту, кеңселер мен сот істерінде іс-қағаздарын қазақ тілінде жүргізу арқылы орыстандыру саясатына төтеп беру. Қазақ баспасөзі тарихынан тұңғыш педагогикалық журнал ретінде ғана емес, педагогикалық жұмыстың әр саласы бойынша туған бірнеше кәсіби журналдардың үлкен шаңырағы ретінде әліпби, емле, жазу мәселерін талқылап, мұғалімдер мен әдіскерлерге әдістемелік нұсқаулар беріп отырды. 1961 жылдан бастап «Қазақстан мектебі» болып өзгерді.

Жаңа ұйғыр әліпбиі – X ғасырда Қарлұқ қарахандықтарына дейін исламның келуімен бірге келген араб әліпбиі негізінде қалыптасқан әліпби. Бүгінгі таңда ұйғыр тілі төрт түрлі әліпбидің көмегімен жазылады: ұйғыр-араб әліпбиі – Қытайдың Шыңжаң провинциясындағы жалғыз ресми әліпби болып табылады. Үкіметте, әлеуметтік медиада және күнделікті өмірде жиі қолданылады; ұйғыр-латын әліпбиі 2008 жылы енгізілген. Тек қосалқы жазба жүйесіне қатысты компьютерлік өрісте қолданылады. Қазір Қытайдан тыс жерлерде, әсіресе батыс елдерінде кеңінен пайдаланылады; ұйғыр-кирил әліпбиін негізінен Орталық Азия елдерінде, әсіресе Қазақстанда тұратын ұйғырлар қолданады; үлкен аралас ұйғыр жаңа шрифтісі пиньинь Йезици деп аталады. Бұл әліпби де латынға негізделген, қазіргі кезде көп адамдар оның орнына ұйғыр-латынды қолданады. Қазіргі уақытта ұйғыр тілінде екі ресми жазбаша стандарт бар – олар ҚХР-дағы араб әліпбиіне және ТМД елдеріндегі кирил әліпбиіне негізделген.

«Жаңалық» – Т.Шонанұлының 1931 жылы «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген әліппе кітабы. Қазағыстан білім кеңесі I басқыш мектепте қолдануға рұқсат еткен. Кітап 1928, 1929, 1930, 1931 жылдары бірнеше рет басылып шыққан. 1929 жылы қазақ жазуы латын графикасына көшіріліп, жаңа жазуға көз жаттықтыру, қол үйрету, жаңа жазуға дағдыландыру, төселдіру қажет болғандықтан әрі 1929 жылғы емле конференциясының қаулысына сәйкес емледе көптеген өзгеріс болуына байланысты әліппе қоғам сұранысы бойынша жазылған. Әліппе XX ғасырдың басында қолданылған әдістің бірі – тұтас сөз әдісімен жазылған. Дидактиканың «жеңілден қиынға, түсініктіден түсініксізге» принципі басшылыққа алынып, балалардың жазуына, оқуына жеңіл болуына ерекше мән берілген. Қиындығына қарай бастапқыда бір буынды сөз (*а*), онан соң екі буынды сөз (*а-на*), соңынан үш буынды сөз (*а-на-ма*), кейін көп буынды сөздер оқытылған. Соған сәйкес әуелі екі дыбысты ашық буын (дауысты дыбыс буын соңында *а-на*), сонан соң екі дыбысты бітеу буын (*ат*), онан соң ортасы дауысты буын (*нан, мал*), соңынан төрт дыбысты буын (*қарт, төрт*) оқытылған. Әліппеге енген материалдар (лексикалық минимум) да сол ұстанымды негізге алған: *үй іші, мектеп, мектеп тәртібі, күзгі жұмыс пен жаратылыс, қысқа қамдану, қыс басы.*

«Жаңалыққа» жетекші» – Т.Шонанұлының 1929 жылы Қызылорда қаласындағы «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген нұсқаулығы. «Жаңалық» атты әліппе кітабы атына заты сай қазақ мектебі үшін, оқытушылар үшін жаңа, тың дүние болғандықтан, нұсқаулық («Жаңалыққа» жетекші») мұғалімдерге көмекші құрал ретінде жазылған. 36 беттен тұратын кітапшаны қазақ жаңа әліпби кіндік комитеті бастырып шығарған. Кітапта «Жаңалықта» берілген оқу материалын балаларға оқытуда мұғалімдердің білуі тиіс, ескеруі қажет дүниелер берілген, оқытушылардың міндеті көрсетілген. Балалардың қолын жазуға қалай жаттықтыру керектігі, онда қолданылатын әдіс-тәсіл көрсетілген. Емлеге үйрету жолдары беріліп, буын ойыны, лото ойыны, кеспе әліппені қолдану жолдары сипатталған. Сабақтың реті көрсетіліп, сабақ жоспарлары, үлгі сабақтар берілген. Сабақта ауа күнтізбесін қолдану жолдары көрсетіліп, пәнаралық байланысқа да ерекше мән берілген. Сонымен қатар берілген тақырыптың күнделікті өмірмен байланысты болуы да ескеріліп отырған. Дыбыс, сандармен ғана таныстырып қоймай, балалардың тілін дамыту, тілін ұстарту жағына да баса назар аударылған. Санамақ, бесік жыры т.с.с. сияқты тәлімдік мәтіндер беріліп, сол арқылы ана тілін үйрету, тіл заңдылықтарын үйрету жағы ерекше ескерілген. Кітапта сол кездегі емледегі өзгерістер айқын көрініс тапқан. Жуан-жіңішке дыбыстардың біркелкі таңбаланып, дәйекші арқылы ажыратылуы, бас әріптің болмауы, у, и дыбыстарының таңбалануындағы ерекшеліктер т.с.с. қазіргі кезде емле, орфография мәселелерімен айналысушы зерттеушілер үшін, XX ғасырдың басындағы терминдердің игерілуі, жалпы сол кезеңдегі тіл біліміндегі дау-таластарды, жазу алмастыруға байланысты туындаған қиыншылықтармен танысқысы келген ғалымдар үшін, жалпы көпшілік үшін бірден-бір дереккөз бола алады.

Жаңғыртқы (резонатор) жүйесі – ауыз қуысы (ртовый резонатор) мен көмей қуысының (глоточный резонатор) қосындысы. Төменде «а» және «ә» дауыстыларының жаңғыртқылар ретінің өрнегі беріліп отыр.



Жапон буындық әліппелері, хирагана, катакана – буынға құрылған әліппелер. Кандзи, ромадзи және араб цифрларымен бірге жалпы жапон жазуын құрайды. Кана әліппесі катакана және хираганадан тұрады. Бұл екеуі әртүрлі сызықтармен өзара ерекшеленеді. Хирагана доғал сызықтармен, катакана бұрыштық сызықтармен жазылады. Хирагана бойынша жазылған мәтіндерді катакана бойынша да жазуға болады. Хирагана жүйесінде 46 негізгі белгі және 104 тіркес бар.

か　き　く　け　こ　さ　し　す

せ　そ　た　ち　つ　て　と　な

に　ぬ　ね　の　は　ひ　ふ　へ

ほ　ま　み　む　め　も　や　ゆ

よ　ら　り　る　れ　ろ　わ　を

ん　が　ぎ　ぐ　げ　ご　ざ　じ

ず　ぜ　ぞ　だ　ぢ　づ　で　ど

ば　び　ぶ　べ　ぼ　ぱ　ぴ　ぷ

ぺ　ぽ　ゃ　ゅ　ょ

Катакана жануарлардың, өсімдіктердің аттарын жазу үшін және көркем шығармаларда стилистикалық тәсіл ретінде қолданылады. Хирагана және катакана жазулары ең алғаш VIII-IX ғасырларда пайда болған.

ン　ワ　ラ　ヤ　マ　ハ　ナ　タ

サ　カ　ア　リ　ミ　ヒ　ニ　チ

シ　キ　ィ　ル　ユ　ム　フ　ヌ

ツ　ス　ク　ウ　レ　メ　ヘ　ネ

テ　セ　ケ　エ　ヲ　ロ　ヨ　モ

ホ　ノ　ト　ソ　コ　オ

Жапон жазуы – иероглифтер мен буын белгілерінен тұратын, идеографикалық-силлабикалық аралас жазу. Жазу бағыты жоғарыдан төмен, оңнан солға қарай және көлденең жазу да кездеседі. XIX ғасырдан бастап Жапонияда латын жазуы қолданылғанмен, кең таралмаған. Ж.ж. арналған алғашқы жазу жүйесі маньогана (万 名), жапон сөздерін жазуда канжи қолданылған. Маньогана бастапқыда поэзияны жазу үшін пайдаланылды, мыс., *Маниошу* (万 葉 集) өлеңдер жинағы (759 ж.), жазу жүйесінің атауы осыдан келіп шыққан. Фонетикалық әліпбилер – хирагана мен катакана маньоганадан шыққан. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін Ж.ж. қатысты бірнеше маңызды реформалар жүргізілді. Жапондықтардың дәстүрлі көлденең бағыттағы жазуы оңнан солға қарай еуропалық тілдер үшін солдан оңға ауыстырылды. Жазудың ескі бағыты плакаттарда, сондай-ақ, жарнамалық мақсаттар үшін кейбір көлік құралдарының оң жағында сақталған.

«Жарты дауысты дыбыстар» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы 21 ақпандағы 40 (477) санында жарияланған мақаласы. «Дұрысы қайсы?» деп аталатын сауал-мақалаға жауап ретінде жазылған. «Дұрысы қайсы?» деп аталатын мақаланың авторы мұғалімдердің балаларға «ы» әрпінің жазылуын түсіндіруде қиналып жүргенін айта келіп, білім ордасынан дұрысы қайсы (ырас ба, әлде рас па? ірет пе, рет пе? ылас па, әлде лас па?) екенін сұрап, хат жазады. «Ж.д.д.» атты жауап мақаласында Е.Омарұлы дауыссыз дыбыстардың бір тобы жарты дауысты деп аталатынын ескертіп, оған р, л, у, й дыбыстарын жатқызады да: «Бұлардың өзге дыбыстардан өзгеше бір қасиеті сол, бұлар сөздің басында айтылмайды – сөздің бас буынында жарты дауысты дыбыс болса, оның алдында ылғи бір дауысты дыбыс болады» деп түсіндіреді.

Жарты дауысты дыбыстар – құрамында дауыс та, жай дыбыс та бар, дауысты дыбыстардай нағыз ашық айтылмайтын әрі дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыстар. Мыс., *«р»* дыбысында көмекейден келген дауыс та бар, тілдің ұшы дірілдегеннен болған жай дыбыс та бар. Алайда дауысты дыбыстармен салыстырғанда, жарты дауыстыларда дауыс аз болады да, дауыссыздармен салыстырғанда, даусы анық болады. Қазақ тілі қалыптаса бастаған тұста жарты дауысты дыбыстарға байланысты көптеген таластар болған. Бастапқыда жарты дауысты дыбыс ретінде у, й дыбыстары ғана танылған. Олардың өз алдына жеке харіптері болмаған. Осыған байланысты А.Байтұрсынұлы: «Олардың орнына бүтін дауысты «у» һәм «и» харіптері жүреді. Жарты дауысты дыбыстардың соңынан я алдынан бір буында келгенінен ғана байқалады. Бір буынның ішінде дауысты дыбыстардың соңында я алдында «у» иә «и» тұрса, ол жарты дауысты харіптер болады, мәселен: «ау» сөзде «у» дауысты харіптің соңында тұр. Мұнда «у» бүтін емес: жарты дауысты харіп. «Ай» деген сөзде «й» дауысты харіптің соңында тұр; мұнда «й» – бүтін емес, жарты дауысты харіп. «у» һәм «й» хәріптері дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіптер болғандықтан, «тел» харіптер деп аталады. Жарты дауысты харіптер шолақ «у», шолақ «й» деп аталады», – деп жазады. Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін сол кезге дейін ұяң дыбыстардың қатарында аталып келген р, л дыбыстары, онан соң м, н, ң дыбыстары да жарты дауысты ретінде танылады.

«Жаршы» журналы – жаңа әліпті мерзімді басылымдар арқылы насихаттау бағытында орталық жаңа әліпби комитеті шығарған журнал. «Жаршы» журналының тарихы 1929 жылы 24-қаңтарда жаңа әліппені қабылдаудан бастау алған. Газеттің мақсаты – әліппені насихаттау, білім саласындағы кемшіліктерді сынау болған. Алғашқы редакторы – Қ.Қайымов. 1930 жылдың маусымынан бастап Қазақстан баспасының құрамына қосылды. 1931 жылдың аяғында жабылып қалды.

Жасалым белгісі – дыбыстардың артикуляциялық белгісі. Фонетик ғалым Ә.Жүнісбек ендірген термин. Әрбір дыбыстың жасалымы оның артикуляциялық белгісі арқылы анықталады. Фонетикалық зерттеулер де дыбыстардың жасалым белгісін анықтаудан басталады. Қазақ тілінің дыбыс құрамы мен жүйесіндегі үндесім (сингармонизм), жасалым (артикуляция), айтылым (акустика), естілім (перцепция) табиғатын жан-жақты зерттеген профессор Ә.Жүнісбектің талдаулары бойынша, ә дыбысының жасалым белгісі: ашық, езу, тіл ортасы, айтылым белгісі: ауыз қуысты, кең шығысты, естілім белгісі: жіңішке, ашық езу; ы дыбысының жасалым белгісі: жақ қатысына қарай қысаң, ерін қатысына қарай езу, тіл арты, айтылым белгісі: көмей қуысты, қысаң шығысты, естілім белгісі: жуан, қысаң езу т.б.

Жасалым фонетика – дыбыстың жасалу жолдарын анықтайтын фонетика саласы: – жасалу орны анықталады: ерін (губной), ерін-еріндi (губно-губной), тіл ұшы (альвеолярный), тіл алды (переднеязычный), тіл ортасы (среднеязычный), тіл арты (заднеязычный), тілшік (увулярный); – жасалу тәсілі анықталады: тоғысым (смычка), тоғысыңқы (смычный), жуысым (щелинность), жуысыңқы (щелевой), жинақы жуысыңқы (круглощелевой), жайылыңқы жуысыңқы (плоскощелевой), діріл (дрожащий), жанама (боковой); – дауыс желбезегінің қатысы анықталады: тербеліссіз (дауыс желбезегі қатыспайды яғни қатаң), тербеліңкі (дауыс желбезегі жартылай қатысады яғни ұяң), тербелімді (дауыс желбезегі мол қатысады яғни үнді), тербелмелі (дауыс желбезегі толық қатысады яғни дауысты).

Жасанды тілдер – белгілі бір қоғамдық салада табиғи тілдерді қолдану тиімсіз немесе мүмкін болмаған жағдайда жұмсалатын, қолдан жасалған ұлтаралық, халықаралық қатынас құралы. Ж.т. идеясы адамдардың өзара түсінісуіне қиындық келтіріп отыратын көптілділік жағдайында туған, оны ірі тіл ғалымдары Г.Шухардт, И.А.Бодуэн де Куртенэ, А.Мейе, М.Коэн, Э.Сепир, О.Есперсен қолдаған. Дүние жүзінде Ж.т.-дің 200-ден аса жобасы жасалған: *волапюк* (1879 ж. И.М.Шлейер ұсынған), *идо* (1907 ж. Луи де Бофрон ұсынған), *интерлингва* (латын тіліне негізделген) т.б. Солардың ішінде ең көп тарағаны, жиі қолданылатыны – *эсперанто* (1887 ж. ұсынған Л.Заменгофтың бүркеншік аты). Ж.т. лексикасы халықаралық сөздерге негізделген. Олар белгілі бір мамандыққа бағытталуына, қолданылу дәрежесіне, табиғи тілдерге жақындығына қарай әртүрлі болып келеді.

Жаттам – түйсінім дағдысы: көз Ж. – көз түйсінім дағдысы, қол Ж. – қол түйсінім дағдысы, үн Ж. – үн түйсінім дағдысы.

Жәдит жазуы/оқуы – XIX ғ. екінші жартысында Ресей жеріндегі мұсылмандар қолданған жаңартылған араб жазу жүйесі. Бұл жазу жүйесінің ереже тәртібін, негізін

салған қырым татарларының аяулы перзенті, түркі мәдениетіндегі көрнекті тұлға И.Гаспыралы (1851-1914) қадым негізді араб әліпбиін түркі тілдерінің дыбыстық ерекшелігіне сәйкестендіріп, мұсылмандардың Бүкілресейлік III съезінде Ереже түрінде қабылдатты. Сөйтіп, Ж.ж./оқу түркі халықтарына ортақ жазу ретінде мектеп, медресе бағдарламаларына енгізіліп, міндетті түрде оқытылатын болды. Алайда ұлы реформатор А.Байтұрсынұлы түркі жұртшылығына «ортақ жазу» идеясынан бас тартып, оның орнына жалпыхалықтық тілдің негізінде ұлттық жазу жүйесін жасады. Аталмыш Ж.ж. үлгісі халықтық лингвистикада *төте жазу* деп аталды.

Желілі жазу – идеограмма немесе басқа да символдарды емес, шартты таңбаларды (әріп) қолданатын жазу жүйесі. Бұған барлық әліпби жазулары жатады және сурет жазуына қарама-қарсы қойылып қарастырылады.

Женева лингвистикалық мектебі – тіл біліміндегі мектептердің бірі. Швейцар ғалымы Фердинанд де Соссюрдың «Жалпы тіл білімінің курсы» еңбегіне сүйенетін социологиялық бағыттағы ғылыми мектеп. Мектептің алғашқы өкілдері Соссюрдың шәкірттері Шарль Балли, Альбер Сеше және басқалар. Бұл ғылыми мектептің зерттеу бағыты – негізінен француз тілі мысалында жалпы тіл білімінің мәселелері, тілдегі, сөйлеудегі әлеуметтік құбылыстар, семиология, семантика және синтаксистің ғылыми проблемалары. Ж.л.м. негізгі ғылыми принциптер мен міндеттері Альбер Сешенің 1927 жылы жарық көрген «Жалпы тіл білімінің Женева мектебі» еңбегінде тиянақты жазылған.

«XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» – 2013 жылы Алматыдағы «Қазығұрт» баспасынан О.Жұбаева, Ә.Әбсаттардың дайындауымен және құрастыруымен жарық көрген ғылыми жинақ. Бұл жинақ «Емле, фонетика», «Әліпби, жазу мәселесі», «Лексикология, грамматика», «Әдістеме», «Сын» бөлімдерінен тұрады. Алғашқы 2 бөлімде 1920-30 жылдары жазылған А.Байтұрсынұлының, Е.Омарұлының, Ж.Аймауытұлының, Қ.Басымұлының, Т.Шонанұлының. Б.Малдыбайұлының тағы басқалардың ғылыми және әдістемелік мақалаларынан тұрады. 1920 жылдардағы әліпби реформасына байланысты араб жазуының, латын әліпбиінің мәселелері кеңінен сөз бөліп, осы әліпбилерді жақтаушылар арасындағы ғылыми дискуссияға құрылған еңбектерден әр әліпбидің теориясы мен практикасы жөнінен көп мағлұматтар алуға болады. Осы еңбектерде қазақ тілінің дыбыстық табиғаты жазу ережелері, талданып, олар қазақ тіл білімінің осы салаларының қалыптасуына тікелей ықпал етті.

Жоғарғы лужица әліпбиі – жоғарғы сорб немесе жоғарғы лужица тілінің әліпбиі. 1948 жылғы орфографиялық реформадан кейін ж.л.ə. 34 әріп болды. Жазуы тарихи-фонетикалық ұстанымға негізделген. Қазіргі әліпбиде ć әрпі č-дан кейін орналасқан. 2005 жылға дейін **ć** әрпі **t**-дан кейін тұратын. 1927-1931 жылдары шыққан Юрий Кральдің «Serbsko-němski słownik» сөздігінде b́, kh, ḿ, ṕ, ŕ , ẃ әріптері бар әліпбидің басқа нұсқасы берілген: a, b, b́, c, č, d, dź, e, ě, f, g, h, ch, i, j, k, kh, ł, l, m, ḿ, n, ń, o, ó, p, ṕ, r, ŕ, ř, s, š, t, ć, u, v, w, ẃ, x, y, z, ž. Қазіргі әліпбиде бұл әріптер қолданылмайды. Ж.л.ə. Qq, Vv, Xx әріптері шет тілінен енген жалқы есімдерде ғана қолданылады.

Жуысым – сөйлеу мүшелерінің өзара жуысуы арқылы дыбыс жасалу амалы: тіл ұшы мен тістің жуысымы – с, з, р; тіл ортасы мен таңдайдың жуысымы – й; тілшік пен тіл түбінің жуысымы – й; ерін мен еріннің жуысуы – у (w) т.б.



Жұбанов Құдайберген Қуанұлы (1899-1938) – тіл білімі саласындағы алғашқы қазақ профессоры, түркітанушы, педагог. Ж. әліпби және жазу мәселесіне қатысты көзқарастарын оның «Әліппеміз бұқарашыл болсын», «Қазақ тілінің емлесін өзгерту жайлы», «Буын жігін қалай табуға болады?», «Қосар ма, дара ма?», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект казахского алфавита», «К пересмотру казахской орфографии», «К проекту реформы казахского алфавита», «Проект изменений орфографии и алфавита казахского языка», «Выступление К.К.Жубанова на научно-орфографической конференции в г. Кзыл-Орде» т.б. мақалалары мен түрлі жиындарда сөйлеген сөздерінен байқауға болады. 1929 жылғы құрамы 29 әріптен тұратын латын графикасына негізделген алғашқы қазақ әліпбиіне профессор Ж. біршама толықтырулар мен өзгерістер енгізіп, жетілдірген. Сонымен жаңа әліпби жобасында 25 әріп, бір дәйекші болған. Ғалымның әліпбиді жетілдіруге түрткі болған негізгі себеп – 1929 жылғы қабылданған әліпби жүйесінің фонетикалық принципке сүйенуі. Ж. қазақ тілі дыбыстарын буын құрамында қарастырып, дауыстылардың таңбасы «буынның жуан-жіңішкелігін білдіретін қарақшы» деген дәлелді пікір айтады. Ж. *«ұу, үу, ый, ій»* – қосынды дыбыстар екендігін көрсете отырып, оларды жазуда жалаң *«у», «и»* әріптерімен таңбалау туралы айтқан ұсынысы жазу сауаттылығын жақсарту бағытындағы сол алғашқы ізденіс кезеңі үшін маңызы болған. Ж. *«Проект казахского алфавита»* деген мақаласында жазу кезіндегі қиындық тудыратын диакритикалы (қосымша белгілі) таңбамен алынған *«ғ»* дыбысын танытатын «g» әрпін – «h», ал *«ж»* дыбысын танытатын құйрықты «c» әрпін «белі сызылған» – «z» әріптерімен алмастыру керек деген ұсыныс айтқан. Қазақ тілінде «h» дыбысы жоқ болғандықтан, бұл әріпті *«ғ»* дыбысын таңбалауға алуды ұсынған. Сонымен бірге өзі ұсынған әліпбиде дәйекші, яғни жіңішкелікті білдіретін белгі енгізуіне байланысты, жіңішке дыбыстарды таңбалайтын «ə», «ө» әріптерін де әліпбиден шығарып тастау қажеттігін көрсеткен. Осындай жағдайда «ұ», «ү» дыбыстары үшін алынған латынның «u», «y» әріптерінің орнына латынның бір ғана «y» таңбасын қалдырып, екі дыбысты дәйекші арқылы ажыратуға болатынын көрсетеді. Ал латын «u» таңбасымен қазақ тіліндегі «у» дыбысын белгілеген. Сондай-ақ, сол кездегі қолданыстағы әліпбиде «і» әрпімен «і» дыбысы, «j» әрпімен «й» дыбысы таңбаланса, енді оны өзгертіп, «і» әрпімен «й» дыбысын таңбалап, «ы», «і» дыбыстары дәйекшімен ажыратылатын болғандықтан, бір «ь» әрпімен таңбалап, ал «j» әрпін әліпбиден шығаруды ұсынған. Сонымен қатар, ғалым араб әліпбиінде әріптердің жеткіліксіздігінен бір «у» әрпін «ұу/үу», «ыу/іу» төрт қосар етіп, ал бір «й» әрпін ый/ій деп екі қосар етіп жазсақ, енді өзі ұсынған латын әліпбиінде дара «у», «й» әріптерімен таңбалауды ұсынған. Сондықтан әліпбиде «j», «v» әріптері артық екенін айтып, оларды әліпбидің

құрамына қажетсіз екенін көрсетеді. Сөйтіп Ж. алғашқы латын графикалы қазақ әліпбиіндегі «ə», «ө», «j», «v» әрптері қажетсіз, артық екенін, ал диакритикамен (қосымша белгі) таңбаланған «g», «c» әріптерін басқа оңтайлы әріптермен алмастыру керек екенін дәлелдеп айтқанын көруге болады. Ж. латын графикасымен жасалған қазақ әліпбиін қабылдауда кеткен кемшіліктер мен олқылықтарды түзеу жөніндегі жұмыстарға белсене ат салысқан. Қосар *«ұу/үу»* әріптерін жалғыз «у» таңбасымен, *«ый/ій»* әріптерін жалғыз *«и»* таңбасымен (uv/ yv> u , ьj / ij> y) жазуды ұсынады. Осы өзгерістермен жазылған төмендегідей сөздерді салыстыра көрсетеді: Suv – Su, Kesuv – Kesu, Oqьjdb – Oqidь, Bekijdi – Bekidi, Sav-Sau, Gev – Geu Sajlfv-Sailau. Осылай жазу арқылы әліпбиден қосар дыбыстарды таңбалаған әріптердің бір сыңарын (v, j) алып тастауға болатынын көрсетеді. Сонымен бірге дауысты дыбыстардың жуан-жіңішкелігін екі әріппен емес, бір әріппен, яғни жуан-жіңішкелі 8 дауыстыны 4 әріппен таңбалауды ұсынған (а, ə > а; о, ө> о, ұ, ү > ұ; ы, і> ы;) Сонда бұрынғы әліпбиде дауыстыларды таңбалайтын 13 әріпті (17 таңбаны) енді жаңа әліпбиде 7 әріппен (7 таңбамен) жазуға болатынын көрсетеді: а, ə, о, ө, ұ, ү, ы, і, ұу, үу, ый, ій, е =13 (17); а, о, ұ, ы, у, и, е =7(7). Ж. қазіргі қазақ тілінде (әсіресе, Оңтүстік Қазақстанда) әліпбиге енбеген тағы «f», «h», «х» үш дауыссыз дыбысы барын, оның алғашқы екеуі халықаралық қолданыста, ал соңғысы орыс тіліндегі сөздерде кездесетінін, тілдің болашақта термин және өзге тілдегі техника, мәдениет сөздері арқылы баю мүмкіндігіне байланысты бұл әріптерді әліпбиімізге енгізу керектігін айтқан. Сонымен латын графикасына негізделген алғашқы қазақ әліпбиінде 33 әріп болса, Ж. өзгертіп ұсынған жобада 25 әріп, бір дәйекші болған:

Реті	Латын әріптері	Қазақ дыбыстары		Реті	Латын әріптері	Қазақ дыбыстары
1	A a	а/ə		14	O o	о/ө
2	B b	б		15	P p	п
3	C c	ш		16	Q q	қ
4	D d	д		17	R r	р
5	E e	е		18	S s	с
6	G g	г		19	T t	т
7	Hh	ғ		20	U u	у
8	I i	и, й		21	Y y	ұ/ ү
9	K k	к		22	X x	х
10	L l	л		23	Z z	з
11	M m	м		24	Ƶ ƶ	ж
12	N n	н		25	Ь ь	ы/і
13	N' n'	ң			'	дәйекші

Ж. әліпбиінде дәйекшінің қолданылуы, 34 әріпті 25 әріпке дейін қысқарту техникасын көрсетуі оның зерттеулері А.Байтұрсынұлы ойларымен ғылыми жалғастығын және оның әліпбиін жаңғыртқанын, яғни қазақ әліпбиін жасаушылардың бірі болғанын танытады.

Жұмабаева Жанар Төлендіқызы (1980) – тілтанушы ғалым, филология ғылым-дарының кандидаты. Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің «Қазақ тілі мен әдебиеті» мамандығын бітірген. 2006 жылы «Түркі тіліндегі дауыстылардың фонологизациялануы» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғаған. 2 монографияның, 25-тен аса ғылыми мақалалардың авторы. Зерттеу бағыттары: орфография және орфоэпия, фонетика, тарихи грамматика.

Жұп дыбыстар – акустика-артикуляциялық белгілеріне қарай дыбыстардың жұптасып келуі. Жұп дауыстылар: *а-ә, ы-і, о-ө, ұ-ү*; жұп дауыссыздар: *б-п, г-к, ғ-қ, д-т, ж-ш, з-с.*



Жүнісбек Әлімхан Сағындықұлы (1938) – тіл білімі маманы, филол. ғыл. докторы, профессор. Қазіргі әл-Фараби атынд. ҚазМҰУ-дың филология факультетін бітірген. 1964-1967 жылдары А.Жданов атындағы Ленинград мемлекеттік универ-ситетіндегі акад. Л.Щерба атындағы Фонетика лабораторияда тағылымдамада болды. 1969 жылы «Қазақ тілінің дауысты дыбыстары» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Мұнда дауысты дыбыстарға кешенді фонетикалық талдау жасалды. Қазақ тілі дыбыстарының талдану жолдары мен жіктелімі жаңаша қарастырылды: дыбыстың жасалымы (артикуляциясы), дыбыстың жасалымына қатысты сөйлеу мүшелері мен олардың қалпы т.б. анықтады. Диссертацияда алғаш рет қазақ тілі дауысты дыбыстарының жіктелім кестесі құрастырылды. «Түрік тілдерінің сөз құралымы мәселелері және қазақ сөзінің сингармонизмі» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Бұл жұмыста қазақ тілтанымына негіз болып келген үстем тілдер теориясынан арылу арқасында тілдің ақиқат дыбыс құрамы мен жүйесін төл теория тұрғысынан анықтаудың мүмкіндігі туды. Түркі тілдерін талдаудың ұғымдары мен атаулары ұсынылды: сингема, аллосингема т.б. көпжылдық теориялық ізденістерінің нәтижесінде үнді-европа тілтанымындағы «Фонология» пәніне балама ретінде «Сингармология» пәнін қалыптастырды.

Жүрдек дауыстылар – бұған *ы, і* дыбыстары жатады. Бұлардың жүрдек сипаты олардың қысаңдық қасиетіне байланысты, кейде сөз құрамына дәнекер болып жапсарласып, кейде одан түсіп қалып отыруынан көрінеді: 1. Екі дауыссыздан басталатын не екі дауыссызға аяқталатын халықаралық сөздерде *ы, і* дыбыстары ауызекі сөйлеуде олардың не алдына, не ортасына, не аяғына қосылып айтылады, бірақ ол жазуда еленбейді. Мыс., *трактыр, тірәктір* (трактор), *тыратуар* (тротуар), *ыстанса* (станция). 2. Ауызекі тілде *р, л* дыбыстарынан басталатын араб-парсы сөздерінің алдынан қосылып айтылады, бірақ ол қазіргі емле, ережелері бойынша жазуда еленбейді. Мыс., *ылайық* (лайық), *ырақмет* (рақмет), *ірең* (рең). Тек орыс тілінен енген кейбір сөздердің жазылуында сақталады. Мыс., *орыс* (русь). 3. Алғашқы буыны ерін дауыстылардан *(о, у, ұ, ү)* басталатын сөздердің екінші буындарындағы *ы, і* дыбыстары айтуда *ұ, ү* дыбыстарына жуықтап естіледі. Мыс., *орұн* (орын), *құрұқ* (құрық), *ұрұқ* (ұрық), *түтүн* (түтін),

бөрүк (бөрік). Қазіргі емле ережелері бойынша бұл да жазуда ескерілмейді. 4. Соңғы буынында *ы, і* дыбыстары бар кейбір сөздерге дауысты дыбыстан басталған. Қосымша жалғанғанда, *ы, і* дыбыстары түсіп қалады. Мыс., *орын+ы-орны, ерін+і-ерні, үрік+ек-үркек, халық+ы-халқы.* Осы қасиетіне қарап *ы, і* дыбыстарын *сусыма дыбыстар* деп те атайды.



Жүсіпұлы Маханбет (1948) – филол. ғыл. докт., проф. Тіл теориясында түркі және орыс тілдерінің фонологиясы, стилистикасы, салыстырмалы тіл білімі, лингводидактика және әдістеме салаларында ғыл. ізденістер жасады. Ж. алғашқы ахметтанушылардың бірі ретінде А.Байтұрсынұлының ғыл. мұрасын (тілтанымы, лингводидактикасы, әдістемесі) тереңнен зерделеген, сингармофонология теориясын тіл білімінде тұңғыш зерттеген. Ол фонемограф. тұрғыдан А.Байтұрсынұлы зерттеулерінің Н.Яковлев (Ресей), Р.О.Якобсон (АҚШ) еңбектерімен тең түсетіндігін дәлелдеген. Байтұрсынұлына қатысты «Фонемография Ахмета Байтурсынова и фонология сингармонизма» (1995), «А.Байтұрсынов және қазақ тілі фонологиясы» (1998), «Ахмет Байтұрсынұлы: ғылымтаным, терминжасам, стилистика» (телавтор, 2015) монографияларын және мақалалар жазған.

Зз

З әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <з> фонемасы Зз әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Zz әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында Z әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Қазақ жазуының тарихында 1929-1938 жылдардағы әліпбилерде /з/ фонемасы латынның Z графемасымен берілген. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Зз/ әрпіне ауыстырылды. З әрпі сөз басында, ортасында және соңында жазылады. Әріптің атауы – зы.

З дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай *тіл ұшы* дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіспен жинақы жуысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай *жинақы жуысыңқы* дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі жартылай тербеледі, яғни жартылай қатысады. Дауыс қатысына қарай *ұяң* (тербеліңкі) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: *тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, ұяң* дауыссыз дыбыс. Дауыссыздың іргелес түрленім үлгілері жиі кезеседі: *бізше-бішше, жүзжан-жүжжан т.б.*



Зая-Пандита Намкхай Гьямцо (1599-1662) – қалмақ және ойрат буддизмнің қайраткері, ағартушы, ақын, діни мәтіндердің аудармашысы, ойрат (қалмақ) «тодо-бичиг» әліпбиін жасаушы. 1646 жылы ойрат билеушілерінің, нойондарының өтініші бойынша қазіргі Қазақстан, Қырғызстандағы Шу өзені бойында аталған әліпбиді жасады. Бұл әліпби көне моңғол жазуына негізделді.

Зиндер Лев Рафаилович (1903/1904-1995) – кеңес және орыс ғалымы, фонетика және фонология салаларының маманы, филология ғылымдарының докторы, Ленинград мемлекеттік университетінің профессоры. Ленинград университетінің роман-герман бөлімін бітірген. Л.Щерба басқаратын қафедраның экспериментальді фонетика кабинетінде жұмыс істеген. Неміс тілі фонологиясы бойынша кандидаттық, «Жалпы фонетика» тақырыбында докторлық диссертациялар қорғаған. Ленинград фонологиялық мектебінің дәстүрін жалғастырушы.

Ии

И әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <и> фонемасы Ии әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Іі әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында Іі әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Ахмет Байтұрсынұлының төте жазуына И әрпі енгізілмеген. Қазақ жазуының тарихында /и/ фонемасының таңбалануына байланысты бірізділік болмаған. 1926 жылғы Бакудегі түркологтардың бүкілодақтық I сиезінде ғалымдар арасында /и/ фонемасын бірде дауыссыз, бірде жартылай дауысты дыбыс екендігі туралы пікірталастар туындаған. Сөйтіп И әрпі [ый], [ій] деген дыбыс тіркестері арқылы таңбаланатын болған. Бұл жүйе 1929 жылғы латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінде де сақталған: *kijim, çьjьn*. Алайда 1938 жылғы латын әліпбиіне енгізілген түзетуде [ый], [ій] дыбыс тіркестерінің орнына бір ғана /і/ таңбасы алынған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Ии/ әрпіне ауыстырылып, әлі күнге дейін тұрпатын сақтап келе жатыр. И әрпі сөз басында, ортасында және соңында жазылады. Айтылымда сингармобуынға қарай бірде [ы] дыбысы, бірде [і] дыбысы қосылып айтылады. Әріптің атауы – ый/ій.

И дыбысы – жіңішке, қысаң, езулік дауысты дыбыс. И-дің бүтін артикуляциясында белгілі бір тембр сақталмай, бір дыбыстан іле-шала екінші дыбысқа ауысып кете алады. «И» – жуан айтылатын сөзде «ый» түрінде, жіңішке сөзде «ій» түрінде жазылады: *кій (ки), кійім (киім), қыйсын (қисын)*.

И жазуы – Қытайдағы тіл диалектілері қатарына жататын бірнеше туыс тілдердің жазуы. Бірақ тілдердің қазіргі жіктеліміне сәйкес бірыңғай И.ж. жоқ. Қытайдағы И.ж. оннан аса түрлі туыс тілдер қолданады. Олардың ішінен кең таралған ең ірілері – 4. Олар: носу (солтүстік), насу (шығыс), нису (оңтүстік) және сани (оңтүстік-шығыс) тілдері. Қытайда бұл тілдерді диалектілер деп атайды. Христиан миссионерлері И.ж. үшін 5 түрлі графикалық жүйе дайындады. Бұдан басқа қытай және кана әліпбиіне ұқсас жазуларға негізделген 3 миссионерлік жазу белгілі болды. 1974-1975 жж. Сычуандағы носу диалектісі үшін стандартты И (ꆈꌠꁱꂷ) жазуы дайындалды. Ляньшандағы шэнчжа говоры негізгі диалектіге

айналды. 1980 жылы бұл жазу ресми бекітілді. Носу тілі буын жазуына негізделді және 819 таңбадан тұрды. Бұл қазіргі уақытта И туыс тілдердің ресми жазуы болып саналады. 1983 жылы стандартталған таңбалардың (1675 графема) базалық жиынтығы бекітілді. Бұнда Юньнаньдағы барлық төрт дәстүрлі жазу түрлерінің таңбалары қолданылды. Кейіннен бірқатар жаңа таңбалармен толықтырылды.

Ибер жазуы – буындық (үзілмелі дауыссыз дыбыс + дауысты дыбыс) және әріптік аралас жазу түрі. И.ж. алғашқы нұсқасын тартессиялықтар қолданған және бұл жазуды б.з.д. II мыңжылдықтың аяғы мен б.з.д. I мыңжылдықтың басында Жерорта теңізінің финикийлік колонистер әкелген. Сондай-ақ финикийлік жазудың өзгерген түрі болуы мүмкін деген дерек те бар. Тартессиялықтардан қалған бұл жазу И.ж. еніп кетті. И.ж. өзі б.з.д. IV ғасырға жатады және әріптік таңбалар (дауысты дыбыстарды қоса алғанда) мен буындардан тұрады. И.ж. сыртқы бейнесі грек әліпбиіне ұқсастығына қарамастан, ұқсас әріптері мүлде басқаша оқылады.

Идеограмма (грек. «εἶδος» – идея, «γράμμα» – жазба таңба) – белгілі бір сөздің фонемасын, автордың идеясын беретін жазба таңба немесе шартты сурет.

Идеографиялық жазу (грек. «idéa» – идея, «grápho» – жазу) – жазу тарихындағы ең көне жазу типтерінің бірі. Тұтас сөздерді немесе олардың мағыналы морфемаларын білдіреді. Идеограммалық сипат көне египет, шумер т.б. тарихи жазуларға тән. Сонымен бірге қытай иероглиф жазуында дамыды. И.ж. күрделі жазу болғандықтан көптеген халықтарда мейлінше оңай буындық немесе дыбыстық жазуға өзгертілді.

Иератикалық жазу – көне Египетте б.з.д. IV және III ғасырларда болған египет жазуының бір түрі. И.ж. таяқшалар, қылқалам арқылы папирусқа, тасқа немесе теріге жазылған. Түрі дөңгеленіп келіп курсив формасына ұқсайды.

Иероглиф (грек. «*hieros*» – қасиетті, «*glyphe*» – кесіп ойылған) – белгілі заттардың (адам, хайуанат т.б. заттар) суреті түрінде қалыптасқан жазу, *графема* (қ.). Көбінесе сөз-буын жазуларында (Египет жазуы, Қытай жазуы т.б.) кездеседі. Идеографикаялық жазудың бір түрі.

ИКА́О (ағылш. *«ICAO – International Civil Aviation Organization»* – Халықаралық азаматтық авиация ұйымы) және **ITU** *(Халықаралық телекоммуникация одағы)* **фонетикалық әліпбиі** – НАТО-ның фонетикалық әліпбиі немесе халықаралық радиотелефон әліпбиі. Аталған әліпби орфографиялық әліпби болып табылады және «Халықаралық фонетикалық әліпбиі» секілді фонетикалық транскрипция жүйесіне еш қатысы жоқ. Оның орнына халықаралық азаматтық авиация ұйымы әліпбиінің, яғни ағылшын әліпбиінің әріптеріне акрофониялық принцип бойынша коды бар сөздер қосылады (А әрпіне Alpha, В әрпіне Bravo, С әрпіне Charlie және т.б.). Бұл сөздерді радио немесе телефон арқылы дыбыс жазбаларын қабылдайтын немесе жіберетін мамандар қолданады. Әліпби әріптерінің кодтары ағылшын тілінің сөздері болғанымен, тілдің дыбыстық жүйесінен және ережесінен айтарлықтай ерекшелігі бар. Тек 26 кодтың 11-і ғана: *bravo, echo, hotel, Juliet(t), kilo, Mike, papa, Quebec, Romeo, whiskey* және *Zulu* ағылшын тілінің дыбысталу ережесіне сай жасалған.

Иллитерат (латын. *«illiteratus»* – жазуға болмайтын) – әріппен таңбалауға болмайтын түшкіру, ысқыру, пысқыру, күрсіну сияқты дыбыстар.



Ильминский Николай Иванович (1822-1891) – түркітанушы, шығыстанушы, алғаш рет қазақ тілі материалдарын орыс жазуына түсіріп, орыс әліпбиімен берудің үлгісін жасаған ғалым. Қазан діни академиясында оқытушы, Орынбор шекаралық комиссиясында аудармашы. Қазан университетінің профессоры. Қазақ жазуын латынға аудару мәселесі алғаш XIX ғасырдың аяғында байқалғанын И. жазбаларынан білуге болады. И. бастамасымен Қазан қаласында шыққан «Из переписки по вопросу о применении русского алфавита к инородческим языкам» атты кітабында қазақ, татарлармен қоса, орыс халқының латын жазуына өтуі керектігін айтқан. Әліпби түзуде Ы.Алтынсаринге ықпал еткен.

Имплозия (латын. *«implosivus»* – жабысыңқы) – дыбыстың сөйлеу мүшелерінің біріне-бірі жабысып, нық тиюі арқылы жасалуы. Жабысыңқы дауыссыздардың жасалуының алғашқы фазасы. Жабысыңқы дауыссыздарды айтқанда дыбыстау мүшелері өзара біріне-бірі жабысып имплозия басым болады. Имплозив дыбыстар шұғыл дауыссыздардың үшінші бір түрі болып саналады.

Ингуш әліпбиі – XX ғасырдың басына дейін жазусыз тіл болып келді. 20-жылдардың басында ингуш тілі араб әліпбиі негізінде жазуға ие болды. Ұлы Қазан көтерілісінен кейін ингуш жазуы латын әліпбиіне көшті. 1923-1928 жылдар аралығындағы кезеңде өзінің ингуш, ал 1928-1937 жылдары – шешен-ингуш әліпбиі пайдаланылды. 1938 жылдан бастап орыс кирил негізіндегі әліпби енгізілді, ол қазіргі күнге дейін пайдаланылады. Қазіргі И.ә. кейбір әріптерді қосумен орыс әліпбиіне өте жақын, сондай-ақ шешен тілімен де ұқсас.

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Гl гl	Д д	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Кх кх	Къ къ
Кl кl	Л л	М м	Н н	О о	П п	Пl пl	Р р
С с	Т т	Тl тl	У у	Ф ф	Х х	Хь хь	Хl хl
Ц ц	Цl цl	Ч ч	Чl чl	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы
Ь ь	Э э	Ю ю	Я я	Яь яь	I		

Инд аңғарының жазуы – Инд аңғарында жүргізілген қазба жұмыстарының арқасында бірнеше мың қысқаша жазуларымен белгілі болған мәні ашылмаған жазу. Болжам бойынша дравидтер тобының тілі үшін пайдаланылған. Көптеген авторлардың пікірінше, оңнан солға қарай оқылады. Бұған дәлел – кейбір мәтіндерде айқын байқалатын сол жақта тұрған белгілердің қысылуы, сондай-ақ таңбалардың байқалатын реттілігі (мысалы, басымен оңға бұрылып тұрған жануар бейнесімен сүйемелденетін, басынан төмен қарай өрнектелген жазба). Кейде жазулар бустрофедонды білдіреді. Мөрлер мен заттардың бедерлерінде оңнан солға, мөрлерде солдан оңға қарай жазылған. Хараппа жазуында циркумграфтар («бөліп жазу») болады, онда бірнеше графикалық элементтерден тұратын белгі жалғап жазылған таңбаның екі жағына жазылады («бөлу» белгісі бірінші оқылып, ал «жалғанған» белгі кейінірек оқылуы керек деп саналады); сондай-ақ аллографтар бар.

Индонезия әліпбиі – австронезия тілдер тобына жататын индонезия тілінің әліпбиі. Малай тілімен туыстас тіл болғандықтан малай әліпбиі қолданылып келген. XX ғасырдың екінші жартысынан бастап латын әліпбиінде И.ә. 26 таңбадан тұрады. 1972 жылы әліпбиге реформа жасалған. Индонезияда араб әліпбиі де қолданылады.

Интервокал дауыссыздар – екі дауысты дыбыстың арасында кездесетін дауыссыздар. Мыс., *ата, әже, бала, аға.* Дауыссыз дыбыстардың екі дауысты аралығында орналасуынан әр түрлі дыбыстық өзгерістер тууы мүмкін.

Интонация (латын. «*intonare*» – қатты сөйлеу) – сөйлеу барысындағы дауыс ырғағы. Сөзді, сөз тіркесін, сөйлемді, айтудағы дауыс мәнері. «Интонация» сөзінің мағынасы көп қырлы. Оның негізгі компоненттері: әуен (мелодика), кідіріс (пауза), қарқын (темп), дауыс қаттылығы (интенсивтілік), екпін, ырғақ, әуез (тембр), дауыс ұзақтылығы. Сөйлеу тіліндегі интонация жазба тілдегі мәтінмен де тікелей байланысты болады. Интонация мәселесі ерте кезден зерттеліп келеді. Сөйлемнің ырғақтық құрылымы ең алғаш Аристотельдің, Деметрияның, Цицеронның, Трасимахтың еңбектерінде сөз болды. Қазіргі таңда «интонация» ұғымы тіл білімінде әртүрлі қырынан қарастырылады. Соның негізінде тіл білімінде интонацияны зерттеуге байланысты үш бағыт қалыптасып отыр: фонетикалық бағыт, фонологиялық бағыт, синтаксистік бағыт. Интонацияның өзіндік мағынаға ие бірліктері бар. Тіл білімінде ол бірліктерді суперсегменттік фонема, интонациялық конструкция, интонема, интонациялық морфема деп атайды. Интонация компоненттерінің сөз ағымында түрлі мағыналарды жеткізу ерекшелігіне байланысты зерттеушелер 8 түрлі интонациялық бірлікті атап көрсетеді: 1/ ойдың аяқталғандығын білдіретін тиянақты; 2/оған қарама-қарсы мағынадағы тиянақсыз; 3/лепті; 4/арнаулы сұрақ; 5/жалпы сұрақ; 6/қыстырма сөз; 7/қатал бұйрық; 8/сыпайы бұйрық. Интонация тілімізде бірнеше қызмет атқарады. Зерттеушілер интонацияның негізгі бес қызметін атап көрсетеді: біріншіден, қызметі сөйлемнің коммуникативтік түрлерін анықтау; екіншіден, жеке коммуникативтік типтерін ажырату; үшіншіден, мазмұнның өзгешеліктерін

ажырату; төртіншіден, сөйлемдерді, синтагмаларды мәтінде бір-бірінен айырып, бөлу; бесіншіден, әртүрлі эмоцияларды дифференциялау.

Ирланд жазуы – ирланд тілінің жазуы. И.ж. латын әліпбиіне негізделген жазба қолданылады. Көне И.ж. огамиялық жазу деп аталады. Огама деп те аталатын бұл жазба IV-VI ғасырларда қолданылған. Оның нақты пайда болған күні белгісіз. Огама әріптері түзу сызыққа салынған таяқшалар мен нүктелер болды (дауыссыздар мен дауысты дыбыстар). Огама жазбалары негізінен таста сақталып қалды. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін ирланд грамматикасы мен орфографиясы стандартталды. Қазіргі И.ж. 18 таңбадан тұрады. Шет тілден енген сөздерді қолдану үшін бірнеше латын таңбалары қосымша пайдаланылады.

A a	B b	C c	D d	E e	F f	G g	H h
I i	L l	M m	N n	O o	P p	R r	S s
T t	U u	J j	K k	Q q	V v	W w	X x
Y y	Z z						

Исланд жазуы – XII ғасырдан бастап латын әліпбиі негізіндегі жазу. И.ж. тіліндегі ежелгі мәтіндер – X-XI ғасырлардағы исландиялық жартастардағы өлең жолдары алғашқыда ауызша тараған. И.ж. тілінің ежелгі жазба ескерткіштері – XIII ғ. қолжазбалары, олардың кейбіреуі XII ғасырдағы кон қолжазбаларының тізімдері болуы ықтимал. Стандартты латынмен салыстырғанда И.ж. әліпбиінде c, q, w, z әріптері жоқ (соңғысы 1974 жылы алынып тасталды) және á, é, ð, í, ó, ú, ý, þ, æ, ö әріптері бар.

Aa	Á á	Bb	Dd	Đ ð	Ee	É é	Ff
Gg	Hh	Ii	Í í	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Oo	Ó ó	Pp	Rr	Ss	Tt	Uu
Ú ú	Vv	Xx	Yy	Ý ý	Þ þ	Æ æ	Ö ö

ИСО (ағылш. *ISO – International Organization for Standardization*) – Халықаралық стандарттау ұйымы. Ұйым атауы барлық тілдерде бірдей айтылуы үшін

«тең» деген мағынаны білдіретін гректің ίσος (*исос*) сөзі бекітілген. Сол себепті бұл ұйым әлем тілдерінде бірдей «исо» деген қысқа атаумен аталады. ИСО тауарлар мен қызметтердің халықаралық алмасуын қамтамасыз етумен айналысады. Халықаралық ИСО 233 стандарты араб жазуын латын таңбалары арқылы транслитерациялайтын жүйе. Бұл стандартта араб әліпбиіндегі әріптер мен харакаттар латын әріптерімен және диакритик белгілермен берілген. Мыс., араб тіліндегі екі түрлі с, үш түрлі т, үш түрлі х таңбалары диакритик белгілер арқылы ажыратылады: Ss-Ṣṣ; Tt-Ṭṭ-Ṯṯ; Hh-Ḥḥ-Ḫḫ. ИСО 233 стандартында араб жазуын латын әліпбиімен транслитерациялау үшін жиырма жеті әріп, алты диакритик және төрт белгі арналған. Халықаралық ИСО 9 стандарты кирил жазуын латын әліпбиі арқылы транслитерациялайтын жүйе. ИСО 9 стандартының 1954, 1968, 1986 жылы қабылданған нұсқалары тіл білімі бойынша білім берудің халықаралық жүйеде стандартталған ғылыми транслитерациясына негізделген. 1995 жылғы қабылданған нұсқада славян тобы тілдері мен славян тобына жатпайтын тілдердегі кирил жазуының латын таңбалары негізіндегі стандартты тарслитерациялау жүйесі көрсетілген.

Испан әліпбиі – испан тілінің әліпбиі. Әліпби құрамы испан тілінің 27 әрпінен (A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, Ñ, O, P, Q, R, S, T, U, V, W, X, Y, Z) тұрады және латын әліпбиіне негізделген. CH және LL диграфтары жеке дыбыстар болып саналады және 1994 жылға дейін әліпбиде C және L әріптерінен бөлек орналастырылды. Дауыстылардың (A, E, I, O и U) төбесінде екпінді буынды немесе сөздің өзге де мағынасын білдіру үшін екпін және U-дың төбесінде бөліп оқуды көрсету үшін трема жазылуы мүмкін.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh
Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Ññ	Oo
Pp	Qq	Rr	Ss	Tt	Uu	Vv	Ww
Xx	Yy	Zz					



Истрин Виктор Александрович (1906-1967) – Мәскеу мемлекеттік институ-тын бітірген. Орыс филологы, филология ғылымдардың докторы, профессор. «Жазудың пайда болуы және дамуы» еңбегінің авторы. Бұл еңбекте көне замандардан бастап қазірге дейінгі жазудың тарихы талданған. «Славян әліпбиінің 1100 жылы» атты зерттеуі бар. Бұл еңбегінде славян жазулары және әліпбилері, оның ішінде глаголица, кириллица жөніндегі зерттеулері топтастырылған.

Итальян әліпбиі – итальян тілінің әліпбиі. Қазіргі итальян әліпбиі кеңейтілген латынның қосымша 5 әрпін есепке алмағанда, 21 латын әрпінен тұрады. И.ә. классикалық латын әліпбиіне ең жақын әліпби. Басқа еуропа тілдерімен салыстырғанда (ағылшын, неміс, француз), ол ең қысқа болып саналады. J, K, W, X, Y әріптері әдетте И.ә. құрамына кірмейді, бірақ итальян тілінде көмекші ретінде (мысалы, шет тілдеріндегі сөздерде) қолданылуы мүмкін. Сонымен қатар итальян тілінде à, è, é, ì, í, î, ò, ó, ù, ú диакритикалық дыбыстар мен әріптерді кездестіруге болады. Олардың мақсаты – соңғы буынның екпінін көрсету (caffè, perché). Гравис әрдайым a, i немесе u төбесіне және өзге де дауысты дыбыстардың (орташа көтеріңкі) төбесіне олардың ашықтығын білдіру үшін қойылады. Акут бітеу дауысты дыбысты көрсету үшін пайдаланылады.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh
Ii	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp	Qq	Rr
Ss	Tt	Uu	Vv	Zz			

Ителмен жазуы – ителмен тілінің жазуы. Ителмен тіліне арналған жазу алғаш рет КСРО халықтар мен ұлыстардың тілдерін латынға көшіру кезеңінде латын графикасы негізінде 1932 жылы жасалған, бірақ бар болғаны бес жыл ғана қолданылды. 1980 жылдары кирил графикасы негізінде қайта жасалды.

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	К' к'	Ҕ ҕ	Ҕ' ҕ'	Л л
Љ љ	Ӆ ӆ	М м	Н н	Њ њ	Ӈ ӈ	О о	П п
П' п'	Р р	С с	Т т	Т' т'	У у	Ф ф	Х х
Ҳ ҳ	Ц ц	Ч ч	Ч' ч'	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы
Ь ь	Ә ә	Э э	Ю ю	Я я	'		

Ифкуиль тілінің әмбебап морфо-фонетикалық жазуы – философиялық бағыттағы жасанды тілдің жазуы. Бұл жазу фонемалардың үлкен жиынтығына ие. И.ж. (ихтаил, ифк. içtaîl) әліпбилік, буындық немесе иероглифтік та емес. Оның орнына ол төрт түпнұсқа архетиптік формаларға негізделген. Олар берілген дыбыстарға да, сөздегі символдың морфологиялық рөліне де байланысты өзгереді және біріктіріледі. И.ж. мыңдаған түрлі таңбасы бар. Таңбалардың «екілік» мағыналық жүктемесі, яғни морфо-фонетикасы, оқығанда сөздердің қалай айтылуын, сөздердің әрбір бөлігінің морфологиялық рөлін білуге мүмкіндік береді. И.ж. мәтінді кез келген бағытта жазуға болады, бірақ автор оны жоғарғы сол жақ бұрыштан бастап тік «жылан» арқылы оқуды ұсынады, яғни, әдеттегі солдан оңға қарай жазумен салыстырсақ, И.ж. – «парақтың» шеттерінде (жоғарғы және төменгі жағында) бүгілетін үздіксіз тік жол.

Йй

Й әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Оны кейде қысқа и деп те атайды. Кирил графикалы әліпбилерде <й> фонемасы Йй әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Yy әрпімен таңбаланған. Латынның базасына Yy әрпі грек тілінің ықпалымен б.з.д. VII ғасырдан бастап енген. Бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының басым көпшілігінде /й/ фонемасы осы әріптің негізінде таңбаланса, еуропа тілдерінде ол латынның J әрпімен беріледі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929 жылы /й/ фонемасы латынның J әрпімен таңбаланған. 1938 жылғы реформа кезінде J әрпі I әрпіне алмастырылса, 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Й/ әрпіне ауыстырылған. Й әрпі сөз ортасында және аяғында ғана жазылады, сөз басында тек орыс тілінен және орыс тілі арқылы басқа тілдерден енген кейбір сөздердің құрамында ғана кездеседі: йод т.б. Әріптің атауы – й.

Й дыбысы. Жуан әуезді Й дыбысы – тіл түбі мен тілшік арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тілшік дауыссыз дыбыс; тіл түбі мен тілшіктің жуысуы арқылы жасалады. жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі мол тербеледі яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тілшік, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс. Жіңішке әуезді Й дыбысы: тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссыз дыбыс; тіл ортасы мен таңдайдың жуысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі мол тербеледі яғни мол қатысады, дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ортасы, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Йель роман жүйесі – Йель университетінде әзірленген төрт Шығыс Азия тілдерін – қытай, кантон, корей және жапон тілдерін латын әліпбиіне көшіру жүйесі. Қытай жазуының латыншасы «пиньин», жапон жазуының латыншасы «ромадзи» деп аталады. Олар ISO стандартына және Юникод жүйесіне енген.

Кк

К әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <к> фонемасы Кк әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Kk әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында К әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылдардағы әліпбилерде /к/ фонемасы латынның К графемасымен берілген. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы / Кк/ әрпіне ауыстырылды. К әрпі сөз басында, ортасында және соңында жазылады. Бірыңғай жіңішке дауысты дыбыстармен тіркеседі. Әріптің атауы – кі.

К дыбысы – тіл ортасы мен таңдай арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссыз дыбыс; К дауыссыз дыбысы тіл ортасы мен таңдайдың тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі тербелмейді яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ортасы, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. «Қ» дауыссызының жіңішке үндесім сыңары болып табылады, сондықтан да кейде к(-к) деп қосақтап беріледі.

Кабардин-шеркес әліпбиі – Солтүстік Кавказ тілдерінің батыс топшасына жататын кабардин-шеркес тілдері жазуы. Бұл жазуға арналған бірнеше әліпби нұсқалары болған. Соның алғашқысы – Ш.Ногма әліпбилері. 1825 жылы Кабардин ағартушысы Ш.Ногма араб графикасы негізінде Кабардин-шеркес әліпбиін құрастырды. Әліпби 42 әріптен тұрған, оның 15-ін әліпби авторы кабардин-шеркес тілінің төл дыбыстарын таңбалау үшін ойлап тапқан. 1830 жылы И.Грацилевскийдің тәжірибесімен танысқан Ш.Ногма әліпбидің кирил негізіндегі жаңа нұсқасын жасады. Бұл әліпбиде төл дыбыстарды таңбалау үшін әріпүсті диакритикаларын қолданған. Кабардин-шеркес тілінің күрделі фонетикасына жақсы бейімделген Ш.Ногман әліпбилерінің тарихи маңызы зор болғанымен, ұлттық жазу жүйесін құруға алып келмеді. Келесі әліпби түрі – П.Услар мен оның ізбасарларының әліпбилері. 1862 жылы Кавказ ғалымы П.Услар черкес

ағартушысы У.Берсейдің көмегімен кирил негізіндегі кабардин-шеркес әліпбиінің жаңа нұсқасын құрастырды (Берсей бұдан бірнеше жыл бұрын араб негізіндегі адыгей әліпбиін де құрастырған). 1865 жылы Нальчиктегі Кабардин мектебінің мұғалімі К.Атажукин Тифлисте П.Услар әліпбиін қолданып, «Кабардин әліпбиін» құрастырып, басып шығарды. 1890 жылдары кабардин-шеркес тілін зерттеумен айналысқан Л.Г.Лопатинский Услар әліпбиін жетілдіріп, сол әліпбидің негізінде кабардин сөздігін, грамматикасын және басқа да бірқатар кітаптарды құрастырды. 1881 жылы әліпби нұсқасын Бекмурза Пачев жасады. Араб негізді тағы бір әліпби 1908 жылы Нури Цагов жасады, кейін оны автор бірнеше рет жетілдірді. КСРО-дағы латындандыру процесі кезінде латын әліпбиіне аударылған алғашқы әліпбилердің бірі – кабардин-шеркес болды. 1923 жылы латындандырылған әліпбидің алғашқы жобасын Б.Хуранов жасап жариялады. 1924 жылы Б.Хуранов кавказтанушы ғалым Н.Яковлевтің ескертулері мен ұсыныстарына сәйкес әліпби жобасына бірқатар өзгерістер енгізді. Бұл әліпби нұсқасы ресми әліпбиге айналды. 1930 жылы реформаланған әліпби ресми түрде бекітілді. Ол 1936 жылға дейін қолданыста болды. 1936 жылы К.ш.ә. кеңестік әліпбилердің арасында алғашқылардың бірі болып кирилге көшірілді. Авторы – Тута Борукаев. Алайда көптеген апостроф әліпби қолданысында өте қолайсыз болғандықтан, екі жылдан кейін Н.Ф.Яковлевтің басшылығымен комиссия тарапынан әліпби реформаланып, қазіргі түрге ие болды.

А а	Э э	Б б	В в	Г г	Гу гу	Гъ гъ	Гъу гъу
Д д	Дж дж	Дз дз	Е е	Ё ё	Ж ж	Жь жь	З з
И и	Й й	К к	Ку ку	КІ кІ	КІу кІу	Къ къ	Къу къу
Кхъ кхъ	Кхъу кхъу	Л л	Лъ лъ	ЛІ лІ	М м	Н н	О о
П п	ПІ пІ	Р р	С с	Т т	ТІ тІ	У у	Ф ф
ФІ фІ	Х х	Ху ху	Хь хь	Хъ хъ	Хъу хъу	Ц ц	ЦІ цІ
Ч ч	Ш ш	Щ щ	ЩІ щІ	Ы ы	ъ	ь	Ю ю
Я я	І І	Іу Іу					

Кави жазуы – кави немесе ескі явана жазу түрі. Явана тілінің тарихта болғандығын дәлелдейтін бірден-бір дерек. Кави тілі әдеби тіл ретінде бүкіл Явада және Мадура, Бали, Ломбок аралдарында қолданылған. Кави тілінің сөздік қорының едәуір бөлігін санскрит сөздері құрайды. Кави жазуы әдетте ханачарака, ал термин тілінде – дентавиянджана (Dentaviyanjana) деп аталады. Бұл 20 әріптен тұратын және он саннан тұратын, сонымен қатар бірқатар дауысты және дауыссыз модификаттардан тұратын жазу жүйесі. Кави жазуымен жазылған ең көне жазба ескерткіш Магелангдағы Гунунг Вукир храмында, Орталық Ява, Индонезия елдерінде сақталған.

Какуминал дауыссыздар (латын. *«cacumen»*) – тіл ұшының таңдайға жақындап жуысуы арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс, мысалы, орыс тіліндегі *р* дыбысы. Бұл терминді алғаш ұсынған – Макс Мюллер. Какуминал дауыссыздарды лингвистикада церебральды деп те атайды.

Каллиграфия – (грек. *«καλλιγραφία»* – көркем жазу) жазудың эстетикалық тұрғыдан көзге тартымды болуын мақсат етуден туған көркем жазу өнері. К. туған күнмен, мерейтоймен құттықтау, тойға шақыру ашықхаттары сияқты бейресми жазу аясында ғана қолданылады. К. жазудың көркемдік жағын ғана көздейтін болғандықтан, оқу-жазуда жекелеген әріптерді тану қиындық келтіруі мүмкін, сондықтан К. ресми мәтіндерді жазуда қолданылмайды. Әлемде қолданылатын графикалық жүйелердің өз К. қалыптасқан.

Камерун тілдеріне арналған жалпы әліпби – (франц. *«Alphabet général des langues camerounaises»*) 1970 жылдары жасалған Камерун халқының тілдеріне арналған жиынтық әліпби. Ресми түрде 1979 жылы бекітілді. Әліпби латын тіліне негізделген.

Канада буын жазуы – (ағылш. *«Canadian Aboriginal syllabic writing»* – канадалық аборигендердің буын жазуы) Канаданың көптеген байырғы халықтарының тілдерін жазу үшін қолданылады, мыс., *кри, инуктитут, ожибва.* Бұл жазуды миссионер Джеймс Эванс 1833 жылы жасаған. К.б.ж. осы күнге дейін қолданылады және Нунавут провинциясында ресми жазу болып табылады. Канадалық жазу түрі – абугида. Әр әріп буынды білдіреді және сол буындағы дауысты дыбыстың қандай болуына байланысты өзгереді. Қазіргі уақытта К.б.ж. Квебектегі наскапиден бастап Рокки тауларына дейін, соның ішінде Шығыс кри, Джеймс шығанағы кри, Батпақты кри және жазық кри тілдерінің барлық диалектілерін жазу үшін қолданылады. Канадалық жазуда модификация әріптің бағытын өзгерту арқылы жүреді және бұл канадалық буын жазудың негізгі ерекшелігі болып табылады.

Кандзи (*жапон. «хань»* – кан, *«дзи»* – әріптер) термині сөзбе-сөз «Хан (әулет) әріптері» дегенді білдіреді. Қытайлық таңбалардың Жапонияға қалай жеткені белгісіз, бірақ бүгінгі күні жалпыға бірдей қабылданған нұсқа – қытай мәтіндерін алғаш рет V ғасырда Корея корольдігінен буддалық монахтар алып келген. Бұл мәтіндер қытай тілінде жазылған және камбун (漢文) жүйесі жапондықтар жапон грамматикасының ережелеріне сәйкес диакритиктермен оқи алатындай етіп

жасалған. Қазіргі уақытта ханци мен К. арасында айтарлықтай айырмашылықтар бар. Екінші дүниежүзілік соғыстан кейін көптеген К. жеңілдетілді.

Каннада жазуы – Үндістанның оңтүстік-батыс бөлігінде, негізінен, Карнатака штатында таралған дравид тілінің жазуы. Бұл тіл Үндістандағы 23 ресми тілдің қатарына кіреді. К.ж. – буындық әліпби. Ол брахми жазуының оңтүстік-үнді нұсқасы. К.ж. X ғасырда жасалған «ескі каннада жазуынан шыққан». К.ж. 49 символдан тұрады. Негізінен оның символдары аталған саннан да көп. Өйткені әртүрлі таңбалар лигатураға айналған. Әрбір жазу таңбасы бір буынға сәйкес келеді. Әрбір таңба өзінің формасын және өзіне тән дыбысты береді. К.ж. Үндістанда танымалдылығы жағынан деванагариден кейін екінші орын алады. Сонымен бірге К.ж. әлемдегі көркем жазулардың қатарына кіреді.

Канте Сулейман (1922-1987) – гвиней жазушысы, оқымысты және нко әліпбиін жасаушы. Бұл әліпби нигер-конголез макросемьясына жататын манде тілдеріне арналған. «Нко» манде тілдерінде «мен айттым» деген ұғымды береді. К. 1949 жылы осы әліпбиді жасаудағы мақсатын африка халықтарында жазу болмағандықтан, мәдениет болмаған деген ұғымды өзгерту үшін жасағанын айтқан. Нко әліпбиі алғаш рет Гвинейда жасалған. Қазір ол Гвинейде, Кот-д'Ивуарда және Малида қолданылады. Ол араб әліпбиіне оңнан солға қарай жазылатындығымен және таңбалардың қосылуымен, оқу барысында үннің өзгеріп тұратындығы бойынша ұқсайды. Қасиетті Құран манде тілдеріне осы әліпбимен аударылған.



Караджич Вук Стефанович (1787-1864) – серб тілтанушы ғалымы, педагогі. Сербтің әдеби тіліне реформа жасаған ғалым. Серб кирилицасын стандарттаушы және серб тілінің емлесіне фонетикалық принципті енгізген. Серб және хорват тілдерінің бірлігі бойынша Вена әдеби келісімін ұйымдастырушы.

Карел жазуы – карел тілін жазу үшін қолданылатын жазу. Өзінің қолданылу кезеңіне қарай бірнеше рет графикалық негізі ауысып, бірнеше рет қайта өзгертілген. Қазіргі уақытта К.ж. латын тілінде қолданылады. К.ж. тарихында төрт кезең бөліп көрсетіледі: 1917 жылға дейін – кирил негізінде жазуды қалыптастырудың ерте кездегі тәжірибелері; 1931-1939 – латын тілі негізіндегі твер-карел жазуы; 1937-1940 – кирил негізіндегі Карелия карел жазуы; 1989 – латын тілі негізіндегі заманауи жазу.

Каталан әліпбиі – окситан-роман топшасына жататын каталан тілінің әліпбиі. Әліпбиді 12 миллионға жуық роман тілділер қолданады. Каталан тіліне қатысты екі негізгі стандарт бар: Каталан тілдер институтының қолдауымен каталондық лингвист Пумпеу Фабра ұсынған және Орталық Каталан диалектісіне негізделген (Барселона ауданы) негізгі стандарт (IEC стандарты); сол лингвистің еңбектеріне негізделген Валенсия стандарты (AVL стандарты) және т.б. «Норма Кастелло» (мыс., Normes de Castelló – батыс каталан диалектілерінде айтуға бейімделген стандартты емле). Каталан тілінің қазіргі әліпбиі латын әліпбиіне негізделген, диакритикалық белгілері бар бірнеше әріп қосылған.

Aa+ Àà	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee+ Éé Èè	Ff	Gg
Hh	Ii+ Íí Ïï	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo+ Óó Òò
Pp	Qq	Rr	Ss	Tt	Uu+ Úú Üü	Vv	Ww
Xx	Yy	Zz					

Катаринский Василий Владимирович (1846-1902) – орыс ориенталисі, қазақ тілін зерттеуші. Ол Ы.Алтынсариннің ағарту саласындағы идеяларын қолдап, оның іс жүзіне асуына тікелей көместесті. К. қазақ балалары үшін «Қазаққа арналған әліппе» («Букварь для киргиз»), «Қазақтарға арналған орыс тілінің бастапқы оқулығы» («Первоначальный учебник русского языка для киргиз». Оренбург, 1894) атты оқу құралдарын жазған. Оның қатысуымен және редакциялауымен «Қазақ тілінің грамматикасы» шықты. Кітап 3 бөлімнен (фонетика, этимология, синтаксис) тұрады. К. құрастырған «Қазақша-орысша сөздік» («Киргизско-русский словарь». Оренбург, 1897) 10 мыңдай сөз қамтылған, ол сол кездегі екі тілді сөздіктердің ішіндегі ең толық және сапалысы болды. К. алғашқы қазақ күнтізбесін құрастырған («Қазақ үшін календарь». «Календарь для киргиз на 1897 год». Оренбург, 1897). К. жобасы. К. «Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис» (Орынбор, 1897) атты еңбегінде қазақ тілінде 9 дауысты және 15 дауыссыз бар деп көрсете отырып, 21 әріптен тұратын әліпби жариялады: а (а), е, ы, и, о (о), у, б, г, д, ж, з, к, л, м, н, г, п, р, с, т, ш.

Квадратты моңғол жазуы немесе ламы-Пагбасы жазуы – абугида типіндегі бұл жазу тибет жазуынан шыққан. Оны тибет ламасы Дрогон Чогьял Пагпа Құбылай хан үшін жасаған. Юань династиясын билеген Құбылай хан өзіне бағынған территориядағы моңғолдар, тибеттер, қытайлар және басқа халықтар үшін ортақ жазуды енгізуді міндеттеген. Бұл жазу Юань династиясының орнына Мин династиясы келгенде қолданудан шығып қалды. XIII-XIV ғасырларда осы жазу арқылы біздің дәуірімізге жеткен мол мұралар сол кездегі қытай және басқа тілдерді зерттеу үшін мол материал береді. Қазіргі юникод жүйесіне осы жазудың 56 таңбасы енгізілген.

Кейінді ықпал *(бейімдестік заңы)* – бейімдестік заңының бір түрі. Кейінді ықпал – дауыссыздар мен дауыстылардың үндесуі. Бейімдестік заңының бұл түрі бойынша *б, в, г, д* ұяндарынан басқа дауыссыздардың бәрі де сөзді аяқтап тұра алады және бұларға дауыстылардан басталатын қосымшалар ретіне қарай жалғана береді.

Түбір соңы қатаң *қ, к, п* аяқталып, дауыстыдан басталатын қосымша жалғанғанда ұяңданып *ғ, г, б* дауыссыздарымен алмасады: қасығы (қасық+ы), тарағы (тарақ+ы) және т.б.

Кейінді ықпал *(ұқсастық заңы)* – ұқсастық заңының бір түрі. К.ы. – сөз соңындағы дауыссыздарға кейінгі морфеманың басқы дауыссыздарының әсері. Оның мынандай түрлері кездеседі: түбірдің соңғы *н* дыбысы *б, п* дыбыстарының алдынан келсе, *н* дыбысы айтылуында *м* дыбысына айналады; түбірдің соңғы *с, з* дыбыстарының бірі *ш* дыбысының алдынан келсе, ол екеуі айтылуда *ш* дыбысына айналады; түбірдің соңғы *з* дыбысы – *с* дыбысының алдынан келсе, *с* дыбысына айналады. Жазылуда бұл ескерілмейді. Сөз соңы *з* дыбысына бітсе, ал оған жалғанатын қосымша *ж* дыбысынан басталса, *з* дыбысы *ж* дыбысына өзгереді.

Кельтология – Кельт халықтарының тілін (үндіеуропа тілдері тобына жататын ирланд, шотланд, бретон, валлий және бірнеше өлі тілдер), әдебиетін, тарихын, этнографиясы мен археологиясын зерттейтін гуманитарлық пәндер жиынтығы. Кельтологияның негізін салушы И.Цейс. 1853 жылы жарыққа шығарған «Grammatica Celtica» деген тарихи салыстырмалы еңбегінде кельт тілі мен басқа үндіеуропа тілдерінің арасында қатаң фонетикалық заңдылықтың бар екені анықталды.



Кемеңгерұлы Қошмұхамбет (Қошке) (1896-1937) – Алаш қозғалысының қайраткері, жазушы, ақын, ғалым, драматург, журналист. Шығармашылығы тарих, әдебиеттану, тілтану, этнография, көркем аударма және т.б. тақырыбына арналды. Шеттілдік сөздердің қазақ тілінде игерілу мәселесін сөз еткен мақалалары – «Жат сөздер туралы», «Қотыр сөздер». Аталған мақалаларында жат сөздердің мағынасын анықтау қажеттігін, жат сөздерді игеруде жалғаулардың дұрыс жалғануын білу үшін Х.Досмұхамедовтың үндестік заңы туралы жазғанын оқу керектігін баяндайды. *К.Қ.* «Қазақша-орысша тілмаш» (М., 1925), «Жағрапия үшін оқу құралы» (Т., 1928, 1-том., Қызылорда, 1929) атты еңбектер жазды. Сондай-ақ «Қазақша-орысша тілмаш» туралы түсініс» мақаласы, «Жат тіл оқыту әдісі» атты көлемді ғылыми-әдістемелік еңбегі де жарық көрді.



Кеңесбаев Ісмет Кеңесбайұлы (1907–1995) – филология ғылымының докторы, профессор, Қазақстан ҒА-ның академигі, Қазақ КСР-інің еңбек сіңірген ғылыми қайраткері. Кеңесбаев І. – қазақ тілінің фонетикасы мен лексикологиясына, лексикографиясы мен этимологиясына, тіл тарихы мен туыс тілдердің бір-бірімен қарым-қатынасына арналған еңбектердің авторы. Кеңесбаев І. фонетика саласында Ленинград фонология мектебінің принциптерін ұстанады. Сондай-ақ, ғалым тұңғыш рет қазақ тілінің фонетикалық транскрипциясын да жасаған. 1936 жылы латын қарпінде орыс мектептері үшін бастауыш сыныпқа арналған «Қазақ тілі» оқулығын жазды. Латын графикасында жазылған оқулығында әліпби ретін түзді: A, B, C, D, E, Ə, G, Ƣ, H, I, J, K, L, M, N, Ŋ, O, Ө, P, Q, R, S, T, U, V, Y, Z, Ь.

Кет жазуы – кет тілінің жазуы. Кет тіліне арналған жазу алғаш рет 1934 жылы латын графикасы негізінде құрылды, бірақ кеңінен таралмады. 1980 жылдары кирил графикасы негізінде қайта құрылды.

А а	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	М м
Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ә ә	Ы ы	Ь ь	'	Э э	Ю ю	Я я	

Кикакуи (менде) жазуы – менде тілінде жазуға арналған автохтонды буындық әліпби. К.(м).ж. 195 таңбадан тұрады. 1917-1921 ж. Кисими Камара жасаған. Әуелде Құран жазбаларын аудару үшін пайдаланылды. К.(м).ж. ваи және араб жазулары әсерінен туындаған Мұхаммед Тұрайдың «Менде абаджада» атты әліпбиін негізге алады. Кисими осы әліпбиді жетілдіріп, оған 150 силлабикалық таңба қосқан. К.(м).ж. бірнеше нұсқасында 186-195 таңба бар делінеді. Олардың ішінде 42-сі – әліпбилік таңбалар (k, m, w, b, ø, d, s, l, t, j, y, f, n, h, i, a, u). Диакритикалық таңбалар арқылы дауыссыздардың дыбыстық ерекшеліктерін көрсету үшін қолданылады: *ki-gi-ngi, fa-va*. Әріптік таңбалармен қатар пиктографиялық таңбалар да бар. К.(м).ж. менде халқы және іскери-ресми жазбаларда қолбасшылар арасында да кең қолданыста болған. К.(м).ж. 1940 жылдардағы латын әліпбиінің таралуы кезеңіне дейін қолданылды, қазіргі кезде 500-ге жуық адам ғана пайдаланады.

Кикуйю жазуы – Кенияның орталық бөлігінде тұратын кикуйю халқының жазуы. К.ж. латын әліпбиіне негізделген және оған қосымша ĩ және ũ әріптері қосылған: Ал f, l, p, q, s, v, x, z таңбалары көнерген сөздерде қолданылмайды.

A a	B b	Mb mb	C c	Nd nd	E e	G g	Ng ng
Ng' ng'	H h	I i	Ĩ ĩ	Nj nj	K k	M m	N n
Ny ny	O o	Ũ ũ	R r	T t	Th th	U u	W w
Y y							

Кинема (ағылш. «*kineme*» – қозғалыс) – дыбысты айту кезіндегі сөйлеу мүшелерінің әртүрлі артикуляциялық белгілері, яғни дыбыс жасалуының артикуляциялық жағы. Дыбыстың белгілі бір сөйлеу мүшесінің қызметіне байланысты жасалуы. Мыс., *п* дыбысы тек еріндердің бір-біріне жабысып, бірден ашылып кетуінен, бір ғана кинемадан жасалады.

Кипр жазуы – Кипр аралы гректерінің б.з.д. VIII-III ғ. тән ескерткіштеріндегі бекітілген буындық жазу. К.ж. кипро-минойлық жазудан шыққан. XIX ғасырдың аяғында Дж. Смит К.ж. грек-финикийлік билингваның көмегімен оқыды. Сонымен қатар кейбір ескерткіштер жергілікті этеокипр графикасымен жазылып, бір қысқаша жазба (4 таңбадан тұратын сөз) финикий графикасымен жазылған.



Кирил әліпбиі – грек жазуынан шыққан алғашқы орыс әліпбилерінің бірі. Орыс жеріне христиан дінімен бірге IX-XI ғасырда келген. IX ғасырдағы славян ағартушысы Кирилдің атымен аталған. Оның глаголицадан айырмасы әріп таңбаларының неғұрлым нақтылығы мен қолдануға ыңғайлылығында. Осы күнгі орыс әліпбиі К. негізінде жасалған.

Кирил графикасындағы әліпбилер – көне славян тілдері үшін жасалған әліпби. Славян әліпбиінің екі түрінің бірі (екіншісі – глаголица). Славян ағартушысы Кирилдің атымен аталған, грек жазуы негізінде жасалған. Ол грек жазуының 24 әрпіне славян тілінің дыбыстарын белгілеу үшін қосымша 19 әріп қосып, 43 әріптен тұратын әліпби құрастырды. К.г.ә. әріптік құрамы көне славян тілінің дыбыстық жүйесіне сай келеді, сондықтан ол қазіргі славян тілдерінің көпшілігінің әліпбиіне негіз болды. 1940 жылы Кеңес Одағы халықтары біртекті әліпбиді қолдануы қажет

деген саясатпен КСРО құрамындағы халықтардың жазуы жаппай К.г.ә. көшірілді. Қазір славян емес тілдердің жазуында да қолданылады. К.г.ә. 108 табиғи тілдің жазу жүйесіне негіз болды. К.г.ә. үндіеуропа, кавказ, қытай-тибет, чукот-камчатск, моңғол, тұңғыс-маньчжур, түркі, орал тілдері қолданған және күні бүгінге дейін қолданып келеді. Үндіеуропа тілдер тобындағы славян тілдері – белорус, болгар, македон, русин, орыс, серб, сербохорват, украйн, черногор тілдері К.г.ә. пайдаланады. XIX ғ. орта кезінен бастап польша тілін К.г.ә ауыстыру қадамдары жасалған. Осы топтағы балтық тілдері ішіндегі латыш, литва тілдерінде К.г.ә. XIX ғасырдың аяғынан бастап, латын графикалы әліпбиімен қатар қолданып келеді. Үнді-иран тобындағы цыған тілінде (бұрынғы КСРО мен Сербияда) 1927 жылдан, иран тобындағы белудж тілі (Түркіменстан) 1980 жылдан, вахан тілінде 1990 жылдан бері, Армения мен Ресей аймағындағы курд тілінде қолданылады. Осетин, тат тілінде – 1938, тәжік тілінде – 1940, рушан тілінде 1990 жылдан бері қолданыста. Дағыстанда әлі кирил әліпбиі сақталған. Роман тілдер тобына жататын молдаван тілінде 1937-1989 жылдар аралығында, Приднестровьеде әлі күнге дейін К.г.ә. қолданылады. Румын тілінде 1860 жылға дейін қолданыста болған, қазір де латын әліпбиімен қатар қолданылады. Кавказ тілдерінің ішінде абазин, авар, адыгей, табасаран тілдерінде, – 1938 жылдан бастап, абхаз –1954, даргин, кабардин-черкес, лак, лезгин тілдерінде – XIX ғ. аяғы мен XIX ғ. басында к.г.ә. араб тілімен қатар қолданыста болды. Қытай-тибет тілдерінің қытай тармағына енетін дүнген тілінде 1953 жылдан бері қолданылады. Чукот-камчатск тілдерінің ішінде коряк, чукот тілдері 1937 жылдан, ал ителмен тілі 1980 жылы К.г.ә. пайдаланған. Моңғол тілдерінің қатарындағы қалмық – 1938, бурят тілі – 1939, моңғол – 1940 жылдан бастап қолданады. Тұңғыс-маньчжур тілдер тобына жататын нанай, удэгей, эвенк, эвен тілдері 1937 жылдан, ороч – 2000, ульчи – 2001, орок – 2008, негидаль – 2009 жылдан бері қолданады. Түркі тілдерінде карачай-балқар – 1936 жылдан, алтай, құмық, ноғай, татар, шор тілдерінде 1938, якут, хакас – 1939, башқұрт, қазақ, қырғыз тілдерінде 1940, ұйғыр тілінде 1947, тофада – 1988, телеуіт – 2004 жылдан бері К.г.ә. қолданады. Өзбек тілінде 1940-1993 ж.а., түркімен тілінде 1940-1990 ж.а., ғағауыз тілінде 1957-1996 ж.а., әзербайжан тілінде 1991-2001 ж.а., қарақалпақ тілінде – 1996 ж.д., қырым-татар тілінде 1997 жылға дейін к.г.ә. қолданылды. Орал тілдері тобының самодий тілдері тобындағы ненец, селькуп тілдері – 1937, энец – 1980, нганасан – 1990 жылдан бері; фин-угор тобындағы марий, удмурт тілдерінде XVIII ғ. аяғынан бері, карель тілінде 1937-1940 ж.а. қолданыста болса, ал вепс тілі XX ғасырдың басынан 2010 жылға дейін К.г.ә. енгізуге талпыныс жасаған. Қазіргі таңда К.г.ә. Абхазия, Белорусь, Босния және Герцеговина (серб, босний тілдері), Болгария, Қазақстан, Қырғызстан, Солтүстік Македония, Молдавия (Гагаузиядағы орыс тілі), Моңғолия, Ресей, Сербия, Тәжікстан, Украина, Черногория, Оңтүстік Осетия елдерінде ресми әліпби ретінде қолданылады.

Кирилл Константин (827-869) – византиялық миссионер, ағасы Мефодий Моравскиймен бірге славян азбукасын жасаушы. Евангелияны грек тілінен көне славян тіліне аударған. Қазіргі славян әліпбиі оның есімімен «кириллица» деп аталады.

Киршенбаум – халықаралық фонетикалық ASCII арқылы әліпбиді беретін жүйе. Оны халықаралық ортада ASCII-IPA немесе erkIPA деп атайды. Термин Эван Киршенбаумның құрметіне аталған.

Киш тақтайшасы – бұрынғы шумердің Киш қаласындағы Телль әль-Ухаймирді қазу барысында табылған құмтастан жасалған тақтайша. К.т. б.з.д. 3500 жылға жатады (орта Урук кезеңі). Қазіргі уақытта Оксфордтағы Эшмолеан мұражайының коллекциясында сақтаулы. К.т. жазуы қарапайым сына таңбаларымен жазылған. Питер Стирнс қ.т. ең көне жазбаша құжат деп атайды. К.т. белгілерінің құрамы табиғаты бойынша пиктографиялық сипатқа ие, ол протописмадан ішінара слогтық сына жазуына дейінгі өтпелі кезеңді көрсетеді. Урукта табылған бірнеше жүз сазды тақтайшаларын (олардың көпшілігі б.з. д. 3200-3100 ж.ж.) Қыш қаласынан табылған тақтайшалар сияқты оқу қиын, бірақ Стирнстің пікірінше, бұл – тұрмыстық жазбалар. Шумер тілінде жазылған алғашқы құжаттар Джемдет Насрдан (ерте қола дәуірінің мәдениеті) шыққан және б.з. д. 3200-3100 ж.ж. жатады. Стирнстің айтуы бойынша, олардың барлығы тұрмыстық жазбалар болып табылады.

Классикалық латын әліпбиі – Рим империясы тұсындағы латын әліпбиі. Ол 23 таңбадан тұрады: A, B, C, D, E, F, G, H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, V, X, Y, Z. Кейінірек қайта өркендеу дәуірінде екі қосымша әріп әліпби құрамына енгізілген. Буынға бөлінетін және буынға бөлінбейтін әріптердің дифференциациялануы арқылы «I» ретінде «J», «V» ретінде «U» әріптері қосылған. Нәтижесінде 25 әріптен тұратын заманауи әліпби пайда болған: A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, X, Y, Z. XVI ғасырда Солтүстік Еуропада XI ғасырда пайда болған және неміс тілдеріндегі хаттамаларда пайдаланылатын VV диграфтарын жеке әріп ретінде қолдана бастаған. Сол себепті англосаксондық [W] дыбысын беру үшін нормандық кітап жазушылары «W» әрпін енгізіп, қазіргі қолданыстағы 26 әріптен тұратын К.л.ә. түзген: A, B, C, D, E, F, G, H, I, J, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, V, W, X, Y, Z.

Клингон тілінің жазу жүйесі – тибет жазуына негізделген («Жұлдызды жол» сериалындағы басқа планеталықтардың тілі үшін ойлап табылған) жасанды тілдің жазуы. К.ж. фигуралар тәріздес және бір-біріне өте ұқсас үшкір әріптермен жазылады. Қазіргі кезде клингон тілін үйренуге ыңғайлы болу үшін ағылшын әліпбиін қолданады. Бірнеше К.ж. жасалды. Олардың барлығы әріптік болды. Бұл тілде апостроф жеке әріп ретінде қарастырылады. Ол жұмсақ «а» дыбысы функциясын орындайды. К.ж. кейбір әріптері бірнеше таңбамен жазылады, бірақ бір әріп деп саналады.

Кодекс-куманикус (Қыпшақ тілінің сөздігі) – қыпшақ тілінде жазылған діни мәтіндер мен сөздіктерден тұратын кітап (латын әліпбиінде қалыптасқан қысқаша атауы – CC), 82 парақтан (164 бет) құралған қолжазба. Бірінші бетінде «1303» деген жазу бар. Еңбектің авторы мен жазылған жері белгісіз. Түркітану ғылымындағы жаңа деректер бойынша, бұл еңбектің түпнұсқасы 1294 жылы жазылған да, оның бірінші көшірмесі 1303 жылы жасалған, ол 1330 жылы толығымен көшіріліп біткен (Л.Лигети). «Кодекс Куманикус» Дешті қыпшақта немесе Қырымда

(Солхат қаласында) жинастырылып, бірізге түсірілген. Осы өңірге қоныстанған қыпшақтарды Батыс Еуропа жұртшылығы «кумандар» деп атаған. 1303 жылы К.-к. түпнұсқадан Алтын Орда мемлекетінің астанасы Сарай қаласының жанындағы Джан әулиенің ғибадатханасында көшірілген. К.-к. готикалық көне қарпімен жазылған. Екі бөлімнен тұрады. Алғашқы бөлімде: 1) латынша-парсыша және құманша сөздік. Сөздер латын әліпбиі бойынша тізілген; 2) құманшадағы үстеулер және олардың латыншадағы мағынасы; 3) құманшадағы есімдер және есімдіктердің септік жалғаулары; құманша сөздердің латынша мағыналары; 4) сөз мағынасына қарай 40 топқа бөлініп берілген латынша-парсыша және құманша сөздіктен тұрады. Ал екінші бөлімі – діни уағыздар. Көптеген қыпшақ сөздері көне неміс тіліне, кейде латын тіліне де аударылып берілген. Жеке сөйлемдер мен сөз тізбектері, жеке сөз тізімдері мен аудармасыз берілген жұмбақтар, қыпшақ тілінің латынша жазылған қысқаша грамматикалық очеркі де бар. Тіл ерекшелігі жағына ол қазіргі түркі тілдерінің, солардың ішінде қазақ тілінің орта ғасырдағы табиғи қалпын көрсетеді. «Кодекс Куманикустен» қазіргі қазақ тілінің өзіндік ерекшелігі болып табылатын кейбір грамматикалық құбылыстар байқалады. Мыс., ондағы сөздерде *«ш»* – аш (ач емес), *«с»* – тас (таш емес), *«ж»* – жол (йол емес), *«т»* – тізе (дізе емес), *«к»* – кел (гел емес), *«у»* дыбыстары – тау (тағ емес) айтылады. Көне түркі тіліндегі қатаң дыбыстардың орнына қыпшақ тілінде ұяң дыбыстар: кішік (кічік емес), еріндік дыбыстардың орнына езулік дыбыстар жұмсалады: келгіл (келгүл емес) т.б.

Коми жазуы – коми тілінде жазу үшін пайдаланылатын жазу. Өзінің қолданылу кезеңінде бірнеше рет графикалық негізі ауысып, бірнеше рет қайта қалыптастырылды. Қазіргі уақытта К.ж. латын тілінде қолданылады. К.ж. тарихында 5 кезең бөліп көрсетіледі: XIV–XVII ғасырлар – анбур – түпнұсқа графикалық жүйесі; XVIII ғасыр – 1918 жыл – кирил негізіндегі жазу; 1918-1932 және 1936-1938 жылдар – өзгертілген кирил негізіндегі В.Молодцов әліпбиі; 1932-1936 жылдар – латын негізіндегі әліпби; 1938 жылдан бастап – кирил негізіндегі заманауи жазба.

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	І і	Й й	К к	Л л	М м	Н н
О о	Ӧ ӧ	П п	Р р	С с	Т т	У у	Ф ф
Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь
Э э	Ю ю	Я я					

Конвергенция (латын. «*konvera*» – жақындасу) – лингвистикалық бірліктердің жақындасуы немесе сәйкес келуі. К. ұғымы 2 тұрғыда қаралады: глоттогониялық және құрылымдық-диахрондық. Глоттогониялық конвергенция бірнеше туыс немесе туыс емес тілдерге ортақ құрылымдық қасиеттердің қалыптасуы. Оның пайда болу себебі – ұзақ мерзімді қатынас жасаудан немесе тілдердің ортақ субстрат (негіз) болуында. Құрылымдық-диахрондық конвергенция – кей варианттық айырмашылықтардың жоғалуы нәтижесінде тіл жүйесіндегі әртүрліліктің азаюын білдіретін тарихи процесс. К. болатын аймақты конвергенттік аймақ деп атайды. Конвергенттік аймақ негізінде тілдік одақтар құрылады. Бұл тұрғыда конвергенция ұғымының диахрондық фонология теориясын Е.Поливанов (1928), Р.Якобсон (1930) жасаған. К. дивергенцияға қарама-қарсы құбылыс.

Конвертер – кез келген мәтінді бір тілдің әліпбиінен екінші бір тілдің әліпбиіне автоматты түрде ауыстыратын көпфункционалды жүйе. Бұл дегеніміз бір жазудағы әріптерді екінші бір жазудың әріптеріне арнайы бағдарламалардың көмегімен тез ауыстыруға болады. Аталған жүйенің өзіндік артықшылықтары мен кемшіліктері бар. Артықшылығы – ақпаратты қажет тілде, керек әліпбиде жылдам көшіріп алуға болады, ал кемшілігі – бір тілдің дыбыстық жүйесі, екінші бір тілдің дыбыстық жүйесіне, әліпби құрамына сәйкес келмеген жағдайда конвертер өзінің функциясын атқара алмайды. Елімізде Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы алғаш рет латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің негізінде, сондай-ақ, емле, ережелеріне сай латын қаріптеріне грамматикалық қатесіз көшіріп бере алатын «Qazlatyn.kz» порталында К. жүйесін ұсынды. Осы мәтіндік К. кирил – латын – төте жазуларында пайдалануға болады. К. бағдарламасының Windows-қа арналған offline-нұсқасын, MS Office пакетіне арналған қосымшаларды, плагиндерді және Android, iOS платформаларына арналған мобильді қосымшаларын жүктеуге мүмкіндік бар.

Консонантты-вокалдық жазу – түпкі мағынасы латын тілінен алынған «дауыссыз» деген ұғымды беретін «consonant» және «дауысты» деген ұғымды беретін «vocalem» деген сөздерінен құралған. К.-в.ж. қазіргі кездегі типтік әліпбилерге тән болғандықтан, оларды тек «әліпби» деп атайды.

Консонантты жазу – негізінен дауыссыз дыбыстарға басымдық беретін фонетикалық жазу. Түпкі мағынасы латын тіліндегі «consonantia», яғни «дауыссыз» деген ұғымнан шыққан. К.ж. ғылыми әдебиеттерде араб тілінен шыққан ұғым бойынша «абджад» деп те атайды. К.ж. – буынды жазудан фонетикалық жазуға өту аралығындағы жазудың түрі. Бұл жазудың түрі кезінде угарит және финикий жазуларына тән болған. Ішінара К.ж. араб және еврей жазуларына да қатысты болып келеді.


Копт әліпбиі – копт тілін жазу үшін қолданылатын әліпби, IV ғасырдан бастап кең таралған. К.ә. грек әліпбиіне негізделген. Копт жазуы Ескі Нуб жазуларының бір түрі болды. Пайда болған жері – Эллин дәуіріндегі Египет. Копт әліпбиіне



қатысты жазу, әріп түрлері: ескі нубян жазуы, латын қарпі, кирил, армян жазуы. Әліпбиде 31 әріп пен сандық мәнге ие 1 таңба бар. К.ә. жеке әліпби ретінде Юникод стандартының 4.1 (2005) нұсқасынан бастап қолдау көрсетеді.

Корреляция (латын. «*correlatio*» – ара-қатынас). Лингвистикалық мағынасы – тіл элементтерінің өзара үйлестігі, сәйкестігі, салыстырылған ұғымдардың арасалмағы және екі немесе одан да көп тілдердегі мағына тәуелділігі, өзара шарттылығы. Корреляция терминін енгізген фонолог ғалымдар Н.Трубецкой, А.Мартине, Р.Якобсон т.б. Корреляция фонология саласында жете талданған. Корреляция теориясының тілдің басқа деңгейлерінде қолданылуы Ф.Якобсон, Ф.Фортунатов, А.Шахматов, Н.Дурново т.б. еңбектерінде кездеседі.

Коряк жазуы – коряк тілінде жазу үшін пайдаланылатын жазу. Өзінің қолданылу кезеңінде бірнеше рет әртүрлі графикалық негіздерде қолданылып, бірнеше рет қайта қалыптастырылды.



Қазіргі уақытта К.ж. кирил графикасы қолданылады. К.ж. тарихында 3 кезең бөліп көрсетіледі: 1930 жылдардың басына дейін – жазуға дейінгі кезең; 1931-1937 жылдар – латын негізіндегі жазу; 1937 жылдан бастап – кирил графикасы негізіндегі жазу.

Көне ағылшын латын әліпбиі – көне ағылшын тілі жазуының бірі. К.а.л.ә. немесе англосаксондық латын әліпбиі 24 әріптен тұрады, әліпби IX-XII ғасырларда кеңінен қолданылған. Оның 20 латын әріптері болса, 2 латын әріптерінің модификасиясы (Ææ, Ðð), қалған екі графема руникалық әліпбиден алынған (Þþ, ƿƿ). K, Q және Z әріптері англосаксондық сөздерде қолданылмаған. К.а.л.ә. A, B, C, D, E, F, G, H, I, L, M, N, O, P, R, S, T, U, X, Y, ƿ, Þ, Ð, Æ. 1011 жылы жазушы-ариограф Биртферт нумерологиялық мақсатта К.а.л.ә. жүйесін ретке келтіреді. Ол латын әліпбиінің негізгі 24 әрпіне 5 ағылшын әріптерін қосады. Нәтижесінде әліпби 29 символдан тұратын болды: A, B, C, D, E, F, G, H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, U, X, Y, Z, & 7 ƿ Þ Ð Æ.

Көне ливия жазуы – финикий әліпбиі түрінің біршама өзгеріске ұшырауынан пайда болған көне Ливияның әліпби жазуы. К.л.ж. «нумид жазуы», «ливий жазуы» деген атаумен белгілі. Оның екі түрі болған: шығыс және батыс. Жазу бағыты ерекше – оңнан солға, төменнен жоғары. К.л.ж. көне турдетан (Испаниядағы Тартесс), гуанчей, тифинагтың қазіргі туарег жазуы пайда болған. К.л.ж. 23 таңба бар.

Көне моңғол жазуы – классикалық моңғол жазуы. XIII ғасырдың басынан бастап қолданылып келеді. К.м.ж. жоғарыдан төменге, бағандары солдан оңға қарай жазылады. Әріптер бір үлгіге салынған аз ғана элементтерден тұрады, олар сөздегі буындарға байланысты әртүрлі оқылады, диакритика қолданылмайды. Шыңғыс тасы (1224-1225 ж.) К.м.ж. күні бүгінге дейін сақталған көне ескерткіштерінің бірі. Моңғолия, Ресей, Қытайдағы моңғол халықтарының ертеден бері қолданылып келе жатқан негізгі жазулары. К.м.ж. тодо-бичиг, вагиндра және маньчжур жазулары тараған. Моңғол империясын орнатқан кезде Шыңғыс ханның қолдары Найманның Таян-ханның хатшысы Тататуңғаны қолға түсіреді. Тататуңға ұйғыр әліпбиі негізінде К.м.ж. ойлап тапқан. Бұл жазумен «Құпия шежіре», «Алтын шежіре», «Қазналар қоры», «Ганжурдың» 105 томы, «Данжурдың» 215 томы және т.б. мындаған еңбек жазылған. Моңғол жазуынан үлгі алып Моңғол текті ойроттар үшін «Тод (аңық)», маньчжурлар үшін «Маньжу» әліпбилері жасалған. 1587 жылы Аюши-гуши ғалымы К.м.ж. аздап өзгертіп, санскрит, тибет және қытай тілдерінің транскрипциясын жеңілдету үшін бірқатар таңбаларды енгізген. Жаңа таңбалар али-гали деп аталды. Осы жазуды Ресейдегі қалмықтар мен буряттар пайдаланған. Қазіргі уақытта ҚХР аймағындағы эвенк және моңғол тілдерін жазу үшін қолданылады. Ішкі Моңғолияда қолдануға міндеттелген, барлық маңдайшалар иероглифтер және К.м.ж. жазылады. 1955-1990 ж.а. Моңғолиядағы орта мектептердің бастауыш сыныптары К.м.ж. оқыды. Ішкі Моңғолияда күні бүгінге дейін барлық мектептерде оқытылады. К.м.ж. өзінің ресми мәртебесіне ие болса да, шектеулі түрде эстетикалық-көркемдік мақсатта мемлекеттік мекемелердің мөрлері мен эмблемаларында кирилмен қатар қолданылады.

Көне парсы жазуы б.з.д. VI-IV ғасырларға жатады. Ол – сына түрінде жазылған жазу. К.п.ж. Дарийдің кезінде оның істерін жазу мақсатында ойлап табылған жазу болуы мүмкін. Кир, Аршам және Арьяраманың мәтіндерін жазу уақыты әлі дәл

анықталмағандықтан, бұл одан кейінгі жазба болуы да мүмкін. Жазудың бірнеше белгілері ғана шумерлік пен аккадтыққа ұқсас. Сына жазуларында дауыстыларды белгілейтін 3 таңба бар: <a, i, u>, 33 дауыссыз – 8 идеограмма немесе логограмма деп аталатын яғни бүкіл сөзді білдіретін таңбалар. Сонымен қатар, сандар мен бөлгіш белгілерді белгілейтін таңбалар бар.

Көне перм жазуы – фин-угор тілдері тобына жататын коми-зырян, коми-пермяк тілдерінің жазуы. XIV-XVII ғасырларда жасалған. Авторы Стефан Пермский. К.п.ж. негізіне кирил, грек және көне перм руникалық символдары алынған. XVII ғасырда кирил әліпбиі К.п.ж. ығыстырды.

Көне түркі жазба ескерткіштері – VII-IX ғасырлардағы көне түркі жазбалары, көне түркі әліпбиімен жазылған әр алуан мәтіндер. Қазіргі таңға дейін анықталған жалпы көне түркі жазба ескерткіштерінің саны 500-ге жуық. Ескерткіштердің табылған аймақтары Сібірдегі Енисей, Лена, Моңғолиядағы Орхон, Онгин, Селенга, Орта Азия мен Қазақстандағы Талас пен Сыр, Ертіс пен Іле аймақтары. Олардың ішіндегі 75-і Орхон, 23-і Талас, 158-і Енисей өзенінің бойынан табылды. Олардағы таңбалар бітіктастарға, сандықтастарға, атақты тұлғаларға арналған бәдіздерге, балбал тастарға қашап жазылған. Таңбалардың шығу тегіне қатысты пікірлер мен көзқарастар бірізді емес. Н.Ядринцов финикий, В.Томсен арамейден тараған пехлевий жазуымен сабақтас деген болжам айтқан. В.Лившиц те көне арамейден тараған кейінгі жазу үлгілері арқылы қалыптасты деген болжамды қолдайды. С.Кляшторный соғды жазуы негізінде қалыптасты десе, Дж.Клосон әріптердің көпшілігі көне соғды, бір-екі таңба пехлевий және сасанид ескерткіштеріндегі таңбаларға ұқсайтынын айтқан. Н.Аристов, Н.Маллицкий, А.Соколов, И.Батманов, Қ.Сартқожаұлы басқа жазулардың ықпалынсыз қалыптасқан түркілердің төл жазуы деген пікірде. Ескерткіштердегі әріптердің қазіргі түркі халықтарының ру таңбаларымен ұқсастығы да ғалымдар назарын аударған. Жалпы көне түркі жазуының шығу тегі бойынша үш түрлі пікір бар: арамей болжамы, соғды болжамы, түркі болжамы.

«Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі» – оқу құрал. Екі бөлімнен тұрады. Бірінші бөлімде көне түркі жазба ескерткіштері мен ортағасыр жазба ескерткіштері туралы мәліметтер берілген. Екінші бөлімде көне түркі, көне ұйғыр және көне қыпшақ жазба ескерткіштерінің лексикалық, фонетикалық, морфологиялық және синтаксистік құрылымдары талданған. Еңбекте Орхон, Енисей, Талас жазу ескерткіштері туралы ғылыми деректер жеке-жеке берілген. Қараханид түріктері мен Орта Азия түріктерінің тілінде жазылған ескерткіштер және көне қыпшақ, шағатай тілінде жазылған ескерткіштер топ-топқа бөлініп, қарастырылған. Көне және ортағасыр ескерткіштері туралы толық мәлімет беріліп, әрбір ескерткіштің тіліне лексика-грамматикалық талдау жасалған.

Көне түркі жазуы – Орта Азия, Қазақстан жерін бағзы заманнан мекендеген түркі тілдес тайпалардың тұңғыш әріптік жазуы. Көне түркі Орхон-Енисей әліпбиінің құрамында 35 әріп бар, әрбір әріптің түрлі графикалық нұсқалары қолданылады. Бұдан тыс 4 арнайы жазу таңбасы кейбір дауыссыздардың тіркесін

беру үшін пайдаланылады (лт, нт, нч, рт). Жазудың бағыты – оңнан солға қарай. Бұл әліпби қалыптасқан графикалық жүйе болып табылады. Негізінен көне түркі тілінің фонетикалық жүйесімен сәйкес келеді. 8 дауысты фонема (а мен ә, ы мен і, о мен у, е мен ү) төрт қана полифонды әріппен, 16 дауыссыз фонема (фонема варианттары) 31 әріппен белгіленеді, 11 дауыссыз фонема (б, ғ-г, д, й, к-қ, л, н, р, с, т, ш) жуан-жіңішке вариантты таңбалармен ажыратылады. Кейде олар жіңішке әрі жуан әріптің орнына қолданылады. Бұдан тыс 5 дауыссыз фонема (з, м, н, п, ч) дара таңбамен ғана белгіленеді. К.т.ж. шығу тегі белгісіз. 1893 ж. осы жазудың кілтін тапқан Дания ғалымы В.Томсон (1842-1927) көне түркі әліпбиі арамей (парсы-арамей және арамей-соғды) әріптік жазуының әсерімен шықты деген болжам ұсынды. Түркітанушылардың дені бұл пікірді қолдады. В.Томсен мен орыс ғалымы Е.Поливанов (1891-1938) арамей әліпбиіне жанасымы жоқ бірсыпыра руникалық таңбалар идеограммалардың (логограммалардың) негізінде пайда болды деген болжам жасады. Ал орыс шығыстанушысы Н.Аристов түркі руналарын ешбір бөгде әліпбидің ықпалынсыз, түркі руна таңбалары негізінде туған төл жазу деп санайды. К.т.ж. жөнінде басқа да пікірлер бар, бірақ олардың ешқайсысы жазба таңбаларының нақты ұқсастығын аша алмады. Археологиялық зерттеу барысында жаңадан табылған эпиграфиялық ескерткіштер ертедегі түркі тілдес халықтардың ең көне жазба түрлерін пайдаланғанын дәлелдеді. Б.з.д. V-IV ғасырлардағы қорымдардан табылған руналық немесе руна тәріздес екі ойма жазу Оңт. Сібір мен Қазақстанның ежелгі көшпелі тайпаларында өзіндік әліпби болғандығын айғақтайды. Мұның бірі – Ертіс бойынан табылған сүйек тұмардағы, екіншісі – Іле бойынан табылған күміс тостағаншадағы ойма жазу. Көне түркі әліпбиі Оңт. Сібір мен Жетісу жерінде ерте дәуірде, яғни б.з.д. 1-мыңжылдықтың орта кезінде қалыптасты деген тоқтамға ден қоямыз. Мұны археологиялық жаңа деректерді ескермегеннің өзінде палеографиялық таңдаудың нәтижелері дәлелдейді. Бұл көне әліпби Жерорта теңізі маңындағы алғашқы әліпбилермен генетикалық жағынан тікелей байланысты. Демек, ол көне грек әліпбиінің жергілікті түрлерімен, финикий әліпбиімен және оның жалғасы – ертедегі арамей әліпбиімен, сондай-ақ, Арабиядағы көне әліпбилермен етене жақын. Көне түркі руна таңбаларының шығу тегі басқа көне әліпбилердің шығу тарихымен тамырлас. Көне түркі әліпбиінің бастағы түпкі негізі б.з.д. 3-2-мыңжылдықтағы беймәлім логографиялық немесе әліпбилік жазу болуы ықтимал, ал басқа көне әліпбилермен ішінара ұқсастықтар олардың арғы тегіндегі бастауы бір екендігін көрсетеді. К.т.ж. шығу тарихы жалпы әліпбилік жазудың шығу тегімен ұштасады.

«Көне түрік ескерткіштері: палеография, мәтінтану, жазу тарихы» – 2007 жылы 9-қарашада Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінде өткізілген халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдарының жинағы. Жинақта бүгінгі түркологияның өзекті мәселелері, түрік бітіктастар мәтіндері, мажар, ескі қыпшақ жазба ескерткіштері, руникалық көне түрік жазуындағы идео-иероглифтік таңбалар мен көне жазба мұраларға қатысты жасалған баяндамалар

мәтіндері берілген. Конференция қорытындысы негізінде «түркі» сөзін «түрік» деп атау, «Әлемдік түрік ескерткіштерін зерттеушілер» ұйымын құру, 1-қарашаны «Түрік халықтарының ғұрыптық ұлықтау мерекесі күні» деп белгілеу, екі жылда бір рет белгілі бір мемлекетте кең көлемде конференциялар өткізу туралы шешім қабылданған.

Көне ұйғыр жазба ескерткіштері – ұйғыр халқының көне замандағы жазба мұралары. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері үш түрлі әліпбимен жазылған: руналық орхон; соғды әліпбиі негізіндегі көне ұйғыр және араб. «Мойын-Чур», «Селенга тасы» (VIII ғ.) және Суджи (IX ғ.) мен Турфаннан (Шығыс Түркістан) табылған ескерткіштер орхон әліпбиімен жазылған. Басқа ескерткіштердің басым бөлігі көне ұйғыр әліпбиімен таңбаланған. Ислам дінінің таралуына байланысты ұйғырлар араб әліпбиін қабылдады. Алайда көпке дейін көне ұйғыр әліпбиі араб әліпбиімен қатар қолданылды. «Құтты білік», «Ақиқат сыйы» ескерткіштерінің көне ұйғыр әліпбиімен жазылған нұсқалары бар. Көне ұйғыр жазуындағы таңбалардың басым бөлігі соғды жазуымен сәйкес келеді. Көне ұйғыр жазба ескерткіштері мазмұны мен көлемі жағынан әртүрлі. Мәселен, «Алтын иаруқ» ескерткіші (1687 жылғы көшірмесі 1909 жылы табылған) будда дініне, «Хуастуанифт» ескерткіші (1908 жылы табылған) манихей дініне, «Мираж-наме» ескерткіші (1436 жылы жазылған) ислам дініне қатысты. 1432 жылы жазылған «Махаббатнама», IX-X ғасырларда жазылған «Оғызнама» ескерткішінің кей нұсқалары көне ұйғыр әліпбиімен сақталған.

Көп ноқат « ... » – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп нүкте, қалдыру, тастау белгісі.

Көп нүкте « ... » – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлегең орындарда қойылатын белгі, көп ноқат, қалдыру, тастау белгісі.

Көтеріңкі дауыстылар – айтуда тілдің жоғарғы деңгейге көтерілуінен пайда болған қысаң дыбыстар *(ы, і, ұ, ү)*.

Кпелле жазуы – Манде семьясының нигер-конголезиялық тілдері тобына жататын кпелле тілінің жазуы. К.ж. 1935 жылы Санойдағы (Либерия) Гбили жетекшісі құрастырған. Бұл жазу кең қолданыс таппағандықтан, бүгінгі кпелле тілі латын графикасына негізделген жазуды пайдаланады.



Крамер Сэмюэл Ноа (1897-1990) – американ шығыстанушысы, Шумер мәдениетін зерттеуші аса көрнекті ғалым. Қазіргі Украинаның Черкаск облысында туған. Филадельфиядағы Педагогика мектебін, Пенсильвания университетін бітірген. 1930 жылы аккад тілі бойынша диссертация қорғаған. Осыдан кейін Шумер мәдениеті және тілі, жазуы жөнінде зерттеулер жасай бастады. Осы кезеңде Таяу Шығысқа, оның ішінде Иракқа ғылыми экспедицияларға барған. Солардың

нәтижесінде шумер тіліндегі көне жазбаларды оқып, олардың классификациясын жасады. Осы тақырып бойынша ол 250-ден астам еңбек жариялаған. Негізгі еңбегі – «Шумерлер. Жер шарындағы ең алғашқы өркениет» зерттеуі.

Криптография (грек. «*kryptos*» – құпия, жасырын, «*grapho*» – жазу) – оқи алатын тиісті адамдарға жазылған жұмбақ немесе құпия, астарлы жазу. Іске қатысы жоқ адамдарға мәтін түсініксіз болу мақсатында жазылатын жазу жүйесі. К. әскери, дипломатиялық және саяси құпия мәтіндерді жазуда қолданылады. Бұл жазудың әріптердің орнына цифрларды қою, бейтаныс немесе жасанды әліпбиді қолдану, сөздерді қысқартып жазу, ребус сияқты жұмбақты пайдалану тәрізді түрлі жолдары бар.

Крит жазуы – Крит аралындағы миноан өркениеті кезінде III ғасырдың аяғы мен II ғасырдың басында пайда болған түпнұсқа жазу. К.ж. шамамен 80-90 «дауысты дыбыс» немесе «дауыссыз+дауысты дыбыс» және бірнеше жүз идеограммадан тұрады. К.ж дамуы бірнеше кезеңнен өтті: 1) «А иероглифтері» (сыртқы түрі – таза сурет белгілері); 2) «Б иероглифтері» (жеңілдетілген суреттер А сызықтық жазуына айналды); 3) А сызықтық жазуы (таңбалар сурет нұсқасына ұқсастығын жоғалтты); 4) Б сызықтық жазуы (А сызықтық жазуының одан әрі дамуы). Көрсетілген кезеңдегі белгілердің формасы айтарлықтай өзгергенімен, таңбалардың құрамы және олардың мағыналары түбегейлі өзгеріске ұшыраған жоқ, сондықтан бұл жазбаларды сол жазудың хронологиялық нұсқалары ретінде қарастыруға болады.

КСРО-да қабылданған жиынтық әліпби – кирил және латын жазуын қолданатын тілдердің көпшілігінде (90 тілде) мәтін теру үшін жеткілікті 400 символдан құралған жиынтық әліпби. К.қ.ж.ә. таңбалардан кирил графикасы негізіндегі әліпби құрастыруға болатын тілдер қатарында абхаз, авар, әзербайжан, болгар, башқұрт, белорус, қазақ, молдова, орыс, татар, түрікмен, ұйғыр, шешен, якут т.б. көрсетіледі. Ал ағылшын, венгр, дат, испан, итальян, серб, түрік, фин, француз, чех т.б. тілдері латын графикасы негізіндегі әліпби құрастыруға болатын тілдер қатарында аталады. Осы ж.ә. негізінде компьютерлік кодтау құру тәжірибелері туралы ақпарат белгісіз. Қазіргі кезде Юникод сияқты жүйелердің енгізілуімен байланысты К.қ.ж.ә. қолдану мәселесінің маңыздылығы жойылды.



Күдеринова Құралай Бимолдақызы (1970) – филол.ғыл. док., профессор. 2000 жылы «Бірге, бөлек жазылатын сөздердің орфограммасы және оларды кодификациялаудың негіздері» тақырыбында кандидаттық, 2006 жылы «Қазақ жазуының онтогенездік дамуы» тақырыбында докторлық диссертациясын қорғаған. Зерттеу бағыттары: жазба тіл, жазу теориясы, орфография және орфоэпия, тіл мәдениеті, стилистика. Негізгі еңбектері: «Қазақ жазуының тарихы мен теориясы», «Қазақ жазуының теориялық негіздері», «Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы».

Күлтегін ескерткіші – түркі халықтарының көне дәуірдегі ұзақ ғасырлық мәдени мұраларының бірі. Түркі тарихынан хабар беретін, VII-VIII ғасырларда

жазылған Орхон-Енисей жазба ескерткіштерінің көлемдісі – К.е. Ескерткіш түркілер мекендеген Енесей өзенінің бойы мен қазіргі Моңғол Халық Республикасының астанасы Улан-Батордың батысындағы 400 километр жердегі Орхон өзені бойындағы Кошо-Цайдам ойпатында орналасқан. Оны алғаш тауып, ғылым әлеміне мәлімдеуші – орыс ғалымы Н.М. Ядринцев. 1890 жылдан бастап ескерткішпен танысып, зерттеу жұмысын жүргізгендер: түркітанушы ғалым В. Радлов (1901ж.), ағылшын консулы К.Кэмппель (1902ж.), француз саяхатшысы Де Ля Кост (1909ж.), ғалым В.Л. Котвич (1912 ж.), чех археологы Л.Иисль (1958ж.). *К.е.* пирамида тәрізді, биіктігі – 3,15 метр, ені – 1,24 метр, қалыңдығы – 0,41 метр. Ескерткіштің жоғарғы жағы бес бұрышты, қырларында айдаһардың суреттері мен қаған таңбалары бейнеленген. Екінші жағында ескерткіштің орнатылған күні – бірінші тамыз, 732 жыл деп жазылған. Тарихи жәдігердің көшірмесі 2001 жылы 18-мамырда Астанадағы Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университетінде орнатылған.

Күн және ай әріптері – араб тілінің жазуында кездесетін ерекше таңбалар. Бұл әріптер араб тілінде «ةيسمش فورح» күн әріптері «хуруф шамсия» және ай әріптері «ةيرمق فورح» «хуруф қамария» деген ұғымды білдіреді. Егер әл (ال) ден кейін қамария әріптерінің біреуі келсе, онда әл-дегі ләм әрпі сукунды болып айтылады. Қамария әріптері 14 әріп: ء ب ج ح خ ع غ ف ق ك م و ي ه. Егер әл (ال) ден кейін шәмсия әріптерінің біреуі келсе, ләм айтылмай одан кейінгі шәмсия әрпі шәддәлы оқылады. Шәмсия әріптері – 14 әріп: ت ث د ذ ر ز س ش ص ض ط ظ ل ن.

Күңгейленбейтін айқын жер – басқа дыбыстардың (үйлес дыбыстардың) әсері болмайтын, өзгеріске ұшырамай, дыбыстың өз қалпы көрінетін оқшау жер. Мысалы: *қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сеңген – сенген* т.с.с. сөздерде әсер етіп тұрған – *"г"* мен *"г"* дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мәселен: *"қоныс", "қондық", "жону", "жондым", "жанып", "жанды", "көніп", "көнді", "өніс", "өнім", "мініп", "мініс", "сеніп", "сенім", "күнде", "күндік"* дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, *"ң"* емес, *"н"* екені ап-анық көрініп тұр.

Күңгейленген дыбыс – қандай да бір дыбыстың жанындағы басқа дыбыстардың (үйлес дыбыстардың) әсерімен (ілгерінді ықпал, кейінді ықпал) өзгеруі. Мысалы: *Тасқынбай – Тасқымбай, қонған – қоңған, жонған – жоңған* т.с.с.

Күңгейлеп тұрған дыбыс – қандай да бір дыбыспен қатар келудің нәтижесінде ол дыбысқа ықпал етіп, өзгертіп жіберетін дыбыс. Мысалы: *"қазан ашшы", "нан кешші", "көссіз көбелектей", "ішшілер ізіне түсті"* т.с.с.


Күрд жазуы – күрд тілінің (тілдерінің) жазуы. Күрдтерде бірыңғай жазу жоқ. Қазіргі уақытта К.ж. үшін араб және латын тілі негізіндегі әліпбилер пайдаланылады. Араб жазуын сорани тілі (диалект) үшін Ирак және Иран күрдтері пайдаланады. Сондай-ақ, курмандж тіліне арналған К.ж. латынның 3 түрі бар: Түркі (31 әріп). Түркия мен Әзірбайжанда пайдаланылады; Сириялық (33 әріп). Сирияда пайдаланылады; Күнгей Кавказ (39 әріп). Грузия мен Арменияда пайдаланылады.

Тарихи тұрғыда сонымен қатар армян жазуы (КСРО, 1921-1928), кирил (КСРО, 1946 жылдан бастап) және тағы латын әліпбиінің 2 нұсқасының (біреуі – Ираста, екіншісі КСРО-да 1928-1946 жылдары) негізінде К. әліпбилері де қолданылды. Сондай-ақ, түпнұсқа езид тілінде жазылған қолжазбалар белгілі.

Күшті акцент – бұл акцент ең алғаш көне гректің политондық орфографиясында пайдаланылған. Қазіргі кезде К.а. сөздегі екпін түсетін буын болып саналады. Ол сөзде акут таңбасымен ерекшеленеді.

Кхароштхи жазуы – кейбір деректерге қарағанда арамей әліпбиінен шыққан жазу үлгісі. Б.з.д. IV-III ғасырларда Солтүстік Үндістанда және ішінара Орта Азияда болған. Сипаты жағынан жартылай буынды жазу. Әрбір таңба дауысты немесе дауыссыз дыбысты, ал сөз құраушы дауысты дыбыстар қосымша сызықтармен, белгілердің өзгеруімен таңбаланған. Сонымен бірге лигатура да болған.

Кхмер жазуы – әлемдегі әдемі жазулардың, сондай-ақ брахма оңтүстік үнді жазуына негізделген көне жазулардың бірі және палидың өзіндік нұсқасы болып табылады. Ғалымдар тапқан кхмер тіліндегі көне жазба VI ғасырға тән. К.ж. сөздер арасындағы ашық жерлердің болмауымен ерекшеленеді, ашық жерлер әдетте фразалар арасындағы кідірісті білдіреді. Кхмер тілі әлемдегі ең үлкен әліпбиді қамтиды – 72 әріп. Бұл буындық әліпби, онда дауыссыздар финалияға (соңғы буындағы дауыстының) байланысты 2 форманы қамтиды: – а немесе – о. Әліпбиде дауыстылар жеке әріптермен немесе диакритикалық таңбалармен (әріптің төменгі жағына, оған дейін немесе кейін қойылатын және т.б.) белгіленеді.



Кідіріс – интонацияның негізгі компоненттерінің бірі. Бұл сөз ағысындағы бөгеліс, сөз ағымының үзілуі. Кідірісті мағынасына қарай төрт топқа бөледі: физиологиялық, эмоциялық, ситуациялық, интеллектілік. Кейбір зерттеушілер кідірісті интонация компоненттерінің ішінде әмбебеп қызмет атқаратын компонент ретінде қарайды. Кідіріс те ой екпінімен, сөйлеу тілінің қарқынымен тікелей

байланысты. «Қазақ грамматикасында» кідірістің лингвистикалық функциясы бір бүтін мәтінді фразаларға, синтагма, ырғақты топ, сөздерге бөлумен ғана емес, оның басқа компоненттермен бірігіп сөйлемнің түрлі мазмұндық, эмоциялық қарым-қатынастарын анықтауға мүмкіндік беретінін айтады. Сонымен қатар кідірістің эмоциялық, хезитациялық түрлері де ұшырасады. Эмоциялық кідіріс белгілі бір ойға ерекше сезімін білдіруде жасалатын пауза болса, хезитациялық – нақты тілдік мазмұны жоқ, сөйлеушінің аяқ асты жасаған бейресми түрде жасаған кідірісі. Мысалы, сөйлеуші ойын жеткізуде арасында «МММ» сияқты дыбыстар айтып, бөгеліс жасауы мүмкін.

Кірме әріптер – басқа тілден енген әріптер. Қазақ тіліндегі кирилицаға негізделген әліпби құрамында и, ю,я, щ,ь,ъ секілді кірме әріптер бар. Кірме әріптер (дыбыс құрамы)*: – «и»* – дауысты *ы* мен дауыссыз *й* және дауысты *і* мен дауыссыз *й* дыбыстарының тіркесін *ый/ій* белгілейтін таңба; *– «у»* – дауысты *ұ* мен дауыссыз *у* және дауысты *ү* мен дауыссыз *у* дыбыстарының тіркесін *ұу/үу* белгілейтін таңба; *– «я»* – дауыссыз *й* мен дауысты *а* және дауыссыз *й* мен дауысты *ә* дыбыстарының тіркесін *йа/йә* белгілейтін таңба; *– «ю»* – дауыссыз *й,* дауысты *ұ* мен дауыссыз *у* және дауыссыз *й,* дауысты *ү* мен дауыссыз *у* дыбыстарының тіркесін *йұу/йүу* белгілейтін таңба. *– «щ»* –дауыссыз *ш* мен дауыссыз *ш* дыбыстарының тіркесін *шш* белгілейтін таңба.

Кірме дыбыстар – дыбыстық құрамдағы басқа тілден ауысқан дыбыстар. Қазіргі қазақ тіліндегі К.д. кірме сөздер арқылы қалыптасқан. Олар*: в (вагон, вексель), ф (факт, кофе), х (цех, механика, хабар), ч(скетч, путч), щ (щетка, щи), ц (цемент, акция), һ (шаһар, жиһаз), э (дуэт, эволюция).*

Кіріккен сөз – құрамындағы екі сөздің біреуінің тұлғасы өзгеріске ұшырап жымдаса біріккен күрделі сөздің тұтасқан түрі. Тарихи даму барысында құрамындағы сыңарлары дыбыстық құрамын толық сақтамай немесе түрлі дыбыстық өзгерістерге ұшырау арқылы бір-бірімен мағына жағынан ғана емес дыбыстық құрамы жағынан да кірігіп, ықшамдалып, біртұтас сөзге айналады: *бүгін (бұл+күн), түрегелді (тұра+келді), белбеу (бел+бау),* т.б. Ғалым Қ.Жұбанов: «Кіріккен сөздер алғашқы қалпын жоғалтып, бірімен-бірі қиындасып кеткен. Қиындасқанда не екеуінің дыбысын бірыңғайластырып қиындасқан, не, оның үстіне, аралығындағы дыбыстардың бірсыпырасын ысырмалап, қуып шыққан», – деп анықтама береді.

Кітап (араб. *«жазба»*) – мерзімсіз баспасөз басылымы, көркем-әдеби, қоғамдық-саяси, ғылыми-практикалық мазмұндағы туынды; баспа өнімінің бір түрі. Типографиялық немесе қолмен жазылған мәтіндік және графикалық ақпарат салынған брошюра немесе жеке қағаз парақтар (беттер) түрінде болады. Басып шығаруға арналған әдеби немесе ғылыми шығарма да кітап ретінде түсініледі. Кітаптың алғашқы түрлері ежелгі Шығыс елдерінде, Грекияда, Римде қыш текшелеріне, тақта тастарға сына жазуымен жазылды. Б.з.б. XXV ғасырда Мысырда қыш текшелердің орнына қамыс (папирус) қолданылды. Біздің заманымыздан бұрынғы VII ғасырда қамысқа кітап жазу ісі Грекия мен Римде кең

өріс алды. Осыған байланысты кітапты көшіріп жазуға машықтанған көшірушілер мен қолжазбаны көркемдеуші суретшілер пайда болды. Біздің заманымыздан бұрынғы II ғасырда қамыстың орнына тері жарғақ қолданыла бастады. Ежелгі Рим мәдениеті мен ғылымы өкілдерінің туындылары жарғақ кітаптарға жазылып таралды. 105 ж. қытай шебері Цай Лунь қағазды ойлап тауып, XIII ғасырда қағаз жасау өнері Шығыстан Батысқа тарай бастады. Осыған орай, Еуропада қолжазба кітап түрінде қауырт өркендеп, түрліше әріптер, бас тақырыптар (айдарлар) қолданыла бастады. Кітап мұқабалары алтын, күміс т.б. металмен өрнектелді. XV ғасырдың ортасында неміс өнертапқышы Иоганн Гутенбергтің баспа қалыбын ойлап табуына байланысты, жылжымалы құйма қаріппен құйылатын баспа кітап пайда болды. XIX ғасырдың екінші жартысынан бастап қағаз целлюлозадан жасала бастады. Алайда бұл қағаздағы баяу жануды тудыратын қышқыл оны біртіндеп ішінен жоятын болды. Кітаптарды сақтау кезінде мұқабада және мәтінде химиялық өзгерістер болуы мүмкін екенін ескеру қажет. Кітаптар тікелей күн сәулесінен, салқын, қараңғы бөлмеде, орташа ылғалдылықта жақсы сақталады. Үйде кітаптар, әдетте, кітап шкафтарында немесе сөрелерде сақталады. Соңғы онжылдықтарда оқырмандар үшін ежелгі кітаптардың электронды көшірмелері кеңінен қолданылып, түпнұсқасы ерекше жағдайларда сақталуда. Қазіргі уақытта ақпараттық технологиялардың дамуымен электронды кітаптар кең қолданыс тауып отыр. Оларды компьютерден немесе арнайы құрылғылардан оқуға болады. 2013 жылы электронды кітаптар сандық көрсеткіш бойынша кітап нарығының 30 %-н құраған.

Кіші сызықша « – » – бір сөзді екінші сөзге тіркестіретін орында (*төсек-ағаш, жүк-аяқ, құрт-құмырсқа, аяқ-табақ*) немесе сөздің бір бөлімін екінші бөліміне тіркестіру керек болған орындарда қойылатын тыныс белгі *(жақсы-ақ-пысың? жалғыз-ғана-мысың?).* Бұл термин А.Байтұрсынұлы еңбегінде қолданылған.

Кіші тыныс « , » – 1) бұратана сөздерді бөлек шығару үшін қойылатын; 2) сыйысулы сөйлемдердің бірөңкей мүшелерінің арасына қойылатын; 3) бағыныңқы сөйлемнің жігін басыңқы сөйлемнен айыру үшін қойылатын; 4) лепті сөйлемдерде одағайдан кейін қойылатын; 5) бір сөз не болмаса сөйлем қайта-қайта айтылған орында қойылатын белгі, теріс үтір. Термин А.Байтұрсынұлы еңбегінде берілген.

Кішіазия әліпбилері – Кіші Азияда б.з.д. X-VIII ғасырларда болған әліпбилер тобы. К.ә. үндіеуропа тілдерінің анатолий тармағына жататын тілдерге арналған. Финикий әліпбиінен шыққан. К.ә. оңтүстік араб жазуының да ықпалы байқалады. Кейбір ғылыми болжамдарға қарағанда бұл әліпбилердегі ұқсастыққа қарап, грек әліпбиі К.ә. шыққан делінеді. Бұл әліпбилерге карий, лидий, ликий, сидет әліпбилері енеді.

Ққ

Қ әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <қ> фонемасы Ққ әрпімен берілсе, латын графикасына көшкен түркі халықтарының әліпбилерінде ол Qq әрпімен таңбаланған. Qq әрпі базалық латын әліпбиінің құрамына шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. 1929 жылғы латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында /қ/ фонемасы латынның Qq әрпімен берілген. 1938 жылғы енгізілген түзетуде де тұрпаты өзгерген жоқ. 1940 жылы С.Аманжолов қазақ кирил әліпбиін түзуде <к> фонемасының жуан вариантын беру үшін әріптің төменгі тұсына ілмек қою арқылы /қ/ графемасын беруді ұсынған. Қазіргі жазу тарихымызда бұл әріп сол кезеңдегі тұрпатын сақтап келеді. Қ әрпі сөздің барлық позициясында кездеседі, қолданылу жиілігі жоғары. Әріптің атауы – қы.

Қ дыбысы – тілшік пен тілдің түбі арқылы жасалады, жасалу орнына қарай *тілшік* дауыссыз дыбыс; тілшік пен тіл түбінің тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай *тоғысыңқы* дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай *қатаң* (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: *тілшік, тоғысыңқы, қатаң* дауыссыз дыбыс.

Қабат үтір “ ” – 1) төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын *(«Бекер ме» қасқыр айтты «менің сөзім»?)*; 2) кітап, журнал, газет аттарына қойылатын *(«Еңбекші қазақ» газеті, «Қызыл Қазақстан» журналы)*, 3) бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын (леп белгісі «*!*» лепті сөйлемге, сұрау белгісі «*?*» сұраулы сөйлемге қойылады; 4) бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын (Жолдас емес адамды «*жолдас*» деп атау теріс атау болады) тыныс белгі, қабатша, қабатша қос тырнақ. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

Қабатша (қос тырнақ) “ ” – қабат үтір: төл сөздердің жігін ашу үшін алды-артынан қойылатын; кітап, журнал, газет аттарына қойылатын; бір нәрсені сөз қылғанда, айырып айқын көрсету үшін қойылатын; бір нәрсені теріс мағынада атау үшін қойылатын тыныс белгі. Бүгінгі таңдағы атауы – тырнақша.

Қағаз – парсы тіліндегі « كاغذ» «қағоз» деген ұғымнан шыққан атау. Өсімдік талшықтарынан әртүрлі тәсілдер арқылы өңдеу барысында жұқа парақтар ретінде

жасалатын материал. Қағаздың пайда болу тарихы Қытаймен байланысты. Қ. алғаш рет б.з.д. II ғасырда Қытайда дайындалған. Дүниежүзінің басқа бөлігіне VIII ғасырда қазіргі Қазақстан территориясында болған Талас шайқасынан кейін таралды. Осы араб және қытай әскерлерінің арасындағы шайқаста жеңген арабтар оны алдымен араб елдерінде шығарды содан XI-XII ғасырларда Еуропаға таралды. XVII-XVIII ғасырларда Голландияда және Францияда қағаз дайындау өндірістік механикалық әдіске көшірілді. Содан бері қағаз өндірісі дамып, соған орай кітап басу ісі қарқынды дамыды. Қазір әлемде Қ. 600-ден астам түрі бар.

Қадым жазуы (*көне жазу*) – қадымше жазу, оқу иманшарт, әптиек, мұқтасар тәрізді және т.б. діни, дүниеяуи әдебиеттерді оқытуда, жазуда пайдаланатын көне жазудың түрі. Қ.ж. қазақ жеріндегі діни мектептерде, мешіттерде, медреселерде кеңінен қолданылған. Семейдегі Ахмет Риза, Троицкідегі Зейнолла Ишан медресесі Қ.ж. /оқуы тәртібімен діни мамандар дайындаған. Мешіт, медреселерде, діни мектептерде араб жазуының *абжад* жүйесі бойынша есеп шығару, цифрларды әріппен жазу тәртібінде үйреткен. Сондай-ақ, *абжад* жүйесін арша жазуы тәртібімен «құпия хат» жазуда қолданған. Бұхара, Хиуа, Қазан, Уфа, Ташкент, Ыстамбұл шаһарларындағы медреселерден ескі түркіше, арабша, діни, дүниеяуи білім алған Бекет ата, Әйтеке би, Мәшһүр Жүсіп, Шәкәрім, Бегалы (жазушы Сапарғали Бегалиннің әкесі) т.б. прецедентті тұлғалар бұрынғы қазақ қоғамында аз болмаған. Құран Кәрімнің әрбір әрпінде қасиет, сауап бар деген түсінікпен байланысты ел ішіндегі молда, емші, тәуіптер аят, сүрелерді араб жазуымен қағазға түсіріп, оны суға салып, дұға ретінде ауруға *ішірткі* деп ішкізген. Тіл-көзден, жаманшылықтан сақтайды деген сеніммен дұға жаздырып, тұмар тағып жүретін болған. Құранды қасиетті кітап дей отырып, халық шынайы айтылған ақиқатты қисынмен жеткізе айтқан сөзді кітаптың сөзіндей деп, хатқа түскен сөзді жоғары бағалаған. Қ.ж. халық санасында құндылық ретінде бағалануына Қасиетті кітаптың әсер-ықпалы аз болмаған. Ескі жәдігерлер тілін зерттеуші ғалымдар С.Дәуітұлы, М.Шәпиғи араб әріптерінің дыбыстық мәнділігінен басқа олардың жеке-жеке мағыналарының бар екенін ғұлама шайырлар Қожа Ахмет Иасауи, Сүлеймен Бақырғани, Абайға дейінгі және Абайдан кейінгі бірсыпыра ақындардың Құран әріптерінің қасиеті туралы қалам тартқанын айта келіп, әріп мағыналарын былай деп көрсетеді:

ا (Алиф) – *улфат* «ұлпат»
ب (Би) – *баракат* «берекет, береке»
ت (Та) – *тауба* «тәубе»
ث (Са) – *сауаб* «сауап»
ج (Жам) – *жамал* «жамал», «сұлулық»
خ (Ха) – *хайр* «қайыр», «рақым»
د (Дәл) – *далил* «дәлел»
ذ (Зал) – *закуан* «зеректік», «зейінділік»
ر (Ра) – *рахмат* «рақымшылық»
ز (За) – *закат* «зекет», «зекет берушілік»

س (Син) – *сағадат* «бақыттылық»
ش (Шин) – *шифаун* «шипалық»
ص (Сад) – *сыйдық* «шындық», «шынайылық»
ض (Дад) – *диаун* «жарық», «нұр»
ط (Та) – *тарауат* «мейірімділік», «нәзіктік», «балғындық»
ظ (За) – *зафар* «салтанат», «жеңіс»
ع (Айн) – *ғылым* «ғылым»
غ (Ғайн) – *ғинан* «байлық»
ف (Фа) – *фалак* «шаттық»
ق (Қаф) – *курбат, курбун* «туыс», «жақын адам»
ك (Каф) – *карамат* «керемет, ғажайып»
ل (Ләм) – *лутфун* «әдептілік, сыпайылық, ізгілік, ілтипаттық»
م (Мим) – *мауғизат* «уағыз», «ғибрат»
ن (Нун) – *нур* «нұр»
و (Уау) – *уелат* «байланыс, қатынас, дәнекер»
ه (Һа) – *һидайат* «тура жолға бастаушы, салушы»
ي (Йа) – *йакин* «айқын», «анық», «шын».

«Қазақ» – қоғамдық-саяси және әдеби газет. 1913 жылы 2 ақпаннан бастап Орынборда аптасына 1 рет, 1915 жылы аптасына 2 рет шығып тұрған. Тиражы 3000, кейбір мағлұматтарда 8000-ға жеткен. Бірінші редакторы – белгілі ғалым, жазушы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы, екінші редакторы – қоғам қайраткері, жазушы Міржақып Дулатов, бастырушысы Мұстафа Оразаев, кейін «Азамат» серіктігі болған. Газеттің басылып шығуына алғаш қаржы жинастырып, әрі қалтасынан қаражат шығарған Ахмети-шан Оразаев болған. Хусаинов-Каримов баспаханасында басылып тұрған. Газеттің 1918 жылғы сандарының редакторы Жанұзақ Жәнібеков. Барлығы 265 нөмірі жарық көрді. «Қазақтың» басты бағыты ағартушылық мәселесін қамтыды. Өнер, білім жағынан қалың қазаққа бас-көз болды. Мысалы, «Оқу жайы», «Қазақша оқу жайы» атты мақалалар оқудың мән-жайын, маңызы айтылды. Газет 1913 жылы жарияланған материалдарында оқудың мән-жайын, маңызын айтып көпке түсіндіруге тырысса, екінші 1914 жылғы «Бастауыш мектеп» (№61), «Мектеп керектері» (№62), «Оқу мезгілі» сияқты мақалаларында мектеп, медресе жайларын анық көрсетіп, мұқтаждарын айтады. «Қазақ бастауыш мектебі қандай болуы керек?» және «Ол мектептердің қажеті не?» деген сауалдарға А.Байтұрсынұлының 1912 жылы «Қазақ» газетінде жарияланған «Бастауыш мектеп» деген мақаласынан: «...қазақты орысқа аударамыз деген пікір бәрін бүлдіріп отырған. Сол школдар арқылы қазақ тілін жоғалтып, орыс тіліне түсіреміз дейді, қазақ тұтынып отырған араб қарпін тастатып, орыс қарпін алдырамыз дейді. Сол үшін балалар ана тілімен оқымай, орыс тілімен оқысын. Ана тілімен оқыса да, орыс қарпімен оқысын дейді. Өкіметке керегі мемлекеттегі жұрттың бәрі де бір тілде, бір дінде, бір жазуда болу. Ал халыққа керегі – өз діні,

тілі, жазуының сақталуы» деп қазақтың дініне, тіліне, жазуына төніп келе жатқан қатерді ескертеді.

Қазақ әдеби тілі – қоғамдық өмірдің әр алуан саласында қолданылатын, стильдік тармақтары сараланған, мәдени жұртшылықтың бәріне ортақ нормасы бар, ауызша және жазбаша түрде қызмет ететін тіл. Қ.ә.т. қоғамдық өмірдің білім мен ғылым, құқықтық қатынас, бұқаралық ақпарат, әдебиет пен өнер, тұрмыстық қарым-қатынас салаларында қызмет етіп, тілдік ұжымның қарым-қатынас қажетін өтейді. Осымен байланысты Қ.ә.т. бес түрлі стильдік тармақтары қалыптасып сараланған: білім мен ғылым саласында – ғылыми стиль, құқықтық салада – ресми іс-қағаздар стилі, қысқаша айтқанда, ресми стиль, әдебиет пен өнерде – көркем әдебиет стилі, бұқаралық ақпарат саласында – публицистикалық стиль, тұрмыстық қарым-қатынаста – сөйлеу тілі стилі. Қ.ә.т. стильдік тармақтары, түптеп келгенде, үлкен екі арнаға саяды. Жоғарыда аталған публицистикалық стиль, ғылыми стиль, ресми стиль, көркем әдебиет стилі кітаби тіл стильдері деп аталады. Кітаби тілдің осы айтылған стильдері жазбаша және ауызша түрде қызмет атқарады. Ал сөйлеу тілінің стильдік тармақтары болмайды. Қарым-қатынас, негізінен, ауызша түрде жүзеге асады. Кітаби тілдің де, сөйлеу тілінің де түп негізі – бір тіл. Өйткені қазақ тілінің дыбыстық бірліктері (сөз бен сөз тұлғалары) кітаби тілге де, сөйлеу тіліне де ортақ болып келеді. Сонымен қатар сөйлеу тілінде ғана қолданылатын дыбыстық, лексика-грамматикалық бірліктер сөйлеу тілінің жүйесін құрайды. Сондай-ақ, тек кітаби тілдің жазбаша немесе ауызша түріне тән қолданыстардың да өз жүйесі бар. Кітаби тілдің ауызша, жазбаша түрінің нормалары, жүйелері ереже түрінде грамматика оқулықтарында, оқу құралдарында, түрлі сөздіктерде көрсетіледі. Сондықтан бұл нормалар заңдастырылған (кодификацияланған) нормалар деп танылады. Сөйлеу тілінде де белгілі бір жүйе болады. Бірақ сөйлеу тілі нормалары заңдастырылмаған, біршама еркін болады. Сөз мәдениеті негіздерін игеруде сөйлеу тілінің негізгі белгілерін, кітаби тілдің басты айырмасы мен стильдік тармақтарына тән ерекшеліктерін білу аса қажет.

«Қазақ әдеби тілі орфоэпиясының кейбір мәселелері» – М.Дүйсебаеваның қазақ тілі мұғалімдеріне, филология факультеті студенттеріне арналған еңбегі. 1973 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасынан шыққан. Еңбек төрт тараудан тұрады. Автор бұл еңбегінде дауысты дыбыстардың айтылуы, ерін үндестігінің орфоэпияға тәнділігі, дыбыстарда болатын сапалық өзгерістер, кейбір дауыссыз дыбыстардың айтылуы, екпін мәселелеріне тоқталған.

«Қазақ әліпбиін латын қарпіне көшірудің өзекті мәселелері» – республикалық ғылыми-практикалық конференция материалдарының жинағы (2013). Жинақтың жауапты редакторы, филол. ғыл. док., профессор, ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі – Ш.Құрмайбайұлы. Көлемі – 160 бет. Таралымы – 500 дана. Бұл жинақта қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіруге байланысты ұсыныстар, әліпби жобалары, латын әліпбиіне көшкен түркі елдерінің тәжірибелері т.б. мәселелерге қатысты ғылыми мақалалар енгізілген. Жинақ маман-қызметкерлерге, оқытушыларға, жалпы көпшілік қауымға арналған.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезі – 1924 жылдың 12-18-маусым аралығында Орынбор қаласында өткен маңызды жиын. Сиезге Ә.Бөкейхан, Н.Төрекұлұлы, Х.Досмұғамбетұлы, И.Арабайұлы, М.Мырзаұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, Н.Залыұлы, М.Жолдыбайұлы, Е.Алдоңғарұлы, М.Тұрғанбайұлы, С.Сайполлаұлы, М.Саматұлы, А.Кенжеұлы, М.Наурызбайұлы т.б. қатысқан. Сиездің президиумына Н.Залыұлы, А.Кенжеұлы, М.Наурызбайұлы, Ә.Бөкейхан, И.Арабайұлы сайланады. М.Тұрғанбайұлы мен Е.Алдоңғарұлы хатшылық қызметке сайланады. Сиезде жазу ережелері, әліпби мәселесі, қазақша пән сөздер, ауыз әдебиетін жию шаралары, оқу, ғылым кітаптарын көбейту шаралары, бастауыш мектептердің бағдарламасы т.б. мәселелер қарастырылады. Мектептің түрін, мұғалімдер дайындайтын орындардың жобасын қарастыру үшін екі комиссия сайланады. Комиссияға А.Байтұрсынұлы, И.Арабайұлы, Х.Досмағамбетұлы, Т.Шонанұлы, М.Мырзаұлы, Е.Мұқанұлы сайланады. Сиезде Е.Омарұлы жазу ережелері; қазақша пән сөздері туралы; А.Байтұрсынұлы, Н.Төрекұлов әліпби туралы; Т.Шонанұлы қазақша төрт жылдық мектептердің бағдарламасы (пыроғырамы) туралы; Х.Досмағамбетұлы ауыз әдебиетін жинастыру туралы; М.Мырзаұлы оқу, білім кітаптарын көбейту туралы баяндаманы жасайды.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде Ахмет Байтұрсынұлының әліпби туралы баяндамасы – 1924 ж. 15-маусымдағы күндізгі мәжілісте қазақ тіл білімінің негізін қалаған ғалым, қазақ жазуының реформаторы А.Байтұрсынұлының жасаған баяндамасы. Мәжілісте бірінші боп сөз алған А.Байтұрсынұлы әліпби түзеу түрік жұртында көптен келе жатқан мәселе екенін айта келіп, түрік әліпбиінің түбі арабтан шыққанмен, түрік тіліне икемделіп, өзгеріс кіріп, таза күйінде тұрмағандықтан, оны «араб әліпбийі» демей, «түрік әліпбийі» деп атап тұрғанын ескертеді. Түрік жұрттары әліпбій түзегенде бәрі қосылып, бір әліпбій түзей алмайтынын ескерте келіп, ғалым оның өзіндік себептерін нақтылайды: «Өйткені тілдеріндегі дыбыстарының түрлері бірдей емес. Дыбыстары бірдей болмаса, бәріне бірдей жалпылап әліпбій жасауға болмайды, өйткені олай жасалған әліпбійдің не әріптері тұс келмеске тиіс, не әріптерінің дыбыстары тұс келмеске тиіс. Сондықтан «түрік жұрттары үшін бір әліпбій түзу» деген мәселені «бір әліпбійді бәрі негізге алып, түрік жұртының әрқайсысы өз тіліне үйлестіру» деп түсіну керек. Солай болған соң бізге ең әуелі, негіз боларлық әліпбій керек; сол әліпбійді қарастырып табуымыз керек». А.Байтұрсынұлы жақсы әліпбійдің 4 түрлі сипатын көрсетеді: «Жақсы әліпбій тілге шақ болу керек. Өлшенбей тігілген о жер, бұ жер бойға жуыспай, қолбырап, солбырап тұрған кең кійім сияқты артық әріптері көп әліпбій де қолайсыз; бойынды қысып, тәніңді құрыстырып тырыстырып тұрған тар кійім сияқты әрпі кем әліпбій де қолайсыз болады. Жақсы әліпбій жазуға жеңіл болуға тиіс. Әліпбійдің әріп сүгіреттері қыйын болса, мүшелері көп болса, жазуды ұзақтатып уақытты көп алады. Әліпбійдің жақсысы баспа ісіне қолайлы болу тиіс, әрпі тізгенде оңай тізілетұн, басқанда орынды аз алатұн әліпбій баспа сөзді арзандатады. Жақсы әліпбій үйретуге де қолайлы болуы тиіс. Әрпі сара жазуға

оңай, баспасымен жазбасының суреті жақын әліпби үйретуге жеңіл болады. Жақсы әліпбійге ылайық бұл төрт сыпатқа келмейтұн әліпбійлердің бәрі де кемшілікті әліпбій болмақ. Тұтынып жүрген түрік әліпбійін бұлдағанымызда да, басқа әліпбійді бұлдағанымызда да, осы төрт сыпат жағынан қарап бұлдауымыз керек». Ғалым тұтынып жүрген әліпбійді тастап, басқа әліпбій алу өте қиын жұмыс екенін, оны істеуге көп күш, көп қаржы керек болатынын, ондай өзгеріс істеуге адамы, құралы сай, жұмсауға қаржысы мол, әлді жұрттардың қолынан келетінін, қазақ сияқты «анасы да, мынасы да жоқ, мешеу жұрттарға бір әліпбійді тастап екінші әліпбійді ала қою оңай жұмыс емес» екенін ескерте келіп, қазақтардың түрік әліпбійін түзеп, тіліне шағындап әліпбій жасап алғанына он жылдан асып бара жатқанын айтады: «Қазақ әліпбійі түрік әліпбійін негізге алып, қазақ тілі үшін әліпбій жасау оңай екендігін көрсетті. Қазақ «басқа әліпбій аламыз» десе, «өзгелерді еліктеумен аламыз» демесе «өз әліпбійі жарамағандықтан, шарасыз болып аламыз» демейді. Қазақ тілінің дыбыстары анықталып, ашылған, ол дыбыстарға әріп арналған. «Әліпбій» деген осы болады. Біз «әліпбій түзейміз» дегенде «түрік әліпбійін тілімізге келмеген соң тастап түзейміз» демейміз, «әліпбійіміздің түзелмей қалған жағы бар; сонысын ғана түзейміз» дейміз». А.Байтұрсынұлы жақсы әліпбійдің белгілерін негізге ала отырып, латын әліпбійі мен түрік әліпбійін өзара салыстырады. Тілге шақтығы тұрғысынан талдай келіп, ғалым қазақ дыбысына түрік әліпбійінен ережесіз, өзгертусіз 19 әріп сәйкес келсе, латын әліпбійінен 14-ақ дыбыс сәйкес келетінін; түрік әліпбійінде бір дыбысқа екі әріп (диграф) алынбайтынын; латын әліпбійін алғанда ондай болатынын; жазуға жеңілдігі тұрғысынан түрік әліпбійі латын әліпбійінен әлдеқайда озық екенін, түрік әліпбійінде қаламды бір сермеумен жазылатын әріптер көп екенін («қаламның бір сермеуімен жазылатұн әріп екі сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады, қаламның қысқа сермеуімен жазылатұн әріп ұзын сермеумен жазылатұн әріптен шапшаңырақ жазылады»); түрік әліпбійінде қалам сермеуі 41, латында 53 екенін, түрік әліпбійіндегі сермеудің көбі нүкте сияқты қысқа сермеу екенін («Қысқа сермеулі әріппен ұзын сермеулі әріпті жазу екеуі бірдей болмайды») ескертеді; баспаға қолайлылығы жағынан алғанда да түрік әліпбійінің баспасын дараласақ, тағы да латын әліпбійінен әлдеқайда артық болып шығатынын айтады. Жақсы әліпбійдің төртінші қасиеті – үйретуге жеңілдігі екенін ескерте келіп, 1) әріптерінің пішіні сара; 2) баспа түрі мен жазба түрі жақын; 3) суреті жазуға шеберлікті онша керек қылмайтын әліпбій үйретуге жеңіл болатынын айта келе «түрік әліпбійінің 14 әрпін жазып үйренген соң былайғы оны үйретусіз жазылатынын» ескертеді. Екі әліпбійді салыстыра келе Ахмет Байтұрсынұлы: «Тексеріп қарасақ, латын әліпбійінің түрік әліпбійінен кемдігі болмаса, артықтығы көрінбейді. Жаманнан жақсыға залалдан пайдаға бой ұру – жөні бар дұрыс іс, оны әркім-ақ қостауға тиіс, жақсыдан жаманға, пайдадан зиянға бой ұрғанда, оны «дұрыс» деп қостауға болмайды. «Латын әліпбійін аламыз» деушілер ол әліпбійдің түрік әліпбійінен не артықтығын айқындап ашпай, пайдалы екендігін бейнелеп түсіндірмей, «тек пәлен-түлендер алып жатыр, біз де аламыз» дейді. Еліктеу мен

лепірту базары көтеріңкі нәрсе екені ырас; бірақ «біреу алып жатыр екен» деп латын әліпбійін алуға болмайды. Біреудің істегенін дұрыс, бұрысын тексерместен істеу тек еліктеу болады. Тек еліктеуді «маймылша еліктеу» деп айтады. Тесе қарап тексеріп, «түрік әліпбійінен латын әліпбійінің артықтығы мынау, пайдалылығы мынау» деп көзге көрсеткен ешкімді әлі көргенім жоқ. Көбінікі құр дүбірге қызу, дүрмекке еру сыйақты көрінеді», – деп сөзін қорытады.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде латын әліпбійін жақтаушылар – 15-маусымдағы күндізгі мәжілісте баяндама жасаған Н.Төреқұловтың ұстанымын қуаттап, пікір білдірушілер. Н.Төреқұловтың баяндамасынан кейін мәжіліске қатысушылар латын әліпбійін жақтаушылар мен түрік әліпбійін жақтаушылар ретінде екіге бөлінеді. Түрік әліпбійін А.Байтұрсынұлы, М.Дулатов, Е.Омарұлы, Х.Досмұхамедұлы, М.Тұрғанбайұлы, И.Арабаев сынды зерттеуші-ғалымдар жақтаса, латын әліпбійін Көменес партиясының қазақстандық комитетінің өкілі Е.Алдоңғаруұлы, Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен келген өкіл – Н.Ералыұлы, Қ.Қазанғапұлы сияқты қайраткерлер жақтайды. Көменес партиясының қазақстандық комитетінің өкілі Е.Алдоңғаруұлы: «Бір ғана түрік әліпбійін керек» дей бермей, латын әріптеріне де көңіл бөліп, Йаурыпаның мәдениетіне бір табан жақындап, осы бастан жастарға таныстыра беруіміз керек. Латын әрпі әбден талқыға түссін, бұл сиез үзілді-кесілді қарар шығармасын, кейін тағы да жыйылыстарда қаралып, армансыз шешілетүн болсын» деген ұсыныс жасайды. Қорытынды сөзге шыққан А.Байтұрсынұлы: «Нәзірдің бар дәлелі латын әріптері даралығынан баспа жұмыстарына жеңілдік келтіретүндігі ғана. Біз де түрік әрпінің дара түрін тауып отырмыз. Сонымен жазғанда бұрын түрікше таныйтұндар ежелеп болса да оқи алады. Латын әрпімен басылған сөздерді ежелеп оқуға да жоқ. Латын әрпін еліктеп азырбайжан да алып еді. Аяғында өмір жүзінде іске асыра алмай, бұл уақытта бұрынғы шығарған декіретін өзгертіп, түрікше әріпке қайта айналып келіп отыр», – дей келіп, өз жобасында: «Қазақ тұтынып отырған түрік әліпбійінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатұн болғандықтан – ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбійінің өзін түзету өзге әліпбій алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбійінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек. Латын әліпбійінің түрік әліпбійден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліпбійінің баспа түрін дараласақ, жоғалатұн болғандықтан жана да латын әліпбійін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатұн болғандықтан, «латын әліпбійін алу» деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген қарар шығарады. Н.Төреқұлов: «Түрік әліпбійінің өзін түзету өзге әліпбій алудан анағұрлым оңай» деген сөздерді шығарып, қалғанын қабылдау, 2-бапты мүлде шығарып тастау туралы ұсыныс жасағанмен, 11 дауыс басымдықпен А.Байтұрсынұлының жобасы өзгерісөіз қабылданады. Осы кезде Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен келген өкіл – Н.Ералыұлы «Жобаның 2-бабындағы «Латын әліпбійін алу» деген сөзді ауызға алмасқа керек» деген

сөздің орнына «Латын әліпбійін алу ертерек» деген сөзді кіргізу туралы ұсыныс жасайды. Осыған байланысты М.Дулатов «Жобаның аяғындағы «ауызға алмасқа керек» деген сөздің орнына «Латын әліпбійін алу» деген сөзді орынсыз деп тану керек» түрінде өзгерту туралы ұсыныс жасайды. А.Байтұрсынұлы бұл ұсынысқа келісетінін білдіреді. Жобаның 2-бабы дауысқа салынған кезде Міржақыптың ұсынысын 8 адам жақтаса, Нұртазаның ұсынысына 7 дауыс беріледі. Сөйтіп, А.Байтұрсынұлының әліпбій туралы жобасы «Қазақ тұтынып отырған түрік әліпбійінің баспа түрінің дара болмауы баспа істеріне де, үйрету жағына да қолайсыздық қылатұн болғандықтан, ол қолайсыздықтан құтылу үшін түрік әліпбійінің өзін түзету өзге әліпбій алудан анағұрлым оңай болғандықтан, түрік әліпбійінің жазба түрін осы күйінде қалдырып, баспасын дара түрінде алу керек. Латын әліпбійінің түрік әліпбійден артықтығы жалғыз-ақ даралық жағынан болмаса, басқа жағынан қолайсыз кемшіліктері көп болғандықтан, ол артықтығы да түрік әліпбійінің баспа түрін дараласақ, жоғалатұн болғандықтан, жана да латын әліпбійін жүргізу жұмысы өте көп іс, көп күш керек қылатұн болғандықтан, «латын әліпбійін алу» деген сөзді орынсыз деп тану керек» түрінде қабылданады. Алайда қаулы қабыл алынғаннан кейін Қостанайдың гүбірнелік оқу бөлімінен келген өкіл – Н.Ералыұлы Н.Залыұлы Қазақстан орталық атқару комитетінің мәжілісінде болуына байланысты сиездің бұл күнгі мәжілісіне қатыса алмай отырғанын алға тартып, қайраткердің әліпбій туралы жазып, қол қойып жіберген ұсынысын оқып шығады да оны дауысқа салуды тілейді. Орысша жазылған ұсыныстың қазақшасы: «Мәселе аса маңызды болғандықтан және араб әліпбійімен латын әліпбійінің айырмасы тиісті орындарда күн ілгері тексерілмегендіктен, бұл мәселе туралы тағайынды қарар шығарылмасын, бұл мәселе қазақ қалқы біріккеннен кейін, Қарақалпақтағы басқаларының өкілдері қатынасатұн болашақ сиезге салыну үшін оқу кемесериетіне тапсырылсын». Н.Залыұлының ұсынысы дауысқа салынғанда қолдаушылардың саны да, қарсылардың саны да бірдей (сегіз-сегізден) болып шығады. Сол кезде мәжілісте болмағанмен, ұсынысына қол қойып берген Нұғыманның өз дауысы қосып есептеледі де қолдаушылардың саны 9, қарсылардың санын 8 дауыс түрінде есептейді. Бұл туралы кейінгі жазбаларында Ә.Бөкейхан Қазақ-қырғыз білімпаздар сиезінде латыншылдар саны аз болғанмен, күн санап көбейіп бара жатқанын айтып, саяси астарын меңзейді.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде Нәзір Төреқұловтың әліпби туралы баяндамасы – 1924 ж. 15 маусымдағы күндізгі мәжілісте Н.Төреқұловтың жасаған баяндамасы. А.Байтұрсынұлы түрік әліпбійінің тиімділігін жан-жақты дәлелдегенмен, Мәскеудің арнайы тапсырмасымен келген Н.Төреқұлұлы латын әліпбиіне көшу керектігін айтады. А.Байтұрсынұлының «Әріп мәселесін жете тексеру керек» деген сөзін қостай отырып: «Біз латын жазуын қазаққа күштеп алдырмақшы емеспіз, оның әдемілігіне де қызығып отырғамыз жоқ. Немесе өзі латын жазуын алуға қарсы болып отырып латын туралы «Ақ жол» газетінде жоба ұсынған Х.Досмұғамбетұлы сықылданып дәлелсіз, босқа еліктеп те жүргеніміз

жоқ. Біз Ақымет айтқандай, жете тексеріп, толық дәлелдер көрсеткелі отырмыз», – дей келіп, латын жазуының артықшылықтарын көрсетеді: «Мәселен, бір нөмір қазақ газетін басып шығару үшін 15 бұт араб (түрік) әрпі керек, ал латын әрпімен бассақ, 2 ½ бұт кетеді. Баспақананың түрік кәссісінде 174-200 әріп ұясы болады, латын кәссісінде 100-ден аспайды. Орыс наборшігі (әріп тізіуші) өз тілінде 7500 әріп тізгенде, латын әрпімен жазылатұн полақ, прансұз тілдерінде 5500 әріп теріп шығарады; татар наборшысы өз тілінде 5500 әріп тізгенде, өзге қазақ, өзбек сықылдылардың тілінде 4000-4200 әріп тереді, араб тілінде 3000 шамалы ғана тереді. Қазақ наборшігі латын әрпімен өз тілінде орыстар сықылды 7500-ді тереді. Латын әрпі жазуға да түрікшеден жеңілірек. Мыс., түрік әрпінің әрбіреуі төрт түрлі латындікі бір-ақ түрлі (Ъ). Және түрік жазуында әріптердің өте түстестері бар, мәселен (р, з), нүктесі қатадан қойылмай кетсе, айыруға болмай қалады. Латын әрпінің тағы бір қолайлы жағы – оның жазу машинасына керектігі. Осы кезде біз кеңселерде қазақ тілін жүргізбек болып отырмыз. Бұл заманда жазу машинасыз кеңсе істері саулап жүріп кетпек емес. Түрікше жазу машинасын шығару пікірі басталғанына 25 жыл болды, содан бері әлі бір жөнді машина шыққан жоқ. Міне осының бәрін салыстырғанда латын әрпін алсақ, әрі оқуға, жазуға жеңілдігі, әрі жұмысының оңайлығы көрініп тұр. Ал қаржы жағына келсек, 15 бұт әріппен 2 ½ бұт әріптің бағасы бір еместігі өзінен өзі белгілі. Латынша басылған кітап арзанға түспек, қызметкерлердің саны азайып оларға жұмасалтұн ақы да кемімек. Сондықтан біздің латын жазуын алудан қашуымыздың жөні жоқ». Н.Төреқұлұлы орыстардың латын жазуын алмай отырғанының себебін әдебиет кітаптары көп болғандықтан, оның бәрін қайта бастыру осы заманда қиын болып отырғанымен байланыстырады.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде түрік әліпбійін жақтаушылар – 1924 ж. 15 маусымдағы күндізгі мәжілісте баяндама жасаған А.Байтұрсынұлының ұстанымын қуаттап, пікір білдірушілер. Н.Төреқұлұлының баяндамасынан кейін күндізгі мәжілісте М.Дулатұлы, Е.Омарұлы, кешкі мәжілісте Х.Досмұхамедұлы, М.Тұрғанбайұлы, И.Арабаев сынды зиялылар да А.Байтұрсынұлын ұстанымын жақтап сөйлейді. М.Дулатұлы Н.Төреқұлұлының келтірген дәйектері түрік әріптерінің баспасын даралап алған жағдайда бұрынғы төрт түрі біреуге ғана айналатынын, сөйтіп, бұрынғысынан 4 есе кемійтінін, бір нөмірлік қазақша газетке латыншадан неше бұт әріп кетсе, түрікшеден де сонша кететінін; латыншаның ұясы қанша болса, түрікшенің де ұясы сонша болатынын, латыншада бас әріп (заглавная буква) бар, түрік әліпбійінде бас әріп болмағандықтан, түрікше ұя кем болатынын ескерте келіп, латынша әріптерді алуға біз қызығарлық жеңілдік де, арзандық та болмай қалатынын айтады. М.Дулатов: «Біздің қазақ жұртында азды-көпті ақ үстінен қара танитұндар – сауаттылар бар. Латын жазуын алатұн болсақ, бізде бір сауатты адам қалмақ емес, онда сауатсыздықты жоюдың орнына біз сауаттылықты жою жолына түспекпіз. Осы күні баспақана күшіміздің кемдігінен, қаржының тапшылығынан қолдағы азын-аулақ кітептерімізді бастыра алмай, газет,

журналдарымызды дұрыстап шығара алмай отырғанымызда, латыншаға түссек, бұрынғы мың машақатпен басылып шыққан азды-көпті әдебиеттерімізді қайта бастырудың өзі бізге жеңіл соқпайды, латын әрпі бізге қаржы ала келіп бермейді», – дей келіп, «Орыс ауырсынған нәрсені біздің оңай көруіміз ақылға сыймайды. Латын мәселесін көтеру бізге әлі ерте. Онан да күшімізге тимейтүн қолымыздан келетүн түрік әріптерін жеңілдетіп қолдана беруіміз керек», – деп қорытады. М.Дулатовтан кейін сөз алған Е.Омарұлы: «Қазаққа латын жазуын алуды ғылым жағынан тексерудің қажеттігі жоқ. «Латын әрпін аламыз» деу тек сыртына қызыққандық. Біз «Латынның әрпін аламыз» дегенше, «Йауропаның мәдениетін қалай аламыз?» деп кеңесуіміз керек. Мәдениетсіз біреудің іші қуыс тонын киюден пайда шамалы. Біз не нәрсенің де сәніне қызықпай, дәніне қызығуымыз керек. Латын әрпіне ентелегенше, біз қазіргі қолданып келе жатқан әріптерімізді түзетіп, баспақана қызметкерлеріміз – әріп түзеушілерді даярлап, баспа істерімізді жөндеуге кірісуіміз керек. Нәзір айтқандай, басқа түріктер 25 жылдан бері жазу машинасын дұрыстай алмай жүрген болса, біз қазір оны жасап, жазып та отырмыз. Әлде болса да орынсыз латыншаны ортаға салғанша өз әріптеріміздің кемшілігін толықтыралық, соны қолданалық. Бізде мәдениетке жеткізбей бөгеп жүрген түрік әліпбійі емес, сондықтан оны жазықсыз құрбан қылудың орны жоқ», – дейді. Кешкі мәжілісте сөз алған Х.Досмұхамедұлы, М.Тұрғанбайұлы, И.Арабаев сынды зиялылар да А.Байтұрсынұлын ұстанымын жақтайды.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезіндегі жазу ережелері – 1924 ж. 12-маусымдағы кешкі мәжілісте жазу ережелеріне арналған бірінші баяндама. Баяндаманы Е.Омарұлы жасайды. Баяндама 4 күнге жуық талқыланады. Талқылауға А.Байтұрсынұлы, Н.Төреқұлұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамбетұлы, Т.Шонанұлы, М.Мырзаұлы, М.Тұрғанбайұлы, М.Саматұлы, И.Арабайұлы, М.Жолдыбайұлы, Н.Бутовскийлер қатысады. Сиезде қазақ жазуына негіз болатын жүйе; қазақ тіліндегі дыбыстардың жіктелуі; «б», «д», «ғ», «г» дыбыстары; «қ» мен «к», «ғ» мен «г» дыбыстарының табиғаты; у мен й дыбыстарының табиғаты; қазақ тіліндегі ымыра; «х», «ш», «ф», «h» әріптері; сүйеу таяқ; бітеу буын ережесі т.б. мәселелер талқыланды. Әсіресе у, й дыбыстарының табиғаты талас тудырады. А.Байтұрсынұлы, Е.Омаров сынды ғалымдар қазақша дыбыстарды дыбыс жүйесінше жіктегенде «у» мен «й» дауысты дыбыстарға жатпай, дауыссыз «р» мен «л»-ға қосылып кететінін, қазақша «тау», «мүйіз» сықылды сөздер бірсыпыра түрік халықтарында «тағ», «мүгіз» түрінде айтылатынын негізге ала отырып, «у» мен «й» дауыссыз екенін дәлелдегенмен, съезге қатысушылар арасында бірауыздылық болмағандықтан, бес кісіден (А.Байтұрсынұлы, Т.Шонанұлы, Е.Омарұлы, М.Мырзаұлы, Х.Досмағамбетұлы) құралған комиссия жасақталып, бұл мәселе арнайы талқыланады. Комиссияға А.Байтұрсынұлы төрағалық етеді. А.Байтұрсынұлы аяғы «ұу», «ыу», «ый» болып тынатын сөздерге түрлі қосымшалар жалғап, оны дауысты дыбыстардың жұрнақ-жалғауымен салыстырғанда да, қай жағынан тексергенде де «у» мен «й» дыбыстарын дауысты деуге болмайтынын,

екеуінің де дауыссыз екенін дәлелдейді. Қазақ тілінде дауысты «у» мен дауысты «й»-дың бар-жоғын дауысқа салған кезде Ә.Бөкейхан, Е.Омарұлы, Х.Досмағамбетұлы, М.Дулатұлы, Н.Шағиұлы, А.Байтұрсынұлы, М.Тұрғанбайұлы, Е.Алдонғарұлы, М.Наурызбайұлы, М.Жолдыбайұлы, Р.Ақбаұлы – барлығы 11 кісі қазақ тілінде дауысты й, у дыбыстары жоқ екенін қолдап дауыс береді, 6 адам (Р.Сүгіруғлы, И.Арабайұлы, М.Мырзаұлы, Н.Төреғұлұлы, Н.Залиұлы, Н.Ералиұлы) қазақ тілінде дауысты «у» мен «и» бар екенін қолдап дауыс береді. Сиезде зиялылар «у» мен «й»-дің жазылуы дыбыс жүйесінше болуы керек» деген шешімге келеді. Білімпаздар сиезінің жазу ережелері тақырыпты қаулысы бойынша: – «х», «ф», «һ» әріптері қазақша әліпбиден шығарылады; – бұрын «ч» әріпімен жазылып жүрген дыбыстың әрпі «ш» болады; «ч» әрпі қазақша әліпбиден шығарылады; – сөз басындағы дауысты әріптің алдында сүйеу таяқ жазу ережесі бұзылады; дауысты әріптер сөздің басында да басқа жерлеріндегідей сүйеу таяқсыз жазылады; сөз басындағы «а» мәтсіз «а» болып жазылады; – «ғ» әрпі нүктесіз «ғ» болып жазылады; – Қазақ тіліндегі дыбыстардың саны – 24; Олардың әліпбій реті: *а, б, п, т, ж, д, р, з, с, ш, г, к, қ, г, ң л, м, н, о, ұ, у, е, ы, ш* түрінде болады. 24 дыбыс өзара былайша жіктеледі: дауысты: *а, о, ұ, е, ы;* жарты дауысты: *р, л, у, и;* ұяң: *ң, м, н;* қатаң: *б, п, т, с, ш, қ, к;* ымыралы: *ж, з;* ымырасыз: *д, г, г.* Ымыралы дыбыстарға *«д»* мен басталып жалғанатын жалғау, жұрнақтар («дікі», «дағы») қатаң дыбыстарға *«т»* мен басталып жалғанады, олардың жазылуы дыбыс жүйесінше болады. *«Ы»* бітеу буында жазылмайды» деген ереже бұзылады; *«ы»* бар жерінде қалмай жазылады («ынтық», «бій», «жазыу»). Сөз артынан айтылатұн демеулер алдындағы сөзден сызықшасыз бөлек жазылады. Ондай демеулер түбір сөз бен жалғаудың арасында айтылса, түбір сөзге сызықшамен жалғанып, жалғаумен бірге жазылады («жақсыма?»; «жақсы ақ ба?»; «жақсы-мысын?»; «жақсы-ақ-бысын?»). Үндестік заңына келмейтін «кер», «дікі», «паз» сықылды жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылады. Ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса, дәйекші жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылады («тұздікі», «түздікі», «сөзіуар», «білімпаз»); т.с.с.

«Қазақ грамматикасы» – қазақ тілінің грамматикалық құрылысын, бар деңгейін бірге алып қарастырған, 2002 жылы жарық көрген ғылыми басылым. Еңбек алғысөзден, Фонетика, Фонология, Интология, Сөздің морфемалық құрамы, Сөзжасам, Морфология, Синтаксис бөлімдерінен тұрады. Бұған дейін Қ.г. 1967 жылы жарық көрген. Сол уақыттан бері жалпы тіл білімінде, фонетикалық және фонологиялық талдауда, әдеби тіліміздің стильдік тармақтарында, грамматикалық жеке категорияларға қатысты ғылыми жаңалықтар болды. Соған орай, тіл білімінің фонетика, интология, морфонология, сөзжасам салаларының зерттеу нәтижелері Қ.г берілді. Қ.г. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының авторлық ұжымының, еліміздің белгілі ғалымдарының қатысуымен жазылды.

«Қазақ графемаларының жиілік сөздігі» – А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының Ғалымдар кеңесі ұсынған, ҚР БҒМ Ғылым комитетінің

2018 жылға арналған «Латынграфикалы жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын жаңғыртудың ғылыми-лингвистикалық базасын әзірлеу» атты мақсатты-бағдарламалық жобасының аясында дайындалған еңбек. Жалпы редакциясын басқарған: филология ғылымдарының докторы, профессор Е.Қажыбек. Қ.г.ж.с. әріп, әріп тіркесі, буын, ұтрленім қосымша, түрленім форма және сөз жиілігі сөздіктерін қамтиды және қазақ тіл білімінің лингвостатистика саласының теориялық мәселелерін маңызды ақпараттармен толықтырады.

Қазақ жазуы – батыс түркі тілдері тобының қыпшақ тармағына жататын қазақ тілінің жазуы. Қ.ж. – қоғамдағы түрлі тарихи-әлеуметтік өзгерістерге сәйкес бірнеше жазу нұсқаларына (араб, латын, кирил жазулары) бағындырылған, фонематикалық принципке сүйенетін қазақтың дыбыстық жазуы. Қазақ тілінің жазу тарихында 1929 жылға дейін араб жазуы, 1929-1940 жылдары – латын графикасы қолданылса, кирил графикасы – ресми түрде 1940 жылдан бастап қолданылады. Латын графикасы – латын графикасындағы әліпби 2017 жылы Қазақстан Республикасында ресми түрде бекітілді. Бұл әліпбиге көшуді 2017-2025 жылдар ішінде жүзеге асыру жоспарланған. Араб графикасына негізделген жазуды қазақ мәдениеті VIII ғ. бастап, ұйғыр жазуынан кейін XX ғ. басына дейін қолданды. Бұл жазудың қазақ даласында екі түрі пайдаланылды: *қадим* және *жәдид*. Қадим жүйесінде 35 таңба болды. Бұл классикалық араб әліпбиі негізінде емес, жалпытүркілік әліпби болды. Оның 28-і араб әліпбиіне сәйкес, 4-і парсы (ژ же), گ ге), چ че) پ пе) әліпбиінен, 2-і түркі (ک) ңе), و ве), 1-і ауған жазуынан (ى) иамәжһул, е) алынды. Қадим жазуының басты ерекшелігі: дауысты дыбыстардың көп жағдайда жазуда таңбаланбауы, ң дыбысының сегіз түрлі графемамен берілуі, араб, парсы сөздерінің түпнұсқа тұлғасымен жазылуы, оғыз, қарлұқ, қыпшақ

ا	ب	پ	ت	ج	ح	د	ر
ز	س	ش	ع	ف	ق	ك	گ
ل	م	ن	ڭ	ه	و	ۇ	ۋ
ۆ	ى	ي	ٔ				

тілдеріне тән грамматикалық формалардың аралас болуы, көне, архаикалық элементтердің мол болуы. Араб әліпбиінде ң таңбасы болмағандықтан, түркі халқы ол дыбыстың мәнін білдіру үшін бірнеше жолды ұстанған. Бұл дыбысты М.Қашғари өз еңбегінде «Мұрын нуны» деп атайды әрі каф және нун әріптерінің қосындысы арқылы береді. Қадим жазуындағы дауыстыларды таңбаламау жүйесі XIX ғасырға

дейінгі араб жазуы қазақ жазбаларында қатты сақталған. Дауысты дыбыстары таңбаланбаған сөздерді мағынасына қарай ажыратып оқиды. Яғни логикалық әдіс (контекстік әдіс) арқылы (сөз құрамында графикалық әдіспен көрсетілмеуі) берілген. Қадим жазу жүйесінде дауыстылардың таңбаланбауы араб тілінің негізгі ерекшеліктерінің бірі харакаттардың (қыска дауыстылардың) болуымен байланысты. *Жадид жазуы* – араб әліпбиіне негізделген жазу жүйесі. XIX-XX ғасырда қолданыста болған. «Түркістан уалаяты» газеті қадим жазуының біртіндеп жадид жазу үлгісіне ауысуының бастауы болып саналады. Жадид жазуының басты ерекшелігі: дауысты дыбыстардың жазуда таңбалана бастауы, ң дыбысының қадим жазуындағыдай сегіз түрлі графемамен емес, екі түрлі таңбамен берілуі (каф (ک) арқылы және диграф түрінде нун мен кафтың (ك +ن) қосындысы арқылы), араб, парсы сөздерінің түпнұсқа тұлғасымен емес, қазақ тіліне икемделген вариантының таңбалана бастауы, оғыз, қарлұқ тілдеріне тән грамматикалық формалардың азайып, қазақ тілінің ауызекі сөйлеу тіліне тән ерекшелігінің сақталуы, көне, архаикалық азаюы. Араб графикасына негізделген қазақ әліпбиін кезінде А.Байтұрсынұлы реттеп, тіл ерекшеліктеріне сай жетілдірді, ол 1929 жылға дейін «төте жазу» деген атпен қолданылып келді. 1920 жылдардың аяғында қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру мәселесі көтерілді. Оған А.Байтұрсынұлы бастаған Алаш зиялылары қарсы болды. Бірақ кеңестік билік саяси күшпен 1929 жылдан бастап латын әліпбиін енгізуге шешім қабылдады. 1930 жылы Н.Төреқұлов бастаған топ латын әліпбиінің нұсқасын дайындап, ол ресми түрде бекітілді.

Aa	Вв	Cc	Çç	Dd	Ee	Әә	Gg
Ƣƣ	Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn
Ңң	Oo	Өө	Pp	Qq	Rr	Ss	Tt
Uu	Vv	Yy	Zz	Ьь			

Бұл әліпбиге 1938 жылы толықтырулар енгізілді. XIX ғ. аяғында Ресей үкіметі саясатының есебінен орыс жазуына көшу бағыты шыға бастады. 1876 жылы қазақ жазуын орыс графикасына көшіру туралы мәселе ресми түрде қолға алынды. Алғашқы әліпбилер жасала бастады. Орыс графикасына негізделген ең алғашқы қазақ әліпбиі жобасын Н.И.Ильминский жасады. Н.И. Ильминский әліпбиіндегі қазақ тілінің өзіне тән дыбыс дауыстылардың таңбалары мынадай болды: ă –<ə>, ŏ – <ө>, у –< ү>, і – <і>, ы – <ы>, н – <ң>, к-<қ>, г – <ғ>. Орыс әліпбиіндегі е, в, и, ф, ц, х, ч, щ, ъ, ь, э, ю, я таңбаларын (қазақ тілі дыбыстық құрамына тән емес

дыбыс таңбаларын) қолданбады. 1879 жылы Ы.Алтынсариннің «Қырғыздарды орыс тіліне оқытудың бастапқы жетекші құралы», «Қырғыз хрестоматиясы» кітаптары кирил әліпбиінде жарияланды. 1940 жылы саяси шешіммен қазақ жазуы кирил әліпбиіне ауыстырылды. Оны С.А.Аманжолов бастаған ғалымдар әзірледі. Бұл әліпби 42 әріптен тұрады. 1951 жылы Ӯ әрпі Ұ-ға ауыстырылды. 1957 жылы Е әрпі енгізілді. 1957 жылға дейін қазақ тіліне тән әріптер әліпби соңында орыс әріптерінен кейін орналасты. 1940 ж. орыс графикасы негізінде қалыптасқан қазақ әліпбиі мен орфографиялық емлесіне әр кезде (1957, 1970), әр түрлі өзгерістер енгізілді. Кирил графикасы негізіндегі жазудың қазақ тіліне тән ерекшеліктердің бәрін дұрыс көрсете алмауына байланысты қазіргі кезде қазақ ұлттық жазуын латын графикасы негізіне көшіру мәселесі қойылды. 2017 жылы апострофты әліпби, 2018 жылы акутты әліпби нұсқасы бекітілді. 2020 жылдан бастап әліпби нұсқасын жетілдіру жұмыстары атқарылуда. «Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына 2025 жылға дейін кезең-кезеңімен көшіру жөніндегі іс-шаралар жоспары» бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Аа	Әә	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд	Ее
Ёё	Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Ққ	Лл
Мм	Нн	Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс
Тт	Уу	Ұұ	Үү	Фф	Хх	Һһ	Цц
Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы	Іі	Ьь	Ээ
Юю	Яя						

«Қазақ жазуының тарихы және латын әліпбиіне көшудің ғылыми-тәжірибелік негіздері» – республикалық конференция материалдарының жинағы (2018). Жинаққа «Қазақ жазуының тарихы және латын әліпбиіне көшудің ғылыми-тәжірибелік негіздері» атты республикалық конференцияның баяндамалары енгізілген. Онда конференция барысында таныстырылған А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының бас ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының докторы, профессор Н.Уәлидің латын графикасына

негізделген жаңа «Қазақ орфографиясы ережелерінің концепциясы» атты лингвистикалық нормативтік құжаты берілген. Сондай-ақ, қазақ жазуын латын графикасына көшіру барысындағы орфоэпия және транскрипция мәселелері, жаңа емледегі басшылыққа алынатын негізгі принциптер, шет тілдік сөздердің игерілуі, жаңа әліпбиді оқытудың ғылыми әдістемелік негіздері тақырыптарында жазылған ғылыми мақалалар жарияланған.

«Қазақ жазуының тарихы мен теориясы» – Қ.Күдеринованың Алматы қаласында «Елтаным» баспасынан 2013 жылы жарық көрген оқу құралы. Автордың бұл еңбегінде қазақ мәдени өмірінде қолданылған әліпби түрлері, емле ерекшеліктері жазу теориясына негізделе түсіндіріледі. Оқу құралы ЖОО студенттері мен магистранттарына арналған. Дәріс мәтіндері әртүрлі дереккөздерін сөйлете отырып, түсінікті тілмен баяндалады, аудитория семинар сабақтарына қажетті материалдармен қамтамасыз етіледі.

«Қазақ жазуының теориялық негіздері» – Қ.Күдеринованың 2006 жылы жарық көрген монографиясы. Еңбек «Дыбыстық жазудың теориялық негіздері», «Қазақ жазуының тарихы: қалыптасу кезеңдері мен жолдары», «Қазақ жазуын зерттеудің фонологиялық кезеңі», «Қазіргі қазақ жазуы емле ережелерінің қалыптану негіздері», «Қазіргі қазақ графикасы мен орфографиясындағы қиындықтар» деп аталатын тараулардан тұрады. Жазудың маңызы, қызметі, даму тарихына шолу, жазу мен ойлаудың арақатынасы, жазба тіл мен ауызша тілдің өзіне тән ерекшеліктері, жазудың категориялары, тілдің кодталу сатылары, жазу-сызуда қиындық тудыратын жекелеген әріптердің емлесі, сөздерді бірге немесе бөлек жазу мәселелері, қазақ тілі орфографиялық сөздіктерінің түзілу принциптері мен жетілдірілу бағыттары, орфографиялық сөздіктің 5-басылымындағы өзгерістердің сөзжасамдық, семантикалық уәждері, қазақ графикасын ауыстыру мәселесі мен түркі халықтарының графикасын бірдейлестіру жайы т.б. мәселелер баяндалады.

«Қазақ орфографиясындағы қиындықтар» – Н.Уәлиев, А.Алдашева авторлығымен шыққан ғылыми еңбек (1988). Көлемі – 113 бет. Еңбекте әріптердің дыбыстық мәні, фонемалардың позициялық, тарихи алмасуларының жазудағы көрінісі, бірге және бөлек жазылатын сөздердің кейбір типтері, орыс және араб-парсы тілдерінен енген сөздердің орфографиясы т.б. қарастырылған.

«Қазақ орфографиясының мәселелері» – Ж.С.Таласпаеваның оқу құралы (2014 ж.) Көлемі – 160 бет. Оқу құралында қазақ тілінің негізгі емле, ережелері, жазудың шығуы мен дамуы, қазақ орфографиясы тарихында М.Қашқаридің «Диуани лұғат ат-түрк» сөздігінің орны, Ы.Алтынсарин, А.Байтұрсынұлы, Қ.Жұбанов, С.Аманжолов және Ә.Қайдардың жазу емлесіндегі үлесі, латын әліпбиінің жазу жүйесіндегі маңызы, қазақ орфографиясының негізгі ережелері қамтылған.

«Қазақ тілі» – авторлық ұжым құрастырған энциклопедия (1998 ж.). Көлемі – 508 бет. Таралымы – 3000 дана. Энциклопедияда қазақ және жалпы тіл білімінде өзекті болып табылатын ұғымдар мен терминдер және қазақ тілінің дамуына елеулі үлес қосқан ғалымдар жайлы өмірбаяндық мақалалар қамтылған. Энциклопедия

ғалымдарға, студенттерге, сондай-ақ, тіл туралы мол мағлұмат алғысы келетін қалың көпшілікке арналған.

«Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2017 жылғы 26-қазандағы №569 жарлығы – нормативтік-құқықтық акті. Жарлықта латын графикасына көшудегі басты бағыттар мен міндеттер айқындалып, ҚР Үкіметіне тиісті тапсырмалар жүктелген. Осы Жарлықтың орындалуын қадағалайтын жауапты орган ретінде ҚР Президент Әкімшілігі деп көрсетілген. Жарлықтың соңында латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа нұсқасы берілген. Бұл әліпби құрамында барлығы 32 әріп бар, оның 9-ы апостроф диакритикасы арқылы таңбаланған (a',g',i',n',o',s',c',u',y'). Базалық латын әліпбиінен тек қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне сәйкес келетін негізгі таңбалар ғана алынған.

«Қазақ тілі әліпбиін кириллицадан латын графикасына көшіру туралы» ҚР Президентінің 2018 жылғы 19-ақпанындағы № 637 жарлығы – нормативтік-құқықтық акті. Бұл Жарлықта ҚР Президентінің 2017 жылғы 26-қазандағы № 569 Жарлығына өзгерістер енгізіліп, латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жаңа редакцияланған нұсқасы бекітіліп жарияланды. Бекітілген алғашқы әліпби нұсқасындағы апострофпен таңбаланған кейбір әріптер «акут» деп аталатын жаңа диакритикамен алмастырылған (*á, ǵ, ı, ń, ó, ú, ý*), ал s' (ш), c' (ч) дыбыстарын диграфтармен беру sh (ш),ch (ч) халықаралық тәжірибеде бар болуына орай сол жүйе негізге алынған. Акутты әліпби нұсқасының аясында кеңінен түсіндіру, насихаттау шаралары ұйымдастырылып, ол бекітілген күннен бастап қолданысқа енгізілген.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия – 2017 жылы 14-қарашада Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің № 153-өкімімен құрылды. 27 адамнан құралған комиссияның құрамына ҚР Президенті Әкімшілігінің, «Нұр Отан» партиясының, ҚР Парламентінің, жоғарғы оқу орындарының, бұқаралық ақпарат құралдарының, қоғамдық ұйымдардың, белгілі ғалымдар мен қоғам қайраткерлері, тіл мамандары тартылды. Комиссияның басты мақсаты – қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жұмыстарын жүзеге асыру, мемлекеттік тілге реформа жүргізу және оның сапалы орындалуына бақылау жасау. Комиссияның алғашқы отырысы 2017 жылдың 16-қарашасында Үкімет үйінде өткізілді. Отырыста қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру бойынша іс-шаралар жоспары бекітіліп, оны жүзеге асыратын негізгі орган ретінде ҚР Мәдениет және спорт министрлігіне жүктелді. Сондай-ақ ҰК-ның жанынан арнайы төрт жұмыс тобын (Орфографиялық, әдістемелік, терминологиялық, техникалық және ақпараттық сүйемелдеу) құру туралы қаулы қабылданды.

Қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі Ұлттық комиссия жанындағы Орфографиялық жұмыс тобы – Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің бұйрығымен 2018 жылдың 25 қаңтарында құрылып, құрамы мен жұмыс жоспары бекітілген. Жұмыс тобының басты мақсаты – латын

графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жобасын әзірлеу, соған сәйкес орфографиялық және орфоэпиялық ережелерді дайындау. ОЖТ-ға А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институтының, Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы, Еуразия ұлттық, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогика, әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық, Назарбаев, Сүлейман Демирел атындағы Қазақ-Түрік, Қыздар педагогикалық, Павлодар мемлекеттік, Е.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеттерінің ғалымдары тартылған. Латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиінің жетілдіру жұмыстарының ауқымдылығына байланысты жұмыс тобының құрамы өзгеріп отырған. Атап айтқанда, 2018 жылы қаңтарда құрылған жұмыс тобының құрамында 31 адам, 2019 жылы 25 адам, 2020 жылы 27 адам болған. Жұмыс тобының отырысы «Қазақ тілі әліпбиін 2025 жылға дейін латын графикасына кезең-кезеңімен көшіру бойынша іс-шаралар жоспарына» сәйкес тоқсан сайын ұйымдастырылып, насихат жұмыстары кеңінен жүргізіліп отырған.

«Қазақ тілі. Грамматика мен емле» – Т.Шонанұлының бастауыш мектептің 3-4-сыныптарына арналған оқулығы. Қазақстан Халық ағарту комиссариаты қабылдаған оқулық 1934, 1936 жылдары Қызылорда (94 бет), Алматы (92 бет), т.б. қалаларында басылған. 3-сынып оқулығында сөйлемдегі сөздердің байланысы, зат есім, жалпы және жалқы зат есім, сын есім, сан есім, есімдік, етістік, оның түрлері, сөйлем түрлері, түбір мен қосымша, демеу сөздер, үндестік заңы т.с.с. түсінік берілсе, 4-сынып оқулығында сөйлем түрлері, сөйлем мүшелері, тұрлаулы және тұрлаусыз мүшелер, қаратпа сөз, қыстырма сөз, төл сөз бен автор сөзі, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдер, тыныс белгілер қамтылған. Еңбек А.Байтұрсынұлы еңбектеріне тыйым салынған кезде шығуына байланысты сол кездегі саясаттың ықпалымен терминдерді өзгертуге деген талпыныстар жасалғаны байқалады. Алайда А.Байтұрсынұлы оқулықтарындағы негізгі терминдер сол күйінде қолданылған.

«Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» – профессор Қ.Жұбановтың ғылыми еңбегі. Алматыдағы «Ғылым» баспасынан 1966 жылы шықты. Көлемі – 362 бет. Таралымы – 2400 дана. 1999 жылы ғалымның 100 жылдық мерейтойының қарсаңында осы жинақтың толықтырылған екінші басылымы «Ғылым» баспасынан, 2010 жылы «Атамұра» баспасынан қайта шықты. Ғылыми еңбекке қазақ тіл білімінің ғылыми-теориялық негіздерін қалаушылардың бірі Қ.Жұбановтың қазақ тілінің фонетикасы мен грамматикасы, әдебиет, мәдениет және өнерге қатысты зерттеулері енген.

«Қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздардың түрленімі» – С.Оразалиннің 2001 жылы филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Зерттеу жұмысы қазақ тіліндегі жуысыңқы дауыссыздардың зерттелу жайы, бейтербеліс, тербелімді және тербеліңкі жуысыңқы дауыссыздардың жасалым түрленімі сияқты мәселелерді қарастыратын 4 тараудан тұрады. Жұмыстың жаңалығы – қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының үйлесім белгілерінің құрамы мен жүйесі анықталып, тілдің артикуляциялық базасы жаңа тұрғыдан сипатталуы, сондай-ақ, қазақ тілі жуысыңқы дауыссыздарының үйлесім

вариаттарының құрамы мен жүйесінің айқындалуы. Мұнда автор дыбыстардың жасалып, айтылым және естілім белгілерін жан-жақсы сипаттап, олардың жасалым моделін құрастыру жолдарын ұсынады.

«Қазақ тілі теориясының негіздері» – ғылыми еңбек. Жауапты редакторы. құрастырушысы – А.Аманжолов. 2002 жылы Алматыда «Ғылым» ғылыми баспа орталығында шыққан. Көлемі – 368 бет. Жинақта қазақ тіл білімінің негізін салушылардың бірі, ағартушы ғалым, қоғам қайраткері С.Аманжоловтың (1903-1958) таңдамалы ғылыми мақалалары мен соңғы зерттеулері енген. Тіл теориясы. тіл саясаты, қазақтың әдеби тілі мен терминологиясы, қазақ тілі тарихы мен грамматикалық құрылысының мәселелері терең талданған.

Қазақ тіліне арналған Халықаралық фонетикалық әліпби таблицасы – Халықаралық фонетикалық ассоциация жасаған таблица. Бұл халықаралық ұйымның фонетикалық әліпбиінде 107 символ-таңба, 52 диакритикалық белгі және 4 просодия символ бар. Әртүрлі тілдерге арналған транскрипциялық әліпбилер жасау осы таңбалар мен символдардың ішінен алынады. Қазақ тіліне арналған бұл таблица кирил, латын және араб графикаларында берілген. Қазақ тілінің әрбір дыбысына аталған үш әліпбидің мәндес, сәйкес таңбалары қолданылған. Таблицада қазақ тілінің төл дыбыстарымен бірге, оған араб тілінен енген *ф* таңбасы, орыс тілінен енген *в, ч, щ, ц* таңбалары да берілген. Осы таблица арқылы қазақ тілінің дыбыстары және оған басқа тілдерден енген дыбыстар да транскрипцияланып, оны халықаралық кеңістікте оқылуы қамтамасыз етіледі.

Қазақ тіліндегі әріптердің жиілігі. Бұл жиілік талдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі тапсырысымен жарық көрген «Жалпы білім берудегі қазақ тілінің жиілік сөздігіне» негіз болған «Қазақ тілінің сөзформалар сөздігінің» мәтіні бойынша жасалды. Бұл сөздікте қазақ тілінің 5 стилінен 7 миллионнан астам сөз қолданыстан тұратын мәтіндер қамтылды. 1-топқа ең жиі қолданатын 19 әріп жатады: *а, е, ы, н, і, т, р, л, д, с, м, қ, о, к, г, б, й, у, з*. Бұл әріптердің ішінде ең жиі қолданыс табатын 1-орынға ие «*а*» әрпі *8630862* рет қолданып, мәтіннің *12,796* пайызын қамтиды, ал жиілік жағынан 2-орынға ие болатын «*е*» әрпі *5660025* рет қолданып, мәтіннің *8.391* пайызын құрайды. 2-топқа *п, ш, г, ң, и, ж, ұ, ө, ү, ә* әріптері жатады. 3-топқа сирек қолданатын басқа тілдерден енген мына он үш әріп жатқызылды: *я, х, ц, ф, в, э, ь, ю, h, ъ, ч, щ, ё* . 3-топтағы кірме дыбыстарға жататын бұл әріптер 7 миллионнан астам сөз қолданыстан тұратын қазақ тілінің 5 стилі бойынша алынған мәтіндердің бар болғаны 0,928 пайызын қамтиды.

«Қазақ тілінің анықтағышы» – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор Р.Сыздықтың еңбегі (2018 ж.). Қазақ тілінің емлесі мен тыныс белгілерінің ережелері алғаш рет 1959 жылы «Қазақ орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш» деген атпен жарық көрген еді. Баспа қызметкерлері мен мұғалімдерге арналған анықтағыштың өңделіп, толықтырылған екінші басылымы 1974 жылы жарық көрді (Қазақ


орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш. – Алматы, 1974). Анықтағыштың екі басылымында да Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі Президиумының 1957 жылдың 5 маусымында бекіткен «Қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері» басшылыққа алынған. Қоғам дамуына нәтижесінде ғылым мен техника саласындағы жаңа атаулар көбейіп, емлеге бірқатар өзгерістер енуіне байланысты ереженің жаңа нұсқасы Жоғарғы Кеңес президиумының жарлығымен 1983 жылдың 25 тамызында бекітілді. Ғалым Р.Сыздық «Қазақ орфографиясы негізгі ережелерінің жаңа нұсқасын» дайындауға атсалысып, тікелей басқарды. «Анықтағышқа» жаңалықтар мен түзетулер енгізіліп, толықтырылған 3-басылымы «Емле және тыныс белгілері» деген атпен 1996 жылы жарияланды. 4-басылымы 2000 жылы Астана қаласында, 5-басылымы 2017 жылы Алматы қаласында басылып шықты. Кейінгі басылымдарында ғалым қазақ тіліндегі жаңа қолданыстарды, орныққан жаңа атауларды, бұрын орысша қолданылып келген бірқатар сөздердің қазақша баламаларын берген.

«Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» – С.Мырзабековтің оқу құралы (2002). Көлемі – 200 бет. Тарылымы – 1000 дана. Оқу құралы кіріспе (I), дыбыстардың түрлері және дыбыстар тіркесі (II), буын, бунақ, екпін (III), дыбыстардың үндесуі (IV), орфоэпия, графика, орфография (V) деген тараулардан тұрады. Еңбек ұстаздар мен студенттерге, зерттеушілерге, барша қауымға арналған.

«Қазақ тілінің дыбыстары» – Е.Омарұлының 1927 жылы «Жаңа мектеп» журналының 2-санында (61-67-беттер) басылып шыққан мақаласы. А.Байтұрсынұлының «Дыбыстарды жіктеу туралы» деп аталатын мақаласы Е. Омарұлының осы мақаласына байланысты жазылған. Е.Омарұлы бұл мақаласында «тілдің дыбыстарын дыбыс жүйесінің ілімдік жолымен жіктеу үшін дыбыс-дыбыстың шығатын жерін білу керек; және әр дыбыстың ішіндегі дауысы қандай, жәй дыбысы қандай, соны ашып алу керек. Ол үшін әр дыбысты өз алдына понағыраппен тексеру керек» дейді де, өзінің ұсынып отырған жобасын «Ташкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинетінде» тексеруден өткізгелі жатқанын айтады. Сондай-ақ «Дыбыстың көбі көмейден (дауыс қабыршағының дірілдегенінен) шығады, бір қатары ауыздың ішіндегі тілдің қозғалғанынан, таңдайдан, тістен, еріннен, мұрыннан шығады. Көмекейден шығатын дыбыс – дауыс аталады да, басқа жерден шығатын дыбыс – жай дыбыс аталады» деген келелі ойларын білдіреді.

Қазақ тілінің жасалым қоры – қазақ тілі дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелері мен олардың қозғалысының жиынтығы. Дауыс желбезегінің қатысын көрсететін Г топтамасындағы төменгі бірінші түзу сызық дауыс желбезегінің бейтарап немесе *тербеліссіз* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы қатаң дауыссыздарға тән. Жоғары қарай екінші толқын сызық дауыс желбезегінің жартылай тербелісін немесе *тербеліңкі* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы ұяң дауыссыздарға тән. Жоғары қарай үшінші толқын сызық дауыс желбезегінің мол тербелісін немесе *тербелімді* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы үнді дауыссыздарға тән. Жоғары қарай төртінші толқын

сызық дауыс желбезгінің толық тербелісін немесе *тербелмелі* қалпын көрсетеді. Дауыс желбезегінің бұл қалпы дауыстыларға тән. Сонда дауыс желбезегінің қатысына қарай қазақ тілі дыбыстарының жасалым жіктелімі тербеліссіз (қатаң), тербеліңкі (ұяң), тербелімді (үнді) және тербелмелі (дауысты) болып шығады. Дауыс желбезегінің тербеліс күшіне (еніне) қарай қазақ тілі дыбыстарының жіктелім сатысы *тербеліссіз* > *тербеліңкі* > *тербелімді* > *тербелмелі* болып шығады.



Қазақ тілінің емле сөздігі – қазақ тілінің ресми бекітілген емле ережелері негізінде жазу нормалары мен мәдениетін тұрақтандыру үшін жарыққа шығатын орфографиялық сөздік. Осы күнге дейін орфографиялық сөздіктердің бірнеше басылымдары жарық көріп, әр басылым сайын кейбір сөздердің емлесі ішінара өзгеріске ұшырап, заман ағымына сай жаңа сөздермен де толығып отырды. Үлкен орфографиялық сөздіктер кеңестік кезеңде 1963, 1978, 1988 жылдары, тәуелсіздік алғаннан кейін 2001, 2005, 2007, 2013 жылдары жарық көрді.

«Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі» – қазақ сөздері жинақталған сөздік. Сөздік 1963 жылы Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасынан шықты. Сөздікте 64000 сөз қамтылған. Редакциясын басқарғандар: І.Кеңесбаев, Ғ.Мұсабаев. Сөздікті құрастырушылар: А.Әбдірахманов, Г.Жәркешова, С.Кеңесбаев, Т.Қордабаев, Ғ.Мұсабаев, Ә.Мұсалдаев, К.Неталиева, А.Хасенова. Таралымы – 13 000 дана. Көлемі – 576 бет. Алғашқы көлемді сөздік болып есептеледі. Мазмұнына сөздіктің ерекшелігі, сөздер тізбесі, қосымша ретінде жер-су аттары, кісі аттары, ұлт пен халық аттары, қазақ тілі орфографиясының негізгі ережелері камтылған. 1978 жылы бұл сөздік түзетіліп, толықтырылып 480 бет болып қайта басылып шықты. 2001 жылы Р.Сыздық басқаруымен 50 000 сөз қамтылған нұсқасы баспадан шықты. Құрастырушылар: Р.Сыздық, Н.Уәлиұлы, Қ.Жаманбаева,

Қ.Күдеринова. Көлемі – 464 бет. Бұл басылымда бұрын енбей қалған сөздер мен тіркестер, бірқатар жаңа сөздер, терминдер қамтылған. Сөздер әліпби тәртібімен берілген. Жалпы көпшілікке арналған.

«Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы» – Қ.Ерғалиевтің оқу құралы. 2016 жылы жарық көрген. Оқу құралы «Орфография» және «Пунктуация» деген екі бөлімнен тұрады. Еңбекте қазақ орфографиясының принциптері, әліпби, қазіргі қазақ емлесінің ережелері, дауысты-дауыссыздардың жазылуы, бірге және бөлек жазылатын сөздер және тыныс белгілер туралы айтылған.

«Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі» – Қ.Неталиеваның еңбегі (1977). Көлемі – 400 бет. Таралымы – 5000 дана. Еңбекте айтылу нормасы сақтала бермейтін 15 мыңға жуық сөздер мен сөз тіркестері енгізілген. Сонымен қатар, сөйлеу тілі мен жазба тілдің ұқсастығы мен ерекшеліктері туралы айтылған. Сөздік орта мектеп мұғалімдері мен шәкірттеріне, жоғары оқу орындарының студенттеріне, радио, телевизия, сахна қызметкерлеріне, сондай-ақ, қазақ тілін үйренуші оқушыларға арналған.

«Қазақ фонологиясының негіздері» – З.Базарбаеваның ғылыми еңбегі (2012). Көлемі – 120 бет. Еңбекте фонология саласының негізгі ұғымдары, диахрондық фонологияның типологиялық құбылыстары, еуразиялық кеңістіктегі силлабема теориясының тарихи негіздері сынды мәселелер қамтылған.

Қазақ тілінің оқу құралы – Т.Шонанұлының орыс мектептеріне арналған (4-жыл) оқу құралы. Қазағыстан Халық ағарту комиссариаты коллегиясының бекітуімен 1933 жылы Алматыда 6 баспа табақ (94 бет) түрінде басылып шыққан. Таралымы – 45000 дана. Жауапты редакторы – І.Кеңесбаев. Кітап суреттермен безендірілген, жазба және баспа жазу түрлері берілген, грамматикалық ережелер мен жаттығулар кесте түрінде де берілген. Кітаптың бірінші бөлімінде қазақ тіліндегі оқушыларды қазақ тіліндегі дыбыстармен таныстыру мақсат етіліп, олардың дұрыс айтылуы, жазылуы сипатталған. Екінші бөлімде (оқу, жазу және сөйлеу) оқушылардың тілін дамыту, тілін ұстарту мақсат етілген. Үшінші бөлімде қазақ тіліндегі сөздердің түрлену жүйесі кесте түрінде келтірілген. Төртінші бөлімде қазақша-орысша сөздік берілген. Оқу құралында грамматикалық жаттығулар лексикалық материалдармен сабақтастырылып, мәтіндер беріліп отырған.

«Қазақстан» – 1911-1913 жылдар аралығында Оралда шығып тұрған газет. Редакторы – Елеусін Бұйрин. Газет білім, мәдениет, отырықшылық мәселесін жиі қозғаған. «Қ.» деп газеттің атын елінің атымен атауы империялық идеологияға, оның отарлау саясатына редактордың бетпе-бет қарсы шығуы еді. 1911 жылдың наурыз, мамыр айларында орыс баспаханасынан «Қ.» газетінің алғашқы екі нөмірі жарық көреді. Газетті шығарушылар екі нөмірі жарық көргеннен кейін редакцияны Орда қаласынан Орал қаласына көшіреді. Редакция ұжымы Оралға көшіп келген соң татар қызметкерлерінің араб

әрпімен өз тілдерінде газет, журнал шығарып тұрған баспаханасын несиеге сатып алады. 3 жыл ішінде 18 нөмірі жарық көрген. Газет балаларды жаңа тәсілмен оқыту проблемасы төңірегінде пікірталас ұйымдастырып тұрды.

«Қазақстан мектебі» – педагогикалық және әдістемелік журнал. «Жаңа мектеп» журналы 1961 жылдан бастап «Қ.м.» деп атын өзгертті. Басылымның мақсаты – қазақ мектебіне, қазақ мұғалімдері мен оқытушыларына педагогикалық және әдістемелік кәсіби көмек көрсету. Журналда әліпби, емле, жазу мәселерін талқылап, мұғалімдер мен әдіскерлерге арналған ғылыми, әдістемелік мақалалар беріліп тұрды.

«Қазақстан мұғалімі» – апталық газет. Алғашқы нөмірі 1935 ж. 20 наурызда «Төте оқу» деген атпен жарық көрген. Газеттің алға қойған мақсаты мектептерге, мұғалімдерге, өз беттерінше сауат ашуға талпынған адамдарға іс жүзінде көмек беру. 1939 жылдан «Сауатты болуға көмекші» деген атпен, 1940 жылдан «Жаңа жазу» деген атпен шықты. 1952 жылдан бастап екі тілде қазақша және орысша «Қ.м.» («Учитель Казахстана») газеті шығарыла бастады. Алғашқы редакторы О.Құдышев. «Қ.м.» газетінде қазақ жазуының, әліпбиінің және оның емле ережелерінің мәселелері жиі көтеріледі.

Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт минстрлігі Тіл саясаты комитеті – мемлекеттік мекеме. Комитеттің негізгі атқаратын функциясы – ҚР тілдерді дамыту және қолдану саласындағы мемлекеттік саясатты іске асыру, мемлекеттік рәміздеріне ізеттілік қарым-қатынасты қалыптастыру, ұлттық әдебиет қорын қалыптастыру және қоғамдық маңызы бар кітаптарды шығару, республикалық терминология және ономастика комиссияларының, қазақ тілі әліпбиін латын графикасына көшіру жөніндегі ұлттық комиссияның қызметін қамтамасыз ету. Комитеттің қарамағында бүгінде негізгі екі ұйым бар: «Шайсұлтан Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» коммерциялық емес акционерлік қоғамы, «Қазақстан Республикасы Ұлттық мемлекеттік кітап палатасы» республикалық мемлекеттік мекемесі.

«Қазақша әліпби мен латынша әліпби» – Е.Омарұлының «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 9-10-сандарында (49-52-б.) басылған мақаласы. Автор бұл мақаласында латыншылдар өздерін «жаңашылдармыз» деп, ал қазақ әліпбиін қолдаушыларды «ескішілдер» деп сипаттайтынын сынайды. «Шынында жаңалыққа қалғанда, жер жүзінде қазақ әліпбиінен жаңа әліпби жоқ» дей келе, «...«жаңашыл», «ескішіл», иә «арапшыл», «латыншыл» деуді қойып, «қазақшыл», «латыншыл» деген дұрыс болады» деген ойларын баяндайды. «Қ.ә.м.л.ә.» атты мақала осы уақытқа дейін араб жазуынан қазіргі қолданыстағы жазуға түсіріліп, «XX ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы: Қазығұрт, 2013), «Е.Омарұлы шығармалары» (Астана: Фолиант, 2017) жинақтарында, Е.Омарұлының 3 томдық шығармалар жинағының 1-томында (Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018) жарияланды.

«Қазақша дыбыстардың жігі» – Е.Омарұлының бұл мақаласы «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 11, 12, 13-сандарында жарияланған. Мақалада автор «...дауысты дыбысты дауыссыз дыбыстан айыра тану қиын емес. ...Бастауыш мектептегі балаларға әсіресе қиыны: дауыссыз дыбыстардың өз ішінен жіктелуі, қатаң, ұяң, жарты дауысты, ымыралы, ымырасыз дыбыстарды бір-бірінен айыра тану. ...Мұғалімдердің көбі-ақ балаларға дыбыс жүйесінің бұл сабақтарын үйреткенде баяғы жаттату әдісімен үйретіп жүргенге ұқсайды. Қазақ тіліндегі дыбыстарды тап-тапқа бөле жіктеп, оларды бір-бірінен айыра танитын қылып жаттатуда қанша мағана бар?» деген маңызды ойларын береді. Сондай-ақ, «Қ.д.ж.» деген мақаласында Е.Омарұлы «Қазақ тілі ежелден жат тілдердің әсерінен аман сақталып, өзінің еркі мен алға басып өркендей келген» деген пікірін айтып, ойын дәлелдеуге өзге түркі тілдерімен салыстыра мысалдар береді. Мақала осы уақытқа дейін араб жазуынан қазіргі қолданыстағы жазуға түсіріліп, «ХХ ғасыр басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер» (Алматы: Қазығұрт, 2013), «Е. Омарұлы шығармалары» (Астана: Фолиант, 2017) жинақтарында, Е. Омарұлының 3 томдық шығармалар жинағының 1-томында (Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018) жарияланды.

«Қазақша жазу жайы» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1924 жылғы 10-ақпанында басылып шыққан көлемді мақаласы. Мақалада автор қазақ жазуының бірқатар өзекті мәселелерін көтереді. Қазақ тілінің жанашырларының кемдігін, бекзада, байлардың жалған бұқарашылдығын, орысша, арабша оқығандардың сол тілдерде оқып-жазғылары келетінін, төңкерістен бұрын шыққан «Оқу құралы», «Тіл – құралда» берілген қазақша жазу ережелерінің мінсіз болмаса да, жоқтан артық, үйретуге жеңіл екенін, сол орысша жазу ережелерінен бес есе жеңіл ережені тағы да жеңілдету керек деп әркім әр түрлі жобалар ұсынатынын, негізінде қазақша оқығысы келмейтіндердің тілді менсінбейтіндігін баяндайды. Сонымен қатар, осы мақаласында автор Ж. Аймауытовтың и мен у-ды бір таңбамен жазу керек деген уәжіне жауап береді. Е.Омарұлының «Тілдің заңы өзгеріп, тіл бұзылып, ғылым тілі жалпы елдің тілінен басқаланып кетсе, ғылым жалпы жұрттың қолы жетпейтін дарияның ар жағындағы бірдеме болып шықпақшы. Сондықтан тілдің заңын бұзбау керек. Тілді қолдан келгенше таза сақтап бағу керек. Тілдің өзінде бар дыбыстарды жоғалтпау керек. Өзінде жоқ дыбыстармен тілді былғамау да керек. Ғылымға керек пән сөздерді өнерлі елдің тілінен алып кіргізе беруге болады. Бірақ ол жат сөздерді қазақ тіліне кіргізгенде таза қазақ сөзіне ұқсатып, жат дыбыстардан шығарып, орнына қазақ дыбыстарын қондырып, қазақ тілінің негізгі заңдарына үйлестіріп, тізіп алу керек», «...(х), (ч), (ф), (h) сықылды казақ тіліне қатадан кіріп кеткен жат дыбыстарды айдап шығу керек» деген келелі ойлары осы мақаласында айтылған.

«Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер» – Қазақстан оқу комиссары Н.Залыұлы, Қазақ білім комиссиясының бастығы А.Байтұрсынұлы мен Қазақ білім комиссиясының хатшысы Елдес Омарұлы құрастырған емле ережесі. Ереже 1923 жылдың 22-наурызында «Қазақ тілі» газетінде жариялаған. Ережеде дауысты «ы» (ى), жарты дауысты «ي», «ۇ» (ұ) харфі мен (үтірлі «ۋ») дауысты, жарты дауысты «ۋ» (у), «ە» (е) дыбыстарының жазылуы туралы баян етіліп, «ى» (ы) харфі бітеу буында ғана жазылмайтыны, бас буын ашық болса, қалмай жазылып отыратыны; қазақ тіліне сіңісіп кеткен, ішінде қазақ тілінде жоқ «خ»(х), «ش» (ч), «ف» (ф) һәм «ھ» (һ) дыбыстары бар жат сөздерді жазу үшін қазақ әліпбиіне арабтың «خ»,«ش»,«ف» һәм «ھ» харіфтері кіретіні; ішінде «خ»(х),«ش» (ч), «ف» (ф) һәм «ھ» (һ) дыбыстары бар жат сөздер, мағанасы бұзылып кетпейтін болса ішіндегі жат дыбыстары шығарылып, орнына қазақ тіліндегі дыбыстар қойылып, қазақ тілінің дыбыс қиынына үйлестіріліп айтылып, солай жазылатыны, т.с.с. қағидаттар сөз болады.

«Қазақша сөз жазушыларға» – А.Байтұрсынұлының «Шора» журналының 1913 жылғы 4-санында (110-113-беттер) жарияланған мақаласы. Мақаласында ғалым қазақ тілін басқа түркілердің тілімен салыстыра келіп, өзге түркі халықтары жазудың ықпалымен тілдерін бұзып алғанын айтады: «Түрік тілінде «و» (о) дыбысы бар, араб әліппесінде оған харіп жоқ; түрік тілінде «ە» (е) дыбысы бар, оған тура келетін арабта харіп жоқ. Сондықтан «о» дыбысын «у»-мен жазған, «е» дыбысын «и»-мен жазған. Бұл дыбыстар айтылуынша оқылмай, жазылуынша оқылған». Яғни араб әліпбиіндегі харіптер түрік тіліндегі кей дыбыстарға тура келмегендіктен, олар тілдің шынайы болмысынан айырылып қалғанын айтады. Түбір мен қосымшаның жігіндегі дыбыстарды, жазуға негіз болған ұстанымдарды талдай келіп, қазақта жазу-сызу болмаған соң жалғыз-ақ табиғаттың законына ергендіктен, тілі азбағанын айтады. Өзге түркі халықтары емлеге таңып, тілін аздырып алғанын дәлелдеу үшін «малдар», «маллар» сөздерін өзара салыстырады. «Малдар» дегенде тілде кідіріс жоқ, жеңіл өте шығатынын, ал «маллар» дегенде тертеге оралған шыбыртқыдай тілімізді қайтып алуымыз қиын болатынын, «малдар» дегенде тіліміз таңдайға тірелмей, тиіп қана өтетінін, «маллар» дегенде тіліміз таңдайға тіреліп, аузымыздың қуысын бітеп тастайтынын ескерте келіп, оның естілім үшін де кемшілігі болатынын айтады. Яғни қамаудағы дыбыс пен ашықтағы дыбыс екеуі бірдей болмайтынын, ашықтағы дыбыс ашық, көркем шығатынын, қамаудағы дыбыс ажарсыз шығатынын айтады.

Қазан фонологиялық мектебі – 1870 жылдардың аяғы мен 1880 жылдардың басында Қазан университетінде қалыптасқан ғылыми мектеп. Оның екі негізгі өкілі – И.А.Бодуэн де Куртенэ және Н.В.Крушевский. Олар фонема мәселесіне ерекше назар аударды. Қ.ф.м. негізгі қағидаларының бірі – дыбыс пен әріпті қатаң ажырату. И.А.Бодуэн де Куртенэнің бұл саладағы еңбегі кейінірек Прага структуралистерінің фонема жөніндегі зерттеулеріне зор ықпалын тигізді. И.А.

Бодуэн де Куртенэ Қ.ф.м. негізін қалаушы және көпжылдық жетекшісі болды. Оның құрамына Н.В.Крушевский, В.А.Богородицкий, А.И.Анастасиев, А.И.Александров, П.В.Владимиров, В.В.Радлов, С.К.Булич, К.Ю.Аппель т.б. кірген. Қ.ф.м. идеялары Ф. де Соссюрге, Мәскеу фонологиялық мектебі мен Прага лингвистикалық мектебінің өкілдеріне әсер етті.

«Қазлатын» сайты – латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін насихаттауға бағытталған ұлттық портал. Порталдың басты мақсаты – жалпы жұртшылыққа латын графикасына негізделген жаңа қазақ әліпбиін және оның емле ережелерін насихаттау, латын бойынша атқарылып жатқан ісшаралар мен ақпараттық-насихат жұмыстарымен танысу, конвертер жүйесін тиімді пайдалану және ғылыми мақала, еңбектерді кирил, латын, төте жазуда оқу. Портал 8 айдардан тұрады. Олар – басты бет, біз туралы, жаңалықтар, жобалар, конвертер, латын әліпбиі, кітапхана және байланыс. Бұл электронды порталдың негізгі өзегі конвертер жүйесі.

«Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы» – С.Мырзабековтің оқу құралы. 2013 жылы Алматы «Дәуір» баспасынан шыққан. Көлемі 220 бет. Таралымы 4000 дана. Бастапқыда бұл еңбек «Қазақ тілінің дыбыс жүйесі» атауымен шығарылған. Оқу құралы кіріспе (I), Дыбыстардың түрлері және дыбыстар тіркесі (II), Буын, бунақ, екпін (III), Дыбыстардың үндесуі (IV), Орфоэпия, графика, орфография (V) деген тараулардан тұрады. Еңбек ұстаздар мен студенттерге, зерттеушілерге, барша қауымға арналған.



Қайдар Әбдуәли Туғанбайұлы (1924-2019) – түркітанушы, академик, филол. ғыл. док., профессор. 1991 жылы алғаш рет Қ. қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру туралы мәселе көтерді. Қ. кирил жазуының өзектілігі әлсірегеніне төмендегідей дәлел келтірді: 1) кирил жазуын әлемдегі славян халықтарының бәрі бірдей қолдана бермейді, Еуропадағы көптеген славян мемлекеттері іс-қағаздарын латын жазуымен жүргізеді. 2) кирил жазуы жыл озған сайын өзіне жүктелген міндеттерді тиісті дәрежеде атқара алмауда. Қазіргі кезде Ресей ғалымдары арасында да жаһанданумен байланысты бір кездері орыс әліпбиінің де латын қарпіне көшу ықтималдығы туралы сөз бола бастады; 3) бүгінгі түркі халықтары қолданып жүрген кирил жазуында айырмашылықтар өте көп. Себебі кезінде бұл жазудың біздерге тек қаріптік белгілері, таңбалануы ғана ұсынылды. Қ. «Ана тілі» газетінде «Латын әліпбиінің болашағы зор» (1991, 24 қаңтар) мақаласы жарияланды. Мақалада қазақ тіліндегі кирил жазуын латын графикасына көшірудің ғылыми негіздерін алғаш рет дәйектеді. Қ. түркі халықтарына ортақ келісілген латын әліпбиінің жобасын қоса отырып, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың атына ашық хат жазды. Ол 1993 жылғы 30 желтоқсанда «Ана тілі» газетіне жарияланды. Бұл мәселе ғылыми ортаның талқысына түсіп, ұсыныс-пікірлер, іс-шараларды қабылдаудың жолдары айтылды. Қ. бастаған

ғалымдардың қазақ әліпбиіне қатысты үлгісі Анкарадағы жиында қабылданған 34 таңбаның негізінде жасалды, ол 27 әріптен тұрады.

Қалдыру, тастау белгісі «...» – сөзді бүкпелеп жорта қалдырып сөйлегенде немесе сөздерді тізіп тұтастыра сөйлемей, үзіп бөлек-бөлек сөйлеген орындарда қойылатын белгі, көп ноқат, көп нүкте.

«Қалқоз ауыл» – Қазақстан халық ағарту кемесеретінің оқу-ағарту секторы мақұлдаған, үшінші жылдың оқу, жұмыс кітабы. Құрастырғандар: М.Жолдыбайұлы, Т.Арыстанбекұлы, С.Логинов, А.Мамыткеліні. Редакциясын басқарған – М. Жолдыбаев. Алғашқы басылымы 1931 жылы Алматыда жарық көрген. Таралымы – 70 000.

Қалмақ жазуы. Тодо бичиг (қалм. «᠊᠊᠊

Қарашай-балқар жазуы – қарашай-балқар тілінің жазуы. Жазу графикалық негізін бірнеше рет өзгертті және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта Қ.б.ж. кирил графикасын қолданылады. Қ.б.ж. тарихында 3 кезең бар: 1) 1924 жылға дейін араб жазуы негізіндегі жазу; 2) 1924-1938 жылдары –латын әліпбиіне негізделген жазу. 3) 1937 жылдан кирил негізіндегі жазу. Араб әліпбиі XVIII ғасырдан бастап қарашай-балқар тілін жазу үшін қолданыла бастады. 1920 жылы И.Ақбаев пен И.Абаев араб графикасы негізінде араб жазуының жаңа нұсқасын жасады. Бұл әліпбиде 31 таңба бар. Ал И.Абаев, И.Ақбаев, У.Әлиев және М.Энеев құрастырған қарашай-балқар тіліне арналған латын әліпбиі 1924 жылы Бүкілодақтық латындандыру процесі аясында ресми түрде қабылданды. 1934 жылы Микоян-шахарда өткен екінші орфографиялық конференцияда әліпбиге s, w әріптері енгізіліп, h әрпі алынып тасталды. Бұл әліпби 1937-1938 жылдарға дейін қолданылды. Ресми түрде кирил әліпбиін 1937 жылы балқар және 1938 жылы қарашайлар Бүкілодақтық кирилдену процесі кезінде қабылдады. Оған орыс әліпбиінің барлық әріптері, сондай-ақ *Гъ гъ, Къ къ, Нг нг (нъ нъ* қарашайда) диграфтары кірді. 1961 жылы Қ.б. әліпбиінің жаңа нұсқасы жасалды. Жаңа нұсқасына орыс әліпбиінің барлық әріптері және *Ғ ғ, Ҷ ҷ, Қ қ, Ң ң, Ө ө, Ӯ ӯ, Ү ү* белгілері енгізілді. Алайда 1964 жылы әліпбидің ол нұсқасы жойылып, Қ.б.ж. қазіргі заманғы түрін қабылдады.

А а	Б б	В в	Г г	Гъ гъ	Д д	Дж дж	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Къ къ	Л л
У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	ь	Э э	Ю ю	Я я			

Қарқындылық (латын. «*iniemio*» – қарқын) – дыбысты, әсіресе дауысты дыбысты айтуда өкпеден шығатын фонациялық ауанын күшеюі мен солғындау дәрежесі.

«Қатаң дауыссыз дыбыстардың жасалым және түрленім жүйесі» – Б.Баймұхановтың 2005 жылы филология ғылымдарының кандидаты дәрежесін алу үшін дайындалған диссертациясы. Зерттеу жұмысы мазмұндық тұрғыдан қазақ тіліндегі қатаң дауыссыздардың құрамы мен жүйесі және түрленім сипаттамасы мәселелерін қамтиды. Соның ішінде п, т, қ (к), с, ш дауыссыздарының фонетикалық ерекшеліктері мен тіл дыбыстарының іргелес үйлесім моделі айқындалған. Жұмыста қазақ тілінің артикуляциялық базасының қатаң дауыссыздарға қатысты үлгісі жасалды.

Қатаң дауыссыздар – тілдің таңдайға, тіске жақындап қозғалғанынан, еріннің қозғалғанынан шығатын, дауыс мүлде болмайтын дыбыстар: *б, п, т, д, ш, с, г, қ, к, ғ.* 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінде (Орынбор, 1924) қазақ тілінің дыбыстары дауысты, дауыссыз деп екіге бөлініп, дауыссыз дыбыстар өз ішінен беске жіктелген: 1. р, л, у, й төртеуі жарты дауысты атанған; 2. ң, м, н – үшеуі *ұяң* делінген; 3. б, п, т, с, ш, қ, к – жетеуі *қатаң* атанған; 4. ж мен з – ымыралы, 5. *д, г, ғ* – үшеуі ымырасыз атанған. Тілдің дыбыстарын тап-тапқа бөлуде дыбыстар дыбыс жүйесінің жолымен зерттеліп, әр дыбыс өз алдына понағыраппен тексерілуі керектігін ескерте келіп, Е.Омаров Тәшкендегі ұлы үністеттің қазақ тілі кабинеті осы жолға түсіп отырғанын ескертеді. Қазақша дыбыстардың әрқайсысын ішіндегі дауысы мен жай дыбысының шамасына қарай жіктей келіп, ғалым қатаң дыбыстардың «б»-дан басқа алтауында дауыс мүлде болмайтынын, қатаң дыбысқа сәл дауыс қосылса қатаң өзгеріп ымыралы иә ымырасыз болып шығатынын айтады. Мыс., «п»-ға дауыс қосылса, ол өзгеріп «б» болады; «т»-ға дауыс қосылса, ол «д» болады; сол қалыпты «с» – «з» болады; «ш» – «ж» болады; «қ» – «ғ» болады; «к» – «г» болады.

Қатаң харіфтер – қатаң дыбыстарды таңбалайтын харіфтер. А.Байтұрсынұлы дауыссыз дыбыстардың кейі қатаң, кейі ұяң болатынын ескерте келіп, соған қарай харіфтері де қатаң әм ұяң деп аталатынын айтады.

«Қашан болады?» – Н.Төреқұловтың «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 28-қарашадағы 410-санында жарияланған мақаласы. Қайраткер бұл мақаласын Мәскеуде 1925 жылдың 15-қазанында жазған. Қазақ білімпаздарының бірінші съезінің өткеніне 16 айдан асқанын, съездің қаулысында «баспа қаріпті даралау шарасына кірісу керектігі» туралы айтылғанын тілге тиек ете отырып: «Бірақ осы уақытқа шейін уәде қылғандардың дара әліппесі жоқ. Боларлық белгісі де көрінбейді, қылынған уәделердің бірі қазақ әліппесін түзетіп, заманның текініқесіне келтіріп беру еді. Бірақ осы уақытқа шейін түзету-түзелудің қабары естілмейді», – деп дабыл қағады. Қазақ тілінің кеңсе тіліне айналмай жатуының бірден-бір себебі жазу мәшинесінің жетіспеуінен болып отырғанын айтады.

Қашқари Махмұд, Махмуд ибн әл-Хусейн ибн Мұхаммед (XI-XII ғ.) – түркітану тарихында алғашқы болып тарихи-салыстырмалы әдісті қолданған ортаазиялық түркітанушы, тарихшы, этнограф. «Диуани лұғат-ит-түрк» («Түркі тілдерінің сөздігі») еңбегінде XI ғ. өмір сүрген түркі тайпаларының өмірі, олардың этнонимдері, топонимдері, ру-тайпалық бөлінісі, туыстық, жегжаттық ерекшеліктері, лауазымдары мен қызметтері, ас-тағам, жан-жануар мен құс аттары, мал шаруашылығы, өсімдіктер мен дәнді дақылдар, астрономияға қатысты термин сөздер, халық календары, ай, күн, апта аттары, қалалар мен елді мекендер, ауру түрлері мен дәрілер, металдар мен минералдар, анатомиялық, әскери, спорт, әкімшілік терминдер, дін мен миф, түрлі тайпалар арасындағы қатынастар жазылған. Қ. еңбектері жазу тарихын тануға, сол кездегі жазу мәдениеті жөнінде мол ақпарат алуға мүмкіндік береді.

Қидан жазуы – Алтай тілдер тобының моңғол тармағына жататын қидан тілін жазу үшін қолданылған, жойылып кеткен жазба. Қидан тілінің екі функционалды тәуелсіз жазу жүйесі болды – үлкен және кіші Қ.ж. Қ.ж. негізінен эпитафтар, стелалардағы жазулар, монеталар және т.б. түрінде сақталған, дегенмен кейде басқа ескерткіштер де кездеседі.Үлкен Қ.ж. б.з. д. 920 жылы Ляо қидан империясының негізін қалаушы император Абаоцзи жаңа Қидан мемлекетінің шежіресін жүргізу үшін енгізген. Жазу салыстырмалы түрде қарапайым болып саналған, иероглифтер жоғарыдан төмен қарай сызықтық түрде жазылған және өлшемі бірдей болған. Дегенмен үлкен жазу негізінен логограммалардан тұрса да, грамматикалық элементтерді жазу үшін идеографиялық және буындық белгілер қолданылуы мүмкін болған. Үлкен қидан жазуының қытай жазуына ұқсас бірқатар белгілері бар болғанына және бірнеше таңбалар қытай тілінен өзгеріссіз алынғанына қарамастан, үлкен жазу таңбаларының көпшілігі қытай иероглифтерімен тікелей байланысты емес.

Қопармалы тіл – сөз түбірімен қопарылып өзгерілетін тіл. Мыс., орыс тілі, араб тілі.

Қос акут (◌̋) (ағылш. «*double acute*») – латын графикасына негізделген тілдерде кей әріптердің үстінен қойылатын, әріпүсті диакритикалық таңбасы. Әдетте қандай да бір әріпке диакритикалық үстемелер оған дыбыстық мазмұн қосу үшін қойылатыны белгілі. Қ.а. диакритикасы әліпбилер тәжірибесінде жиі кездеспейді. Десек те, А̋ а̋, Е̋ е̋, Ӏ̋ ӏ̋, М̋ м̋, Ő ő, Ű ű, Ӱ̋ ӱ̋ таңбалары әртүрлі қолданыста кезігеді. Қ.а. әсіресе сыңар акут таңбаларымен қатар Венгер әліпбиінен (á, é, í, ó, ö, ő, ú, ü, ű) орын алған әріп болғандықтан, оны Венгер умляуты деп те атайды.

Қос ноқат – қос нүкте, бәшелеу белгісі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына қос нүкте деген атау қолданылады.

Қос нүкте – қос ноқат, бәшелеу белгісі: 1) алдыңғы сөйлемдегі пікірді, кейінгі сөйлем ыдыратып (сиретіп, ұсақтап, сұйылтып) сөйлейтін орындарда қойылатын (Біздің екі үйіміз бар: жаз тігетін киіз үй, қыс кіретін там үй); 2) келтірінді сөйлемнің алдына қойылатын *(Сонда есек сөз айтады бұлбұл құсқа: Мақтаулы бар ғой әнпаз әрбір тұста, Солардың бәрі-дағы әдемі әнге Тауықтың айғырындай емес ұста)* белгі. Қазіргі кезде *қос ноқат* деген атаудың орнына *қос нүкте* деген атау қолданылады.

Қосарлы дауыссыздар – 1. Сөз ішінде бір дауыссыз дыбыстың қайталанып келуі. Кейбір кірме сөздердің түбір морфемаларындағы ұяң, үнді қосар дауыссыздардың бір сыңары әдетте басқа ұяң дыбысқа ауысып (*ұммәт — үмбет, һамма — әмбе)* немесе мүлде түсіп қалады (*махаббат – махабат, ләззат – ләзат).* Бір дауыссыз дыбыстың түбір сөзде қосарланып кеңуі қазақ тілінде сирек құбылыс. Мыс., *ашшы* (ащы), *тұшшы* (тұщы), *қатты, тәтті.* 2. Созылыңқы дауыссыздар. Айтылуында созылыңқылық байқалатын дауыссыз дыбыстар. Қ.д. жалпы тіл білімінде «гемината» деп аталады.

Қосарлық белгі (-) – дефис, қос сөздердің арасына қойылатын тыныс белгі: *құрт-құмырсқа, бақа-шаян, аяқ-табақ, төсек-орын, бала-шаға, келін-кепшек, қысылып-қымтынып, ырғап-жырғап* т.с.с.

Қостілділік – жеке адамның екі тілде бірдей ұдайы қарым-қатынас жасауы, яғни сөйлеу, жазу тәжірибесі. Екінші тілді меңгеру деңгейіне сәйкес Қ. таза – координативті (арнайы оқу арқылы) және аралас – субординативті (күнделікті тілдесу арқылы) болып бөлінеді. Қ. координативті деңгейінде адам бір тілден екінші тілге емін-еркін ауыса алса, оның субординативті түрінде мұндай еркіндік жоқ, себебі сөйлеуші адамның ана тілінің нормалары екінші (меңгерілетін) тілдің нормаларына кері әсерін тигізіп отырады.

Құмық жазуы – құмық тілінің жазуы. Қолданылу кезеңінде графикалық негізін бірнеше рет өзгертті. Қазіргі уақытта Қ.ж. кирил әліпбиін қолданады. Қ.ж. тарихында 3 кезең ерекшеленеді: 1) 1928 жылға дейін – араб жазуы негізінде жазу; 2) 1928-1938 ж. – латын әліпбиіне негізделген жазу; 3) 1938 жылдан – кирил графикасы негізіндегі жазу. 1883 жылы құмық тіліндегі алғашқы баспа кітабы жарық көрді. Бұл басылымда араб графикасы құмық тілінің фонетикалық құрылымына бейімделмеген. 1920 жылдардың басында араб әліпбиі құмық фонетикасының қажеттіліктеріне бейімделді, ерекше дыбыстарды, ең алдымен дауысты дыбыстарды белгілеу үшін қосымша әріптер енгізілді. Сондай-ақ араб тілінің ерекше дыбыстарын беру үшін қажетті, бірақ құмық тілінде артық ذ ظ ط ض ص ح ث ع әріптері алынып тасталды. 1928 жылы құмық әліпбиі латын негізіне көшірілді. Бұл әліпбиде 33 әріп пен апостроф болды. Оның авторлары А.Шамхалов, Г.Гаджибеков, Н.Яковлев және Л.Жирков болды. Латын әліпбиі 1938 жылға дейін сәтті қолданылды. 1938 жылы КСРО халықтарының жазуын кирил графикасына көшіру барысында қазіргі уақытқа дейін қолданылып жүрген құмық кирил әліпбиі де әзірленді. 1938 жылы 9-ақпанда «Дагестанская правда» газетінде жарияланған бұл әліпбидің бірінші нұсқасында Ё ё, Нг нг, Оь оь, Уь уь әріптер болған жоқ, ал Гь гь орнына Гӏ гӏ қолданылды.



Құрышжанұлы Әбжан (1930-2007) – филология ғылымдарының докторы, профессор. Көне түркі тілі мен ескі қыпшақ жазба ескерткіштерін зерттеген, Ж.Баласағұн, М.Қашқари, Қ.Йасауи, А.Йүгінеки шығармаларын қазақ тіліне аударған ғалым. «Кодекс Куманикус» тіліндегі септіктердің тұлғалары мен мағыналары» деген тақырыпта кандидаттық, «XII-XIV ғ. ескі қыпшақ жазба ескерткіштері» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғаған.

«Қызыл әскер әліппесі» – Ғ.Мүсірепов пен Ә.Байділдиннің 1929 жылы жарық көрген оқулығы. 1930 ж. Ғ.Мүсірепов «Қ.ә.ә.» жеке өзі жазған. 1930 жылы Қызылордада, 1932 ж. Алматыда «Қазақстан» баспасынан жарық көрді. 1930

ж. жазылған әліппе оқулығына көп өзгерістер енгізіліп, толықтырылған, білім мазмұны біршама жаңартылған. Қ.ә.ә. 24 әріп жеке-жеке таныстырылады, олардың баспа түрі мен жазба түрі, одан жекелеген сөздердің жазылуы үйретіледі. «Қ.ә.ә.» ұ, ү, ң, һ секілді ерекше әріптер ұсынылып, осы әріптерге байланысты шағын әңгіме мәтіндері, өлеңдер, карта-лото ойындарының тәртібі көрсетіледі. Оқу үшін екі-үш сөзден құралған сөйлем мәтіні, сөздерді буынға бөлу, жазбаша таңбалау, күн, ай, жыл аттары, рим, араб цифрлары, метр өлшемдері, ұзындық көлемі, сұйық, салмақ өлшеуіштерінің атаулары беріледі.

Қырғыз жазуы – қырғыз тілінің жазуы. Қазіргі сәтте қырғыз тілінде екі жазу қолданылады. Бірі – КСРО құрамындағы өзге де елдерде қолданылатын кирил негізді әліпби, екіншісі – Қытай аумағындағы араб әліпбиі (парсы нұсқасы). 1910 жылы құрылған Қ.ж. қырғыз тілінің кейбір фонетикалық ерекшеліктеріне бейімделген араб әліпбиіне негізделген. 1911 жылы осы әліпбимен қырғыз тіліндегі алғашқы баспа өнімдері пайда болды. Алайда араб әліпбиі тілдің фонетикалық жүйесінің барлық ерекшелігін ашпады. 1923 жылы К.Тыныстаев араб әліпбиін реформалап, қырғыз тілінің дыбыстық табиғатына икемдеді. 1924 жылы осы әліпбимен И.Арабаевтың қырғыз әліппесі шықты. 1925 жылдың 25-27 мамырында Пішпекте бірінші ғылыми-педагогикалық сиез өтіп, ресми түрде араб әліпбиінің реформаланған нұсқасы жарияланды. 1920 жылдардан соң латындандыру қозғалысына орай, қырғыз тілінің латын негізді әліпбиін түзу ісі қолға алынып, Қ.ж. 1927 жылы латын әліпбиін қабылдады. 1927-28 жылдары латын әліпбиі мектеп бағдарламасына енгізіле бастады. Бұл әліпбидің алғашқы жобасында 24 әріп және жіңішкерту белгісі болған. Бірақ бұл әліпби бірнеше рет өзгертіліп, 31 таңбаға жетті.

Aa	Вв	Cc	Çç	Dd	Ee	Ff	Gg
Ƣƣ	Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn
Ңң	Oo	Өө	Pp	Qq	Rr	Ss	Şş
Tt	Uu	Vv	Xx	Yy	Zz	Ьь	

1938 жылы «Қырғыз тілінің жаңа орфографиялық ережелері» шықты. Ол ереже бойынша әліпбидегі Ƶ ƶ таңбасы «ж» дыбысының әрпі ретінде қосылып, Н һ әрпі шығарылды. Кейін 1939 жылы қырғыздардың кирил әліпбиіне көшу мәселесі көтерілді де, 1941 жылы кирилнегізді әліпби түзілді. Онда орыс әліпбиіндегі әріптер қатарына қосымша 3 таңба қосылды (Өө, Ңң, Үү). Басты кемшілігі қырғыз

тілінің төл [гъ] және [къ] (ғ, қ) дыбыстарының жеке таңбасының болмауы және й дыбысының әржақты қолданыс мәселелері (мыс., ё – йо) болды.

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н	Ң ң
О о	Ө ө	П п	Р р	С с	Т т	У у	Ү ү
Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы
Ь ь	Э э	Ю ю	Я я				

Қырым-татар жазуы – қырым-татар тілінің жазуы. Әртүрлі графикалық негіздерде қолданылды және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта Қ.т.ж. екі әліпби: кирил графикасы мен латын қолданылады. Жазу тарихында 4 кезең ерекшеленеді: 1) 1928 жылға дейін – араб графикалық негізіндегі жазу; 2) 1928-1939 жылдары – латын негізіндегі жазу (яналиф); 3) 1939-1992 жылдары – кирил графикасы негізіндегі жазба; 4) 1992 жылдан – кирил графикасы мен латын әліпбиін қатар қолдану. Араб жазуын әдеби тілге жақындату мақсатында оны стандарттау және реформалау мәселесін XIX ғасырдың екінші жартысында И.Гаспринский көтерді. 1925 жылы «Янъы дюнья» газетінде араб әліпбиін латын әліпбиіне ауыстыру туралы мақалалар жариялана бастады. «Янъы дунья» газетінің беттерінде латын әліпбиінде мақалалар жарияланған бөлім пайда болды. 1929 жылы Симферопольде әліпби мен орфография бойынша II Қырым ғылыми конференциясы өтті, онда латын әліпбиіне (яналиф) көшу туралы шешім қабылданды. Сол жылы бұл шешім Қырым АКСР Үкіметінің қаулысымен бекітілді. 1930 жылдардың аяғында КСРО халықтарының жазбаларын кирил әліпбиіне ауыстыру процесі басталды. РСФСР Халық ағарту комиссариатының 1938 жылғы 22 маусымдағы бұйрығымен Қырым-татар тілі үшін кирил әліпбиі бекітілді. Қырым-татар кирил графикасының алғашқы жобасына Оь оь және Уь уь әріптері де кірді. 1992 қырым-татар халқының II құрылтайының I сессиясында әліпбиді латын графикасына көшіру туралы шешім қабылданды. Әліпби әзірлеу үшін арнайы комиссия құрылды. Оның қызметінің нәтижесі 1993 жылдың 31 шілдесінде II құрылтайдың II сессиясында бекітілді. 1997 жылы 9 сәуірде Қырым Жоғарғы

Кеңесі өз қаулысымен құрылтайдың бұл шешімін бекітті. Бұл ретте 2002 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі кезеңде кирил графикасынан латын әліпбиіне біртіндеп көшу көзделді. Алайда іс жүзінде енгізуді реттеуші салаларда жаңа әліпбиге көшу болған жоқ. 2016 жылы Украинадағы қырым-татар белсенділері қайтадан латын әліпбиін ресми бекіту туралы мәселені көтерді.

Aa	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Ff	Gg
Ğğ	Hh	İi	Iı	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Ññ	Oo	Öö	Pp	Qq	Rr	Ss
Şş	Tt	Uu	Üü	Vv	Yy	Zz	

Қырымшақ әліпбиі – түркі тілдерінің қыпшақ тобына жататын қырымшақ тілі өкілдері қолданатын әліпби түрі. Арамей әліпбиі негізінде Қ.э. пайда болуы дұғаларды көне еврей тілінен аударудың қажеттілігімен байланысты болды. Ал 1930 жылдары жарық көрген қырымшақ тіліндегі оқулықтарда латын әліпбиі қолданылды. 1930 жылдардың аяғынан бастап қырымшақтар мәтіндерді өз тілдерінде жазғанда кирил әліпбиін қолдана бастады. 1936 жылдан кейін қырымшақ тілінде басылымдар тоқтатылып, ресми түрде жазуы жоқ тілдер санатына енді. 1990 жылдары кирил әліпбиіне негізделген жаңа Қ.э. жасалды. Қазіргі кезде қырымшақ жазуын қолданушылар жоқ десе болады.

Қысқарған сөздердің емлесі – күрделі атаулардың, мемлекет, мекеме ұйым аттарының т.б. сөздердің қысқартылып жазылатын сөздердің емле ережелері. Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып, бас әріптермен жазылатын сөздердің, алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған, буындардан және буын мен тұтас сөз араласып қысқарған сөздердің жазылу ережелері. Жеке сөздердің басқы әріптерінен құралып қысқарған сөздер бас әріптермен жазылады. Ол әріптердің ара-арасына ешқандай тыныс белгісі қойылмайды. Алғашқы сөздің басқы буынынан, соңғы сөздердің бас әріптерінен қысқарып жасалған сөздің алғашқы қысқарған буынының бірінші әрпі бас әріппен, қалғандары кіші әріппен жазылып, кейінгі әріптер бас әріппен жалғастырылып жазылады. Адамның аты-жөні (көбінесе өз есімі мен әкесінің аты қысқартылып, бас әріппен белгіленгенде, әр әріптен кейін нүкте қойылады.

Қыстырма дыбыс – морфема жіктерінде болатын мағыналары көмескіленген косымшалар. Мыс., *мына(н)дай – мынадай, кінә(м)шіл – кінәшіл, өш(т)есу –*

өшесу, тар(қ)ау – тарау. Қ.д. морфема жігіндегі дыбыс алмасулары сияқты морфемалардың өзара қиюласып, кірігіп айтылуы үшін қызмет атқарады. Түбір не негіздің қосымшамен тіркесуі кейде Қ.д. қабылдау арқылы жүзеге асады.

Қытай жазуы – син-тибет семьясына жататын қытай тілінің жазуы. Қ.ж. идеографиялық жазу түріне жатады. Жазу сөздер мен морфемаларды таңбалауда қолданылады. Жазудың таралу шекарасы: ҚХР, Қытай Республикасы, Жапония, Сингапур, Малайзия. Жазу шамамен б.з.д 2000 жылы пайда болған. Иероглифтердің кескіні, жасалу тәсілі әлденеше өзгеріп отырған. Б.з.I ғасырында иероглифтер мен жазудың осы күнгі стилі жасалған. Қ.ж. бағыты: қазір солдан оңға, бір кезде жоғарыдан төмен, оңнан солға қарай болған. Шамамен 60 мың белгілері бар. Ежелгі құжаты цзягувэнь деп аталады. 1958 жылы ҚХР-нда латынға негізделген 26 әріптен тұратын (индекстерде, (іс жүргізуде), телеграфта, оқу мәтіндерінде т.б. қолданылатын) транскрипциялық әліппе қабылданды. 1956 жылдан бастап иероглифтер ісін жеңілдету ісі жүргізіліп келеді. Бұл жұмыс Қ.ж. түбегейлі реформа жүргізу деп бағаланады. Сонымен бірге Қ.ж. латын әліпбиіндегі нұсқасы – пиньин дайындалып, қазір кеңінен қолданылуда.

Лл

Л әрпі – қазақ тіліндегі атауы – ыл. Бұл әріп латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. <Л> фонемасы кирил графикалы әліпбилерде Лл, латын графикасына негізделген әліпбилерде Ll әрпімен берілген. Базалық латын әліпбиінің құрамындағы L әрпі б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Қазақ жазуы тарихында <л> фонемасы 1929 жылға дейін / Ӆ/, 1929-1940 жылдардағы әліпбиде /Ll/, 1940 жылдан бері /Лл/ графемасымен беріледі.

Л дыбысы – жасалу тәсіліне қарай жанама жуысыңқы дауыссыз дыбыс, тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссызы. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді). Жасалым белгілері: тіл ұшы, жанама жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Лак жазуы – нах-дағыстан тілдер тобына жататын лак тілінің жазуы. Лак тілі XV ғасырдан 1928 жылға дейін араб әліпбиін, 1860 жылдан 1928 жылға дейін араб және кирил әліпбиін қатар қолданған. 1938 жылдан бастап қазірге дейін тек кирил әліпбиін пайдаланады.

Ланна немесе тай тхам жазуы – юан, лы, кхын тілдерінің жазуы. Л.ж. абугидтерге негізделген жазу жүйесі.

Лаос жазуы (туа-лао) – лаос тілін жазу үшін қолданылатын үнді консонантты-буындық жазу (абугидтер). Л.ж. тарихы 1283 жылы пайда болған ежелгі хакмер жазуынан басталады. Қазіргі Л.ж. 28 дауыссыз, 6 қос дауыссыз, 28 дауысты, 3 қос дауысты дыбыстар және 2 (немесе 4) тон белгісі мен 2 көмекші белгісі бар. Бас әрпі жоқ, сөздер арасында босаралық болмайды.

Латын әліпбиі – дүниежүзіне кең таралған әліпбидің бірі. Л.ә. б.з.д. VII ғ. грек жазуынан шыққан. Бұл әліпбимен алғашқыда бір жол оңнан солға, солдан оңға қарай жазылып, жазу бағыты үнемі алмасып отырған. Л.ә. жетілуі 3 кезеңнен тұрады: архаикалық, классикалық және базалық латын әліпбилері. Бастапқы Л.ә. 21 әріп болған. Олар: A, B, C, D, E, F, H, I, K, L, M, N, O, P, Q, R, S, T, V, X. Әліпбиге б.з.д. 230 жылдары G әрпі, I ғ. басында Y және Z

әріптері енген, соңғы екі әріп грек тілінен кірген сөздер үшін алынған. J, U, W әріптері Қайта Өркендеу дәуірінде пайда болды. Орта ғасырларда Л.ә. Европа, Африка, кейіннен Азияда тұратын бірқатар халық пайдалана бастады. Л.ә. бұрынғы КСРО құрамындағы түркі халықтары 1926 жылдан 1940 жылға дейін қолданды, оның ішінде қазақ тілі де (1929-1940) бар. Кеңес Одағы тарағаннан кейін әзербайжан, ғағауыз, қарақалпақ, өзбек, түркімен сияқты түркі тілдері латын әліпбиіне көшірілді. Л.ә. әліпбиі халықаралық қатынастардың барлық салаларында қолданылатын негізгі әліпби. Интернет кеңістігіндегі домендер мен символдар негізінен осы әліпбиді қолданады. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшіру мәселесі 2017 жылдан басталған.

«Латын әліпбиі: теория, әдістеме және насихат» – қазақ тілін латын әліпбиіне көшіруге байланысты жүргізілген әдістемелік, сараптамалық, сынамалық жұмыстар мен насихат шаралары туралы мәліметтер және ғылыми зерттеу материалдары енгізілген жинақ. 2019 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. Көлемі 278 бет. Таралымы 1000 дана.

Латын әліпбиіндегі алғашқы қазақ оқулықтары – 1929-1941 жылдар аралығында жарық көрді, саны шамамен 3600. Л.ә.а.қ.о. философия, психология, логика, дін, тіл білімі (теориялық, әдістемелік), қоғамдық-саяси ғылымдар, медицина, ауыл шаруашылығы, техника, өнер, тарих, әдебиет, география т.б. салаларды қамтыды. Л.ә.а.қ.о. қатарына Т.Шонанұлы мен М.Жолдыбайұлының «Әліппе», С.Жиенбаевтың «Оқуға арналған кітап», С.Аманжоловтың «Жаңа әліпби», С.Кеңесбаев, А.Садуақасовтың әдістемелік оқу құралдарын жатқызуға болады.

«Латын әліпбиіне көшу: ғылыми-қоғамдық негіздер, даму процесі және басты мәселелер» – Ұлттық комиссия жанындағы жұмыс топтарының әзірлеген емле ережелерін талқылау, сараптау, сынамадан өткізу жұмыстарының қорытындысы мен ғылыми-зерттеу материалдары енгізілген жинақ. 2018 жылы ҚР Мәдениет және спорт министрлігі Тіл саясаты комитетінің тапсырысымен «Қазақстан Республикасы тілдерді дамыту мен қолданудың 2011-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы» аясында шығарылған. Көлемі 276 бет. Таралымы 1000 дана.

«Латын әрпі жайында» – Ж.Ақпанбетовтің «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 26 ақпандағы санында жарияланған мақаласы. Автор латын әрпін алу-алмау туралы ауызша айтыстар, газет бетінде мақалалар жарияланып жатқанын айта келіп, қазақ секілді мәдениеті жаңа өркендеп келе жатқан елдің оқығандары қайсысы пайдалы екенін жіті қарап тексерулері керек екенін айтады. Екі жазуды тексергенде «қай әріп жазуға жеңіл, қай әріп үйренуге оңай, қай әріп шаруашылық жағынан пайдалы, арзан, қазақ елінің осы күнгі және келешектегі мәдениетіне қайсысы жақын, латын әрпін алғанда, қандай зиян, қандай пайда бар, қалай,

қай іретпен аламыз?» деген мәселелерге мән беріп, осы тұрғыдан тексергендегі дәлелдісін, орнықтысын алу керектігін ескертеді.

«Латын жазуы бойынша емле ережелерін түзуде ескерілетін тұстар жайында» – Р.Сыздықтың 2018 жылы «Қазақ әдебиеті» газетіне жарияланған мақаласы (Латын жазуы бойынша емле ережелерін түзуде ескерілетін тұстар жайында //Қазақ әдебиеті. – 2018. – 14-20 қыркүйек (№ 36). – 12-б.; 28 қыркүйек-4 қазан (№38). – 19-б.; 5-11 қазан (№39). – 19-б.). Ғалым емле ережелерін жасауда бұған дейінгі қолданылып келе жатқан жазу ережелерінің негізі сақталатынын, алайда латын жазуына көшкен жағдайда әлі де көңіл бөлетін тұстар бар екенін, бұрынғы жазуымыздағы кемшіліктерді қайталамауымыз керектігін ескертеді.

Латындандырылған қазақ жазуын орыс графикасы негізіндегі жаңа әліпбиге көшіру туралы заң – 1940 жылы 13-қарашада жарияланған. Осы заңның негізінде латын әліпбиі қолданыстан шығарылып (1929-1940), кирил әліпбиі қабылданды.

Латындандыру – 1920-1930 жылдары КСРО құрамындағы түркі халықтарының әліпбиін латынға көшіру науқаны. Араб әліпбиінен латынға ауысу қозғалысы 1922 жылы Әзербайжан мен Солтүстік Кавказда (Ингушетия, Солтүстік Осетия және Кабарда) басталды. 1926 жылы Бакуде өткен съезде түркі халықтарының өкілдері Л. тәжірибесін қолдану туралы шешім қабылдады. Л. жүргізу үшін жаңа түркі әліпбиінің Бүкілодақтық Орталық Комитеті (ЖТӘ БООК) құрылды. 1927 жылы Бакуде өткен ЖТӘ БООК-ның 1-ші пленумында жекелеген тілдер үшін қажеттілігіне қарай енгізілетін қосымша белгілері бар 34 әріптен тұратын түркі әліпбиінің жобасын (яналиф) қабылдады.

«Латын негізді әліпби: емле және алғашқы оқулықтар» – А.Әмірбекованың еңбегі. Еңбекте қазақ жазуы тарихындағы латын әліпбиінің қабылдануы, қолданылуы, алғашқы оқулықтар туралы және тәуелсіздік жылдарындағы латын негізді әліпбиге көшу мәселелері, жаңа әліпби бойынша жасалатын орфографиялық ережелер құрастыруда назарға алатын ұсыныстар қамтылған.

«Латынның еліктен басқа түгі жоқ» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1927 жылғы 8-ақпандағы санында жарияланған мақаласы. Автор латынға көшуді қолдаушыларға: «Латыншылардың латын мен Аурыпаға жуықтаймыз дегені бос сөз. Әр әрпің латынша болғанмен, Аурыпаға соның арқасында ғана жуықтай алмайсың, кітаптарының ілімі түгіл қарасын да танып, оқи алмайсың» деп, бұл «құр елік, әуестік» деген ойларын жеткізеді.

Латыш әліпбиі (латыш. *«latviešu alfabēts»*) – латын әліпбиіне негізделген. Л.ә. 33 әріп бар, ондағы 11 әріпке диакритикалық белгі қойылған. Л.ә. құрамында базалық латын әліпбиіндегі *Q q, W w, X x, Yy* таңбалары жоқ.

Лаху жазуы – Қытай, Лаос, Мьянма және Тайландта таралған лаху тілін жазу үшін қолданылады. Базалық латын таңбаларынан ғана түзілген ең алғашқы лаху әліпбиін Бирмадағы АҚШ-тың протестанттық миссионерлері Антисдел (C.B.Antisdel) және Тилби (H.H.Tilbe) жасаған. Осы әліпби негізіндегі бірінші кітап

1908 жылы жарыққа шықты. 1930 жылы Бирмадағы католик миссионерлері Л.ж. тағы бір нұсқасын жасады. Бұл әліпбидің протестанттық миссионерлер жасаған алғашқы әліпбимен ұқсастықтары да, айырмашылықтары да болды. Онда: *qh, k, kh, g, ng, c, tc, ch, ts, j, dz, t, th, d, n, gn, p, pf, ph, phf, b, bv, m, mv, h, gh, sh, s, y, z, f, v, l, a, e, ë, è, i, o, ö, ò, u, ü, ae, ao* таңбалары бар. 1982 жылы АҚШ-та тұратын Лаостың сары лаху босқындары Л.ж. негізделген емле жасады.

Лезгин жазуы (лезг. *«Лезги хьинар»*) – лезгин тілінің жазуы. Л.ж. 1928 жылға дейін араб әліпбиін, 1860-1910 жылдары кирилді, 1928-1938 жылдары латынды қолданып, 1938 жылдан бастап қайтадан кирил әліпбиіне көшті. Г.А.Гаджибеков пен А.Шамхаловтың латын графикасына негізделген «Жаңа Дағыстан әліпбиінің» өзгеріске ұшыраған бір нұсқасы лезгин тіліне арналған. 1928 жылы 27 маусымда Бүкілодақтық жаңа әліпби Орталық комитетінде мақұлданған әліпбиде: *a, b, c, cc,* є, *ç, d, e, ə, f, g, gq, h, i, j, k, kk, ķ, l, m, n, o, ө, p, pp,* ҏ, *q,* ҩ, *r, s, ş, t, tt,* ҭ, *u, v, x,* ҳ, *x̄,* ӽ, *y, z, z,* ҙ, ӟ, *ʒ, ʻ* таңбалары болды. 1932 жылы әліпбиге бірқатар өзгерістер енгізіліп, әріптер саны азайды, бас әріп енгізілді. 1938 жылы 5 қаңтарда Дағыстан халықтарының әліпбиін кирил графикасына көшіру туралы шешім қабылданды.

Ленинград фонологиялық мектебі – И.Бодуэн де Куртенэ ілімінің негізінде пайда болған бағыт. Мектептің негізін қалаушы – Л.Щерба. ЛФМ өкілдері фонеманың лингвистикалық табиғатын сөйлеу кезіндегі қызметімен байланысты қарастырады.

Леп белгісі « ! » – 1) лепті сөйлемдерден кейін; 2) тілекті сөйлемдердің бұйрық, өтініш түрлерінің соңынан; 3) тілекті сөйлемнің үгіт түріндегісінің қаратпа сөзділерінің соңынан қойылатын тыныс белгі *(Бар! Жүгір! Ұш! Жанымды бір шыбындай қи, ақсақал! Айта гөр, қайырымды ер бар болса! Балалар, оқуға бар! Жатпа қарап).*

Лепсиус Карл Рихард – египет иероглифтерін транскрипциялау үшін латын әліпбиін құрастырған неміс археологы, египтолог. Оның әліпбиінде дыбыстардың қысқалығы бревиспен (*ă),* созылыңқылығы макронмен (*ā),* мұрынжолды дауыстылар тильдамен (*ã*) берілген. Екпінді білдіру үшін дауыстыларға акутты, қысқа дыбыстарға грависті, көмей дыбыстарға грек жазуындағы жол үсті белгісін алған (*p', t'*).

Лепча жазуы – тибет-бирма тілдер тармағына жататын лепча тілінің жазуы. Жазудың түрі – абугида. Бұл жазудың ерекшелігі буындардың соңы диакритикалық таңбалар арқылы жазылады. Л.ж. бирма жазуының ықпалы арқылы тибет жазуынан шыққан. Л.ж. XVII немесе XVIII ғасырда пайда болған. Л.ж. бастапқыда жоғарыдан төмен жазылған. Бұл жазу, әсіресе, XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың басында ерекше дамыды. Осы кезде көптеген кітаптар жарық көрді.

Лигатура – қос немесе одан да көп әріпті бір таңбаға біріктіру арқылы жасалады. Мысалы ағылшын тіліндегі амперсанд (&) таңбасы латын тіліндегі *'et'* – «және» деген сөзді лигатура пішініне келтіру мақсатында пайда болған.

Лингвалды сингармонизм – сөз құрамындағы дауысты дыбыстардың бірыңғай жуан не жіңішке болып жазылуын негізге алатын езубейімді сингармонизм ғылымда Л.с. деп аталады. Мыс., *қойымыздың, қойшымызға, үйлерімізге, түйелеріміздің* т.б. Жалпы үндестік заңы екіге бөлінеді: тіл үндестігі (лингвалды), ерін үндестігі (лабиалды). Үндестік заңының ауызша тілдегі айтылымы мен жазбаша тілдегі жазылымында айтарлықтай айырмашылық болады (*күрек-күрөк, үйдің-үйдүң* т.б.). Сондықтан А.Байтұрсынұлы, Х.Досмұхамедұлы заманынан келе жатқан Л.с. (тіл үндестігі) қазақ жазуында базалық норма болып танылады. Тілімізде үндестік заңына бағынбай, жуан және жіңішке дыбыстар аралас келіп, бейүндес түрде жазылатын сөздер де бар (*құдірет, еңбекқор, атамдікі* т.б.).

Лингвистикалық атлас – тілдік құбылыстардың аймақтық таралуын лингвистикалық география әдісімен зерттеу нәтижесінде жасалған лингвистикалық карталардың жинағы. Л.а. XIX ғасырдың 70-80 жылдары пайда болған. Оған тілдегі диалектілік ерекшеліктер мен оның таралу шегін жоққа шығаратын пікірлердің орын алуы себеп болды. Диалектілерді зерттеу үшін алдымен Германияда (Г.Венкер, Ф.Вреде), кейін Францияда (Ж.Жильерон, Э.Эдмон) лингвистикалық атлас жасалды. Атластың нақты бір тілдің диалектілерін көрсететін, лексикалық, грамматикалық, дыбыстық ерекшеліктерінің таралуын анықтайтын немесе жеке бір аймаққа арналған аймақтық түрлері болады.

Лингвистикалық әмбебаптар (ағылш. *language universals*) – қасиеттері мен сипаттамалары барлық тілдерге тән, ортақ тілдік құбылыстар. Л.ә. теориясы мына мәселелерді қарастырады: 1) тілдік қарым-қатынастағы жалпы адамзатқа ортақ қасиеттерді; 2) әрбір тілдегі әртүрлі тілдік құралдар арқылы білдірілетін маңызды категориялар жиынтығын; 3) тілдің барлық деңгейлеріне қатысты тіл құрылымындағы жалпы қасиеттерді.

Лингвистикалық география – тілдік құбылыстардың аумақтық таралуын зерттейтін тіл білімінің саласы. Л.г. XIX ғасырдың II жартысында француз, неміс ғалымдарының тәжірибесінен кейін диалектологиядан бөлініп шықты. Л.г. диалектілер мен говорлардың нақты таралған көлемі анықталады. Л.г. мен аймақтық тіл білімі ұғымы бір-бірімен тығыз байланысты. Аймақтық тіл білімінің негізгі мақсаты – тіл ерекшеліктерінің таралған кеңістігін зерттеу, аймақтық көлемін анықтау.

Лингвистикалық процессор – алгоритмнің сипаттамасын бір тілден екінші тілге аударатын бағдарлама (аппаратты процессормен шатастырмау қажет). Бұл кезде алгоритмнің мәні сақталады, бірақ оның бағдарламашымен жасалған формасы орталық процессорға сәйкес формаға ауысады. Л.п. трансляторлар және интерпретаторлар болып бөлінеді. Л.п. форматтау конверторы (RUSMARC-UNIMARC-USMARC), әліпбилік кодтың конверторы, ішкі тарнслятор жатады.

Лингвистикалық статистика – 1) кең мағынада тіл ғылымының статистикалық әдістерді қолданатын саласы. 2) тар мағынада тілге байланысты математиканың

кейбір мәселелерін, атап айтқанда, мәтіндегі тілдік бірліктердің статистикалық жіктелуін зерттейді. Л.с. алғашқы материалы – мәтін және оның грамматикалық бірліктері (әріп, дыбыс, жалғау, жұрнақ, сөз, сөзтұлға, сөз тіркестері, сөйлем). Қазақ тілі білімінде лингвостатистикалық әдістің қалыптасу тарихы Қ. Жұбановтан басталады.

Лингвоним – (лат.т. *lingua* «тіл», грек.т. ὄνυμα «есім, атау») тілдердің және оларға қатысты диалектердің, тілдік ұялардың, тілдік макроұялардың т.б. атаулары, *глоттоним*, *глоссоним* деп те аталады. Мысалы, нострат тілдері, славян тілдері, түркі тілдері, роман-герман тілдері, испан тілі, әзірбайжан тілі, африкаанс, Лондон диалекті, Жаңа Зеландия стандарты т.б. атаулар Л. болып саналады.

Лису жазуы – лису тілінің жазуы. Л.ж. 1910-1950 жылдары Поллардтың жазуын, 1915 жылдан қазіргі уақытқа дейін Фрейзер әліпбиін, 1920-1940 жылдары буындық хатты, 1957 жылдан бастап латын әліпбиін қолданған. Қазіргі таңда Л.ж. Фрейзер әліпбиі мен латын әліпбиін қатар пайдаланады. 1950 жылдардың басында ҚХР-да аз ұлттардың жазуларын латын әліпбиіне көшіру үрдісі басталды. 1957 жылы Л.ж. латын әліпбиіне көшірілді. Әліпби құрамына кирил әріптері де енгізілді: *А а, В b, Б б, С c, D d, Д д, Е е, Э э, F f, G g, Г г, H h, I i, J j, K k, L l, M m, N n, Ң ң, О о, Р р, Q q, R r, S s, З з, T t, U и, Ч ч, Ш ш, Ы ы, X x, Y y, Z z, Z'z', Л л, Я я, Ф ф, Ь ь, Ц ц.* 1958 жылы аралас әліпби қолданыстан шығарылып, лису үшін пиньинге негізделген стандартты латын әліпбиі қабылданды.

Литва әліпбиі – латын графикасына негізделген. Әліпби құрамында 32 таңба бар, 9 дыбыс қосымша диакритикалық белгілер арқылы ажыратылады. Дауысты Ą, Ę, Į, Ų, Ū дыбыстарына ілмек тәрізді әріп асты белгісі мен макрон қойылса, Č, Š, Ž дауыссыз дыбыстары бревиспен, Ė таңбасы әріп үсті нүктемен алынған. Қазіргі Л.ә.: Aa, Ąą, Bb, Cc, Čč, Dd, Ee, Ęę, Ėė, Ff, Gg, Hh, Ii, Įį, Yy, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Šš, Tt, Uu, Ųų, Ūū, Vv, Zz, Žž. Бұл әліпби 1901-1905 жылдары жүргізілген жазу реформасынан бері қарай қолданылып келеді.

Логлан (ағылш. *«logical language»* – логикалық тіл) – лингвистикалық зерттеулер үшін арнайы әзірленген тіл. Доктор Джеймс Кук Браун 1955 жылы жаңа тіл бойынша зерттеулерін бастаған, 1960 жылы Л. арналған алғашқы мақаласы жарық көреді. Л. тілінің әліпбиі латын графикасына негізделіп жасалған, барлығы 28 таңбадан тұрады.

Логограмма немесе логограф – сөзді немесе морфеманы белгілейтін графема. Л. идеограмма немесе иероглиф ретінде де белгілі. Л. туыстас тілдер үшін қолдануға болады. Сондықтан оларды ұқсас әліпбилерді тану үшін пайдаланады.

Лонтара немесе бугий жазуы – малай-полинезиялық тілдер тобына жататын буги, макассар және мандарин тілдерін жазу үшін қолданылады. Жазу жүйесі буын әліпбиіне негізделген, солдан оңға қарай көлденең жазылады. Голландиялық отарлау кезінен бастап Л.ж. латын әліпбиіне көшті.

Лувий иероглификасы – аралас сипаттағы идеограммалар мен буындық таңбалар. Л.и. б.з.д. XIV-VIII ғғ. луви мәтіндерін жазу үшін Сирия, Кіші Азия

аумағында қолданылған. Л.и. 500-ден аса таңба бар. Лувий тілі үндіеуропа тіліне жатады, б.з.д. XV-X ғасырда Хетт патшалығында кеңінен таралып, әкімшілік салада да қолданылған.

Лужица әліпбиі – базалық латын әліпбиіне негізделген батыс славян тілдері тобына жататын лужица тілінің әліпбиі. Германияның Лужица аймағында тұратын сорб халқы қолданады. Л.ә. акут және гачек диакритикалық таңбалары бар. Бірнеше диалектілерден тұратын жоғарғы және төменгі лужица деген тілге арналған әліпбилері бар. Екі әліпбиде де кірме сөздер үшін Qq, Vv, Xx және (сөз басында) Y әріптері қолданылады.

Лы жазуы – лы тілінің жазу жүйесі. Қазіргі кезде Л.ж. 2 жүйесі қолданылады: архаикалық (тайна) және қазіргі (тайлэ). Л.ж. архаикалық жүйесі XII-XIII ғ.ғ үнді жазуы негізінде пайда болған. Қазіргі уақытта көне Л.ж. Вьетнам, Лаос, Мьянма және Тайланд елдерінде қолданылады. 1950 жылдары Қытайда көне Л.ж. негізінде жаңа Л.ж. пайда болды. Мектептерде аталған жазу пайдаланғанымен, кеңінен қолданылмады.

Мм

М әрпі – қазақ тіліндегі атауы – мы. Бұл әріп латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. <М> фонемасы кирил графикалы әліпбилерде Мм, латын графикасына негізделген әліпбилерде Mm әрпімен берілген. Базалық латын әліпбиінің құрамындағы М әрпі б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Қазақ жазуы тарихында <м> фонемасы 1929 жылға дейін /, 1929-1940 жылдардағы әліпбиде /Mm/, 1940 жылдан бері /Мм/ графемасымен беріледі.

М дыбысы – ерін-ерінді дауыссыз дыбыс, астыңғы және үстіңгі еріннің тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз. М дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дыбыс. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс.

Майкоп мәдениеті – Солтүстік Кавказдағы Қара теңізден Шешенстан, Ингушетияға дейінгі алқапты қоныстанған тайпаларға ортақ археологиялық ескерткіштердің ғылыми атауы. 1897-1898 жылдары Н.Василевский зерттеген Белая өз. маңындағы Майкоп қорғанына байланысты осылай аталған. М.м. қоныстары алғаш Қабардадан, Қара теңіз жағалауынан табылды.

Майя жазуы – көне замандардағы Орталық Америкадағы жазу. М.ж. үлгілері б.з.д. III ғасырдан б.з. XVI ғасырға дейінгі аралықты қамтиды. М.ж. тұтас сөзді немесе буынды белгілейді. Еуропалық зерттеушілер алғашында М.ж. таңбаларын Египет иероглифтеріне ұқсатқан. М.ж. керамикаларға, қабырғаларға, қағазға, тасқа, ағашқа жазылған нұсқалары бар. Қазіргі кезде М.ж. 7000 мәтіні мамандар тарапынан оқылып, зерттелген.

Македон әліпбиі – кирил әліпбиіне негізделген. Қазіргі М.ә. 1944 жылы құрастырылып, ресми түрде 1945 жылы бекітілді. Әліпби құрамына македон тіліне тән дыбыстарды таңбалайтын қосымша 8 әріп енгізілген: ѓ, ќ, ѕ, џ, љ, њ, ѕ, ј. Қазіргі М.ә. 31 таңбадан тұрады: Аа, Бб, Вв, Гг, Дд, Ѓѓ, Ее, Жж, Зз, Ѕѕ, Ии, Јј, Кк, Лл, Љљ, Мм, Нн, Њњ, Оо, Пп, Рр, Сс, Тт, Ќќ, Уу, Фф, Хх, Цц, Чч, Џџ, Шш.

Макрон – дыбыстың созылыңқы айтылуын білдіретін диакритикалық белгі. Араб, қытай, жапон сөздерін латын әліпбиінде транслитерациялау үшін де

қолданылады. Литва, латыш, бретон тілдерінде созылыңқы дыбыс М. диакритикасы арқылы беріледі: Āā, Ēē, Īī, Ūū.

Малаялам жазуы – малаялам (үнді) тілінің жазуы, малаялам әліпбиі (മലയാളലിപി). Дәстүрлі малаялам әліпбиі 50 әріптен тұрады. Әр дауысты дыбыстың созылыңқы және қысқа түрі бар. Созылыңқы дыбыс сөздің басында, қысқа дыбыс сөздің ішінде және соңында қолданылады.

Мали ұлттық тілдерінің әліпбиі – мали тілдерін жазуға арналған ортақ әліпби. 1982 жылы құрастырылып, кейіннен өзгерістер енгізілді: *', ʔ, Ă ă, Ɓ ɓ, Ḍ ḍ, Ɗ ɗ, Ɛ ɛ, Ǝ ə, Ɣ ɣ, Ḥ ḥ, Ɩ ɩ, Ɲ ɲ, Ŋ ŋ, Ɔ ɔ, Š š, Ṣ ṣ, Ṭ ṭ, Ƴ ƴ, Ž ž, Ẓ ẓ , gb, gn, kp, mb, nd, ng, nj, ŋm, sh, zh*. Бамана, буму, бозо, догон, мамара, сонинке, сонгай, сенара, тамашек және фула тілдерін жазу үшін қолданылады.

Мандомбе жазуы – 1978 жылы Мбанза-Нгунгуда Вабеладио Пайи құрастырған Африка жазуы (Конго Демократиялық Республикасындағы төменгі Конго провинциясындағы қала). М.ж. КДР, Ангола, Конго т.б. елдерде қолданылады. М.ж. киконго, лингала, луба, суахили (КДР ұлттық тілдері) және Орталық пен Оңтүстік Африканың басқа тілдерінде де пайдаланылады. Осы уақытқа дейін Мандомбені Юникод стандарты бойынша кодтау туралы ұсыныс болмаған. Жазуда дауыссыз дыбыстардың таңбасы жоқ. Олардың орнына төрт топқа бөлінетін арнайы негізгі белгілер (mvuala za mpamba немесе yikamu) қолданылады.

Мамырбек Гүлфар Мәжитқызы (1976) – тілтанушы ғалым. Негізгі ғылыми бағыты: транскрипция, текстология мәселелері, қазақ жазба мұраларының графикалық-орфографиялық ерекшелігін қарастыру, қазақ тілінің тарихи сөздік қорын жинақтау, ескі қазақ жазба тілінің құрылымдық жүйесін анықтау, қазақ қоғамында қолданылған араб жазуының ерекшелігін зерттеу, орфография мәселелерімен шұғылданады. «XVIII-XIX ғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері» атты тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Диссертацияда қазақ қоғамында қолданылған араб жазу жүйесінің графикалық, орфографиялық ерекшеліктері талданған.

Мандей жазуы – Египеттік иероглиф жазуынан шыққан Оңтүстік Месопотамияда қолданылатын мандей тілінің консонанттық жазу жүйесі. Әліпбидегі алғашқы әріптердің дыбыстық мәніне (*а, ба, га*) сәйкес М.ж. абагада немесе абага деп аталады. Мандей әліпбиінде 22 әріп бар. Алғашқы *а* әрпі тіл алды дауыстыларын, *ва* деп аталатын алтыншы әрпі тіл арты дауыстылары (u және o) мен v дауыссызын белгілейді. Йа әрпі і және е тіл алды дауыстылары мен у дауыссызын, сегізінші *эх* әрпі (арамей әліпбиіндегі *хет* әрпіне сәйкес келеді) созылыңқы *і* дауыстысын білдіреді. Әліпбидің он алтыншы әрпі (арамейдің *айн* әрпіне сәйкес келеді) сөз басындағы *е* дыбысын білдіреді.

Манипури жазуы – үндіари тілдер тобына жататын манипури тілінің жазуы. Жазудың түрі – абугида. XI-XII ғасырларда пайда болған бұл жазу XVIII ғасырдың аяғына дейін қолданылды. Оны шығыс нагари жазуы ығыстырды. Қазіргі кезде М.ж. қалпына келтіріп, қайтадан қолдану бастамалары көтерілуде.

Манихей жазуы – манихей дінінің таралуымен байланысты III ғасырдан бастап оңтүстік-батыстан Орталық Азияға және одан да тыс жерлерге таралған консонантты жазу жүйесі. М.ж. түркілердің арасында 760-805 жылдар аралығында қолданыста болды. М.ж. «Хаустуанафт», «Бөгү-қаған жазбасы» (VIII ғ.), байырғы түркі өлеңдерінің топтамасы, манихей дінінің трактаттары жазылған. М.ж. семит тобына тән консонантты жазу жүйесі болғандықтан, оңнан солға қарай жазылады.

Мансы жазуы – мансы тілінің жазуы. М.ж. 1931-1937 жылдары латын әліпбиін пайдаланған, 1937 жылдан қазірге дейін кирил графикасын қолданып отыр. 1979 жылы Е.И.Ромбандееваның ұсынысы бойынша мансы әліпбиіне созылыңқы дауысты дыбысты белгілеу үшін макрон диакритикасы енгізілді. Содан бері М.ж. өзгерген жоқ.

Маньчжур жазуы – алтай тілдерінің тұңғыс-манчжур тобына жататын манчжур тілінің жазуы. Ұйғыр жазуынан тарайтын моңғол жазуының өзгертілген нұсқасы. Алғашында моңғол жазуы сол қалпында қолданылды да, 1632 жылы бірқатар әріптерге диакритикалық белгілер (нүкте, сызықша, дөңгелек) қойылып, қосымша графемалар жасалды. Әліпбиде 30 негізгі және 7 қосымша таңба бар. М.ж. жоғарыдан төмен, тік жолдарға солдан оңғай қарай жазылады.

Маори тілінің жазуы – XIX ғасырдың басында Жаңа Зеландияда пайда болған жазу түрі. М.т.ж. латын әліпбиінің 15 таңбасы мен екі диграф және дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдіретін макрон диакритикасы бар. Маори сөздерінің орфоэпиясын көрсету үшін макронды ең алғаш Роберт Манселл 1842 жылы пайдаланды, алайда орфографияда қолданған жоқ. Лингвист Брюс Биггс созылыңқы дауыстыларды екі таңбамен берді (*кака* орнына *kakaa*), бірақ 1987 жылы Маори Тіл комиссиясы макрон диакритикасын қолдануға шешім шығарды.

Мари жазуы – кирил әліпбиіне негізделген. Кирилдегі М.ж. XVIII ғасырдың екінші жартысында пайда болды. Марий тілі бірнеше диалектілерге бөлінетіндіктен, әліпби жүйелерінде де аздаған айырмашылықтар бар. Мысалы, лугомарий әліпбиінде 36 таңба бар: Аа, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Ӈӈ, Оо, Öö, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Ӱӱ, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъъ, Ыы, Ьь, Ээ, Юю, Яя. Ал горномарий әліпбиіндегі таңбалар саны 37: Аа, Ää, Бб, Вв, Гг, Дд, Ее, Ёё, Жж, Зз, Ии, Йй, Кк, Лл, Мм, Нн, Оо, Öö, Пп, Рр, Сс, Тт, Уу, Ӱӱ, Фф, Хх, Цц, Чч, Шш, Щщ, Ъъ, Ыы, Ӹӹ, Ьь, Ээ, Юю, Яя. Лугомарий әліпбиіндегі Ӈӈ, горномарий әліпбиіндегі Ää, Ӹӹ таңбалары бір-бірінде кездеспейтінін көруге болады.

Матрес лекционис – консонанттық жазу болғандықтан, дауыстылар жазуда таңбаланбайды. Бұл қиындық тудыратындықтан, дауысты дыбыстарды артикуляциясы ұқсас дауыссыздардың таңбасы арқылы береді. М.л. угарит, моавит, финикий жазуларында кездеседі. Одан кейінгі кезеңде еврей, арамей, сирия және араб жазуларында кеңінен қолданылды.

Маюскул жазуы (латын. *«maiusculus»* – біршама үлкен). Екі паралелль сызықтардың ортасына ірі, бас әріптермен жазылатын жазу жүйесі. М. көне грек және латын жазуларында II ғасырға дейін қолданылды.

Мәскеу фонология мектебі – XIX ғ. 70-80 жылдарында Мәскеу университетінің ғалымдары қалыптастырған бағыт. Бұл мектеп құрамында орыс тіл білімінің көрнекті өкілдері Ф.Фортунатов, А.Шахматов, А.Пешковский болды. М.ф.м. көзқарастары 1945 жылы Мәскеуде жарық көрген Р.Аванесов пен В.Сидоровтың «Орыс әдеби тілі грамматикасының очеркі (I бөлім: фонетика және морфология)» кітабында баяндалған. М.ф.м. негізгі ұстанымы – тілдің фонемалық құрамын анықтауда морфологиялық критерийді қолдану (морфемалық бөлінуге жүгіну). М.ф.м. аясында фонологиялық позициялар теориясы мен фонеманың өзгеруі туралы ілім жасалды.

Мәт «~» – сөз басында келген «а» дыбысын таңбалап, сүйеу таяқтан ажырату үшін қойылған белгі. Сөз ортасында, сөз соңында келген «а» әрпі мәтсіз жазылады.

Мәтін (латын. *«textus»* – мата). М. белгілі бір затқа, ағашқа, тасқа, қағазға т.б. заттарға жазылады. М. өзара байланысты сөздер мен сөз тіркестерінен тұрып белгілі бір идеяны, ойды білдіреді. М. сөз, сөз тіркесі, сөйлем арқылы құрылады.

Мезоамерикалық жазу жүйелері – солтүстік Американдағы қазіргі Мексика территориясы ортасынан бастап Гондурас пен Никарагуаны қамтып жатқан көне тарихи-мәдени аймақтан табылған б.з.д. V ғасырдағы жазу үлгілері. М.ж.ж. ең алғашқы жазулар пайда болған Таяу Шығыс, Пасха аралындағы жазулардан дербес пайда болған. Жазба жәдігерлер ірі тас жартастарға, стеллаларға, сылақтарға, ағашқа, керамикаға жазылған. Ғалымдардың айтуынша, мезоамерика территориясында бұл жазу жүйесі кең таралған. М.ж.ж. әртүрлі тілдерге арналған жазу үлгілері болды. Олардың ішінде майя, ацтек жазулары толық оқылса, сапотек, теотикан, миштек, эпиольмес жазуларын әлі де толық оқу мүмкін болмауда. М.ж.ж. мазмұны мен мақсаты жөнінде пікірлері әр алуан. Кейбір ғалымдардың айтуынша, символдар мен суреттерге құрылған бұл жазулар діни мазмұнда.

Мероит жазуы – Куш патшалығының Мероит кезеңінің басында (б.з.д. III ғ.) М. тілін жазу үшін мысырлық және мероиттік иероглифтерден тұратын жазу. Грек тарихшысы Диодор (шамамен б.з.д. 50 ж.) тарихи кітабында бұл екі жазудың сипаттамасын берген. Мероит кезеңіне дейін мысырлық иероглифтер қолданылған.

Месопотамия (грек. *«mésos»* – ортасындағы, *«potamos»* – өзен). Тигр мен Евфрат өзендерінің ортасында орналасқан адамзат тарихындағы ең көне өркениеттердің бірі. Бұл өркениет б.з.д. 4 мың жыл бұрын қалыптасқан, ең көне мәдениет болып саналады. Ғылыми және басқа әдебиеттерде бұл атау «Қосөзен» деп те аталады. Оңтүстік М. б.з.д. 2 мыңжылдықта Вавилон патшалығы болған. Қазіргі М. Ирак, Сирияның солтүстік шығысы және Иран мен Түркияның шеткі территориялары енеді. М. территориясынан, оның ішінде Оңтүстік М. Шумер мәдениеті жалпыадамзаттық жазу мәдениетіне айрықша ықпал етті. Шумер

мәдениеті негіздерінің бірі – шумер тілі болды. «Шумер тілі» деген сөз осы тілде «туған тіл» деген ұғымды береді. Яғни қазіргі адамзат түсінігіндегі «ана тілі» деген тіркестің өзі М. бастау алған. Шумер тарихи жәдігерлеріндегі балшықтан жасалған тақтайшаларға салынған белгі-суреттер арқылы сына жазуы пайда болды. Кейін бұл жазулар ребус түріне, одан жазулардың жүйеленген түріне ауысты.

Месроп Маштоц (361/362-440) – армян әліпбиін жасаушы, армян әдебиетінің, мектебінің негізін салушы. М. Грузин және агван әліпбилерін де жасаған. М. тарихи еңбектері армян халқы жазуының жүйеленуіне, бірлігі мен тұтастығын сақтауына зор үлес қосқан.

Метатеза (грек. «*metathesis*», франц. «*metathese*» – орнын ауыстыру) – бір сөз ішіндегі дыбыс не буынның өзара орын алмасуы. Тарихи-фонетикалық өзгерістер (*қақпан-қапқан*), кірме сөздердегі дыбыстық өзгерістер (*құтпан-құптан*), түбір мен қосымшаның жігіндегі (*тепкі-текпі*) және жергілікті тіл ерекшелігіндегі (*дарбыз-қарбыз*) алмасулар М. негізінде пайда болады. М. сөздердің дамуындағы ерекше құбылыс болып саналады.

Мефодий Моравский, **Мефодий Солунский** (815-885) – византиялық миссионер, Моравиялық архиепископ. Інісі Кирилмен бірге славян азбукасын жасаған.

Моавит жазуы – семит тілдері тобына жататын моавит тілінің жазуы. 1868 жылы Иорданияда Меш моавит патшасының 34 жолды жазуы табылған. 1958 жылы Меш патшасының моавит тілінде жазылған қысқаша мәтіні табылған. Бұл бүгінгі күнге жеткен жалғыз мәтін. Моавит көне еврей тіліне жақын болғанымен, айтарлықтай айырмашылықтары бар. Көне еврей тілінде көпше түрдің жалғауы – īm болса, моавитте – īn, тек категориясы моавитте – at, көне еврейде – ā жалғауы арқылы беріледі. *Алу* етістігі көне еврейдегі – z жұрнағымен, моавитте – d жұрнағымен жазылған. Б.з.д. V ғасырдан бастап моавит тілі өлі тілдер қатарына жатады.

Молдова әліпбиі – молдова тілін жазу үшін қолданылатын кирил әліпбиі. 1989 жылға дейін Кеңес Одағының басқа аудандарында тұратын молдавандар М.ә. қолданды. Бастапқыда Молдавия графикасы ескі славян әліпбиіне негізделген кирил графикасын пайдаланды, XIX ғасырдан бастап орыс әліпбиі, 1989-1993 жылдар аралығында румын әліпбиі қолданыста болды. М.ә. қазіргі уақытта Приднестроведе қолданылады.

Мон жазуы – мон тілінің жазу жүйесі. М.ж. бирма, ланна жазуларынан тараған. Қазіргі графикалары (4 әріптен басқа) бирмаға сәйкес келеді, бірақ қосымша әріптер мен диакритикалық таңбалар да бар. Мон тілінде табылған ең көне жазбаларға Бирма аумағынан табылған әйнектегі және Тайландтағы Сарабури провинциясында тасқа жазылған жазулар жатады. М.ж. 35 дауыссыз дыбыс таңбасы, бірнеше диакритикалық белгі бар.

Моноґраф – бір ғана таңбадан тұратын әріп. Жазу жүйесі «бір дыбыс – бір таңба» принципіне негізделген тілдердің әліпбиінде М. қолданылады. Диграф, триграф, полиграфтарға қарағанда оқу-жазу үдерісі мен емле ережелерін үйретуде М. әлдеқайда жеңіл болады.

Монофтонг (грек. *«monos, phthongos»* – дыбыс) – жалаң дауысты. Қосындысыз, жалаң құрамды дауыстылар: *а, ә, ы, і, ұ, у.* Ол артикуляциялық тұрғыдан біркелкі айтылып, акустикалық тұрғыдан бірыңғай естілетін дауысты дыбыс. Монофтонг дауысты дыбысты айтқанда сөйлеу мүшелері дыбысты айтып болғанша өзгеріссіз бір қалыпта тұрады. Оның акустикалық белгілері (форманттарының суреті) тұрақты болады. Монофтонгтардың дифтонгтардан негізгі айырмашылығы осында. Қазақ тілінің дауысты дыбыстары негізінен монофтонгтардың қатарына жатады (а, ә, ы, і, ұ, ү). Ал о, ә, е дауыстылары туралы ортақ пікір жоқ. Бір топ ғалымдар (Қ.Жұбанов, І.Кеңесбаев, С.Татубаев, Ж.Аралбаев т.б.) оларды монофтонгтар қатарына қосады да бірыңғай артикуляциялық, сипаттама береді. Осы дауыстыларды дифтонг қатарына жатқызып, акустикалық дәлелдемелер ұсынған пікір де бар.

Моңғол жазуы – моңғол тілінің жазуы. XIII ғасырдан бастап моңғол халқы 10-ға жуық жазу жүйесін қолданды. Осы жүйелердің кейбіреулері кейіннен басқа тілдерге бейімделді. XVII ғасырдан бастап моңғолдар арасында буддизмнің позициясы күшейе бастаған кезде, тибет дәстүрінде білім алған моңғол монахтарының саны көбейді. Олар тибет әліпбиін өзгертпестен пайдаланып, ескі моңғол әліпбиінің орфографиялық нормаларын өз жазбаларына көшірді. Классикалық М.ж. моңғол фонологиясынан басқа тілдерге, атап айтқанда қытай тіліне жарамсыз болды. Юань әулетінің негізін қалаушы Моңғол ханы Хубилай Тибеттік монах Дромтон Чогял Пагпеге (Пагба Лама) бүкіл империя қолдана алатын жаңа әліпби әзірлеуді бұйырды. Пагпе моңғол және қытай фонетикасын көрсету үшін қосымша таңбалар қосып, тибеттік жазуды пайдаланды, ескі моңғолға ұқсату үшін жоғарыдан төменге және солдан оңға қарай жазу тәртібін орнатты.

Мордва жазуы – фин-угор тілдеріне жататын мокша және эрзян тілдерінің жазуы. XVIII ғасырдан бастап кирил әліпбиінде. Қазіргі әліпби 1920 жылдардың соңынан бері қолданылып келеді.

Моррис Халле (1923-2018) – американ лингвисі, фонолог ғалым, Массачусет технологиялық университетінің профессоры. М.Р.Якобсон және Г.Фантпен бірге тілдегі айырым белгілердің теориясын және Н.Хомскимен бірге «Ағылшын тілінің дыбыстық моделі» кітабында фонологияға генеративті грамматика принциптерін көшірді.

Моффат Роберт (1795-1883) – бенуэ-конголез тобындағы банту тілдеріне жататын тсвана (сетсвана) тілінің әліпбиін құрастырушы, Оңтүстік Африкадағы шотланд миссионері. М.Роберт әліпбиі латын графикасына негізделген. Осы әліпби арқылы Библия және басқа да діни әдебиеттер жарыққа шыққан.

Мун шрифті – зағип адамдарға арналған қаріп. М.ш. бедерлі латын әріптері қолданылады. М.ш. әжептәуір жасқа келіп, көздері көрмей қалған, бірақ әріптердің тұрпатын білетін адамдар үшін жасалады. М.ш. ағылшын докторы Уильям Мун (1818-1894) ойлап тапқан. М.ш. қисық, бұрыш тәріздес, сызықтардан және 9 таңбадан тұрады. Таңбалар жеке дыбыстар, буындар, сөздер мен сандарға сәйкес келеді. Қазіргі таңда М.ш. қарағанда Брайль шрифті кең қолданылады. М.ш. жазылған әдебиет тек Англияда ғана бар.

Мутеферрика Ибрагим (Ибрахим) (1674-1745) – Осман империясының мемлекет қайраткері, ұлты венгр, ислам дінін қабылдаған дипломат, картограф, астроном, мұсылман әлеміндегі тұңғыш баспагер, араб әрпімен шығаратын алғашқы баспахананың негізін салушы. 1710 жылы «Ислам туралы трактат» жазған. М. 1719 жылы араб әрпінің клишесін жасады, 1729 жылы алғашқы кітап жарыққа шықты.

Мұрын қатысатын дыбыс – мұрыннан шығатын дыбыстар: *м, н, ң.* 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезіне дейін, А.Байтұрсынұлы еңбектерінде бұл дыбыстар *(м, н, ң)* ұяң дауыссыз деп аталған. Елдес Омаров ол үшеуі (м, н, ң) дауысының шамасына қарағанда жарты дауысты төрт дыбысқа жақын екенін, сондықтан дыбыс жүйесінше бұл жетеуі бір тап болып, барлығы да жарты дауысты атанғанын ескерте келіп, дыбыс жүйесі жағынан бұлардың ерекшелігі барын, яғни, «л», «м», «н» – үшеуін айтқанда оларға мұрын қатысатынын, «р», «л», «у», «и» – төртеуіне мұрын қатыспайтынын айтады. Сондықтан бұл жарты дауысты жетеуі өз ішінен екі бөлініп, мұрыннан шығатын үшеуі «ымырасыз» деп, қалған төртеуі «ымыралы» деп аталған.

Мұрын шығысты дыбыстар (босаң бөгеулі, қысаң бөгеулі, тұйық бөгеулі) – шала дауыстылар (үнділер). Босаң жолды деп топтап отырған шала дауыстылар қазіргі жуысыңқы дауысыздар, яғни сөйлеу мүшелерінің бір-бірімен жуысуы арқылы жасалады. Қысаң жолды шала дауыстының артикуляциясы күрделі, сондықтан да қысаң жолды деп аталады. Шала дауыстының құрамында жүрген *[л]* дауыссызы тіл ұшы мен тістің тоғысып, екі жаны бос қалу арқылы жасалады. Босаң бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауыстының құрамында жүрген *[ң]* дауыссызының жіңішке әуезді түрі тіл ортасы мен таңдайдың, ал жуан әуезді түрі тілшік пен тіл түбінің (тілшік пен тіл түбінің) тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Қысаң бөгеулі шала дауыстының артикуляциясы да сөйлеу мүшелерінің тоғысуы арқылы жасалып, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауысты құрамында жүрген *[н]* дауыссызы тіл ұшы мен тістің тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады. Шала дауыстының құрамында жүрген *[м]* дауыссызы ерін мен еріннің тоғысуы арқылы жасалады, ауа мұрын қуысы арқылы шығады.



Мырзабеков Сапархан Ниязбекұлы (1937) – филол. ғыл. канд., доцент. «Қазіргі қазақ тіліндегі етістіктердің құрылымына статистика-лингвистикалық талдау (М.Әуезовтің «Абай жолы» романы бойынша)» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Көп томдық «Қазақ тілінің түсіндірме сөздігін», М.Әуезовтың «Абай жолы» романы (1978) және 20 томдық шығармалары тілінің (1996) жиілік сөздігін құрастырушылардың бірі. «Қазақ тілінің фонетикасы» (1993), «Қазіргі қазақ тілі фонетикасы» (1996), «Қазақ тілі дыбыс жүйесіндегі дистрибуциялық пен функцияналдылық» (1998) еңбектерінің авторы.

Мяо жазуы – әр кезеңдерде қолданылған мяо тілінің жазуы. Мяо немесе хмонг – бұл Қытайда (Сычуань, Юньнань, Гуйчжоу, Гуангси), Вьетнамның солтүстігінде, Таиландта және Лаоста мяо немесе хмонг өкілдері сөйлейтін диалектілер тобының атауы. XX ғасырдың басында С.Поллард мяо диалектілерінің бірі үшін қарапайым геометриялық пішіндегі түпнұсқа жазу жасады. Поллардтың жазуы қазіргі уақытта мяо тілінің солтүстік диалектісі үшін қолданылады. 1951 жылы Қытайда латын негізіндегі М.ж. пайда болды. Әліпбиге стандартты латын әліпбиінің 26 әрпі енгізілді. 1956 жылы Қытайда кеңестік лингвистердің көмегімен мяо тілінің төрт диалектісі үшін жаңа жазу жүйесі жасалды.

Нн

Н әрпі – қазақ тіліндегі атауы – ны. Бұл әріп латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. <Н> фонемасы кирил графикалы әліпбилерде Нн, латын графикасына негізделген әліпбилерде Nn әрпімен берілген. Қазақ жазуы тарихында <н> фонемасы 1929 жылға дейін /ن/, 1929-1940 жылдардағы әліпбиде /Nn/, 1940 жылдан бері /Нн/ графемасымен беріледі.

Н дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссызы. Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс. Тіл ұшының күрек тіспен тоғысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс.

Набатей жазуы – б.з.д. II ғасырда Набатей территориясында пайда болған жазу жүйесі, арамей жазуынан тараған константалық фонетикалық жазу. Араб тайпаларының Набатей патшалығында кең таралған бұл жазу қазіргі Иордания, Израиль, Сирия және Сауд Арабияда кеңінен қолданылады.



Назарбаев Нұрсұлтан Әбішұлы (1940) – мемлекет қайраткері, Қазақстан Республикасының тұңғыш Президенті. Н. қазіргі заманғы әлемдік өзгерістерді және елдегі саяси-әлеуметтік реформаларды ескере отырып, алғаш рет 2012 жылғы желтоқсан айында жария еткен «Қазақстан-2050» Стратегиясында 2025 жылдан бастап латын әліпбиіне көшуге кірісу керектігін мәлімдеді. Ал 2017 жылғы 12 сәуірдегі «Болашаққа бағдар: рухани жаңарту» мақаласында қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің маңыздылығын айта келе, 2025 жылға қарай жаңа әліпбиге көшуді аяқтауды тапсырды. Н. 2017 жылғы 26 қазандағы №569 Жарлығымен алғашқы латын графикасына негізделген апострофты қазақ әліпбиін бекіткенімен, 2018 жылғы 19 ақпандағы

№ 637 Жарлығымен өзгеріс енгізіп, қазақ әліпбиінің акутті жаңа нұсқасын қабылдады. Бұл әліпби бойынша республикада ақпараттық-насихат, сынама-сараптама жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде бекітілген акутті нұсқадағы әліпбиді тағы да жетілдіру туралы тапсырма берілді.

Нанай жазуы – нанай тілінің жазуы. Н.ж. 1931-1937 жылдары латын әліпбиін, 1937 жылдан қазірге дейін кирил әліпбиін қолданады. Н.ж. орыс әліпбиінің барлық 33 әрпі мен қосымша Ӈ ӈ таңбасы бар. Алайда көптеген басылымдар Ӈ ӈ әрпінің орнына Нг нг диграфын пайдаланды. 1983 жылы С.Н.Оненко нанай кирил әліпбиі мен емле ережелерін реформалап, Ӈӈ әрпін заңдастыруды және дауысты дыбыстардың созылыңқылығын білдіру үшін екі әріппен жазуды ұсынды.



Нджойя Султан Ибрагим (1860-1933) – бенуэ-конголез тобына жататын бамум тілінің төл әліпбиін құрастырушы, Африкадағы Бамум сұлтанатының билеушісі болған оқымысты. Н. бұл жазуды бірнеше рет өңдеген. Соның негізінде бамум жазуы идеографиялық жазудан буындық жазу үлгісіне дейін жетілдірілді. Бұл жазу алғашқы төрт әріптің атауымен «а-ка-у-ку» деп те аталады.

«Не деген жаны берік көк шолақ?» – «Өзі» деген псевдоним иесінің «Еңбекші қазақ» газетінің 1925 жылдың 30 мамырында жарияланған мақаласы. Мақала осы басылымның 312-санында жарияланған латыншылдың мақаласына жауап ретінде жазылған. Автор латыншылдың араб әрпінің кемшіліктері ретінде көрсеткен тұстарына жауап береді. Латыншылардың «араб әрпі кәрі, бұл әріппен «Құран» жазылған» деген сөзіне латын әрпі араб әрпінің бабасы болатынын, онымен «Інжіл» жазылғанын қарсы қояды. Араб әрпінің ірілі-ұсақты әріптері тез танылып, оқуға жеңіл болатынын алға тартады.

Неміс әліпбиі – неміс тілінің жазуында қолданылатын латын негізді әліпби. Әліпби 26 латын әріптен тұрады: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Qq, Rr, Ss, Tt, Uu, Vv, Ww, Xx, Yy, Zz. Бұлардан басқа 3 умлаут – Ää, Öö, Üü және ß лигатурасы бар. Көне неміс тілінде руникалық жазу қолданылды. XII ғасырдан бастап толықтай латын әліпбиіне көшті. Готикалық қаріптер тобына кіретін швабахер (Schwabacher) шрифтісі XV-XVI ғасырларда кең таралды, ол XX ғасырдың басына дейін қолданылды. Кейінірек XIX ғасырдың аяғынан бастап антиква жазуы көбірек қолданыс тапты. Антиква готикалық жазудан гөрі қарапайым және оңай қабылданатын шрифт болып саналды. Бұл жазу 1920-30 жылдары зюттерлин шрифтісі (Sütterlinschrift) мен халық шрифтісімен алмастырылып, 1941 жылға дейін қолданылды. XX ғасырда шрифтілердің көбін типограф Рудольф Кох ойлап тапқан, ол Оффенбах шрифтісі және неміс шрифтісі деп те аталады.

Aa	Ää	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg
Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo
Öö	Pp	Qq	Rr	Ss	ßß	Tt	Uu
Üü	Vv	Ww	Xx	Yy	Zz		

Ненец жазуы – ненец тілінің жазуы. Н.ж. 1931-1937 жылдары латын әліпбиін, 1937 жылдан қазірге дейін кирил әліпбиін қолданады. Н.ж. орыс әліпбиіндегі 33 әріп пен нг диграфы және ларингиаль дыбысты білдіретін ’ белгісі бар. 1950 жылы нг диграфы Ӈӈ таңбасына ауыстырылды.

Неографизм (ағылш. «*neographism*», неміс. «*neographismns*», грек. «*neos*» – жаңа; «*graphein*» – жазу) – сөздің айтылуына әсер етпейтін орфографиялық жаңалықтар туралы айтылатын атау немесе жаңа емлеге деген құмарлық. Мыс., емле ережесі бойынша сөз тіркесі құрамындағы сөздердің негізгі формалары сақталып жазылады, бірақ ол ережелер сөздің айтылуына әсерін тигізбейді: *ақ лақ – ағлақ, ала ат – алат.*

Нигер ұлттық тілдер әліпбиі – нигер тілдерін жазуға арналған жиынтық әліпби. Зарма, канури, тамашек, фула және хауса тілдерін жазу үшін қолданылады. Әліпбилер 1966 жылы бекітіліп, 1981 және 1999 жылдары қайта қаралды.

Нидерланд әліпбиі – герман тілдер тобына (оның ішінде Батыс Герман) жататын нидерланд тілі немесе голланд тілінің әліпбиі. Алғашында Н.ә. 23 таңба болған: a, b, c, d, e, f, g, h, i, k, l, m, n, o, p, q, r, s, t, v, x, y, z. Кейіннен j, u, w әріптері қосылды (кейде у әрпінің орнына қолданылатын ij лигатурасы бар). Ал q, x, y әріптері тек кірме сөздерді жазу үшін пайдаланылған. Н.ә. диерезис және акут диакритикасы бар.

Нивх жазуы – нивх тілінің жазуы. 1931 жылы КСРО-ның Қиыр Солтүстік және Қиыр Шығыс халықтары үшін Е.А.Крейнович латын графикасы негізіндегі нивх әліпбиін жасады: 1937 жылы Н.ж. ресми түрде кирил әліпбиіне көшірілді. Әліпби құрамында апострофты *К’к’, П’п’, Р’р’, Т’т’* әріптері және нг диграфы болды, щ, ъ, ы әріптері болмады. 1953 жылы В.Н.Савельева Амур диалектісі негізіндегі нивх әліпбиін құрастырды. Ол әліпбиде орыс әріптерінің барлығы және *Г’г’, Гг’гг’, Кк кк, Къ къ, Ккъ ккъ, Н’н’, Пъ пъ, Рш рш, Тъ тъ, Хх хх, Х’х* таңбалары болды.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ɗɗ	Ee	Əə	Ff
Gg	Hh	Ɓɓ	Ii	Jj	Kk	K'k'	Ll
Mm	Nn	Ɲɲ	Ŋŋ	Oo	Pp	P'p'	Qq
Q'q'	Rr	R'r'	Ss	Tt	Ƭƭ	T't'	Uu
Vv	Xx	Zz					

Нко жазу жүйесі – 1949 жылы Гвинея жазушысы Соломана Кантенің Батыс Африкадағы манде тілдері үшін жасаған жазу жүйесі, шрифт және осы жазуды қолданатын әдеби тілдің атауы. N'Ko барлық манде тілдерінде «мен айтамын» дегенді білдіреді. Бұл жазуда араб әліпбиіндегі бірқатар белгілер бар. Нко алғаш рет Канканда (Гвинея) манинка тілі үшін қолданыла бастады және Батыс Африканың манде тілдерінде сөйлейтін барлық аймақтарына таралды. 2005 жылғы жағдай бойынша Нко жазуы негізінен Гвинея мен Кот-д' Ивуарда (тиісінше манинка мен дьюла үшін), сондай-ақ, Малидегі қауымдастықта (бамбара тілі үшін) қолданылды. НКО оңнан солға қарай жазылады.

Ноғай жазуы – ноғай тілінің жазуы. Н.ж. тарихы 3 кезеңнен тұрады. Н.ж. 1928 жылға дейін араб жазуын, 1928-1938 жылдар аралығында латын жазуын қолданған. 1938 жылдан бастап кирил жазуын пайдаланып келеді. Н.ж. араб әліпбиінің барлық әріптері және оған қосымша ноғай тілінің тілдік ерекшеліктерін көрсететін ڭ, ۇ, ۋ, پ, ں, ڃ, ڑ , گ таңбалары енгізілген. 1926 жылы араб графикалы Н.ж. реформа жасалды. 1928 жылдан бастап ноғай халқы латын негізді әліпбиге көшті. Олар: a, в, ç, d, e, ə, f, g, ƣ, i, k, l, m, n, ŋ, o, ө, p, q, r, s, ş, t, u, y, j, ь, z, v. Көптеген дереккөздерде бұл әліпбидің авторы ретінде Ачикулак орта мектебінің мұғалімі А.Жәнібеков көрсетілген. 1929 жылы осы әліпби бойынша алғашқы ноғай әліппесі жарық көрді. 1931 жылы Бірінші жалпыдағыстандық орфографиялық конференцияда ноғай әліпбиіне 6 таңба қосылды. Атап айтсақ: C c, Ӏ ӏ, F f, H h, X x, Ƶ ƶ. Бұлардың ішінде C c, F f, H h, Ƶ ƶ таңбалары кірме сөздерді жазуда қолданған. Кейіннен КСРО елдерінің кирил графикасына көшуіне байланысты 1937 жылы ноғай халқының орыс әліпбиіне көшуі туралы мәселе көтерілді. 1938 жылы жаңа кирилнегізді әліпби жарияланды. Бұл әліпбиде ноғай тілінің тілдік ерекшеліктерін танытатын /ö/ және /ÿ/ таңбалары берілмеген. Әліпбидің кемшіліктері ескеріле отырып, 1960 жылы Н.ж. реформа жасалды. Нәтижесінде әліпбиге Аь және Ё таңбалары қосылды.

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н
Нъ нъ	О о	Оь оь	П п	Р р	С с	Т т	У у
Уь уь	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я			

Нунация немесе тануин – араб тіліндегі белгісіз халдегі есімдер н дыбысына аяқталады, ал оның алдындағы дауысты дыбыс сөздің қай септікте тұрғанына байланысты өзгеріп отырады, бұл жалғауларды білдіретін диакритикалық белгіні Н.н.т. деп атайды. Н.н.т. үші түрі бар: атау септігі ун, ілік септігі ин, табыс септігі ан.

Нүкте « . » – тыныс белгісі. Қолданылуы: 1) аяқталған ойды сөйлемдер арқылы бір-бірінен ажырататын орында; 2) қысқартылған сөздердің соңынан; 3) қысқартылып айтқан сөйлемдердің соңынан қойылатын белгі.

Ңң




Ң әрпі – қазақ тіліндегі атауы – ың. <Ң> фонемасы 1929 жылға дейінгі араб жазу жүйесінде 7-8 түрлі нұсқада беріліп диграф, триграфтар арқылы да жазылды. Бұның басты себебі, араб әліпбиінде ң дыбысын білдіретін таңба жоқ. 1929 жылғы әліпбиде <ң> фонемасы латынның /Ŋŋ/ әрпімен берілді. 1940 жылы С.Аманжолов қазақ кирил әліпбиін түзуде <ң> фонемасын оның жіңішке варианты <н> фонемасынан ажырату мақсатында әріптің төменгі тұсына ілмек қою арқылы /ң/ графемасын беруді ұсынған.

Ң дыбысы – таңдай мен тіл ортасы арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ортасы дауыссызы. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі мол тербеледі. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тілшік, тоғысыңқы, үнді. Сөз басында кездеспейтін дауыссыздардың бірі.

Оо

О әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <о> фонемасы О әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде де сол күйінше таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында О әрпі шамамен б.з.д. VI ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылдардағы әліпбилерде <ө> фонемасы латынның О графемасымен берілген. 1940 ж. бері ол кирил графикасындағы /о/ әрпіне ауыстырылды. О әрпі сөздің басында және ортасында ғана жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – о.

О дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады, еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – ерін, жасалу орнына қарай – тіл арты дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, ерін, тіл арты дауысты дыбыс. Дауысты құранды (дифтонг) болып табылады, басқы сыңары қысқа [w] дауыссыз дыбысы болып табылады: ^{w}ол, ^{w}от, б^{w}ол, т^{w}от т.б. Төл сөздердің бірінші буынында ғана кездеседі.

Огам жазуы – Ирландия мен Ұлыбританияда қолданылған ежелгі пикт пен кельттердің құпия жазуы. О.ж.  тәрізді тек қана сызықтардан құралған. О.ж. жиырма таңбадан тұрады, осы жиырма таңба төрт топқа бөлінген, әр топқа бес таңба енгізілген. Мысалы, бірінші «Aicme Beithe» тобы b, l, f, s, n дыбыстарын білдіретін бес таңбадан, «Aicme hÚatha» тобы h, d, t, c, q, «Aicme Muine» тобы m, g, ŋ, s, r, «Aicme Ailme» тобы a, o, u, e, i дыбыстарын білідретін бес таңбадан тұрады. О.ж. әліпбилік реті бірінші топтағы алғашқы екі әріптің атауымен «Beith-Luis-Nin» деп аталады, бұндағы үшінші Nin сөзі «шанышқы бұтақ» деген ұғымды білдіреді. О.ж. сақталған ескерткіштер б.з. д. V-VI ғасырларда жазылған.

Ой жазу – жазу мен ойлау, жазу мен сана қатынасын көрсететін ұғым. Қазір адамдар бір уақыт пен кеңістік шегінде өмір сүріп жатса да, бір-бірімен пікір алмасуына, бірінің ойын бірі толық білуіне мүмкіндігі (уақыты) жоқ. Осыған орай адамдар тілді екі бағытта қолдануға қалыптанғаны көрінеді. Бірі – тілдің коммуникациялығы, екіншісі – саналы ойды жарыққа шығару, ойын жүйелеу, бекітуге қызмет етуші тілдің ойжасамдық бағыты. Екінші бағыттың ерекшелігі – саналы ойдың «қағазға түсуі». Жазу пайда болғалы тілдің ойды жасау қызметін жазу атқаратын болды. Жазу дербестігі күшейгенде ой-тіл-жазу қатынасы О.ж. қатынасына көшеді. Қазіргі адамның санасы сөз мағынасын оның қалай естілетініне қарамастан, графикалық портретін елестетіп барып түсінеді. Көз жазба мәтінді көріп, ондағы графикалық морфемаларды графикалық мәнмәтінде алып оқиды. Мәтін мазмұны адам санасына сөздің графикалық кеңістіктегі орны (азатжол, парақ басы, соңы), мазмұны (бас әріп, кіші әріп), дыбыстық мағынасы (әріп түрлері), мәні (қарайтылған, асты сызылған, жазба әріптер, үзілмелі жазылған), тыныс белгілер сияқты графикалық портретімен қоса қабылданады.

«Оқу құралы. Қазақша алифба» – А.Байтұрсынұлының еңбегі. 1912 ж. Орынбор қаласында жарық көрген. Автор «Балалар, бұл жол басы даналыққа» деп басталатын «Тарту» атты ғибрат тақпағын оқулықтың беташары ретінде берген. Кітаптың әріп үйретер бірінші бетінің үстіңгі оң жағына Құран сөзі «Биисмиилләһи рахмани-рәһим» орналастырылған. Әрі қарай қазақ әріптері төте жазу жолымен рет-ретімен беріледі де, әрбір харіптің тұсына таңбасы және сол таңбаның атауы жазылады және төменгі жағына оқытушыға түсінік, яғни нұсқаулығы қатар ұсынылған. Оқулықтың балаларды сауаттандыруда маңызы зор болған, соның нәтижесінде 1912, 1913, 1914, 1916, 1921, 1922 (2 рет), 1923, 1925 жылдары жарық көрген.

«Оқыту жайынан» – А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Қазақ» газетінің 1913 жылғы 7 қыркүйектегі 29-санында жарық көрген. Автордың бұл мақаласын жазуға Т.Жомартбаевтың: «Әуелі қазақша оқытуға керек кітаптар дайар ма?» деген сауалы түрткі болған. Бұл сауалға орай мақалада қазақша оқытудың толып жатқан мәселелерін қозғай отырып автор: «...қазақ мектебінде оқытатын қазақ тілінде әліппелерден басқа кітап жоқ. Бірақ олардың бәрі де болады. Қазақ мектебінде оқу үш жылдық болуы қолайлы. Сол үш жылға керек кітаптар шығуына талап етіп жатырған адамдар бар. Олар шыққанша мұғалімдер де өз тарапындағы кемшілік жерлерін толтыруға қам қыларға керек» деген ойын айтады.

Ол-чики – австроазия тілдерінің мунда тармағына жататын сантали тілінің жазуы. 1925 ж. Пандит Рагхунатх Мурму құрастырған әліпби. Бұрын сантали тілінде бенгал, ория немесе латын әліпбиі қолданылған. Сантали үнді-еуропалық тілдерге жатпайтындықтан, бұл әліпбилер ыңғайсыз болды, мунда тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкес келмеді. О. 30 таңбадан тұрады, олардың пішіндері кездейсоқ таңдалмаған, әріптердің атауы пайда болатын сөздерге ұқсас келеді. Жазу бағыты – солдан оңға қарай.



Омаров Елдес (1892-1937) – ғалым, Алаш қозғалысының қайраткері. Орынбордағы орыс-қазақ мұғалімдер мектебін бітірген. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесін, жазу емлесін, терминжасамды, т.б. зерттеген. Ғалымның ой-тұжырымдары «Тіл заңын бұзбау керек», «Қазақ тілінің дыбыстары», «Емле өзгертуге арналған жоба», «Емле мәселесі», «Жазу мәселесі», «Қазақша жазу жайы», «Айнымалы дыбыстардың жазу ережесі», «О сочетании звуков казахского языка» т.с.с. мақалаларында, «Қазақ тілі» оқулығында, 1924 жылғы Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының тұңғыш сиезінде, 1926 жылы Баку қаласында өткен Бүкілодақтық түрікшілер конференциясында, 1927 жылы Ташкентте әліпби мәселелесіне байланысты айтыста, 1929 жылы Қызылордада өткен ғылыми-орфографиялық конференцияда сөйлеген сөздерінде көрініс тапқан. О. қазақ тілінің дыбыс ерекшелігін сөз етуде А.Байтұрсынұлы еңбектерін басшылыққа алған. О. ұстазының ойларын сол күйінде қайталамай, сан қырынан қарастырып, толықтырып отырған. Ғалым қазақ тілінің дыбыстық жүйесін сезініп қана қоймаған, тілдегі дыбыстарды жан-жақты тексеріп, түрлі аппараттарды қолданған. Қазақ емлесі қандай негізге (принципке) сүйенуі керектігі туралы сөз болғанда, О. «Қазақша жазу жеңіл болу үшін де, дұрыс болу үшін де, – дыбыс жүйесінше болуы керек. Сондықтан біз жазу ережелерін тексеріп түзегенде, оның дыбыс жүйесінше болуын ескеруіміз керек. Біздің ұстаған негізгі жолымыз дыбыс жүйесі болуға тиіс», – деп тұжырымдайды. О. тіл білімінің түрлі салаларына еркін бойлап, тіліміздің заңдылықтарын дұрыс таба білген. А.Байтұрсынұлымен бірлесіп, «Қазақша жазу тақырыпты жаңа ережелер» құрастырған («Қазақ тілі» газеті. 1923 жылдың 22 наурызы). 1924 жылы Қазақ білімпаздарының тұңғыш сийезінде баяндама жасаған. О. тілдің табиғатын, заңдылықтарын терең білген ғалым, тіл жанашыры.

Омоглиф (грек. *«μμός»* – бірдей, грек. *«γλυφή»* – белгі) – типографиялық термин. О. – графикалық жағынан бірдей немесе бір-біріне ұқсас, әртүрлі мағынаға ие белгілер. Олар әсіресе әртүрлі әліпбилерді қолданған кезде пайда болуы мүмкін. Мәселен, О әрпінің бас әрпі мен 0 араб цифры немесе латынның X таңбасы мен X (10) рим цифрын оңай шатастыруға болады. Бұл әсіресе конвертерлеу барысында біршама қиындық тудыруы мүмкін. Санның орнына жұмсалатын таңба әріп мәнінде жұмсалып кету қаупі бар. О. термині синоглиф терминіне қарама-қарсы.

Ономатопея (латын. *«onomatopoeia»* – сөз тудыру) – дыбысқа еліктеу арқылы сөз тудыру немесе дыбыстық еліктеу. Бұл табиғи дыбыстарға (жел, су, найзағай), жансыз заттарға (машиналар, түрлі құралдар), жануарларға еліктеуден пайда болған сөздер немесе сөздер тобы. Дыбысқа еліктеу теориясы тілдің пайда болу теорияларымен байланысты. Бұл теория бойынша тіл адамның табиғи дыбыстық және дыбыстық емес белгілерге еліктеуден пайда болған. Дыбысқа еліктеу теориясын ұсынғандар (б.з.д. III ғасыр), кейін ол Г.Лейбниц, И.Гердер еңбектерінде жалғасын тапқан. Дыбысқа еліктеу теориясында дыбыс пен мағынаның байланысына ерекше

мән берілген. Бұл теорияны жақтамайтындар да бар. Олар дыбыстық символизмді жоққа шығарушылар болды.

Оңтүстік араб жазуы (араб. «المُسْنَد» – *аль-мұснад)* – қазіргі эфиоп жазуы пайда болған ежелгі жазу жүйесі. О.а.ж. протоханаанейлік әліпбиден б.з.д. IX ғасырға дейін бөлініп шыққан. Ол сабей патшалығында, Катабанда, Хадрамаутта, Маина мен Химярда ежелгі Оңтүстік араб жазбаларын, сондай-ақ доаксумдік князьдіктерде геэздің ерте пішіндерін жазу үшін пайдаланылды. Біздің дәуірімізге дейінгі IX ғасырға жататын бұл әліпбидегі алғашқы жазбалардың бірі Эритреядағы Аққеле Гузай провинциясында жазылды. Вавилон мен Йеменде табылған жазбалар б.з.д. VIII ғасырға жатады. Оңтүстік араб жазуы б.з.д. 500 жылға қарай қалыптасты және VII ғасырына дейін пайдаланылды.

Орал фонетикалық әліпбиі (ОФӘ) немесе фин-угор транскрипция жүйесі – орал тілдерінің транскрипциясы үшін қолданылатын таңбалық жүйе. Оны алғаш рет 1901 жылы фин лингвисі Эмиль Нестор Сетяля шығарған. ОФӘ – нің негізгі белгілері фин әліпбиінен, ал қосымша белгілері кирил және грек әліпбилерінен алынған. Сондай-ақ, диакритикалық белгілер қолданылады.

Ория жазуы – брахми жазуы негізінде жасалған ория үнді тілінің жазуы. Ол орта ғасырларда Калинга мемлекетінде дамыды. Ең алғашқы үлгілер XI ғасырдың ортасынан бастау алады. Ол негізінен ория тілін жазу үшін қолданылады, дегенмен кейде санскриттегі мәтіндер де жазылған. Кейбір мәліметтерге сүйенсек, бұрын О.ж. чхаттисгархи тілі жазуына да қолданылған.

Ориенталистика – (латын. *«orientalis»* – шығыстық) Шығыс туралы ғылымның жиынтығы. О. негізгі зерттеу нысаны – Шығыс және оның жекелеген аймақтары: шығыс тілдері, шығыс мәтіндері, материалды ескерткіштер және рухани мәдениет, дін, тарих, экономика, саясат, халықаралық байланыстар. Бұл термин ең алғаш Батыста XVIII ғасырда пайда болған. Бірақ шығыс жөніндегі алғашғы деректерді ежелгі грек авторларының еңбектерінен кездестіруге болады.

Оромо жазуы – Эфиопия мен Кенияда тұратын оромо халқының жазуы. Бұл жазу бірнеше графикалық жүйеге негізделіп, бірнеше рет қайта жасалды. О.ж. үшін қолданылған алғашқы әліпби – араб әліпбиі деп саналады. 1839 ж. француз саяхатшысы Антуан д'Абади араб әліпбиімен жазылған құжатты оромо тілінде алды. Алайда, араб әліпбиі оромо арасында айтарлықтай таралмады. Онымен тек бірнеше діни мәтіндер жазылды. Оромо тілінің жазбалары XIX ғасырдың ортасында латын әліпбиінде жасалған, бірақ оромо ұзақ уақыт бойы ресми жазбаша тілге ие болған жоқ. XX ғасырда оромо тілі үшін эфиоп жазуын және Бакри Сапалоның буын жазуын қолдануға талпыныс жасалды. Араб әліпбиі де шамалы қолданылды. 1991 жылы qubee латын әліпбиі Эфиопиядағы оромо тілінің ресми жазуына айналды.

Орта дыбыс – дауысты дыбыстардай ашық айтылмайтын, дауыссыз дыбыстардай тым тұйық айтылмайтын дыбыс, жарты дауысты дыбыс.

Орта тыныс « ; » – 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылатын; сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе

нәрсе тұтас суреттелген жерде келетін *(Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ай істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді;)*, 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулермен құраспай, алды-алдына тұрған және де қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылатын *(Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наршамды алды; ой қыстаймын деп шотымды алды; қыр қыстаймын деп балтамды алды; қалауым деп бөрте атымды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды)* белгі, үтірлі ноқат. Қазіргі кезде ол атаулардың орнына *нүктелі үтір* тіркесі қолданылып жүр.

Ортақ түркі әліпбиі – 1991 жылы Стамбұл қаласында Халықаралық ғылыми симпозиумда қабылданған түркі тілдеріне арналған латын графикасындағы 34 әріптен тұратын әліпби. Бұл жиынға Әзербайжан, Қазақстан, Қырғызстан және Түркіменстан сияқты мемлекеттерден 28 тілші ғалым қатысты. Ортақ түркі әліпбиі жобасында 29 әріптен құралған Түркия әліпбиіне басқа түркі халықтарының дыбыстық жүйесі мен ерекшеліктеріне сай тағы да 5 әріп ұсынылды. Олар: A, B, C, Ç, D, E, F, G, Ğ, H, İ, I, J, K, L, M, N, O, Ö, P, R, S, Ş, T, U, Ü, V, Y, Z және Ä, X, Q, Ñ, W. Кейінірек Түркі кеңесі (Түркі тілінде сөйлейтін елдердің бірлескен кеңесі) отырыстарында және жазбаларда осы әліпбиді қолдану жайында шешім қабылданғанмен, кейінірек ол кеңеске мүше елдердің және тіл қоғамдарының еркіне берілді. О.т.ә. қатысты жиындар 1991 жылдан кейін де 1992 жылы 29 қыркүйек пен 2 қазан аралығында Қырғызстан астанасы Бішкекте Түркі Республикалары Білім министрлері мен Түркі халықтары Білім беру саласының өкілдері қатысқан конференцияда, 1993 жыл 8-10 наурызында TIKA (Түркі қарым-қатынас және жаңғыру агенттігі) ұйымы Анкарада ұйымдастырған әліпби және емле мәселелері туралы конференцияда жалғасын тапты.

Орташа дауыстылар – айтуда тілдің орташа деңгейде көтерілуінен пайда болған ашық дауыстылар *(о, ө, е)*.

Орфограмма (грек. «*orthos*» – түзу, «*gramma*» – жазу). Орфографияның қандай да бір ережесіне сәйкес келетін және оның қолданылуын талап ететін дұрыс жазылу нормасы. О. екіұшты болып келетін сөздердің жазылымы емле ережелері мен орфографиялық сөздікте нормаға түсіп, реттеліп отырады. Мыс., *күнә* ме, *күна* ма, *тәубесі* ме, *тәубасы* ма, *педагогі* ме, *педагогы* ма т.б. Сол сияқты біріккен сөздердің де орфограммасы орфографиялық сөздіктер арқылы нормаға түсіп отырады, мыс., бастапқы кезеңде *темір жол* бөлек жазылды, кейіннен біресе бөлек, біресе бірге жазылды, ал қазіргі таңда бірге жазылады.

Орфография (ағылш. «*orthography*», франц. «*orthographe*» – дұрыс жазу). Сөзді бірізді жазудың тәсілдерін реттейтін ережелер жүйесі. О. дыбыстарды (фонемаларды) қандай әріппен беруді, сөздерді, оның бөлшектерін бірге, бөлек немесе дефис арқылы жазуды, бас әріптердің қолданылуын, тасымал тәртібін

белгілейді. Кең түрде емле мағынасында қолданылып, тыныс белгілердің қойылу тәртібін де көрсетеді.

«Орфография және тыныс белгілері» – А.Қыдырниязованың оқу-әдістемелік құралы. Еңбекте орфографияны оқыту принциптері, қолданылатын әдістер, материалды меңгеруге арналған тапсырмалар, сонымен бірге емле қателерін түзету жолдары, қатемен жұмыс түрлері, пунктуацияға арналған тапсырмалар берілген. Еңбек арнаулы орта кәсіптік білім беретін оқу орны оқытушыларына, студенттерге, мектеп мұғалімдеріне, қызығушылық танытқан көпшілікке арналған.

Орфографиялық принциптер – дыбысталған сөздің, әдетте, әртүрлі жазылмауы, сондай-ақ оның әрқилы оқылмауы шарт. Бір сөзді әркім өз бетінше оқып, өз алдына жазатын болса, жазу-сызудың коммуникациялық мәні болмайды. Сондықтан дыбысталған сөзді хатқа түсірудің және оны сөйлеуде қайта жаңғыртудың жазарман мен оқырманға ортақ негізі болуға тиіс. Жазуда және жазылған сөзді жаңғыртуға басшылыққа алынатын негіз О.п. деп аталады. Жазу теориясында О.п. айқындалған бірнеше түрлері бар. Мыс., Л.Зиндердің көрсетуінше, тілдің жүйесіне лайықталған принциптер уәждемелі (мотивированные), ал тілдің өз бітімінен тысқары принциптер уәждемесіз (немотивированные) принциптер деп аталады. Уәждемелі принциптерге фонетикалық (фонематикалық), морфематикалық, грамматикалық принциптер жатады. Ал уәждемесіз принциптерге дәстүрлі, айырмыс (дифференцирующий), транслитерациялық, транскрипциялық, түпнұсқа (цитатный) принциптер жатады.

«Орфографиялық сөздік» – бастауыш, жеті жылдық және орта мектептерге арналған сөздік. Ең алғаш 1962 жылы Алматыдағы Қазақтың мемлекеттік оқу-педагогикасы баспасынан шықты. Редакциясын басқарған: Ғ.Мұсабаев. Құрастырушылар: Ғ.Мұсабаев, А.Хасенова, Р.Сыздықова, Х.Арғынов. Таралымы 50 000 дана. Сөздік кіріспеден, сөздікті пайдалану нұсқаулығынан, сөздіктен және қосымшадан (орфография ережелері) тұрады. Сөздікке қазақ әдеби тіліндегі күнделікті қолданылып жүрген және қолданысқа енді ене бастаған бірліктер енгізілген.

«Орфографиялық сөздік» – Қазақстан Республикасы Үкіметі жанындағы Республикалық терминология комиссиясы мақұлдаған сөздік. Құрастырушылар: Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, А.Әмірбекова. Жауапты редакторы Н.Уәли. Сөздіктің алтыншы басылымы жаңадан терминдер мен сөз тіркестерінің, көне сөздердің дұрыс жазылу емлесін көрсетумен ерекшеленеді. Сонымен қатар бірге және бөлек жазылатын сөздер тобы енгізілген. Сөздіктің алғысөзін жазған – Н.Уәли. Сөздер тізбесі әліпби ретімен көрсетілген. Сөздік соңында бас әріп емлесінің қысқаша түсініктемесі, қазақ тілінің негізгі емле ережелері, оның ішінде әріптердің емлесі, түбір сөздердің жазылуы, бөлек жазылатын сөздер, бірге жазылатын сөздер, қос сөздердің жазылуы, қосымшалардың жазылуы, шылау сөздердің жазылуы, бас әріптің қолданылуы, сөздердің тасымалдануы қосымша ретінде берілген. Сөздік мемлекеттік қызметшілерге, бұқаралық ақпарат

құралдары мен мәдени-әлеуметтік, қоғамдық ұйымдар, білім, ғылым саласындағы барша мамандар мен ғалымдарға, орта және арнаулы, жоғары білім орындарының оқытушылары мен студенттеріне, барша жұртшылыққа арналған.

«Орфографиялық сөздік» – Ж.Бейсекеева мен М.Сүлейменованың бастауыш мектепке арналған сөздігі. 1968 жылы Алматыдағы «Мектеп» баспасынан шыққан. Сөздікте оқулықта, әдеби шығармаларда, күнделікті өмірде, радио, теледидарда жиі қолданылатын сөздер қамтылған. Алғысөзді Х.Арғынов жазған.

Орфоэпия (ағылш. «*orthoepy*», франц. «*orthoepie*» – сөзді дұрыс айту). Сөздер мен сөз тіркестерінің ұлттық әдеби тіл нормаларына сай дұрыс айтылуын қамтамасыз ететін ережелер жиынтығы. О. тілдің ауызша сөйлеу нормаларын реттеп отырады. Әр тілдің орфэпиясы сол тілдің басты фонетикалық заңдылықтарына сүйенеді. Қазақ тілінде сөздің дұрыс айтылуы сингармонизм заңдылығына байланысты. О. дегеніміз, тар мағынасында, «жазылған сөзді (оптикалық сигналды) дыбыстық сөзге (акустикалық сигналға) көшірудің ережелері» болып табылады.

Орфоэпиялық заңдылықтар – ауызша сөздің интонациялық ерекшеліктерін, кідіріс, сөз ырғағы мен бунақтарын сақтап, сөздің дыбыстық және әуездік (суперсегменттік) құрылымын бұзбай айту. Айтылған сөздің бунақ, буын үндесімі мен дыбыс үндесімдері бұзылып, бунақ ырғақтары келіспей жатса, мәтіннің интонациялық бедері дәл түспей жатса, сөздің әсері азайып, тіпті тыңдаушысын мезі етеді. Сондықтан сөзді немесе жазба мәтінді дұрыс, сазына келтіріп дыбыстаудың, тиісті жерінде сөзге логикалық екпін түсірудің, жеке сөздердің орфоэпиялық нормаларын сақтаудың маңызы ерекше. Көп ретте сөздің жазылу нормасы мен айтылу нормасы сәйкес бола бермейді. Мыс., жазылуда *ақ отау*, айтылуда [ағотау]; жазылуда *дөңбек*, айтылуда [дөңбөк]; жазылуда *көзсіз*, айтылуда [көссүз], жазылуда *жұмысшы*, айтылуда [жұмұшшұ].

Орфоэпиялық сөздік – белгілі бір тілдегі сөздердің дұрыс айтылу нормасын көрсететін, дұрыс сөйлеуге бағыт-бағдар беретін құрал. О.с. сөздер мен сөз тіркестерінің үндесім (сингармонизм), үйлесім (ассимилятив) және айтылым үлгілері беріледі, әдеби тілдің айтылым нормалары көрсетіледі.

«Орыстар үшін қазақша әліппе» – Т.Шонанұлының 1931 жылы Алматыдағы «Қазағыстан» баспасынан жарық көрген, 88 беттен тұратын еңбегі. Кітапты ҚАССР Халық ағарту комиссарлары оқу-әдістемелік кеңесі қазақ тілін оқытуға арналған I жылдық оқулық ретінде мақұлдаған. Еңбек дұрыс жазу және қазақша сөйлеуге баулуға арналған, суреттермен безендіріліп, жазудың баспа және баспа түрлері көрсетілген; кітаптың соңында қазақша-орысша сөздік берілген.

Орхон-Енисей жазба ескерткіштері – Орхон, Енисей, Селенга және Талас өзендерінің бойынан табылған ескерткіштер. Басқа жерден табылғандардың өзі осы аталған өзендердің бірінің болмаса да екіншісінің маңынан онша алыстап кете қоймаған. Сондықтан Орхон мен Енисей бойынан табылған алғашқы ескерткіштер осы өзендердің атымен аталған да, кейіннен бұл атау сол тектес басқа ескерткіштерге де берілген. О.ж.е. сан жағынан көп, әрі көлемді болып

келеді. Олардың ішіндегі ең көрнектілері: 1) Білге қаған ескерткіші (Могилян). Мәрмәр тасқа екі тілде түркіше және қытайша жазылған. Жазудың көлемі 80 жол. 2) Күлтегін ескерткіші. Бұл да екі тілде жазылған. Жазудың көлемі 79 жол. 3) Тонықөк ескерткіші. Көлемі 62 жол. 4) Онгин ескерткіші. Елтеріс (Құтлығ) хан мен оның әйелі Илбилгеге қойылған құлпытас. Көлемі 20 жол. 5) Суджа ескерткіші. Көлемі 11 жол. 6) Күллі-чор ескерткіші. Көлемі 29 жол. 7) Мойын-чор (Селенга тасы) ескерткіші. Көлемі 39 жол. О.-Е.ж.е. VI-VIII ғасырлардағы тарихи деректерді баяндаумен қатар, түркі тайпаларының салт-дәстүрінен, мәдениетінен, тұрмыс-тіршілігінен мол мағлұмат береді. Ескерткіштердің негізгі идеясы – түркі тайпаларының ғасырлар бойы аңсаған арманы, тәуелсіздігі, жерін ішкі-сыртқы жаулардан қорғау. Ескерткіштерде Елтеріс (Құтлығ қаған), Күлтегін, Білге (Могилян), Тонықөк, Бумын т.б. қағандардың ерліктері суреттелген. Батыс Еуропа ғалымдары бұл ескерткіштердегі жазуды руна (құпия жазу) жазуы деп атаған.

Орхон жазуы. Орхон-Енисей жазба ескерткіштері ерте орта ғасыр дәуірін (VII-VIII) қамтиды, бірақ О.ж. шығу тегі, түркі ру-тайпаларында, түркі мемлекетінде қолданыла бастауы б.д.д. кезеңдерге қатысты екенін әртүрлі археологиялық деректер жоққа шығармайды. Академик Ә.Х. Марғұлан Қазақстанның көптеген жерінде әйгілі О.ж. жазуына өте ұқсас жазулар көп кездесетінін, мысалы, Жаңарқа жеріндегі Қалмаққырған тауының оңтүстік бүйіріндегі, Ертістің жоғары жағы, Шу, Іле, Талас өзендерінің бойындағы тас жазулары О.ж. типтес екенін еске ала келіп, О.ж. жақсы меңгерген елдер оғыз бен қыпшақтар, ертедегі наймандар, керейлер болғанын атап айтады. Тасқа қашалған Орхон жазбаларынан (V-IX ғ.) қазіргі қазақ тілінде қолданылатын географиялық атаулар – *Ертіс, Қазылық, Қара жоталық; қыпшақ, оғыз, қырғыз* т.б.; діни, мифтік, космонологиялық атаулар – *Көк, Тәңір, Жер-су, Ай, Жұлдыз* т.б., жыл есебі атаулары (*қой, тауық, сиыр* т.б.); қоғамдық-саяси терминдер – *ел, қаған, бек* т.б. этномәдени нышанды атаулар кездесіп отырады.



Орхон жазбаларынан, әсіресе, «Білге қаған», «Күлтегін», «Тоныкөк», «Кул-чоры», «Мойын-чор» т.б. ескерткіштерінде байырғы түркілердің елдігі (мемлекеттігі), билік жүйесі, қоғамдағы әлеуметтік жіктер, ел қағандары мен бектерінің, билеушілерінің, әскери қолбасшылардың, олардың ішкі-сыртқы саясаты, Орда кеңесшілері тәрізді тұлғалар жөнінде деректер көне түркілердің саяси-тарихи, этномәдени өмірін айқын танытады. Сонымен қатар көне түркілердің әлем жаратылысы, діни-мифологиялық танымын, салт-дәстүрін көрсететін үзіктер, қаған мен қара халықтың, билеуші топтағы мұрагерлік, елдік мүдде үшін ерлік көрсеткен көрнекті қаһарман тұлғалар жөнінде баяндаулар т.б. Ұлы Түрік қағанаты құрамындағы байырғы ру-тайпалардың тарихи, этномәдени шежіресі ретінде танылады. Сонымен бірге Орхон жазбалары көне түркі ру-тайпаларының тілдік-эстетикалық танымы мен шешендік сөз өнерінің жоғары тұрғанын аңғартады. Әртүрлі тарихи, саяси себептерге байланысты О.ж. Ұлы Түрік қағанатын құраған тайпалық одақтардың қолдануынан бірте-бірте қала бастап, тарих төрінен орын алды. Ал оның орнын этномәдени қоғамдастықта ескі ұйғыр жазуы қолданылды.

Орыс әліпбиі – орыс тілінің жазба және баспа тұлғасы жасалатын графикалық белгілері. О.ә. болгар, серб әліпбилері сияқты кирил гарфикасы негізінде қалыптасты. Тарихи даму барысында оған бірнеше рет реформа жасалды. 1708 ж. I Петр орыс жазуын жеңілдету мақсатымен орыс әліпбиінен 8 әріпті *(пси, кси, омега, ижица, юс, ферт, земля, иле)* және екпін белгілерін *(титлы, силы)* шығарып, әріптердің түрін өзгертті. 1918 жылы 10 қазандағы Халық Комиссарлары Кеңесінің Декреті бойынша сөз аяғында қатаң дауыссыздан кейін келетін «ять», «ита», «десричное» таңбалары алынып тасталады. Бұл реформалардың аралығында О.ә. й және е әріптері қосылды. Қазіргі О.ә. орыс сөздерінің фонематикалық, морфологиялық жүйесін толық сақтай отырып, хатқа түсіруге жеткілікті 33 әріптен тұрады. Жуандық (ъ) және жіңішкелік (ь) белгілері ешбір фонеманы таңбаламайды. Бұрынғы КСРО халықтарының көпшілігі (*армян, грузин, эстон, фин* халықтарынан басқалары) өз ана тілінің фонетикалық, морфологиялық ерекшеліктерін белгілейтін қосымша әріптерді ала отырып, О.ә. қабылдады.

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н	О о
П п	Р р	С с	Т т	У у	Ф ф	Х х	Ц ц
Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю
Я я							

Осейдж жазуы – консонантты-вокалды жазу. Жазуды қолданушылар АҚШ-тың Оклахома штатының солтүстігінде тұрған. О.ж. негізінен диакритикалық белгілері бар латын әліпбиін қолдану арқылы жазылады. 2006 жылы О.ж. жаңа әліпбиі жасалды; 2012 жылы жазуды Юникодқа енгізу кезінде осейдж тілінің дыбыстарын дәлірек ұсыну жобасы жасалып, келесі жылы сыналды. 2014 ж. ақпан айында Лукаут пен Осейдж Тіл департаментінің қызметкерлері UCS сарапшысы М.Эверсонмен бірге реформаларды стандарттау бойынша конференция өткізді. Нәтижесінде кіші әріптерді енгізу, екі лигатураны алып тастау және диалектілер арасында ерекшеленетін дыбыстарға бірнеше қосымша таңбалар қосу ұсынылады. 2014 ж. жаңартылған нұсқасы 2016 ж. маусым айында Юникод 9.0 нұсқасының Осейдж блогына енгізілді.

Оск жазуы – Италияның оңтүстігінде пайда болған және б.з.д. VII-I ғасырларда оск тілін жазу үшін қолданылған жазу жүйесі. Оңнан солға қарай жазылады. 21 таңбадан тұрады. Оскилер б.з.д. VII-VI ғасырларда ескі этрускалық әліпбидің бір нұсқасын қолдана бастады. Біртіндеп ол дербес жазу жүйесіне айналды. О.ж. грек тілінен қалған, бірақ этруста қолданылмаған, мысалы b, g және d сияқты кейбір белгілер пайдаланылған. 𐌋 және 𐌅, сәйкесінше [i:] және [u:] дегенді білдіреді. Бөлгіш таңба ретінде нүкте қолданылды. О.ж., оск тілі сияқты, б.з.д. I ғасырда римдіктер оскилерді ассимиляциялағаннан кейін пайда болды.

Осетин жазуы – кавказ тілдеріне жататын осетин тілінің жазуы. О.ж. бірнеше кезеңі бар: 1) 1844 ж. дейінгі – кирил және грузин жазуы негізіндегі алғашқы тәжірибелер; 2) 1844-1923 ж. кирил негізіндегі Шегрен-Миллер әліпбиі; 3) 1923-1938 ж. латын әліпбиі негізіндегі жазу; 4) 1938-1954 ж. кирил және грузин жазуының қатар қолданылуы; 5) 1954 ж. кирил әліпбиі негізіндегі жазу үлгісі. 1938 ж. Кеңестік кеңістіктегі халықтардың жазуын кирилге ауыстыру үдерісінде Солтүстік Осетия, 1954 жылы Оңтүстік Осетия көшті.

Остракон – грек тіліндегі «τὸ ὄστρακον» сөзінен шыққан «саздан жасалған астау» деген мағынаны береді. О. құмыра, теңіз ұлуы, жұмыртқаның қабыршағы болуы мүмкін. Ол папирусқа қарағанда арзан материал болған себепті көне Египетте О. әртүрлі мазмұндағы сөздерді жазу үшін қолданылған. Мысалы, оқыту мақсатында, әртүрлі есептерді орындау және хаттар жазу үшін пайдаланылған. Көне Египетте және Афинада дауыс беру үшін де қолданылып, оны «остракизм» деп атаған. О. сиямен немесе үшкір, өткір затпен ойып жазған. Остракизмді тарих, филология саласының бағыты папирология зерттейді.

Осциллограмма – дыбыс толқындарын өлшейтін техникалық құрал. О. арқылы дауысты және дауыссыз дыбыстардың арасындағы айырма-шылықты, олардың қарқындылығы мен жиілігі туралы ақпаратты графикалық кескін түрінде алуға болады.

Өө

Ө әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде <ө> фонемасы Ө күйінше таңбаланған. 1940 ж. С.Аманжолов қазақ кирил әліпбиін түзуде <ө> фонемасын оның жуан варианты <о> фонемасынан ажырату мақсатында әріптің өне бойына сызық қою арқылы /ө/ графемасын беруді ұсынған. Қазіргі жазу тарихымызда бұл әріп сол кезеңдегі тұрпатын сақтап келеді. Бұл дыбыс сөз басы мен ортасында ғана кездеседі. Латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде <ө> фонемасы диакритикалық белгілердің негізінде әртүрлі таңбаланған: әзербайжан, түрік, түркіменде – ö, өзбек әліпбиінде – o‘, қарақалпақ әліпбиінде – ó.

Ө дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін сүйірленіп басталып, дөңгеленіп аяқталады, еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс. Дауысты (екінші сыңарының) тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – ерін, жасалу орнына қарай – тіл ортасы дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, ерін, тіл ортасы дауысты дыбыс. Дауысты құранды (дифтонг) болып табылады, басқы сыңары қысқа [w] дауыссыз дыбысы болып табылады: *ʷөт, ʷөр, бʷөл, тʷөр* т.б. Төл сөздердің барлық шебінде кездеседі (*жүрөк, бөдөнө* т.б.), бірақ қазіргі орфоереже бойынша соңғы буындарда жазылмайды (*жүрек, бөдене* т.б.).

Өзбек жазуы – өзбек тілінің жазу үлгісі. Өзбек жазуы бірнеше рет реформаланып, әліпбиі ауыстырылды. Қазіргі кезде ресми түрде латыннегізді әліпби және басқа аймақтарда араб әліпбиі қолданылады. VIII-IX ғ. дейін өзбек ұрпақтары көне ұйғыр, ескі хорезм және түркі руна жазуларын қолданып келген. Кейін әліпби мәселесінде дау туындап, 1923 жылы Бұқарада өткен орфографиялық конференцияда арабнегізді әліпби қабылданды. Ауғанстанда қазіргі күнге дейін араб-парсы жазуы қолданылады. Сөйтіп Ө.ж. 1928 жылға дейін араб графикасының негізінде болды. Ал 1928 жылы Ө.ж. үшін латын әліпбиі – яналиф енгізілді.1929 жылғы Самарқандта өткен орфографиялық конференцияда 34 таңбадан тұратын өзбек әліпбиі қабылданды. Кейін Ө ө, Ү у, Ь ь, әріптері әліпби құрамынан алынып, Ә таңбасының қолданыс ережелері өзгертілді. Ол реформа өзбек емлесін

жеңілдеткенімен, кейбір мәселелер шешіле қоймағандықтан, 1937 жылы А.К.Боровковтың жетекшілігімен жаңа әліпби жобасы жүргізілді: A a, B b, V v, G g, D d, E e, Ƶ ƶ, Z z, I i, J j, K k, L l, M m, N n, Å å, O o, P p, R r, S s, T t, U u, F f, X x, C c, Ş ş, Ç ç, Q q, Ꝗ ꝗ, H h, Ꞑ ꞑ. 1940 жылдары Кеңестік кезеңнің басқа халықтарының әліпбилері сияқты, Ө.ж. да кирилге көшірілді. Онда орыстың 33 таңбасымен қатар, Ң ң, Ҷ ҷ, Ө ө, Қ қ, Ƶ ƶ, Ҳ ҳ сынды қосымша таңбалар орын алып, кейін қайта өзгертілген. Кирил әліпбиіне өту мерзімі 1942 жылдың қаңтарына дейін деп белгіленіп, әліпбидің кемшіліктері бірнеше рет талқыға түсті. Мыс., Щ щ мен Ы ы таңбаларын енгізу, Ҳ ҳ әліпби құрамынан шығару, кейбір төл дыбыстардың таңбасын ауыстыру. Алайда апостроф белгісін ъ әрпіне өзгерту ісі ғана жүзеге асты. 1992 жылы өзбек тілі қайтадан латын әліпбиіне көшті, бірақ ол 1928 жылғы үлгідегі әліпбиден де, қазіргі заманғы түркі латын әліпбиінен де айтарлықтай ерекше. Атап айтқанда, қазіргі өзбек әліпбиінде диакритикалық белгілері бар символдар жоқ, ал 1928 жылғы әліпбиде диакритикалық белгілері бар символдар ғана емес, сонымен қатар кеңес лингвистері, әсіресе кіші халықтардың тілдері үшін ойлап табылған ерекше символдар қолданылды. Қазіргі өзбек латын әліпбиінде үш апостроф бар (O‘, G‘ және ’).

Aa	Bb	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh	Ii
Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp	Qq
Rr	Ss	Tt	Uu	Vv	Xx	Yy	Zz
O‘ o‘	G‘ g‘	Sh sh	Ch ch	Ng ng	’		

Өзгелік реңк – айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында жоқ басқа бір дыбысқа ұқсап айтылуы, яғни парадигмадағы фонеманың синтагмалық қатынасқа түскенде, сол тілдің фонологиялық парадигмасында жоқ өзгеше бір дыбыстық реңкте объективтенуі. Мыс., *[атцыз], [қатчы], [авай бол]* т.б. дегендегі [ц], [ч], [в] қазақ тілінің фонологиялық парадигмасында жоқ. Біз бұл жерде дыбыстық өзгерістерді жуық шамамен *ц, ч, в* таңбаларымен беріп отырмыз. Алайда бұлар дәлме-дәл орыс тіліндегідей дыбысталады деп түсінбеу керек.

Өздік реңк – айтылым кезінде сөздердің дыбыстық өзгеріс нәтижесінде сол тілдің дыбыс қорында бар басқа бір дыбысқа ұқсап айтылуы, фонеманың қазақ тіліндегі парадигмалық жүйесінде бар ұқсас дыбыстық реңкте материалдануы. Яғни әлсіз позициядағы инвариант фонеманың әлді позициядағы вариантқа ұқсас келуі. Мыс., *өрік-өрүк, күшті-күштү,* т.б.

Пп

П әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <п> фонемасы П әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Р әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында Р әрпі шамамен б.з.д. V-VII ғасырларда пайда болған. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде де <п> фонемасы латын графикасының стандартына сәйкес /Р/ түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Пп/ әрпіне ауыстырылды. Бұл әріп сөздің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – пы.

П дыбысы – қос ерін арқылы жасалады, жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс; қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің өзара тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. «П» дауыссызы дауысты-дауысты аралық морфем жігінде «б» дауыссызымен алмасады: *қап – қабы, қалып – қалыбы* т.б.

Пазиграфия – (грек. *«pas»* – барлық, *«grapho»* – жазамын) өз ойын барлығына түсінікті таңбалар арқылы беру өнері. Бұл жалпыға ортақ, түсінікті, халықаралық сипаттағы таңбалар: математикалық таңбалар, математикалық цифрлар, нота таңбалары және т.б. Бұл таңбалар жүйесі кез келген тілге аудармасыз түсінікті болатын мәтіндер жасауға арналған, дыбыстық формасыз әмбебап жазу. Жазбаны XVII ғасырда шотландиялық Джордж Далгарно ұсынған болатын. Ол 1661 жылы «Ars signorum, vulgo character universalis et lingua philosophica» атты еңбегін жариялайды. Кейінірек «lingua philosophica» терминінің орнына «пазиграфия» термині қолданыла бастады. Оны алғаш рет 1797 жылы француз Джозеф де Маймье өзінің «Pasigraphie» кітабында қолданып, онда жалпыға ортақ жазба тілдің жобасын ұсынды.

Палатизация (латын. «*palatum*» – таңдай) – дауыссыз дыбыстарды айтқан кезде тілдің орта тұсының жоғары көтерілуі нәтижесінде дыбыстың жіңішке айтылуы.

Палеография (көне грек. *«παλαιός»* – көне, маңызды, *«γράφω»* – жазу) – тарихи-филологиялық жанама зерттеу саласы. Ол жазудың тарихын, графикалық формалардың дамуын зерттейді. Яғни жазудың пайда болуы, олардың оқылуы, әріптердің эволюциясын, жазудың материалдары мен құралдарын қарастырады. П. ерекше саласы жазулардың құпиясын зерттейтін – криптография.

Палеоеврей жазуы – көне еврей, даац жазуы, финикий жазуына ұқсайтын көне семит әліпбиінен таралған консонантты жазу. Б.з.д. X ғасырда қолданылған. Көбінесе Израильде иврит тілін жазу үшін еврейлер мен самаритяндықтар да қолданған. Б.з.д. V ғасырда еврейлердің қолданысынан шығып қалған.

Пальмир жазуы – бұл семит типіндегі консонантты әліпби, арамейдің тармағы және Сирия жазбаларының атасы. Оңнан солға қарай жазылады. 22 таңба бар. Әліпби еврей жазуының «шаршы» стильдендірілген курсивіне ұқсас. Таралу орталығы – Сирияның Пальмир шөліндегі қала немесе Тадмор немесе Тамар. П.ж. Пальмир, Дура-Европос, Палестина, Египет және Солтүстік Африканың басқа аймақтарында, сондай-ақ Қара теңіздегі ежелгі Томның (Констанца) қирандыларында, Венгрияда, Италияда және тіпті Англияда табылды. П.ж. прототипі арамей жазуының б.з.д. 250-100 жылдар аралығында пайда болды, ал Пальмир монументалды жазуы б.з.д. I ғасырда Пальмир скорописінен пайда болды. Ең алғашқы жазба б.з.д. 44 жылға жатады, ал ең соңғысы 274 жылы жазылған. П.ж. сәндік, түзу сызықтардың сынуы және лигатуралардың көптігімен ерекшеленді.

Панджаби жазуы (қазақ әдебиетінде *пенджаби, пенджаб тілі, панджаб тілі*) – панджабдықтар тілі және джаттар тілі. Үнді-Арий тілдеріне, үнді-еуропалық тілдер семьясына жатады. Үндістанның ресми тілдерінің бірі. Бастапқыда панджаби тілі ландтың арнайы жазуын қолданды. XVI ғасырда жазудың жаңа түрі – гурмукхи пайда болды. П.ж. әуелден сикхтердің діни мәнді мәтіндеріне арналған, тондық және әріптік-буындық сипатқа ие.

Паннигерий жазуы – әртүрлі тілдік топтарға жататын жергілікті тілдердің ерекшеліктерін ескере отырып жасалған жазу. Оны 1980 жылдары Нигерияның ұлттық тіл орталығы стандартталған 33 таңбадан тұратын латын негізіндегі әліпбиді негізге ала отырып жасады. Бастапқы жобаны Кей Уильямсон 1981 жылы ұсынды, соңғы нұсқасын 1985 жылы Герман Цапф типографы жасады. Акценттер – акут, гравий және циркумфлекс – жоғары, төмен және бәсең реңктерді көрсету үшін қолданылады. Орташа тон көрсетілмейді.



Панов Михаил Викторович (1920-2001) – кеңес және орыс лингвисі, әдебиеттанушысы. Филология ғылымдарының докторы, профессор. Мәскеу фонологиялық мектебінің негізін салушылардың бірі. Орыс тілінің фонетикасы, орфографиясы және орфоэпиясы жөніндегі іргелі еңбектерінің авторы. Сонымен бірге морфология, синтаксис және әлеуметтік лингвистика бағыттарында жазған ғылыми еңбектері бар.

Папирус (көне грек. *«пáпῡрος»* – жазу материалы) – көне Египетте б.з.д. III ғасырда пайда болған. Одан көршілес территорияларға таралған. Әлемде XII ғасырға дейін, қағаз материалы кең таралғанға дейін пайдаланылған. XX ғасырда П. дайындау технологиясы қалпына келтірілді, бірақ ол тек туристік мақсат үшін осы салада ғана қолданылады. П. кемшілігі мықты болмағандықтан ылғалды ортада тез бүлінеді. П. жазылған мәтіндер біздің дәуірімізге дейін жеткен. Олардың тарихи, мәдени құндылықтары жоғары.

Папирология – папирусқа, остраконға жазылған мәтіндерді зерттейтін тарих пен филологияның саласы. Египеттің ыңғайлы климаттық жағдайына байланысты көне дәуірлерде жазылған папирустары жақсы сақталған. Арамей, көне еврей, пехлеви, сирий, ливий, копт, эфиоп және араб т.б. тілдерде жазылған папирустар арнайы зерттелініп келеді. Соған байланысты П. қалыптасты.

Парсы жазуы – араб әліпбиіне негізделген парсы әліпбиі. Парсы әліпбиінде 32 таңба бар, оның 28-і араб әріптері. Төл дыбыстарын дәл бейнелеу үшін қосымша төрт таңба қосқан. П.ж. бас әріп жоқ, әріптердің жазбаша түрі мен баспаша түрі бірдей. Сөз оңнан солға қарай жазылады. Дауыссыз дыбыстардың астына не үстіне қосымша белгі ретінде харакаттар қойылады.

Aa	Ââ	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg
Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo
Pp	Qq	Rr	Ss	Šš	Tt	Uu	Vv
Ww	Xx	Yy	Zz	Žž	'		

Пахау жазуы – 1959 жылы Шон-лы Я хмонг тілдерін жазу үшін ойлап тапқан жергілікті жазу үлгісі. П.ж. солдан оңға қарай жазылады. Әр буын екі әріптен тұрады, буынның басы – la, яғни бастапқы дауыссыз дыбыс немесе олардың тіркесімі және рифма – yu, дауысты дыбыс, дифтонг немесе дауысты дыбыс және соңғы дауыссыз дыбыс. Осыған қарамастан, бұл элементтердің реті айтылу тәртібіне қарама-қарсы рифмадан басталады. Сондықтан П.ж. дауысты дыбыстарға бағытталған абугид деп санауға болады. Тондар мен көптеген бастапқы дауыссыз дыбыстар диакритика арқылы жазылады. П.ж. 60 бастапқы дыбысты транскрипциялау үшін 20 бас әріп бар. Олар бастапқы белгілердің үстіне жазылған екі диакритикпен, нүктемен және тігіспен толықтырылады. Дегенмен, соңғы пішіндердің дыбыстары арасында сәйкестік болғанына қарамастан, мұнда нақты үлгі жоқ. Екінші жағынан, рифмдер дәлірек анықталған. Рифманың 13 дыбысы және оларды бейнелейтін 26

әріп бар. Әр жұптың біреуі сегіз тонның төртеуін, ал қалғандары басқа төрт тонды бейнелейді. Диакритиктер (бос, нүкте, макрон және трема) кез келген соңғы әріп көтере алатын тондарды бейнелейді.

Пегон – араб жазуының бір түрі. Явалық мұсылмандар дәстүрлі ява жазуына балама ретінде қолданған. П. негізгі араб таңбаларынан бөлек қосымша таңбаларды қамтиды. XX ғасырдың ортасына қарай латын әліпбиімен ығыстырылған.

Пентаграф (грек. *«πέντε, pénte»* – бес, *«γράφω, gráphō»* – жазамын) – дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана дыбыстық мазмұнды білдіру үшін жұмсалатын бес таңбадан құралған графема. Жазу-сызуда қиындық тудыратын, сирек кездесетін құбылыс. П. мысалы ретінде аршын тілінде кездесетін *ххьІв* әріп тіркесін көрсетуге болады. Неміс тілінің жазу жүйесінен келген П. *Nietzschean* сөзі құрамында ағылшын тілінде де сақталып қалыпты.

Пергамент (грек. *«Πέργαμον»)* – Кіші Азиядағы Пергам қаласына байланысты шыққан атау. П. бұл қалада б.з.д. II ғасырда кеңінен пайдаланылған. Қағазға дейін пайдаланылған ылғал былғарыдан жасалған материал.

Пернетақта – компьютерде теру, қажетті ақпаратты енгізу немесе іздеу үшін қолданылатын құрылғы. Қазіргі кезде дүниежүзіне таралған пернетақтаның бірнеше түрі бар. 1. QWERTY пернетақтасы – бұл әлемде кең таралған пернетақта. Ол ағылшын, испан, нидерланд, португал, швед және т.б. тілдер үшін қолданылады. Негізінен роман, герман тілдері үшін ыңғайлы; 2. QWERTZ пернетақтасы – неміс, хорват, словак, венгр және т.б. тілдер үшін қолданады. Оның QWERTY пернетақтасынан айырмашылығы неміс тіліне және диакритикалы таңбаларға сәйкес болады; 3. AZERTY пернетақтасы – француз тілінің ерекшелігіне арналып жасалған пернетақта. Оны француз тілі таралған мемлекеттерде қолданылады; 4. ЙЦУКЕН пернетақта – орыс тіліне лайықталған пернетақта. Оны кирил графикасындағы тілдер қолданады. Қазіргі қазақ тілінің пернетақтасы да осы жүйеде; 5.Ұлттық пернетақталар – латын әліпбиіне көшкен тілдер оның базалық 26 таңбасын және пернетақтадағы символдар мен цифрлардың орнына өздерінің ерекше таңбаларын орналастырады. Ұлттық пернетақталар түркі тілдерінің ішінде әзербайжан, түрік, түркімен және латыш, литва, болгар және т.б. тілдерде бар.

Перцепция – (латын. *«perception»* – қабылдау) бұл сезімдік қабылдау. «Әсерленуді туғызған себепті яки затты табу перцепция деп аталады» (М.Жұмабаев). П. заттарды, қоршаған ортаны сезім органдары арқылы қабылдау болып табылады. Бұл қоршаған әлем туралы ақпаратты қабылдаудың белсенді процесі, ол қабылданған нәрсені тексеру үшін нақты әрекеттерді қамтиды. Кейбір психологтар қабылдауды сезімдердің синтезі ретінде қарастырады. Қабылдау бірнеше деңгейден тұрады: анықтау, сәйкестендіру және тану. Алғашқы перцептивтіге, соңғы екеуі танымдық әрекеттерге қатысты болып келеді.

Пехлеви жазуы (пазенд) – арамей жазуынан тарайды, солдан оңға қарай жазылады. Б.з.д. III-II ғасырларда қалыптасты және араб шапқыншылығына дейін Эраншехрада (Иран) парсы тіліне қызмет етті. П.ж. негізінде зороастрлық табынудың қасиетті, бұрыннан жойылып кеткен тілін жеткізу үшін авесталық

фонетикалық әліпби жасалды. П.ж. – б.з.д. VI-IV ғасырлардағы сириялық және ежелгі парсы кеңселерінің ресми жазуы болған. Иранның және түркі жазба жүйелерінің көпшілігінің қайнар көзі болды: парфян, орта парсы (пехлеви), ұйғыр, хорезм, соғды, орхон-енисей және т.б. П.ж. орта парсы тілінде III-IX ғасырларда ежелгі иран тілінен «Авеста» (зороастрлық Библия) аудармалары және оған «Зенд» түсініктемелері жазылды. Сондықтан П.ж. пазенд деп те аталды. Пазенд – пехлевидің ең керемет нұсқасы, одан авесталық жазу тараған. Жолдың әдемі графикалық контурымен жартылай бөлінген, өте стильдендірілген. Негізінен кітап жазу ретінде белгілі. Авестадан айырмашылығы – лигатуралардың көптігі (– mh; – lm / rm, – sm) және диакритик ( ), дауысты дыбыстардың әдетте еленбеуі.

Пиктографиялық жазу – жазудың ең көне түрі. П.ж. дыбыстық (фонологиялық) жазуға дейін жазу-сызудың әрқилы түрлері мен типтері жазылатын материалдарының әр алуан екені тарихтан мәлім. Әсіресе, ру-тайпалық дәуірдегі жазу-сызудың материалдары табиғи тас, ағаш, қыш құмыралар, саз балшықтар, мал сүйегі (жауырыны), металл бұйымдары т.б. болған. Қазақстанның тау-тастарында пиктографиялық немесе петроглифтік, яғни сурет жазудан бастап, руна, идеографиялық, дыбыстық жазу (соғды, араб жазулары) (әріп-таңбаларымен қашап жазған жазу) түрлері аз кездеспейді. Өз дәуірлерінде қазақтың ру-тайпалары сол кезеңдегі дәстүр бойынша жазуды теріге, киізге бастырып, ағашқа, сүйекке, кірпішке, тасқа қашап түсірген. Осылардың ішінде қозы жүнінен жұқа етіп, шеберлікпен талдырма тәсілімен басылған киізге, ала қойдың терісіне жазу түсіру дала мәдениетінің сол кездегі дәстүріне лайық болған. Халықтың тілдік санасында сақталып қалған *киіз кітап* атауы байырғы замандағы жазу ұғымымен байланысты болғанын аңғартады. Кең-байтақ қазақ сахарасын мекендеген қазақтың қаңлы, үйсін, қыпшақ, керей, найман, алшын т.б. ру-тайпалары кешегі латын, бүгінгі кирилше жазуға дейін руна жазуларын (көне түркілік Орхон-Енисей жазуын), соғды негізді ескі ұйғыр жазуын және күні кешеге дейін араб әрпімен жазылған жазу-сызуларды өз тілінің дыбыс жүйесіне біршама икемдеп, әрі дәстүр ортақтығы мен сабақтастығын ұстана отырып қолданды. Жазу ісімен негізінен абыздар, есепшілер, ордадағы шежіреші-тарихшылар, мемлекет ісін жүргізуші лауазым иелері (мөр ұстаушылар) шұғылданды.

Пиньинь латыны – Қытай тіліне арналған жүйе немесе буынға арналған таңбаларды жазу тәсілі. Қытай Халық Республикасында (ҚХР) пиньинь ресми мәртебеге ие. 2009 жылдың 1 қаңтарынан бастап П.л. Тайваньда романдандырудың ресми стандарты болды. 1979 жылдан бастап П.л. бүкіл әлемде ҚХР атауларының ресми латын транскрипциясы ретінде қолданыла бастады. Транскрипцияны Халықаралық стандарттау ұйымы (ISO) қытай тіліне арналған латын транскрипциясы ретінде бекітті.

«Пионер әліппесі» – бірінші басқыш мектептерге арналған әліппе кітабы. 1931 ж. латын графикасымен жазылған, 56 беттен тұрады. Ташкент қаласында «Өзбекстан мемлекет» баспасынан, 7000 данада жарық көрген. П.ә. кітабының

алғы сөзінде оқу материалдары «Жаңа арна» атты дереккөзден алынғандығы жайлы мәлімет ұсынылады. Әлеуметтік өмірге қатысты түрлі тақырыптар аясында сөздер, сөз тіркестері, сөйлемдер беріледі.



Поливанов Евгений Дмитриевич (1891-1938) – орыс тіл маманы. Ол кең профильді лингвист, ол көптеген тілдерді (орыс, жапон, өзбек, дүнген және т.б) меңгерген, сондай-ақ тіл білімінің алуан түрлі мәселелерін зерттеген. 1991 жылы шыққан Н.Н.Дурновоның жалғыз сөздігінен кейін КСРО-дағы екінші лингвистикалық терминдер сөздігін құрастырған. 20-жылдардың аяғы мен 30-жылдардың басында П. КСРО халықтары үшін кирилл әліпбиіне негізделген түркі әліпбиін жасады. П. тіл теориясы және оның эволюциясы, үндіеуропалық тілдердің салыстырмалы грамматикасы мен фонетикасы, этимология, орыс лексикологиясы, жапон, қытай және басқа да шығыс тілдерінің фонетикасы саласында орасан зор еңбек сіңірген.

Полиграф – (ағылш. «*polygraph / multigraph/pleongraph*») дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана фонеманы таңбалауға жұмсалатын екі не одан да көп әріптен құралған графема. Қос таңбадан құралатын диграфтан басталып, триграф (үш таңбалы), тетраграф (төрт таңбалы), пентаграф (бес таңбалы), гексаграф (алты таңбалы), гептаграф (жеті таңбалы) графемаларының барлығы П. болып саналады. Олардың қай-қайсысы да флективті тілдердің өзінде жазу-сызуда қолайсыздық тудырады, ал аглютинативті тілдердің жазуына қолдану онсыз да табиғатына мүлдем сәйкес келмей графикалық жүйенің бірліктері.

Полиграфия (көне грек. «πολύς» – сансыз, «γράφω» – жазу) – бұл мәтіндік (кітап, журнал, газет және т.б.) және графикалық материалдарды басуға арналған техникалық құралдың жиынтығы. Ең алғашқы кітаптар 1000 жыл бұрын Қытайда пайда болған. Ағаштан, балшықтан немесе піл сүйегінен жасалған тақтайшаларда иероглифтерді пайдаланды. Кейін Қытайда литера пайда болды. Ал Еуропаға бұл өнертабыс 400 жылдан кейін келді. П. негізін салған неміс өнертапқышы И.Гутенберг (1440) болды. 1450 жылы неміс зергері Иоган Гутенберг литераны құю әдісін ойлап тапты. Гутенберг әріптерді қатты металдың бөлшектерінен кесіп алып, оларды жұмсақ металдың бөлшектеріне балғамен ұрып кіргізді. Соның негізінде толық сөздер, жолдар құрастырылды. Осылайша баспаның алғашқы үлгісі шықты. Қазақ тілінде П. сөзінің баламасы ретінде «баспахана» сөзі қолданылады.

Полисинтетикалық тілдер (*грек. «poli»* – көп, *«synthesis»* – біріктіру, тіркестіру) – морфологиялық тұрғыдан тұтас тұлғаланатын тілдер. П.т. кейде инкорпоративті тілдер деп те атайды. В.Гумбольдт тілдерді типологиялық тұрғыдан жіктей келе, инкорпоративті түрін енгізген болатын. Мұндай тілдерде сөйлем күрделі бір сөзден тұрады, олар өз ішінде түбір мен қосымша морфемаға жіктеледі,

жымдасып-кірігіп бүтіндей бір сөз-сөйлем ретінде бір-ақ айтылады. Бұл тілдерге палеоазия (чукот, коряк, алютор, ительмен, юкагир, нихви, камчадал) және америка үндістерінің (алгонкин, ирокез, дакота, атабас, ацтек, майя, киче, кекчи, гуаран, кечуа) тілдері жатады. Палеоазиат тобына жататын нивх тілінде сөйлем негізгі екі мүшеден – субъект пен предикаттан ғана құралады.

Полифония – дыбыстық-әріптік жазуда графеманың екі немесе одан көп фонеманы таңбалауы, басқаша айтқанда бір тұрпаттың екі немесе одан көп мазмұнға ие болуы. Мыс., ағылшын тіліндегі S әрпінің *pleasure* сөзінде /ʒ/, *please* сөзінде /z/, *plus* сөзінде /s/ дыбыстарын таңбалуы. Сол сияқты кейде ағылшын тілінде жазылған мәтіндерде қазақ тіліндегі /қ/ және /к/ дыбыстарының бір ғана K әрпімен таңбалануы кездеседі, бұл да П. мысалы. Бірақ екінші мысалда П. қазақ тілін білетіндер үшін ғана сақталып, ал тілден хабары болмағандар үшін /қ/ дыбысы жоғалады.

Поляк жазуы – поляк тілінің жазуы. П.ж. латын әліпбиі негізінде қалыптасты. Польша Ресей империясының құрамында болғанда 1860 жылдары саяси күштің ықпалымен кирил жазуын қолданып, осы әліпбиде кітаптар жарық көрді. Ресейдің саясатымен күштеп енгізілген кирил әліпбиі орнықпай, оның орнына латыннегізді әліпби қолданылды. Оның құрамында поляк тілінің дыбыстық ерекшеліктерін көрсететін әртүрлі славян жазуының диакритикалық белгілері (ć , ń , ó , ś , ź , Ż, ą , ę, ł) және диграфтар, триграфтар, тетраграфтар қолданылады. Әліпбидегі q, v және x таңбалары кірме сөздер үшін қолданылса да, әліпби құрамына енген. Поляк әліпбиінде барлығы 32 таңба бар, оның 9-ы дауысты, 23-і дауыссыз.

Aa	Ąą	Bb	Cc	Ćć	Dd	Ee	Ęę
Ff	Gg	Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Łł
Mm	Nn	Ńń	Oo	Óó	Pp	Rr	Ss
Śś	Tt	Uu	Ww	Yy	Zz	Źź	Żż

Португал жазуы – латынға негізделген жазудың бір түрі. Бұл әліпби Португалияда, Бразилияда және Португалияның басқа бұрынғы колонияларында қолданылады. Стандартты португал әліпбиінде 26 әріп бар, бірақ диакритикалық әріптер де бар, олар тәуелсіз әріптер болып саналмайды. Бұл әріптер: Áá, Ââ, Ãã, Àà, Çç, Éé, Êê, Íí, Óó, Ôô, ú, úú. K, W және Y әріптері тек шетелдік сөздер мен атауларда қолданылады.

Yy Zz

Постфикс *(*латын. *«postfixum»* – соңынан қосылған) – түбір соңынан жалғанатын қосымша. Бұл терминді И.Бодуэн де Куртенэ енгізген болатын. П. грамматикалық мағынасының типіне қарай деривациялық мағыналы п. (суффикстер) және реля-циялық мағыналы п. (флексияға) деп жіктеледі.

Прага лингвистикалық үйірмесі – Прагада 1926 жылы тіл үйірмесінің негізінде құрылып, 1950 жылдардың басында тарқаған. Оның өкілдері – В.Матезиус бастаған чех ғалымдары: Б.Трнка, Б.Гавранек, Й.Вахек, кейінірек С.Скаличка, И.Коржинек т.б., үйірмеге Н.Трубецкой, Р.Якобсон, С.Карцевский сияқты орыс ғалымдары кірген. Бұл мектеппен Кеңес ғалымдары Г.Богатырев, Г.Винокур, Е.Поливанов, Б.Томашевский, Ю.Тынянов шығармашылық байланыста болды. П.л.ү. идеялық негізін салған – Ф. де Соссюр. Дегенмен, оның көптеген мәселелерін шешкен чех ғалымдары. Бұл үйірмеге Ф.Фортунатов, Л.Щерба, әсіресе И.Бодуэн де Куртенэ арқылы орыс тілдік дәстүрі ықпал жасады. П.л.ү. тіл құрылымын атқаратын қызметі жағынан зерттеуді мақсат етті. Тілдегі әрбір элемент өзінің тілдік жүйеде атқаратын қызметіне қарай бағалануы керек, тіл дегеніміз – функционалды жүйе деп есептеді. Тіл элементтерінің қызметін бірінші қатарға қоятындықтан, бұл мектепті Прагалық функционалды лингвистика деп те атайды. Прага лингвистикалық мектебі фонологияны зерттеуге зор мән берді. Бұл салада әсіресе Н.Трубецкойдың ғылыми жетістігі елеулі болды, ол әр түрлі тілдердің фонологиялық жүйесін зерттеп, фонетика мен фонологияның шұғылданатын объектілерін анықтады: фонологияның негізгі объектісі – фонема, фонология тіл дыбыстарының функциясын зерттеп, олардың мағына ажыратқыштық қызметімен шұғылданатын таза тілдік пән, фонетика – тіл дыбыстарының жасалуы, физикалық, физиологиялық сипаты туралы білім деп есептеді.

Практикалық дыбыстаңба – ғалым Ғ.Қалиев «транскрипция» терминін қазақ тіліне «дыбыстаңба» деп аударған, «практикалық дыбыстаңба» ұғымы «практикалық транскрипция» дегенді білдіреді. А.Реформатский транскрипцияны мақсатына қарай фонетикалық, фонематикалық және практикалық деп үшке бөліп қарастырған. П.д. (транскрипция) шеттілдік сөздердің айтылу ерекшеліктерін сақтай отырып, ұлттық әліпбидің көмегімен жазу. Яғни бір тілдегі сөз не сөз тіркесін өзге тілдің әліпбиімен беру.

Просодика (грек. «*prosodia*» – екпін) – бұл термин 4 түрлі ұғымда жұмсалады: 1) Сөйлеудің барлық бөлшектерінде (буын, сөз тіркесі, синтагма, фраза, мәтін) көрінетін, мағынаны ажыратуда мәні бар фонетикалық құралдар жүйесі. Оның негізгі элементтері: сөйлеу әуезі, екпін, тембр, ритм, сөз тоны. Бұл жағынан П. интонацияға синоним ретінде қарастырылады. 2) Сөйлеудің фонетикалық супрасегменттік сипатының жалпы атауы (тонның жоғарылығы, ұзақтығы, күштілігі). Бұл мағынада П. интонацияға қарама-қарсы қойылады. 3) Сөйлеуге қажетті супрасегменттік құралдардың атауы (тонды жоғарылату, төмендету, екпін қою, кідіріс жасау, қарқынды өзгерту). Өлеңді талдауда қолданылады. 4) Буынды сипаттайтын фонетикалық құралдар жүйесі.

Протеза (грек. «*prosthesis*» – алдына қосу) – сөйлеу кезінде кейбір сөздердің алдынан дыбыс қосылып айтылуы, сөз басына белгілі бір дыбыстың қосылуы. Кейбір жағдайда П. ұшыраған сөздер жаңа фонетикалық күйінде тілдік нормаға қалыптасып түседі. Қазақ тілінде П. екі түрлі жағдайда орын алады: 1) л, р дыбыстарынан басталған сөздердің алдынан ұ, ү, ы, і, о дауыстыларының қойылып айтылуы: *рұқсат – ұрықсат, лай – ылай, рет – ірет, русь – орыс* т.б. 2) бірнеше қатар тұрған (ст, шт, шп т.б) дауыссыз дыбыстардан басталатын сөздердің басына да дауысты дыбыс қосып айту: *стакан – ыстакан, штаб – ыштаб, шприц – ішприц* т.б. П. терминінің қазақ тіліндегі балама атауы – қонар дыбыстар.

Протосинай жазуы – қазіргі Египеттің Синай түбегінің оңтүстік-батыс бөлігіндегі Сарабит аль-Хадим деген жерден табылған жазу үлгісі. Б.з.д. 1500 жыл бұрын табылған бұл жазудың құпиясы қазірге дейін ашылмаған. Табылған жәдігерлерде 30 символ бар және олар түр жағынан иероглифтерге ұқсайды.

Протоханааней жазуы – абугида типіндегі көне жазу, б.з.д. XVI-XI ғ. Кейбір ғалымдардың айтуынша, финикий жазуына ықпал еткен алдыңғы жазулардың бірі. П.ж. сақталған үлгілер көп емес. Көпке дейін П.ж. фрагментті бөліктері ғана белгілі болды. 1976 жылы таңбалары мейлінше толық жазу үлгісі табылды. Ғалымдар оны филистим тілінің мәтіндері деп атаған.

Пуникалық (карфаген жазуы) жазу – қазіргі Тунис шекарасындағы Карфагенде б.з.д. V ғасырда қолданылған, финикий әліпбиінен шыққан жазу. П.ж. монументалды жазулар үшін пайдаланылған.

Пуштун әліпбиі – қырық төрт әріпке негізделген Ауғанстан мемлекеті қолданатын әліпби. П.ә. отыз екі таңбадан тұратын парсы әліпбиіне қосымша 12 таңба енгізу арқылы жасалған. Жазуда 6 түрлі харакат қолданылады. Әліпбиде «йа» таңбасының бірнеше дыбыстық мәнді білдіретін 5 түрлі нұсқасы бар.

Рр

Р әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <р> фонемасы Рр әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Rr әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында R әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде де <р> фонемасы латын графикасының стандартына сәйкес /R/ түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Рр/ әрпіне ауыстырылды. Бұл әріп сөздің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – ыр.

Р дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіспен бір тоғысып, бір жуысуы (тоғысым-жуысым) арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай діріл дауыссыз дыбыс; айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, діріл жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінің төл сөздерінің басында кездеспейді: *(ы)рас, (ы)рақымен, ауа (ы)райы* т.б. «Р» дауыссызы бір тербелімді – *ара, сырық, кіріс, ұра, ұрық* т.б. және көп тербелімді – *арқа, үркер, ірге, құрқылтай* т.б. болып түрленеді.



Радлов Василий Васильевич – (1837–1918) Ресей шығыстанушысы, этнограф, археолог, Петербург ҒА-ның акад. Берлин университетін бітірген. Араб, парсы, түрік, татар, моңғол, манчьжур, қытай, т.б. тілдерді үйренді. Р. 1858 жылы Ресейге көшіп келіп, Алтай өлкесінде мұғалім болады. Кейіннен Қазан оқу бөлімінің татар, қазақ, башқұрт мектептерінің инспекторы (1871-1884), Азия (1885-1890), антропология және этнография (1894-1918) музейлерінің директоры, Орт. және Шығыс Азияны зерттеу жөніндегі орыс комитетін құрушылардың бірі, оның басшысы (1903-1918) болды. Р. ғылыми өмірі үш кезеңге бөлінеді: Алтай, Қазан, Петербург. Алтай кезеңінде (1859-1871) Батыс

Сібір, қырғыз даласы, Хакасия, Жетісу аймақтарында тіл, фольклор, этнография материалдарын жинаумен айналысты. Қазан кезеңінде (1871-1884) «Солтүстік түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасы» және «Сібірден» (екеуі де неміс тілінде) атты еңбектері жарық көрді. Петербург кезеңінде (1884-1918) «Түркі тілдері сөздігін жасау тәжірибесі» атты көптомдығы баспадан шыға бастады (4 жинағы шыққан). Р. өз бетінше ізденіп, руна жазуының он беске жуық әрпін анықтаған. 1891 ж. Р. Ресей ҒА экспедициясын басқарып, Моңғолия жеріндегі Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы мәтінді толық оқып, аударып шыққан. В.Радлов Орхон ескерткіштерінің тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы жасаған. 10-нан астам әріп таңбаларын оқып, Кошо-Цайдам ескерткіштерінің фонет.-граммат. ерекшеліктері туралы жазды, мәтіндердің орыс тіліндегі транскрипциясын жасады. Әр жылдары «Құтты білік» (1891-1910), «Тонықөк» (1899) ескерткіштерінің аудармасын жариялады. Фонология саласындағы негізгі еңбегі – «Солтүстік түркі тілдерінің фонетикасы».

Ранджана – тибет-бирма тілдер тармағына жататын невар тілінің жазуы. Жазудың түрі – абугида. XI ғасырда брахми жазуынан шыққан. Тибетте, Үндістанда, Моңғолияда діни мәтіндерді жазу үшін қолданылады. Жазудың бағыты солдан оңға қарай. Непал жазбаларында каллиграфия түрі ретінде, ал тибетте декоративті шрифт ретінде қолданылады.

Регрессивті ассимиляция – кейінді ықпал. Сөз ішінде, сөз құрамында шектес дауыссыздардың кейінгісінің алдыңғы дыбысқа әсері. Үнді дауыссыздардан Р.а. ұшырап алмасатын дыбыс – н. Мыс., *күнге-күңгө, кейінгі-кейіңгі, жоңғыш-жоңғыш, қанбады-қамбады* т.б. Алдыңғы морфема з, ж дыбыстарына бітіп, кейінгі морфема с, ш және з, ж дыбыстарынан басталса, Р.а. мынадай болып келеді: *сөзсіз-сөссүз, қазса-қасса, жүз жыл-жүжжыл, жазшы-жашшы, көз шалды-көшшалды, лажсыз-лашшыз*. Қатаң дауыссыздардың ішінде Р.а. кезінде ауысуға икемділері: к, қ, п, с. Мыс., *бекзада-бегзада, ақ дала-ағдала, көп жер-көбжер, жұмысшы-жұмұшшұ* т.б.

Редукция (латын. «*redustio*» – әлсіреу, түсіп қалу, ықшамдалу) – буын түрлерінің айтылу сазына қарай дыбыстың артикуляциялық және акустикалық сипатының өзгеруі. Әдетте Р. құбылысы дауысты дыбыстарға байланысты болып келеді. Кісіне сөзін айтқанда кісне болып дыбысталады да, екі түрлі өзгеріс жүзеге асады: 1) алғашқы буындағы і дыбысы қысқа айтылады; 2) екінші буындағы і мүлде түсіп қалады. Түркі тіліндегі бұл құбылыс орыс тіліндегі үлгімен екпінсіз буындағы дауысты дыбыстардың әлсіреуі немесе түсірілуі деп түсіндіріліп келді. Шындығында, қазақ (түркі) тілінде Р. құбылысы сөз құрамындағы ашық, жабық, буындардың айтылу сазына байланысты. Эксперименталды фонетикалық зерттеу нәтижесі ашық буындардың созылыңқы, жабық буындардың қысқа айтылатынын анықтағаны белгілі. Олай болса, кі-сі-не деген сөздегі үш ашық, буынның кісне болып айтылғанда алғашқы буындағы і-нің қысқа естілуі жаңа пайда болған жабық

буында тұруына байланысты (кіс). Ал екінші буындағы і-нің түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындардың сөйлеушінің өз ойын әрі тез, әрі нақтылы жеткізу жолындағы психологиясына байланысты. Себебі тіліміздегі қандай сөзде болсын дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы қатар келген ашық буындарда ғана іске асады. Әбден сіңісті болған орын, ауыз сөздеріне дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанғанда екінші буындағы ы дыбысы түсіріліп айтылады дейтін ереженің өзі осы жағдайда ғана іске асады: о-ры-ны, а-уы-зы. Дауыстылардың Р. дауысты дыбыстан басталатын қосымшаның жалғануын шарт деп есептеу қате түсінік. Сөзге дауыссыз дыбыстан басталатын қосымша жалғанғанда да қатар айтылатын ашық буындар келсе, түсіріліп айту бола береді. Мыс., ұры, тірі сөздеріне – лық, – лік қосымшасын жалғағанда ұ-ры-лық, ті-рі-лік болып, екі ашық буын қатар келгенде, екінші ашық буындағы ы, і дыбыстары түсіріліп ұр – лық, тір-лік түрінде екі жабық буыннан тұратын вариант пайда болады. Сондықтан дауысты дыбыс Р-ның негізгі шарты – сөздің буындық құрылымы (Б)А-БА-БА(Б) түрінде келуі керек. Кейде Р. үшінші буында да кездеседі: жо – ға-ры-ғы – жо-ғар-ғы. Р. құбылысына дауыссыз дыбыстардың түсіріліп айтылуын да қосуға болады. Мыс., бігіз – бі(г)із – біз, Әбутәліп — Ә(б)утәліп – Әутәліп, уқалау – у(қ)алау – уалау т.б.

Резонатор (латын. *«resonare»* – дыбысты беру, үн қосу) – дыбыс әуені жасалатын ауыз және мұрын қуыстары, ауыз резонаторы деп те аталады. Бұл терминнің «дыбысты күшейтетін құрал» мағынасы техника, физика саласында кеңінен қолданылады.

Рекурсия (латын. *«recursion»* – кейін қайту) – дыбыс артикуляциясының үшінші соңғы фазасы, яғни сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасау позициясынан айырылып, бастапқы бейтарап қалпына қайта оралуы. Экскурсияға (дыбыс артикуляциясының алғашқы фазасы, сөйлеу мүшелерінің дыбыс жасауға артикуляциялық бейімделуі, ыңғайлануы) қарама-қарсы термин.

Релеванттық (ағылш. *«relevant»* – маңызды) – тіл бірліктерін (единицаларын) даралап жіктеу функциясына ие болу қасиеті. Атап айтқанда, тіл бірліктерін даралау функциясын этникалық деңгейдегі тұтас бірлікке емес, тек оның бір бөлігіне қатысты тұрғыда қарастыру.



Реформатский Александр Александрович (1900-1978) – тілтанушы ғалым, филол. ғыл. док., профессор, Мәскеу фонологиялық мектебінің өкілі. Мәскеу мемлекеттік университетін бітірген. Зерттеу бағыттары: фонология транскрипция, графика, орфография, морфология, семиотика, терминтану, тіл білімінің тарихы. «Тіл біліміне кіріспе» оқулығында «практикалық транскрипция» ұғымын енгізген. Фонологияға арналған ең негізгі зерттеулері – «Отандық фонология тарихынан», «Фонологиялық этюдтер», «Фонологиядан, морфофонологиядан және морфологиядан очерктер».

Рим жазуы – үндіеуропа тілдері семьясының италий тобына жататын латын тілінің жазуы. Кейбір антикалық авторлардың айтуынша б.з.д. VIII ғасырда көне Римде жазу болған. Бірақ ол кезеңнен жазу ескерткіштері сақталмаған. Ең көне латын жазулары б.з.д. VII ғасырда болған. Латын әліпбиі грек әліпбиінің негізінде жасалған, бірақ грек жазуының өзіне этрус жазуының дәстүрлері бар. Этрустар жасаған мәдениет Рим өркениетіне тікелей ықпал етті. Этрус мәдениетінің тарихи маңызы – оның грек және рим өркениетінің арасындағы көпір болуында. Б.з.д. I ғасырда Рим империясы Грекияны жаулап алды. Соның нәтижесінде грек мәдениеті Римге әсер етті. Әсіресе, грек әдебиеті арқылы рим тіліне көптеген грек сөздері енді. Архаикалық латын әліпбиі 21 таңбадан тұрды. Бұл таңбалар финикий-грек әліпбиіне ұқсас болды. Бұл архаикалық таңбалар бірте-бірте жетілдіріліп өзгере бастады. Негізінен, мейлінше толығырақ латын әліпбиі б.з.д. IV ғасырдың соңында қалыптасқан. Б.з.д. 312 жылы латын әліпбиін Клавдий Цек реформалаған. Б.з.д. I ғасырда тасқа әріптердің суретін салу үшін ұшы жалпақ құрал пайдаланылды. Бұл құрал арқылы жіңішке немесе жуан штрихтар жазудың бұрышына қарай әріп болып түсірілді. Осы құралдың ықпалымен рим монументальді жазуының негізгі классикалық түрі қалыптасты. Әдемі жазу өнер болып санала бастады. Шрифтінің шебері деген жаңа мамандық қалыптасты. II ғасырда Рим мемлекетінде 25 қоғамдық кітапхана болды. Бұл кітапханаларда тек қана кітаптар сақталынумен бірге, жазылып жатқан кітаптарды оқу шаралары да ұйымдастырылды. Сөйтіп Рим империясы ауқымында Р.ж. кең қолданыла бастады. Сонымен бірге, латын тілінің және латын әліпбиінің күшеюі – Рим империясының қуатты мемлекетке айналуымен де тікелей байланысты. Аталған империяның Батыс, Оңтүстік-Шығыс Еуропаның басым бөлігін және Кіші Азия, Солтүстік Африка территорияларын жаулап алуы, өз кезегінде осы жерлерде латын тілімен бірге жазуының да таралуына жол ашты. Кіші Азия мен Солтүстік Африка территорияларында арабтар келгенше латын тілі мен әліпбиі сақталды. Ал Батыс және Оңтүстік, Солтүстік Еуропада латын әліпбиі қазірге дейін кең таралған.

Ромадзи – латын әліпбиіне негізделген жапон жазуы трансляциясының жиынтығы. Португал әліпбиіне негізделген жапон тіліндегі сөздерді латын әліпбиімен жазу 1548 жылдан басталады. Ол католик миссионерлерінің насихатымен байланысты. XVII ғасырда Жапониядан христиандарды қуғаннан кейін Р. қолданыстан шығып қалды. Р. бірнеше жүйесі бар. Негізгі жүйелері: Хэпбёрн, кунрэй-сики (ISO 3602) және нихон-сики (ISO 3602 Strict). Осылардың ішінде Хэпбёрн жүйесі халықаралық деңгейде кеңінен қолданылады. Р. Жапонияда көшелердің, метролардың көрсеткіштері жазылады. Халықаралық нарықта жұмыс істейтін жапон компаниялары өздерінің атын, қызметкерлерінің аты-жөнін жазуда да қолданады. Сонымен бірге сөздіктерде, тілдескіштерде, оқулықтарда да қолданылады.

Ронго ронго – Пасха аралының тұрғындарының ағаш тақтайшалардағы жазуы. Қазіргі уақытта әр таңба жеке сөзді немесе буынды білдіретіні белгісіз.

Барлық Р.р. торомиро ағашынан жасалған. Бүгінде әлем музейлерінде 25-ке жуық тақтайша ғана сақталған. Дәстүр бойынша олар латын әліпбиінің әріптерімен нөмірленеді, бірақ бұл кестелерді белгілеудің жалғыз тәсілі емес, олардың арасында бір таяқ, риимиро төсбелгісіндегі екі жазба, сондай-ақ табакерка мен тангат Ману фигурасындағы жазу бар. Иероглифтер, ішінара символдық, ішінара геометриялық, барлығы сегіз жүзге жуық түрлі белгілерден тұрады (Бартель каталогына сәйкес). Р.р. жазу үшін таңбалардың үш түрі тән: бейнеленген объектілердің атауларын және олармен байланысты морфемаларды беретін идеограммалар немесе таңбалар; дыбыстар ассоциациясы бойынша омонимдерді беру үшін қолданылатын омограф-таңбалар; негізгі таңбалар немесе объектілер тобын көрсететін детерминативтер. Қазіргі кезде Р.р. 11 толық мәтін, 7 бүлінген мәтін, онда 314 жолдан тұратын 14 083 таңба бар.

Рсалиева Нұрсәуле Мақсұтқызы (1967) – тілтанушы ғалым, филология ғылымдарының кандидаты. 2008 жылы «Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері» тақырыбында кандидаттық диссертация қорғады. Зерттеу бағыттары: салыстырмалы-тарихи, типологиялық және салғастырмалы тіл білімі, грамматология, ономастика, аударматану, стилистика, лингвомәдениеттану, әдістеме.

Румын жазуы – румын тілін жазу үшін қолданылатын латын әліпбиінің нұсқасы. Р.ж. 31 әріп бар. Ол ішінде 7 дауыстыны, 4 жартылай дауыстыны, 35 дауыссызды көрсету үшін қолданылады. Бес әріпте диакритикалық белгілер бар: Ăă, Ââ, Îî, Şş, Ţţ. **î** және â әріптері бірдей «ы» түрінде оқылады. 1953 жылдан 1964 жылға дейін â әрпі әліпбиде болмаған, ал 1964 жылдан 1993 жылға дейін тек român түбірінен шыққан сөздерде, соның ішінде România елінің атауында қолданылған; қалған жағдайларда î әрпі жазылған. 1993 жылы әліпби қайта түзіледі. Жалпы, латын әліпбиіне көшкеннен кейін румын тілі 1904 ж., 1953 ж. орфографиялық реформаларға ұшырайды, ал 1993ж., 1964ж. және 2005ж. аздаған өзгеріс енгізіледі.

Aa	Ăă	Ââ	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff
Gg	Hh	Ii	Îî	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Oo	Pp	Qq	Rr	Ss	Şş	Tt
Ţţ	Uu	Vv	Ww	Xx	Yy	Zz	

Руна жазуы. Қазақстан жерінде оқылу кілті ашылмаған Р.ж. түрлері өте көп кездеседі. Солардың бірі – Есік обасынан табылған (1970 ж.) Сақ дәуіріне (б.з.д. V-IV ғғ.) жататын әйгілі Есік жазуы. Р.ж. күміс тостағанға 26 әріппен (таңбамен) екі жолға жазылған. Оқылу құпиясы ашылмаған Р.ж Жетісу өлкесі, Шу, Іле, Ыстықкөл, Талас алқабында жиі кездеседі. Ұлы Түрік қағанатына дейін Р.ж мәдениеттің құралына айналдырған елдер *ғұндар, үйсіндер, қаңлылар* болды (*Ә.Марғұлан*). Солтүстік патшалықтар тарихы, батыс өңір тарауы деп аталатын Қытай тарихи жазбаларында *«Қаңлылардың жазуы көлденеңінен жазылады, олардың өздері жазған кітаптары бар»* деген деректер кездеседі (*Мыңжани Н.*).

Рутул жазуы – нах-дағыстан тілдік семьясының лезгин тобына жататын рутул тілінің жазуы. 1920 жылдарға дейін рутул тілі араб жазуында болды. 1990 жылдан кирил әліпбиінде.

Сс

С әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <с> фонемасы Сс әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Ss әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында S әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде де <с> фонемасы латын графикасының стандартына сәйкес / S / түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Сс/ әрпіне ауыстырылды. Бұл әріп сөздің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – сы.

С дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жинақы жуысуы арқылы жасалады, жасалу тәсіліне қарай жинақы жуысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, жинақы жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. Дауыссыздың ерекше белгілерінің бірі – оның жинақы жуысыңқылығы. «С» дауыссызы іргелес үйлесімге икемді болады – басшы-башшы, қосшы-қошшы т.б.

Садуақас Нұрбол Абдуллаұлы (1959) – филол. ғыл. канд., доцент. «Профессор Қ.Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Оның фонетика, емле мәселелері жөнінде еңбектері бар.

Салар тілі – түркі тілдерінің оғыз тобына жатады. С.т. ҚХР Цинхай және Ганьсу провинцияларында тұратын халықтар арасында қолданылады. Салар тілінің бекітілген жазбасы болмағандықтан, ресми хаттар үшін қытай жазуын пайдаланады.

Сами жазуы – Скандинавия түбегінің солтүстігінде, Финляндияда және Ресейдегі Кола түбегінде саам тілінде сөйлейтін туыстық тілдер тобының жазуы.

Ресейде кирилшеге, басқа елдерде – латын әліпбиіне негізделген. С.ж. тарихын төрт кезеңге бөлуге болады. Ресей империясы кезінде, 1880 жылдардан бастап саамға арналған кітаптар кирилше жарық көрді. 1933 жылы латын әліпбиіне негізделген С.ж. жарық көрсе, 1937 жылы ол кирил әліпбиіне негізделіп қайта түзіледі. 1937 жылы қуғын-сүргінге байланысты мектептерде саам тілінде сабақ беру тоқтатылды. 1982 жылы С.ж. кирил әліпбиінің жаңа нұсқасына негізделіп, саам тіліндегі балалар кітаптары шығарыла бастайды, ал 1985 жылы кильдин диалектісіне негізделген әлемдегі алғашқы саам-орыс сөздігі жарық көреді. 1980-90 жылдардағы әліпбилердің 1979 жылғы нұсқадан айырмашылығы мынада: 1982 жыл: ы ы әріптері жоқ, h, j j бар; 2) 1985 жыл: ў ў, ы ы әріптері жоқ, h, j j, Щ щ бар; 3)1986 жыл: Ö ö, ў ў әріптері жоқ, Щ, щ бар; 4) 1990 жыл: Ö ö, ў ў, ы ы әріптері жоқ. Скандинавия елдері мен Финляндиядағы С.ж. авторы фин діни қызметкері және натуралист, сами фольклорын жинаушы Яакко (Якоб) Фельман (1795-1875) болды.

Самаритян жазуы – көне еврей жазуымен туыстас әліпби. Бірақ б.з.д. II ғасырға жуық одан бөлініп шығып, сол уақыттан бері ешбір өзгермей сақталған. С.ж. әліпбиін Израильде тұратын самаритяндықтар иврит және арамей тілдерін жазу үшін қолданады. Қазіргі кезде самаритяндықтардың саны 1000-ға жетпейді. Олар көнееврей тілінен шыққан самаритян жазуын пайдалануда.

Санскрит жазуы – күрделі синтетикалық грамматикасы бар Үндістанның ежелгі әдеби тілі жазуы. «Санскрит» сөзінің өзі «өңделген, мінсіз»дегенді білдіреді. Санскрит грамматикасы өте күрделі және архаикалық. Санскрит әлемдегі ең қопармалы тілдердің бірі болып саналады. Санскрит үшін бірыңғай жазу жүйесі жоқ. Бұл әдеби шығармалардың негізінен ауызша таралғандығымен түсіндіріледі. Мәтінді жазу қажет болған кезде, әдетте жергілікті әліпби қолданылды. Деванагари санскриттің жазуы ретінде жетінші ғасырда белсенді қолданыла бастады және X ғасырдың соңында ғана бекітілді. Бір болжамдарға сәйкес, деванагари жазуын Үндістанға б.з. д. V ғасырда Таяу Шығыстан көпестер әкелген. Санскрит үшін ең көне белгілі жазу жүйесі брахми деп аталады. Брахмиде ежелгі үнді тарихының бірегей ескерткіші – «Ашока жазбалары» (б.з. д. III ғасыр) жазылған. Кхароштхи жазуы да шамамен сол кезеңге жатады. Б.з. IV ғасырынан VIII ғасырға дейін жазудың негізгі түрі гупта болды. VIII ғасырдан бастап шарад жазуы қалыптаса бастады, ал XII ғасырда оны деванагари алмастырды.



Сапало Бакри, туғандағы шын аты-жөні Әбубәкір Гарад Усман (1895-1980) – ислам дінтанушысы, шейх, оқымысты, ақын. С. 1956 жылы афразия тілдік макросемьясының кушит тармағына жататын оромо тілінің силлабариясын, яғни буындық жазуын жасаған. Бұл жазудың негізінде эфиоптық жазу шығармашылығы дәстүрі сақталды. Атап айтқанда, оромо тілінің фонологиялық жүйесі сақталған. Сондықтан оның силлабариясы, базалық таңбалары эфиоп жазуындағы жаңашыл бағыт болды.

Сары ұйғыр жазуы – ұйғыр тілінің жазу үлгісі. С.ұ.ж. әр елде, әр уақытта әртүрлі жазу жүйелері қолданылады. Атап айтқанда, ескі ұйғыр, араб, кирил және латын жазуы. Қазіргі уақытта ұйғыр тілінде екі ресми жазу стандарты бар – ҚХР-дағы араб әліпбиі негізінде және ТМД елдеріндегі кирил негізінде. Әліпбиге орыс әліпбиінің барлық 33 әрпі, сондай-ақ әліпбидің ең соңында, я әрпінен кейін тұрған 8 қосымша таңба (Қ қ, Ң ң, Ғ ғ, Ү ү, Ж ж, Ө ө, Ә ə, Һ һ) енгізілді. 2017 жылдың қыркүйегінде Қазақстан билігінің қазақ жазуын латын әліпбиіне көшіру туралы шешімінен кейін кейбір ұйғыр жұртшылығының өкілдері Қазақстан ұйғырларының латын әліпбиіне және жазуына көшіру туралы ұсыныс жасады. 2018 жылдың мамыр айында Қазақстан ұйғырларына арналған жаңа әліпби жобасы баспасөзде жарияланды.

«Сауат ашқыш» – А.Байтұрсынұлының ересектерге (сауатсыз үлкендерге) арналған, дыбыс әдісі жолымен тәртіптелген қазақша әліппесі. Әліпби басылымдары Семей, Қызылорда қалаларында шығарылған. Кітапта қазақ тіліндегі дыбыстар мен олардың қарыптары (таңбалары): (а) ا, (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ғ) ع, (қ) ق, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (о) و, (у) ۇ, (ұ) ۇ, (е) ە, (ы) ى, (й) ي және жіңішкеліктің белгісі «ء» (дәйекші); дауысты дыбыстардың таңбалары: (а)ا, (о) و, (ұ) ۇ, (е) ە, (ы) ى; дауыссыз дыбыстардың таңбалары: (б) ب, (п) پ, (т) ت, (ж) ج, (д) د, (р) ر, (з) ز, (с) س, (ш) ش, (ғ) ع, (қ) ق, (г) گ, (ң) ڭ, (л) ل, (м) م, (н) ن, (у) ۇ, (й) ي; қазақ тұтынбағанмен, басқа түріктердің тұтынуынан шықпаған араб әліппесінің қарыптары:ۋ ۇ ۆ ۈ ۋ ۇ берілген. Ересектерге арналған әліппеге Алдар көсе мен Қожанасырдың әңгімелері, Торайғыр би, алшын Қаражігіт би, Атақозы би, Мүңке бидің туындылары, Ы.Алтынсарыұлы («Үш мерген», «Жәнібек батыр», «Қыпшақ Сейітқұл»), Абай («Шырылдауық шегіртке»), Шорман жинағынан («Қулық»), М.Жұмабайұлы («Түн еді»); т.с.с. көркем шығармалармен қатар Ә.Бөкейханның (Қыр баласы), «Дүние қандай?», Е.Омаровтың «Қазақ салты», «Дағдылы жол мен айлалы жол», «Шаруа жайы», Бенкевичтен «Қазақ малының тұқымын асылдандыру жайында», «Сүтті сиырдың белгілері», «Кәператсійе» сияқты танымдық, қоғамдық-әлеуметтік мәселелер мен «Ленин» (Сәрсенбі ұлы), «Ленин және ортақшыл партыйасы» (Жағыпар), т.с.с. саяси мәселелерге арналған мақалалар енген.

«Сауат үшін» – сауаттандыру мектептеріне арналған әліппе құралы. Б.Майлин Ғ.Мүсіреповпен бірге 1933 ж. жазған. Алматы қаласы «Қазақстан» баспасынан шыққан. Бұл құрал оқу, білімге аяқ басқан оқушылар үшін әріп танытушы нұсқаулық ретінде шығарылған. Еңбектің алғы сөзінде: «Сауат үшін – әліппе емес, әліппе орнына беріліп отырған құрал» деп жазылған. С.ұ. әліппе құралында әріптің жазба түрі берілмеген. Жаттығу материалдары ұсынылған.

«Сауаттан» – Т.Шонанұлының ересек адамдарға арналған әліппесі. Латын жазуына көшуге байланысты ересектерді сауатты жазуға баулу мақсатында жазылған. Еңбекті Қазақстан оқу комиссариатының білім ордасы мақұлдап,

Қызылорда (Мәскеу-Қызылорда), Алматы қалаларында бірнеше рет басылған. Кітап мазмұны үнемі жетілдіріліп, толықтырылып отырған.

«Сауаттандырғыш: сауатсыздар әліппесі» – 1934 ж. Б.Майлин, Ғ.Мүсірепов, Ә.Сыдықовтардың авторлығымен жарық көрген әліппе.

Саураштра жазуы – үндіари тілдер тобына жататын саураштра тілінің жазуы. Брахми жазуынан шыққан. Үндістанның оңтүстігінде қолданылады. Жазудың түрі – абугида. Қазіргі кезде сирек қолданылады. Оның орнына латын, тамиль жазулары пайдаланылады.

Саха жазуы – түркі тілдер тобына жататын саха тілінің жазуы. С.ж. тарихында графикалық таңбалар бірнеше рет өзгеріп, реформаланған. Қазіргі якут жазуы кирил әліпбиінде. С.ж. тарихы 4 кезеңді басынан өткерген.1920 жылға дейін кирил әліпбиі, 1917-1929 жылдары латын әліпбиі негізіндегі Новгород жазуы, 1929-1939 жж. жалпыға ортақ латын әліпбиінде, соңғы кезеңде кирил әліпбиін қолданады. Әуелгі кирил әліпбиінде жазылған алғашқы баспа көрген кітап «Сокращенный катехизис» болды (1819. Иркутск). Онда орыс әліпбиі еш қосымша таңбасыз қолданылған. Алайда ол әліпби якут тілінің дыбыстық табиғатын толық таңбалай алмады. Соған орай орыс әліпбиін якут тіліне икемдеу мақсатында бірнеше нұсқалар ұсынылып, қолданылған. Олар сәтсіз болып, 1917 жылы Петроград университетінің студенті С.А.Новгородов халықаралық фонетикалық әліпби негізінде жаңа жоба әзірлеген. Онда бас әріптер, диакритикалық таңбалар, тыныс белгілері болмады: автор әліпбидің жылдам жазуға ыңғайлы болуы үшін осылай жөн көрген. Яғни Новгородов нұсқасы фонетикалық әліпби болды, қалай естіледі – солай жазылады. Кейін әліппе шығару ісінде қаріпке (шрифт) қатысты қиындықтар туындап, *a, b, c, d, e, g, ʁ, h, i, ie, j, ɉ, k, l, ʎ, m, n, ng, nj, ɔ, oe, p, q, r, s, t, ш, ша, и, ио, w, y, з* әріптері қолданылған. 1920 жылдары әліпби ресми түрде мектеп жүйесіне енгізіліп, саха тіліндегі «Манчары» атты газет осы әліпбимен жазуға ауысты. 1923 жылы баспаға арналған Новгород әліпбиінің өз әріптерінің қаріптері дайындалып, кітаптар жаңа қаріппен шығарыла бастады. Алайда ғалымдар мен жазушылар бұл әліпбидің алынып, орнына кирил әліпбиін қолданылуын талап етті. Осыдан кейін бірнеше мәрте әліпби туралы пікірталастар туындап, олар 1929 жылға дейін созылды. 1926 жылы Бакуде өткен Түркологиялық съезде барлық КСРО құрамындағы халықтарға бірыңғай түркі әліпбиіне көшу ұсынылды (яналиф). Осылайша якуттар терминологиялық, транскрипциялық комиссия құрып, яналифке өзгерістер енгізілді. Кейінірек якут әліпбиінің жаңа жобасы әзірленгенімен, ол жоба жүзеге аспаған. 1938 жылы кирил әліпбиіне көшуге байланысты якут кирил әліпбиін түзуге дайындық жүргізілді. Жоба әзірлеуге Якут тіл және мәдениет институты қызметкерлері мен Ленинградтан оқымыстылар қатысты. 1939 жылы 23 наурызда КСРО халық комиссарының жарлығымен Жаңа якут әліпбиі бекітілді. Алғашында әліпбиде Нһ қолданылып, Н пен Н (кирил) таңбаларының ұқсас болуына орай *ɦ h* болып өзгертілді. Осы сәттен бастап

якут әліпбиінің құрамына өзгеріс енгізілмеді, тек емле ережелері түзеліп отырды. Қазіргі якут әліпбиінде кирил әріптеріне қосымша 5 таңба, 2 диграф бар: *Ҕҕ, Нҥ, Өө, Һһ, Үү* және *Дь дь, Нь нь* диграфтары. Сондай-ақ әліпби құрамында берілмейтін *уо, ыа, иэ, үө* дифтонгтары қолданылады.

А а	Б б	В в	Г г	Ҕ ҕ	Д д	Дь дь	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м
Н н	Ҥ ҥ	Нь нь	О о	Ө ө	П п	Р р	С с
Һ һ	Т т	У у	Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч
Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я

Седиль *(*испан. *«cedilla»*) – диакритикалық таңба. Бұл таңба француз, португал, албан, чуваш, румын, әзірбайжан, өзбек, түркімен, түрік және т.б. тілдердің әліпбилерінде қолданылатын диакритикалық белгі. Бұл таңба, негізінен, ызың дауыссыз дыбысты таңбалау үшін жиі қолданылады. С. кейбір дауыссыздардың астына айтылуындағы ерекшелікті көрсету мақсатында қойылады (ілмек). С. атауы Z әрпінің атауынан шыққан (испандық *ceda*). Француз тілінде С. *[cédille],* португал тілінде *[cedilha],* ал каталан тілінде *«ce trencada»* деп аталады. С. ең көп таралған белгілер қатарына жатады. Бұл таңба ескі испан тілінде аффрикат /ц/ дыбысын белгілеу үшін қолданылған. Испан тілінің өзінде ол XVII ғасырдағы емле реформасынан кейін қолданылмайды. Бұл таңба француз, португал, каталон, окситан сияқты басқа тілдерде жазу үшін қабылданған. «Жіңішке» дыбысты бейнелейді. Түрік, албан, әзербайжан, башқұрт, татар, түрікмен, чуваш және тағы басқа елдердің әліпбиінде аффрикат дыбысты немесе ызыңды білдіру үшін қолданылады. Сол сияқты бұл таңба румын тілінде де кеңінен пайдаланылады.

Секвойя Джордж Гесс, Джордж Гист (1760/70-1843/45) – үнділердің чероки тайпасының көсемі. 1810-25 жылдары чероки әліппесін жасаған. Оны жасауға 1810 жылдан бастап кірісіп, 1819, 1821 жылдары өзгерістер енгізді. Чероки жазуын 1823 жылдан бастап көпшілік пайдалана бастады. 1825 жылы ол Чероки Ұлттық Кеңесінің шешімімен ресми мәртебеге ие болды. С. чероки жазуын бастапқыда 200 таңбадан бастап ресми мәртебемен бекітілген нұсқасында 86 таңбаға дейін

ықшамдады. С. жалпы Солтүстік Америкадағы жазба мәдениетінің дамуына үлес қосты. Австрия ботанигі Штефан Эндлихер Тынық мұхитының Солтүстік Америкадағы жағалауында өсетін қылқан жапырақты, эвкалиптпен бірге биіктігі 110 метрді құрайтын ағашқа С. есімін берді.

Селбеспелі дыбыстар сөз құрылымын ұлғайтуға негіз болады. Бұлар дыбыстар сөз соңына қосылып айтылады: банк-банкі, ромб-ромбы және т.б. С.д. төл сөздерде де, кірме сөздерде де кездеседі. Зерттеушілер С.д. пайда болуын үстемелеу принципімен және жабық буынмен айту үрдістерімен байланыстырады. Үстемелеу принципі бойынша *жон, бүк, өн, шік, тік, нақ, тарс, лық, сүр* сияқты сөздерге дауысты дыбыстың (*жоны, бүге, өне, шіге, тіке, нақа, тарса, лықа, сүрі*) қосылып айтылуымен байланыстырады. Дауысты дыбыстың қосылып айтылуы экспрессивті-эмоционалдық мағынаны күшейтіп, сөйлеушінің ойын ерекшелеуге септігін тигізетінін атап көрсетеді. Ал жабық буынмен айту үрдісіне сөз соңынан қосылатын дауыссыз С.д. береді. Мыс., *мүлде-мүлдем, бәлки-бәлкім, тақта-тақтай* және т.б.

Селкуп жазуы – XIX ғасырдағы селкуп тілінің жазуы. Жазу қалыптасқаннан бері графикалық негізін, соған сәйкес жазуын бірнеше рет ауыстырды. Қазіргі уақытта С.ж. кирил әліпбиін қолданады. С.ж. тарихы 4 кезеңге бөлінеді:1) XIX ғасырдың соңы – кирил негізінде жазудың алғашқы тәжірибесі; 2) 1931-1937 жылдар – латын тілі негізіндегі жазу; 3) 1937-1950 жылдары – кирил негізіндегі жазу; 4) 1980-ші жылдардан бастап бірнеше диалектілер үшін кирил негізіндегі жазуды қалпына келтіру жүргізілді. С.ж. дамуындағы ерекшелік – оның екі этнографиялық топқа бөлінуі: Солтүстік және Оңтүстік. Олардың 5 диалектісі бар (солтүстік немесе тазов-турухан, тым, нарым, обь және кет). 1930 жылдардың басына дейін селкуптың өз жазуы болған жоқ. Олар сандарды (таяқшалар – бірліктер, айқастырмалар – ондаған, жұлдызшалар – жүздеген) белгіледі, сондай-ақ қол қою ретінде пайдаланылған тамғалары ғана болды. 2000 жылдардың басынан бастап Селкуп әдеби тілінің әліпбиі Ӓ ӓ және І і әріптерімен толықтырылды.

Серб жазуы – вуковица немесе Сербияда жай «әліппе» деп аталатын кирилнегізді жазу жүйесі. С.ж. В.Каражичтің атымен аталады. С.ж. XIX ғасырдың басында құрылып, әлі күнге өзгермеген. Әрбір әріп, фонемалық түрде, нақты бір дыбысты білдіреді. Әліпбидің «Гаевица» деп аталатын латын аналогы бар. Курсивтегі және қолжазба қаріптеріндегі кейбір серб әріптерінің сызбасы әдеттегі орыс әріптерінен өзгеше. Ең алдымен, бұл курсивті және қолжазбалық кіші және үлкен әріптерге қатысты. Компьютерлік жүйелерде арнайы серб сызбалары жоқ немесе оны табу қиынға соғады. Черногорияда, бұрынғы Югославияның көптеген басқа республикаларындағыдай, Вуковица мен Гаевицаның екі әліпбиі қолданылады, бірақ жоба бар. Черногорияның вуковицасына тағы үш әріп қосылды: кирилде З, S, с (сәйкесінше Ж, З және Ш-дан кейін тұру керек); латын тілінде Ś, З, Ź (тиісінше Š, Z, Ž-ден кейін тұру керек).

Aa	Bb	Vv	Gg	Dd	Đđ	Ee	Žž
Zz	Ii	Jj	Kk	Ll	Ljlj	Mm	Nn
Njnj	Oo	Pp	Rr	Ss	Tt	Ćć	Uu
Ff	Hh	Cc	Čč	Dždž	Šš		

Силезия жазуы – латын графикасына негізделген жазу үлгісі. С.ж. тарихында 2 ауқымды тәжірибе бар: 1) 1930 жылдары құрастырылған Феликс Штойердің жазу үлгісі; 2) 2009 жылы Силезия автономиясы қозғалысы, Жоғарғы Силезия Одағы, Силезия ұлтының тұлғалар Одағы, Danga қоғамы және жоғарғы Силезияның басқа да саяси және мәдени-ағарту ұйымдары өкілдерінің кездесуі нәтижесінде жасалған жаңа жазу үлгісі. Жаңа жазу жүйесін құрудың бастамашысы – Pro Loquela Silesiana силезиялық сөйлеуді дамыту және жылжыту қоғамы болды. С.ж. соңғы үлгісі 34 әріптен тұрады.

Символ – грек тіліндегі «σύμβολον» деген сөзден шыққан «бірге лақтыру» деген ұғымнан пайда болған. С. белгілі бір белгіні білдіреді немесе сипаттайды. Сондықтан ол заттың немесе құбылыстың шартты белгісі. Жазуда әріптерді, таңбаларды, тыныс белгілерін ортақ атаумен С. деп те атайды. Жазудың тарихында ұғымдардың символдық мәні ерекше. Жазудың шығу себебінің өзі бастапқыда осындай жеке С. пайда болған.

Сингал жазуы – Шри-Ланкада тұратын сингал халқы, сондай-ақ пали мен санскрит литургиялық тілдері қолданады. Үнділік жазудың бір түрі болып табылатын сингал жазуы брахмиден шыққан және грантха мен кадамбамен тығыз байланысты. С.ж. екі әліпбиден тұрады: негізгі және кеңейтілген. Негізгі әліпбиде 33 таңба бар, оның ішінде 12 дауысты және 21 дауыссыз дыбыс. Ал кеңейтілген әліпбиде 54 әріп: 18 дауысты және 36 дауыссыз дыбыс. Мәтін солдан оңға қарай жазылады. С.ж. – абугид, яғни әр дауыссыз дыбыста арнайы қосымша белгілердің көмегімен өзгертуге немесе жоюға болатын ажырамас дауысты дыбыс бар. Қосымша белгілер болмаған жағдайда а дыбысы қолданылады.

Сингармонизм – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың бастан-аяқ бір әуезбен айтылуы: езулік – еріннің жазылып барып жасалуы – *балық, қызыл, егін, сіңір* т.б.; тіл үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың тілдің көлденең қалпына қарай (жуан/жіңішке) өзара икемделуі – *ал/әл', сыз/с'із', ала/ел'е, қырық/к'ір'ік'* т.б.; еріндік – еріннің сүйірленіп немесе дөңгеленіп барып жасалуы – *ол, тұс, т'ұс', қол, к'өл'* т.б; ерін үндестігі – буын не сөз құрамындағы дыбыстардың

ерін қатысына қарай өзара икемделуі – *құлқын, к'ул'ш'ө, к'үн'д'үз', бұрұм, ж'үр'өк'* т.б. Қазақ тілінің дәстүрлі емілесі бойынша ерін үндестігі сақталмай жазылады – *құлын, к'ул'ш'е, к'үн'д'із', бұрым, ж'үр'ек'* т.б.


Сиддхам жазуы – Солтүстік Үндістанда санскритті жазу үшін қолданылған. Брахми жазуынан шыққан. Жазудың түрі – абугида. С.ж. деванагари және тибет жазуы шыққан. Қазіргі кезде ол Жапонияда буддалық эзотерикалық мектептерде қолданылып «ситтан» немесе «бондзи» деп аталады.

Синкопа (грек. «*syncope*» – қысқару) – негізінен жабысыңқы (шұғыл) дыбыстардың әсерімен сөз ішінде бір немесе бірнеше дыбыстың түсіп қалуы. Мыс., *тағылым – тәлім, бағана – мана, суғару – суару,* тарихи: *еге – ие,* сөйлеу тілінде кездесетін *қабыртқа* сөзі құрамындағы т дыбысы түсіп қалып, *қабырға* болып айтылады.

Синоглиф – графикалық жағынан әртүрлі таңбаланып, бір мағынаға ие болатын белгілер. Мәселен, санскрит және пали сияқты әртүрлі әліпбилермен жазылатын тілдерді үйрену барысында синоглифтердің ерекшеліктерін оңай аңғаруға болады.

Синтагмалық қатынас (грек. «*sintagma*» – біртұтас, құрастырылған) – сөйлеу кезінде бірінен кейін бірі тізбектеліп келетін ең аз дегенде екі (немесе одан да көп) тілдік элементтердің тіркесіп келуі не жымдаса кірігуі. С.қ. туралы зерттеулер XIX ғасырдың бас кезінен бастап жарыққа шықты. С.қ. жеке сөздер мен морфемалардан, сөз тіркестерінен, паузамен шектелген кез келген фразалардан тұрады. Қазіргі қазақ тіл білімінде С.қ. мынадай екі бағытта зерттеледі: сөз тіркесі және оның түрлері, сөйлем және оның түрлері.

Сирия әліпбиі – сирия, сонымен қатар ассирия және басқа да семит тілдері б.з.д. I ғасырға дейін қолданылған әліпби. С.ә. 22 таңбадан тұрады. Бұл таңбалар мейлінше көне арамей әліпбиінен алынған. С.ә. барлық әріптер бір сөздің ішіндегі алдыңғы әріптермен қосылып жазылады. С.ә. бас әріп болмайды.



Славян жазуы – славяндардың христианға дейінгі жазу үлгісі. Жекелеген зерттеушілердің пікірінше, ежелгі славяндарда христиан діні басталғанға дейін және глаголица мен кириллица, яғни Кирилл мен Мефодий құрылғанға дейінгі жазуы болған. Бұл жазу руникалық болуы да мүмкін. Алайда,

жазудың әдеби ескерткіштері табылмаған. Қазіргі ғылым С.ж. Кирилл мен Мефодиймен байланыстырады. Дегенмен, славяндардың қоныстану аймағына жақын әртүрлі мәдениеттерде «Руникалық» жазу жүйесіне ұқсас жазуды пайдаланғанын, олардың арасындағы сауда және мәдени өзара әрекеттестіктің болуы мүмкін болғандығын ескере келе, славяндарда белгілі бір христианға дейінгі жазудың болуын негізсіз теріске шығару дұрыс емес. Бүгінгі таңда мұндай жазудың лингвистика мен тарихтың жалпыға бірдей үлгілері белгісіз немесе даулы мәселе.

Словак жазуы – словак тілін жазу үшін қолданылатын жазу үлгісі. Орта ғасырларда словактар глаголицаны қолданды. Ал XIII ғасырдан бастап латын әліпбиінің негізі болып табылады. XIV-XV ғасырларда С.ж. диакритикалық белгілер пайда болады. Қазіргі әліпби кейбір әріптермен бірге төрт диакритикалық белгіні пайдаланады: гачек (ˇ), акут (´), умлаут (◌̈), циркумфлекс (^). Словак әліпбиінде барлығы 46 әріп (3 диграф) бар. Словак орфографиясы фонемалық қағидатқа негізделген.

Словен жазуы – словен тілінің жазу үлгісі. Ол 25 әріптен және қосымша үш әріптен тұратын латын әліпбиіне негізделген: Č, Š, Ž. Хатта үш диграф қолданылады: NJ, LJ және DŽ. Осылайша, словен тіліндегі графемалардың жалпы саны 28 таңбаны құрайды. Әрбір әріптің, оның ішінде диграфтардың кирилнегізіндегі вуковицада өз аналогы бар.

Слэш (көлбеу сызық) – жоғарғы бөлігі оң жаққа еңкейтіле қойылған жіңішке түзу түріндегі таңба [/]. Бұл таңба түрлі салада қолданылады. Математикада бөлу мағынасын білдірсе, типографикада «қисық сызық» мағынасында пайдаланылады. Көлбеу сызық библиографиялық мәліметтерді ажыртаушы белгі ретінде де беріледі. Бір көлбеу сызық бірнеше авторды немесе жинақтың редакторын, құрастырушыларды беруде қолданылса, екі көлбеу сызық басылымның не жинақ атауының алдынан қойылады. Сонымен қатар өлең жолдарының арасына, дәйексөздерді беруде; ай, күнді көрсетуде (әсіресе, құжаттарда 19/10/2020); күнтізбелік жылдарды (2019/2020); ғимарат нөмірлерін (8/1); құжаттың мерзімін беруде және т.б. жағдайларда қойылады.

Соғды жазуы – дүниежүзіндегі ең көне жазулардың бірі. Ол қазіргі Тәжікстанның және Өзбекстанның Бұқара, Самарқан, Хорезм облыстарының территориясында б.з.д. I ғасырдан IX ғасырға дейін өмір сүрген Соғды мемлекетінде болған жазу. С.ж. сирия жазуынан шыққан арамей жазуынан пайда болған. Алдымен С.ж. иран тілдері тобына жататын соғды тілі үшін қолданылса, кейінірек көне ұйғыр тіліне бейімделген жазу болды. Ислам дінінің енуіне байланысты С.ж. орнына Соғды мемлекетінде араб жазуы енді. С.ж. будда, манихей, несториан, заратуштра діндерінің жазбалары үшін қолданылды. С.ж. оңнан солға қарай жазылды. Біздің дәуірімізге С.ж. сақталған көптеген діни, әдеби және тарихи мұралар жеткен. С.ж. Орта Азияның және соған шектес Қытай мен Монғолияның территориясындағы өркениетке үлкен тарихи ықпал жасады.

Сомали жазуы – сомали тілінің жазу үлгісі. С.ж. бірнеше тарихи кезеңнен тұрады: 1) XIX ғасырдың басында – араб жазуы; XIX ғасырдың аяғында – латын жазуы, 1920 жылдары – Исмания жазуы; 1930 жылдары – Борама жазуы; 1950 жылдары – Каддаре жазуы пайда болды. Ал 1972 жылдан бастап С.ж. ресми түрде латын графикасына негізделді. Латын жазуын Сомали тіліне қолданудың алғашқы тәжірибесі 1897 жылы миссионерлер «Сомали тілінің практикалық грамматикасы» кітабын шығарған кезде пайда болды.

Сонант (латын. «*sonans*», ағылш. «*sonant*» – дауысталатын) – бұл термин екі түрлі мағынада қолданылады: 1) Буын жасайтын дауыссыз немесе жартылай дауысты дыбыстар. 2) Сонор (үнді) дыбыстар.

Сонор дыбыстар – дауыс пен салдырдан құралған, бірақ салдырдан гөрі дауыс басым болатын үнді дыбыстар. Қазақ тіліндегі үнді дауыссыз дыбыстар құрамына м, н, ң, р, л, й, у дыбыстары енеді. Бұлардың барлығына ортақ бір белгі бар, ол – дауыс желбезегінің мол тербелісі. Үнді дауыссыз дыбыстар жасалу орнына қарай төрт топқа жіктеледі: ерін арқылы: м, у, тіл ұшы арқылы: н, р, л, тіл ортасы арқылы: й, тілшік арқылы; ң.



Соссюр Фердинанд де (1857-1913) – швейцар тілтанушы ғалымы. Лейпциг университетін бітірген. Женева лингвистикалық мектебінің негізін салушы. Семиология және структуралық лингвистика сияқты тіл білімі салаларының негізін салған. Структурализм теориясының негіздеуі, гуманитарлық ғылымдардың жаңаша дамуына үлес қосты. С. зерттеулері тіл білімін тарихи және салыстырмалы, яғни диахрондық зерттеулерден тілдік синхрондық зерттеулерге бағыттады. С. синхрондық зерттеулері, оның ғылыми жаңа теориялары және ғылыми тәсілдері, яғни тың әдіснамалық бағыты лингвистикада төңкеріс жасады. Оның зерттеулері жалпы XX ғасырдағы гуманитарлық ойдың дамуына айрықша ықпал етті. «Үндіеуропа тілдеріндегі дауыстылардың бастапқы жүйесі туралы мемуар» еңбегінде ол таза структуралық қорытындылардан шыға отырып, көне үндіеуропа тілінде ерекше фонемалар болғанын негіздеді. «Ларингалды теория» аталған бұл ғылыми болжам үндіеуропа тілдерінің фонологиялық жүйесінің эволюциясын тануда айрықша рөлге ие болды. Оның ең басты «Тіл білімінің жалпы курсы» кітабында диахрондық және синхрондық тіл білімінің теориялық мәселелері зерттелінді. Автор диахрондық зерттеу синхрондық сипаттамаларға негізделетінін дәлелдеп, тілдің тарихи өзгерістері синхрондық талдаулар арқылы ғана оның эволюциялық дамуына объективті ғылыми баға берілетінін толығымен негіздеп берді. Осы еңбегінде тілді білу мен күнделікті пайдаланудың ерекшеліктерін зерттеп, барлық сөйлеушілерге арналған тілдік бірліктерді «тіл» деп, ал нақты айтылым актісін «сөйлеу» деп бөлді. Осы тұжырым тілді зерттеуде және оны оқыту әдістемесінде осы күнге дейін негізге алынып келеді. С. осы зерттеуінде семиологияның да теориялық мәселелері шешімін тапты. Ол

семиологияны таңбаларды зерттейтін ғылым ретінде атай отырып, лингвистиканы семиологияның бөлігі деп қарастырды.

Сөз ағымы – мағыналық қатынастағы сөздер тобы және сол арқылы берілетін ой желісі. С.а. дұрыс дыбысталып, бөліктерге дұрыс бөлінуі тиіс. С.а. мүшелеуде тыныстау заңдылықтары да ерекше рөл атқарады. С.а. ырғақпен байланысты да қарастырылады. Зерттеушілер сөз ағымының бірнеше бірліктерін атап көрсетеді: 1/бунақты сөз немесе фонетикалық сөз; 2/ырғақты топ; 3/синтагма; 4/сөйлем. Бұл бірліктерді ажыратуда екпін мен кідірістің қызметі ерекше көрінеді. Сонымен қатар С.а. топтарды бір-бірімен байланыстыруда интонацияның әуен, қарқын, дауыс қаттылығы (интенсивтілік) секілді компоненттері де қатысады. С.а. синтагма, сөйлем кідіріс арқылы ерекшеленіп, «қос таяқшамен» // таңбаланса, ырғақты топ «доға» таңбасымен бірігеді.

Сөз просодикасы – сөз құрылымына сөздік екпін, тон және сингармонизм жатады; морфологиялық құрылым қопарылмалы, жадағай және жалғамалы болып жіктеледі.

Сөздік екпін – сөз құрамындағы бір буынның басым айтылуы, үнді-европа тілдеріне (орыс) тән фонологиялық бірлік, сөз мағанасын өзгертіп те отырады: *за'мок-'замок* т.б.

Сөздің аяғы – сөздің соңы. Ғалым жұрнақ сөз соңындағы дыбыстарға қарай жалғанатынын ескертеді: *Жұрнақ «ма».* Бұл жұрнақ түбір сөздің аяғы дауысты немесе жарты дауысты дыбыс болса яки «р», «л» болса, осы «ма» күйінде жалғасады. Мыс., *сана – санама, тасы – тасыма, ту – тума, сау – саума, жай – жайма, қыр – қырма, сал – салма.* Түбір сөздің аяғы ұяң дыбыс болса, «ма» орнына «ба» болып жалғасады. Мыс., *жаз – жазба, оң – оңба, жон – жонба.* Түбір сөздің аяғы қатаң болса, «ма» орнына «па» болып жалғасады. Мыс., *бас – баспа, ат – атпа, ақ – ақпа, жап – жаппа, аш – ашпа.*

Сөздің тұлғасы – сөздің бітімі, жеке күйіндегі тұрпаты, басқа сөздердің ықпалына ұшырамай, жеделдік, тұтастық жоқ кездегі қалпы. Мыс., «*Тұрғанбай*», «*Қара-көз*», «*Сылаң қыз*» т.с.с. А.Байтұрсынұлы С.т. мен тұрпаты бірдей болмайтынын ескерте келіп: «Тұлғасы бірдей сөздердің тұрпаттары басқа болуы мүмкін. Мыс., «*Тұрғанбай*» – «*Тұрғамбай*» деген сөздердің тұлғалары бірдей, тұрпаттары бірдей емес», – деп жазады. Мұндай орында айтылудың дұрыс-бұрысына қарау керектігін ескертеді. Дұрысы – «*Тұрғамбай* емес, «*Тұрғанбай*». Сондықтан жазғанда «*Тұрғанбай*» деп дұрыс тұрпатымен жазамыз.

Сөздің тұрпаты – басқа сөздермен тіркескен қалпында, қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын сөздің өзгерісі. Ғалым қос сөздерде, қосарлап айтқан сөздерде дауыс жеделдігі мен дауыс тұтасуынан болатын тұрпат өзгерісіне қарамай, жеделдік, тұтастық жоқ жеке күйіндегі тұрпатымен жазу керектігін ескертеді. Мыс., «*жүг-аяқ*» деген сөзді

«*жүк-аяқ*» деп, «*Қарагөз*» дегенді «*Қара-көз*» деп, «*Сылаңғыз*» дегенді «*Сылаң қыз*» деп жазамыз.

Сөздің үнді болуы – дауысты дыбыстар көп келген сөз. А.Байтұрсынұлы «ұ», «ү», «і» дыбыстары дауысты болғанмен, үні аз екенін айтады. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шамалы» сөзі құлаққа жағымды екенін айтады да оның себебін: «1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз болғанда, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұрғанынан; 2) дауысты дыбыстар ішінде көп болғандықтан, сөздің үнді болып шыққанынан» деп түсіндіреді.

Сөздің үнсіз болуы – дауыссыз дыбыстар көп келген сөз. Сөз ішінде бұлар көп келгенде де сөздің үні кем болып шығады және кей сөздің ішінде қай дыбысы болса көп келеді де кей сөздің ішінде аз келеді. Сөз әуезділігі жағынан мұның да мәні көп болады. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шанышқы» сөзі құлаққа жағымды болмайтынын ескертеді. Себебі «шанышқы» деген сөзде «1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда, екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ; 2) дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық емес, мол да емес» екенін айтады. Яғни, үні кем, жатық болмаған соң «шанышқы» сөзі құлаққа жағымсыз болып естілетінін ескертеді.

Сөзтаным – дыбыстардың (буындардың) басын құрап бүтін сөз етіп тұратын лингвистикалық заңдылық. Әлем тілдеріндегі С. түрлері: үнді-европа (орыс т.б.) тілдерінде сөздік екпін болып табылады, егер сөздік екпін дұрыс қойылмаса не сөздің мағанасы өзгеріп кетеді, не сөздің айтылымы бұзылады; буыншыл тілдерде (қытай т.б.) сөздің тон (әуен) дегейі болып табылады, сөздің әуен деңгейі дұрыс тұрмаса не сөздің мағанасы өзгеріп кетеді, не сөздің айтылымы бұзылады: жалғамалы тілдерде (түрік тілдерінде) үндесім (сингармонизм) болып табылады, егер сөздің өнбойында бірыңғай әуезі дұрыс сақалмаса сөздің мағанасы өзгеріп кетеді, не сөз дұрыс айтылмайды.

Сөйлеу (сөз) дыбыстары – адамның күрделі артикуляциялық қызметінің нәтижесінде пайда болатын сөйлеу (сөз) тізбегінің ең шағын бірліктері. С.д. тілдің ең шағын бірлігі – фонемаға катысты болғандықтан, сегменттік (сөйлеу тізбегінің жіктелетін элементтері, бөлшектері) құралдарга жатады. Дыбыстық құралдардың тон, екпін, интонация сияқты түрлері буын, сөз, синтагматәрізді неғұрлым көлемді тіл бірліктеріне катысты болып келеді. С.д. сипаттауда олардың артикуляциялық, акустикалық, перцептивтік (қабылдау) қызметі жан-жақты ескеріледі. С. д. артикуляциясы жағынан 2 топқа – дауысты, дауыссызға бөлінеді. Бұл екеуінің ең маңызды айырмасы дауыстылардың буын жасай алатындығында, буынның ең жоғарғы сатысы – дауысты дыбыс. С.д. артикуляциясы 3 фазадан не күйден тұрады: экскурсия (1-фаза, сөйлеу органдарының дыбысты айтуға ауысқан, бейімделген кезі), тоқталыс (2-фаза, выдержка, сөйлеу органдарының дыбысты айтуға дайын кезі), рекурсия (3-фаза, сөйлеу органдарының бастапқы қалыпқа келіп, келесі дыбысты айтуга ауысқан кезі). С.д. акустика жағынан дыбыстардың

ерекше түрі болып табылады, оған дауыс, әртүрлі шуыл, шу қатысады. С.д. қабылдау тұрғысында – есту жүйесінің күрделі қызметімен байланысты. Сөйлеу элементтері ретінде С.д. айтылуы олардың артикуляциялық, акустикалық, перцептивтік қасиеттерімен бірге, тілге тән фонологиялық құрылымға негізделеді.

Сөйлеу қарқыны – белгілі уақыт мөлшерінде сөздің (сөйлемнің) айтылу қарқынының шапшаң не баяу болып келуі.

Сөйлеу мүшелері – ауыз және көмей қуысындағы дыбыс жасалымына қатысатын бірліктер. ауыз қуысы (ерін, тіс, тіл, таңдай, тілшік), көмей қуысы, дауыс желбезегі (шымылдығы, жарғағы), кеңірдек, өкпе. Белсенді С.м.: ерін (астыңғы, үстіңгі ерін), тіл (тіл ұшы, тіл ортасы, тіл арты), тілшік дыбыстың жасалымына тікелей қатысады. Бейтарап сөйлеу мүшелері: тіс, таңдай (тіс, таңдай алды, таңдай ортасы, таңдай арты) дыбыстың жасалымына жанама қатысады.

Сөйлеу сазы – интонацияның негізгі құрамды бөлігі. Сөйлеу сарынының акустикалық көрінісі негізгі тонның сөйлеу барысындағы өзгеріп отыруы болып табылады. Сөйлеу сарыны синтаграммалар мен ритмикалық топтардың әрі жігін ажыратып, әрі басын біріктіріп, бүтін бір сөйлем етіп құрап отырады. Сөйлеу коммуникатив түрлерге (хабарлы, лепті, сұраулы, бұйрық) бөлінеді. Сөйлемнің мағыналық тұрғыдан маңызды бөлігін баса көрсетеді, сондай-ақ көңіл-күй көріністерін, кекесін-қалжың тәрізді астарлы сәттерін аңғартады. Лингвистикалық (акусти – калық) талдау үстінде негізгі тонның (дауыс ырғағының) жоғары-төмен деңгейлері, олардың арасындағы алшақтықтың шамасы, әуен сатылары, оның биіктеу шыңы, тік немесе жайпақ көтерілуі мен түсуі, үдемелі, кемімелі және тегіс қозғалуы деңгейлері анықталады. Әдетте зерттеушілер сөйлеудің белгілі бір сөйлем түрлеріне тән сөйлеу сазының пішінін табуға тырысады. Әзірге С.с. дыбыстық (акустикалық) көрінісі жайлы тіл білімінде ортақ, пікір жоқ.

Сөйлеу техникасы сөйлеу мүшелерінің қызметімен тығыз байланыста қарастырылады. С.т. меңгермей тыңдарманға әсер ету де қиындық тудырады. Сөйлеу барысында тыңдарманға айтылған сөз, біріншіден, анық әрі дұрыс естілуі қажет; екіншіден, интонациялық жағынан дұрыс айтылуы тиіс. С.т. радио, теледидар саласының қызметкерлері (дикторлар, журналистер, бағдарлама жүргізушілері және т.б.) жақсы меңгеруі керек. Бұл саланың қызметкерлері үшін көпшілікпен қарым-қатынас жасауда С.т. маңызды рөл атқарады. Бұл кәсіп иелеріне С.т. дұрыс меңгеру кәсіби қажеттілік болып табылады.

Сөйлеу тілі – көбінесе таныс ортада, бейресми жағдайда емін еркін әңгімелесуде қолданылатын тілдік құрылым. С.т. мақсаты – екеуара тілдесу. С.т. *лексикалық ерекшеліктері.* С.т. күнделікті тұрмыста қолданылатын қарапайым бейресми сөз жиі ұшырасады, бейтарап сөздермен қатар диалекті сөз, кейде тұрпайылау сөз де кездесіп отырады. Оларды көркем әдебиетте жазушылар кейіпкердің сөйлеу ерекшелігі мен мінезін таныту, қатынас ашу үшін т.б. стильдік мақсатта әдейі пайдаланады. Мыс., – *Сен тағын, тағын бастадың ба? Қанша үрмет қысам да болмай ақ қойдың ғой, жүдә. Сен албасты! Секеңдеген шайтан! Қараңғы үйде жалғыз өзіңді қамап қояйын ба шылый. Көзіңді бозартып (М.Әуезов,*

«Білекке білек»). С.т. кәсіби сөздер көбірек қолданылуы мүмкін. Өйткені белгілі бір кәсіпорында жұмыс істейтін адамдар өзінің күнделікті өмірінде, жұмыс барысындағы қарым-қатынаста кәсіпке байланысты сөзді жиі пайдаланады. Мыс., – *Есеп бар ма? Мен бүгін суген ұстадым. Бұйырған дегенді қойсайшы, аудың жалғыз көзіне сағалынан ғана ілініп тұр екен.* Ауыспалы мағынада келтірілген бейнелі сөздер және метонимия, эвфемизм сөздер С.т. жиі ұшырасады. Мыс., – *Әпкелді тағы өңшең қаңқайған ағаштарын! – деп сырт айнала бере: – Ағашта басың қағыр өңшең. Бояуынан басқа оқуын бітіріп, қызметке жайғасып қолымызға кеп отыр. Айтты айтпады осы жалғыз қайнымды, кенже балаңды, аяқтандырмай өліп отырсың ба? (М.Әуезов).* Бұл келтірілген мысалдардағы *жиһаз* сөзінің орнына *ағаш, үйлендіру* сөзінің орнына *аяқтандыру. Сағит* деудің орнына *кенже бала* деп қолдану сөйлеу тіліне тән белгілерді көрсетеді. *С.т. фонетикалық-морфологиялық ерекшеліктері.* Дыбыстарды түсіріп айту С.т. тән фонетикалық белгілерге жатады: *басың қалғыр* (басың қалғыр), *кеп отыр – келіп отыр, боп па – болып па* т.б. тіркестерде дыбыстарды түсіріп айту – С.т. тән құбылыс. Қыстырма қаратпа, одағай сөздердің жиі қолданылуы С.т. морфологиялық ерекшеліктері болып табылады. Сөздің эмоционалдық болуын арттыру үшін –ақ, – ау, – мыс, -ғой шылаулары пайдаланылады. Мыс., – *Балаңыз бала ақ, жеңгей, қатты ризы болдым оған (М.Иманжанов).-Түһ! Бұлар деген нар жігіттер ғой (Ғ.Мұстафин).* С.т. сыйлау, құрметтеу, кішірейту, еркелету мағынасын беретін амал-тәсілдері көбірек пайдаланылады. Мыс., *Сәке, Мәке, еркетай, қарағым, қалқам, әкетай, ағажан,* т.б. – *Осының шын ғой, Әлеке, ә? Тап осы жерің жалпақтау-ау, Әлеке, өзің байқамай жүрсің-ау деймін (газеттен).* Бағыныңқы сөйлемнің баяндауышы құрамында келген соң шылауы кейде қысқартылып, жалғау тәрізді түрде айтылады. *Мен мектепке барған соң...Мен мектепке барғасын...* С.т. эмоционалды-экспрессивті бағалауыш, көркемдегіш, бейнелеуіш сөздер де жиі қолданылады. Мыс., *1. «Қаңқайып-саңқайып алып», «ағашта басың қағыр өңшең» (М.Әуезов). 2. Өгіздей бір неміс өңкиіп алдымнан тұра келді (Ғ.Мүсірепов). 3. Үй тар болған-мен көңіл дариядай, сыямыз. 4. Менен оларға тиетін инедей пайда жоқ (М.Әуезов).* Осындағы бағалауыш, теңеу, гипербола, литота, эмоционалды сөз сөйлеу стиліне тән реңк беріп тұр. *Синтаксистік ерекшеліктері.* С.т. стилінің басқа стильдерден өзгешелігі, ең алдымен, сөйлем құрылысынан байқалады. С.т. сөйлем түрлері аралас келеді. Сұраулы, лепті, риторикалық сұраулы сөйлемдер көп қолданылып, сөйлем диалогқа құрылады: *Баланың сөзін сөз деп, о несі ай маған! (Б.Майлин).*

– Қарағым ай, қазақпысың?

– Иә, қазақпын.

– Қазақ болсаң, қарағым – ай, қара қазақпысың, өкіметтің кісісімісің?

– Ендеше, қарағым-ай, сүйемелдеп жібер, мен сияқты нашар кісіні (С.Мұқанов).

Диалогқа құрылған сөйлемдерде ой тұжырымды, әсерлі болу үшін толымсыз жалаң сөйлемдер жиі қолданылады.

– Есенсіз бе?

– Шүкір.

– Осы ауылдікісіз бе?

– Осы ауыл... (Б.Майлин). Сөз қайталау тәсілі, сөйлем мүшелерінің орнын ауыстырып қолдану кездеседі. Қорыта келгенде, С.т. стильдік сипаттары төмендегідей: Тілдесу емін-еркін, бейресми түрде өтеді. 1. Сөйлеуші тілдік амал-тәсілдерді толық пайдаланып, ойын белгілі бір жүйемен беруге аса көңіл бөлмейді. 2. Тіл амалдарын қолдануда әдеби тілдің заңдастырылған фонетикалық, лексикалық, морфологиялық, синтаксистік нормалары толық сақталмайды. Сөйлеуге дайындық деңгейі жазба сөз, шаршы топ (көпшілік) алдындағы сөздегідей болмайды. Сөз қолданыста тілдің көп мүмкіндігі пайдаланылмайды, дәлдіктен ауытқу басым болады. Мыс., сөйлеуші синоним сөздерді, тұрақты тіркестерді таңдап-талғап қолдануға жеткілікті мән бере бермейді. Ой-сезімін кей жағдайда тілдік емес белгілермен жеткізеді (бас шайқау, бас изеу, қол сермеу, иығын көтеру т.б.). Сөйлеушінің сезім күйі сөздерінен, тілдің емес қимылдарынан анық білінеді. Тілдесуде қарапайым сөздерді еркін қолданады. Сөйлеуші өз пікірін білдіруде эмоционалды сөздерді, қыстырма, қаратпа, одағайларды жиі пайдаланады. Сұраулы, лепті сөйлемдер аралас келіп отырады; сөз диалогқа құрылады.

Сөйлеудің фонетикалық бірліктері – ритмитика-интонациялық тұрғыдан алғанда дыбыстардың үздіксіз тізбегінен жасалатын ауа толқынының бөліктері. Тізбектелген ауа толқынының нақты бөліктері С.ф.б. деп аталады. Олар – *фраза, сөйлеу такті, сөз, буын, сөйлеу дыбыстары.*

Спирант (латын. «*spirans*», ағылш. «*spirans*» – сүзілмелі) – ауаның сүзіліп шығуынан жасалатын ызың дауыссыз дыбыстар. Ызың дауыссыздар дыбыстау мүшелерінің (тіл алды, тіл ұшы, тілдің артқы шені) таңдайға, күрек тіске жуысуынан жасалады: ж, з, ғ, с, ш.

Спонтандық өзгерістер (латын. «*spontancus*» – өздігінен) – сөз құрамындағы дыбыстардың бір-біріне әсерінсіз дыбыстық өзгеріске түсуі. Ондай өзгерістер дыбыстардың бір-біріне ықпал етуі нәтижесінде емес, тіл дамуына байланысты пайда болатын тарихи өзгерістер қатарына жатады. Мыс., *әлем – ғалам, әдет – ғадет, шүйінші – сүйінші.* Диалект сөздердегі дыбыстық өзгерістер тарихи спонтандық өзгеріс болып табылады: *кеуіл – көңіл, о йақ – ол жақ* т.б.

Стенография (грек. «*stenos*» – қысқа, тығыз, «*grapho*» – жазу; нем. «*stenographie*»). Сөйлеп тұрған кісінің айтқандарын тез жазып алу, яғни арнайы белгілермен жылдам жазу технологиясы. Бұл ауызша айтылған мәтінді қатесіз дұрыс жазуға мүмкіндік береді.

Суахили әліпбиі – суахили халқы қолданатын әліпби. С.ә. XIX ғасырға дейін араб жазуына негізделді. XIX ғасырдың ортасында еуропалық миссионерлер латын әліпбиін енгізген. Қазіргі С.ә. базалық латынның 24 таңбасын қолданады: Aa, Bb, Cc, Dd, Ee, Ff, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu,Vv, Ww, Yy,

Zz. Әліпби құрамында Qq, Хх әріптері жоқ. Суахили тілі Танзания, Кения және Уганданың мемлекеттік тілі. Этносаралық қарым-қатынас тілі ретінде Шығыс және Орталық Африкаға, Үнді мұхитының жағалауынан Конго, Сомали және Мозамбик мемлекеттеріне дейін тараған.

Сундан жазуы – австронезия семьясына жататын сундан тілінің латын әліпбиіне негізделген жазуы. Құрамында диграфтар бар. Жазудың түрі – абугида. Индонезия халқының үштен бірі қолданылады.

Сұрау белгісі «?» – жауап сұраған сөйлемдердің соңынан қойылатын белгі.

Сүзілмелі дауыссыздар – тілдің алдыңғы таңдайға жуысуы арқылы жасалатын ызың фонемалардың түрлері. Оған *ш, ж* дыбыстары жатады. Таңдайға тілдің бір жері ғана емес, екі жері бірдей жуысатындықтан, олар екі фокусты фонемалар деп аталады.

Сүйеу таяқ – сөз басында келген дауысты дыбыс харіптерінің алдынан қойылған белгі. А.Байтұрсынұлы әліпбиге реформа жасағанға дейін «а» дыбысы сөз басында келгенде мәт (~) белгісімен таңбаланып келді. Сөз басында мәт белгісінсіз келген «/» таңбасы оқылмай, одан кейінгі дыбыстың дауысты екенін ғана білдіретін. Ғалым «Тіл – құралда» сөздің бітеу буындары мен ашық буындарын айырғанда, С.т. (|) дыбыссыз харіпке саналатынын ескертіп, *ынтық, ықтын, ысқын, ырғыз, ылғи* деген сөздердің бас буындары бітеу буын болатынын айтады. Тұрпаты дауысты «а» дыбысына ұқсас болғанмен, буынға бөлуде ол дауысты дыбыс ретінде қарастырылмаған. Яғни, С.т. фонемалық статусы болмаған. Жазуда, оқуда қиындық келтіретіндіктен, ғалым әліпбиге реформа жасаған кезде С.т. қолданыстан шығып қалды.



Сыздық Рәбиға Сәтіғалиқызы (1924-2020) – түркітанушы ғалым, ҚР ҰҒА академигі, филол. ғыл. док., профессор. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік сыйлығының иегері. Абай атындағы Қазақ педагогикалық институтын бітірген. Негізгі зерттеу бағыттары: қазақ әдеби тілінің тарихы, сөз мәдениеті, орфография. 1959 жылы «Абай қара сөздерінің негізгі морфологиялық ерекшеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация, 1971 жылы «Абай шығармаларының тілі» деген тақырыпта докторлық диссертация қорғады. Ғалым XV-XIX ғасырлардағы ақын-жыраулардың тілін, қазақ тіліне қатысты ортағасырлық жазба ескерткіштердің тілін зерттеді. 1968 жылы профессор С. М.Балакаев, Е.Жанпейісовтармен бірге «Қазақ әдеби тілі тарихы» атты оқу құралын жазды. Сондай-ақ С. «XVIII-XIX ғасырлардағы казақ әдеби тілінің тарихы», «Қазақ әдеби тілінін тарихы» атты монографияларында ақын-жыраулардың тілін арнайы зерттеп, оларды әдеби тілдің жазбаға дейінгі кезеңіне жатқызды. Қадырғали Бақы Қосымұлының «Жамиат тауарих» атты шежіресінің тілін жан-жақты талдады. Шежірені алғаш рет бүгінгі графикаға түсіріп, орыс тілінде «Язык Жамиат тауарих» атты монография жариялады. Қожа Ахмет Ясауидің «Диуани хикмет» атты

шығармасының тілін зерттеді, нәтижесінде 2004 жылы «Ясауи Хикметтерінің тілі» атты монография жарық көрді. «Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы жайында анықтағыш», «Емле және тыныс белгілері», «Қазақ тілінің анықтағышы» еңбектері қазақ орфографиясының дамуына ықпал етті.

Сызықша «-» – жалпылағыш қос сөздердің арасына, сөзді тасымалдаған кезде т.с.с. қойылатын белгі. Мыс., *аяқ-табақ, киім-кешек, қой-қозы, сауыт-сайман, ертұрман* немесе *сау-да, са-йақ, а-сық, тұш-қыл-тым, са-рым-сақ, мақ-та-ну-ға, жал-пыл-дау-ға, а-тыс-ты-ру-ға.* Бүгінгі таңда А.Байтұрсынұлының «сызықша» деген атауының орнына орыс тілі арқылы латын тілінен енген *дефис* атауы қолданылып жүр. Ғалым «дефис» сөзінің баламасы ретінде *сызықша, қосарлық, кіші сызықша* атауларын пайдаланған. Ал қазіргі кезде С. атауы «дефис» емес, «тиренің» баламасы ретінде қолданылып жүр. Дұрысында, қазақ тілінде – **ша/-ше** қосымшасы кішірейту мәнінде жұмсалады (*тақтайша, қалташа, қалақша* т.с.с.). Сондықтан А.Байтұрсынұлы ұстанымдарын қуаттап, негізге ала отырып, С. деген атауды «дефистің» баламасы ретінде қолданып, С., *тире* деген атаулардың орнына сызық деп алған жөн. Яғни, ұзынын «сызық» деп, қысқасын С. деп атаған дұрыс болар еді.

Сыймаған буын – тасымалдау барысында жазып келе жатқан жолға сыймай қалған, келесі жолға асырылатын буын.

Сына жазу – сына таңбалардың жүйесінен құралған. Алдыңғы Азияда тараған көне жазу. Ассирия – Вавилон сына жазуында 300-ге жуық кең қолданылатын және 600-ге жуық сирек кездесетін таңбалар болған.

Тт

Т әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <т> фонемасы Тт әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Tt әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында Т әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде де <т> фонемасы латын графикасының стандартына сәйкес / T түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Тт/ әрпіне ауыстырылды. Бұл әріп сөздің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – ты.

Т дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіспен тоғысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай тоғысыңқы дауыссыз дыбыс, дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, тоғысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. Сөз шебінде орын талғамайды: *ат, тат, қыстау, қарақат* т.б.

Табасаран жазуы – табасаран тілінің жазу үлгісі. Ол бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта Т.ж. кирилнегізді жазу. Т.ж. мынадай кезеңдерден тұрады: XX ғасырдың басына дейін – араб әліпбиі негізіндегі жазу; 1932-1938 жылдары – латын негізіндегі жазу; 1938 жылдан – кирилге негізделген қазіргі заманғы жазу. Жаңа табасаран әліпбиі 16 ақпанда «Дағыстан ақиқаты» газетінде жарияланды. Кирил әліпбиінің авторлары Т.Шалбузов пен Э.Ханмагомедов болды. Кейінірек кириллік әліпбиге бірнеше рет өзгерістер енгізілді. Атап айтсақ, әліпбиден бірқатар әріптер алынып тасталды: ГІ гІ, Джв джв, УІ уІ, ЧІв чІв және мына әріптер қосылды: *Аь аь, Гь гь, Е, е, Жъ жъ, Уь уь, Чъ чъ,* І. Кейінірек әліпби құрамынан тағы бірқатар әріптер тізбегі алынып тасталды: Жъ жъ, Жв жв, Чв чв, Чъ чъ, Шв шв.

Тагал жазуы – Филиппин Республикасының негізгі тілдерінің бірі. Бұл сөйлеушілер саны бойынша кең таралған филиппин тіліне жатады. Аустриялық

тілдер семьясының филиппин құрамында. Еуропадағы тагал тіліндегі алғашқы құжат – италиялық Антонио Пигафеттаның жазбалары. Оның стандартталған нұсқасы «филипино» (пилипино) – Филиппин Республикасының мемлекеттік тілі. Ол Филиппиндегі мемлекеттік БАҚ және жалпы білім беру жүйесіндегі негізгі тілге жатады. Ол қазіргі уақытта ресми құжаттар тілінің мәртебесіне (ағылшын тілімен бірге) ие. 1987 жылға дейін ол испан тілімен қатар қолданылған. XX ғ. екінші жартысына дейін Т.ж. көптеген нұсқасы болды. Олар испан орфографиясына негізінделді. Т. тілі ұлттық тіл болғанда филиппин тілтанушысы Лопе К.Сантос 20 әріптен тұратын әліпби құрастырды. Ол мектеп грамматикасында «акабада» деп аталған (т.әліпбиінің басқы 4 әрпінің атауынан шыққан): Aa, Bb, Kk, Dd, Ee, Gg, Hh, Ii, Ll, Mm, Nn, Ngng, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ww, Yy. Кейінірек «пилипино» деп аталған тілге мемлекеттік мәртебе берілді. 1979 жылы әліпбиге испан және ағылшын тілдерінен енген кірме сөздерді таңбалау үшін Cc, Chch, Ff, Jj, Qq, Rr, Vv, Xx, Zz әріптері қосылды. Қазіргі мемлекеттік Т. тілі «филипино» деп аталады. 1987 жылы Т. әліпбиі тағы да қысқарып, онда 27 әріп қалды. Т.ж. диакритикалық таңбалардың үш түрі бар: қатты екпін (*talagá*), соңғы буын түсетін екпін (*malumì*), циркумфлекс, соңғы буынға көмей арқылы екпін түсіру үшін *(sampû)*. Т.ж. мыс., *Habang may buhay, may pag-asa* – «үмітсіз шайтан», «үмітін үзбеу».

Тагбанва (тагбануа, тагбанува немесе апурахано) жазуы – Филиппин еліндегі аборигендік жүйедегі жазудың бір түрі. Т. тілі 8000 қолданушысы бар австронезийлік отбасыға кіреді. Т.ж. Филиппинде XVII ғасырға дейін қолданылған. Т.ж. кави жазуынан, ал кави жазуы паллава үнді жазуынан тараған. Әдетте жазбалар бамбук тақтайшаларында вертикалді бағанда төменнен жоғары, солдан оңға қарай, ал көлденең бағанда оңнан солға қарай жазылған.

Тай жазу жүйесі – ерекше жазу жүйесі. Т.ж. VIII ғасыр бойы өмір сүріп келеді. Бүгінгі Т.ж. Оңтүстік-Шығыс Азиядағы басқа тілдердің жазуымен бірдей және ежелгі үнділік буындық брахми жазуынан бастау алған. Т.ж. дауысты және дауыссыз дыбыстарды көрсететін арнайы белгілері бар. Әліпбидегі 44 негізгі әрпі – дауыссыздар мәтінде солдан оңға қарай жазылған. Сөйлем ішіндегі сөздер арасында бос орындар және бас әріптер жоқ. 44 дауыссыздардың әрқайсысының әліпби мен атауында өзіндік орны бар. Сонымен қатар әр әріп бекітілген сөзге сәйкес келеді: мыс., бірінші әріп – кокай (ก) – басында «ко» қарапайым атауымен «тауық» (қай) дегенді білдіреді.

Такри – үндіари тобына жататын пенджаби, догри тілдерінің жазуы. 1940 жылдарға дейін Үндістанның Джамму мен Кашмир штаттарында ресми жазу болып келді. Жазудың түрі – абугида. Қазір оны деванагари жазуы ығыстырған.

Талас жазу ескерткіштері – Талас өзенінің аңғарынан табылған V-VIII ғ. жазба ескерткіштері. Алғашқы нұсқаны тапқан Әулие ата (қазіргі Тараз) уезінің бастығы В.Каллаур. Ол 1896 жылы Айыртам-Ой деген жерден жазуы бар домалақ пішінді үш тас тапқан. 1898 жылы А.Гейкел басқарған Фин-угор ғылыми қоғамының экспедициясы тағы да екі тас тапты. 1932 жылы Ашықтас деген жерден төрт қырлы

ағаш таяқшаға ойылып жазылған жазу кездесті. Қазіргі кезде Талас ескерткіштерінің саны шамамен 30-ға жақын. Жазылу ерекшелігі мен мазмұны жағынан талас жазуы орхон жазуынан гөрі енисей жазуына көп жақын. Т.ж.е. бірінші, екінші, үшінші ескерткіштер деп сандық ретпен атау қалыптасқан. Ескерткіштердің мәтініне В.Радлов, П.Мелиоранский, А.Гейкел, Ю.Немет, С.Малов, А.Щербак, И.Батманов. А.Аманжолов т.б. ғалымдар зерттеу жұмыстарын жүргізген. Талас жазулары тастарға, жартастарға және бұйымдарға ойылып жазылған.

Талыш жазуы – талыш тілінің жазуы. Т.ж. өз тарихында графикалық негізін бірнеше рет өзгертті және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта талыш жазуы бірден үш графикалық жүйеге параллель қолданылады: 1) Ресейде және ішінара Әзербайжанда кирилнегізді жазу; 2) Әзербайжанда латыннегізді жазу үлгісі; 3) Иранда араб негізіндегі жазу. Латын негізіндегі Т.ж. 1929 жылдың соңында, Бүкілодақтық жазу процесі жүріп жатқан кезде құрылып, 1938 жылға дейін созылды. 1990 жылдардың ортасында Әзербайжанда латын негізіндегі жаңа Т.ж. әзірленіп, білім беру саласына енгізілді.

Тамиль жазуы – дравид тілдік семьясына жататын тамиль тілінің жазуы. Т.ж. 247 негізгі белгілерден тұрады: 12 дауысты (уйирелутты), 18 дауыссыз (мэййелутты), 216 дауыссыз дыбыстардың дауыссыз дыбыстары (уйирмэййелутты) және айдам белгісі. 216 уйирмэййелуттың түзілуі 8 тунаиккурийидтің көмекші белгілері арқылы жүреді. Санскриттерді жазу үшін гранта әліпбиінен төрт әріп қосымша қолданылады. Ол өзге үнді әліпбилеріне қарағанда Т.ж. таңбалары шектеулі. Сондықтан да Т.ж. тек тамиль дыбыстарын береді.

அ ஆ இ ஈ உ ஊ எ ஏ

ஐ ஒ ஓ ஔ க ங ச ஜ

ஞ ட ண த ந ன ப ம

ய ர ற ல ள ழ வ ஶ

ஷ ஸ ஹ ா ி ீ ு ூ

ெ ே ை ொ ோ ௌ

Тана жазуы – мальдив тіліндегі түпнұсқада « ދިވެހި» деп жазылып «дивехи», яғни «мальдив тілі» деген ұғымды береді. Т.ж. – үндіиран тілдер тармағының үндіарий тобына кіретін мальдив тілінің жазуы. Т.ж. жазудың абугид және әліпби жүйелеріне негізделген. Бұл протосемит немесе брахми жазуларынан шыққан сирек фонетикалық жазу. Дауыссыз дыбыстар араб және үнді цифрларынан шықса, дауысты дыбыстар араб жазуының диакритикалық таңбаларынан жасалынған. Мыс., алғашқы 9 таңба араб цифрларынан, келесі 9 таңба жергілікті үнді цифрларының ұқсқаларынан қалғандары диакритикалық таңбалар қою арқылы жасалынған. Т.ж. алғаш XVIII ғасырда шыққан. Ол кезде Т.ж. «габули тана» деп аталды. Т.ж. араб жазуы сияқты оңнан солға қарай жазылады.

Таным – қалыптасқан түйсіну, түсіну дағдысы: үн таным – тіл дыбыстарын дұрыс аңғара білу, әдетте төл сөздің дыбыстары ана тілінде тілі шыққан жандарға жақсы аңғарылады, ал өзге ұлт өкілдері үшін сөз біртұтас тізбек болып, дыбыстарға бөлінбей естіледі. Біз де таныс емес шеттіл сөздерін құрамындағы дыбыстарға бөле алмаймыз; көз Т. – таныс таңбалардың (әріптердің) дағдылы елесі; қол Т. – әрбір таңбаның (әріптің) әбден қалыптасқан жазылым дағдысы.

Таңба – дыбыстың артикуляциялық анықтамасын айқындайтын белгі: дәйекші Т. – дыбыстың жіңішке әуезін көрсететін белгі (*ән', т'іс', б'ет'* т.б.); шартты Т. – дыбыстың артикуляциясын көрсете алмайтын жасанды белгі, шартты таңбаның түрі көп болады; әуен Т. – бүтін сөйлемнің ырғағын көрсететін сызба белгі; фонетикалық Т. – дыбыстың сөйлеу үстіндегі түрленім үлгілерін (созылу, қысқару, ашу, күшею, босау, сетінеу т.б.) көрсететін белгі; фонологиялық Т. – үнді-европа (орыс) тілдеріндегі сөз түрлендіретін дыбыстардың белгісі; сингармологиялық Т. – түрік (қазақ) тілдеріндегі сөз түрлендіретін дыбыстардың белгісі.

Таңғұт жазуы – қазіргі ҚХР солтүстік-батысында өмір сүрген Си Ся таңғұт мемлекетінде өлі таңғұт тілін жазу үшін пайдаланылған Т.ж. жойылып кеткен логографиялық жүйесі. 2007 жылғы жағдай бойынша Т.ж. аллографтарды (вариативті жазуды) есепке алмағанда, 5863 таңбадан тұрған. Таңғұт иероглифтері сырттай қытай жазуына ұқсайды, тіпті кейбір бірдей белгілері де бар, алайда олар өте күрделі (таңбадағы белгілердің ең аз саны – 4, бір иероглифі 6 белгіден тұрады). Қытай каллиграфиясы сияқты Т.ж. төрт стиль бар: жарғылық, курсив, қашпаң жазу және баспа. Бірқатар таңғұт қаріптері қолжетімді, олардың ішіндегі ең толықтырылғаны – Mojikyo бағдарламасымен бірге келетін қаріптер (Ли Фанвэннің «Таңғұт-қытай сөздігінен» 6000 таңбаның барлығын қамтиды).

Таңдай дауыссыздары – тілдің таңдайға тиюі арқылы жасалатын дауыссыздар: қ, л, к, г және т.б.

Тарих жүйелі емле – баяғы бір жасалған түрінде қолданып дағдыланғандықтан, тіл өзгерсе де, өзгерместен әдеттенген бойынша қолданылатын емле.

Тасымал – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру амалы.

Тасымалдау – жазып келе жатқанда жол аяғында орын аз қалып, сөз сыймайтын болса, сөзді екі бөліп, бір бөлегін сол жолда қалдырып, екінші бөлегін келесі жолға асыру. Тасымалдағанда әр буын бөлінбей, я тұтас қалады, я тұтас асырылады. Мәселен, жол аяғында «шақырғанға» деген сөз тұтас сыймады. Не істемек керек? Сөзді дұрыстап буынға бөлу керек болады: «ша-қыр-ған-ға», «ша» буынды қалдырып, басқаларын келесі жолға асыруға болады; я «шақыр» деген екі буынын қалдырып, басқаларын асыруға болады; я «шақырған» деген буындарын қалдырып, жалғыз «ға» буынды асыруға да болады. «Шақ» деп бөліп, қалғанын асырсақ яки «шақырға» деп бөліп, «нға-ны» асырсақ, дұрыс болмайды. Себебі қағида бойынша буын бөлінбеске тиіс. Мұнда буындар бөлініп тұр, яғни, «шақ» деп бөлгенде, «қыр» буын екі бөлініп тұр; «шақырға» деп бөлгенде «ған» буын екі бөлініп тұр.

Тат жазуы – тат тілінің жазу үлгісі. Оның екі негізгі диалектісі бар: 1) Солтүстіктегі иудаизмді дәріптейтін тат тілінде сөйлейтін тау еврейлері; 2) Оңтүстіктегі мұсылман дінін дәріптеуші таттар. Т.ж. негізінен Солтүстік диалектіге негізделді, сондай-ақ графикалық негізін бірнеше рет өзгертті және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта тау еврейлерінің жазуы кирилге негізделген, ал мұсылман таттарының жазуы латын графикасына негізделген. Т.ж. тарихында төрт кезең ерекшеленеді: 1) 1870-1928 жылдары – еврей жазуы негізіндегі жазу; 2) 1928-1938 жылдары – латын әліпбиі негізіндегі жазу; 3) 1938 жылдан – кирилнегізіндегі жазу; 4) 1990 жылдардың басынан бастап – Әзербайжанда латын негізінде жоба жасау әрекеттері.

Татар жазуы – түркі тілдері қыпшақ тобының волга-қыпшақ тармағына жататын татар тілінің жазуы. 1927 жылға дейін араб жазуын қолданып келді. Татарлардың Ислам дінін қабылдаған X ғасырдан бастап 1920 жылға дейін ескі жазу – «иске имлә» жүйесі қолданылды.

آ	ا	ب	پ	ت	ث	ج	چ
ح	خ	د	ذ	ر	ز	ژ	س
ش	ص	ض	ط	ظ	ع	غ	ف
ق	ك	گ	ڭ	ل	م	ن	ه
و	ۋ	ي					

Татар АКСР Халық Комиссарлар Кеңесінің декреті бойынша 1920 жылы араб жазуының жаңа үлгісі – «Яңа имлә» жүйесі қолданылып, ол 1927 жылы латын графикасындағы «яналиф» әліпбиі енгізілгенше қолданыста болды.

Aa Вв Cc Çç Dd Ee Әә Ff

Gg Ƣƣ Hh Ii Jj Kk Ll Mm

Nn Ңң Oo Өө Pp Qq Rr Ss

Şş Tt Uu Vv Xx Yy Zz Ƶƶ

Ьь

1926 жылы Бакуде, 1927 жылы Ташкентте түркологтардың конференциясына [illegible]ысқан татар делегациясы қазақ делегациясымен бірге латын әліпбиін енгізуге [illegible]рсы болды. Қазанда болған үшінші конференцияда татар ғалымдарының басым [illegible]шілігі латын әліпбиіне көшуге келісім берді. 1927 жылы «яналиф» әліпбиі [illegible]тар тілінің ресми әліпбиі болып бекітілді. Оған 1928 жылы реформа жасалды. [illegible] әліпби 1939 жылға дейін қолданыста болды. Осы арада жаңа әліпбиге [illegible]йланысты 1931 және 1934 жылдары орфографияға екі рет түзету енгізілді. Осы [illegible]налиф» әліпбиінде 34 таңба болды. 1999 жылы «Латын графикасы негізіндегі [illegible]тар әліпбиін қалпына келтіру туралы» Татарстан Республикасының заңы [illegible]былданды. Осы құжат негізінде 1999-2004 жылдары Татарстан латын әліпбиіне [illegible]шті. Осы әліпбиде кітаптар жарық көрді. 2004 жылы Ресей Федерациясының [illegible]нституциялық сотының шешімі бойынша аталған заңның күші жойылды. Яғни [illegible]тар тілі аталған шешім бойынша кирил әліпбиінде қалдырылды. Бірақ татар [illegible]лымдары латын графикасындағы әліпбиді жетілдіруді тоқтатпады. 2011-2012 [illegible]лдары татар ғалымдары латын графикасындағы әліпбиді Жалпы түрік әліпбиіне [illegible]кындатты. Атап айтқанда, Ә әрпінің орнына Ä-ны, Ө әрпінің орнына Ö-ны, Ң [illegible]пінің орнына Ñ-ны қойды. Бұл әліпби «Азатлық» радиосында қолданылды. Қазір [illegible]тар тілінің латын әліпбиіндегі «Иналиф» интернет әліпбиі «suzlek.ru» сайтында [illegible]данылады. 1939 жылы татар АКСР Президиумы Жоғары Кеңесінің жарлығы [illegible]йынша татар жазуы латын әліпбиінен кирил графикасына көшірілді. Профессор [illegible].Фазлуллиннің жобасы бойынша диакритикалар қолданылмай, олардың орнына [illegible]жъ, нъ, оь, уь, хъ диграфтары қолданылатын болды. Бірақ бұл жоба жазуда [illegible]айсыздық тудыратын болғандықтан, одан бас тартып Құрбанғалиев пен [illegible]азановтың жобасы қабылданды. Бұл жоба бойынша Ө, Ә, Ү, және һ таңбалары, [illegible]онымен бірге яналиф әліпбиінен алынған Ж және Ң таңбалары енгізілді. Осы [illegible]ліпби үлгісі қазірге дейін қолданыста.

Аа	Әә	Бб	Вв	Гг	Дд	Ее	Ёё
Жж	Җҗ	Зз	Ии	Йй	Кк	Лл	Мм
Нн	Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт
Уу	Үү	Фф	Хх	Һһ	Цц	Чч	Шш
Щщ	Ъъ	Ыы	Ьь	Ээ	Юю	Яя	

Тәжік жазуы – 3 жазу жүйесімен жазылды: араб, латын және кирил. Қолданылған әліпбилер уақыт өте келе өзгерді. Т.ж. алғашқы жазбасы араб жазуы болды, содан кейін 1930-1940 жылдары латын әліпбиі қазіргі кирил жазуымен ауыстырылды. Т.ж. кирилге негізделген әліпбиі 1940 жылдан кирил әліпбиі қолданылады. Тәжік кеңестік социалистік республика кезеңінде латын әліпбиіне алмастырылды. 1952 жылы әліпби U және Y әріптерін қосу арқылы қайта құрылды.

Тел харіфтер – дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ харіфтер, «у» және «й» харіфтері.

Телугу жазуы – Дравид тілдерінің оңтүстік-шығыс тобына жататын телугу тілінің жазу үлгісі. Т.ж. абугидаға негізделген. Ол XV ғасырда құрастырылып бүгінгі күнге дейін қолданылуда.

Тембр (франц. «*timbre*» – дыбыс әуені) – дыбыс дірілімен байланысты негізгі тон мен көмекші тонның көтеріңкілігі және күші жағынан өзара қарым-қатынасынан туатын дыбыс сапасы.

Тенгвар жазуы аңыз бойынша бұрынғы сарати әліпбиі негізінде жасалған және эльф және басқа халықтардың жазуы үшін қолданылған, Т.ж. абугида жазу түрімен солдан оңға қарай жазылады. Т.ж. жасанды тілдердің жазуы делінеді. Онда 24 таңба бар, олар 4 бөлімге және 6 деңгейге бөлінеді. Таңбалары тенгва деп аталады. Дауысты дыбыстар Т.ж. жол үсті белгілерімен көрсетілген. Бұл жол белгілері техт деп аталды. Техттер алдыңғы дауысты дыбыстың үстіне немесе одан жоғары қойылады. Егер сөз дауысты дыбыстан басталса, онда «андайт» арнайы символы қолданылды, ол өздігінен ештеңе білдірмейді, тек оның үстіне техт қою үшін қажет. Техттер төмендегідей болады:

Теневиль, Тыневиль жазуы – чукот тілінің жазуы. Чукот бұғышысы Теневиль Усть-Белая елді мекенінің жанындағы тундрада тұрып, 1927-1928 жылдары

чукот тіліне арналған жазуды ойлап тапқан. Т.ж. 1930 жылы Кеңес экспедициясы тауып, оны белгілі саяхатшы, жазушы және полярлық зерттеуші В.Г. Тан-Богораз сипаттаған. Т.ж. кең таралмады және тек бір қабырға жазуында қолданылды. Бұл жазуды Теневильдің ұлы да игерген. Олар бұғыларды жаю кезінде өзара хабарлама алмасқан. Т.ж тақталарға, сүйектерге, Моржға және кәмпит орамаларына жазылған.

Тетраграф (грек. «τετρα», «tetra» – төрт, «γράφω», «gráphō», – жазамын; ағылш. «*tetragraph*») – дыбыстық-әріптік жазуда бір ғана дыбыстық мазмұнды білдіру үшін жұмсалатын төрт таңбадан құралған графема. Мысалы, ағылшын тіліндегі – *ough through сөзінде,* неміс тіліндегі *tsch* /t͡ʃ/.

Тибет жазуы – тибет тілінде және оған туыстас басқа тілдерде қолданылатын жазу үлгісі. Бұл жазу үлгісі 30 таңбадан тұрады. Т.ж. VII ғасырда Деванагари жазуы негізінде жасалған және қазірге дейін қолданылады.

Тильда (испан. *«tilde», латын. «titulus»* – жазу) – лингвистикалық транс-крипцияда әртүрлі мағынаға ие диакритикалық таңба. Бұл ирексызық түріндегі [~] диакритикалық таңба [n] әрпінің үстінен қойылып, дыбыстың ерекше айтылу сипатын білдіреді. Т. диакритикалық таңбасы тіл білімінде бірнеше мағынада қолданылады. Көбіне дыбыстың мұрын жолды екенін білдіреді. Грек тілінде екпінмен байланысты қолданылса, Вьетнамда ерекше тон мәнінде беріледі. Орта ғасырлар жазбасында бұл таңба сөздің қысқарғандығын білдірген. Сонымен қатар кейбір сөздіктерде бұл таңба мәтінде қайталануына байланысты жеке бір сөзді не оның бөлігін ауыстыру үшін де пайдаланылады.

Титло (грек. *«τίτλος»*) – грек, латын және кирил графикасында сөздерді азайту және сандық мәндерді белгілеу үшін қолданылатын толқын немесе ирексызық (◌҃) түріндегі диакритикалық белгі. Қазіргі уақытта ол тек шіркеулік славян тілінде сақталған. Т. славян түбір сөздерінің шектеулі санын қысқарту үшін қолданылған. Мыс., *«Богъ»* орнына *«бґъ»,* «глаголетъ» орнына «глґетъ» деп жазылады. Сондай-ақ, Т. кирил сан есімдерінің үстіне қойылды. Шіркеулік славян тілінде Т. әріпке қойылмайтын (қарапайым) және әріпке қойылатын (әріптік) деп бөледі: қарапайым Т. тильда түріндегі жолүсті белгі, сөздерді қысқартып жазу үшін, сондай-ақ сандарды әріппен белгілеу үшін қолданылады; әріптік Т. арнайы жасалған әріптердің атымен аталатын жолүсті әріптерінің жалпы атауы.

Тлингит жазуы – тлингит тілінің жазуы. XIX ғасырдың бірінші жартысында тлингиттер мекендеген аумақ Ресейдің ықпал ету аймағына кірді. Православиялық миссионерлер бірқатар литургиялық кітаптарды тлингит тіліне аударды. Бұл кітаптар кирил таңбаларымен жазылды. Кирилдеғі кітаптар Аляскада 1920 жылдардың басына дейін жарық көрді. 1970-1980 жылдары АҚШ пен Канадада тлингит тілі үшін латын негізіндегі жазудың екі нұсқасы жасалды, олар қазіргі уақытқа дейін қолданылады.

Тоғысым – сөйлем мүшелерінің өзара тоғысуы арқылы дыбыс жасалу амалы: тіл ұшы мен тістің тоғысымы – *т, д, н;* тілортасы мен таңдайдың тоғысымы – *к, г, ң*; тілшік пен тіл түбінің тоғысымы – *қ, ғ* т.б.



Томанов Мархабат (1932-1989) – филол. ғыл. док., профессор. Қазақ тілінің тарихи грамматикасын VII-XVI ғ. ескерткіштері мен қазақ ауыз әдебиеті негізінде зерттеген және түркі тілдерінің салыстырмалы грамматикасын жазған ғалым. Өз зерттеулерінде түркі тілдерінің фонетикалық, морфологиялық құрылысын, ұқсастықтары мен ерекшеліктерін жан-жақты ашып көрсеткен.



Томсен Людвиг Питер Вильгельм (1842-1927) – дат тілтанушы ғалымы, тарихшы, Ресей ҒА корреспондент мүшесі. Үндіеуропа, түркі, фин-угор, этрус тілдерінің және Еуропа тарихы мен тіл білімі тарихы жөніндегі еңбектердің авторы. Копенгаген университетін бітірген. Осы университетте докторлық дәреже алған және оқытушылық еткен. 1909 жылы Дат Корольдік ғылыми қоғамның президенті. Т. Орхон-Енисей жазба ескерткіштерін тану және оқу арқылы түркітануға үлес қосқан.

Тон (грек. *«tonos»* – көтерілуі*)* – дауыстың жоғарылауы, оның өзгеруі, дауыс көтеріңкілігі. Т. белгілі биіктегі дыбыс, музыкалық дыбыс. Т. акустика заңдылықтарына негізделіп, күрделі спектрден құралады. Т. басқа дыбыстардан ерекше көтеріңкі, басым шығуы оның дыбыс тербелісінің жиілігіне байланысты болып келеді. Сонымен қатар Т. интервальдің мөлшерін анықтайтын өлшем ретінде қолданылады. Музыкада Т. нақтылы көлемі дыбыс жүйесіне, музыкалық аспаптың дыбыс шығару ерекшеліктеріне байланысты болады. Ал түстер Т. – нақты бір түстің басқа түстерден айырмашылығын білдіретін бояу өңінің басты қасиеттерінің бірі.

Тонология (грек. *«tonos»* – тон, *«lego»* – айтамын) – тондардың сипатын және қызметін зерттейтін лингвистиканың саласы.

Тоң дыбыстар – «қ», «ғ» сияқты жіңішкертуге көнбейтін дыбыстар, «қ», «ғ», «е» сияқты жуандатуға көнбейтін дыбыстар.

Токипон үшін иероглифтық жазу – жасанды тіл жазуы. Токипонды іс жүзінде Канададан келген Соня Лэнг (Соня Элен Киса) жасаған. Т.ж. барлығы 14 әріп бар, сөздер буындардан (жапон тіліндегі сияқты) тұрады. Ресми түрде сөздер латын әліпбиінің көмегімен жазылады. Сөздер жазылғандай айтылады. Қазіргі уақытта әр түрлі табиғи тілдерден алынған немесе арнайы токипондар, тіпті иероглифтер үшін ойлап табылған буын әліпбиін қолдана отырып, токипон сөздерін жазу нұсқалары қарастырылуда.

Токапу немесе тукапу – жеке орналасқан, сондай-ақ белдік түрінде тігілген немесе көлденеңінен жолақтармен жалғанған, квадраттар ішіндегі рамкаға салынған геометриялық фигуралар. Т. Оңтүстік Америка халықтарының жазбаларына, соның ішінде инк жазбаларына жататындығы көптеген

пікірта-ластарды тудырады. Бүгінгі күні бұл гипотезаны растау үшін нақты дәлелдер жоқ, дегенмен XVI және XVII ғасырлардағы тарихшылар мен жылнамашылардың дәлелдері инк маталарындағы Т. белгілерінің мазмұнын сипаттаған.

Тоталитарлық (әміршіл-әкімшіл) фонетика – қазақ (түрік) тілінің фонетикалық заңдылықтарын төркіні бөлек орыс фонетикасының заңдылықтары арқылы жыңсақ зерттелуі. Соның салдарынан қазақ тілінің дыбыс зерттелімінде теріс нәтижелер алынды немесе тілдің төл заңдылықтары зерттеушілер назарына ілінбей қалып отырды. Мыс., орыс тіліндегі сөздік екпін телориясы сол қалпында түрік тілдеріне көшірілді, сөздік екпінді дәлелдеп ондаған диссертациялар қорғалды. Сөдік екпін теориясының салдарынан түрік тілдерінің іргелі заңдылығы сингармонизм зерттелмей қалды.

Тофа жазуы – тофа тілінің жазуы. 1988 жылға дейін тофа тілінің арнайы жазуы болмады, ал зерттеу еңбектерінде латын және орыс графикасына негізделген фонетикалық жазу үлгілері пайдаланылды. 1978 жылы Валентин Рассадин орыс графикасына негізделген тофа әліпбиін құрастырды. Әліпбиге қосымша *h, ӌ, ө, ү, ә, і* әріптері кіргізілді.

Тохар жазуы – бұл тохар тілдері жазбасында қолданылған пальма жапырақтарына, ағаш тақтайшаларға және қытай қағаздарына жазылып сақталған жазбаша ескерткіштер. Жазу брахми әліпбиінен шыққан абугида түріндегі силлабикалық жазу болып табылады. Жазу үлгілерінің көпшілігі – санскрит будда мәтіндерінің аудармалары. Олардың кейбіреулерінің екі тілде болуы тохар тілдерінің мәнін ашуда пайдасы болды. Діни мәтіндерден басқа Т.ж. монастырьларда, елді мекендерде, іскери құжаттарда, керуендерге жолдама, медициналық және басқа да мәтіндер үшін пайдаланылды. Шамамен 840 жылдары Ұйғырлардың Тарим ойпатына қоныс аударып, жергілікті халықтың басым көпшілін ұйғырлар құрауына байланысты Т.ж. қолданыстан шығып қалды. Бұған дәлел – Тохар тіліндегі мәтіндердің ұйғыр тіліндегі аудармаларының кездесуі. Жалпы Тохар тілдері мен жазуларының бар екендігі XX ғасырдың басында ғана анықталды.

Төменгі лужица әліпбиі – төменгі сорб тілі немесе төменгі лужица тілінің әліпбиі. Ең алғашқы нұсқасында Т.л.ә. жіңішке дауыссыздарды белгілеу үшін b́, ṕ, ḿ және ẃ, д әріптері болған. Қазір бұл әріптердің орнына bj, mj, pj және wj диграфтары қолданылады. Қазіргі Т.л.ә. 35 әріп бар. Әліпбидегі Qq, Vv, Xx әріптері шет тілінен енген жалқы есімдерде ғана қолданылады. Бірқатар дыбыстарды таңбалауға арналған диакритикалы ŕ, ź, ś, ž, š, ě әріптері мен dź және ch диграфтары бар. Жазуда дауыссыздардың соңынан *ě* және *і* әріптері келсе, ол дауыссыздар жіңішкермейді, ал қалған барлық дауысты дыбыстардың алдында *j* әрпі тұрса, ол жіңішке дыбысқа айналады (*mjod* «бал», *pjas* «ит»). Қалған жағдайларда (´) акут белгісі жіңішкелікті бі̂лдіреді. Т.л.ә. *ó* графемасы 1952 жылы алынып тасталды да, 2007 жылы қайтадан әліпби құрамына алынды.



Төреқұлов Нәзір (1892-1937) – қоғам қайраткері, ғалым. 1924 ж. Орынборда өткен Қазақ білімпаздарының I сиезінде латын графикасының басымдықтары, жаңа емлеге өтуді жүйелі түрде жүргізу қажеттілігі жайлы баяндама жасады. 1926 жылы Бакудегі түркологтардың бүкілодақтық I сиезінде түркітілдес халықтарды біріктіретін ортақ латын қарпін құрастыру жайлы мәселені көтерген. Оның «Қазақ-қырғыз үшін жаңа әліпби», «Жаңа әліпби туралы», «Жаңа әліпби неге керек?» атты еңбектері бар. Қазақстанда латын әрпіне көшу мәселесін көтерген. 1927 жылы әліпби жобасын ұсынған. Ол Е.Поливанов еңбегінде "Аслат'а" деп аталған. Әліпбиінде 28 әріп, бір дәйекше болды: а <a>, е <e>, і <ы>, <і>, о <o>, <ө>, u <ұ>, <ү>, р <п>, в <б>, m <м>, f <ф>, w <у>, т <т>, р <ғ>, d <д>, s <с>, z <з>, с <ш>, j <ж>, n <н>, l <л>, r <р>, у <й>, k <к>, g <г>, q <қ>, х <х>, ħ <ћ>, ŋ <ң>, ə <ə>, ‘. Әліпбиде <ф>, <х>, <ћ>, <қ>, <ғ>, <к>, <г> дыбыстарының әрпі бар. Ал <ə> фонемасы басқа жұп дауыстылардан бөлек, латын графикасында жоқ таңбамен белгіленеді. 1926 жылы құрылтай қаулысына сәйкес емес ə, р, ŋ таңбаларын ұсынған.

«Төте оқу» газеті – 1935 жылы латын әліпбиін насихаттау мақсатында жарық көрді. Аталған басылым 1939 жылдың наурыз айынан 1941 жылдың сәуіріне дейін «Сауатты болуға көмекші» деген атпен шығып келді. 1941 жылы «Жаңа жазу» деп өзгерді. Бұл газет ересектер мектебі мұғалімдеріне әдістемелік көмек беру және сауаттылықты арттыру шығып тұрған.

Транскрипция – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың түрленім үлгілерін белгілейтін таңбалар: фонетикалық Т. – сөйлеу үстіндегі дыбыстардың барлық мүмкін болған айтылым үлгілерін белгілейтін таңбалар; фонологиялық Т. – үнді-еуропа тілдеріндегі сөйлеу үстіндегі мағыналық мәні бар дыбыс түрленімін белгілейтін таңбалар; Халықаралық фонетикалық әліпби (ХФӘ) – әлемдегі тілдердің дыбыстары мен дыбыс түрленімін белгілейтін тіл-тілдің бәріне ортақ таңбалардың жіктелім кестесі.

Транслитерация (латын. «*trans*» – арқылы, «*littera*» – әріп) – белгілі бір тілге ғана тән дыбысты екінші бір тілдің орфографиясы заңдылығына лайық белгілеу. Мыс., қазақ тілінде сөз басында келетін аффрикат *ж* дыбысын орыс тілінде *дж* деп белгілейді. Мұның өзі сол дыбыстың өзіндік дыбысталу ерекшелігі бар екенін ескертеді, яғни соған лайық дыбысталу керек болады. Мыс., орыс тіліндегі *вода, молоко* сөздердің қазақша *вада, малако*.

Трансплантация – тарих, ауылшаруашылығы, медицина сияқты көптеген ғылым салаларында кеңінен қолданылатын термин. Тіл білімі ғылымының аударма теориясында Т. – ономастикалық атауларды түпнұсқа тілінен сол қалпында көшіріп жазып алу арқылы аудару тәсілі, қазақ тілінде жазылған мәтінде «*The BBC World News* телеарнасының хабарлауынша» деп телеарна атын өзгеріссіз көрсету. Кей әдебиет көздерінде *плантация* тәсілі деп те беріледі. Терминнің қазақ тіліндегі баламасын кей зерттеушілер *қондыру тәсілі* деп атаған.

Венгр әліпбиінің құрамына T. (dzs) енген.

Трифтонг (грек. *«tri»* – үш, *«phthonges»* – дыбыс) – бір буында үш дауысты дыбыстың тіркесіп келуі. Қазақ тіліне тән құбылыс емес.

Троя жазуы – көне Троя территориясынан құмыраға жазылған ең көне және таңбалары желілі жазу үлгісіндегі құпия жазу. Оның құмыраға жазылған нұсқаларын неміс ғалымы Г.Шлиман тапқан. Кейбір ғалымдар оны крит жазуы десе, кейбіреулері оның бұл жазуға ғасырлары сәйкес емес екендігін жазады. Сол себепті жазылған уақыты шамамен б.з.д. III ғасыр немесе б.з.д. 1400-1700 жылдар аралығы делінеді.



Трубецкой Николай Сергеевич (1890-1938) – тілші, Ф.Ф. Фортунатов шәкірті, философ, публицист, этнограф және тарихшы. Ғалым ғылыми ортаға фонология бағытында шұғылданған зерттеулерімен танымал. Т. славян құрылымдық мектебінің көрнекті өкілі, морфонология негізін қалаушы. «Тіл біліміндегі арийлік теорияны» сынға алып, үнді-еуропалық ататілдің болмағанын дәлелдеді, үнді-еуропа семьясына жататын тілдердің ұқсастықтарын олардың тарихи даму барысында бір-біріне әсер еткендігімен түсіндірді. Р.Якобсонмен бірге онтологиялық құрылым негізінде географиялық факторға байланысты Еуразиялық тіл одағының теориясын жасады. Еуразияшылдық идеолог ретінде көпполярлы әлем, славян-тұран мәдени қарым-қатынасы, орыс саяси тарихы мен мәдениетіне моңғолдың ықпалы, идеократия тұжырымдамаларын жасады.

Туыс жүйелі емле – сөздің ауыздан шыққандай дыбыстарына қарамай, тегіне қарап отырып жазатын емле. Мыс., ауыздан шыққанда *қорада бір қара ат тұр екен* дегенде *қара* деген *ат* деген сөздерді ауыздан шығуынша *қарат* деп жазбай, *қара ат* деп жазады.

Тұйық айтылатын дыбыс – дауыстап айтуға көнбейтін дауыссыз дыбыс. А.Байтұрсынұлы сөз әуезді, құлаққа жағымды болуы үшін сөз ішіндегі дыбыстардың үнді болуы, яғни дауысты дыбыстар көп болуы қажеттігін, дауысты мен дауыссыз дыбыстар ретімен келуі керектігін ескертеді. Ғалым әуезді сөз бен әуезсіз сөзді сипаттау үшін «шамалы» деген сөз бен «шанышқы» деген сөзді өзара салыстыра келіп, «шанышқы» сөзі құлаққа жағымды болмайтынын ескертеді. Себебі «шанышқы» деген сөзде «1) дыбыстар реттеліп, бірі дауысты болғанда екіншісі дауыссыз болып келіп отырған жоқ; 2) дауысты дыбыстары аз, сондықтан мұның үні жатық емес, мол да емес» екенін айтады. Яғни, үні кем, жатық болмаған соң «шанышқы» сөзі құлаққа жағымсыз болып естілетінін ескертеді.

Тұйық дыбыс – дауыстап айтуға көнбейтін, тұйық айтылатын дауыссыз дыбыс. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінде 17 дауыссыз дыбыс барын айтады: «Он жеті дыбыс тұйық айтылатын болғандықтан, яғни дауыстап айтуға көнбейтін болғандықтан, *тұйық дыбыс* яки *дауыссыз дыбыс* деп аталады». Ғалым дауыссыз дыбыстар көп келген сөз үнсіз болып, сөз әуезді болмай қалатынын ескерте келіп, 1) ішіндегі дыбыстардың бірі дауыссыз, екіншісі дауысты болып, реттеліп келіп тұратын; 2) дауысты дыбыстар ішінде көп болатын сөздер үнді болып шығатынын айтады.

Тұқыл – түбір мен жұрнақты жалғаудан айырып сөйлегендегі сөз тұлғасы. Жалғау түпкі етістердің түбіріне, туынды етістердің тұқылына жалғанады.

Тұрсынова Мархаба Ахметқалиқызы (1966) – тілтанушы ғалым, филол.ғыл. кан. 2002 жылы «Қазақ, қырғыз және өзбек әдеби тілдерінің дыбыс жүйесіндегі ерекшеліктер» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғаған. Диссертацияда қазақ, қырғыз, өзбек тілдерінің негізгі ерекшеліктері, дыбыс жүйесі, әр тілдің өзіне тән заңдылықтары, оның ішінде дауысты, дауыссыз дыбыстардың сипатына байланысты ерекшеліктері мен ұқсастықтары, дыбыстарды қолданудағы тілдің әртүрлі деңгейіне байланысты айырмашылықтары, жеке тілдің ішкі табиғатына тән өзгешеліктері қарастырылған. «Түркі тілдерінің генетикалық байланыстары: синхрондық, диахрондық аспектілері» атты монографияның авторы.

Тұтас жазылу – бірге жазу. А.Байтұрсынұлы қос сөздегі екі сөз бірыңғай болса, яғни, екеуі бірдей я жуан, я жіңішке айтылса, екеуі айырылмай, тұтас жазылатынын ескертеді (*басқұр, қолғап, айбалта, Алтынбай, Баймырза*).

Тұтас күйінде асыру – тасымалдаған кезде сөзді не буынды келесі жолға тұтасымен көшіру. А.Байтұрсынұлы тасымалдаған кезде әуелі, сөзді буынға дұрыс бөлу; екінші, бір буынды бөлмей, тұтас күйінде асыру; үшінші, жалғыз харіфті буын бола тұрса да, қалдырмай келесі жолға асыру керектігін ескерте келіп: «Жалғыз харіф буын бола тұрса да, қалынбайды да, асырылмайды да. Мыс., *а-ғалар* деген сөзде бас буын жалғыз харіф «а». Қағида бойынша бұл «л» өз алдына

буын бола тұрса да қалынбайды, яғни, «а»ны ғана қалдырып, басқа буындарын келесі жолға асырмаймыз», – дейді.

Түбір – сөздің ең басқы мағыналы бөлшегі: негізгі Т. – сөздің қосымшасыз тұрған жалаң мағыналық бөлшегі; туынды Т. – сөздің қосымша жалғану арқылы жасалған күрделі мағыналық бөлшегі.

Түбір сөздер емлесі – бір немесе бірнеше буыннан құралған түбір сөздердің емле ережелері. Көп буынды түбір сөздер, көбінесе бірыңғай жуан не жіңішке болып келеді. Мұндайда сөз бірыңғай жуан не бірыңғай жіңішке дауысты дыбыс әріптерімен жазылады;. Көп буынды түбір сөздер аралас (жуан және жіңішке) буынды болып та келеді, мұндайда бір сөз ішінде жуан-жіңішке дыбыс әріптері жазыла береді. Аралас буынды сөздер – негізінен араб-парсы тілдерінен енгендер. Орыс тілінен енген және көбінесе термин болып келетін сөздердің басым көпшілігі орыс орфографиясы бойынша жазылады.

Түбіршік тіл – түпкі қалпынан өзгерілмей жұмсалатын тілдер. Мыс., қытай һәм жапон тілдері.

«Түзетілген әріп» – А.Байтұрсынұлының мақаласы. «Жаңа мектеп» журналының 1927 жылғы 1-санында жарық көрген. Автор бұл мақаласында қазан айының 20-сы мен 26-сы аралығында араб әліпбиін сол заманға сай баспа өндірісіне лайықтау жөніндегі Кеңес өткенін хабарлайды. Кеңесте негізінен 2 жобаның (1. Араб әрпін еуропашалау негізіндегі түзеу жобалары; 2.Араб әрпін өз негізінде түзсу жобалары) талқыланғаны айтылады. Сонымен қатар Кеңес шешімі қандай болғанын: «Түпкілікті баспаға тек жалғыз тұрпатты әріп жобалары алынатын болды. Ондай жоба ұсынушылар: Алпар, Ыдырыс, Тоқай, Шарапұлылар. Бұлардың жобалары бір негізді: алатындары әріптің жалғыз тұрпаты. Араларындағы айырымдары аз. Сондықтан төртеуінің де жобалары қабыл алынды» деп жазады.

«Түркі тілдерінің әліпбиі мен емле тарихы» – Қ.Күдеринованың монографиясы. Бұл зерттеу жұмысы түркі жазуларының әліпбиі мен емле тарихын салыстыра сипаттауды, ортақ емле проблемаларын екшеуді, қазіргі жаңа латын әліпбиін қабылдаудағы ұстанымдарды талдауды мақсат етіп қояды. Еңбек «Түркі тілдерінің әліпбиі мен фонологиясы», «Латыннегізді түркі жазулары», «Кирилнегізді түркі жазулары», «Латыннегізді түркі жазулары: жаңа кезең» деп аталатын бөлімдерден тұрады.

«Түркістан уәлаяты» газеті (1870-1882) – қазақ тіліндегі тұңғыш газет. Ол Түркістан генерал-губернаторлығының орталығы Ташкент қаласында 1870 жылдың 28 сәуірінен бастап, орыс тілінде шығатын «Туркестанские ведомости» газетіне қосымша ретінде айына 4 рет (екі саны өзбекше, екі саны қазақша) шығарыла бастады. Газеттің редакторы – Ш.Ибрагимов. Ресми бөлімде патша өкіметінің бұйрық-жарлықтары жарияланып, үкімдері түсіндірілсе, ресми емес бөлімде отырықшылық, егіншілік, мал шаруашылығы, сауда, ішкі-сыртқы жағдайлар, әдебиет, мәдениет, білім, ғылым, өнер және әйел теңдігі мәселелері қаралды. «Т.у.г» жоғарыда айтылған жайлардан басқа мәдениет, оқу, білім, әдебиет, тарих


пен этнография, археология және тағы да басқа мәселелерге қатысты материалдар, ауыз әдебиеті үлгілері жарияланып тұрды.

Түрік жазуы – түркі тілдері тобындағы оғыз тармағына жататын түрік тілінің жазуы. Көне дәуірлерде басқа түркі халықтары сияқты түріктер де орхон жазуын қолданған. Бертінгі кезеңде селжұқтар араб әліпбиін, араб графикасындағы парсы жазуын қолданып келді. Осман империясы кезінде түріктер парсы-араб жазуы түріндегі әліпбиді қолданды. Осман-түрік әліпбиі Осман империясы мен Түрік Республикасында пайдаланылған. Осман жазуында араб жазуында кездеспейтін ڃ ç, گ g, پ p, ژ ž сынды графемалар қолданылған. Бірақ араб жазуы түріктің төл сөздерін беруде ыңғайсыздық танытты. Араб жазуы дауыссыз дыбыстарға бай, ал түрік сөздерінде керісінше дауысты дыбыстар өте көп кездеседі. Оған қоса, телеграф пен баспа машинасының пайда болуы арқылы араб жазуының біршама кемшіліктері анықталды. Бірақ бұл әліпби араб және парсы сөздерін жазуда ыңғайлы болғанымен түрік сөздерін жазуға ыңғайсыз болды. Сол себепті бұл әліпбиге түрік сөздерін беретін қосымша таңбалар енгізілді. XIX ғасырда араб жазуының ыңғайсыздығы байқала түсті. 1862 жылы мемлекет қайраткері Мунуф Паша Т.ж. реформалауға шақырды. Бірақ ол жүзеге асырылмады. XX ғасыр басында жазушылар Хусейн Кахит, Абдулла Джевдет және Джелал Нури Т.ж. реформалауды ұсынды. Бұл да іске аспады. 1923 жылы Измир қаласында өткен Түрік Республикасының экономикалық конгресінде бұл мәселе тағы да көтерілді. Осы кезден бастап латын әліпбиіне көшу қоғамда пікірталас тудыра бастады. Оған қатысқандардың бір тобы араб жазуын реформалауды, келесі тобы латын әліпбиіне көшуді жақтады. 1926 жылы Кеңестер Одағындағы түркі халықтары латын әліпбиіне көше бастады. Бұл Түркияда үлкен резонансқа ие болды. Түрік мемлекетінің реформаторы М.Ататүрік латын жазуына көшуді қолдады. Сөйтіп, 1928 жылы 20 қыркүйекте М.Ататүрік Кайсери қаласы тұрғындарына латыннегізді жаңа түрік әліпбиін таныстырды. 1928 жылдың 1 қарашасында түрік жазуын латын әліпбиіне көшіру жөнінде заң қабылдады. Латынграфикалы түрік әліпбиінде барлығы 29 таңба бар. Әліпбидегі кейбір таңбалар Еуропаның швед, неміс, албан, румын сынды елдердің әліпбилерінен алынған.

Aa	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Ff	Gg
Ğğ	Hh	Iı	İi	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Oo	Öö	Pp	Rr	Ss	Şş	Tt
Uu	Üü	Vv	Yy	Zz			



Арамей жазуы – б.з.д. I мыңжылдық




Эфиоп жазуы – б.з.д. I мыңжылдық


करना ताकि वह भारत की सामाजिक संस्कृति केताकि वह
तत्वों की अभिव्यक्ति का माध्यम हो सके तत्वों की अभिव्य
तथा उसकी आत्मीयता में हस्तक्षेप किए बिना उसकी आत्म

हिंदी भाषा की पसार-वृद्धि करना उसका विकास की प
करना ताकि वह भारत की सामाजिक करना ताकि वह
तत्वों की अभिव्यक्ति का माध्यम हो सके की अभिव्य


Деванагари жазуы – б.з.д. I мыңжылдық



Сирия жазуы – б.з.д. I мыңжылдық



Грек жазуы – б.з.д. VIII- IX ғ.




Латын жазуы – б.з.д. I мыңжылдық



Дунба жазуы – б.з.д.VII ғ.




Этрус жазуы – б.з.д. VII ғ.




Брахми жазуы – б.з.д.VI ғ.




Кхароштхи жазуы – б.з.д. IV-III ғ.




Набатей жазуы – б.з.д. II ғ.




Көне ливия жазуы – б.з.д. III ғ.




Соғды жазуы – б.з.д. II ғ.




Қытай жазуы – б.з.д. II мыңжылдық




Кіші Азия әліпбиі – б.з.д. X-VIII ғ.



Талас жазуы – б.з.д. V ғ.



Көне ұйғыр жазуы – б.з.д. VIII-XIX ғ.



Армян жазуы – б.з.д. V ғ.




Араб жазуы – б.з.д. VII ғ.



Араб каллиграфикасы



Күлтегін жазуы – б.з.д. VIII ғ.



Кирилл жазуы – б.з.д. IX ғ.



Африкаанс тіліне арналған ескерткіш



Нидерланд тіліне арналған ескерткіш



Кілттерден жасалған әріптер ескерткіші. Прага қаласы



Монреалдағы мүміндер саябағы. Канада



Жазу және қолжазбалар музейі. Париж қаласы



Сирек кездесетін кітаптар мен көне қолжазбалар кітапханасы. АҚШ

Түрікмен жазуы – түрікмен тілінің жазу үлгісі. Т.ж. XIII-XIV ғасырларда араб әліпбиі негізінде қалыптасты. 1922 және 1925 жылдары бұл әліпбиге реформа жасалды. Реформа кезінде әліпбиге диакритикалық таңбалар енгізілді. Ауғанстан, Ирак және Иран түрікмендері әлі де осы әліпбиді қолданады. 1928 жылы түрікмен халқының латыннегізді әліпбиі бекітіліп, 1929 жылы мемлекет түбегейлі осы әліпбиге көшті. Латыннегізді әліпбиде бастапқыда 40 таңба болды. Кейіннен әліпбиден ресми түрде ǫ, q және x алынып тасталды. 1930 жылдың соңынан бастап КСРО елдері жазуының кирилденуіне байланысты Түркіменстан мемлекеті де кирилнегізді әліпбиге көшті. КСРО-ның құлауымен Түркімен елінің әліпбиіне тағы да реформа жасау қолға алынды. 1992 жылы жаңа латыннегізді әліпби жарияланды. Бұл әліпбиде түрікмен тілінің ө, ү, ы сынды дыбыстары q, v, x таңбаларымен берілді. Кейіннен бұл дыбыстарды доллар, йен және фунттың белгілері £ƒ, $¢, ¥ÿ таңбаларын беріп, бұл әліпбиді мемлекет басшысы бекітеді. Көп ұзамай бұл әліпби де өзгерді. 2000 жылдан бастап қазіргі латыннегізді әліпби қолданылып келеді.

Aa	Bb	Çç	Dd	Ee	Ää	Ff	Gg
Hh	Ii	Jj	Žž	Kk	Ll	Mm	Nn
Ňň	Oo	Öö	Pp	Rr	Ss	Şş	Tt
Uu	Üü	Ww	Yy	Ýý	Zz		

«Түрікшелер құрылтайы» – А.Байтұрсынұлының «Жаңа мектеп» журналының 1926 жылғы 7-8-сандарында жарияланған мақаласы. Мақалада ғалым 1926 жылдың 26 ақпаны мен 6 наурыз аралығында Баку қаласында өткен бүкілодақтық құрылтай жайын баяндайды. Құрылтайда 14 мәселе сөз болып, әрбірінен 4-5, 8-9 баяндама жасалғанмен, «құрылтай шақырушылардың көбінесе көздегені латын қарпы екендігі құрылтайды ашушылардың да, үкімет тарапынан құттықтаушылардың да сөзінен көрініп тұрғанын» айтады. А.Байтұрсынұлы құрылтайға қатысқан көрнекті тұлғаларды; кімнің қай тақырыпта баяндама жасағанын атай келіп, мәселелердің бәрін сипаттап шығу мүмкін емес екенін, құрылтай стенограммасы басылып шығатынын ескертеді және оқуға қатысты мәселелерді сөз етеді.

Түсіңкі дауыстылар – айтуда тілдің төменгі деңгейде көтерілуі арқылы пайда болатын мейлінше ашық дауыстылар (а, ә).

Тыва жазуы – түркі тілдері тобына жататын тыва тілінің жазуы. Жеке хат-хабарларда және 1920 жылдардың басынан бастап, Танну-Тува Халық Республикасы құрылғаннан кейін, баспа басылымдарында және іс қағаздарында тывалықтар

дәстүрлі ескі моңғол жазуына негізделген әдеби моңғол тілін қолданды. Т.ж. 1930 жылдан латын, 1941 жылдан кирил әліпбиіне негізделген. Тыва тілінде 24 дауысты, 22 дауыссыз фонема бар, орыс тіліндегі әріптерге қосымша ө, ү, ң әріптері қолданылады. Тыва тілінде үндестік заңының, оның ішінде ерін үндестігінің әсері мол.

Аа	Бб	Вв	Гг	Дд	Ее	Ёё	Жж
Зз	Ии	Йй	Кк	Лл	Мм	Нн	Ңң
Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Үү
Фф	Хх	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы
Ьь	Ээ	Юю	Яя				

Тыныстау – сөйлеудегі маңызды фактор. Т. әртүрлі болады. Адамның саналы түрде және тыныш күйдегі тыныс алуы. Осы ерекшелігіне байланысты зерттеушілер сөйлеу барысындағы Т.-ды фонациялық Т. деп береді. Бұл Т.-да өкпеден шыққан ауаның кинетикалық энергиясы артикуляциялық энергияға айналып, сөз күйінде сыртқа шығатынын айтады. Сонымен қатар Т.-ды дыбыстардың жасалуының негізгі энергия көзі деп қарастырады.

Тіл білімі институты – қазақ тілі мен түркітанудың іргелі де қолданбалы мәселелерін зерттеумен айналысатын ғылыми мекеме. Сондай-ақ институт осы аталған мәселелер бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізумен қатар жоғары білікті мамандар даярлайды. 1938 жылы құрылған КСРО ҒА Қазақ бөлімшесі Тіл, әдебиет және тарих институтының құрылуына (1941) негіз болды. 1945 жылы осы институттан Тарих, археология және этнография институты мен Тіл және әдебиет институты бөлініп шықты. 1961 жылы Тіл және әдебиет институтының негізінде Әдебиет және өнер институты мен Т.б.и. қайта құрылды. 1990 жылы 26 ақпанда Ахмет Байтұрсынұлының есімі берілді. Институтқа қазіргі таңда тіл тарихы, тіл мәдениеті, қолданбалы лингвистика, грамматика, терминология, фонетика, лексикология, ономастика, этнолингвистика бөлімдері бар. Соның ішінде *Тіл мәдениеті бөлімі* қазақ тіл мәдениетінің негіздері, нормалану, стилистика, т.б. мәселелермен қатар қазақ тілі орфографиясы, орфоэписы, қазақ жазуы мен әліпби, графика мәселелерімен айналысады.

«Тіл білімі терминдерінің сөздігі» – ұжымдық еңбек. Сөздікте жалпы және қазақ тіл білімі салалары фонетика, лексика, морфология, синтаксис, стилистика

және т.б. қатысты 1600-ге жуық терминге ғылыми түсінік берілген. Сөздік тіл білімінің өзекті теориялық мәселелері жайында түсінікті кеңейтуге мүмкіндік береді.

«Тіл заңын бұзбау керек» – Е.Омарұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылдың 4 шілдесіндегі санында басылып шыққан мақаласы. Бұл еңбегінде автор сөйлем мүшелерінің ішінде анықтауышқа ерекше тоқталады. *«Қысқа жіп күрмеуге келмейді», «Мырқымбайдың асығы түгел»* деген сөйлемдерде «қысқа» сөзі «жіп»-ті, «Мырқымбайдың» сөзі «асығы» деген сөздерді анықтайтынын айтады. Сондай-ақ мақалада кісінің аты-жөнін жазуда сақталуға тиісті тәртіп сөз етіледі. «Кісі әкесінің атын өз атының алдына келтіріп жазу керек» ал бір сөзбен жазғысы келсе, «Күшікбай ұлы» деп әкесінің атын емес, «Мырқымбай» деп өз атын жазу керек деген қағиданы айтады.

«Тіл мен жазу. Язык и письмо» – С.Аманжоловтың еңбегі. Қазақ және орыс тілдерінде жазылған. Еңбекте автордың жалпы тіл ғылымы, қазақ әдеби тілі мен қазіргі қазақ жазуының мәселелеріне қатысты еңбектері қамтылған. Зерттеу жұмысы «Тіл ғылымы, тілдік жағдай» және «Қазақ жазуының теориясы» деген екі тараудан тұрады. Бірінші тарау «Тіл ғылымының тарихы», «Тіл теориясы», «Лексикология», «Фонетика», «тіл ғылымы курсының негізгі тақырыптары» деген бөлімдерден тұрады. Автор «Қазақ жазуының теориясы» тарауында қазақ орфографиясы, әліппе, емле ереже мәселелеріне тоқталған. Жинақ автордың 1951-56 жылдары Абай атындағы Қазақ педагогикалық студенттеріне арнап оқыған «Жалпы тіл ғылымы» атты лекциялық курсынан басталады. Алғысөзін А.Аманжолов жазған. Еңбек тіл мамандарына, ЖОО-ның оқытушылары мен студенттеріне, магистранттарға, докторанттарға арналған.

«Тіл тағылымы» – А.Байтұрсынұлының қазақ тілі мен оқу-ағартуға қатысты еңбектерінің жинағы. Құрастырушылар – Ғ.Әнесов, А.Мектептегі. А.Байтұрсынұлы атындағы Тіл білімі институты әзірлеген. Кітапта Байтұрсынұлының ана тілінде сауат ашуға арналған алғашқы әліппелері («Оқу құралы», «Әліп-би», «Сауат ашқыш») мен қазақ тілі грамматикасын танытатын тұңғыш оқулықтарының, қазақша сауат аштыру мен қазақ тілін пән ретінде баяндайтын құралдардың («Тіл-құрал», «Методика мәселелері», «Баяншы», «Тіл жұмсар») мәтіндері толық ұсынылған. Ғалымның қазақ жазуы (графикасы), емлесі, терминологиясы жайында жазған мақалалары, сөйлеген сөздері мен қазақ жеріндегі оқу-ағарту мәселелеріне арналған еңбектері де енгізілген.

Тіл үндестігі – дауыстылардың тілдің қызметіне орай бір сөз (сөзформа) көлемінде не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып ыңғайласып, үйлесіп келуі. Яғни сөз түбірі мен оған қосылған жұрнақ, жалғанған жалғау, не бірыңғай жуан, не бірыңғай жіңішке болып отырады. Қазақ тілінің бұл дыбыстық заңдылығы жазуда да көрініс тапқан.

Тілалды дауыссыздар – тіл ұшының үстіңгі тіске тіреліп, ауа екпінінің шұғыл шығуынан жасалатын дауыссыздар: *т, д, л, н, ш.*

Тілдер байланысы – әртүрлі этникалық және тілдік топтар тілдерінің арасындағы қарым-қатынастың қажеттілігінен туындайтын, екі немесе одан да көп тілдердің бір-біріне ықпалы. Бірнеше тілдердің ұдайы әрі тұрақты қарым-қатынасының нәтижесі белсенді немесе бәсең қостілдік арқылы көрінеді. Т.б. бір тілдің де, екі тілдің де сөздік құрамы мен құрылымындағы өзгерістерді тудырады. Қазақ тіл білімінде Т.б қазақ және орыс тілдерінің тілдік жүйелерінің бір-біріне ықпал деңгейіне жан-жақты назар аударылды. Туыстас және туыстас емес ұйғыр, моңғол, араб тідерінің қазақ тілімен байланысын қарастыратын еңбектер сирек.

Тілдердің генеалогиялық топтастырылуы – тілдердің туыстығына, шығу тегіне, тарихи даму жайларының ортақтылығына қарай таптастыру. Дыбыстық, лексика-грамматикалық жүйелерінде жақындық, ұқсастық бар тілдерді туыс тілдер деп атайды. Бұдан тіл мен нәсіл бір нәрсе емес деген тұжырымды аңғаруға болады; бір нәсілге жататын халықтар туыстық – жақындық байланысы жоқ әртүрлі топтағы тілде сөйлеуі мүмкін. Тілдерді туыстық тұрғыдан топтастыру XIX ғасырдың басында туып, қалыптасқан. Генеалогиялық топтастыру бойынша тілдер алдымен ірі-ірі семьяларға, семьялар жеке топтарға, топтар жеке-жеке тілдерге бөлінеді. Ірі семья мен топ 60 шақты. Бастылары – үнді-еуропа, Кавказ, семит-хамит, банту, бантоид, орал, алтай, қытай-тибет, мон-кхмер, мунда, дравид семьялары, хаус, сонгаи, манде, гвиней, судан, палеоазия, эксимосалеут, американ үндістері тілдері т.б.

Тілдердің тоғысуы – екі тілдің ұзақ жылдар бойы қарым-қатынасқа түсуі нәтижесінде бір-бірімен сіңісіп кету процесі. Т.т. тілдердің ұзақ қатар өмір сүруі, бір халықтың екінші халықты жеңуі немесе саны жағынан басым халықтың аз халықты өзіне қаратып бағындыруы нәтижесінде болады. Екі тіл тоғысқанда ұзақ уақыт қостілділік сақталады. Т.т. нәтижесінде жеңген тіл және жеңілген тіл пайда болады. Т.т. үш түрлі түсінік пайда болады: адстрат, субстрат және суперстрат. Адстрат терминін итальяндық неолингвист М. Дж. Бартоли ұсынған. Этникалық ассимиляцияға түспей-ақ тілдердің ұзақ жылдар қатар өмір сүруінің нәтижесінде бір тілдің екінші тілге тигізген әсері. Субстрат – белгілі бір тілдің ішкі даму заңдылықтарынан туындайтын және сол географиялық аймақта таралған жеңілген тілдің жеңген халық тіліне қалдырған әсері. Суперстрат – жергілікті халықтардың тілінде жаулап алушылар тілінің ізі. Суперстрат терминін 1932 жылы Римде өткен роман тілдері мамандарының конгресінде алғаш рет В.Вартбург қолданды.

Тілдер туыстығы – екі немесе бірнеше тілдердің сөздік қорының жақындығына, грамматика, құрылымдарының ұқсастығына және дыбыстық жүйесінің сәйкестігіне негізделетін ұғым. Т.т. анықтап, ажырату үшін салыстырмалы тарихи әдіс қолданылады. Салыстырмалы тарихи әдіс туыстас тілдердің деректерін салыстыра келіп, ол тілдердегі ортақ, біртектес элементтерді, біртектес лексика-грамматикалық құрылымдардың шығу негіздерін және ортақ нысандар мен грамматикасы категориялардың одан әрі қарай дамуы мен өзгеру ерекшеліктерін айқындауды көздейді. Туыстас тілдер тобы тілдер семьясы деп аталады. Бұл тілдер семьясына

жататын тілдер ең алғашқы тіл бірлігінен негіз тілден бөліну нәтижесінде пайда болған. Болашақ дербес туыстас тілдердің әрқайсысынан біртіндеп бөлініп шығуы және құралып жасалуы негіз тілдің диалектілермен, сөйлеген тайпалар тарихымен, кейінірек халықтар тарихымен байланысты. Т.т. бірінші белгісі сөздік қордағы байырғы төл сөздердің мағыналық және дыбысталу жақтарынан өзара ұқсастығы. Туыстас тілдердің барлығына бірдей ортақ сөздердің қатарына адамдарды өзара туыстық қатынасын білдіретін сөздер, дене мүше аттары, жыл мезгілдері құбылыстарының атауы, адамдардың күн көрісіне, қоғамдық еңбегіне байланысты іс-әрекет атаулары және т.б. енеді. Т.т. екінші белгісі грамматика құрылымы жағынан жақындығы, яғни тілдегі септелу, тәуелдену, көптелу, жіктелу жүйелерінің, сөз тудыру амалдарының, сөздердің бір-бірімен тіркесуінің бір-біріне ұқсастығы. Т.т. үшінші белгісі туыстас тілдердің дыбыстық жүйесінің өзара сәйкестігі, бір-біріне ұқсастығы.

Тілдік акустика – дыбыстардың жасалуы мен олардың естілуін, дыбыстық белгілерді, сондай-ақ дыбыс құрылыстарын және оларды танып-білетін қондырғыларды жасайтын жалпы акустиканың бөлімі. Сөйлеу процесі акустикалық тұрғыдан екі салаға бөлінеді. Біріншісі – дыбыстың ауыз қуысында жасалуы. Екіншісі – ауыз қуысында әрбір дыбысқа тән тербелістердің екшеліп қалыптасуы, сөйтіп дыбыстың ауыз және мұрын қуысы арқылы кеңістікке тарауы. Дауыс арқылы жасалған дыбыстардың спектрі бірыңғай тербелмелі болады. Дауыс желбезегінің (жарғағының) серпілісіне тән ең төменгі жиілікті негізгі тон дейді. Оны F0 деп белгілейді. Ал осы негізгі тонға еселеніп қосылып отыратын үстеме жиіліктерді гармоника деп атайды. Әр дыбыстың өзіне ғана тән тербеліс жиіліктерін сол дыбыстың форманттары дейді. Форманттар төмендегі жиіліктен жоғары жиілігіне қарай нөмірленеді: F1; F2; F3. Сөйлеу үстінде сөз құрамындағы дыбыстар бір-бірімен үздіксіз байланысып, бір-біріне әсер етіп, бірін-бірі икемдеп-икемделіп жатады. Осыған орай олардың акустикалық көрінісі де үздіксіз құбылып отырады. Тілдік акустиканың негізін салған Ф.Гельмгольц болды.

Тілдік норма – сөзді дұрыс қолданудың, грамматикалық амал-тәсілдерді дұрыс пайдаланудың көпшілік таныған, тіл тәжірибесінде сыннан өткен қағидалары. Норма тілдің жүйесі мен құрылымына иек артады. Тілдік жүйе дегеніміз – тілде бар үлгілердің, қолданыс типтерінің белгілі бір тәртіппен келуі, ал тілдік құрылым дегеніміз – осы жүйенің іске асқан материалдың мүмкіндіктері. Тілдік құрылым – құлаққа естілетін, «отыз тістен шығатын» дерексіз ұғым атауы, ал тілдік жүйе – сол «затты» жасап тұрған дерексіз ұғым атауы деуге болады. Демек Т.н. «табан тірер» жері – тілдік құрылым екен де, тілдік құрылымның «арқасүйері» – тілдік жүйе екен. Т.н. тіл туралы ұғымның ең бір өзекті элементі. Сөйлеуде, жазуда тіл амалдарын дұрыс қолдана білу әдеби тіл нормасын сақтау дегенге саяды. Қазақ тілінің сөз жасау жүйесінде – ла, – ле, (-да, – де, – та, – те) сияқты аса құнарлы қосымшалар есім сөздерден етістік тудырады: *аяқ-та, бас-та, көз-де, су-ла, ау-ла, шөл-де,* т.б. Сөз тудырудың дәл осы жүйесі бойынша – да, – де зат есімге жалғануға тиіс. Бұл

жүйе бойынша кез келген зат есімге – ла, – ле (-да, – де...) қосымшасын жалғауға болады. Бірақ жүйе бойынша *баула, жүкте, сыйла* деп айтқанымызбен, *кірпікте, соғымда, кітапта* деп айтуға болмайтыны белгілі. Белгілі бір тіл қолданысты норма деп тану үшін оның тілдік жүйеде болуы (немесе норманың тілдік жүйемен коррелят болуы) жеткіліксіз. Бұған қоса ондай қолданыс тілдік дәстүрде болуы, сондай-ақ дағдыға енуі қажет.

«Тілдік норма және оның қалыптануы» – Р.Сыздықтың 2001 жылы жарық көрген еңбегі. Ғалымның бұл еңбегі 2014 жылы жарық көрген «Көп томдық шығармалар жинағына» да енген. Еңбекте тілдік норма мен оның кодификациясы алғаш рет зерттеу нысанына алынған. Кітапта тілдік норма, нормалану, кодификация, тілдік жүйе, тілдік құрылым, т.с.с. атауларға анықтама берілген.

Тілдік таңба – тіл бірліктерінің затты, оның қасиетін, болмысқа қатыстылығын білдіретін материалдық-идеялық (екі жақты) құрылымы. Т.т. жиынтығы ерекше таңбалар жүйесі – тілді жасайды. Т.т. мазмұн мен дыбысталудың, яғни таңбаланушы мазмұн мен таңбалаушы дыбыстардың бірлігінен тұрады. Т.т. осы екі жағы сананың жанама түрде қатысуымен тұрақты тіл бірлігін жасайды. Т.т. екі жағы бір-бірімен шарттас келіп, тілдегі асимметриялық жалпы заңдылыққа бағынады. Тіл бір жақты сипатта деген көзқарас та бар. Т.т. тілдегі белгілі үлкенді-кішілі жүйелерде орныққан үлгілерге сай қалыптасады да, адамзат тілінің екі негізгі құрылымдық өлшеміне қатаң түрде бағынады. Оның бірі – таңбаланушы мен таңбалаушылардың әртүрлі парадигмалары мен топтарынан тұратын парадигматикалық өлшем, екіншісі – көлденең қатарда таңбалардың тіркесімін білдіретін синтагматикалық өлшем. Бұдан басқа толық мәнді сөз таңбаларына семантикалық қалып, яғни тарихи ұқсастық тұрғысынан қарайтын үшінші құрылымдық өлшем тән. Т.т. танымдық қызметіне байланысты тілдің құрылымдық бірліктерін (фонема, морфема, сөз, сөз тіркесі, сөйлем) білдіреді.

Тілдің таңбалық теориясы – тілді таңбалар жүйесі ретінде қарастыратын тілдің құрылымы жөніндегі теориялық қағидалар (идея, жорамал) жиынтығы. Дыбысты тіл адамдар қатынасының аса маңызды құралы болғанымен, оны қолдану әрдайым мүмкін де, тиімді де бола бермейді. Кейде тіл арқылы хабарлауға болмайтын жайттар да кездеседі. Ондай жағдайларда басқаларға білдірмекші болған шартты көрсеткіші ретінде әртүрлі заттық, әрекеттік, дыбыстық, сәулелік белгілер (таңбалар) қолданылады. Таңба – басқаларға білдірмекші болған хабардың алдын ала келісілген шартты белгісі. Тілдік таңбалар қарапайым таңбалардай тек хабаршы ғана емес, ол айналадағы өмірді танып білудің, ойды қалыптастырып дамытудың да құралы.

Тілдің шығуы – адамзат қоғамының пайда болуымен байланысты, алғашқы адамдардың сөйлеу мүшелерімен дыбыстарды бірінен соң бірін ажырата айтуы арқылы қарым-қатынас қажеттілігінің өтелуі. Тіл қоғамда пайда болды, оны дамытатын – қоғам, халық. Тілсіз қоғам, қоғамнан тыс тіл болмайды. Т.ш. практикалық қызмет үстіндегі көрнекі ойлаумен тығыз байланысты, өмір сүру

үшін күрес, еңбек процесінде, практикалық мәселені шешу үстінде пайда болды. Дыбыстап сөйлеудің шығуына дыбыс шығару қабілеті тікелей әсер етті. Тілдік қарым-қатынастың пайда болуы қоғамдық сананың қалыптасуымен орайлас. Адамды адам еткен – тіл. Т.ш. – адамның әлеум. тіршілік иесіне айналуының алғы шарты. Дыбыстап сөйлеудің пайда болуы адамға тән екінші сигнал жүйесін қалыптастырды (сөз тітіркендіргіш қызметін атқарды, реакция туғызды). Сөздің пайда болуы адамдар арасындағы қатынасты жетілдіріп, қоршаған орта құпиясын ашатын ойлаудың жаңа сатысын туғызды. Т.ш. мен жекелеген тілдердің пайда болуын шатастыруға болмайды. Қазіргі кезде дүние жүзіндегі тілдің саны 5 мыңнан асады. Бірақ олардың бәрінің субстраты – біреу, ол – адамды қоршаған орта, міндеті де біреу, ол – қарым-қатынас құралы қызметін атқару. Т.ш. теориялық тұрғыдан алғанда, қазіргі адамның (homo sapiens) пайда болумен тұспа-тұс келеді.

Тілдің экономия заңдылығы. Толық түрдегі кейбір тілдік бірліктердің сөйлеу кезінде ықшам түрде қолданылатынына алғаш назар аударған А.Байтұрсынұлы синтаксистік бірліктерді талдай отырып, «ықшамдалу деп толық түрден ықшам түрге айналдыру айтылады. Қазақ тілінде толық түрден ықшам түрі көбірек жүреді», – дейді. Бұл құбылысқа тән мынадай мысалдарды көрсетеді: *Ит жүйрік болса, оны түлкі сүймес – Ит жүйріктігін түлкі сүймес; Атаңа не қылсаң, алдыңа сол келер – Атаңа қылғаның – алдыңа келер.* Тілдегі ықшамдалу үрдісі сөз тіркесі деңгейінде де жиі ұшырасады: *биылғы жыл – биыл, бұл күн – бүгін*. Морфемалар деңгейіндегі ықшамдалу құбылысына *бармақшы болды – бармақ болды; келмекші еді – келмек еді* тәрізді ықшамдау. Сонымен бірге *үйдің сыртында – үй сыртында, ауылдың мектебі – ауыл мектебі, барғын – бар, оқығын – оқы* тәрізді қолданыстар да осы қатарға енеді. Фонетикалық деңгейіндегі ықшамдалуға к*еліп қалды – кеп қалды, ауылы – аулы, әрібі – әрпі, еміле – емле* т.б. сөздерде кездесетін дыбыстардың сусымалы ерекшелігі жатады. Графикалық деңгейдегі ықшамдалу үрдісіне [ій], [ый]; [ұу], [үу] дифтонгоидтардың и, у әрпімен орфографиялану ерекшеліктері жатады: [ійт] ит, [ыйманы] иманы; [ыйағыный] иағни, [тарыйхый] тарихи; [ұуақыйға] уақиға, [бұуұнұуұ] буынуы; [үуәкіл] уәкіл, [тұуұуұ] тууы. Тілдің құрылымдық деңгейлерінде кездесетін ықшамдалу құбылысы себеп-салдарлық қатынасқа жатады. Бұлардың әрқайсысының өзіне тән себептері бар. Түптеп келгенде, ықшамдалу – сыртқы көрініс, оның себебі яғни ішкі мәнділігі заңдылық болып саналады. Сондықтан бұл құбылыс Т.э. з. деп аталады. Оқырман назарына ұсынылып отырған аталмыш лұғаттық мақалада құбылыстың сыртқы көрінісі ғана айтылды.

«Тіл-Қазына» – Ш.Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы – ғылыми мекеме. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 9 қазандағы № 1545 қаулысымен құрылған. Орталық латын графикасына негізделген қазақ әліпбиін көшіру бойынша Ұлттық комиссия жанынан құрылған жұмыс топтарының жұмыстарын үйлестіреді. Еліміздегі барлық мемлекеттік тілді

оқыту орталықтарының ересек азаматтарға қазақ тілін оқыту әдіснамасын жүйелеу мен стандарттау, әдіскерлер мен оқытушыларға әдістемелік көмек көрсету, оқу-әдістемелік құралдар әзірлеумен шұғылданады. Тілдің әр саласына байланысты IT бағдарламалар дайындайды.

«Тіл-Қазына» газеті – латын графикасында жарық көрген мерзімді басылым. Газет 2018 жылдың 2 қарашасынан бастап шыға бастады. Басылымның негізгі мақсаты – латыннегізді қазақ әліпбиін насихаттау, емле ережелерін түсіндіруге бағытталған. Газет айына 2 рет шығады. Таралымы 2000 дана. Газет бетінде жарияланған ақпарат латын графикасына негізделген қазақ әліпбиімен және оның емле ережелеріне негізделіп жазылған.

«Тіл-құрал» – кітап. Құрастырушы – Е.Тілешов. ҚР Мәдениет және ақпарат мин. Тіл комитетінің тапсырысы бойынша «Руханият» орт-нда дайындалған. Жинаққа Байтұрсынұлының тілтану саласындағы еңбектері, атап айтқанда, «Тіл құрал. (Қазақ тілінің сарфы)», «Тіл-құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері», «Тіл жұмсар» атты оқулықтары және әліпби, емле, әдістеме жайында жазылған ғылыми, ғылыми әдістемелік мақалалары, жасаған баяндамалары, айтқан қанатты сөздері және өмірінің негізгі кезеңдері енгізілген.

«Тіл-құрал» – А.Байтұрсынұлының 1914-1928 жылдар аралығында бірнеше рет толықтырылып, жетілдіріліп шыққан, шәкірт балаларға арналған тіл танытқыш кітабы. А.Байтұрсынұлының тіл танытқыш кітаптарының аты да «Тіл-құрал» деп аталды. XX ғасыр басында қоғамдағы, білім беру жүйесіндегі өзгерістерге сәйкес тіл танытқыш құрал мүлде жаңаша сипатта жарық көрді. Сол себепті ғалым кітаптың кіріспесінде: «Тіл-құрал» деген аты қандай жат көрінсе, ішкі мазмұны да әуелгі кезде сондай жат көрінер, үйткені бұл – қазақта бұрын болмаған жаңа зат. Әсіресе бірінші жыл оқылатын «Тіл-құралы» тіл білімінің негізі болғандықтан, нық үйретілерге керек», – деп жазады. «Тіл-құрал» үш тарауға бөлінген: 1) дыбыс жүйесі мен түрлері, 2) сөз жүйесі мен түрлері, 3) сөйлем жүйесі мен түрлері. Ғалым «Тіл-құрал» үшке бөлінгенмен, әрқайсысы әр жыл оқылмайтынын, бұл үшке бөлу жылдық оқу мөлшерімен емес, тіл білімінің жүйесіне негізделгенін, үйреткен уақытта әр жүйесінен балалардың шамасына қарай әлі келерліктері алынып үйретілетінін ескертеді. А.Байтұрсынұлы «Тіл-құралда» мұғалімдер үшін әдістемелік кеңестер де беріп, материалды балаларға тез әрі жеңіл үйретудің жолдарын да көрсетіп отырған.

«Тілші» газеті – 1918 жылы 21 маусымда жарық көрген, қазіргі «Жетісу» газеті. Газеттің небәрі 41 нөмірі шығарылған. Бұл басылым 1929 жылдың соңына дейін үзбей шығарылды. «Тілші» газеті ауыл, шаруа газеті болғандықтан, мұнда көбіне ауыл өміріне арналған материалдар жарияланды. Газетте қазақ жазуының, әліпбиінің және оның емле ережелерінің мәселелері жиі көтеріледі.

Уу

У әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <у> фонемасы Уу әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Uu әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында Uu әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Қазақ жазуының тарихында /у/ фонемасының таңбалануына байланысты бірізділік болмаған. 1926 жылғы Бакудегі түркологтардың бүкілодақтық I сиезінде ғалымдар арасында <у> фонемасын бірде дауыссыз, бірде жартылай дауысты дыбыс екендігі туралы пікірталастар туындаған. Сөйтіп У әрпі [ұу], [үу] деген дыбыс тіркестері арқылы таңбаланатын болған. 1929 жылғы әліпбиде <у> фонемасы /v/ түрінде таңбаланған: suvьq (суық). Алайда /у/ фонемасын [ұу], [үу] деп тарату жазу барысында қиындық тудыруына байланысты 1938 жылғы латын әліпбиіне түзетулер енгізіліп, ол /u/ әрпіне өзгертілді. 1940 жылдан бері <у> фонемасы кирил графикасындағы /Уу/ әрпіне ауыстырылып, әлі күнге дейін тұрпатын сақтап келе жатыр. У әрпі сөз басында, ортасында және соңында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – ұу/үу.

У дыбысы. У (w) дауыссыз дыбысы қос ерін арқылы жасалады. Жасалу орнына қарай ерін-ерінді дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысы қос (астыңғы және үстіңгі) еріннің жуысуы арқылы жасалады. Жасалу тәсіліне қарай жуысыңқы дауыссыз дыбыс болып табылады. У дауыссыз дыбысын айтқанда дауыс желбезегі мол тербеледі, яғни мол қатысады. Дауыс қатысына қарай үнді (тербелімді) дауыссыз дыбыс болып табылады. Жасалым белгілері: ерін-ерінді, жуысыңқы, үнді дауыссыз дыбыс». Оның қазақ тілі дауыссыздарының пішіндемесінде (моделінде) өзіне орнықты орны бар. Академиялық мазмұны: анықтамасы: ерін-еріндік жуысыңқы үнді; мәртебесі: жүйеқұрауыш; қызметі: тұйық рай көрсеткіші; тіркесімі: тек дауыстыдан кейін келеді; шеп орналасымы: сөз басында кездеспейді; жиілігі: жиі кездеседі; ұқсастығы: орыс, араб тілдерінде жоқ, ағылшын тілінде бар. ХФӘ

бойынша таңбасы – Ww. Қазақ тілінде сөз басында кездеспейтін бес дауыссыз дыбыстың бірі – осы Ww. Ендеше дыбыс атауына, өзге дыбыстардай *бы, ды* болып дауысты соңынан қосылмай, дауысты алдынан қосылып, ұу (уұ емес) түрінде айтылады.



Уәли Нұргелді Мақажанұлы (1945) – филол. ғыл. док., профессор. Қазіргі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетін бітірген. 1973 жылдан бері Тіл білімі институтында қызмет атқарады. 1993 жылы «Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері» филология ғылымының кандидаты дәрежесін алу үшін диссертация қорғаған. Диссертацияда инвариант фонема мен әліпбидегі әріптердің сандық қатынасы, қазіргі әліпбидегі артық графикалық таңбалар, жазудың фонологиялық негізі, әліпбидегі әріптердің аттары, жазу нормасында кездесетін қайшылықтар және одан ауытқудың түрлері мен себептері, қазақ орфографиясының негізгі принциптері жан-жақты зерттелген. «Қазақ сөз мәдениетінің теориялық негіздері» тақырыбында докторлық диссертация қорғаған. Негізгі еңбектері: «Қазақ орфографиясындағы қиындықтар», «Фразеология және тілдік норма», «Графика. Орфография. Орфоэпия». «Қазақ тілінің орфографиялық сөздігін», «Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы» құрастырушыларының бірі. Қазақ тілін латын әліпбиіне көшірудің ғылыми-теориялық негізін жасаушылардың бірі.

Угарит жазуы – б.з.д. XIV-XIII ғасырларда угарит тілінде, хуррит тілдерінде және аккад тіліндегі мәтіндерді жазу үшін (өте сирек) қолданылған квазиәліпбилік консонантты жазу (сына жазуы). У.ж. – угарит және хуррит тілдерінің жергілікті семит диалектісін бекіту үшін қолданылған шартты атау. У.ж. жазылған мәтіндер Угариттен тыс жерлерде, соның ішінде Палестинада да кездеседі. Шумер-аккад сына жазуымен У.ж. сазда сына тәрізді пішінді алатын жекелеген сызықтардан белгілер құрастыруда ғана ұқсастығы бар, алайда генетикалық байланыс екіталай деп саналады. У.ж. финикия жазуы және Оңтүстік араб жазуымен тектік ортақтығы туралы болжамдар әлі дәлелденген жоқ. У.ж. кейбір дауыссыз дыбыстарды белгілеу үшін нұсқалы таңбаларының, сондай-ақ *а, і, и* тіркесімі үшін арнайы таңбаларының болуы У.ж. алдында бізге жетпеген сына тәрізді немесе сызықтық жазу болды, одан угарит жазу біртіндеп дамыды деп болжам жасауға мүмкіндік береді. Угарит әліпбиі Ханаан мемлекетінде жер сілкінісі салдарынан қаланың түпкілікті жойылып кеткен уақытына дейін қолданылған. Ол 30 таңбадан құралған. Соңғы әліпби құрамында a, i, u, h, w, u таңбалары болды. Даму тарихы бойынша финикияның әсерінен пайда болған У.ж. қысқартылған нұсқасы да болған (30 емес, 22 таңба). Б. з. д. I-мыңжылдықтың басында угариттік жазба қолданыстан шықты.

Удегей жазуы (удэ жазуы, удыхей жазуы) – удегей тілінің жазуы. Өзінің өмір сүру кезеңінде ол әртүрлі графикалық негізде қолданылды және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта У.ж. кирил графикасында, бірақ жалпы

қабылданған нормасы жоқ. У.ж. тарихында 2 кезең аталады: 1931-1937 жылдар – латын негізіндегі жазу; 1980 жылдардың аяғынан бастап қазіргі заманға дейін кирил графикасына негізделген жазу. Удегейлік тілдік материалдың алғашқы дерегі ретінде 1859 жылы жануарлардың бірнеше жергілікті атауларын осы тілде кирил графикасымен жазған натуралист Р.Маактың жазбасы аталады. 1880-1890 жылдары И.Надаров пен С.Браиловский удегей сөздері кирил графикасымен жазылған алғашқы сөздіктер құрастырды. Сөздер есту бойынша жазылғандықтан олардың фонетикалық көрінісі өте дәл болмады. 1906 жылдан бастап К.Арсеньев жарияланбаған жазбаларында диакритикалық белгілері бар кирил әліпбиін қолданды. Ол фарингалды белгілеу үшін жазуүсті қос ͡ (жоғарыдан нүктесі бар доға) белгіні қолданды. К.Арсеньевтің жазбаларын мамандар бұрынғы жазбалармен салыстырғанда әлдеқайда дәл деп бағалайды. Сондай-ақ, XX ғасырдың басында удегейлік тілдік материалды П.Шмидт пен С.Пониатовский жинады. Алайда У.ж. өзі сол кезде пайда болмаған. 1931 жылы латын графикасына негізделген алғашқы удэгей әліпбиінің жобасы жарық көрді. Бұл әліпбидің авторы Е.Шнайдер болды. Бастапқы жоба бойынша әліпби құрамында келесі таңбалар болды: Aa, Bb, Çç, Dd, Ee, Əə, Ff, Gg, Hh, Ңң, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Ŋŋ, Oo, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ww, Xx, Зз. 1932 жылы удегей әліпбиінің бірнеше өзгертілген нұсқасында удегей тілінде Е.Шнайдер құрастырған "Наша грамота" атты алғашқы әліппе жарық көрді. 1930 жылдары жазылған немесе аударылған басқа да удегейлік кітаптар оның қаламынан шыққан. Удегей латын әліпбиі 1937 жылға дейін қолданыс тапты.

Удмурт жазуы – орал тілдік тобындағы фин-угор тілдеріне жататын удмурт тілінің жазуы. XVIII ғасырдан бастап кирил әліпбиінде. Қазіргі әліпби 1937 жылы бекітілген. Сонымен бірге У.ж. латын әліпбиіне көшіру қадамдар да болған.

Украин әліпбиі – үнді-еуропа тілдік семьясының славян бұтағының шығыс-славян тобына енетін украин ұлттық тілінің әліпбиі. Қазіргі құрамында XIX ғасырдың аяғынан бастап қолданылады, 33 әріптен тұрады. Орыс әліпбиімен салыстырғанда *Ёё, ъ, ы, Ээ* әріптері қолданылмайды, бірақ Ґґ, Єє, Іі и Її таңбалары бар. 1932-1990 жылдары Ґ әрпі болмаған, ал жіңішкелік белгісі әліпбидегі соңғы әріп болды. Сондай-ақ, апостроф қолданылатын көптеген сөздері бар. У.ә. кирил графикасы негізінде қалыптасқан. Тілдің фонетикалық жүйесінің дамуына байланысты дәстүрлі әріптер мен жаңа дыбыстар арасындағы сәйкессіздік біртіндеп өсе түскен. Жазуда бұл и~ і ~ ы, ъ ~ ь, ѣ ~ е ~ и әріптерінің алмасуына әкелді. Емлесі XIII-XVIII ғасырларға дейін өздігінен өзгеріске түсті және тек 1708-1710 жылдары ресейлік жазу реформасымен нормаланып, реттелді. XIX ғасырда орфографияның фонетикалық принципі қаланды, сонымен қатар әліпбиде жаңа әріптер пайда болды.

Аа	Бб	Вв	Гг	Ґґ	Дд	Ее	Єє
Жж	Зз	Ии	Іі	Її	Йй	Кк	Лл
Мм	Нн	Оо	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу
Фф	Хх	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ьь	Юю
Яя							

Умлаут (неміс. «*umlaut*») – жіңішке дауысты дыбыстардың үстіне қойылатын диакритикалық белгі – қос нүкте. Умлаут неміс, швед, исланд, фин, венгр, түрік, әзербайжан әліпбилерінде жіңішке дауысты дыбыстың мәнін білдіру үшін қолданылады.

Унциал – латын тіліндегі «uncialis» сөзінен шығып, «ұзындығы жағынан бірдей» деген ұғымды білдіреді. Жазудың маюскул типіндегі жазу үлгісі. Латын және грек қолжазбаларында IV-IX ғасырлардың үлгілерінде кең таралған. Әрқайсысының өздеріне тән ерекшеліктері бар болып келеді. Жазу жолынан шықпайтын ірі дөңгеленген әріптерден тұрады.

Урарт жазуы – алғашқы урарт сына жазбалары 1820 жылдардың соңында Ван көлінің жағасында, урарт патшаларының ежелгі резиденциясы Ван рок аймағында табылды. Археологиялық зерттеулер кезінде барлығы 600-ге жуық жаңа ассирия сына жазуымен жазылған жазулар, сондай-ақ урарта иероглифтері мен лувий иероглифтерімен жазылған бірнеше ондаған қысқаша жазулар табылды.



Урду әліпбиі – үндіеуропа семьясына жататын үндіарий тобындағы урду тілінің әліпбиі. У.ә. араб графикасына негізделген. Парсы әліпбиіне ұқсас жасалған. 38 таңбадан тұрады. Араб графикасындағы басқа әліпбилерге қарағанда араб жазуының стандартты насха стандартты шрифтінің орнына араб каллиграфиясының насталик жазуы қолданылады. Үндістанда урду тілі үшін деванагари әліпбиі қолданысқа енгізілген.

Урум жазуы – 1778 жылы Ресей үкіметі Қырымнан Солтүстік Азов бойына көшірген түркі тілінің қыпшақ бұтағынан тарайтын урум тілінің жазуы. Урум тілінің кейбір мәтіндері грек әліпбиімен жазылды. 1920-1930 жылдары Урум ауылдарында қырым татар тілі оқытылды. Қазіргі уақытта кирил графикасы қолданылады, бірақ ол ресми түрде бекітілмеген және түрлі дереккөздерде әліпбидің әртүрлі нұсқалары қолданылады.

Уэллс Джон Кристофер (1939) – британ тілтанушысы, фонетист, эсперанто тілінің оқытушысы, Лондон Университеті колледжінің профессоры. Кембридж университетінің Тринити-колледжін бітірген. ASCII X-SAMPA фонетикалық әліпбиін ойлап тапты. Ағылшын-эсперанто сөздігінің авторы. Сонымен бірге оның ағылшын тілі диалектілерінің айтылымы, Халықаралық фонетикалық әліпбидегі дыбыстар, эсперантоның тілдік аспектілеріне арналған зерттеу еңбектері бар. Дүниежүзілік эсперанто-ассоциациясының (1985-1995), Халықаралық фонетикалық ассоциациясының (2003-2007) президенті.

Ұ ұ

Ұ әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ұ> фонемасы Ұұ әрпімен берілген. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929 жылы <ұ> фонемасына /u/ берілсе, 1938 жылы ол /ū/ әрпіне өзгертілді. Орыс әліпбиіне негізделген 1940 жылғы қазақ жазуының тарихында <ұ> фонемасы /у/ әрпіне әріпүсті сызық сала отырып /ӯ/графемасы таңбаланған. Алайда 1951 жылдан бастап қолданыста болған /ӯ/графемасы ресми түрде /ұ/ графемасына ауыстырылды. Ұ әрпі сөздің басында және ортасында жазылады. Сөз соңында мүлдем кездеспейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – ұ.

Ұ дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін доғалданып тұрады, еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты дыбыс болып табылады. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – ерін, жасалу орнына қарай – тіл арты дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, ерін, тіл арты дауысты дыбыс. «Ұ» дыбысы қазақ сөзінің әдеби айтылым үлгісінде сөздің барлық шебінде кездеседі (*ұлу, ұрұқ, орұн, құрұлұқ* т.б), бірақ қазіргі емле ереженің жаңсақ ұстанымы бойынша екінші және арғы буындарда жазылмайды, сөздің ерін үндестігін бұзады.

Ұғым жазу. Ұ.ж. үлгілеріне ежелгі қытай, ежелгі шумер, ежелгі египет, крит-миной жазулары жатады. Ұ.ж. (логограмма) сөз не морфеманы таңбалайтын жазу. Логограммалар кейде идеограмма не иероглиф деп те аталады. Әртүрлі тілде сөйлейтін халықтар түсіне беретіні, таңбасы қандай мағына беретінін оңай білдіріп тұратындығы ұғым жазудың артықшылығы болып есептелінеді. Ұ.ж. ең алғаш қолданған шумерлер, кейін ежелгі египет, ежелгі үнді жазуларында дамыды. Қазір Солтүстік Америка мен Оңтүстік Америка тайпалары мекендеген аймақтардан, Австралия, Полинезия, Пасха аралынан табылып жатыр.

Ұйғыр жазуы – б.з.д. I ғасыр мен б.з. IX ғасырларда бастау алатын ежелгі ұйғыр тайпалары пайдаланған ұйғыр тілінің жазуы. Ұйғыр тілін жазу үшін әр алуан жазу жүйелері қолданылды: көне Ұ.ж. – VIII-XIX ғасырларда; араб жазуы – XI ғасырдан 1930 жылға дейін КСРО-да; қазіргі уақытқа дейін (1960-1980 ж. кезеңнен басқа) ҚХР-да; латыннегізді әліпби– 1930-1947 жылдары КСРО-да; 1960-1980 жылдары ҚХР-да; кирилнегізді әліпби – 1947 жылдан КСРО мен ТМД-да; 1956-1957 жылдары ҚХР-да. Соғды жазбасынан басталатын көне Ұ.ж. VIII-XVI ғасырларда көне ұйғыр тілін жазу үшін қолданылған. Ұ.ж. жоғарыдан төмен тік әріптермен солдан оңға қарай бағыттала жазылады. XI-XII ғасырлардан бастап ұйғырлар исламды қабылдағаннан кейін көне Ұ.ж. түркі фонетикасына бейімделген араб жазуы ығыстыра бастады. Ұйғырлар бастапқыда 28 әріпті қолданған: ا ب ت ث ج ح خ د ذ ر ز س ش ص ض ط ظ ع غ ف ق ك ل م ن و ه ى. 1920 жылдардың басында КСРО-да араб әліпбиін ұйғыр фонетикасына жақындату туралы мәселе көтерілді. 1925 жылы ұйғыр тіліне жат араб дыбыстарын көрсететін әріптер әліпбиден алынып тасталды және ұйғыр тіліне тән дыбыстарға арналған әріптер енгізілді. Жаңа әліпбиде 27 әріп болды: ئا ب پ ت چ ج خ د ر ز ژ س ش غ ق ك گ ڭ ل م ن ۇ ه ىئ . Ұйғыр жазуының әліпбиі қазір 22 әріптен тұрады.

Ұйғыр латын әліпбиі – 1928 жылдың ақпан-наурыз айларында «Кәмбәғәлләр авази» газетінде ұйғыр әліпбиінің латын негізіндегі бірқатар жобалары жарияланды. Сол жылдың сәуір-мамыр айларында 1-ші ұйғыр лингвистикалық конференциясында 31 әріптен тұратын латын әліпбиі мақұлданды. 1930 жылы мамырда 2-ші ұйғыр лингвистикалық конференциясы оны өзгеріссіз қабылдады. 1930 жылы КСРО-да ұйғыр әліпбиі араб әліпбиінен латыннегізді әліпбиге ауыстырылды.

A a	E e	B b	P p	T t	J j	CH ch	X x
D d	R r	Z z	ZH zh	S s	SH sh	GH gh	F f
Q q	K k	G g	NG ng	L l	M m	N n	H h
O o	U u	Ö ö	Ü ü	W w	Ë ë	I i	Y y

Бұқаралық ақпарат құралдары латын қарпіне тек 1976 жылы ғана ауысты, ал жеке хат алмасуда араб қарпін пайдалануды жалғастырды. Қытай ұйғырларының әліпбиі латыннегізді әліпбиге ауыстырылғанмен, 1982-1986 жылдары ол ресми түрде қайта жасады. Бұл әліпби қазіргі уақытта ҚХР-да қолданылады. Жалпы, бұның 1925-1930 жылдары КСРО ұйғырлары қолданған әліпбиден ерекшелігі аз.

Алайда, 1979 жылы араб жазуын қайтару туралы шешім қабылданды және 1982-1986 жылдары бұл шешім жүзеге асырылды. 2000 жылдың қараша айында ҚХР – да Шыңжаң университеті-Uyghur Latin Yëziqi (ULY) әзірлеген латын әліпбиі негізінде көмекші әліпби қабылданды. Ол Батыс басылымдарында және интернетте үлкен танымалдыққа ие болды. Алайда оның ресми мәртебесі жоқ.

Ұлттық әліпби (акад. Ә.Қайдари нұсқасы) – қазақ тіліні төл дыбыстары (кірме қоспасыз) негізінде дайындалған әліпби үлгісі. Ұ.ә. қазақ тілінің дыбыс құрамын түгел қамтиды (фонетикалық деңгей), үндесім әуезін сақтайды (лексикалық деңгей), буын тұрқын бұзбайды (морфологиялық деңгей), тасымалды дәл жүргізеді (әдістемелік деңгей), сөйлеу ырғағын үзбейді (синтаксистік деңгей). Әліпби құрамында тек ұлттық дыбыстарға тән әріптер теріліп алынған. Ұ.ә. өзге түрік жұртымен ортақ жазу мәселесін шешіп, бірге болуға жол ашады.

№	кирил	латын	аталуы
1	Аа	**Aa**	*а*
2	Әә	**Ää**	*ә*
3	Бб	**Bb**	*бы*
4	Дд	**Dd**	*ды*
5	Ғғ	**Ğğ**	*ғы*
6	Гг	**Gg**	*гі*
7	Жж	**Jj**	*жы*
8	Зз	**Zz**	*зы*
9	Ее	**Ee**	*е*
10	Йй	**Yy**	*ый*
11	Ққ	**Qq**	*қы*
12	Кк	**Kk**	*кі*
13	Лл	**Ll**	*ыл*
14	Мм	**Mm**	*мы*

№	кирил	латын	аталуы
15	Нн	**Nn**	*ны*
16	Ңң	**Ŋŋ**	*ың*
17	Оо	**Oo**	*о*
18	Өө	**Öö**	*ө*
19	Пп	**Pp**	*пы*
20	Рр	**Rr**	*ыр*
21	Сс	**Ss**	*сы*
22	Тт	**Tt**	*ты*
23	Уу (дауыссыз)	**Ww**	*ұу*
24	Ұұ	**Uu**	*ұ*
25	Үү	**Üü**	*ү*
26	Шш	**Şş**	*шы*
27	Ыы	**Iı**	*ы*
28	Іі	**İi**	*і*

Ұлттық тіл – ұлттың ауызша және жазбаша түрдегі қарым-қатынас тілі. Ұ.т. – халықтың ұлт болып қалыптасу кезеңдерімен және мемлекеттігімен байланысты тарихи категория. Территориялық тұтастығы, экономикалық, психикалық ерекшеліктері мен мәдениетінің біртұтас, тілінің бірегей болуы қазақ халқының ұлт болып қалыптасуындағы негізгі факторлардың бірі болды. Қазақ қоғамындағы осындай тұтастық пен бірегейлену барысында қазақтың халық тілі өндіріс, ғылым-білім, басқару, саясат, бұқаралық ақпарат т.б. салаларында ауызша және жазбаша түрде (формада) қызмет ететін Ұ.т. (ұлттық тілге) айналды. Ұ.т. қалыптасуы халық тілімен байланысты болды. Ал халық тілінің құрамында ежелден бергі сөйлеу тілі, қарапайым сөйлеу тілі, ауызша әдеби тіл тәрізді құрылымдар болды. Ұ.т., атап айтқанда, осындай тілдік құрылымдардың мұрагері деп танылады. Ұ.т. дейінгі кезеңдерге академик Р.Сыздықтың теориялық конценция бойынша

ауызша әдеби тілдің қоғамдағы орны да, қызметі де басым болды. Байырғы ақын-жыраулардың шешендік сөз өнерінің аса мол мұралары ауызша әдеби тілдің негізгі халыққа танымал үлгілері болып саналады. Өйткені оның тілдік материалдары эпикалық жырлар, тарихи дастандар, фольклорлық мұралар (ертегі, аңыз, жұмбақ, жаңылтпаш т.б.) айтыс өнері т.б. ауызша әдеби тілдің бастау көзіне айналды. Ауызша әдеби тілдің көркемдік санадағы орны мен деңгейі айтарлықтай жоғары тұрды. Сондықтан ауызша әдеби тілдің Ұ.т. қалыптастырудағы орны ерекше болды. Сонымен қатар қазақ қоғамында ескі қазақ жазба тілі қызмет етті. Бірақ оның тілдік материалдары әртекті (гетерогенді) 1) қазақтық, 2) ескі түркілік (ортаазиялық, алтынордалық), 3) араб-парсылық болып, халық тілінің табиғатынан алшақтау тұрды, тіл бірегейлігі ойдағыдай болмады. Араб жазуы ескі қазақ жазба тілі тек ескіше оқығандардың қолданыс аясымен шектеліп жалпы ұлттық сипат ала алмады. Бірақ ескі қазақ жазба тіліндегі араб, парсылық, кейбір көне түркілік элементтер қазақ әдеби тілінің құрамына еніп, Ұ.т. қалыптасуына әсер ықпалын тигізбей қойған жоқ. Ұлттың рухани әлемі адамгершілік, игілік, намыс, парасаттылық, жомарттық, инабаттылық тәрізді т.б. этикалық ұғымдар тілдік санада орнығып, олардың атаулары Ұ.т. сөздік қорынан орын алды. Қазақ жазуын күллі халық игілігіне жаратуды жүзеге асырған, ұлттық жазуды демократиялық арнаға бұрған ұлы реформатор ғалым А.Байтұрсынұлы ескі қазақ жазба тіліндегі араб әріптерін негізінде жаңа әліпби жазды. Ғылыми лингвистикада шеттілдік ғалымдар бұл әліпбиді «Байтурсыновский алфавит» деп атады. Ал жаңа әліпби жүйесіндегі жазуды халықтың өзі төте жазу деп атады.

Ұяң дыбыс – дауыс та, жай дыбыс та бар, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда дауысы аз болатын дыбыстар: *ж, з, л, м, н, ң*. Қатаң дыбыстарға сәл дауыс қосылса болғаны, қатаң өзгеріп, ұяң болып шыға келеді. Мәселен: "п"-ға дауыс қосылса, ол өзгеріп «б» болады; «т»-ға дауыс қосылса, ол «д» болады; сол қалыпты «с» – «з» болады. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде *ж, з, л, м, н, ң* дыбыстары «ұяң дыбыстар», *ж, з, л, р* «ымыралы харіфтер», *м, н, ң* «ымырасыз харіфтер» деп аталды. Қазақ білімпаздарының сиезінен кейін *м, н, ң* дыбыстары «мұрын жолды дыбыстар» деп аталды.

Ұяң харіфтер – дауыс та, жай дыбыс та бар, бірақ дауысты дыбыстарға қарағанда дауысы аз болатын ұяң дыбыстардың харіфтері. Ұяң харіфтер өзара екіге бөлінеді: 1) ымыралы харіфтер, 2) ымырасыз харіфтер. Ымыралы харіфтер: *ж, р, з, л*. Ымырасыз харіфтер: *м, н, ң*.

Үү

Ү әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ү> фонемасы Үү әрпімен берілген. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929-1940 жылға дейін <ү> фонемасы /Yy/ әрпімен таңбаланған. 1940 жылдан бастап ол /Үү/ болып таңбалана бастаған. Қазіргі жазу жүйемізде тұрпаты сол күйінде сақталған. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Атауы – ү. Ү әрпі сөздің басында және ортасында жазылады. Сөз соңында мүлдем кездеспейді. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – ү. Латын графикасын қабылдаған түркі әліпбилерінде <ү> фонемасы диакритикалық белгілердің негізінде әртүрлі таңбаланған: әзербайжан, түрік, түркіменде – ü, қарақалпақ әліпбиінде – ú.

Ү дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін доғалданып тұрады, еріннің қатысына қарай ерін дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының орта тұсына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты дыбыс. Дауысты тілдің тік қалпына қарай – қысаң, ерін қатысына қарай – ерін, жасалу орнына қарай – тіл ортасы дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, ерін, тіл ортасы дауысты дыбыс. Қазақ сөзінің әдеби айтылымында сөз шебінде орын талғамайды, алайда бүгінгі кирилден қалған еміле бойынша екінші және одан арғы буындарда жазылмайды, сөздің ерін үндестігін бұзады. Дауыссыз *Үү [Üü]* дыбысы *і, е* дауыстыларымен ешуақытта тіркеспейді, алайда қазіргі орфографиямызда дауыссыздың бұл ерекшелігі ескерілмей келеді.

Үзілетін қаріптер – араб қаріптерінің сөз басы, сөз ортасы, сөз соңына байланысты таңбалануы себепті өзінен кейін қаріпті қабылдамайты, тіркеспейтін қаріптер: *а, д, р, з, о, ұ, у, е.* Үзілетін қаріптерден кейінгі дыбыстың сөз басындағы тұрпаты таңбаланады.

Үйлес дыбыстар – қатар келген дыбысына әсер етіп, күңгейлеп тұратын дыбыстар. Ү.д. ықпалынан құтылу үшін күңгейлеп тұрған дыбыстан аулақ, басқа жерге қойып, айтып көру керек. Мыс., *«қас екең сау күндегі әнге салды»* десек, қай дыбыс екені анық естіледі. Сол сияқты септеу жалғаулары да көмескі естіліп, дүдәмәлдік болады. Мыс., *бастың ба? – басдың ба? басты ма? – басды ма? баста*

ма? – басда ма? бастан ба? – басдан ба? – дүдәмал, анық емес. Мұнда да әлгідей жалғауларды әсер етіп тұрған дыбыстан құтқару үшін аяғында әсер етпейтін дыбыс бар сөздерге жалғап қарау керек. Мыс., *балдың, малдың, қардың, қаздың, балды, малды, қазды, қарды, балда, малда, қарда, қазда, балдан, малдан, қардан, қаздан.* Қай дыбыс екені мұнда анық естіліп тұр. Үйлес болғандықтан, бірінің орнына бірі айтылу мүмкіндіктен болатын дүдәмәлдік мынау сияқтылар: *Қорғам-бай – Қорған-бай, Арғымбай – Арғынбай, Тасқымбай – Тасқынбай, қоңған – қонған, жоңған – жонған, жаңған – жанған, көңген – көнген, өңген – өнген, міңген – мінген, сеңген – сенген, күңге – күнге* т.с.с. Бұлардың қайсысы дұрыс? Әрине, соңғылары дұрыс. Өйткені *«Қорғам», «Арғым», «Тасқым»* деген сөзден шықпағаны, *Қорған, Арғын, Тасқын* деген сөздерден шыққаны көрініп тұр. Онан кейінгілеріне келсек, бұларда әсер етіп тұрған – *«г»* мен *«г»* дыбыстары. Олардың әсерінен құтылса болғаны, дүдәмәлдік жоғалады. Мыс., *«қоныс», «қондық», «жону», «жондым», «жанып», «жанды», «көніп», «көнді», «өніс», «өнім», «мініп», «мініс», «сеніп», «сенім», «күнде», «күндік»* дегенде, дүдәмәлдік жоғалып, *«ң»* емес, *«н»* екені ап-анық көрініп тұр.

Үйлесім (ассимилятив) – іргелес дауыссыздардың бір-біріне өзара артикуляциялық икемделуі: іргелес үйлесім – қатар тұрған екі дыбыстың өзара әсері; ілгерінді дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған жіңішке әуезді дауыстының тіл ортасы жасалымына (артикуляциясына) икемделуі; кейінді дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған жуан әуезді дауыстының тіларты жасалымына (артикуляциясына) икемделуі; төменді дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының ашық жасалымына икемделуі; жоғарылы дауыссыз уыссыздың іргелес тұрған дауыстының қысаң жасалымына икемделуі; – қысаң езулік дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының қысаң езулік жасалымына икемделу; – ашық езулік дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының ашық езулік жасалымына икемделуі; – емеурін езулік дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының емеурін езулуік жасалымына икемделуі; – доғал еріндік дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының босаң (доғал) еріндік жасалымына икемделуі; – сүйір ерін дауыссыз – дауыссыздың іргелес тұрған дауыстының мығым (сүйір) еріндік жасалымына икемделуі.

Үйлесім (ассимилятив) талдау – дыбыстарды Ү. тіркесімінің жасалымын (артикуляциясын) анықтайды; – дыбыстардың Ү. тіркесімінің айтылымын (акустикасын) анықтайды; – дыбыстардың Ү. тіркесімінің естілімін (перцепциясын) анықтайды.

Үлкен сызықша «–» – бытыранды ұғымдарды шоғырландырып, жалқыланған ұғымдарды жалпыландырып, теңелерлік нәрселерді теңеп, балап айтатын орындарда қойылатын белгі. Мыс., *Көк шалғын, ағаш, бұлақ – бәрі жақсы. Қасқыр – аң. Ақымақты үйрету – өлгенді тірілту.*

«Үмбет ұлы Мәжитке жауап» – «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы санында жарияланған Т.Шонанұлының мақаласы. Мақала Үмбетұлы Мәжиттің

«Күмәндіміз» атты мақаласына жауап ретінде жазылып, «Латын әліппесі тұуралы сұрауына» деген айдармен жарияланған. Үмбет ұлы Мәжит «латын қарпы», «араб қарпы» туралы әңгіме басталып жатқанын, Ильминский сияқты орыстың миссионерлері шығарған қарыптен Ақымет Байтұрсынұлы шығарған араб қарпы қазақ еліне аса қолайлы тигенін айта келіп: «Араб қарпынан неге қаштық? Араб қарпы ықшамдалса, қолайлы болмай ма? Латын қарпы мен орыс білгіштері шығарған қаріптің қанша алыстығы бар? Қаріптің қиындығы мәдениетке қанша кедергі болады. Баяғыдан бері қазақ сауатсыз болып келгенде, араб қарпы ұстап келді ме? Латын қарпын алғанда ешкімнен үйренбей ақ, судыратып оқи береміз бе? Мәдениеттің кілті жалғыз ақ қарып па?» деген сұрақтар қояды. Автор әліппе жаңғыртуды екі жағынан: 1) негіз жағынан, 2) іске асыру жағынан қарастыру керектігін айта келіп: «Негіз жағынан дегеніміз: осы күнгі тұтынып жүрген әліппеміз әліппе болармық жарамды ма? Жоқ па? Жарамды болса, артықшылығы қандай? Жарамсыз болса, кемшілігі нендей? Ол кемшілік жоюға келетін бе? Жойылмастай болса, жарамды әліппе қайсы? Іске асыру жағы дегеніміз: араб әліппесінің кемшілігі сонша зор болып, «басқа әліппені аламыз» дегенде, жаңа әліппені қалай кіргізіп жіберуге болады?» – деп, әрқайсысын сипаттайды. Қоғамда жазу алмастыруға байланысты екі түрлі бағыт барын айта келіп, Т.Шонанұлы әрқайсысының позициясын нақтылайды.

Үндестік заңына келмейтін қосымшалар – сингармонизмге, үндестік заңына бағынбайтын жұрнақтар: «*гер*», «*дікі*», «*паз*». Бұл жұрнақтар түбір сөзге қосылып жазылатынын, ондай жұрнақпен жазылған сөздің түбірінде дәйекші болса оның дәйекшісі жұрнақ қосылғанда да қалмай жазылатынын (мыс., «тұздікі», «түздікі», «сөзуар», «білімпаз») ескертеді.

Үндесім (сингармонизм) – жуан әуез – сөз құрамындағы тіл арты дауыстылар мен кейінді дауыссыздар тіркесінің әуезі; жіңішке әуез – сөз құрамындағы тіл ортасы дауыстылар мен ілгерінді дауыссыздар тіркесінің әуезі; езулік әуез – сөз құрамындағы езулік дауысты мен іргелес дауыссыз тіркесінің әуезі; еріндік әуез – сөз құрамындағы еріндік дауысты мен іргелес дауыссыз тіркесінің әуезі.

Үндесім дауыссыздар – жуан езулік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай кейінді, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай езулік болып табылады. Үндесім жасалым белгілері: кейінді, езулік (дәйекші белгі жоқ – *б, д, н, с* т.б.). Жіңішке езулік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай ілгерінді, ерін жазылып (езу тартып) барып жасалады, ерін қатысына қарай езулік болып табылады.Үндесім жасалым белгілері: ілгерінді, езулік (сызықша дәйекші белгі – *б', д', н', с'* т.б.). Жуан еріндік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында кейін шегініп жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай кейінді, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай еріндік болып табылады. Үндесім жасалым белгілері: кейінді,

еріндік (шеңбер дәйекші белгі – *б, д, н, с* т.б.). Жіңішке еріндік дауыссыздар – тіл ауыз қуысында ілгері жылжып жатады, тілдің ауыз қуысындағы көлденең қалпына қарай ілгерінді, ерін дөңгеленіп (сүйірленіп) барып жасалады, ерін қатысына қарай еріндік болып табылады. Үндесім жасалым белгілері: ілгерінді, еріндік (шеңбер+сызықша дәйекші белгі – *б', д', н', с'* т.б.).

Үндесім (сингармонизм) талдау – дыбыстардың Ү. тіркесімінің жасалымын (артикуляциясын) анықтайды; – дыбыстардың Ү. тіркесімінің айтылымын (акустикасын) анықтайды; – дыбыстардың Ү. тіркесімінің естілімін (перцепциясын) анықтайды.

Үндесім дауыстылар – ауыз қуысындағы тілдің көлденең қалпы мен ерін қатысынан пайда болады, Ү.д. анықтамасы екі белгіден құралады: *а, ы* – жуан, езулік Ү.д., *ә, і, е* – жіңішке, езулік Ү.д., *ұ, о* – жуан, еріндік Ү.д., *ү, ө* – жіңішке, еріндік Ү.д.

Үндесім фонетика – дыбыстың, буынның және сөздің үндестік құрылымын талдайтын фонетика саласы: Үндесімнің әуез жүйесі алдымен екіге бөлінеді: езулік әуез (палатальный тембр), еріндік әуез (лабиальный тембр). Езулік-еріндік әуез жүйелері әрі қарай күрделі әуез жүйелерін құрайды: жуан әуез бен езулік әуез бірігіп жуан езулік әуез құрайды [tıs]; жіңішке әуез бен езулік әуез бірігіп жіңішке езулік әуезді құрайды [t'is']; жуан әуез бен еріндік әуез бірігіп жуан еріндік әуезді құрайды [t us]; жіңішке әуез бен еріндік әуез бірігіп жіңішке еріндік әуезді құрайды [t' üs']. Жасалым белгісі: жуан езулік әуездің жасалымы – езулік кейінді; жіңішке езулік әуездің жасалымы – езулік ілгерінді; жуан еріндік әуездің жасалымы – еріндік кейінді; жіңішке еріндік әуездің жасалымы – еріндік ілгерінді. Ү.ф. атаулары: *жасалым (артикуляциялық) – езу (негубной), еріндік (губной), ілгерінді (продвинутый), кейінді (отодвинутый); айтылым (акустикалық) – ауыз қуысты (ртовый), көмей қуысты (глоточный), тұтас қуысты (ртово-глоточный); естілім (перцепциялық) – жуан (твердый), жіңішке (мягкий), езулік (неогубленный), еріндік (огубленный).*

Үнді жазуы – Оңтүстік және Оңтүстік-Шығыс Азияда (және бұрынғы Орталық Азияда) кең таралған және брахми жазуынан шыққан буын жазуының түрі. Ү.ж.-абугидтер (консонантты-буын), яғни олардағы әрбір таңба дауыссыз және негізгі дауысты дыбысты буынды білдіреді, ал басқа дауысты дыбыстар немесе дауысты дыбыстарсыз буындар стандартты модификация негізінде немесе арнайы таңбаларды қосу арқылы қалыптасады. Б.з.д. III ғасырдан бастап Үндістанда екі жазу жүйесі қолданылды: брахми және кхароштхи. Екіншісі арамей жазуынан шыққан және Үндістанның солтүстік-батысында б.з.д. III ғасырға дейін және Орта Азияда VII ғасырға дейін қолданылған, содан кейін оны брахми жазуы ығыстырған. Кхароштхи оңнан солға жазылған. Брахмидің нақты шығу тегі белгісіз, ол кхароштхида қолданылатын консонантты-буын жүйесі негізінде жасалған деп болжанады. Барлық басқа Ү.ж. брахми жазуынан шыққан және әдетте солдан оңға қарай оқылынады.

Үні аз дыбыстар – сөзді әуезді болып, құлаққа жағымды болып шығуына нұқсан келтіретін, үні кем дыбыстар. А.Байтұрсынұлы дауысты дыбыстар көп келген сөз үнді болатынын айта келіп, алайда «ұ», «ү», «і» дыбыстарының үні аз екенін ескертеді.

Үтірлі ноқат « ; » – 1) сөйлемдердің ішкі жақындығы күшті болған жерде қойылатын; сөйлемдер арасында ондай жақындық ортақ ой айтылған немесе нәрсе тұтас суреттелген жерде келетін *(Шақшам жақсы еді, тау текенің мүйізінен істелген тақысы еді; қырық қой, төрт ай істеген кісінің ақысы еді; сексен маржан көзі бар еді, тоғыз ат болар деген істеген кісінің сөзі бар еді;),* 2) сыйысулы құрмалас сөйлемдердің баяндауыштары демеулермен құраспай, алды-алдына тұрған және де қастарында тұрлаусыз сөйлем мүшелері немесе бағыныңқы сөйлем болған орында қойылатын *(Берген ақыны азсынып, істеген кісі тау жайлаймын деп наршамды алды; ой қыстаймын деп шотымды алды; қыр қыстаймын деп балтамды алды; қалауым деп бөрте атымды алды; жау шапты деп төрт атымды алды; қайқы келген қара атымды алды; тілік құлақ сары атымды алды)* белгі, орта тыныс. Қазіргі кезде ол атаулардың орнына *нүктелі үтір* тіркесі қолданылып жүр.

Фф

Ф әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ф> фонемасы Фф әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол Ff әрпімен таңбаланған. F әрпі базалық латын әліпбиінің құрамына шамамен б.з.д. VII ғасырда енгізілген. Бұл әріп бүгінде латын әліпбиіне көшкен түркі халықтарының және еуропа тілдері әліпбилерінің барлығында дерлік кездеседі. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929 жылғы әліпбиде /ф/ әрпі мүлдем болмаған. Оның қызметін <б>, <п> дыбыстары алмастырған. 1938 жылғы латын әліпбиіне енгізілген түзетуде <ф> фонемасы латын графикасының стандартына сәйкес /F/ түрінде таңбаланған. 1940 жылдан бері ол кирил графикасындағы /Фф/ әрпіне ауыстырылды. Ф әрпі кірме сөздердің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – фы.

Ф дыбысы – тіс-ерін (ерін-ерін), жуысыңқы, тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Тіс пен еріннің (қос еріннің) бір-бірімен жуысуы арқылы жасалады. Кірме сөздерде жазылады: *фабрика, фамилия, фонетика, шкаф.*

Фазылжанова Анар Мұратқызы (1974) – филология ғылымдарының кандидаты. 2000 жылдың мамырында «Қазақ тіліндегі қосқұрамды құрмалас сөйлем интонациясы (эксперименттік-фонетикалық зерттеу)» атты тақырыпта кандидаттық диссертациясы қорғаған. Қазақ тілінің интонациясы интонологиясы, фонетикасы, фонологиясы, орфографиясы, орфоэпиясы, лексикографиясы, тарихи фонетикасы, мемлекеттік тіл және тілдік жағдаят, үштілділік, жаңа әліпбиге көшу және т.б. проблемалар бойынша ғылыми жарияланымдардың авторы. Он бес томдық «Қазақ әдеби тілінің сөздігі» (2011) мен үлкен бір томдық түсіндірме «Қазақ сөздігін» (2013) құрастырушылардың бірі. «Жаңа ұлттық әліпби негізіндегі қазақ жазуының реформасы: теориясы мен практикасы» атты ұжымдық ғылыми монографиясы авторларының бірі.

Факультатив таңбалар – көптеген әлем тілдерінің әліпби түзу тәжірибесінде кездесетін қосалқы таңбалар жиынтығы. Бұған қажеттілік әдетте екі түрлі себептен туады. Бірі себеп – тілдің төл дыбыстарын таңбалауға қатыспайтын, сол себептен

«негізгі» құрамға ене алмайтын, бірақ шетел сөздерін цитаталық принциппен жазу үшін қажет болатын таңбаларға қажеттілік. Екіншісі – біріншіге керісінше, кей тілдерде (мыс., француз, неміс, т.б. роман-герман тілдерінде)ағылшынның 26 әрпінен тұратын еуропалық әліпби стандартын қатаң түрде сақтау мақсатымен, тілдің төл дыбыстарын таңбалау үшін қосалқы графемалар «негізгі» әліпбидің соңынан тіркеледі. Сондай-ақ фин-угор тобына жататын фин тілінің әліпбиінде де шетел сөздерін жазу үшін қолданылатын *Š* («ш») и *Ž* («ж») таңбалары бар екен, оларды факультативті қолданыстағы таңбалар деп санайды, әліпбиде бұл екі таңбаны қоса санағанда 31, қоспағанда 29 әріп бар деп көрсетіледі. 2019-2020 жылдары латын графикасына негізделген қазақ әліпбиінің жобасын жетілдіру барысында Ф.т. термині қолданылды. Жетілдірілген әліпби жобасында егжей-тегжейлі талқылаулардың нәтижесінде *c, w, x* әріптері Ф.т. деген атпен шетел сөздерін, халықаралық қалыптасып кеткен лого бренд атауларын жазу үшін «негізгі» әліпби құрамына енгізілмей, оқшауланған тұрпатта көрсетілді.

Фест дискі – Крит аралындағы Фест қаласында табылған орта немесе кейінгі қола дәуіріндегі миноан мәдениеті туралы ерекше жазба ескерткіш. Оның мақсаты, сондай-ақ шыққан орны мен уақыты нақты белгісіз. Ф.д. – ескерткіш-қыш шеңберінің көмегінсіз терракотадан жасалған диск. Оның диаметрі 158-165 мм аралығында, қалыңдығы –16-21 мм. Екі жағында да ортадан бұралып, 4-5 бұрылысы бар спираль түріндегі бороздар қолданылады. Екі жағы көлденең сызықтармен топтарға бөлінген спираль жолағының ішінде орналасқан иероглифтік суреттермен жабылған. Әрбір осындай топта 2-ден 7 таңбаға дейін болады. Ф.д. зерттейтін мамандар да, әуесқойлар да оның бетіндегі жазуды шифрлау туралы бірнеше рет мәлімдеме жасады. Бірақ нәтиже болмады. Ф.д. өзі ғылымға белгілі ең көне баспа мәтіні болып табылады.

Филиппин әліпбиі – филиппин тілінің әліпбиі, ресми ұлттық тіл және Филиппиннің екі ресми тілінің бірі. Қазіргі Ф.ә. әріптен тұрады, оған негізгі латын әліпбиінің ISO-дағы барлық 26 әріптік жиынтығы, испандық Ñ және тағалдық Ng орграфы енеді. Ол Төртінші Республиканың Pilipino әліпбиін алмастырады. Бүгінгі таңда қазіргі Ф.ә. Филиппин мен чаваканоның барлық автохтонды тілдерін, испан тектес, креол тектес жазу үшін де қолдануға болады. 2013 жылы Komisyon sa Wikang Filipino «Ortograpiyang Pambansa» («ұлттық емле») шығарды, бұл – Филиппиндік тілдер мен диалектілерді жазу кезінде бұрын пайда болған фонемалық бейнелеу мәселелерін шешетін жаңа қағидаттар жиынтығы.

Фин әліпбиі – орал тілдер семьясындағы фин-угор тілдер тобына енетін фин тілінің латыннегізді әліпбиі. Š және Ž әріптерінің қосымша қолданысына байланысты, дереккөздерде әліпбидегі әріптердің жалпы саны 31 немесе 29 деп көрсетіледі. Ф.ә. әліпбиіндегі B, C, F, G, Q, W, X, Z әріптері қазіргі фин жазуында кірме сөздерде (NG диграфынан басқа) қолданылады. Å әріпі швед әліпбиінен кірген, тек швед есімдері мен атауларды жазуда қолданылады. Š («ш») и Ž («ж») гачекті әріптер шетелдік сөздерді жазуда қолданылады. Ä, Ö диакритикалық

таңбалар табылмаған жағдайда орнына A, O әріптері қолданылады (осындай жағдайларда немісше жазу әдісімен AE, OE деп жазу шатастыруға әкелетіндіктен қолданылмайды. Мыс., салыст. hän «ол» және haen «алып кетемін»).

Финикий жазуы – ханааней-аморей тобына жататын өлі семит тілдерінің бірі, квазиәліпбилік желілік консонантты жазу. Шамамен б.з.д. II ғ. Финикияда пайда болған. Ф.ж. шығу тегі жағынан иероглифтік буындық жазу болуы да мүмкін деген жорамал бар, алайда бұл жазу әлі құпия түрінде қалып отыр. Ф. ж. финикиялықтармен көршілес Сирия-Палестина аймағын мекендеген халықтар да пайдаланған; Ф.ж. арамей жүйесі арқылы араб жазуының арғы тегіне жатқызады. Ол Орталық Азия мен Үнді халықтары жазуларының шығу тегі болып саналады. Гректер финик жазуын өздерінше өзгертіп пайдаланған, одан соң римдіктер де қолданған. Ф. ж. – барлық еуропалық жазу жүйесінің (латын, грек, кирил, кельт жазулары) және қазір өлі тілдер қатарына жататын Кіші Азия әліпбилерінің арғы тегі деп есептелінеді.

Флексия – (латын. *«flexio»* – бүгілу) – бірнеше ғылым салаларында қолданылатын термин. Әсіресе, лингвистика, медицина салаларында жиі қолданылады. Ф. сөздің өзгеруін, морфемалар жиынтығын білдіретін грамматикалық категориялардың жиынтығы болып табылады. Ол септеу, жіктеу барысында немесе сөз ішіндегі дыбыстардың өзгеруі арқылы сөз формаларының түрленуі. Бұл көпмағыналы термин. Терминді алғаш рет 1808 жылы Ф. фон Шлегель ұсынған болатын. Кейін бұл термин ішкі флекция терминімен ауыстырылды. Грамматикалық мағынаның көрсеткіші ретінде флексия түбірге қарама-қарсы болып келеді. Сонымен қатар «флекция» терминінің кең мағынасы бар. «Флексия» сөзі «сөз өзгерту» терминінің синонимі ретінде қолданылады.

Флективті тілдер – дүниежүзіндегі тілдердің типол. белгілеріне қарай топтасуының бір түрі. Бұған негізінен үндіеуропа, семит-хамит тілдері жатады. Ф.т. тән белгілер: 1) сыртқы флексиямен қатар ішкі флексия немесе мағыналы дыбыс алмасу тәсілі басым болады. Мыс., орыс тілінде избегать-избежать; ломать – разламывать. 2) Бір аффикс бірнеше граммат. мағына білдіріп, әр түрлі қызмет атқарады. Мыс., орыс тіліндегі книги дегендегі и әрпі – атау септік әрі көптік көрсеткіші. 3) Белгілі бір граммат. мағына әр түрлі аффикстермен беріледі. Мыс., в руке, в степи деген екі сөздегі бір септік жалғау екі түрлі формада тұрады. 4) Аффикстер сөз түбіріне немесе негізіне сіңісуі мүмкін. Мыс., день – дня, сон – сна. 5) Аффикстер (жұрнақ, префикс, инфикс) әр түрлі орында қолданыла береді: писать, пиш-у, написать. Ф.т. синтетик. және аналит. тәсілдер де кездеседі.

Фон – сөйлеу ағынындағы тілдің дыбыстық деңгейінің бірлігі. Бұл бірлік дыбыстың фонемдік сипатына немесе фонеманың сөйлеудегі қолданылуына тікелей байланысты емес. Тілдік бірліктерге жататын фонема мен аллофондарға қарағанда Ф. тек сөйлеуге қатысты. Ф. аллофон және фонемамен байланыстырғанда, фонема «жалпы», яғни класс, ал аллофон «ерекше», яғни «подкласс» болса, онда Ф. «дара» болып табылады. Сөйлеудегі кез келген фонема өзінің аллофондарында әртүрлі

Ф. ретінде көрінеді. Фонеманың (фонның) мимикалық қолданылуы «визема» деп аталады. Виземалар ерін арқылы сөйлеуді тануда және техникада сөйлеуді компьютер арқылы тануда қолданылады.

Фонема (грек. «*phone*» – дыбыс). – тілдің маңызды бірліктерін (морфема, сөз, сөйлем) ажыратуға және құруға негіз болатын тілдің дыбыстық жүйесіндегі ең кіші бірлік. Ф. алдымен сөз дыбыстарында көрініс тауып, мағына ажыратуға дәнекер болады, сөздің тұлғасын түрлендіреді. Ауызша сөздің ең кішкене единицасы – дыбыс, жазба сөздің ең кішкене бірлігі – әріп, бір-бірімен тілдің ең кішкене бірлігі Ф. арқылы байланысып жатады. Осы байланыстар жазуда орфография арқылы реттеліп отырады.

Фонема мен әріптің арақатынасы. Егер жазу-сызуда фонема мен әріптің қатынасы I:I болып, бір әріп бір фонеманы белгілейтін болса, онда дыбысталған сөздің құрамындағы фонемалардың саны мен әріптің саны үнемі сәйкес түсіп жатар еді. Бірақ жазу тәжірибесінде фонема мен әріптің қатынасы үнемі сәйкес келе бермейді. Егер инвариант фонема мен әліпбидегі әріптің саны дәлме-дәл болса, онда жеке сөздің құрамындағы фонемалардың саны мен сол фонемаларды белгілейтін әріп саны да бірдей болып, жазу дегеніміз «фонемалық транскрипция» жүйесі болып табылады. Жазу теориясында мұндай жазу пәлендей қолайлы деп танылмайды. Сондықтан, қазіргі қазақ жазуында, басқа жазуларда да дыбысталған сөздің фонемалық құрамы мен хатқа түскен әріп құрамы сан жағынан кейде сәйкес болса, кейде сәйкес келмей жатады. Мыс., *сау* дегендегі фонема мен әріптің қатынасы 3:3, *ұл* дегендегі фонема мен әріптің қатынасы 2:2 болса, *күлүу, ұлұу* сөздеріндегі фонемалар мен сол фонемаларды білдіретін әріп саны бірдей емес, яғни бірінші сөздегі фонема мен әріптің қатынасы 5:4, ал екіншісінде 4:3. Фонема таңбаланушы да, әріп таңбалаушы. Осы екеуінің бірлігі, яғни фонема мен әріптің арасындағы күрделі қатынас жазу теориясында графема деген жаңа бір ғылыми ұғымның пайда болуына себеп болды.

Фонеманың реңктері. Фонема теориясы бойынша бір фонеманың бірнеше реңкі болады, яғни фонетикалық қоршау қанша болса, фонеманың реңкі де сонша болады. Бірақ солардың ішінде фонетикалық қоршауға неғұрлым тәуелсізі – негізгі реңк. Жазуда фонемалардың негізгі реңкі таңбаланады да, фонетикалық қоршауға тәуелді реңктері ескерілмейді. Мыс., *жұмұшұ* деп жазбай, *жұмысшы* деп жазу себебімізді осы тұрғыдан түсіндіруге болады. Ф.р. талғаусыз өзгере береді: *құсша* – [құшша], *ысшы* – [ышшы], *безсе* [бессе], *бізсіз* [біссіз]. Ал кейбір дыбыс өзгерістерінде мұндай қасиет жоқ, мыс.,*қ/ғ, к/г, п/б* белгілі бір морфемалардың аясында болады: *тұрақ – тұрағы, бұлақ – бұлағы* т.б.

Фонетика – тілдің дыбыс құрылымын зерттейтін тілтанымның бөлімі: жалпы Ф. – тілдердің жалпы дыбыс заңдылықтарын зерттейді; жалқы Ф. – жеке бір тілдің дыбыс құрылымын зерттейді; қазақ Ф. – қазақ тілінің дыбыс заңдылықтарын зерттейтін тілтаным саласы; европа-өзімшіл қазақ Ф. – қазақ тілі дыбыс заңдылықтарының үнді-европа тілдері тұрғысынан талдануы; түрікөзімшіл қазақ Ф. – қазақ тілі дыбыс заңдылықтарының төл талданымы; акустикалық (айтылым)

Ф. – дыбыстар мен сөз оралымдарының физикалық табиғатын зерттейтін тілтаным саласы; артикуляциялық (жасалым) Ф. – тіл дыбыстарын жасауға қатысатын сөйлеу мүшелерінің қатысын талдайтын Ф. саласы; перцепциялық (естілім) Ф. – тіл дыбыстарының түйсінім сипатын талдайтын фонетиканың саласы.

Фонетикалық әліпби – тілге, тілдерге немесе белгілі бір ұйымдарға арналған әліпбиді оқудың стандартталған тәсілі. Негізінен радиобайланыстарда, электронды пошталарда т.б. қолданылады. Негізгі түрлері: Халықаралық фонетикалық әліпби, авиация әліпбиі, теңіз әліпбиі т.б.

Фонетикалық дыбыстаңба, фонетикалық транскрипция (лат. *transcriptio* қайта көшіріп жазу) – ауызша айтылған сөздің дыбысталуын неғұрлым дәл беру үшін қолданылатын жазу тәсілі.

Фонетикалық жазу – графикалық таңба (графема), белгілі бір дыбысқа байланған жазу түрі. Ф.ж. түрлері: буындық (силлабикалық) – әр жазу таңбасы белгілі бір буынды білдіреді; шын мәніндегі буындық жазу – бірдей дауыссыз, бірақ әр түрлі дауысты дыбыстары бар буындар мүлдем басқа таңбалармен белгіленеді (мысалы, жапондық кана); абугида – буындар бір негізгі таңбаның модификацияланған формаларымен (мыс., эфиопиялық жазу) немесе қосымша таңбалармен (Үнді жазуы) белгіленеді; консонантты (квазиәліпби) жазуда тек дауыссыз дыбыстар таңбаланады. Олардың дамуы кезінде мұндай жазу жүйелері, әдетте, дауысты дыбыстарды диакритикалық немесе қосымша белгілердің көмегімен белгілеуге болатын жариялау арқылы байытылады. Консонантты – вокалды жазу дауысты дыбыстарды да, дауыссыз дыбыстарды да білдіреді; жазуда «бір таңбаның бір дыбысқа» сәйкестігі сақталады. Стандартты, әліпбилік таңбалар реті бар Ф.ж. әліпби деп аталады.

Фонетикалық заңдылықтар, дыбыс заңдылықтары – дыбыстардың өз қалпын сақтауы мен үздіксіз болып отыратын өзгерістерін, өзара алмасуы мен тіркестерін зерттеп отыратын дыбыстардың даму заңдылықтары. Дыбыс заңдылықтары күнделікті сөйлеу үстіндегі шынайы құбылыстардың, аллофондық түрленулердің, дыбыстың сөздегі орнына байланысты болатын өзгерістердің себепшісі болады. Аллофондық, түрленулер көрші дыбыстардың әсеріне байланысты және кез келген сөзге тән, сол тілде сөйлейтін кез келген адамның тілінде кездесе береді. Мыс., қазақ тілінде етістік сөздің соңында кездесетін – ды (-ді) өткен шақ, көрсеткіші сөйлеу үстінде – т көрсеткішімен алмаса береді: *барады – барат, келеді – келет* т. б. Екі дауыстының арасындағы қатаң дауыссыздың ұяңдануы (*жақ – жағып, оқ – оғып* т.б.), көрші дыбыстардың бір-біріне икемделуі (*басшы – башшы, көзсіз – көссіз* т. б.) белгілі бір Ф.з. әсерінен болады.

Фонетикалық интерференция – шетел тілін үйрену барысында орын алатын ана тілінің кедергісі. Ф. и. тіл үйренушінің үйреніп жатқан тіліндегі дыбыстардың орнына өз ана тіліндегі дыбыстарды айтуынан туады. Бұлай болуының себебі, артикуляторлық аппарат жат дыбыстарды айтуға бірден бейімделе қоймайды, үйреншікті жолын қолайлы көреді.

Мыс., *three, think, thin* ағылшын сөздерін айтқанда сөз басындағы [Ө] дыбысының орнына қазақ тіліндегі ұқсас <с> дыбысын айту. Тілдегі «акцент» те осыдан туады.

Фонетикалық талдау – дыбыстың жасалымы (артикуляциясы), дыбыстың жасалымына қатысты сөйлеу мүшелері мен олардың қалпын анықтайды; дыбыстың айтылымы (акустикасы), дыбыстың айтылымына қатысты ауыз қуысы мен көмей қуысының өзара жүйесін (резонаторлар немесе жаңғыртқылардың қалпын) анықтайды; дыбыстың естілімі (перцепциясы), дыбыстың естілім түйсінімін анықтайды.

Фонограмма (грек. *«phone»* – дыбыс, *«gramma»* – жазу*)* – сөздің дыбыстық құрамын ажырататын графикалық таңба. Бұл экспериментальды фонетикада қолданылады. Ф. дыбыстық жазбалар нәтижесінде алынған дыбыстық сигналдар болып табылады. Ф. сақталатын ақпараттың түрі мен сипатына және жазылу ерекшелігіне байланысты жіктеледі. Сигнал түріне сәйкес аналогтық және цифрлық болып бөлінеді. Сонымен қатар монофондық және стереофондық түрлері де ұшырасады. Монофондық түрінде жазу каналы біреу, ал стереофондық түрінде жазу каналы екеу болады. Жазбаны сақтау ерекшелігіне қарай фотографикалық (кинопленкада); магнитті (магнитті ленталарда); механикалық (грампластиналарда); оптикалық (Audio CD, SACD, DVD-Audio); цифрлық (иілгіш және қатты магниттік дискілер, кассеталар, оптикалық диск және т.б.).

Фонограф (грек. *«phone»* – дыбыс, *«grapho»* – жазамын, жазу) – дыбысты жазуға арналған ескі аспап. Ф. механикалық әдіспен дыбыс жазу мен дыбысты қайта жаңғырту аспабы. Бұл аспапты Америкада 1877 жылы Т.А.Эдисон ойлап тапқан болатын. XX ғасырдың 30 жылдарына дейін Ф. жетілдірілген түрі ретінде диктафон қолданылды. Бұл аспап халық музыкасын жазуда пайдаланылды. XX ғасырдың басында бұл аспап әдебиет пен өнердің айтулы өкілдерінің үн-даусын жазып алуға пайдаланылды. Ф. негізінде граммофон мен патефон секілді аспаптар жасалды. Ғылым мен техниканың дамуы барысында XX ғасырдың 40-50 жылдарында жаңа электромеханикалық және магниттік жазу құрылғылары пайда бола бастады.

Фонография *(*грек. *«phonos»* – дыбыс, *«grapho»* – жазу*)* – сөздің айтылуын бейнелейтін жазу түрі. Ф. – бұл тілдің лингвистикалық бірліктерінің, әдетте фонемалардың немесе аллофондардың дыбысталуын жеткізетін жазу түрі. Фонографиялық жазудың басты белгісі – фонограмма. Ал фонограмма сөздің дыбыстық құрамын ажырататын графикалық таңба болып табылады. Фонограмма – дыбыстық жазбалар нәтижесінде алынған дыбыстық сигналдар. Олар сақталатын ақпараттың түрі мен сипатына және жазылу ерекшелігіне байланысты бірнеше топқа бөлінеді.

Фонология (грек, «*phone»* – дыбыс, «*logos»* – сөз, ілім) – тілдің дыбыс құбылысы мен ондағы дыбыстардың қызметін зерттейтін тіл білімінің саласы. Ф. дыбыстардың жасалымы мен естілімін зерттейтін фонетикадан басты айырмашылығы осында. Ф. дыбыстардың бір сөздің бір сөзбен өзгешелігін қамтамасыз ету қабілетін ерекше қарастырады. Мыс., *қас – қаз* сөздерінің екі

мағынаға ие болып тұрғаны с дыбысының қатаң айтылуына, з дыбысының ұяң айтылуына, яғни қатаң-ұяң белгілерінің өзара тіресуіне байланысты болып отыр. Сондай-ақ, *қас – қақ* сөздерінің екі мағынаға ие болып тұрғаны с дыбысының тілалды, қ дыбысының тіларты болып айтылуына, яғни тілалды – тіларты белгілерінің өзара тіресуіне байланысты болып отыр. Ал *ас – ат* сөздерінің екі мағынаға ие болып тұрғаны с дыбысының жуысыңқы, т дыбысының тоғысыңқы болып айтылуына, яғни жуысыңқы-тоғысыңқы белгілерінің өзара тіркесуіне байланысты болып отыр. Қазақ тілінің дыбыс құрылысындағы осындай Ф. тіркесім (оппозициялық) белгілердің құрамы төмендегідей: жуан-жіңішке, ашық-қысаң, еріндік-езулік, қатаң-ұяң-үнді, жабысыңқы-жуысыңқы-діріл. Кей жағдайда Ф. мен фонетиканың терминдері әртүрлі болып келеді: Ф-дағы жуан-жіңішке деген терминдер фонетикада тіл арты-тіл алды болып келеді. Ф. бұдан басқа дыбыстардың сөз құрау (сөздің қазақы естілуін қамтамасыз ету) және шекара белгісі болуы (сөйлеу үстінде бір сөзбен бір сөздің жігін ажыратып отыру) қабілетін де зерттейді. Жоғарыда айтылғандардың бәрі сегментті Ф. жатады. Бұдан басқа суперсегментті Ф. бар. Қазақ тілінде (сингармонизм) үндестік заңы суперсегментті бірлік болып табылады. Сингармонизм құбылысына қатысты үрдістерді суперсегментті Ф. зерттейді.

Фонологиялық бірлік – фонологиялық бірлікке фонема жатады. Бұл фонология саласының негізгі бірлігі. Фонема – тілдегі дыбыстық қатарды құрайтын бірлік. Тіл білімінде фонема туралы ілімнің негізін салған орыс және поляк тілін зерттеуші И.Бодуэн де Куртенэ болды.

Фонологиялық (фонематикалық) транскрипция – тілдегі дыбыстарды дәл бейнелеу үшін пайдаланылатын шартты таңба. Кейбір зерттеушілер транскрипция терминінің орына «дыбыстаңба» терминінін пайдаланады. Транскрипцияның екі түрі бар: 1) фонематикалық (немесе фонологиялық) транскрипция; 2) фонетикалық транскрипция. Фонематикалық (немесе фонологиялық) транскрипцияда бір фонеманың алуан түрлі аллофондары бірақ таңбамен беріледі де, фонетикалық транскрипцияда әртүрлі аллофондар да ескеріледі. Қысқасы, мұның алғашқысы дыбысты (сол арқылы сөзді) айтылуына жуықтатуды, екіншісі дәл беруді мақсат етеді. Фонологиялық транскрипция сөйлеу барысында жүзеге асатын мағыналық мәні бар дыбыстың түрленім ерекшелігін айқындайтын таңбалар көрініс табады. Фонологиялық транскрипция – бұл тілдің фонологиялық құрылымын талдаудағы маңызды құрал.



Фоноскоп (грек. *«phone»* – дыбыс, *«skopeo»* – бақылаймын) – термині бірнеше ғылым саласында қолданылады. Тіл білімінде дыбыстардың өзгеруін, дыбысты айту барысында беттегі қимыл-қозғалысты бақылайтын аспап ретінде қарастырылса, медицина саласында жүректі және өкпені тыңдауға арналған құрал қатарына жатады.

Форманта – дыбыс тембрін құрайтын және дауыс тонының жиілілік деңгейімен байланысты сөйлеу дыбыстарының акустикалық сипатын білдіретін фоне-

тикалық термин. Бұл құралды ең алғаш 1894 жылы неміс физиологы Лудимар Герман практикаға енгізген. Формант термині белгілі бір жиілілік саласын білдіреді. Нәтижесінде резонанс салдарынан тон күшейеді. Формантты көру үшін сигналдары өңдеуге арнайы бағдарламалар арқылы алынған спектрограмалар және вейвлетограмалар пайдаланылады.

Француз жазуы – француз тілінің латын әліпбиіне негізделген жазу. Француз әліпбиінде 26 латын әріптері (бас әріптер мен кіші әріптер) және диакритикалық белгілер қолданылады. Диакритикалық әріптер (олардың көпшілігінде бас әріппен жазу нұсқасы тақырыптардан басқа жерлерде сирек кездеседі немесе мүлдем мүмкін емес) ішінде, акут, гравис, циркумфлекс, седиль, диерезис (трема) таңбалар қолданылады. Ф.ж. диакритикалы әріптердің диакритикасы жоқ әріптерге алмастыру ресми түрде орфографиялық қате болып табылады. Алайда, бас әріптердің үстіндегі диакритка техникалық себептерге байланысты практикалық қолданыста түсіп қалады. Басқы қысқартулар диакритикасыз жазылады: CEE (Communauté Économique Européenne); графикалық қысқартуларда сақталады: É.-U. *(États – Unis)*. Лигатуралар: Ææ Œœ. Көбінесе, техникалық себептерге байланысты оларды екі әріп ауыстырады: ae (емесе фонетикалық жазба é), oe. k, w әріптері және æ лигатурасы (сирек және қосымша) тек шетелдік сөздерде *(kilo – килограмм, wagon – вагон, nævus – сүйел)* және жалқы есімдерде қолданылады.Қазіргі француз әліпбиі Франция және Франкофония ұйымына енген мемлекеттердің тілдерінде қолданылады.

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh
Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp
Qq	Rr	Ss	Tt	Uu	Vv	Ww	Xx
Yy	Zz						



Фридрих Иоганнес (1893-1972) – неміс филологы, профессор. Кіші Азия және Таяу Шығыстағы көне тілдердің маманы. Лейпциг университетінде оқыған. Жазу тарихын зерттеген. Осыған байланысты «Ұмытылған жазулар мен тілдерге дешифровка жасау» зерттеуінің авторы. Аккад, хуррит, урарт, финикий тілдерін, майя тілдер семьясына жататын киче тілінің грамматикасын зерттеген. Негізгі зерттеу нысаны – хет тілі. «Хет тілінің қысқаша грамматикасы», «Хет тілінің қарапайым оқулығы» және «Қысқаша хет сөздігі» еңбектері бар.

Фрикатив дауыссыздар – дыбыстау мүшелерінің (тіл алды, тіл ұшы, тіл арты) жуысып, ауаның сүзіліп шығуынан жасалатын дауыссыз дыбыстар.

Фузиялық тілдер – фузия құбылысы кең таралған тілдер. Бұл – бірнеше грамматикалық, синтаксистік немесе семантикалық мағынаны білдіру үшін бірыңғай флективті морфеманы қолдану арқылы агглютинативті тілдерден ерекшеленетін синтетикалық немесе біріктірілген тілдер. Фузия терминін 1921 жылы қосымшалардың жалпы ережелерден өзгеше, дыбыстардың бірін-бірі алмастырып жалғану түрінің атауы ретінде Э.Сепир ұсынған. Ф.т. негізінен, үндіеуропа (санскрит, пушту, латын, итальян, француз, испан, неміс, балтық-славян т.б.) тілдері жатады. Ф.т. тағы бір үлкен тобы – семит тілдері тобы. Зерттеушілер қазіргі заманғы иврит тілі классикалық иврит тілімен салыстырғанда, синтетикалық емес, анағұрлым аналитикалық екенін көрсетеді. Араб тілінің ауызекі формалары да синтетикалық түрдегі әдеби тілге қарағанда айтарлықтай аналитикалық формада көрінеді. Фузия құбылысы венгр, эстон, фин тілдері сияқты орал тілдерінің көпшілігінде кездеседі. Ф.т. ерекшеліктерінің бірі – септік жүйесі. Зат есім, сын есімдерге септікті, санды, текті білдіретін жұрнақ қосылады. Мысал ретінде латынның «бонус» («жақсы») сөзін келтіруге болады. –us қосымшасы сөздің атау септігінде, жекеше түрде, ер тегі тұлғасында тұрғанын білдірсе, сөздің bonum болып өзгергендегі – um қосымшасы жекеше түр, табыс септігін, ер тегін көрсетеді.

Футарк – герман және скандинав руналық әліпбилерінің ортақ атауы. Ф. ұғымы үлкен руналық әліпбидің алғашқы алты таңбасынан шыққан: *f, u, þ, a, r, k.* Ф. ұғымы арқылы уақытына, халқына қарамастан кез келген руналық әліпбилерді атау қабылданған. Кейбір себептерге байланысты көне герман руналық әліпбиін «үлкен футарк», ал қалғандарын «кіші футарктар» деп атау қалыптасқан.

Хх

Х әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <х> фонемасы Хх әрпімен берілген. Базалық латын әліпбиінің құрамына бұл әріп шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Ағылшын тілінде /Х/ әрпі «икс» болып оқылады. Сондай-ақ ол рим цифрындағы 10 санына да сәйкес келеді. Латынграфикалы және кирил графикалы әліпби құрамында /Х/ әрпі болғанымен, оларда әртүрлі дыбыстық мәнге ие екенін аңғаруға болады. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929 жылғы әліпбиде /х/ әрпі мүлдем болмаған. 1938 жылғы реформада: «/Х/ әрпі кірме сөздерді түпнұсқаға сәйкес таңбалау үшін қажет» – деген Қ.Жұбановтың пікірінен соң, әліпби құрамына /х/ әрпі алынған. 1940 жылғы орыс әліпбиіне негізделген әліпби құрамында да х/ әрпі болған. Қазақ тілінің дыбыстық жүйесіне <х> фонемасы негізінен араб тілінен енген сөздер арқылы енген. Х әрпі сөз басында, ортасында және аяғында жазы-лады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – хы.

Х дыбысы – тілшік пен тіл түбінің бір-бірімен жуысуы арқылы жасалатын тілшік, жуысыңқы тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Дәл жазылуындай оқылмай, қазақтың *қ* фонемасына жуық оқылады (*хат-қат, халық-қалық*). Кірме сөздерде ғана жазылады: *Халел, Райхан, Мұхтар, Ахмет, хал, хан, ханзада, хас (тән* деген мағынада*), хош (иісті), мұхит, сахна, тарих, рухани, – хана (асхана).*

Хакас жазуы – түркі тілдерінің шығыс бұтағының хакас-алтай тобына жататын хакас тілінің жазуы. Хакас әліпбиі кирил графикасы негізінде 1924 жылы жасалған, дегенмен одан бұрынырақта әліпби жасауға әрекеттер болған, алайда ол дамытылмаған. 1929 жылы латындандыру барысында ол латын графикасына көшірілді. 1939 жылдан бастап қайтадан орыс графикасына көшірілді. 1947, 1953 және 1962 жылдары Х.ә. реформаланды. Қазіргі Х.ә. 39 әріп бар.



Халықаралық тілдер – әртүрлі мемлекеттерде тұрып жатқан халықтардың өзара қарым-қатынас құралы ретінде пайдаланатын тілдер. Пиджин, лингва франкадан (бірнеше тілдің араласып сауда жүйесіне қолданылатын гибрид тілдер, көбінесе мемлекеттер арасында шекаралық аймақтарда кездеседі) Х.т. айырмасы – бұндай тілдер этникалық (халықтық) тілдер болып саналады. Мемлекет аралық және тіларалық байланыста бұл тілдер делдалдық функциялар атқарады. Тарихи, әлеуметтік, идеологиялық жағдайларға байланысты Х.т. құрамы өзгеріп отырады. Ежелгі заманда және Орта ғасырларда Х.т. әлемдік болмай, аймақтық тілдер санатына кірді. Қиыр шығыс елдерінде Х.т. қызметін вэньянь (көне қытай тілінің жазба түрі) тілі, Месопотамия мен Ассирияда (қазіргі Ирак) – аккад тілі, араб-иудей әлемінде арамей, эллинизм дәуірінде – көне грек, Рим империясында – латын, таяу және орта шығыс елдерінде (ислам дінінің кең таралуына байланысты) араб, парсы тілдері атқарды. Бүгінгі кітап шығару, радио-теледидар хабарлары мен компьютерлік техниканың кең өріспен дамуына байланысты әртүрлі ақпараттар көбейіп кетті, сол себептен де Х.т. енді өз аймақтарынан шығып, әлемдік тілдерге айнала бастады. Бұл тілдер «әлемдік тілдер клубына» («клуб мировых языков») кіреді. Мұндай тілдер салауатты және бүкіл дүние құрметтейтін тілдер болып саналады.

Халықаралық фонетика ассоциациясы (The International Phonetic Association, қысқаша IPA). Тіл дыбыстарын зерттеушілердің халықаралық ұйымы. Штабы Лондонда орналасқан. Бірлестік мақсаты тіл дыбыстарын зерттеуді жақсы жолға қойып, ілгері дамыту. Оның жетістіктерін тіл оқыту істері мен жаңа әліптік жазу жасау және оны реформалауда пайдалану, жалпы тілдердің дыбыстарды дұрыс жазып бейнеленуіне көмек көрсету. Бірлестіктің негізі ең алғаш 1886 жылы қаланды. Осы кезден бастап «Фонетика мұғалімі» журналы қоса шықты. 1888 жылы қаңтар айында Франция, Англия, Германия, Австрия, Норвегия, Швеция, Дания,

Исландия, Бельгия, Филляндия, АҚШ, Канада елдері өкілдерінің қатысуымен бірінші кезекті халықар. алқа жиналысы ашылды. Осының нәтижесінде сол жылы тамыз айында ең алғашқы халықар. транскрипция жасалып жарияланды. Бірлестіктің ең үлкен еңбегі осы транскрипцияны әлденеше рет толықтырып, оны дүниеге жалпыластырып, осы арқылы тіл дыбыстарын, тілді зерттеуге қолайлық жасауымен ерекше танылды. Бірлестік өз журналының атын 1971 жылдан бастап «Халықаралық фонетика бірлестігінің хабарлары» деп өзгертті. 1980 жылдан бастап 4 жылда бір рет жиналыс өткізіп келеді. Бүгінде оның әлемдегі 50-ге жуық мемлекетте 800-ден астам мүшесі бар.

Халықаралық фонетикалық әліпби (ағылш. «IPA – International Phonetic Alphabet») – бұл жазу графикаларына негізделген фонетикалық белгілердің әліпбилік жүйесі. Оны Халықаралық фонетикалық қауымдастық (ХФҚ – ағылш. IPA – International Phonetic Association) XIX ғасырдың аяғында сөйлеу тілі дыбыстарының стандартталған көрінісі ретінде ойлап тапқан. ХФӘ-ны лексикографтар, шет тілі студенттері мен оқытушылары, лингвистер, дефектологтар, әншілер, актерлер, *жасанды тіл жасаушылар мен аудармашылар* қолданады. ХФҚ кейде таңба қосады, алып тастайды немесе өзгертеді. Мыс., 2005 жылғы өзгеріске сәйкес ХФӘ-да 107 әріп, 52 диакритика және төрт просодикалық белгі болды. Әр жылы жасалған өзгерістер ХФӘ (IPA) сайтында орналастырылған.

Хаммурапи кодексі – адамзат тарихындағы ең көне құқықтық жазба ескерткіш. Ескі Вавилон дәуірінде Хаммурапи патша б.з.д. 1750 жылы жасаған заңдардың жинағы. Негізгі *бөлігі аккад тілінде сына жазуы арқылы жетті. Оны 1901-1902* жылдары бұрынғы Месопотамия территориясынан француз археологиялық экспедициясы тапқан. Қазіргі зерттеушілердің жіктеуі бойынша 282 параграфтан тұратын Х.к. сот жүргізу, жекеменшікті қорғау және неке қатынастары т.б. мәселелер қамтылған.

Хангы́ль жазу жүйесі – корей тілінің фонематикалық жазуы. 1446 жылы ван Сечжон *Хунмин чоным* (훈민정음) деп аталатын жаңа жазу туралы жарлық шығарды. Х.ж. ерекшелігі – әріптердің буындарға сәйкес келетін топтарға біріктірілуі. Жазудың бұл түрі XV ғасырдың ортасында қалыптастырылды және Оңтүстік Кореядағы негізгі және КХДР-дағы жалғыз жазу болып саналады. 1912 жылы жазудың қазіргі заманғы Хангыль атауын Чу Сигён енгізді. Бұл бір мезгілде ежелгі корей тілінде «ұлы жазу» және қазіргі корей тілінде «корей жазуы» деген мағынаны білдіреді. Х.ж. үнділік жазу түрлері сияқты, фонетикалық (әр дыбыстың өзіндік таңбасы бар) жазу болып табылады. Кейбір хангыль таңбалары Деванагари белгілеріне ұқсас. Лингвист Гари Ледяардтың айтуынша, хангыльдың қайнар көздерінің бірі Пагба Лама жасаған моңғол квадрат жазуы болды. Қазіргі кезде стандарт жазуға айналған Х.ж. көлденең жазылуын Чу Сигён ұсынды. 1950 жылдардың ортасында профессор А.Холодович кирил әліпбиін пайдаланып хангул транскрипциясы жүйесін жасады. Көп ұзамай бұл жүйені кеңестік корейшіл Л.Концевич жетілдірді. Қазіргі таңда Л.Концевич жүйесі корей тілі үшін транскрипциялау стандартына айналды.



Хани жазуы – Қытай Халық Республикасында дәстүрлі хани диалектілері болып саналатын бірнеше туыстас тілдерді жазу үшін қолданылады. Қытайда негізгі 3 хани диалектісі бар – хая, бика и хаобай. Алайда, қазіргі тілдердің жіктелуіне сәйкес, бірыңғай хани тілі жоқ деп есептеледі, ал Қытайда дәстүрлі түрде хани деп есептелетін тіл, іс жүзінде 10-ға жуық жақын туыстық тілдер болып табылады. Хани тілдері Қытай, Мьянма, Таиланд, Лаос және Вьетнам мемлекеттерінде таралған. Хани тілдерінің осындай кең ауқымды географияда таралуы хани тілдерінің әр түрлі уақытта әр түрлі жазу жүйелерінің қалыптасуына себеп болды. Қазіргі таңда хани тілінің (ҚХР-да ол хайа диалектісі болып саналады) және акха тілінің (ҚХР-да ол яни диалектісі болып саналады) жазуы бар. Бұрын бика тілдері үшін жазу жүйесін құруға талпыныстар болған (ҚХР-да ол бика диалектісі болып саналады). Хани тілдері өз даму тарихында келесі жазу жүйелерін қолданған. Әр түрлі вариациядағы латын әліпбиі – 1927 жылдан бастап осы уақытқа дейін Қытайда, Мьянмада және Таиландта қолданылады. Хани тілдері үшін негіз болып табылады. Бирман жазуы 1963 жылдан бастап Мьянмада қолданылған. Тай жазуы 1968 жылдан бастап Таиландта қолданылған.

Ханифи жазуы – үндіарий тармағының бенгал-ассам тобына жататын рохинджа тілінің реттелген жазуы. Алғаш рет рохинджа тілі үшін XIX ғасырда араб жазуы қолданылса, 1975 жылы урду әліпбиіне негізделген араб жазуы жасалды. 1980 жылы Мұхаммед Ханиф және оның серіктері араб жазуына негізделген фонетикалық жазуды дайындады. Бұл жазу жасаушының есімімен «Ханифи» деп аталды. Жазу оңнан солға қарай, 28 араб таңбаларынан тұрды.

Хауса әліпбиі – бұл Сахараның шығысындағы Африкадағы ең үлкен этникалық топтың әліпбиі. Негізінен Нигер мен Нигерияның солтүстігінде қолданылады. Хаусаның қазіргі ресми емлесі 1930 жылдары британдық отаршылдық әкімшілік енгізген боко деп аталатын латын әліпбиі. Х.ә. XVII ғасырдың басынан бастап араб әліпбиімен Аджомда да жазылған. Х.ә. жазылған алғашқы әйгілі шығарма XVII ғасырда Абдуллаха Суканың «Риваяр Наби Мұса». Аджаларды қолданудың стандартты жүйесі жоқ және әр түрлі авторлар әр түрлі мағынадағы әріптерді қолдана алады.

Aa	Bb	Ɓb	Cc	Dd	Ɗd	Ee	Ff
Gg	Hh	Ii	Jj	Kk	Ƙk	Ll	Mm
Nn	Oo	Rr	Ss	Shsh	Tt	Tsts	Uu
Ww	Yy	Ƴƴ ('Y 'y)	Zz	'			

Хетт тілі – үнді-еуропалық отбасының анатолы тобына жататын хеттердің тілі. Көне үнді-еуропа тілдерінің қатарына жатады. Кіші Азияда таралған. Хетт патшалығының негізгі тілі. Х.т. көптеген архаикалық ерекшеліктермен де, бірқатар инновациялармен де сипатталады. Фонетика саласында ларингальды дауыссыз дыбыстардың сақталуы байқалады; Х.т. тарихы үш кезеңге бөлінеді: ежелгі (б.з.д. 1650-1450 ж.), орта (б.з.д. 1450-1380 ж.) және жаңа (б.з.д. 1380-1175 ж.). Хетт ескерткіштері б.з.д. 1180 жылы жойылып кетті, бұл Хетт мемлекетінің теңіз халықтарының шабуылына ұшырауымен байланысты. Хетт мәтіндерін жазуға сыналар қолданылған.

Хорасан әліпбиі – түркі тілдерінің оңтүстік-батыс тобының оғыз тобы, оның ішінде шығыс оғыз топшасына енетін тілдерге жататын хорасан тілінің әліпбиі. Хорасан түріктерінің тілі (кейде иран түріктері) түрікмен тілі мен әзербайжан тілінің аралығындағы диалект. Әліпбиі араб-парсы жазуына негізделген.

Хуррит сына жазуы – мәтіндерді хуррит тілінде жазу үшін сына жазуы б.з.д. III және II мыңжылдықтардың басында қолданыла бастады. Соңғы белгілі мәтіндер II мыңжылдықтың соңғы ғасырларына жатады. Әртүрлі уақытта және әртүрлі жерлерде аумақтық шашыраудың ауқымды болуына байланысты (Хетт астанасынан Хаттусаға дейін) хуррит мәтіндері әртүрлі орфографиялық жүйелерде жазылды: староаккад, Вавилон, хуррито-Хетт, Митанни.

Хұсайынов Көбей Шахметұлы (1945-2018) – тілтанушы ғалым, филол. ғыл. док. Қазақ мемлекеттік университетінің роман-герман бөлімін бітірген. Тіл білімі институтының аспирантурасында оқыған. 1971 жылдан бастап осы институтта кіші, аға, ғылыми қызметкер, ғалым хатшы, директордың орынбасары, директор болып қызмет атқарған. 1971 жылы «Исследование фонетики и лексики казахского языка в трудах В.Радлова» тақырыбында кандидаттық, 1988 жылы «Звукообразительсность номинации в казахском языке» тақырыбында докторлық

диссертация қорғаған. «Звукоизобразительность в казахском языке», «В.Радлов и казахский язык» еңбектерінің авторы.

X-SAMPA (ағылш. *Extended Speech Assessment Methods Phonetic Alphabet*) – аудармасы «сөйлеуді бағалаудың кеңейтілген фонетикалық әліпбилік тәсілі» дегенді білдіреді. ASCII символдары арқылы (7-биттық компьютерлік кодтау) Халықаралық фонетикалық әліпбидің таңбаларын жазу жүйесі. Х. 1995 жылы осының алдындағы әрбір тілге арналған SAMPA жүйесінің негізінде жасалған. Оған қарағанда Х. сипаттау тіліне қарамастан мейлінше әмбебап жүйе болып саналады. Оны жасаған Лондон университетінің профессоры, фонетист Дж.Уэлс.

Һһ

Һ әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <h> фонемасы Һ әрпімен берілген. Базалық латын әліпбиінің құрамына бұл әріп шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Ағылшын тілінде /h/ әрпі «эйч» болып оқылады. Латынграфикалы және кирил графикалы әліпби құрамында /h/ әрпі болғанымен, оларда әртүрлі дыбыстық мәнге ие екенін аңғаруға болады. /h/ әрпін қазақ әліпбиінің құрамына ең алғаш енгізген ғалым А.Байтұрсынұлы. Ғалым /h/ әрпінің дыбысы қазақ тілінде бар. Бұл әріптен келетін сөздер аз болып көрінгенімен, тілде бар дыбыс болған соң, оны шығарудың керегі жоқ деп оны әліпбидің құрамына енгізген. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде <h> фонемасы /h/ әрпімен таңбаланған. Орыс әліпбиіне негізделген әліпбиге /h/ әрпі 1940 жылы 30 тамызда қабылданған. Һ әрпі одағай сөздердің басында, ортасында және аяғында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – һа.

Һ дыбысы – көмей арқылы жасалатын дауыссыз дыбыс. Дауыс желбезегі бейтарап қалады (тербелмейді), дауыс желбезегінің (дауыс) қатысына қарай тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Одағайларда және кірме сөздерде жазылады: *аһ, уһ, ehe, аһа, қаһарман, қаһар, гауһар,жиһан.*

Һалаж әліпбиі – түркі тілдерінің оңтүстік-батыс тобының оғыз тобы, оның ішінде шығыс оғыз топшасына (бір деректерде алтай тілдері тобы қарлұқ тобының қарлұқ-ұйғыр топшасына) енетін тілдерге жататын Һалаж тілінің әліпбиі. 42 мың халқы бар бұл тілдің өз жазуы жоқ.

Цц

Ц әрпі – кирил әліпбиінің әрпі. Бұл әріп т+с деген екі дыбыстың қосындысынан тұрады. Кирил графикалы әліпбилерде <ц> фонемасы /Ц/ әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде ол /С/ әрпімен таңбаланған. Базалық латын әліпбиінің құрамында /с/ әрпі шамамен б.з.д. VII ғасырда пайда болған. Латын әліпбиіне көшкен әлем тілдері әліпбилерінде бұл әріп кірме сөздерді таңбалауда жиі қолданылады. А.Байтұрсынұлының төте жазуына /ц/ әрпі енгізілмеген. Алайда 1929 жылғы латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында /ц/ әрпі емле ережелер арқылы берілген: /ц/ әрпі сөз басында келсе, ол /s/ әрпімен жазылады – центр (sentir), сөз аяғында келсе тс болып жазылады. 1938 жылғы әліпбиде де /ц/ әрпінің арнайы таңбасы болмады, бірақ ол 1929 жылғы ережеге сәйкес таңбаланып жүрген. 1940 жылы орыс әліпбиіне негізделген әліпбиде <ц> фонемасы кирил графикасының стандартына сәйкес /Ц/ әрпімен таңбаланған. Ц әрпі тек кірме сөздердің құрамында барлық позицияда жазылады.

Ц дыбысы – тіл ұшы, африкат (жабысыңқы), дауыс желбезегінің (дауыс) қатысына қарай тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Тіл ұшы үстіңгі күрек тіске нық тиіп, шапшаң айтылады (екі мүше бұл фонеманы айтқанда бірден кілт ажырап кетуі арқылы жасалады). Ц фонемасында *т, с* элементтері бар, сондықтан ц – әрі қосынды (африкат), әрі шұғыл фонема. Кірме сөздерде ғана жазылады: *цирк, циркуль, медицина, цемент, цилиндр.*

Цахур жазуы – нах-дағыстан тілдік семьясының лезгин тобына жататын цахур тілінің жазуы. Орта ғасырларда Ц.ж. араб аджам-әліпбиіне негізделген. 1934-38 жылдары латын графикасында болды. Одан кейін 1990 жылдан бастап әзербайжандағы цахурлар латын әліпбиін қолданады.

Циркумфлекс (ˆ) (латын. «*circumflexus*» – иілген) – диакритикалық белгі және компьютерлік таңба. Көптеген тілдерде дауыстылардың үстінен қойылып, дыбыстың ұзақтығын білдіреді. Түрік тілінде дауыстылардың үстінен қосымша белгі ретінде қойылады. Араб және парсы тілдерінде дауыстының ұзақтығын білдіру мақсатында қойылады. Француз тілінде дауысты дыбыстың үстіне қойылып, бұрын айтылған, бірақ кейінірек түсіп қалған (әдетте «s») дауыссыз дыбысты білдіреді,

оны ұзақ уақыт бойы«мылқау» әріп деп белгілеген. Португал тілінде ол â, ê, ô дауыстыларының үстіне қойылып, олардың тұйық айтылатынын білдіреді. Түрік тілінде қосымша таңба ретінде â, î, û дауыстыларының үстіне қойылады. Мұндай белгісі бар әріптер (â, î, û) әліпбиде тәуелсіз әріптері болып саналмайды. Словак тілінде o (ô) дауыстының үстінен қойылады.

Цифр (араб. رقص) – сандардың нақты мағынасын беру үшін қолданылатын таңбалар жүйесі. Бастапқыда Грекияда атикалық нөмірлеу болды, яғни 1, 2, 3, 4 сандары таяқшалармен белгіленді. Б.з.д. III ғасырда атикалық нөмірлеуді иондық атикалық нөмірлеу алмастырды. Бұнда 1-ден 10-ға дейінгі сандар әліпбидің алғашқы таңбаларымен, 10-нан 90-ға дейін келесі таңбалармен берілген. Көп Ц. таяқшамен беру ыңғайсыздық тудырғаннан кейін көптікті білдіретін Ц. ойлап тапқан. Ол жүйе рим Ц. әлі де сақталған. Бүгінде араб және рим Ц. қолданылады. Араб Ц. V ғасырда Үндістанда пайда болған. X-XIII ғасырда Мұхаммед әл-Хорезмидің, басқа да араб математиктерінің еңбектері арқылы Еуропаға тараған. Ал рим Ц. б.з.б. 500-жылдар шамасында этрускілерде пайда болып, ежелгі Римде қолданылған.

Чч

Ч әрпі – кирил әліпбиінің әрпі. <Ч> фонемасы [т] және [ш] дыбыстарынан тұратын аффрикат дауыссыз дыбыс. Кирил графикалы әліпбилерде <ч> фонемасы /Ч/ әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде сол тілдердің ерекшелігіне қарай түрліше таңбаланған: /Ch/, /Ç/. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде <ч> фонемасы /мүлдем болмаған. 1940 жылы орыс әліпбиіне негізделген әліпбиде <ч> фонемасы кирил графикасының стандартына сәйкес /Ч/ әрпімен таңбаланған. /Ч/ әрпі тек кірме сөздерді таңбалауда жазылады.

Ч дыбысы – тіл үсті, африкат (жабысыңқы), тербеліссіз (қатаң) дауыссыз дыбыс. Қатаң фонемалар тобына жатады, тіл ұшы альвеольға (үстіңгі қызыл иекке) тиюі арқылы айтылады. Ч фонемасында *т, шь* элементтері бар, сондықтан *ч* – әрі қосынды (африкат), әрі шұғыл фонема. Кірме сөздерде ғана жазылады: *чат, чемпион, чек, очерк, диспетчер.*

Чжуан жазуы – қытай тілінің көне жазуларының бірі. Біздің дәуірімізге дейінгі III ғасырда Қытай Цин Ши-хуан бастаған біртұтас Цин империясына біріктірілгеннен кейін, қытай жазуында тағы бір маңызды өзгеріс болады – иероглифтер біріктіріледі. Біріктіру нәтижесінде «Кіші Чжуан» немесе жай ғана «Чжуан» деп аталатын жаңа жазу стилі пайда болады. Ч. стиліндегі жазулар бізге әртүрлі формада келіп жеткен: қола және керамикалық ыдыстар, монеталар мен ежелгі кітаптардың рөлін ойнаған иероглифтері бар бамбук тақталары сақталған. Бұл стиль мөрлерді гравюралауға арналған негізгі каллиграфиялық қолжазба ретінде әлі күнге дейін сақталған. Ол қайырымдылық жазбаларында, декоративті паннода, жұптасқан шиыршықтарда кеңінен пайдаланылады.

Черногор әліпбиі – серб-хорват тілдік жүйесінің иекава-штокава диалектісі негізінде құрылған Черногорияда қолданылатын оңтүстік славян тілінің әліпбиі. Абецеда (Abeceda) немесе Азбука (Азбука) ретінде танылған бұл әліпби черногор тілінің әліпбиі болып табылады. 2009 жылы 9 маусымда Черногорияның Білім министрі Сретен Шкулетичтің бұйрығымен

қабылданды. Ресми түрде ол дәстүрлі сербиялық кирил әліпбиін және гайевицаны ауыстырды. Черногория Конституциясында кирил мен латынның тең қолданылуы жазылғанымен, черногория тілін қолданушылар (үкіметті қоса алғанда) тек латын графикасын қолдануды насихаттайды. Черногориялық латын (crnogorska latinica / crnogorska latinica), сонымен қатар черногор әліпбиі (crnogorska abeceda / crnogorska Abeceda) немесе черногория әліпбиі (crnogorski alfabet / Crnogorski alfabet) 32 латын әріптерінен тұрады. Q, W, X және Y әріптері тек шет тілдерінен тікелей енген кірме сөздерді немесе жалқы есімдерді жазу үшін қолданылады. Әліпбиі келесі әріптерден құралады: A, B, C, Č, Ć, D, Dž, Đ, E, F, G, H, I, J, K, L, Lj, M, N, Nj, O, P, R, S, Š, Ś, T, U, V, Z, Ž, Ź. Черногориялық латын әліпбиі гаевицаға негізделген. SJ және ZJ диграфтарының орнына Ś және Ź әріптерін қоюымен ерекшеленеді. Бұл әліпбиде дәстүрлі C, S және Z негізінде жасалған гачек пен акутпен кеңейтілген латын әріптері және серб-хорват тіліне тән әр түрлі дауыссыз дыбыстарды білдіретін Đ әрпі, сондай-ақ бұрыннан бар әріптердің үш диграфы бар: Dž, Nj және Lj. Қосымша әріптер 2009 жылдан бері қолданылып келеді, бірақ 2017 жылдың ақпан айында бұл әріптерді мемлекеттік құжаттардан алып тастау туралы шешім қабылданды.

Чероки жазуы – 1819 жылы чероки жазуы үшін үндіс Джордж Гесс ойлап тапқан силлабикалық (Джордж Гист немесе Секвойяның көсемі деп те танылған) жазу болып табылады. Ағылшын тілін білмейтін, бірақ американдықтардың жазуды қалай қолданатынын көру мүмкіндігі болған Секвойя 1810 жылдан кейін чероки тіліне арналған жазу жүйесін дамыта бастады. Ол 1821 жылға қарай жасаған әліпбиде латыннан және кирил әліпбиінен ішінара алынған 86 таңба болды. 1823 жылға қарай Ч.ж. кең тарала бастады. 1825 жылы чероки халқы бұл жазуға ресми мәртебе берді. Кітаптар, діни мәтіндер, альманахтар және газеттер бұл жазу негізінде шығарылды (атап айтқанда, Чероки Феникс газеті (Cherokee Phoenix). Ч.ж. жүз жылдан астам уақыт бойы, қазіргі таңға дейін кеңінен қолданылып келеді. Жазу жүйесі 85 буынды таңбадан тұрады. Олардың кейбіреулері латын әріптеріне ұқсайды, бірақ мүлдем басқа мағынаға ие.

Чех жазуы – батыс славян тобына жататын чех тілінің жазуы. Чех әліпбиі – латын әліпбиінің чех тілінде жазу кезінде қолданылатын нұсқасы. Бұл әліпбидің негізгі қағидалары: «бір дыбыс – бір әріп» және латыннан алыс дыбыстарды белгілеу үшін әріптердің үстіне диакритикалық белгілерді қосу. Қазіргі чех әліпбиі 42 әріптен тұрады. Кейбір басқа шығыс еуропалық тілдердің (славян, балтық, эстон) әліпбилері чех әліпбиіне негізделген, олардағы таңбалар тілдегі қажеттілікке сәйкес қосылады немесе алынып тасталады. Чех әліпбиіндегі созылмалы дауысты дыбыстарды белгілеу үшін *акут (Á, É, Í, Ó, Ú, Ý әріптері) және Ů әрпі қолданылады.*

A Á B C Č D Ď E

É Ě F G H Ch I Í

J K L M N Ň O Ó

P Q R Ř S Š T Ť

U Ú Ů V W X Y Ý

Z Ž

Чуваш жазуы. Чуваш жазуы ежелгі чуваш жазуы (XVI ғасырға дейін), ескі чуваш жазуы (XVIII ғасыр-1871 жыл), жаңа чуваш жазуы (1871 жылдан бастап) деген үш кезеңнен тұрады. Ежелгі жазу кезеңі ежелгі түркі мен болгар руна әліпбиімен байланысты руна әліпбиімен және араб жазуына негізделген әліпбимен берілген. Ескі Ч.ж. кезінде орыс әліпбиі қолданылса, жаңа чуваш жазу кезеңінде кирил және латынға негізделген екі түрлі әліпби қолданыста болған.

А а Ӑ ӑ Б б В в Г г Д д Е е Ё ё

Ӗ ӗ Ж ж З з И и Й й К к Л л М м

Н н О о П п Р р С с Ҫ ҫ Т т У у

Ӳ ӳ Ф ф Х х Ц ц Ч ч Ш ш Щ щ Ъ ъ

Ы ы Ь ь Э э Ю ю Я я

Чуко́т жазуы – палеоазиат тілдерінің чукот-коряк тобына жататын чукот тілінің жазуы. Ч.ж. жасауға талпыныс XIX ғасырдың 1823 жылдарына тиесілі. Латыннегізді ч.ж. 1931 ж. жасалған. 1936 жылы латын әліпбиінен кирил графикасына ауыстырылған. 1950 жылдары чукот әліпбиі жетілдірілді, әліпби құрамына чукот тіліне тән дыбыстарды таңбалайтын әріптер енгізілген. 1960 жылы бұл әріптер ауыстырылған.

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё	Ж ж
З з	И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	Ӆ ӆ	М м
Н н	Ӈ ӈ	О о	П п	Р р	С с	Т т	У у
Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы
Ь ь	Э э	Ю ю	Я я	’			

Шш

Ш әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ш> фонемасы /Ш/ әрпімен берілсе, латын графикасына негізделген әліпбилерде сол тілдердің ерекшелігіне қарай түрліше таңбаланған: /Sh/, /Ş/. Латын графикасына негізделген қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылғы әліпбилерде <ш> фонемасы /С/ әрпімен берілген. 1940 жылы орыс әліпбиіне негізделген әліпбиде <ш> фонемасы кирил графикасының стандартына сәйкес /Ш/ әрпімен таңбаланған. Ш әрпі сөздің барлық позициясында жазылады. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауыссыз дыбыс. Әріптің атауы – шы.

Ш дыбысы – тіл ұшы мен күрек тіс-қызыл иектің шегарасы арқылы жасалады, жасалу орнына қарай тіл ұшы дауыссыз дыбыс; тіл ұшының күрек тіс-қызыл иек шегарасымен жайылыңқы жуысуы арқылы жасалады; жасалу тәсіліне қарай жайылыңқы жуысыңқы дауыссыз дыбыс; дауыс желбезегі тербелмейді, яғни қатыспайды. Дауыс қатысына қарай қатаң (тербеліссіз) дауыссыз дыбыс. Жасалым белгілері: тіл ұшы, жайылыңқы жуысыңқы, қатаң дауыссыз дыбыс. «Жайлыңқы» белгісі бойынша «жинақы» «с» дауыссызынан айырым күйге түседі.

Шадда (ˊ)– араб жазуындағы ауызекі тілдегі дыбыстардың мәнін білдіретін белгі. Ол дауыссыз дыбыстардың қосарланып оқылуын білдіреді. Ш. белгісі екі жағдайда қойылады: біріншісі – қосарланған дауыссыз дыбысты таңбалау үшін, екіншісі – созылыңқы дауысты және дауыссыз дыбыстардың тіркесімділігін білдіру үшін қойылады *(*мыс., *ий* немесе *ӯв)*. Шадда белгісі VIII ғасырда аль-Халил аль-Фарахиди поэзиясындағы нүктенің орнына жұмсалған.

«Шала дауысты» – фонетикалық зерттеулерде И[y] және У[w] дауыссыз дыбыстарын «шала дауысты» деп атап келеді. Оның себебі мынада: бірінші, осы екі дауыссыздың жасалымы (артикуляциясы) дауыстыға ұқсайды, өйткені өкпеден шыққан ауа ауыз қуысында ақиқат кедергіге ұшырамай шығады, бұл жағынан олар дауыстыға ұқсайды, («шала дауысты» аталып келгені сондықтан); екінші, бұл екі дыбыс өзге дауыссыздар тәрізді буын құрай алмайды, сондықтан олар дауыссыз болып табылады. Сонымен жасалымы жағынан дауыстыға ұқсағанымен,

буынқұрауыш қызыметі жағынан дауыссыз дыбыс болып саналады. Теориялық фонетикада екінші буын құрай алмайтын белгісі басым болып саналады. Фонетикалық жіктелім бойынша олар толық дауыссыз дыбыс болып табылады. Фонетика ғылыми аппаратынан Ш.д. атауын алып тастау керек болады. Өйткені бұл – ертеректе, XIX ғ. орыс зерттеушілерінен қалған жаңсақ мұра.

«Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» – Т.Шонанұлының XX ғасыр басындағы білім беру жүйесіне негізілген өзгерістерге сәйкес сауатсыздықты жоятын алты айлық мектепті бітірген, шала сауаттылар мектебінде оқитын ересектерге арнап жазылған еңбек. Алғы сөзінде автор кітаптың комплекс жолымен жазылғанын ескерте келіп, онда жеті ірі тақырып қамтылғанын (мал бағу, егіншілік, кооперация, саяси сауат, Ленин өмірі мен ісі, төңкеріс мейрамдары, есеп білдіргіш), кітап көлемінің шектеулі болуына байланысты тағы 1-2 тақырыпты кіргізе алмағанын айтады. Т.Шонанұлы 203 беттен тұратын кітабын баспаға 1925 жылдың тамыз айында өткізеді де ол 1926 жылы Қызылорда қаласындағы Қазақ Мемлекеттік баспаханасынан шығады.

Шарада – үндіеуропа тілдік семьясының дард тобына жататын кашмири тілінің жазуы. Брахми жазуынан шыққан. Жазудың түрі – абугида. Гурмукхи жазуы осы Ш. шыққан. Қазір діни мазмұндағы әдебиеттерде қолданылады. Оны араб жазуы ығыстырған.

Швед жазуы – скандинавия тілдер тобының шығыс топшасына енетін швед тілінің латын графикасына негізделген жазу жүйесі. Скандинавия тілдерінің ежелгі жазба ескерткіштері – тастардағы, ағаштағы, мүйіздегі, металдағы жазулар. Олар арнайы сына әліпбиімен жазылған. Ежелгі исланд тілінде «run» сөзі «құпия» дегенді білдіреді. Сына жазулар бастапқыда сиқырлау мақсаттарында қолданылған. Сына жазуының Үлкен сына жазуы 24 әріптен тұрды. VIII ғасырдың аяғында және IX ғасырдың бірінші жартысында ол біртіндеп кіші сына жазуы деп аталатын 16 сына таңбадан тұратын жеңілдетілген әліпбимен ығыстырылған. Кейіннен Ш.ж. латын және төменгі неміс жазуларының әсерінен, ал орта ғасырдың соңында даниялық жазу әсерінен дамыды. Қазіргі швед әліпбиі латынға негізделген және 29 әріптен, қосалқы Å, Ä, Ö әріптерден тұрады.

Шекті жазуы. Шекті атауы Орхон-Енисей бойындағы көне түрік руна жазба бітіктас (ескерткіш) жазуларында кездеседі. Ғалымдардың пікірінше шекті тайпалары Енисей бойындағы көне түркі руна жазба тастарын жазып, орнатуға қатысқан. Көне түркі руна әліпбиі құрамында 35 әріп бар. Шектінің қазіргі табылған 12 таңбасы руна таңбаларына сәйкес келеді.

«Шет сөздердің імләсі жайында» – Т.Шонанұлының «Еңбекші қазақ» газетінің 1929 жылдың 25-26 наурызындағы сандарында жарияланған мақаласы. Мақала «I. Імлә негізі»; «II. Шет сөздер дыбысын қалай өзгертіп жазу керек?»; «III. Ауропа сөзінің аяғын қалай өзгертіп жазу керек?» сияқты бөліктерге жіктелген. Автор сол кезде жат сөздер әртүрлі құбылып (*камисериет, камисерет, камөнес*) жазылып жүргенін айта келіп, олай жазудың қалың бұқараның хат тануына, шет сөздерді түсінуіне зиян көп екенін, тіліміз заңына келмеген соң халық тілі күрмеліп айта

алмайтынын, сондықтан шет сөздер белгілі ережемен жазылуы керектігін айта келіп, өзінің ұсыныстарын көрсеткен.

Шеттілдік сөздер – жазба тұрпаты түпнұсқасынан үлкен айырмасы болмайтын өзге тілден енген сөз. Ш.с. қазақ тілінің сөздік құрамына енуі түрлі саяси, экономикалық, әлеуметтік жағдайларға байланысты болды. Ш.с. игеру барысында, ең алдымен, оларды тілімізге жақындатып орфограммалау мәселелері қарастырылады. Қазіргі таңда Ш.с. лексикалық қорға енуі, икемдеуі әртүрлі болып келеді. Дегенмен, біраз Ш.с. де фонетикалық, грамматикалық өзгерістерге ұшырады.

Шешен жазуы – нах-дағыстан тілдері бұтағының нах тілдері бұтақшасына кіретін шешен тілін жазу үшін қолданылатын жазу. 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін алдымен араб, кейін латын, ал 1938 жылдан бастап орыс графикасы негізінде құрылды. Өзінің өмір сүру кезеңінде ол әртүрлі графикалық негізде жасалды және бірнеше рет реформаланды. Қазіргі уақытта Ш.ж. кирил графикасында. 1990 жылдары латын негізіндегі жазуды жасауға тырысқан. Ш.ж. тарихында келесі кезеңдер ерекшеленеді: XIX ғасырдан бастап 1925 жылға дейін – жазуы араб әліпбиі негізінде; 1862-1910 жж. – араб жазуымен қатар кирилге негізделген жазу; 1925-1938 жж. – латын негізіндегі жазу; 1938 жылдан – қазіргі жазуы кирилге негізделген 49 әріптен тұратын әліпби.

Ширақ дауыссыз – дыбыс кедергілерін жасайтын бұлшық еттердің неғұрлым ширығып қимылдауы арқылы жасалалатын дауыссыздар.

Ширақ дауысты – ауыз қуысы мен көмейдегі сөйлеу мүшелерінің ширығып қимылдауы арқылы ашық, нақты айтылатын дауысты дыбыстар. Сөйлеу мүшелерінің қатысы солғындаған жағдайда дыбыс көмескіленіп естіледі. Мыс., *балалар* дегенде екінші буындағы *а* көмескіленіп тұр.

Шолақ «у», шолақ «й» – жарты дауысты харіфтер, дауысты дыбыстарға да жарты дауысты дыбыстарға да ортақ, тел харіфтер. Шолақ (у) дауысты дыбыстардан соң ғана естіледі; сондықтан дауысты харіфтерден соң жазылған «у» шолақ «у» болады. Бүтін «у» еш орында дауысты харіфтен соң жазылмайды. Мәселен, *тау, тұу, кеуде деген* сөздерде жазылған харіфтер – шолақ «у». Шолақ «й» дауысты дыбыстардың ғана соңында я алдында естіледі. Сондықтан дауысты дыбыстардан соң жазылған «й» бүтін «и» емес, шолақ «й» болады. Мәселен, *тай, қойлар, құймақ, кій* деген сөздердегі «й»-лар.

Шонанұлы Телжан (1894-1938) – ғалым-педагог, аудармашы, қоғам қайраткері, қазақ бастауыш мектебінің теориялық және практикалық негізін қалаушылардың бірі. Емле, сауат ашу, тіл дамыту, қазақ тілін оқыту әдістемесі, салыстырмалы тіл білімі бағыттарында жарияланған көптеген еңбектің авторы: сауат ашуға байланысты «Оқу құралы» (А.Байтұрсыновпен бірге, 1926), «Жаңалық» (1928), «Сауаттан» (1929), «Колхоз ауылы» (1930); бастауыш кластарда тіл дамытуға арналған «Жаңа арна» (М.Жолдыбаевпен бірге, 1927), «Тіл дамыту» (1930), «Қазақ тілі»



(1934), «Бастауыш мектептердегі қазақ тілінің әдісі» (С.Жиенбаев, Ғ.Бегалиевпен бірге, 1935); ересектерге арналған «Шала сауатты ересектер үшін оқу құралы» (1926); өзге ұлт өкілдеріне қазақ тілін оқытуға арналған «Орыстар үшін қазақша әліппе» (1931), «Қазақ тілінің оқу құралы» (1933), «Учебник казахского языка для взрослых» (1935). Ғалым туыстас түркі халықтарының жазу емлесінде болып жатқан өзгерістер жайлы халықты құлағдар етіп отырған («Татар жаңа емлесі», «Ұйғыр емле конференциясының қорытындысы», «Орта Азияда латын әліппесі», «Түрікте жаңа әліппе» т.б.).

Шор жазуы – түркі тілдерінің алтай тобына жататын шор тілінің жазуы. Шор тілі – кенже жазулы тіл. 1927 жылдан орыс, 1930 жылдан латын графикасы, 1938 жылдан бастап орыс графикасы негізіндегі жазу болып табылады. 1938 жылы шор әліпбиі КСРО-ның көптеген басқа халықтарының әліпбилері сияқты кирилге көшірілді. Бұл әліпбиде Ё ё-дан басқа барлық орыс әріптері, сондай-ақ Ө ө, Ӱ ӱ және Нъ нъ қосымша әріптері болған. Бұл әліпби мектептерде оқытылып, кітаптар басылып шығарылды. Алайда, 1940 жылы мектептерде шор тілінің оқытылуы мен кітаптардың бұл тілде басылып шығарылуының тоқтатылуымен шор әліпбиінің де қолданылуы тоқтатылды, оның орнына орыс тілі келді. Шор жазуының 1988 жылы қайта жануына байланысты, шор тілінің кирилге негізделген әліпбиінің жаңа нұсқасы жасалды (авторы Е.Чиспияков). Бұл жаңа әліпби мектептерде және баспа ісінде қолданылды. Алдыңғы әліпби нұсқасымен салыстырғанда, бұл әліпби нұсқасына Ғ ғ, Ё ё, Қ қ әріптері енгізіліп, Ӓ ӓ әрпі алынып тасталды, Нъ нъ диграфы Ң ң-ға ауыстырылды. Қазіргі таңда бұл әліпби қолданылады. Нәтижесінде шор әліпбиі қазіргі кезде орыс әліпбиінің 33 әрпінен және 5 төл таңбаларынан тұрады:

А а	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	М м
Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ӱ ӱ	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ
Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я		

Шоу әліпбиі – ирланд жазушысы Джордж Бернард Шоудың құрметіне қойылған әліпби. Шоу жаңа әліпби үшін 3 критерий ұсынды: әліпби 40 таңбадан кем болмауы тиіс; әліпби неғұрлым фонетикалық мазмұнда болуы керек; латын әліпбиіне мейлінше ұқсас болмауы керек. Ш.ә. идея жүзінде қалды.

Шрифт – ортақ стилистикалық және композициялық жүйе жасайтын белгілі бір өлшемдегі және суреттегі символдардың тізбесі. Неміс тіліндегі «schreiben» сөзінен, яғни «жазу» дегеннен туындаған «Schrift» атауынан шыққан. Қазір компьютерге арналған шрифтердің түрлері өте көп. Олар, мысалы араб, латын, славян т.б. жазуларға орай өздеріне жүйеленген.

Шуваш жазуы – түркі тілдерінің бұлғар тобына (кей мәліметтерде, батыс хун бұтағына) жататын шуваш тілінің жазуы. Ш.ж. тарихының әр кезеңінде сызықтық-графикалық символдар (әріптер мен жазудың әріп емес таңбалары) және жазудың жеке әліпбилік жүйесі сәйкес келеді. Ежелгі Ш.ж. кезеңінде екі әліпби қолданды: XIX ғ. дейін ішнара сақталған руна жазуы; араб графикасына негізделген әліпби (X-XV ғғ.). Көне Ш.ж. кезеңінде (XVIII ғ. – 1871 ж.) шуваш сөздерін жазу үшін шуваш тілі дыбыстарына тән арнайы әріптері жоқ кирилді қолданды. Жаңа Ш.ж. кезеңінде де (1871 жылдан қазірге дейін) екі әліпби қолданыста: кирилге негізделген шуваш әліпбиі және латын жазуына негізделген шуваш әліпбиі. Бірақ латын негізді әліпби сирек қолданылады. Бүгінгі ресми әліпби кирил негізінде жасалған, құрамы 37 әріптен тұрады.

Шугнан жазуы – памир тілдері иран топшасына жататын шугнан тілінің жазуы. Ш.ж. Тәжікстанда 1990 жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін кирилде, КСРО-да 1931-1938 жылдары сонымен қатар 1990 жылдары Тәжікстанның кейбір жерлерінде латын графикасында, Ауғанстанда 2000 жылдардан бастап қазіргі уақытқа дейін араб жазуы негізінде болды. Ислам дінінің келуімен және көрші елдермен қатынастардың күшеюімен байланысты шугнандар парсы тілін араб графикасы негізінде жазбаша тіл ретінде қолдана бастады да, шугнан тілі өз жазуынсыз қалды. Кейінірек шугнан тіліне арналған жазу жүйесін құру туралы шешім қабылданды. 1931 жылы шугнан тіліндегі алғашқы кітап – әліппе, одан кейін негізінен бастауыш мектептерге арналған оқулықтар жарық көрді. Көп ұзамай шугнан әліпбиі КСРО халықтарының басқа латындандырылған әліпбилерімен біріздендіру реформасы жасалды. XX ғасырдың ортасы мен екінші жартысының ғылыми басылымдарында латын әліпбиіне негізделген иран транскрипциясы немесе тәжік әліпбиіне жақын кирил жазбасы қолданылып, шугнан мәтіндерін оқу үшін қолданылды.

Шумер жазуы – Оңтүстік Месопатамияда б.з.д. IV-III ғасырлардағы шумер тілінің жазуы. Ш.ж. сына жазуы болған және оны шумерлердің өзі ойлап тапқан. IV ғасырда қалыптасқан Ш.ж. бастапқыда шаруашылық есеп мәтіндері болса, аталған мыңжылдықтың соңына қарай басқа да мазмұндағы жазулар қолданылды. Бұл жазуларда діни және құқықтық мазмұндағы сөздер болды. Шумер тілі аглюнативті және эргативті тіл болғаннан соң жазулар да сол тілдің табиғатына сай болды. Ш.ж.

акут, гравис сияқты диакритикалық таңбалар әлемдік жазу тарихында тұңғыш рет қолданылды. Ш.ж. негізгі материалы – киш тақтайшалар болды. Оған ол балшық қатпай тұрған жұмсақ күйінде ағаш таяқшамен немесе тростникпен батырып жазылды.

Шұғыл дауыссыздар – өкпеден шыққан фонациялық ауаның екпінімен сөйлеу мүшелерінің жымдасып барып, кілт үзіліп ашылуы арқылы жасалатын дауыссыздар. Қазақ тіліндегі шұғыл дауыссыздар: *б, г, д, п, к, қ, т.*

Шұлым жазуы – шұлым тілінің жазуы. XXI ғасырдың басына дейін шұлым тілі жазуы жоқ тілдердің қатарында болды. Ешқашан тілді оқыту болмаған. 2000 жылдары оны қайта жаңғырту мәселесі қозғалып, 2008 жылы алғашқы орыс-шұлым сөздігі баспаға дайындалды. Томск мемлекеттік педагогикалық университетінің оқытушысы В.Лемская жасаған шұлым әліпбиі 2017 жылы жарық көрді.

Шыңжаң қазақтарының латын әліпбиі – Қытайда тұратын қазақтарға арналған әліпби. 1965 жылдан бастап бұрын пайдаланылып келген А.Байтұрсынұлының «Төте жазуының» орнына латын әліпбиі енгізілді. Ол 31 таңбадан тұрды. Әліпбиде Е, Ү таңбаларына умлаут қолданылды. Ғ дыбысы 1929, 1938 жылдары қазақ латын әліпбиіндегі Ꝓ таңбасы, Ы дыбысына Е таңбасы берілген. 1983 жылы бұл әліпбидің орнына қайтадан «Төте жазу» енгізілді.

Щщ

Щ әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <щ> фонемасы /Щ/ әрпімен таңбаланған. Бұл әріп қазақ жазуының тарихына 1940 жылы ғана күштен енгізілген. Щ әрпі кірме сөздерде барлық позицияда қолданылса, төл сөздерде сөз ортасында кездеседі: *ащы, тұщы* т.т.

Щ дыбысы – африкат дауыссыз дыбыс. Қазақ тілінде барлық уақытта жіңішке айтыла бермейді. Қазақ тілінде (шш) қосынды дауыссыз. Қазақ тіліне ертеден енген *щетка (шөтке), щинел (шенел), ящик (жәшік) т.б.* сөздердің құрамындағы тіл ұшы, қосынды.



Щерба Лев Владимирович (20.02.1880 (03.03.1880) – (26.12.1944) – тілші, И.Бодуэн де Куртенэнің шәкірті, Ленинград фонологиялық мектебінің негізін қалаушы, филология ғылымдарының докторы. Щ. И.Бодуэн де Куртенэнің фонема жайлы көзқарасын дамытып, фонология теориясын жетілдірді. Жалпы тіл білімі, лексикология, лексикография, мәтін теориясы, орыс және шет тілдерін оқыту, тілдік норма, орфография және орфоэпия бағытында зерттеу жұмыстарын жүргізді. Тіл білімінде тілдік қызмет, тілдік жүйе және тілдік материал сынды нысандарды бірінен-бірін ажыратып, тіл мен сөйлеу концепциясын, сөйлеушінің сөйлеу қызметін қарастырды. Ғалым мағынадан формаға негізделген белсенді грамматиканы құру мәселесін көтерді, тіл білімінде сөздіктердің ғылыми типологиясын ұсынды, ғылыми айналымға теріс тілдік материал және лингвистикалық эксперимент ұғымдарын енгізді.

Ъъ



Ъ әрпі – жуандық белгісі. Дауыссыз дыбыс пен кейбір дауысты дыбысты ажырататын таңба ретінде қазақ тілінде орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады. Мыс., *разъзд, подъезд, съезд.*

Ыы

Ы әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <ы> фонемасы Ыы әрпімен берілсе, латын әліпбиін қабылдаған түркі әліпбилерінде <ы> фонемасы /Іı/ әрпімен таңбаланған. Қазақ жазуының тарихында 1929, 1938 жылдардағы латын әліпбиінің құрамында <ы> фонемасы /ь/ әрпімен таңбаланған. 1940 жылғы орыс графикасына негізделген әліпбиде ол /ы/ әрпіне ауыстырылған. Ы әрпі сөздің барлық позициясында кездесе береді. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – ы.

Ы дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін бейтарап қалады, еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының арт жағына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл арты дауысты. Дауысты тілдің тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – *езу*, жасалу орнына қарай – *тіл арты* дыбыс. Жасалым белгілері: *қысаң, езу, тіл арты* дауысты дыбыс. Орфографиялық сөздерімізде «ұ» дауысты дыбысын алмастырып жүр: *ұлы [ulu], тұрық [turuq], құлын [qulun]* т.б. Қазақ тілін үндесім тіл етіп ұстап тұрған төрт дыбыстың бірі осы: *ы [ı], і [i], ұ [u], ү [ü].*

Ызың (фрикатив) дауыссыздар – дыбыстау мүшелерінің (тіл алды, тіл ұшы, тіл арты) жуысып, ауаның сүзіліп шығуынан жасалатын дауыссыз дыбыстар. Ы.(ф.).д. қатарына мына дыбыстарды жатқызады: *ф, в, с, ш, ж, з, х, г, ғ, қ, һ, й, у.* Бұл дыбыстарды айқанда дыбыстау мүшелері бір-біріне жуысады, соның мнегізінде ауа жолы тартылады. Бірақ ауа жолы үзілмейді, ауа сүзіліп шығады. І.Кеңесбаев ***ш,ж*** фонемаларын ызың дауыссыздар қатарына жатқыза отырып, оларды «екі фокусты» деп атайды. Ал ***с,з*** фонемалары тіл ұшы астыңғы күрек тіске жуықтаудан пайда болатын дыбыстар қатарына жататын «бір фокусты» фонемалар.

Ымыралы дыбыс – ымыраға көнетін, жалғау, жұрнақтардың ауанына сәйкесетін дыбыстар. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ұяң харіфтер өзара екіге бөлініп, өз ішінен 1) ымыралы харіфтер (*ж, р, з, л);* 2) ымырасыз харіфтер (*м, н, ң) деп жіктеледі. Яғни, ғалым еңбектерінде* жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай

жіктеу нәтижесінде жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеу арқылы *ж, р, з, л* дыбыстары «ымыралы» деп аталса, Қазақ білімпаздарының тұңғыш съезінен кейін *р, л* дыбыстары жарты дауыстылар қатарында аталып, *ж, з* дыбыстары ғана ымыралы дыбыс ретінде сипатталды.

Ымырасыз дыбыстар – ымыраға көнбейтін, жалғау, жұрнақтардың ауанына сәйкеспейтін дыбыстар. А.Байтұрсынұлы еңбектерінде ұяң харіфтер өзара екіге бөлініп, өз ішінен 1) ымыралы харіфтер (*ж, р, з, л);* 2) ымырасыз харіфтер (*м, н, ң) деп жіктеледі. Яғни, ғалым еңбектерінде* жалғау, жұрнақтардың ауанына қарай жіктеу нәтижесінде жалғау, жұрнақтары бірдей болып шығатын дыбыстарды бірыңғай шығарып, әрқайсысын өз алдына бір тап қылып жіктеу арқылы сөз аяғында келмейтін, жалғау жұрнақтардың ешбір түрімен үйлеспеуіне байланысты үш дыбыс (*ң, м, н* дыбыстары) «ымырасыз» деп, өз алдына жіктелген. Тұтастай алғанда, 1924 жылғы Қазақ білімпаздарының съезінде қазақ тілінің дыбыстарын дауысты, дауыссыз деп екі бөліп алып, дауыссыз дыбыстарды өз ішінен бес бөліп жіктеген: 1. *р, л, у, й* төртеуі *жарты дауысты* атанған; 2. *ң, м, н* – үшеуі *ұяң* делінген; 3. *б, п, т, с, ш, қ, к* – жетеуі *қатаң* атанған; 4. *ж* мен *з* – ымыралы, 5. *д, ғ, г* – үшеуі ымырасыз атанған. Яғни, бұрын «ымырасыз» деп танылып келген *м, н, ң* дыбыстарының орнына енді ***д, ғ, г*** дыбыстары «ымырасыз» деп аталды.

Ырғақ – бунақтағы сөздердің жұбын жазбай үндестіру. Ырғақ сөздердің байланысын реттейді, олардың үйлесімділігін, құлаққа жағымдылығын арттырады. Ырғақ екпінмен тікелей байланысты. Сөз ырғағы – сөздің, оның дыбыстық құрамының реттелген сипаты. Қалыпты ырғақтың бұзылуы берілетін ойға әсер етеді. Соның нәтижесінде берілген ой түсініксіз болып, көмескіленуі мүмкін мүмкін.

Іі

І әрпі – қазіргі қазақ әліпбиінің әрпі. Кирил графикалы әліпбилерде <і> фонемасы Іі әрпімен берілген. Латын графикасында /I/ әрпі болғанымен, оның фонемалық мәні <и> дыбысын береді. Базалық латын әліпбиінің құрамына бұл XVI ғасырда енгізілген. Латын графикасына негізделген 1929 жылғы қазақ жазуының тарихында <і> фонемасы /i/ әрпімен таңбаланса, 1938 жылы ол латынның /j/ әрпіне ауыстырылған. 1940 жылғы орыс графикасына негізделген әліпбиде <і> фонемасы Іі әрпімен таңбаланған. І әрпі сөздің барлық позициясында кездесе береді. Дыбыстау мүшелерінің қызметіне байланысты – дауысты дыбыс. Әріптің атауы – і.

І дыбысы – жақтың қысаң ашылып, тілдің жоғары көтерілуі арқылы жасалады, тілдің тік қалпына қарай қысаң дауысты дыбыс; ерін бейтарап қалады, еріннің қатысына қарай езу дауысты дыбыс; тіл ауыз қуысының ілгері жағына орналасады, тілдің көлденең қалпына қарай тіл ортасы дауысты. Дауысты тілдің тілдің тік қалпына қарай – *қысаң*, ерін қатысына қарай – езу, жасалу орнына қарай – тіл ортасы дыбыс. Жасалым белгілері: қысаң, езу, тіл ортасы дауысты дыбыс. Оқулықтар мен оқу-құралдарында «тіл алды дауысты» деп жаңсақ аталып жүр, қазақ тілінде тіл алды дауысты дыбыстар жоқ. Орфографиялық сөздерімізде «ү» дауысты дыбысын алмастырып жүр: *үкі [ükü], түрік [türük], күміс [kümüs]* т.б. Қазақ тілін үндесім тіл етіп ұстап тұрған төрт дыбыстың бірі тағы да осы: ы [ɪ], і [i], ұ [u], ү [ü].

Ілгерінді ықпал – бейімдестік заңының бір түрі. Бейімдестік заңы морфемалар жігіндегі дауысты және дауыссыз дыбыстардың арасында болады. І.ы. – дауыстылар мен дауыссыздардың үндесуі. Сөздің соңғы дыбысы дауысты болса, онда жалғанатын қосымша тек дауыссыздардан басталады. Оның мынандай түрлері ұшырасады: үнді дауыссыздар дауыстылармен еркін қатар тұрып айтыла береді және ешқандай алмасуға ұшырамайды; ұяңдардан тек ғ, г, д дыбыстарынан басталатын қосымшалар ғана дауыстылардан кейін тұра алады; дауыстыға біткен сөздерге қатаң дауыссыздан басталатын қосымшалар жалғанбайды. Алайда – с және – ш қатаңдарынан басталатын қосымшалар */-сы,*

– сі; – сыз, – сіз; – са, – се; – сын, – сін; – шы, – ші; – ша, – ше; – ш; – шық,шік;/ бұл заңға бағынбайды. – С және – ш дауыссыздарынан басталатын қосымшаларды «ерме қосымшалар» деп атайды.

Ілгерінді ықпал – ұқсастық заңының бір түрі. Ұқсастық заңы морфемалар жігіндегі дауыссыз дыбыстардың бір-біріне әсер ету заңы. І.ы. алдыңғы морфеманың соңғы дауыссыз дыбысы кейінгі морфеманың басқы *дауыссыз дыбысына* акустикалық жақтан ықпал етіп, игеріп тұрады. Қазақ тілінде ілгерінді ықпал өте күшті. І.ы. мынандай түрлері кездеседі: сөз соңы үнді дауыссыздарға аяқталса, оған ұяң не үндіден басталатын қосымша жалғанады; сөз соңында тек ж, з ұяң дауыссыздары кездеседі. Бұл ұяңдарға біткен сөздерге тек ұяң дыбыстан басталатын қосымша жалғанады; соз соңы қатаң дауыссыздарға аяқталса, оған қатаң дауыссыздан басталатын қосымша жалғанады; ш дыбысына аяқталған сөзге – с дыбысынан басталатын қосымша жалғанғанда – с дыбысы – ш дыбысына айналады.

Ішкі флекция – грамматикалық мағыналар тілдерде түрлі грамматикалық тәсілдер арқылы беріледі: 1) аффиксация тәсілі; 2) ішкі флексия тәсілі; 3) қосарлану тәсілі; 4) көмекші сөздер тәсілі; 5) сөздердің орын тәртібі тәсілі; 6) екпін тәсілі; 7) интонация тәсілі. І.ф. түбірдің дыбыстық құрамының өзгеруі нәтижесінде грамматикалық мағынаны білдіру тәсілі. Ең алғаш І.ф. мәселесін зерттеген неміс зерттеушісі Ф.Шлегел болды. І.ф. көптеген индо-еуропа тілдерінде кездеседі.

Ьь

Ь әрпі – жіңішкелік белгісі. Ешқандай дыбыстың таңбасы емес, ь кейде қатар айтылған дауыссыз дыбыс пен дауысты дыбыстың арасын бөліп, ажыратып айту үшін және дауыссыз дыбыстардың жіңішкелігін білдіру үшін алынған шартты таңба ретінде жұмсалады. Мыс., *почтальон, семья, бандероль, ноль.* Бұл таңба орыс тілінен енген сөздерде ғана қолданылады. Ь сөз аяғында жіңішкелік белгі ретінде келгенде, ол сөзге дауыссыз дыбыстан басталған қосымша жалғанса, жіңішкелік белгі сақталып жазылады (октябрьде, секретарьға), ал дауысты дыбыстан басталған қосымша жалғанса, түсіріліп жазылады (секретарь!).

Ээ



Э әрпі – кирил әліпбиінің әрпі. Бұл әріп орыс графикасына негізделген әліпби құрамына 1940 жылы енгізілген. Қазақ тілінің төл сөздерінде кездеспейді. Тек кірме сөздерді таңбалау үшін жазылады.

Э дыбысы – ауыздың орта шамамен ашылуынан яғни тіл мен иектің шамалы төмен түсуінен пайда болады. Ауыздың ашылу қалпы *а* немесе *ә* тәрізді жайдары болмай, азын-аулақ келтелеу келеді. Бұл фонема өзінің жіңішкелігі жағынан *ә*-ге таяу айтылады. Тілдің алға қарай созылуы арқылы айтылады. Еріннің сүйірленіп, дөңгеленбей, тартылуы арқылы айтылатындықтан езу дауысты дыбыс. Орыс тілінен енген сөздерде ғана жазылады: *электр, эпос, поэма, эволюция, экономия, элемент.*

Эвен жазуы – тұңғыс-манчжур тобына жататын эвен тілінің жазуы. Қазіргі таңда кирил графикасы негізіндегі жазу болып табылады. Э.ж. тарихы үш кезеңнен тұрады: 1930 жылдардың басына дейін – кирил әліпбиіне негізделген жазу жүйесін құрудың алғашқы әрекеттері; 1931-1937 жылдары – латын әліпбиіне негізделген жазу; 1937 жылдан – кирил әліпбиіне негізделген қазіргі жазу. 1920 жылдары КСРО-да жазуды латындандыру процесі басталды. 1931 жылы мамырда РКФСР Халық ағарту комиссариаты «Біртұтас солтүстік әліпбиін», эвен тіліне де арналған әліпби түрін қоса бекітті. Бекітілген әліпби: Aa, Āā, Bb, Єє, Dd, Ɜɜ, Ee, Əə, Ə̄ə̄, Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll , Mm, Nn, Ņņ, Ŋŋ, Oo, Ōō, Pp, Rr, Ss, Tt, Uu, Ww. 1932 жылы осы әліпби негізінде «Anŋamta torən» «Аньамта торән» әліппелері жарық көрді, содан кейін басқа да балаларға арналған, сонымен қатар қоғамдық-саяси әдебиеттер және газеттердегі кейбір материалдар басылып шыға бастады. 1933-1934 жылдары әліпби аздап өзгертіліп, келесідей сипат алды: Aa, Вв, Cc, Dd, Ɜɜ, Ee, Əə, Ə̄ə̄, Ff Gg, Hh, Ii, Jj, Kk, Ll, Mm, Nn, Ņņ, Ŋŋ, Oo, Pp, Rr, Ss,Tt, Uu, Ww, Zz. Бұл әліпби де 1936 жылдың соңында ресми түрде тоқтатылды, алайда 1939 жылға дейін баспа ісінде қолданылуын жалғастырды.

Эвенк жазуы – тұңғыс-манчжур тілдер тобына жататын эвенк тілінің жазуы. Э.ж. қалыптастыру 1920 жылдардан басталады. 1928 жылы Г.Василевич эвенк әліпбиінің нұсқасын дайындады. 1931 жылдан Э.ж. латын әліпбиін қолданады,

онда 27 әріп бар. 1937 жылы Э.ж. кирил әліпбиіне көшірілді. Ол 1950 жылы жетілдірілді.



Эверсон Майкл (1963) – американдық өнертапқыш, Ирландия азаматы. АҚШ тұрады. Э. Халықаралық Юникод стандартына арналған әліпби жасаған. Э. Негізгі қызметі аз таралған тілдерді қолдау және олардың символдарын кодтаудың стандартарын дайындау. Сонымен бірге Э. ISO 15924 стандартын жүргізуші. Волапюк Академиясының мүшесі.

Эгей жазуы – Критте б.з.д. 3 мыңжылдықтың аяғы мен 2 мыңжылдықтың басында миноан өркениеті кезінде пайда болған. Кейінірек Крит жазбалары бірқатар ерекшеліктерін (идеограммалары мен сандары) жоғалтқан, бірақ жазудың буындық сипатын сақтаған. Кипр жазуы XIX ғ. ортасынан бастап белгілі. Шифрды шешудің негізгі жұмысын Джордж Смит жасады. Эгей мәдениетінің алғашқы орталықтары Микенадағы Шлиман қаласының (1876), Крит аралындағы А.Эванстың (1899 жылдан бастап) қазба жұмыстары кезінде ашылды. Криттің жазуларын А.Эванс ашқанға дейін XIX ғасырдың аяғына дейін белгісіз болды. А.Эванс жазбалардың шағын бөлігін ғана жариялады.

Элам сызықтық жазуы – б.з.д III мыңжылдықта ежелгі Эламада кең таралған қола дәуірінің жазуы. Осы уақытқа дейін бірнеше монументалды жазулар мен саздағы жазулар ғана сақталған (барлығы 22 құжат). Ол аккад сына жазуының эламдық түрімен қатар қолданылды және Элам тіліндегі мәтіндер үшін қолданылды. Белгілердің санына сүйене отырып элам жазуы буынды және протоэлам жазуынан шыққан деп болжанады. Осы уақытқа дейін шифрланбаған. Осы жазуды шифрлаумен айналысқандардың ішінде танымал Уолтер Хинц пен Пьеро Мериджи. Ең маңызды мәтіндер, ішінара екі тілде, монументалды ескерткіштерде ұсынылған.

Элизия (латын. *«elisio»* – ысыру, ығыстыру) – сөздің соңғы дыбысы дауысты дыбысқа аяқталып, оған бірігіп айтылатын сөздің, жалғанатын қосымшаның басқы дыбысы дауысты болған жағдайда қатар тұрған бір дауысты дыбыстың түсіріліп айтылуы. Э. қазақ тіліндегі ықшамдалу құбылыстарының қатарына жатады. Мыс., алалмады (ала алмады), айталмады (айта алмады), жақсадам (жақсы адам) және т.б. Бұл үдеріс көбіне ауызекі сөйлеу стилінде кездеседі. Кейбір тіркестердің жігіндегі екі дауысты қатар сақталып айтылатын кездер де болады: аса әдемі, өте алыс және т.б. Э-ға қарама-қарсы құбылыс аферезис.

Эпентеза (грек. *«epenthesis»* – қоспа) – сөз ішінде екі дауыссыз дыбыстың арасында дауысты дыбыстың қосылып айтылуы. Бұл – сөздің айтылуын жеңілдететін амал. Орыс тілінің бревно, жребий, кровать, копна, князь, плюш сынды сөздерін тілімізге икемдеп бөрене, жеребе, кереует, көпене , кінәз, пүліш деуіміз эпентеза болып саналады.

Эпиграфика (грек. *«epigraphe»* – жазба) – ерте заманнан қалған көне жазуларды зерттейтін тарих ғылымының бір саласы. Э. жазбалар жартас пен

құлпытасқа, сондай – ақ металдан, сүйек пен қыштан жасалған заттардың бетіне жазылған. Э. қайта өркендеу дәуірінде пайда болып, Италия, Греция, Солт. Африка, Палестина жеріндегі көне жазбаларды зерттеу үшін пайдаланылған. Көбірек зерттелген Э. жазуларға египет, вавилон, крит, қытай, грек, латын, шумер, ассирия, аккад, финикия, рим, араб, үнді, иран, славян, түркі жазбалары жатады. Қазақ жері Э. жазбаға бай. Көрнекті Э. ескерткішке «Әулиеата жазуы», «Сырдария жазуы», «Ұлытау жазуы», «Кеген жазуы», «Ұзынсу жазуы», «Есік жазуы», «Бөріжар жазуы» жатады.

Эпитеза – дыбыстық өзгеріс. Бұл дыбыстық өзгеріс орыс тілінен тілінен енген қоғамдық-саяси және ғылыми-техникалық терминдерде жиі кездеседі. Э. – сөз соңынан дыбыс қосып айту. Бұл протезаға қарама-қарсы құбылыс. Мыс., *банк(і), фонд(ы), шланг(і), шрифт(і).*

Эскимос жазуы – Ресейде, АҚШ-та, Канадада және Гренландияда эскимос тілдері үшін қолданылатын әртүрлі жазу жүйелері. Эскимос тілдері екі негізгі топқа бөлінеді – юпик және инуит. Инуит тобына Гренландия, инуктитут (Канада) және Аласкан-Инуит (АҚШ) кіреді. Юпик тобына-орталық юпик тілі (АҚШ), алютик тілі (АҚШ) және Азия эскимостарының тілі (юит тілі; Ресей және АҚШ). Бұл тілдерде әр түрлі жазу жүйелері қолданылады – кирил, латын және канадалық буын жазуы. Э.ж. Гренландияда XIX ғасырдың ортасында, бұрынғы КСРО-да XX ғасырдың 30-жылдары қолданылған. Әліпбиі 1932-1937 жылдары латын графикасы негізінде, 1937 жылдан бастап орыс графикасы негізінде, АҚШ пен Канадада – XX ғасырдың 70-жылдарының ортасында латын графикасы негізінде жасалған.

Экспериментальді фонетика – жалпы фонетиканың дыбыстарды және басқа да сөйлеу бірліктерін, құбылыстарын және үдерістерін эксперименталь тәсілмен зерттейтін арнайы саласы. Эксперименталь фонетикалық тәсіл фонетиканың артикуляциялық, акустикалық және перцептивті нысандарын зерттеуде қолданылады. Әртүрлі тілдердің сегменттік бірліктерін, әдеби және диалектілік айтылым ерекшеліктерін фонетикалық жүйелерін салыстырмалы аспектіде эксперименталь зерттеуге болады.

Эсперанто – дүниежүзі халықтарының арасына ең көп тараған халықаралық жасанды тіл. Э. алғаш 1887 ж. варшавалық дәрігер Л.Заменгоф құрастырған. Э. роман тілдерінің лексикасы негізінде жасалған. Э. тілінде 16 грамматикалық ереже, 11 жалғау, 16000 түбір сөз бар. Э-дағы 28 әріп латын әліпбиімен фонетикалық принцип бойынша жазылған. Сөз екпіні сөздің соңғы буынына түседі. Бұл тілге Данте мен У.Шекспир, И.В.Гете мен А.С.Пушкин, Л.Н.Толстой мен Сергей Есенин, т.б. ақын-жазушылардың шығармалары тәржімеленген. 1987 ж. ЮНЕСКО эсперанто тілінің 100 жылдығын атап өтті. Эсперанто тіліне алғаш назар аударған қазақ қоғам қайраткерлерінің бірі – М.Дулатұлы.

Эстон әліпбиі (эстон. *«eesti tähestik»*) – эстон тілін жазу үшін қолданылатын әліпби. Э.ә. неміс әліпбиі негізінде құрылды. XX ғасырдың басында Э.ә. w әрпі v әрпімен алмастырылып, чех әліпбиінен š және ž енгізілді. Э.ә. диакритикалық белгілер қосылған стандартты латын әріптері қолданылады. F, š, z, ž әріптері тек кірме сөздерде (fotograaf, želee, šokolaad) және шетелдік ономастикалық атауларда (соның ішінде орыс есімдері мен фамилияларын жазу кезінде) қолданылады. C, q, w, x, y әріптері тек шетелдік ономастикалық атауларда қолданылады (мыс., *Нью-Йорк*).

Aa	Bb	Cc	Dd	Ee	Ff	Gg	Hh
Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn	Oo	Pp
Qq	Rr	Ss	Šš	Zz	Žž	Tt	Uu
Vv	Ww	Õõ	Ää	Öö	Üü	Xx	Yy

Этнографизм – белгілі бір халықтың әдет-ғұрпына, салт-дәстүріне, мәдени ерекшеліктеріне, бір сөзбен айтқанда, этнографиясына қатысты ұғымдарды, ұлттық құндылықтарды білдіретін сөздер мен сөз тіркестер. Қазақ халқының Э. мыс., *көкпар, сырға салу, беташар, домбыра, күй, шаңырақ, соғым* т.б. Мұндай лексемалар ғылыми әдебиет көздерінде *реалийлер*, *реалия атаулар* деп те аталып келеді.

Этрус әліпбиі – этрус тілінің әліпбиі. Грек әліпбиінен шыққан жазулардың қатарына жатады. Венет әліпбиіне ұқсайтын кейбір таңбалары бар. Бұл тілдің шығу тегі туралы пікірлер әртүрлі. Ешқандай тілдік топқа жатпайтын жеке тіл деген де ғылыми пікірлер бар. Жазу негізінен оңнан солға қарай болған. Кейбір мәтіндерде ол рет солдан оңға қарай ауысады. Бустрофедон тәсілімен жазылған мәтіндер де кездеседі. Әліпбидегі әріптер саны өзгеріп тұрған. Б.з.д. VII ғасырда 26 таңба болса, б.з.д. IV ғасырда классикалық әліпби 21 таңбадан тұрды. Б.з.д. II ғасырға дейін қолданылды, оны кейін латын әліпбиі ығыстырды.

Эфиоп жазуы – оңтүстік араб консонантты әліпбиіне негізделген силлабикалық (буындық) жазу. Әрбір таңба ашық буынды білдіреді C + V. Бұл таңбалардың дауысты дыбысқа байланысты бір-бірінен ерекшеленетін жеті нұсқасы бар: қысқа a, ұзын ū, ī, ā, ē, ō; айрықша нұсқасы – дауыссыз + «е» немесе нөл дауысты (ғылыми транскрипцияда қазіргі айтылымға сәйкес ä, u, i, a, e, o, ə таңбалары қолданылады). Эфиопияның әр түрлі тілдері үшін эфиоп жазуының солдан оңға қарай жазу бағыты қолданылады: *геэз* (ежелгі Эфиопия жазуы), амхар,

тигре, тиграй, оромо және т.б. Эфиоп жазуы, буындық жазу бола тұра, грек және финикия жазуларынан ерекшеленетін ежелгі оңтүстік семит таңбалар *ретін және негізінен финикий жазуымен сәйкес келетін* 2-мыңжылдықтың ортасындағы семит формаларындағыдай ежелгі әріптер атауларын сақтап қалды. Б.з.д. IV-V ғасырларда Аксумиттер мемлекетінде, грек мәдениеті мен грек әліпбиінің әсерінен жазу реформасы жүргізілді: дауысты дыбыстарды белгілеу үшін таңбалар енгізіліп, жазу бағыты өзгертілді. Дауысты дыбыстардың саны мен сипаты грек әліпбиінің дауысты жүйесімен сәйкес келеді. Алайда, қысқа а буынының негізге алынуы мен дауысты дыбыстардың таңбалану әдісі, үнді жазуының (брахми немесе кхароштхи) әсерін көрсетуі мүмкін. Силлабикалық эфиоп жазуында оңтүстік араб тілдерінің 29 таңбасының 24-і сақталды.

Юю

Ю әрпі. Қазақ әліпбиінің құрамында жүрген кірме таңбалардың бірі болып табылады. Әріп дыбыс құрамына қарай жеке дауысты дыбыс емес, керісінше, дыбыс тіркесін белгілейтін таңба болып табылады. Қазақ тілінің төл сөздерінің жазылымында (орфографиясында) *Ю* әрібі *ЙҰУ* (аю – *айұу*, қою – *қойұу*, ұю – *ұйұу* т.б.) және *ЙҮУ* (үю – *үйүу*, кию – *кійүу* т.б.) үш дыбыс тіркесін белгілейді. Қазақ тілінің үндесім (сингармонизм) заңына сәйкес жуан және жіңішке әуезді екі дыбыс тіркесінің *ЙҰУ-ЙҮУ* әліпби таңбасы болып табылады. *Ю* – әрібі дыбыс емес таңба.



Юдахин Константин Кузьмич (1890-1975) – түркітанушы, профессор, филол. ғыл. док., Өзбекстан ҒА-ның корреспондент-мүшесі, Қырғызстан ҒА-ның академигі, КСРО мемлекеттік сыйлығының лауреаты. Қырғыз тілін латын әрпінен кирил графикасына көшуге атсалысқандардың бірі. КСРО халықтары үшін жаңа ұлттық әліпбилерді әзірлеумен айналысты және тіл құрылысы бойынша көптеген жұмыстардың авторы болды: оқулықтар мен оқу құралдар жазды, өзбек және ұйғыр тілдерінің қостілді сөздіктерін құрастырды, қырғыз тілінің сөз байлығын жинау, оларды зерттеу жұмыстарымен шұғылданды. Ю. арналған ескерткіш Қырғыз ұлттық университетінің жанындағы Жастар аллеясында орнатылды.

Юникод таңбалары – компьютерде, ғаламтор парақтарында терілген мәтіндерді, символдарды тану және сақтау үшін таңбаларды сандарға түрлендіретін код. Алғашқы кең тараған кодтау схемасы ASCII (ақпарат алмасудың американдық стандарты) болды. Бірақ бұнда ағылшын әріптері, сандары мен тыныс белгілеріне арналған 128 таңба ғана қамтылғандықтан, әлемнің барлық елі үшін қолдану қолайлылығында біршама шектеулер орын алды, сондықтан әлем елдері де өздерінің кодтау схемасын құра бастады. Алайда бұл шатасуға ықпал етті. Сол үшін Unicode стандарты жасалды. Unicode – 1991 жылы технологиялық компаниялар арасында таңбалардың кодталуын стандарттау бойынша жұмыс тобы негізінде

болып табылады деп айтты. Я. тілдің дыбыстық жағына деген қызығушылығы лингвистиканың жаңа саласы – фонологияны қалыптастыруға (Н.Трубецкойдың қатысуымен) негіз болды. Я. фонологиялық қарама-қарсылықты құрайтын 12 акустикалық белгілерді орнықтырды.



Яковлев Николай Феофанович (1892-1974) – тілші-кавказтанушы, теориялық және қолданбалы лингвистика маманы, 1920-1930 ж. тіл құрылысы мен сауатсыздыққа қарсы күрестің белсенді қатысушысы, фонеманың лингвистикалық бірлік ретінде анықтамасын алғашқы ұсынған ғалым (1923), Еңбек Қызыл Ту орденінің иегері (1945), Мәскеу шығыстану институтының профессоры (1946), филология ғылымдарының докторы (1947). Тілдің фонологиялық жүйесіне сәйкес әліпбидің математикалық формуласын жасады. Кавказ тілдерінің жазбасына арналған диграфтар мен көмекші белгілерді ұсынды. Кавказ тілдерінің сипаттауы бағытындағы бірқатар жұмыстардың авторы.

Яналиф (татар. *яна «әлифба / ja әа әlifaa»* – жаңа әліпби) – жаңа түркі әліпбиі. 1920 жылы бүкіл түркі тілдерін латын сәліпбиіне көшіру жобасы аясында жасалған жоба. Ол 1928 жылы түркі тілдес республикаларда және КСРО автономиялық республикаларында араб тіліндегі әліпбилердің орнына ресми түрде енгізілді. 1938-1940 жылдары кирил негізіндегі әліпбиге жедел қарқынмен ауыстырылды. Қазіргі уақытта пайдаланылмайды. Я. 33 таңбадан тұрады, құрамында 9 дауысты дыбыс. Бірқатар қаріптердегі бас әріп кирил әліпбиіне ұқсайды.

Aa	Вв	Cc	Çç	Dd	Ee	Әә	Ff
Gg	Ƣƣ	Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Ꞑꞑ	Oo	Өө	Pp	Qq	Rr	Ss
Şş	Tt	Uu	Vv	Xx	Yy	Zz	Ƶƶ
Ьь							

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

Абай. Екі томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Жазушы», 1995.

Абасилов А. Әлеуметтік лингвистика сөздігі. – Алматы: «Palitra Press», 2016.

Айғабылов А. Қазақ тілінің морфонологиясы. – Алматы: «Санат», 1995.

Айдаров Ғ. Күлтегін ескерткіші. – Алматы: «Ана тілі», 1995.

Айдаров Ғ. Орхон ескерткіштерінің тексі. – Алматы: «Ғылым», 1990.

Айдаров Ғ., Құрышжанов Ә., Томанов М. Көне түркі жазба ескерткіштерінің тілі. – Алматы: «Мектеп», 1971.

Айқап. Құрастырған: Ү.Сұбханбердина, С.Дәуітов. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1995.

Аймауытов Ж. Шығармалары: алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел шежіре», 2013.

Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы. – Алматы: «Рауан», 1996.

Аманжолов А. Күміс тостаған сыры // Жалын, №4, 1971.

Аманжолов А. Руноподобная надпись из сакского захоронения близ Алма-Аты // ҚазКСР ҒА Хабарлары, №12, 1971.

Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Алматы: «Санат», 1996.

Аманжолов А. Түркі филологиясы және жазу тарихы. – Павлодар: «С.Торайғыров атындағы ПМУ», 2008.

Аманжолов А. Тюркская руническая графика. Ч. III. – Алматы, 1985.

Аманжолов С. Новый алфавит орфография казахского литературного языка. – Алматы, 1940.

Аманжолов С. Қазақ әдеби тілі синтаксисінің қысқаша курсы. – Алматы: «Санат», 1994.

Аманжолов С. Тіл мен жазу. – Өскемен: «С.А. Аманжолов атындағы ШҚМУ баспасы», 2005.

Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. – Алматы: «Ғылым», 1988.

«Алаш» қозғалысы. Құрастырған: Е.Тілешов, Д.Қамзабекұлы, И.Нұрахмет. – Алматы:«Сардар» баспа үйі, 2008.

Асафьев Б.В. Путеводитель по концертам. – Москва: «Советский композитор», 1978.

Аханов К. Тіл біліміне кіріспе. – Алматы: «Мектеп», 1965.

Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва: «Едиториал УРСС», 2004.

Ахманова О. Словарь лингвистических терминов. – Москва: «Едиториал УРСС», 2004.

Ахмет Байтұрсынұлы. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 2017.

Ахмет Байтұрсынұлының тілтанымдық мұрасы. – Астана: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2017.

Әбілқасымов Б. Алғашқы қазақ газеттерінің тілі. – Алматы: «Ғылым», 1971.

Әбілқасымов Б. XIX ғасырдың екінші жартысындағы қазақ әдеби тілі. –Алматы: «Ғылым», 1982.

Әміржанова Н. Қазақстандағы латын жазуының тарихи тағылымы. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2012.

Әміржанова Н. Латын әліпбиі негізіндегі қазақ жазуының графикасы мен орфографиясы (1929-40 ж.) / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2009.

Әріп мәселесі туралы айтыс // Еңбекші қазақ. 17-19 маусым, 1927.

Базарбаева З.М. Қазақ тілінің интонациялық жүйесі / Филология ғылымдарының докторы ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1997.

Байділдаұлы Ә. Жаңа әліппе туралы. – Қызылорда, 1928.

Байтұрсынұлы А. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», Т. I. 2013.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал (қазақ тілінің сарфы). Бірінші жылдық. – Ташкент, 1918.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. – 1-інші жылдық тіл танытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Дыбыс заңы һәм түрлері. 1-інші жылдық тіл танытқыш кітап. 4-басылуы. – Орынбор, 1924.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. 2-нші тілтанытқыш кітап. 3-басылуы. – Орынбор, 1923.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөз жүйесі һәм түрлері. 2-інші тілтанытқыш кітап. 4-інші басылуы. – Орынбор, 1924.

Байтұрсынұлы А. Тіл – құрал. Сөйлем жүйесі мен түрлері. 3-інші тілтанытқыш кітап. Түзетіліп, толықтырылып, жаңа емлемен 5-басылуы. – Қызылорда, 1927.

Балақаев М. Қазақ әдеби тілі және оның нормалары. – Алматы, 1984.

Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2013.

Басымұлы Қ. Шығармалар жинағы. Зерттеулер, мақалалар. – Алматы: «Алашорда» қоғамдық қоры, 2018.

Бейсенбаева К. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы, 1995.

Бекхожин Қ. Қазақ баспасөзі тарихының очеркі. – Алматы: «Мектеп», 1981.

Бодуэн де Куртенэ И.А. Избранные труды по общему языкознанию. I, II. – Москва: «Изд-во Академии наук СССР», 1963.

Большая Российская энциклопедия. – Москва: «Большая Россиская энциклопедия», 2004.

Большой энциклопедический словарь. Языкознание. – Москва: «Большая Российская энциклопедия», 2000.

Гельб И.Е. Опыт изучения письма. – Москва: «Радуга», 1982.

Дала уалаятының газеті. Құрастырушы Ү.Сұбханбердина. – Алматы, «Ғылым», 1989.

Дирингер Д. Алфавит. – Москва: «Изд. инс. лит.», 1963.

Добльхофер Э. Знаки и чудеса. Рассказы о том, как были дешифрованы забытые письмена и языки. – Москва: «Восточная литература», 1963.

Досмұхамедұлы Х. Қазақ қырғыз тіліндегі сингармонизм заңы. Таңдамалы. Алматы: «Ана тілі», 1998.

Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мектеп», 2013.

Егорова Т. Словарь иностранных слов современного русского языка. –Москва: «Аделант», 2014.

Ежелгі мәдениет куәлары. – Алматы: «Қазақстан», 1966.

Ерғалиев Қ. І.Кеңесбаев және қазақ тілінің дыбыс жүйесі. – Павлодар: «ПМПИ баспасы», 2014.

Ерғалиев Қ.С. Қазақ тілінің орфографиясы мен пунктуациясы. Оқу құралы. 3-басылымы. – Павлодар: «ПМПИ баспасы», 2016.

Ескеева М. Көне түркі жазба мұраларының лингвофилософиялық негізі. –Астана: «Сарыарқа», 2011.

Ескеева М. Көне түркі және қазіргі қыпшақ тілдерінің моносиллабтық негіздері. – Алматы: «Арыс», 2007.

Еспекова Л. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: «Эверо», 2014.

Жаңа ұлттық әліпби негізінде қазақ жазуын реформалау: теориясы мен практикасы. – Алматы: «Қазақ тілі», 2016.

Жаңа ұлттық әліпби: қазақ жазуын жаңғырту (ғылыми-тілтанымдық зерттеу). 2-кітап. – Алматы: «Тіл білімі институты», 2017.

XX ғ. басындағы қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Қазығұрт» баспасы, 2013.

Жолдыбайұлы М. Шығармалары. – Нұр-Сұлтан: «Алаш Орда», 2019.

Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: «Ғылым», 1999.

Жүнісбек Ә. Төл әліпби – төл жазу. – Алматы: «Дайк-Пресс», 2017.

Жүнісбек Ә. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2018.

Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. – Алматы: «Арыс», 2009.

Жүсіпұлы М. Ахмет Байтұрсынов және қазіргі қазақ тілі фонологиясы. –Алматы: «Ғылым», 1998.

Ильминский Н.И. Материалы к изучению киргизских наречия. – Казань: «Императорский Казанский университет», 1861.

Исабаев А. Фонетиканы оқыту. – Алматы: «Оқу педагогика», 1965.

Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. – Москва: «Наука», 1965.

Истрин В.А. Развитие письма. – Москва: «АН СССР», 1961.

Истрин В.А. Возникновение и развитие письма. Москва «Наука», 1965.

Катаринский В.В. Грамматика киргизского языка. Фонетика, этимология и синтаксис. – Оренбург: «Тургайская областная типография», 1906.

Кемеңгерұлы Қ. Шығармалары: зерттеулері, көркем шығармалары, мақалалары. – Алматы: «Ел-шежіре», 2013.

Кеңесбаев С., Жанұзақов Т. Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Наука», 1966.

Кеңесбаев І, Мұсабаев Ғ. Қазіргі қазақ тілі. Лексика, фонетика. – Алматы: «Мектеп», 1975.

Кеңесбаев І. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: «Абзал-Ай» баспасы, 2014.

Көне түрік ескерткіштері: палеография, мәтінтану, жазу тарихы. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары. – Астана: «Ер-Дәулет», 2007.

Крамер С. Шумеры. Первая цивилизация на Земле. – Москва: «ЗАО Центрполиграф», 2002.

Күдеринова Қ. Қазақ жазуының тарихы мен теориясы. – Алматы: «Елтаным», 2013.

Күдеринова Қ. Қазақ жазуының теориялық негіздері. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту орталығы», 2010.

Қазақ тілінің орфоэпиялық анықтағышы. – Алматы: «Арыс», 2004.

Қазақ әдеби тілінің анықтамалығы. Құрастырған: С.А.Итеғұлова, А.Қ.Қожахмет. – Астана: «Ш.Шаяхметов атындағы тілдерді дамытудың республикалық үйлестіру – әдістемелік орталығы», 2016.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. IV том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. V том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. X том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XV том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XI том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XII том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдеби тілінің сөздігі. XIII том. – Алматы: «Дәуір», 2011.

Қазақ әдебиеті. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна Ltd.» ЖШС, 2010 ж.

Қазақ білімпаздарының тұңғыш сійезі. – Орынбор, 1925.

Қазақ грамматикасы. Фонетика, сөзжасам, морфология, синтаксис. – Астана: «Астана полиграфия», 2002.

Қазақ тілі. Энциклопедия. – Алматы: «Қазақстан даму институты», 1998.

Қазақ тілінің кірме сөздер сөздігі. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019.

Қазақ тілінің орфографиялық сөздігі. – Алматы: «Қазақстан», 1988.

Қазақ тілінің орфоэпиялық сөздігі. – Алматы: «Арыс», 2004.

Қазақстан тарихы туралы түркі деректемелері. Көне түрік бітіктастары мен ескерткіштері (Орхон, Енисей, Талас). – Алматы: «Дайк-Пресс», 2005.

Қазақстан тарихы. Энциклопедиялық анықтамалық. – Алматы: «Аруна» баспасы, 2006.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. II том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. III том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.

Қазақстан. Ұлттық энциклопедия. VII том. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1998.

Қазақтың әдеби тілі (Көпшілікке арналған лекцияның стенограммасы) –Алматы, 1949.

Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. Энциклопедия. – Алматы: ТОО «Алем Даму Интеграция», 2017.

Қайдар Ә. Ғылымдағы ғұмыр. Мақалалар, баяндамалар жинағы. II том. – Алматы: «Сардар» баспа үйі, 2014.

Қайдар Ә., Оразов М. Түркітануға кіріспе. – Алматы: «Арыс», 2004.

Қалиев Ғ. Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005.

Қалиұлы Б. Қазіргі қазақ тілі. Фонетика. Лексикология. – Алматы, 2004.

Қашқари М. Түрік сөздігі (Диуани лұғат-ит-түрік). – Алматы: «ХАНТ», 1997.

Қожакеев Т. Көк сеңгірлер. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992.

Қордабаев Т.Р. Түркология және қазақ тіл білімі. – Алматы: «Санат», 1998.

Құлманов С., Шыныбеков Ж., Талғат Т. «Жаңа әліппе жолында» (Jana alypbe jolynda) жинағы туралы // «Ана тілі», 6 тамыз, 2015.

Құрманбайұлы Ш. Терминтанушы құралы. – Астана: «Ер-Дәулет», 2007.

Қыдырбаев Қ. Қазақ онимдерін араб тіліне транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері / Философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 2012.

Лингвистический энциклопедический словарь. – Москва: «Наука», 1990.

Мамырбекова Г. XVIII-XIX ғғ. араб жазулы қазақ жазбаларының графикалық-орфографиялық ерекшеліктері / Кандидаттық диссертация қолжазбасы. – Алматы, 2006 ж.

Мамырбекова Г. Қазақ тіліндегі араб, парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Мемлекеттік тіл дамыту институты», 2014.

Музыка мәдениеті мен өнер терминдерінің сөздігі. – Павлодар: «ПМПИ», 2013.

Мырзабеков С. Қазіргі қазақ тілінің фонетикасы. – Алматы: «Дәуір-кітап», 2013.

Новая казакская орфография, принятая научной конференцией Н.К.П. 2-4 июня 1929 г. в гор. Кзыл-Орде и утвержденная ЦИК КССР от 25.VII-1929 г.

Омарұлы Е. Үш томдық шығармалар жинағы. I том. – Астана: «Алаш-орда», 2018.

Орфографиялық сөздік. – Алматы: «Дәуір», 2013.

Орфографиялық сөздік. Құрастырған: Н.Уәли, Қ.Күдеринова, А.Фазылжанова, Ж.Исаева, Н.Әміржанова, Ә.Әмірбекова. – Алматы: «Дәуір», 2013.

Орысша-қазақша әскери сөздік. – Алматы: «КазОГИЗ», 1942.

Орысша-қазақша түсіндірме сөздік: Лингвистика. – Павлодар: «ЭКО» ҒӨФ, 2007.

Өнертабыстар: Балалар энциклопедиясы. – Қарағанды: ИП «Сатаров С.», 2013.

Өтемісова Г.Ж. Қазақ тіліндегі көнерген аталымдар лұғаты. – Алматы, 2012.

Поливанов Е.Д. Избранные работы: Труды по восточному и общему языкознанию. – Москва: «Наука», 1991.

Райымбеков Қ., Байғабылова Қ. «Сен білесің бе?» энциклопедиясы. – Алматы: «Аруна», 2012.

Реформатский А.А. Введение в языковедение. – Москва: «Аспект Пресс», 2004.

Рсалиева Н. Қазақ онимдерін ағылшын тілінде транслитерациялаудың ғылыми-теориялық негіздері / Кандидаттық диссертация автореферераты. –Алматы, 2008.

Самашев З., Базылхан Н., Самашев С. Көне түрік таңбалары. – Алматы: «ТОО Полиграфкомбинат», 2010.

Сартқожаұлы Қ. Байырғы түрік жазуы: алфавит жүйесі және фонологиясы / Докторлық диссертация автореферераты. – Алматы, 2008.

Сартқожаұлы Қ. Қазақ қолжазбалары. Көне түркі жазба әдеби үлгілері: Орхон мұралары. II том – Алматы: «Ел-Шежіре», 2011.

Сәдуақас Н.Ә. Профессор Құдайберген Жұбанов еңбектеріндегі қазақ тілі дыбыстары жіктелімінің фонологиялық негіздері / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Ақтөбе, 1999.

Сейітбекова А. Араб-парсы сөздерінің түсіндірме сөздігі (XII-XVII ғғ. жазба ескерткіштер негізінде). – Алматы: «Мемлекеттік тіл дамыту институты», 2014.

Соссюр Фердинанд де. Труды по языкознанию. – Москва: «Прогресс», 1977.

Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванной 2-4 июля 1929 г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930.

Стенографический отчет научно-орфографической конференции, созванный 2-4 июля 1929г. Научно-методическим Советом НКП и ЦКНТА. – Алматы, 1930.

Сыздықова Р. Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Ел-шежіре», I-XIV томдар, 2014-2018.

Сыздықова Р. Қазақ тілінің анықтағышы. – Алматы: «Ел-шежіре», 2018.

Сыздықова Р. Латын жазуы бойынша емле ережелерін түзуде ескерілетін тұстар жайында // Қазақ әдебиеті. – 2018. – 14-20 қыргүйек (№ 36). – 12-б.; 28 қыргүйек-4 қазан (№38). – 19-б.; 5-11 қазан (№39).

Таласпаева Ж.С. Қазақ орфографиясының мәселелері: оқу құралы. – Петропавл: «М.Қозыбаев атындағы СҚМУ», 2014.

Тасымов Б. Араб тілі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005.

Томанов М. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы. – Алматы: «Қазақ университеті», 1992.

Томанов М.Т. Түркі тілдерінің салыстырмалы фонетикасы // Университеттер мен институттардың филология факультетіне арналған. – Алматы, 1981.

Төреқұлұлы Н. Жат сөздер туралы. – Астана, 2006.

Төрт жылдық тіл кітабы. – Алматы: «Қазақстан», 1932 .

Трубецкой Н.С. Избранные труды по филологии. – Москва: «Прогресс», 1987.

Түркістан уалаятының газеті. Құрастырған Ү.Сұбханбердина. – Алматы, 2000.

Тіл білімі терминдерінің орысша-қазақша сөздігі. – Алматы: «Ғылым», 1966.

Тіл білімі терминдерінің сөздігі. – Алматы: «Фирма «Орнак» ЖШС», 2012.

Тіл білімі терминдерінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Сөздік-Словарь», 2005.

Уәли Н. Графика. Орфография. Орфоэпия. – Алматы, 2018.

Уәли Н. Сөз мәдениеті. – Алматы: «Мектеп», 1984.

Уәли Н., Алдашева А. Қазақ орфографиясындағы қиындықтар. – Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1988.

Уәлиев Н. Қазақ графикасы мен орфографиясының фонологиялық негіздері / Филология ғылымдарының кандидаты ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация. – Алматы, 1993.

Уәлиұлы Н. Фразеология және тілдік норма. – Алматы: «Республикалық баспа кабинеті», 1998.

Философиялық сөздік. – Алматы: «Қазақ энциклопедиясы», 1996.

Фридрих И. История письма. – Москва: «Наука», 1979.

Chomsky N., Morris H. The Sound Pattern of English. – New York, 1968.

Хусаинов К.Ш. Звукоизобразительность в казахском языке. – Алма-Ата : «Наука КазССР», 1988.

Шонанұлы Т. Бес томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Мемлекеттік тілді дамыту институты», 2013-2017.

Щерба Л. В. Языковая система и речевая деятельность. – Л. : «Наука. Ленингр. отд-ние», 1974.

https://www.akorda.kz/kz

https://kk.wikipedia.org/

https://tou.edu.kz

https://www.wikiwand.com

http://nblib.library.kz/

https://e-history.kz/kz/


http://lib.kstu.kz

ЭНЦИКЛОПЕДИЯ АВТОРЛАРЫ

Аитова Нұрлыхан, филология ғылымдарының кандидаты;
Әлайдар Аружан, гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Әмірбекова Айгүл, филология ғылымдарының кандидаты;
Бақытқызы Мөлдір, гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Дәрменова Мәрияш, гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Ерғалиев Қуаныш, филология ғылымдарының кандидаты;
Есбосынова Лиза, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Еспекова Ләззат, филология ғылымдарының кандидаты;
Жаңабекова Айман, филология ғылымдарының докторы;
Жұбаева Орынай, филология ғылымдарының докторы;
Жұмаханова Назым, гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Жүнісбек Әлімхан, филология ғылымдарының докторы;
Кенжемұратова Сәлима, филология ғылымдарының кандидаты;
Қадырхан Алмажан, гуманитарлық ғылымдар магистрі;
Қожахмет Әйгерім, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Мақсұт Оразгүл, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Мамырбек Гүлфар, филология ғылымдарының кандидаты;
Омарова София, филология ғылымдарының кандидаты;
Орманова Айгүл, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Оспанова Дана, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Рсалиева Нұрсәуле, филология ғылымдарының кандидаты;
Садуақас Нұрбол, филология ғылымдарының кандидаты;
Тілешов Ербол, филология ғылымдарының кандидаты;
Уәли Нұргелді, филология ғылымдарының докторы;
Шіменбай Меруерт, педагогикалық ғылымдар магистрі;
Ысқақ Бақытгүл, филология ғылымдарының кандидаты.


ТҮРКІ ТІЛДЕС ХАЛЫҚТАРДЫҢ ӘЛІПБИІ

ОРХОН ЖАЗУЫ



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ

(қадым жазуы)



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ
(*латын графикасы*)



ҚАЗАҚ ӘЛІПБИІ
(*кирил графикасы*)

А а	Ә ә	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Қ қ	Л л
М м	Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п	Р р	С с
Т т	У у	Ұ ұ	Ү ү	Ф ф	Х х	Һ һ	Ц ц
Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	І і	Ь ь	Э э
Ю ю	Я я						

НОҒАЙ ӘЛІПБИІ

А а	Аь аь	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н
Нъ нъ	О о	Оь оь	П п	Р р	С с	Т т	У у
Уь уь	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я			

ҚАРАШАЙ-БАЛҚАР ӘЛІПБИІ

А а	Б б	В в	Г г	Гъ гъ	Д д	Дж дж	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Къ къ	Л л
У у	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	ь	Э э	Ю ю	Я я			

ТАТАР ӘЛІПБИІ
(Иске имлә)

آ	ا	ب	پ	ت	ث	ج	چ
ح	خ	د	ذ	ر	ز	ژ	س
ش	ص	ض	ط	ظ	ع	غ	ف
ق	ك	گ	ڭ	ل	م	ن	ه
و	ۋ	ي					

ТАТАР ӘЛІПБИІ
(Яналиф)

A a	B в	C c	Ç ç	D d	E e	Ә ә	F f
G g	Ƣ ƣ	H h	I i	J j	K k	L l	M m
N n	Ң ң	O o	Ө ө	P p	Q q	R r	S s
Ş ş	T t	U u	V v	X x	Y y	Z z	Ƶ ƶ
Ь ь							

ҚАЗІРГІ ТАТАР ӘЛІПБИІ

А а	Ә ә	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	Җ җ	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м
Н н	Ң ң	О о	Ө ө	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ү ү	Ф ф	Х х	Һ һ	Ц ц	Ч ч	Ш ш
Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я	

ҚРЫМ-ТАТАР ӘЛІПБИІ

A a	B b	C c	Ç ç	D d	E e	F f	G g
Ğ ğ	H h	İ i	I ı	J j	K k	L l	M m
N n	Ñ ñ	O o	Ö ö	P p	Q q	R r	S s
Ş ş	T t	U u	Ü ü	V v	Y y	Z z	

ҚЫРҒЫЗ ӘЛІПБИІ
(*латын графикасы*)

Aa	Вв	Cc	Çç	Dd	Ee	Ff	Gg
Ƣƣ	Hh	Ii	Jj	Kk	Ll	Mm	Nn
Ңң	Oo	Өө	Pp	Qq	Rr	Ss	Şş
Tt	Uu	Vv	Xx	Yy	Zz	Ьь	

ҚАЗІРГІ ҚЫРҒЫЗ ӘЛІПБИІ

Аа	Бб	Вв	Гг	Дд	Ее	Ёё	Жж
Зз	Ии	Йй	Кк	Лл	Мм	Нн	Ңң
Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Үү
Фф	Хх	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы
Ьь	Ээ	Юю	Яя				

ҚАЗІРГІ ТҮРІК ӘЛІПБИІ

Aa	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Ff	Gg
Ğğ	Hh	Iı	İi	Jj	Kk	Ll	Mm
Nn	Oo	Öö	Pp	Rr	Ss	Şş	Tt
Uu	Üü	Vv	Yy	Zz			

ҚАЗІРГІ ӘЗЕРБАЙЖАН ӘЛІПБИІ

Aa	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Əə	Ff
Gg	Ğğ	Hh	Xx	Iı	İi	Jj	Kk
Qq	Ll	Mm	Nn	Oo	Öö	Pp	Rr
Ss	Şş	Tt	Uu	Üü	Vv	Yy	Zz

ҚАЗІРГІ ТҮРІКМЕН ӘЛІПБИІ

A a	B b	Ç ç	D d	E e	Ä ä	F f	G g
H h	I i	J j	Ž ž	K k	L l	M m	N n
Ň ň	O o	Ö ö	P p	R r	S s	Ş ş	T t
U u	Ü ü	W w	Y y	Ý ý	Z z		

ҚАЗІРГІ ӨЗБЕК ӘЛІПБИІ

A a	B b	D d	E e	F f	G g	H h	I i
J j	K k	L l	M m	N n	O o	P p	Q q
R r	S s	T t	U u	V v	X x	Y y	Z z
O‘ o‘	G‘ g‘	Sh sh	Ch ch	Ng ng	’		

ҚАЗІРГІ ХАКАС ӘЛІПБИІ

А а	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	І і	К к	Л л	М м
Н н	Ң ң	О о	Ӧ ӧ	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ӱ ӱ	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ҷ ҷ	Ш ш
Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я	

ҚАЗІРГІ ШОР ӘЛІПБИІ

А а	Б б	В в	Г г	Ғ ғ	Д д	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Қ қ	Л л	М м
Н н	Ң ң	О о	Ӧ ӧ	П п	Р р	С с	Т т
У у	Ӱ ӱ	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ
Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я		

ҚАЗІРГІ АЛТАЙ ӘЛІПБИІ

А а	Б б	В в	Г г	Д д	Ј j	Е е	Ё ё
Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м	Н н
Ң ң	О о	Ө ө	П п	Р р	С с	Т т	У у
Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	ь	Э э	Ю ю	Я я			

ҚАЗІРГІ САХА ӘЛІПБИІ

А а	Б б	В в	Г г	Ҕ ҕ	Д д	Дь дь	Е е
Ё ё	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м
Н н	Ң ң	Нь нь	О о	Ө ө	П п	Р р	С с
Һ һ	Т т	У у	Ү ү	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч
Ш ш	Щ щ	Ъ ъ	Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я

ҚАЗІРГІ БАШҚҰРТ ӘЛІПБИІ

Аа	Бб	Вв	Гг	Ғғ	Дд	Ҙҙ	Ее
Ёё	Жж	Зз	Ии	Йй	Кк	Ҡҡ	Лл
Мм	Нн	Ңң	Оо	Өө	Пп	Рр	Сс
Çç	Тт	Уу	Үү	Фф	Хх	Һһ	Цц
Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы	Ьь	Ээ	Әә
Юю	Яя						

ҚАЗІРГІ ЧУВАШ ӘЛІПБИІ

А а	Ӑ ӑ	Б б	В в	Г г	Д д	Е е	Ё ё
Ӗ ӗ	Ж ж	З з	И и	Й й	К к	Л л	М м
Н н	О о	П п	Р р	С с	Ç ç	Т т	У у
Ӳ ӳ	Ф ф	Х х	Ц ц	Ч ч	Ш ш	Щ щ	Ъ ъ
Ы ы	Ь ь	Э э	Ю ю	Я я			

ҒАҒАУЫЗ ӘЛІПБИІ

Aa	Ää	Bb	Cc	Çç	Dd	Ee	Êê
Ff	Gg	Hh	Iı	İi	Jj	Kk	Ll
Mm	Nn	Oo	Öö	Pp	Rr	Ss	Şş
Tt	Ţţ	Uu	Üü	Vv	Yy	Zz	

ТЫВА ӘЛІПБИІ

Аа	Бб	Вв	Гг	Дд	Ее	Ёё	Жж
Зз	Ии	Йй	Кк	Лл	Мм	Нн	Ңң
Оо	Өө	Пп	Рр	Сс	Тт	Уу	Үү
Фф	Хх	Цц	Чч	Шш	Щщ	Ъъ	Ыы
Ьь	Ээ	Юю	Яя				

МАЗМҰНЫ

Кіріспе 3
Аа 5
Әә 33
Бб 41
Вв 66
Гг 71
Ғғ 83
Дд 85
Ее 102
Ёё 110
Жж 111
Зз 127
Ии 128
Йй 136
Кк 137
Ққ 159
Лл 193
Мм 200
Нн 208
Ңң 213
Оо 214
Өө 224
Пп 226
Рр 235
Сс 241
Тт 258
Уу 281
Ұұ 286

Үү 290
Фф 295
Хх 304
Һһ 310
Цц 311
Чч 313
Шш 317
Щщ 323
Ъъ 324
Ыы 325
Іі 327
Ьь 329
Ээ 330
Юю 335
Яя 337
Пайдаланылған әдебиеттер 339
Энциклопедия авторлары 349
Түркі тілдес халықтардың әліпбиі 350

Ғылыми басылым

ӘЛІПБИ

ЭНЦИКЛОПЕДИЯЛЫҚ АНЫҚТАМАЛЫҚ

Бас директор – Асқар Алтай

Редакторы *А. Хава*
Көркемдеуші редакторы *Д. Сұлтанбек*
Техникалық редакторы *М. Қартова*
Корректоры *Д. Дәрібаева*
Компьютерде беттеген *Н. Михайлова*

ИБ 49 (254)

Басуға 30.11.2020 қол қойылды. Пішімі 70x100 $^{1}/_{16}$.
Шартты баспа табағы 30,3+2,0 жапсырма. Офсеттік қағаз.
Офсеттік басылым. Таралымы 2000 дана. Тапсырыс №5645.

ISBN 978-601-7355-75-3

9 786017 355753

Республика Казахстан, ТОО «Арда+7».
050012, г. Алматы, пр. Кабанбай батыра, 47.

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы
«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.
050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.

Қазақ жазуының тарихы

Есік жазуы. Б.з.д. V ғасыр

Ертіс жазба ескерткіші. Б.з.д. V-IV ғасырлар

Орхон жазулары. V-X ғасырлар

Енисей жазулары. V-X ғасырлар

Талас жазба ескерткіші. V-VIII ғасырлар

Күлтегін жазбасы. Білге қаған жазбасы. VIII ғасыр

Қазақ даласына Ислам дінімен бірге араб жазуының келуі. IX ғасыр

Махмұд Қашқаридың «Диуани лұғат-ит-түрк» сөздігі. XI ғасыр

Қадырғали Жалаиридың «Жамиғат-ат тауарих» тарихи шежіресі. XVII ғасыр

Қазақ жазба әдебиетінің тууы мен қалыптаса бастауы. XIX ғасырдың ортасы

Ыбырай Алтынсариннің «Қырғыз хрестоматиясы» оқу құралы. Кирил графикасына негізделген қазақ әліпбиі. 1879 жыл

Қазақ жазуының тарихы

Ахмет Байтұрсынұлының «Тіл-құрал» оқу құралы. Араб графикасына негізделген төте жазу.1912 жыл

Қазақ, қырғыз білімпаздарының тұңғыш сиезі. Қазақ тілінің емле ережелері. 1924 жыл, Орынбор қаласы

Түркітанушылардың I құрылтайы. Түркі тілдерінің латын әліпбиіне көшірілуі талқыланды. 1926 жыл, Баку қаласы

*Қазақ тілінің орфографиясына арналған ғылыми конференция.*1929 жыл, Қызылорда қаласы.

Латын графикасына негізделген қазақ әліпбиі. 1929 жыл

Латын графикасына негізделген қазақ жазуына жүргізілген реформа. 1938 жыл

Кирил графикасына негізделген қазақ әліпбиі. 1940 жыл

Кирил графикасына негізделген қазақ жазуына жүргізілген реформа. 1957 жыл

Қазақ тілінің латын графикасына көшіру жөніндегі шешім. 2017 жыл

TIL-QAZYNA